ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ ҚАУЫМДАСТЫҒЫ

А. Н. Доғалов
Н. С. Досмағанбетов

МАКРОЭКОНОМИКА

Оқулық

Алматы, 2012

ӘОЖ 330 (075.8)
КБЖ 65.012.2я73
Д 54

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Ғылыми кеңесі ұсынған

Пікір жазғандар:

экономика ғылымдарының докторы, профессор **Д. М. Мадиярова;**
экономика ғылымдарының докторы, профессор **А. Б. Майдырова.**

Доғалов А. Н., Досмағанбетов Н. С.
Д 54 **Макроэкономика:** экономикалық мамандықтарға арналған оқулық/ А. Н. Доғалов, Н. С. Досмағанбетов – 2-бас., өңд. және толықт. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2012. – 416 б.

ISBN 978-601-217-304-8

Аталған оқулықта макроэкономика пәнінің базалық сұрақтары жан-жақты қарастырылған. Тақырыптық мәселелер теориялық тұрғыдан ғана емес, өзін-өзі тексеру сұрақтары, жаттығулар, есептер, графиктер мен кестелер, тест тапсырмалары, статистикалық деректер және негізгі ұғымдар көмегімен де жатық түсіндіріледі.

Оқулық оқыту жүйесінің кредиттік технологиясына негізделген. Экономистер даярлайтын жоғары оқу орнының студенттеріне, оқытушыларға, сондай-ақ, макроэкономиканы өз бетінше оқитын оқырман қауымға арналады.

ӘОЖ 330 (075.8)
КБЖ 65.012.2я73

© А. Н. Доғалов, Н. С. Досмағанбетов, 2012
© ҚР Жоғары оқу орындарының қауымдастығы, 2012

ISBN 978-601-217-304-8

АЛҒЫ СӨЗ

«Макроэкономика» курсы – қазіргі уақытта өз алдына жеке пән ретінде жоғары білімді мамандарды дайындауда аса маңызды рөл атқаратын экономикалық теория ғылымының құрамдас бір бөлігі. Әсіресе, Еліміздің экономикасының бәсекелік қабілеттілігін арттыруға байланысты алға қойылған жаңа белестерді бағындыруда болашақ мамандардың инновациялық жетістіктерге негізделген сапалы білімі мен біліктілігі әрі экономикалық саясатты жасаудағы дайындықтары өте қажет-ақ. Сонымен қатар, осындай талаптар мен міндеттер Елбасының жыл сайынғы халыққа дәстүрлі жолдауларында, соның ішінде, «Қазақстанның әлемдегі барынша дамыған елу елдің қатарына кіру» Стратегиясын орындауда көрсетілген тапсырмалардан туындайды.

Экономикалық теория ғылымын толық меңгеру үшін, оның бірінші бөлімі – микроэкономикалық талдау курсын оқумен қатар, оның екінші құрамдас бөлімі – макроэкономика курсын міндетті түрде игеру қажет. Жалпы алғанда, макроэкономика теориялық пән ретінде кез келген ел экономикасының макроэкономикалық саясатын жасаудың негізі болып табылады. Сол себепті, қазіргі уақытта, отандық экономикалық саясатты қалыптастырып жүзеге асыруда макроэкономика курсын оқу жоғары оқу орындарында міндетті пәнге айналған.

Макроэкономика пәнін оқытудың ең басты бағыты – студенттердің кәсіби деңгейінің жоғарылығын камтамасыз ету, нарықтық экономиканың жаңа тетіктерін терең түсіндіру, оны іс жүзінде қолдануға машықтау. Макроэкономика пәні студенттерді жаңаша ойлауға, олардың нарықтық көзқарасын, психологиясын қалыптастыруға тиісті. Мұндай мамандарды дайындауда аталған курстың орны ерекше, өйткені біздің пәннің танымдық және практикалық қызметтерді атқарумен қатар, басқа қолданбалы экономикалық пәндер үшін әдіснамалық рөлі жоғары.

Макроэкономика курсының басты мақсаты – студенттердің нарықтың және нарықтық бәсекелестіктің ұлттық экономика шеңберіндегі жаңа талаптарын меңгере алуына, олардың нарықтық тұрғыдан ой түйіндей білуіне, экономикалық психологиясын дамытуға және еліміздің экономикалық саясатын қалыптастыруға өз үлестерін қосуына көмектесу.

Осы мақсатқа жету үшін мынадай міндеттерді жүзеге асыру қажет:

- макроэкономиканың әдіснамалық мүмкіндіктері мен тәсілдерін игеру арқылы, оның негізгі түсініктері мен ұғымдарын түсініп, пәннің негізгі мәселелерін қарастырғанда оларды қолдана білу;

- макроэкономика арқылы жалпы теориялық білім алып, оның қызметтік тетіктерін пайдаланудың тиімді жолдарын көрсете білу. Әсіресе, фискалдық және ақша-несие саясаттары тетіктерінің әртүрлі үлгілердегі ерекшеліктерін ажырата білу арқылы, оларды тиімді үйлестірудің мүмкіндіктерін экономикадағы нақты жағдайды ескере отырып шешім қабылдауға даяр болу;

- нарықтық экономиканың Қазақстанда қалыптасуы мен даму ерекшеліктерін терең түсіну арқылы, оны жетілдірудің жолдарын қарастыра білу;

- макроэкономикадан алған білімді басқа нақты экономикалық пәндерде және күнделікті тіршілікте қолдана білу;

- экономикалық білімді өз бетімен терең игеруге үйрету және дайындау.

Көрсетілген міндеттерді шешу үшін макроэкономикалық теория курсының мазмұнын озық ілімдерге сәйкес өзгерту және оларды оқыту үшін жаңа оқу технологияларын пайдалануды көздейміз, оларды оқу үдерісінде әрдайым қолданып отыруды қарастырамыз.

Осы оқулықты оқырман қауымға ұсына отырып, пәнге байланысты негізгі экономикалық мәселелерді кеңінен ашуға барынша тырысамыз.

Біріншіден, макроэкономиканың ең алдымен, ғылым болып қалыптасуындағы негізгі теориялық бағыттарына тоқталу, макроэкономиканың негізгі мәселелерін, әдістемесін, зерттеу пәні мен объектісін, макроэкономикалық саясат құралдарын қарастыру.

Екіншіден, негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерді, макроэкономикалық тепе-теңдіктің теориялары мен үлгілерін қарастыру, макроэкономикалық теңдестіктің негізгі түрлерін анықтау. Макроэкономикалық талдаудың негізгі ерекшелігі – агрегаттау әдісіне сүйене отырып, ұлттық экономиканың біртұтас жүйе ретіндегі іріленген өлшемдерін, яғни макроэкономикалық нарықтар мен субъектілердің мінез-құлықтарын зерттеу.

Үшіншіден, макроэкономикалық қайшылықтар мен макроэкономикалық тұрақсыздықтың негізгі белгілерін, соның ішінде, экономиканың ауытқымалы кезеңділігіне, жұмыссыздық пен инфляция мәселелеріне кеңінен тоқталу.

Төртіншіден, жабық экономикалық жүйе шеңберінде негізгі макроэкономикалық мәселелерді әртүрлі макроэкономикалық саясат құралдарын, яғни бюджет-салық, ақша-несие, әлеуметтік және басқа да саясаттарды жүргізу, пайдалану арқылы шешу жолдарын қарастыру.

Бесіншіден, ашық экономикалық жүйе шеңберінде мемлекеттің сыртқы экономикалық мәселелерін сол аталған макроэкономикалық саясаттар тұрғысынан шешу жолдарын қарастыру. Осының ішінде, сыртқы сауда және оның теориялары, экспорттық-импорттық қатынастар, мемлекеттің сауда саясаты және оны жүргізудің құралдары, төлем балансы мен валюта бағамы сияқты сұрақтарды баяндау.

Алтыншыдан, ел экономикасының даму нәтижесі әрі ұлы мақсаты ретінде экономикалық өсу деген маңызды сұраққа тоқталып өту. Осының ішінде, экономикалық өсу мен экономикалық дамудың негізгі факторларын айқындау, экономикалық өсудің негізгі үлгілерін қарастыру.

Жетіншіден, макроэкономика курсына қатысты барлық тақырыптарды, ондағы қарастырылатын сұрақтар мен мәселелерді әрдайым Қазақстан экономикасының егемен ел ретіндегі өткенгі, бүгінгі және ертеңгі даму тәжірибесіне, деректеріне сүйене отырып қарастыру.

Макроэкономика курсын оқытудың осындай «жеті кереметін» іске асыру арқылы біз студенттерге экономиканың қазақстандық жаңа үлгісінің қалыптасуы мен дамуының ерекшеліктерін жан-жақты, әрі терең талдай алуына мүмкіндіктер

туғызып, соған қол жеткізуіміз қажет. Сонымен қатар, осындай қағидаларды ұстана отырып, оқыта алуды осы оқулықтың аса маңызды ерекшелігі деп білуіміз қажет.

Макроэкономиканың негізгі мазмұны мен құрылымы қазіргі оқу үдерісінде қолданылып жүрген шетелдік және отандық авторлардың оқулықтары мен оқу құралдарында әртүрлі және біркелкі емес, сондықтан осы курстың құрылымын нақты анықтау қиынға соғады. Көптеген макроэкономикалық оқулықтар мен еңбектер шетелдік және ресейлік ғалымдардың зерттеулерімен жазылған, соған байланысты олар осы пәнді өз экономикасының тәжірибесіне сүйеніп және өздерінің экономикалық даму мәліметтеріне сай пайымдап баяндайды. Алайда, макроэкономика ғылымына қатысты қазақстандық авторлардың да еңбектері соңғы жылдары жарыққа шығып жатыр.

Сол себепті, біз макроэкономика курсының негізгі базалық сұрақтары мен теорияларын шетелдік және отандық авторлардың жазған оқулықтары мен оқу құралдарын және басқа да материалдарды кеңінен қолдандық. Қолданылған әдебиет көздері әр тақырыптың соңында ұсынылатын әдебиеттер тізімінде көрсетілген. Бірақ оқулықта көрсетілген барлық тақырыптарды терең меңгерудің мүмкіндігі әртүрлі себептерге байланысты шектелген. Студенттер осыны ескере отырып, сапалы білім алу үшін көрсетілген әдебиет көздерін және ел экономикасына қатысты күнделікті ресми материалдарды кеңінен қолдануы тиіс.

Макроэкономика курсының жоғарыда көрсетілген мақсаты мен міндеттерін орындау үшін, бұл оқулық экономиканың қазіргі заманғы озық ілімдеріне сүйене отырып құрастырылған және білім алудың кредиттік технологиясын пайдалануға негізделген.

1-тақырып
МАКРОЭКОНОМИКАҒА КІРІСПЕ. МАКРОЭКОНОМИКАНЫҢ ПӘНІ ЖӘНЕ ӘДІСІ

Мақсаты: макроэкономика курсының кіріспе бөлімімен таныса отырып, бұл пәннің зерттеу пәніне, объектісіне шолу жасау, талдау ерекшелігіне ерекше көңіл бөлу, сонымен қатар, пәннің негізгі зерттеу мәселелері туралы жалпы түсінік алу және осы пәнді не үшін оқу керектігін түсіну. Осы мақсатқа жету үшін мынадай талдау сұрақтары қарастырылады.

Дәріс жоспары:

1. Қазіргі макроэкономика ғылымының қалыптасуы мен дамуы.
2. Макроэкономиканың зерттеу пәні және негізгі макроэкономикалық мәселелер.
3. Макроэкономиканың зерттеу әдістері, мақсаттары және құралдары.

Негізгі түсініктер: микроэкономика; макроэкономика; агрегаттау; макроэкономикалық үлгілеу; макроэкономикалық мақсаттар; макроэкономикалық құралдар; макроэкономикалық саясат; экзогенді айнымалылар; эндогенді айнымалылар; позитивті талдау; нормативті талдау; Кейнстік экономикалық бағыт және т.б.

Тақырыптың мазмұны.

Экономикалық теория ғылымының бастапқыда бір ғана құрамдас бөлігі болған – ол микроэкономика. XX ғасырдың 30-жылдарынан бастап, кейнстік теорияның өмірге келуімен байланысты, оның екінші құрамдас бөлігі пайда болды – ол макроэкономика. Яғни, бүгінде экономикалық теория микроэкономика және макроэкономика болып екіге бөлінеді.

Экономикалық теория – күрделі қоғамдық және әлеуметтік әрі гуманитарлық ғылым. Оның зерттеу аясында, біз білетініміздей,

қоғамның шектеулі мүмкіндіктері жағдайында шексіз қажеттіліктерін қанағаттандырудағы қабылдайтын шешімдері сияқты мәселелер қаралады. Сондықтан біз экономикалық теориядағы микроэкономика курсын зерттеумен ғана шектеліп қоймаймыз. Макроэкономика курсы арқылы біз экономикалық теория деген адамзатқа қажетті үлкен ғылымды игеруді толық меңгере аламыз. Бірақ, макроэкономика ғылымын оқуды бастамас бұрын, оның зерттелуінің негізі болып табылатын микроэкономика курсына қысқаша тоқталып өтуіміз керек. Микроэкономика ғылымын және оның қалай оқытылғаны жөніндегі мәселелерді еске түсіре отырып, оған мынадай анықтама береміз.

Микроэкономика – жекелеген экономикалық агенттердің мінез-құлықтары мен тәртіптерін зерттейтін ұтымды субъектілердің дербес шешім қабылдауларын қарастыратын экономикалық теорияның негізгі бір саласы. Микроэкономика түсінігі бір мағынада ғана қарастырылмайды, ол бір жағынан, жекелеген фирмалардың, үй шаруашылықтарының және салалардың өз қызметтерінің ынталарын іске асыру жөніндегі шешімдерін зерттейді, ал екінші жағынан, ресурстарды тиімді пайдалану және оларды орналастыру, тауарлар мен қызметтерге баға белгілеу сияқты сұрақтарды да қарастырады.

Макроэкономика – ұлттық өндіріс көлемінің жалпы деңгейі, жұмыссыздық пен инфляция сияқты іргелі мәселелерді зерттейтін ғылым; экономикалық жүйені біртұтастылық ретінде қарастыратын, әрі ел экономикасының даму факторлары мен нәтижелерін жалпылама түрде зерттейтін экономикалық теорияның маңызды бір саласы.

Алғашқы макроэкономикалық зерттеулер меркантилизм және физиократтар мектептерінен басталды. Ал қазіргі макроэкономика ғылымының негізін салушы ретінде атақты ағылшын экономисі **Джон Мейнард Кейнс** (1883-1946) саналады. Оның 1936 жылы шыққан «Жұмыспен қамтудың, ақшаның және пайыздың жалпы теориясы» деген еңбегі негізінде макроэкономика өз алдына жеке ғылым ретінде қалыптасты. Джон Кейнс өзінің осы еңбегінде нарықтық экономикада үлкен жұмыссыздық пен іске асырылмаған өндірістік қуаттардың тұрақты жағдайы орын алуы мүмкін екендігін айтты, бірақ осындай жағдайда мемлекеттің

дұрыс ұйымдастырылған және жоспарланған бюджет-салық және ақша-несие саясаттары арқылы сол жұмыссыздықты қысқарта және экономикалық дағдарыстардың ұзақтылығын төмендете отырып, ұлттық өндіріске ықпал жасауға болатындығы жөніндегі мәселелерді дәлелдеуге тырысты. Кейнс біртұтас жүйе ретіндегі ұлттық экономиканы мемлекеттік реттеудің қажеттілігін де дәлелдеді. Кейнстік экономикалық теория макроэкономика және экономикалық саясат салаларында аса басымды бағыт болып саналады. Осыған сәйкес, макроэкономиканың ғылым ретінде дамуының бастапқы импульсі Дж. М. Кейнстің экономикалық идеялары болғанын айта аламыз.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жылдардан бастап 60-жылдарға дейін макроэкономикалық саясаттағы кез келген талдау кейнстік қағидаларға сүйенді. Кейнстің қалыптастырып кеткен идеяларын, оның ізбасарлары – неокейнстік бағыттың негізін салушылар – **Джон Хикс, Элвин Хансен, Пол Самуэльсон, Рой Харрод, Евсей Домар** сияқты ғалымдар ары қарай дамыта түсті.

Бірақ уақыт өте келе пайда болған жаңа теоретикалық бағыттар кейнстік экономикалық теорияның маңызын төмендете бастады. Кейнстік бағытқа қарсы аса салмақты түрде сын айтушы оппонент – монетаризм теориясы қалыптасты. Оның негізін салушы американдық экономист **Милтон Фридмен** (1912-2006) болды.

«Макроэкономика» терминін алғаш рет 1933 жылы норвегиялық экономист, Нобель сыйлығының иегері **Рагнар Фриш** (1895-1973) (яғни, осы ұғымның алғашқы авторы) қолданды. Бұл ғалым өз еңбектерінде бірінші болып микро- және макро- талдауларды бөліп қарастырды. Келесі бір ғалым, Нобель сыйлығының иегері, голланд экономисі **Ян Тинберген** (1903-1994) өз елі үшін алғашқы макроэкономикалық саясат үлгісін ұсынды. Ал макроэкономикалық талдау ғылыми айналымға Кейнстің басты еңбегі жарық көргеннен кейін нақты енгізіліп қолданыла бастады. Бірақ, жоғарыда атап өткеніміздей, макроэкономикалық талдау сұрақтары бірқатар ғасырлар бұрыннан-ақ маңызды түрде қарастырыла бастаған-ды. Француз экономисі-физиократ Франсуа Кенэ өзінің «Экономикалық кесте» (1758 ж.) деген еңбегінде алғаш рет экономикалық ғылым саласында қоғамдық өнімнің

натуралдық және құндық элементтері арасындағы баланстық пропорцияларды анықтау тұрғысынан қоғамдық ұдайы өндірісті талдауға талпыныс жасаған. Макроэкономикалық талдаудың маңызды жақтары ағылшын экономисі Давид Юмның төлем балансын зерттеу еңбектерінде де кездеседі. Қоғамдық ұдайы өндірісті макроэкономикалық тұрғыдан талдауды Карл Маркс те өзінің үлгісінде қолданды, ол «Капитал» еңбегінің 2-томында (1885 ж.) жиынтық қоғамдық өнімнің натуралдық-заттық және құндық құрылымдар арасындағы сәйкестіліктер мен байланыстарды зерттеді.

Ал қазіргі уақытта, макроэкономика ғылымының дамуына елеулі үлесті посткейнстік мектептің өкілдері (Дж. В. Робинсон, Н. Калдор, П. Страфф), шведтік, чикаголық мектептің ғалымдары, жаңа классикалық макроэкономикалық бағыттың өкілдері (Р. Лукас, Р. Барро, Т. Сарджент, П. Ромер) және де «жаңа кейнсшілдер» мектебі (Дж. Акерлоф, О. Бланшар, Н. Г. Мэнкью, Д. Ромер, Д. Уэйл) қосып келеді. Тіпті осындай алуан түрлі мектептердің бар болуына байланысты әрі олардың макроэкономикалық ой-пікірлері мен көзқарастарының бірдей еместігіне қарамастан, бүгінгі күнге дейін әлемдік макроэкономикалық ғылымға англосаксондық бағыт үстемдік жүргізіп келеді деген ой айтылады, дегенмен соңғы онжылдықтарда Алманияның, Францияның, Италияның, Нидерландының, Жапонияның, Қытайдың, Ресейдің және басқа да бірқатар елдердің ғалымдарының ұстанымдары, көзқарастары мен беделдері кеңейіп, осы ғылымға өз үлестерін қосып келеді.

Сонымен, макроэкономика – экономикалық теория ғылымының негізгі бөлімі ретінде адамдардың шексіз қажеттіліктері мен шектеулі экономикалық ресурстар сияқты іргелі мәселелерді ұлттық экономика деңгейінде зерттейтін ғылым саласы. Макроэкономика экономиканы біртұтас жүйе ретінде қарастырады.

Макроэкономика салыстырмалы түрде жас әрі келешегі бар ғылым болып табылады. Дегенмен экономикалық теорияның бұл бөлімінде көптеген бәсекелес мектептер мен бағыттардың пікірлері орын алатындығын мойындай келе, микроэкономикаға қарағанда, макроэкономиканы зерттеу әлдеқайда қиын әрі күрделі екендігін айтқанымыз жөн. Көптеген ғылыми әдебиеттерде

бұл ғылымға әртүрлі анықтамалар беріледі. Сондықтан макроэкономикаға жоғарыда аталған анықтаманы толықтыра отырып, тағы да мынадай анықтамалар бере аламыз.

Макроэкономика – бұл тұрақты экономикалық өсу жағдайын, ресурстардың толық қамтылуын, инфляцияның төменгі деңгейін және төлем балансының тепе-теңдігін қамтамасыз ету тұрғысынан экономиканың қызмет етуін біртұтас жүйе ретінде зерттейтін экономикалық ғылымның аса маңызды бір саласы.

Макроэкономика – бұл экономикадағы агрегатталған (іріленген, біріктірілген, жүйеленген, жиынтықталған) өлшемдер мен көрсеткіштерді зерттейтін ғылым, яғни ұлттық экономикадағы агрегатталған мінез-құлықтар мен тәртіптерді зерттейтін ғылым.

Макроэкономика – бұл әлемде болып жатқан ғаламдық экономикалық мәселелерді және олардың кез келген ұлттық экономикамен өзара байланысын және оған әсер етуін зерттейтін ерекше ғылым.

Көптеген экономистер макроэкономиканың зерттеу пәнін негізгі төрт макроэкономикалық мәселелермен байланыстырады. Олар берілген негізгі анықтамалардан туындайды: *жұмысбастылық, инфляция, экономикалық өсу* және *төлем балансы.*

Макроэкономиканың зерттеу пәні – негізгі макроэкономикалық мәселелер төңірегіндегі ұлттық экономиканың жалпы біртұтас жүйе ретіндегі әрекет ету заңдылықтары. Алайда макроэкономика осы төрт мәселемен ғана шектеліп қоймайды, оған тән басқа да мәселелер бар.

Макроэкономиканың зерттейтін негізгі мәселелері:

1. Тұрақты экономикалық өсу және оның қарқыны;
2. Жалпы экономикалық тепе-теңдік және оған қол жеткізудің жолдары;
3. Экономикалық цикл, оның пайда болу себептері;
4. Жұмысбастылық деңгейі және жұмыссыздық мәселесі;
5. Бағалардың жалпы деңгейі және инфляция мәселесі;
6. Пайыз мөлшерлемесінің деңгейі және ақша айналымының мәселесі;
7. Мемлекеттік бюджет жағдайы;
8. Бюджет тапшылығын қаржыландыру және мемлекеттік қарыз мәселелері;

9. Халықты әлеуметтік қорғау мәселелері;

10. Төлем балансының жағдайы және валюта бағамының мәселелері;

11. Ел ішіндегі ұлттық нарықтардың жағдайы және олардың сыртқы ортамен байланысы;

12. Тиімді макроэкономикалық саясатты жүргізу мәселелері.

Жалпы алғанда, макроэкономика курсының мазмұны осы аталған макроэкономикалық мәселелердің мәнін ашуға және оларды шешуге негізделеді. Осымен бірге, сол макроэкономикалық мәселелердің үнемі тұрақты түрде бір-бірімен орын ауыстырып отыратындығын да есепке алған жөн, сол себепті микроэкономикаға қарағанда, макроэкономиканың зерттеу пәні мен объектісі әлі толық анықталмаған ғылым ретінде деп санап, ылғи да өзгеріске ұшырап отыратындығын айтып өтуіміз керек. Қазіргі уақытқа дейін әртүрлі макроэкономикалық мектептер макроэкономика курсының мазмұны мен құрылымын әр қырынан түсіндіріп келеді. Көптеген макроэкономикалық әдебиеттерде негізгі макроэкономикалық мәселелерді қарастыру тәртібі әртүрлі.

Макроэкономиканың зерттеу объектісі – бұл ұлттық экономиканың өсу қарқыны мен факторлары, ұлттық өнім мен ұлттық табыс көрсеткіштері және қоғамның байлығы.

Макроэкономикалық көзқарас тұрғысынан халық шаруашылығы **төрт макроэкономикалық субъектіден** құралады:

1. Үй шаруашылығы – жұмыс күші ұсынысын және игіліктерге деген сұранысты қалыптастырады, алынған табыстарының бір бөлігін тұтынады, ал қалған бөлігін жинақтайды, олар ең аз шығын жұмсай отырып, өз пайдалылықтарын максималдауға тырысады.

2. Фирма – өндіріс факторларына сұраныс білдіретін және игіліктердің ұсынысын жасайтын әрі инвестициялау үдерісін жүзеге асыратын белгілі бір елдегі барлық кәсіпкерлік сектордың жиынтығынан құралады. Фирмалар, әдетте, өз қызметтерін жүзеге асыру барысында ең жоғары пайда алуға тырысады.

3. Мемлекет – ұлттық қауіпсіздік, ғылым, инфрақұрылым қызметтері сияқты ерекше қоғамдық игіліктерді ұсынушы сектор, ол әдетте, пайданы максималдауды мақсат етіп қоймайды,

халық шаруашылығының тиімді әрекет етуі үшін оңтайлы жағдайлар жасайды. Сонымен қатар, мемлекет маңызды макроэкономикалық субъект ретінде игіліктерді өндіреді және сатып алады, салық салады, трансферттік төлемдер төлейді, ақша ұсынысын қалыптастырады.

4. Сыртқы орта – шет елдердегі экономикалық субъектілердің жиынтығынан және шетелдік мемлекеттік институттардан құралады, олар отандық экономикаға өз игіліктерін ұсынады және сол отандық экономиканың өндірген игіліктеріне сұраныс білдіреді, экспорт пен импортты қалыптастырады. Сыртқы әлем секторы ұлттық төлем балансы мен валюта бағамының жағдайын анықтау үшін зерттеледі.

Макроэкономика ғылымының өзіне тән зерттеу әдістері бар.

Жалпы ***әдіс*** деп біз белгілі бір нақты ғылымның пәнін зерттеу тәсілдерінің, амалдарының, формаларының жиынтығын, яғни ғылыми зерттеудің нақты құралдарын түсінеміз.

Ал Макроэкономикалық талдаудың жалпы ғылыми әдістеріне мыналар жатады:

- ғылыми абстракция әдісі;
- анализ және синтез әдісі;
- индукция мен дедукция әдістерінің үйлесімділігі;
- нормативтік және позитивтік талдаудың үйлесімділігі;
- «әртүрлі тең жағдайларда» принципін қолдану;
- экономикалық агенттердің ұтымды шешім қабылдаулары туралы болжамдар;
- тарихи және логикалық әдістердің бірлігі;
- жүйелік-функционалдық талдау;
- экономикалық-математикалық үлгілеу және т.б.

Макроэкономикалық талдаудың ерекше әдісі – ол а г р е г а т т а у әдісі болып табылады. **Агрегаттау** дегеніміз – берілген экономикалық құбылыстар мен үрдістерді біртұтас жиынтық ретінде жалпылама түрде көрсету және біріктіру. Агрегатталған өлшемдер нарықтық жағдаятты және оның өзгерісін сипаттайды (пайыз мөлшерлемесінің деңгейі, жалпы ұлттық өнім, жалпы ішкі өнім, бағалардың жалпы деңгейі, инфляция деңгейі, жұмыссыздық деңгейі және т.б.). Сонымен қатар, макроэкономикалық агрегаттау жоғарыда аталып өткен негізгі

макроэкономикалық субъектілерге (үй шаруашылығы, фирма, мемлекет және сыртқы орта) таралады және мынадай негізгі макроэкономикалық нарықтарды бөліп көрсетуге мүмкіндік береді:

1. Игіліктер немесе тауарлар мен қызметтер нарығы (нақты нарық).

2. Ақша нарығы және бағалы қағаздар нарығы.

3. Еңбек нарығы және капитал нарығы.

4. Валюталық нарық.

Макроэкономикадағы екінші ерекше әдіске экономикалық үлгілеу жатады.

Үлгілеу дегеніміз – әртүрлі экономикалық құбылыстар мен үрдістерді, олардың арасындағы функционалдық өзара байланыстарды логикалық түсініктермен, графиктермен, алгебралық сипаттамалармен қарапайым түрде түсіндіру. Макроэкономикалық үлгілер әртүрлі өлшемдеріне байланысты былай жіктеледі:

- жалпылау дәрежесі бойынша: абстрактілі-теоретикалық және нақтылы-экономикалық;

- құрылымдық дәрежесі бойынша: шағын көлемді және үлкен көлемді;

- элементтердің өзара байланыстылығы сипатына қарай: сызықтық және сызықтық емес;

- қамту деңгейіне немесе ауқымына қарай: жабық және ашық: жабық – оқшауланған ұлттық экономиканы зерттеу үшін, ашық – халықаралық экономикалық байланыстарды зерттеу үшін;

- уақыт факторын есепке алу бойынша: статикалық – уақыт факторы есепке алынбайды, динамикалық – уақыт фактор ретінде қаралады.

Макроэкономикада әртүрлі *үлгілер* қолданылады: ұлттық экономикадағы шеңберлі айналым үлгісі, AD-AS үлгісі, Кейнс кресі үлгісі, IS-LM үлгісі, Солоу үлгісі, Домар үлгісі, Харрод үлгісі, Самуэльсон-Хикс үлгісі, Манделл-Флеминг үлгісі және т.б. Осы үлгілердің барлығы жалпы құралдар ретінде қолданылып, ұлттық ерекшеліктерге ие бола алмайды. Кез келген үлгі нақты елдің экономикасына «қолайлы» немесе «қолайсыздық» белгісіне байланысты емес, оның көрсеткіштерінің экономикалық үдерістер

динамикасын зерттеудегі пайдалылық белгісіне байланысты бағалануы тиіс.

Әрбір макроэкономикалық үлгіде ең маңыздысы – факторларды таңдау, олар уақыттың нақты мерзімінде нақты мәселені макроэкономикалық тұрғыдан талдау үшін аса қажетті. Әрбір үлгіде айнымалылардың екі типі ажыратылады:

Экзогенді (сыртқы) айнымалылар – үлгіні құруға дейін анықталатын бастапқы ақпараттар, олар үлгіге сырттан келеді.

Эндогенді (ішкі) айнымалылар – үлгінің ішінде алға қойылған міндеттерді шешу үрдісінде қалыптасатын өзгермелілер, яғни сол үлгінің дәл өзі немесе үлгідегі міндеттерді шешудің нәтижесі болып табылады.

Уақыт факторына байланысты өзгеріп отыратын экономикалық айнымалылар *қорлар* және *ағындар* болып бөлінеді.

Қор айнымалылары – бұл уақыттың нақты бір мезетінде ғана өзгеруі мүмкін өзгермелілер, яғни жылдың басына немесе соңына сәйкес келетін уақытта қаралатын объектінің жай-күйі (мысалы, белгілі бір уақытта экономикада жұмыспен қамтылған азаматтардың саны, жұмыссыздар саны, капитал көлемі, белгілі бір уақыттағы үй шаруашылықтарының жинаған байлықтары, мемлекеттік қарыз, мүлік, т.б.). Қорлар белгілі бір уақытта ғана анықталады.

Ағын айнымалылары – бұл уақытқа байланысты өлшеніп отыратын өзгермелілер, яғни белгілі бір уақыт, күн, ай, квартал, жыл аралығында өзгеріске ұшыраған экономикалық құбылыстар ағыны (мысалы, халықтың жиынтық табыстары мен шығындарының өзгерістері, инвестициялар, жинақтар, мемлекеттік шығындар, экспорт пен импорт, бюджет тапшылығы, табыс, елдегі халық саны, күн сайынғы еңбекке жарамды жасқа кіретін және одан шығатын азаматтардың саны, жұмысынан айырылған және жұмыс тапқан азаматтардың саны, т.б.).

Экономикадағы қорлар мен ағындардың арасында өзара тығыз байланыс бар: ағындар қорларды өзгертіп отырады. Мәселен, қор айнымалыларын көл дейтін болсақ, онда ағынды сол көлге ағатын өзен деп айтуға болады. Сондай-ақ, белгілі бір тұлғаның байлығын уақыт өлшемінен тыс қор ретінде қарастыратын болсақ, онда 2011 жылдың 1 қаңтарында Баян де-

ген азаматшаның байлығы 100 мыңға тең деп аламыз. Алайда сол азаматша табысының өзгерісі туралы айтсақ, онда оның белгілі бір уақыттағы табысын анықтаймыз: Баян ай сайын 10 мың теңге табыс табады.

Сонымен қатар, макроэкономикада *позитивтік* және *нормативтік* әдістер де кеңінен қолданылады.

Позитивтік талдау – бұл ұлттық экономиканың нақты іс жүзіндегі әрекетіне талдау жасау.

Нормативтік талдау – бұл ұлттық экономиканың дамуы үшін қандай да бір аспектілердің және жағдайлардың қолайлылығын немесе қолайсыздығын анықтайтын ұсыныстық және баға берушілік сипатқа ие әдіс.

Позитивтік және нормативтік бағыттардың тиімді үйлесімі макроэкономикалық зерттеушілерге, ғылыми абстракцияның жоғары деңгейіне қарамастан, мемлекеттік экономикалық саясатты жүзеге асыру үшін теориялық негіз қызметін атқарады.

Макроэкономиканың нақты **мақсаттары** (мақсаттар жүйесі) мыналар:

1. Ұлттық өндірістің жоғары және өспелі деңгейін қамтамасыз ету, яғни нақты жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) деңгейін арттыру.

2. Жұмысбастылықтың жоғары деңгейін (ең аз мәжбүрлі жұмыссыздық кезінде) қамтамасыз ету.

3. Бағалар деңгейінің тұрақтылығын (еркін нарықтардағы сұраныс пен ұсыныстың өзара әрекеттесуі арқылы бағалар мен жалақының үйлесімділігін табу жолымен) қамтамасыз ету.

4. Төлем балансының нөлдік сальдосына қол жеткізу.

Бірінші мақсаттың мәні мынада, яғни кез келген ұлттық экономикалық қызметтің соңғы міндеті – халықты қажетті тауарлармен және қызметтермен қамтамасыз ету. Ал ұлттық өндірістің жиынтық өлшеуіші ретінде соңғы тауарлар мен қызметтердің нарықтық құнын сипаттайтын ЖІӨ саналады.

Макроэкономиканың екінші мақсаты жоғары жұмысбастылыққа қол жеткізу және жұмыссыздықты төмендету болып табылады. Экономикалық циклдің әр фазасында жұмыссыздық деңгейі ауытқып отырады. Тоқырау фазасында жұмыс күшіне сұраныс қысқарып, жұмыссыздық артады. Ал жандану фазасында жұмыс күшіне сұраныс артады, жұмыссыздық қысқарады. Алай-

да, жұмысқа жарамды халықтың бәрінің қажетті жұмыс орнына деген қажеттіліктерін қанағаттандыру – бұл қол жеткізілуі қиын күрделі міндет.

Макроэкономиканың үшінші мақсаты – еркін нарықтар жағдайындағы бағалардың тұрақтылығы. Бағалардың жалпы деңгейін тұтынушылық бағалар индексі арқылы өлшеуге болады, ол тауарлар мен қызметтер «қоржынының» шектелген жиынын алуға кететін шығындарды есептейді.

Төртінші мақсат – ашық экономикаға қатысты және төлем балансының нөлдік сальдосы кезінде толық жұмысбастылық деңгейінде жалпы экономикалық тепе-теңдікке жету.

Осындай негізгі макроэкономикалық мақсаттардың арақатынасы макроэкономикалық саясаттың негізгі міндетін сипаттайтын басты макроэкономикалық мақсатты анықтайды, ол екі нысанда көрініс табады:

1) аралық макроэкономикалық мақсаттар;

2) тактикалық макроэкономикалық мақсаттар.

Біріншісі негізгі макроэкономикалық міндеттердің маңыздылығын реттейді, ал екіншісі ұлттық экономиканың өзгеріп отыратын экономикалық жағдаятқа қарай қайта жасақталып отыруын жүзеге асырады.

Макроэкономика жалпы алғанда ұлттық шаруашылықтың әрекет ету заңдылықтарын зерттейтін ғылым ретінде ең алдымен, макроэкономикалық саясатты қалыптастырудың теориялық негізі болып табылады.

Макроэкономикалық саясат – бұл әлеуметтік және экономикалық мәселелерді шешуге бағытталған шаралар мен іс-қимылдар жүйесі. **Макроэкономикалық саясаттың объективті мақсаты** – ұлттық экономикадағы қарама-қайшылықтарды жұмсарта отырып экономикалық тиімділік пен әлеуметтік әділеттілікті қолдау.

Қазіргі уақытта, мемлекеттің макроэкономикалық саясатын Үкімет пен Орталық банк жүргізеді. Мемлекет экономикаға әсер ету мақсатында бірнеше макроэкономикалық саясат құралдарын пайдалана алады.

Макроэкономикалық саясат құралдары – бұл бір немесе бірнеше макроэкономикалық мақсаттарды жүзеге асыруға

мүмкіндік беретін және үнемі мемлекеттің бақылауында болатын экономикалық өзгермелілер.

Макроэкономикалық саясат құралдарының мынадай түрлері бар:

1. Бюджет-салық (фискалдық) саясаты – бұл мемлекеттің салық салу және мемлекеттік шығындар арқылы экономикаға әсер етуі.

2. Ақша-несие (монетарлық) саясаты – бұл мемлекеттің елдің ақша, несие және банк жүйелері жолымен экономикаға әсер етуі.

3. Табыстар саясаты – мемлекеттің инфляцияны ұстап тұру мақсатында жалақы мен бағаларды директивалық шаралармен тікелей бақылауға алу арқылы экономикаға әсер етуі.

4. Сыртқы экономикалық саясат – мемлекеттің ашық экономика жағдайында халықаралық сауда қатынастарына араласа отырып, ұлттық экономиканың өсуі мен тиімділігін арттыру, халықтың өмір сүру деңгейін жақсарту мақсатында таза экспортты реттеуге араласуы.

5. Сауда саясаты – тарифтер, квоталар және басқа да сыртқы экономикалық реттеу құралдары арқылы мемлекеттің экспорт пен импортты ынталандыруға немесе шектеуге араласуы.

Жоғарыда аталған мақсаттарды орындау барысында қолданылатын макроэкономикалық саясаттармен бірге ұлттық экономикада әлеуметтік саясат, валюталық саясат сияқты құралдар да кеңінен қолданылады. Бірақ макроэкономикалық саясаттың қандай құралы қолданылса да, олар ұлттық экономиканың қалыптасқан нақты жағдайына қарай және қандай да бір экономикалық мәселені нақты шешу кезінде әрқашанда маңызды болып қала береді.

Қорытынды

1. Макроэкономикалық агрегатталған жиынтық өлшемдерді зерттейді: жиынтық сұраныс, жиынтық ұсыныс, жұмысбастылық, бағалардың жалпы деңгейі, инфляция, төлем балансы және т.б.

2. Макроэкономикада мемлекеттің рөліне және ішкі экономикалық

және сыртқы экономикалық салаларды мемлекеттік реттеудің әдістеріне аса маңызды түрде көңіл бөлінеді.

3. Макроэкономиканың әдістері – позитивтік және нормативтік талдау, сонымен қатар агрегаттау, «әртүрлі тең жағдайларда» қағидасы, тепе-теңдіктік бағыт, қор және ағын айнымалыларының айырмашылықтары сияқты әдістер жатады.

4. Макроэкономикада зерттелетін нарықтың негізгі субъектілері – үй шаруашылығы, фирма, мемлекет және сыртқы орта.

5. Экономикадағы табыстар мен шығындардың шеңберлі айналымы нарықтың барлық субъектілерінің өзара байланыстарын көрсетеді.

6. Табыстар мен шығындардың шеңберлі айналымында қуат беру көрсеткіштері – бұл инвестициялар, мемлекеттік шығындар, экспорт. Жылыстау көрсеткіштері – бұл жинақтар, салықтар, импорт.

7. Макроэкономикадағы негізгі бәсекелес мектептер кейнстік және неоклассикалық бағыттармен сипатталады.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары

1. Макроэкономиканың ғылым болып қалыптасуындағы негізгі бағыттар қандай?
2. Макроэкономиканың зерттеу пәнін атаңыз.
3. Макроэкономиканың негізгі мақсаттары қандай?
4. Макроэкономикалық талдау кезінде қандай әдістер қолданылады?
5. Қор және ағын көрсеткіштері қалай сипатталады?
6. Макроэкономиканың зерттейтін негізгі мәселелері қандай?
7. Экономика макродеңгейде қандай секторлар мен нарықтарға бөлінеді?
8. Макроэкономикалық саясаттың негізгі жүргізілу құралдары қандай?
9. Ұлттық есепшот жүйесі қандай мақсаттар үшін қолданылады?
10. Жалпы ішкі өнімнің жалпы ұлттық өнімнен айырмашылығы қандай?

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі
Негізгі:

1. *Мамыров Н. Қ., Тілеужанова М. Ә.* Макроэкономика: Оқулық. - Алматы: Экономика, 2003. Тарау 1.

2. Макроэкономика: учебник / Под общ. ред. *А. А. Абишева, К. А. Хубиева.* – Алматы: «Экономика», 2007. Раздел 1, глава 1.

3. *Вечканов Г. С., Вечканова Г. Р.* Макроэкономика. 2 - е изд. - Спб.: Питер, 2008. Глава 1.

4. *Агапова Т. А., Серегина С. Ф.* Макроэкономика: учебник / Под общ. ред. д.э.н., проф. А. Ф. Сидоровича; МГУ им. М. В. Ломоносова. – 8 - е изд., перераб. и доп. – М.: Издательство «Дело и Сервис», 2007. Глава 1.

5. Курс экономической теории: учебник – 5-е исправленное, дополненное и переработанное издание/ Под общ. ред. *Чепурина М. Н. и Киселевой Е. А.* – Киров: «АСА», 2006. (Раздел 3: Макроэкономика; Раздел 4: Международные аспекты экономической теории). Глава 16.

6. *Селищев А. С.* Макроэкономика. 3-е изд. - Спб.: Питер, 2005. Глава 1.

7. *Ивашковский С. Н.* Макроэкономика: Учебник. 2-е изд., испр., доп. – М.: Дело, 2002. Раздел 1, глава 1.

8. ҚР Президенті *Н. Ә. Назарбаевтың* халыққа Жолдауы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты», 2012 ж. 28 қаңтар.

9. ҚР Президенті *Н. Ә. Назарбаевтың* халыққа Жолдауы «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз», 2011 ж. 28 қаңтар.

10. ҚР-ның Президенті Н. *Ә. Назарбаевтың* халыққа Жолдауы «Қазақстанның бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы». 2006 ж. 2 наурыз.

11. *Н. Назарбаев.* Қазақстан - 2030: «Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы», Алматы – 1998 ж.

Қосымша:

1. *Ғабит Ж. Х., Доғалов А. Н., Досмағанбетов Н. С.* Микроэкономика: экономикалық мамандықтарға арналған оқулық/ – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2010. – 281 б.

2. *Доғалов А. Н., Досмағанбетов Н. С.* «Макроэкономика» пәнінен курстық жұмысты орындау бойынша әдістемелік нұсқау (экономикалық мамандықтар үшін) – Астана: Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2011. – 20б.

3. *Сейткасимов Г. С.* Макроэкономические проблемы современной экономики Казахстана: Монография. – Астана: Изд. КазУЭФМТ, 2010. – 350 с.

4. *Курганбаева Г. А.* Экономика Казахстана в XXI веке: монография. – Алматы: Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте РК, 2009. – 144 с.

5. *Тоқсанбай Сүлеймен Рақымжанұлы.* Үлкен экономикалық орысша-қазақша сөздік/Большой экономический русско-казахский словарь. – Алматы, 2010. 1010 б.

6. *Тарасевич Л. С., Гальперин В. М., Гребенников П. И., Леусский А.И.*

Макроэкономика: Учебник / под ред. Тарасевича Л.С. 5-е изд.- М.: ЮРАИТ, 2004. – 656с.

7. *Вечканов Г. С., Вечканова Г. Р.* Макроэкономика. Учебное пособие. 6-е изд.- Спб.: Питер, 2005. - 256с.

8. *Абакумова О. Г.* Макроэкономика. Конспект лекций: Пособие для подготовки к экзаменам. – М.: ПРИОР – Издат, 2005. – 224 с.

9. *Базылев Н. И.* и др. Макроэкономика. Учебное пособие. – М.: ИНФРА – М, 2003. – 190 с.

10. Введение в макроэкономику: Учебное пособие./ Под ред. *М. Е. Дорошенко* - М.: ЮНИТИ, 2000. – 175 с.

11. *Н. Грегори Мэнкью.* Макроэкономика. Пер. с англ.- М., Изд-во МГУ, 1994.-736 с.

12. *Долан Э., Линдсей Д. Э.* Макроэкономика/Под общ. ред. Б. Лисовика. Спб: 1996.

13. *Матвеева Т. Ю.* Введение в макроэкономику. Учебное пособие, 2-е изд. М.: ГУ ВШЭ, 2004. – 512с.

14. *Бродский Б. Е.* Лекций по макроэкономике переходного периода: Учебное пособие. – М.: Изд. дом ГУВШЭ, 2005. – 224 с.

15. *Смагулова Ш. А., Баспакова А.* Макроэкономика. Учебное пособие, Алматы: Жеті жарғы, 1999. – 144с.

16. *Шишов А. Л.* Макроэкономика. – М.: Ассоциация авторов и издателей «Тандем», Издательство ЭКМОС, 1997 г. – 320 с.

17. *Бункина М. К., Семенов В. А.* Макроэкономика (Осн. эк. политики): Учебник. – Изд-во «ДИС», 1997.-320 с.

12. *Кейнс Д. М.* Общая теория занятости, процента и денег.

Практика сабағының жоспары:

Практика сабағын «дөңгелек үстел» түрінде өткізу жоспарланған, тақырыптың негізгі теориялық сұрақтарын пікірталас, ауызша жауап беру, дискуссия, сұрақ-жауап, т.б. ұйымдастыру әдістері арқылы жүргізілуі тиіс.

Мақсаты: пәннің кіріспе бөлімімен танысу. Курстың негізгі зерттеу пәнін және мәселелерін талқылай отырып, бұл пәнді не үшін оқу керектігін түсіну және оның қазіргі экономикалық ғылымдар жүйесіндегі орнын анықтау. Ол үшін практика сабағында тақырып бойынша мынадай сұрақтардың мәнін ашу керек:

1. Макроэкономиканың зерттеу пәні, мақсаттары мен мәселелері. Макроэкономикалық саясат.

2. Макроэкономиканың негізгі зерттеу әдістері: агрегаттау, макроэкономикалық үлгілеу.

3. Макроэкономикалық зерттеулердің және макроэкономика ғылымының қалыптасуы мен тарихи даму кезеңдері.

Студенттің оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін өзіндік жұмыстары (СОӨЖ) және студенттің өзіндік жұмыстары (СӨЖ) тапсырмалары:

Мақсаты: тақырыптың негізгі талқылау сұрақтарын мәселелік тұрғыдан қарастыру үшін ұсынылатын әдебиеттерді игеру, сонымен қатар, тақырыпты толық меңгеріп бекіту үшін макроэкономиканың негізгі талдау ерекшеліктерін төмендегідей ұсынылатын және басқа да тапсырмаларды орындау.

1. Тақырып бойынша экономикалық сөздік (глоссарий) жасау.

2. Тақырып бойынша логикалық схемалар құрастыру.

3. Реферат, эссе, баяндама тақырыптары:

- Мен макроэкономика пәнін не үшін оқимын? (эссе);
- Джон Мейнард Кейнс – қазіргі макроэкономиканың негізін салушы;
- Макроэкономиканың қазіргі маңыздылығы мен экономикалық ғылымдар жүйесіндегі орны мен рөлі;
- Қазақстанда ұлттық экономиканы дамытудағы макроэкономикалық талдаудың ерекшеліктері;
- Макроэкономикалық теорияны дамытудың неокейнстік тұжырымдамалары;
- Макроэкономика ғылымы – бұл нормативті экономика;
- Микроэкономика макроэкономиканың негізі ретінде.

4. Өзіндік жазба жұмыстары (конспект):

- Макроэкономикалық үлгілер және оларды құрудағы функционалдық байланыстар;
- Макроэкономикадағы уақыт факторы және күтімдер теориясы;
- Негізгі макроэкономикалық мектептердің постулаттары.

5. Мына тұжырымдамалардың қайсысы дұрыс:

1) Ex ante макроэкономикалық талдау елдің макроэкономикалық жағдайын өткен кезеңдерде анықтайды.

2) Макроэкономикалық агрегаттау тек макроэкономикалық субъектілерге таралады.

3) Кәсіпкерлік сектор отандық және шетелдік фирмалардың жиынтығынан құралады.

4) Еңбек нарығы макродеңгейдегі агрегатталған нарықтардың бірі болып табылады.

5) Экономиканың жабық үлгісі сыртқы орта секторын есепке алады.

6) Экзогенді айнымалылар бастапқы ақпараттан құралады.

7) Қор айнымалылары экономикалық зерттеу объектісінің жағдайын уақыттың белгілі бір мезетінде қарастырады.

8) Инвестициялар қор болып табылады.

9) Макроэкономика ғаламдық экономикалық мәселелерді зерттеумен айналыспайды.

10) Макроэкономикалық талдаудың ерекшелігіне шекті талдау әдісі жатады.

6. Тест сұрақтарына жауап беру қажет:

1. Әртүрлі экономикалық құбылыстар мен үрдіс арасында пайда болатын функционалдық байланыстарды айқындау мақсатында құрылған жүйелік сипаттама:

а) микроэкономикалық үлгі

ә) макроэкономикалық үлгі

б) макроэкономикалық жүйе

в) макроэкономикалық саясат

2. Қазіргі макроэкономика ғылымының негізін қалаушы кім:

а) Д. Кейнс

ә) К. Макконел мен С. Брю

б) П. Самуэльсон

в) У. Нордхауз

3. Макроэкономика – бұл:

а) экономиканың даму заңдылықтарын адам, отбасы және кәсіпорын деңгейінде зерттейтін экономикалық теорияның бір бөлімі

ә) ресурстар мен өндіріс факторларының шектеулі болу жағдайында адамдардың іс-әрекетін зерттейтін ғылым

б) экономиканы біртұтас жүйе ретінде зерттейтін ғылым

в) экономикалық ойдың даму кезеңдерін зерттейтін ғылым

4. Макроэкономикалық талдаудың ерекшелігіне не жатады?

а) көрсеткіштерді комбинациялау

ә) берілгендерді агрегаттау

б) корреляциялық тәуелділікті құрастыру

в) графиктерді құрастыру

5. «Макроэкономика» терминінің авторы кім?

а) Дж. Кейнс

ә) М. Фридмен

б) Р. Фриш

в) И. Фишер

6. Мыналардың қайсысы макроэкономикалық мақсатқа жатады:

а) нақты ЖІӨ-нің деңгейін арттыру

ә) жұмыссыздық мәселесі

б) бюджет тапшылығы

в) инфляция деңгейі

7. «Макроэкономика» термині қай жылы ғылыми тұрғыдан алғаш қолданысқа енгізілді:

а) 1936 жылы

ә) 1890 жылы

б) 1961 жылы

в) 1933 жылы

8. Статикалық күтімдер тұжырымдамасы бойынша:

а) экономикалық субъектілер өткен жағдайлар болашақта қайталанады деп күтеді

ә) экономикалық субъектілер бұрын жіберілген қателіктерін ескере отырып, болашақты күтуде түзетулер енгізеді

б) экономикалық субъектілердің болашақты болжауы өздерінде бар ақпараттың барлығын өңдеу арқылы оңтайлы нәтиже негізінде құрылады

в) экономикалық субъектілер жүзеге асқан тәжірибелерді нақты бағалайды

9. Мыналардың қайсысы негізгі макроэкономикалық мәселеге жатпайды:

а) тұрақты экономикалық өсуге қол жеткізу

ә) экономикалық цикл және оның шығу себептері

б) инфляция мен жұмыссыздық мәселесі

в) ұлттық кәсіпорындардың пайдасын арттыру

10. Жабық жүйедегі макроэкономиканың негізгі субъектілері:

а) үй шаруашылығы, фирма

ә) үй шаруашылығы, фирма және мемлекет

б) мемлекет және сыртқы орта

в) сыртқы орта мен ішкі орта.

11. Мына экономистердің қайсысы неокейнстік бағыттың негізгі өкілі болып табылады:

а) П. Самуэльсон

ә) М. Фридмен

б) Г. Мэнкью

в) Р. Лукас

12. Егер экономикалық субъектілер алдағы жылы инфляция деңгейі ағымдағы жылғы деңгейге тең болады десе, онда олардың болжамдары қандай күтімдер бойынша қалыптасады:

а) статистикалық

ә) бейімделушілік

б) оңтайлы

в) статикалық

13. Мыналардың қайсысы ашық макроэкономикалық жүйедегі мәселе болып табылады:

а) тиімді макроэкономикалық саясатты жүргізу

ә) төлем балансының жағдайы

б) пайыз мөлшерлемесінің деңгейі

в) жоғарғы деңгейдегі жұмысбастылықты қамтамасыз ету

14. Мына макроэкономикалық мақсаттардың қайсысы ашық экономикаға тән болады:

а) төлем балансының нөлдік сальдосы

ә) жоғары деңгейдегі жұмысбастылық

б) ұлттық өндірістің жоғары деңгейін қамтамасыз ету

в) бағалар деңгейінің тұрақтылығы

15. Макрокономикалық модельді құруда зерттеліп отырған макроэкономикалық құбылыстың немесе үрдістің мазмұны мен құрылымын сипаттау үшін қандай функционалдық байланыс қолданылады:

а) технологиялық

ә) мінез-құлықтық

б) институционалдық

в) дефинициондық

16. Оңтайлы күтімдер теориясы – бұл қандай мектеп?

а) неокейнстік мектеп

ә) неоклассикалық мектеп

б) «жаңа кейнсшілдер» мектебі

в) жаңа классикалық макроэкономикалық мектеп

17. Жаңа классикалық макроэкономикалық мектептің негізгі өкілі:

а) Дж. Робинсон

ә) Р. Лукас

б) О. Бланшар

в) Э. Хансен

18. Макроэкономикалық субъект – «сыртқы ортаның» негізгі міндеті:

а) экспорт пен импортты қалыптастыру

ә) халық шаруашылығының тиімді әрекет етуі үшін қолайлы жағдайлар жасау

б) ең аз шығын жұмсай отырып максималды пайдалылыққа жету

в) пайданы максималдауға тырысу

19. Макроэкономиканың зерттеу объектісі – бұл...:

а) экономикалық игіліктер туралы шешім қабылдау

ә) ұлттық өнім мен ұлттық табыс көрсеткіштері, қоғамның байлығы

б) салық салу, трансферттік төлемдер төлеу және ақша ұсынысын қалыптастыру

в) негізгі макроэкономикалық мәселелерді зерттеу

20. Макроэкономикалық саясат құралдары – бұл...:

а) мемлекеттің үнемі бақылауында болатын және бір немесе бірнеше мақсаттардың орындалуына мүмкіндік беретін экономикалық өзгермелілер

ә) макроэкономикалық теорияны дамыту үшін ескерілетін ғалым-экономистердің көзқарастары

б) экономикаға әсер ету мақсатында салық салу мен мемлекеттік шығындарды қолдану

в) макроэкономикалық үлгілерді құруда қажетті мәліметтер базасының жиынтығы

2-тақырып
ҰЛТТЫҚ ЕСЕПШОТТАР ЖҮЙЕСІ. НЕГІЗГІ МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

Мақсаты: макроэкономикалық талдаудағы негізгі көрсеткіштерді жан-жақты талдау, ұлттық-есеп шоттар жүйесінің мән мағынасын түсіну, ұлттық экономика деңгейіндегі негізгі секторларды қарастыру және негізгі субъектілердің әрекеттеріне баға беру, ұлттық экономика шеңберіндегі табыстар мен шығындардың шеңберлі айналымын және оның үлгілерін қарастыру. Осы мақсатқа жету үшін мынадай сұрақтарды талқылау қажет.

Дәріс жоспары:

1. Ұлттық есепшоттар жүйесі және оның пайда болуы.
2. Негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер және олардың түрлері.
3. Жалпы ұлттық өнімді есептеу әдістері. Баға индекстері.

Негізгі түсініктер: шеңберлі айналым үлгісі; жалпы ұлттық өнім; жалпы ішкі өнім; қосылған құн; атаулы ЖҰӨ; нақты ЖҰӨ; аралық өнім; соңғы өнім; ЖҰӨ дефляторы; Ласпейрес индексі; Пааше индексі; Фишер индексі; жеке тұтыну шығындары; жиынтық жеке инвестициялар; амортизация; мемлекеттік сатып алымдар; таза экспорт; таза ұлттық өнім; ұлттық табыс; жеке табыс; қолда бар табыс; ұлттық есепшоттар жүйесі; таза экономикалық әлауқат; ұлттық байлық; қуат беру; жылыстау; көлеңкелі экономика және т.б.

Тақырыптың мазмұны.

Ұлттық экономиканың көрсеткіштерін статистикалық тұрғыдан есепке алмай, макроэкономикалық үрдістерді тиімді жүргізу және реттеу мүмкін емес. Макроэкономиканың пәні мен әдісінің ерекшелігі микроталдауда қолданылмайтын түсініктер мен категорияларды қолдануды талап етеді.

Ұлттық экономиканы макродеңгейде сипаттау үшін қолда-

нылатын негізгі стандарт – ол **ұлттық есепшоттар жүйесі (ҰЕЖ)** – ұлттық өнім мен ұлттық табысты өндіру, бөлу және соңғы пайдалану үрдістерін сипаттайтын бухгалтерлік есепшот нысанындағы кестелер кешені. **ҰЕЖ-нің негізгі мақсаты** – ұлттық өнімнің (ұлттық табыстың) қалыптасуы мен пайдалану үдерістерін кешенді әрі жан-жақты талдау үшін, экономикалық саясатты жүргізу мен үлгілерді құру және болжау үшін, қажетті мәліметтермен қамтамасыз ету. Қазіргі ҰЕЖ экономикалық үрдістер мен экономикалық операцияларды бейнелейтін көрсеткіштер жиынтығын құрайды.

ҰЕЖ терминін алғаш рет макроэкономикалық ғылымға голланд экономисі *Ван Клифф* енгізген болатын және ол халық шаруашылығының шеңберлі айналымы үлгісіне негізделеді. ҰЕЖ шет мемлекеттерде қолданыс тапқан және осы уақытқа дейін тек батыстық статистикада қолданылып келді. ҰЕЖ-ны құрудың алғашқы талпыныстары мен тәжірибелері Ұлыбританияда 1946 жылы, АҚШ-та 1947 жылы, Францияда 1949 жылы қолданылды. Ал қазіргі заманғы ҰЕЖ-нің соңғы үлгісін ағылшын экономисі, Нобель сыйлығының иегері *Ричард Стоун* жасады және осы жаңа стандарт 1993 жылы Біріккен Ұлттар ұйымында мақұлданып, жүзден астам мемлекеттерде қолданылып келеді.

Негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер ұлттық есепшоттар жүйесі арқылы көрсетіледі.

Ұлттық есепшоттар жүйесі жиынтық өнімнің (өндіріс көлемінің) үш негізгі көрсеткішін:

1. жалпы ұлттық өнімді (ЖҰӨ);
2. жалпы ішкі өнімді (ЖІӨ);
3. таза ұлттық өнімді (ТҰӨ)

және де жиынтық табыстың үш негізгі көрсеткішін:

1. ұлттық табысты (ҰТ);
2. жеке табысты (ЖТ);
3. қолда бар табысты (ҚБТ) қамтиды.

ЖҰӨ – бұл кез келген азаматтардың өз елі ішінде және басқа елдерде өзінің ұлттық капиталы көмегімен бір жылда өндірген және сатқан тауарлары мен қызметтерінің нарықтық құндарының жиынтығы.

ЖІӨ – бұл сол елде тұратын өндірушілер капиталының ұлттық сипатына қарамастан бір жылда өндірген және сатқан тауарлары мен қызметтерінің нарықтық құндарының жиынтығы. Мысалы, жапондық «Тайота» фирмасы өз өнімін Қазақстан нарығында сатса, онда сатылған өнімнің құны жапон елінің ЖҰӨ-нің құрамына кіреді де, олардың ЖІӨ құнына кірмейді. Бірақ Қазақстанның ЖІӨ-не кіреді, ал ЖҰӨ құрамына кірмейді. Сол сияқты Жапонияда жұмыс істейтін қазақ азаматының табысы Қазақстанның ЖҰӨ көрсеткіші құрамына кіреді де, ЖІӨ құрамына кірмейді, ал Жапонияның ЖІӨ-не кіреді де, ЖҰӨ-не кірмейді.

ТҰӨ – тозған құрал-жабдықтардың орнын толтырғаннан кейін тұтынуға қалған түпкі өнімдер мен қызметтердің жиынтығы. Ол ЖҰӨ-нен амортизацияны (А) шегеру арқылы анықталады:

ТҰӨ = ЖҰӨ – А

ТҰӨ – ЖҰӨ-нің халық тұтынуына кететін бөлігін көрсетеді. ТҰӨ-ң құрамында тұтыну саласына түспейтін әртүрлі салықтар бар. Оларға жанама салықтың түрлері: акциздер, кедендік салықтар, қосылған құнға салынатын салық жатады. Осыларды ТҰӨ-нен шегерсек ұлттық табысты табамыз:

ҰТ = ТҰӨ – жанама салықтар

ҰТ – елдің барлық тұрғындарының жиынтық табыстары, ұлттық сипаттағы өндіріс факторларының (еңбек, капитал, жер және кәсіпкерлік қабілет) барлық иелерінің тапқан табыстары: жалақы, пайыз, рента және пайда. Бірақ осындай табыстардың барлығы түгел тұтыну мен жинақтауға жұмсалмайды. Сондықтан келесі макроэкономикалық көрсеткіш – жеке табысты табу үшін ҰТ-тан азаматтардың әлеуметтік сақтандыруға жарналарын, корпорациялардың бөлінбеген пайдасын, корпорациялық табыс салықтарын шегеріп, трансферттік төлемдерді қосамыз.

ЖТ = ҰТ – әлеуметтік сақтандыру жарналары – бөлінбеген пайда – корпорациялық табыс салығы + трансферттік төлемдер

Жеке табыстан азаматтардың жеке салықтарын: табыс салығын, мұра және мүлік салығын шегерсек қолда бар табыс қалады. Ол тұтыну мен жинақтауға жұмсалады.

ҚБТ = жеке табыс – мұраға салық – мүлік салығы – табыс салығы

Ұлттық есепшоттар жүйесінің көрсеткіштері жиынтық өнім мен жиынтық табысты тек сандық тұрғыдан ғана бағалайды, олар халықтың өмір сүру сапасын және әл-ауқаттылық деңгейін сипаттай алмайды, сонымен қатар, бұл көрсеткіштер ғылыми-техникалық прогрестің және экономикалық өсудің жағымды және жағымсыз салдарларын да есепке алмайды. Ал тұрғындардың өмір сүру сапасын және әл-ауқаттылық деңгейін ұлттық байлық, таза экономикалық әл-ауқат және жан басына шаққандағы ЖІӨ сияқты көрсеткіштер анықтайды.

ЖҰӨ-ді есептеу үшін бағаның өзгеруін ғана емес, сонымен қатар, қайта есептеуді де ескеру қажет. Қайта есептеу мәселесі қалай орын алады? Көптеген өнімдер базарға түспес бұрын өндіріс сатыларынан өтеді. Сондықтан көптеген өнімдердің құрамдас бөлшектері бірнеше рет сатып алынады. Қайта есептеуді болдырмас үшін ЖҰӨ-ді есептегенде тек соңғы өнімнің нарықтық бағасы ғана алынады.

Соңғы өнім – бұл соңғы пайдалану үшін сатып алынатын өнім.

Аралық өнім – өңдеуге және қайта қымбатқа сатуға арналған өнімдер. Мысалы, машинаның дөңгелегі.

Тәжірибеде қайта есептеуді болдырмас үшін тек қосылған құнды есептейді.

Қосылған құн – бұл шикізат пен материалдарға кеткен шығындарды шегергендегі өнімнің нарықтық құны. Кез келген тауардың құны шикізат бағасынан, басқару шығынан, жұмысшы жалақысынан тұрады. Сондықтан біз өнім құнынан барлық шикізат пен материалдарға кеткен шығындарды шегерсек, онда қалған бөлігі қосылған құнды құрайды.

ЖҰӨ-нің құрамына мыналар кірмейді:

– мемлекеттік трансферттік төлемдер, зейнетақылар, шәкіртақылар, жәрдемақылар, сақтандыру төлемдері;

– қор нарықтарындағы бағалы қағаздарды сату;

– ұсталған тауарларды сату (sekond-hand).

ЖҰӨ-ді есептеу үшін мынадай үш әдіс қолданылады:

1. шығындар бойынша (соңғы пайдалану әдісі);
2. табыстар бойынша (бөлу әдісі);
3. қосылған құн бойынша (өндірістік әдіс).

Шығындар бойынша ЖҰӨ-ді есептегенде барлық экономикалық агенттердің шығындары қосылады.

$$\text{ЖҰӨ} = C + I + G + Xn$$

мұндағы, C – үй шаруашылықтарының тұтыну тауарларына жұмсайтын шығындары (тамақ, киім-кешек, тұрғын үй төлемдері, демалыс шығындары, ұзақ пайдаланылатын тауарларды сатып алуға кететін шығындар және т.б.). Мұнда үй салуға немесе сатып алуға жұмсалатын шығындар есептелмейді. Олар инвестициялық шығындарға кіреді.

I – фирмалардың инвестициялық шығындары (машиналар, станоктар, шикізат, құрылысқа кететін шығындар және т.б.). Инвестицияны жалпы және таза деп бөледі. Егер жалпы инвестициядан өндіріс үдерісінде ескірген машиналар мен станоктарды жаңартуға жұмсалған шығындар бөлігін (амортизация) шегерсек, онда таза инвестицияны табамыз.

Таза инвестиция = Жалпы инвестиция – Амортизация

G – мемлекеттік шығындар, яғни тауарлар мен қызметтерді мемлекеттің сатып алуы (мектеп, аурухана, жол құрылысы, мемлекеттік аппарат пен әскерді ұстауға кететін шығындар, т.б.). Мұнда трансферттік төлемдер кірмейді.

Xn – бұл таза экспорт деп аталады, яғни сыртқы сауда байланысының сальдосы, немесе экспорт пен импорт арасындағы айырмашылық. Егер экспорт импорттан жоғары болса, онда таза экспорт оң болады, керісінше болса, онда таза экспорт теріс мәнді болады.

Табыстар бойынша ЖҰӨ-ді есептегенде барлық экономикалық агенттердің табыстары қосылады.

$$\text{ЖҰӨ} = W\,(C+S) + R + r + T + A$$

мұндағы, W – бұл тұтынуға (C) және жинақтауға (S) кететін халықтың жалақы түріндегі табыстары.

R – рента және арендалық төлемақылар түріндегі табыстар.

r – жинақтаудан түсетін пайыз.

T – кәсіпкерлік қызметке салынатын салық, олар фирмалардан алынып мемлекетке түседі.

A – амортизация, фирма табысынан алынып пайдаланылған

өндіріс құрал-жабдықтарын алуға жұмсалады да, қайтадан қайтарылады.

Ұлттық есепшоттар жүйесіндегі барлық негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер экономикалық әрекеттердің бір жыл ішіндегі және сол жылдың бағаларымен (ағымдық бағалармен) есепке алынған нәтижелерін сипатайды, сондықтан бұл көрсеткіштер атаулы мәнге ие болады.

ЖҰӨ көрсеткішіне баға үлкен әсер етеді. Сондықтан ЖҰӨ-ді номиналды (атаулы) және нақты деп бөлеміз.

Атаулы ЖҰӨ – бұл осы жылғы ағымдағы бағалармен есептелген ЖҰӨ көлемі.

Нақты ЖҰӨ – бұл бағалардың өзгерісін есепке алатын және базистік бағалармен есептелетін ЖҰӨ көлемі.

Атаулы ЖҰӨ-ді нақты ЖҰӨ-ге келтіру үшін екі индекс қолданылады:

1. Тұтынушылық бағалар индексі (ТБИ);
2. ЖҰӨ дефляторы.

ЖҰӨ-ді есептеудің кейбір қиыншылықтары бар. Мысалы, егер жеке адам көлік сатып алса, онда С болады, ал фирма сатып алса I болады. ТБИ-ды анықтау үшін «тұтыну қоржыны» пайдаланылады.

ТБИ = ағымдағы жылғы «тұтыну қоржынының» бағасы / базалық жылғы «тұтыну қоржынының» бағасы

ТБИ – тек тұтыну тауарларына ғана есептелетін баға индексі. Бұл индекстің өзіндік кемшіліктері бар. Ал тек тұтыну емес, сонымен бірге инвестициялық және басқа да тауарлар бағаларының өзгерісін ескеретін баға индексі – ЖҰӨ дефляторы деп аталады.

ЖҰӨ дефляторы = номиналды ЖҰӨ / нақты ЖҰӨ

ТБИ мен ЖҰӨ дефляторының арасындағы айырмашылық:

1) ТБИ – нақты тұтыну тауарларының құнын анықтайды. Яғни, «тұтыну қоржынының» құрылымы өзгермейді (мысалы: қант, шәй, нан және т.б.). Ал ЖҰӨ құрамына кіретін өнімдер көлемі алуан түрлі әрі көлемі де өзгеріп отырады. Мысалы, бидайды көп өндірсек, онда ЖҰӨ құрамында оның үлесі жоғары болады. ЖҰӨ дефляторы экономикада өндірілетін барлық та-

уарлар мен қызметтер бағаларының өзгерісін есепке алады (мысалы, құрылыс объектілеріне баға өзгерісін, шикізат бағаларын және т.б.).

2) ТБИ құрамына импорттың бағасы кіреді, ал дефлятор тек сол елде ғана өндірілген тауарлар бағасына байланысты анықталады.

Баға индекстерінің осы түрлері Ласпейрес, Пааше және Фишер индекстеріне негізделеді.

Ласпейрес индексі тауарлар мен қызметтер құрылымы өзгермейді және базалық жылғы тауарлар мен қызметтер көлемін негізгі деп алады.

$$\mathbf{I_L = (\sum P_t Q_0 / \sum P_0 Q_0) \times 100\%}$$

мұндағы, Q_0 – базалық (тұрақты) жылдың өндірілген тауарлар көлемі;

P_0 – базалық (тұрақты) жылдың тауарлар бағасы;

P_t – ағымдағы жылдың тауарлар бағасы.

Пааше индексі ағымдағы жылдың тауарлар мен қызметтер бағасына негізделеді.

$$\mathbf{I_P = (\sum P_t Q_t / \sum P_0 Q_t) \times 100\%}$$

мұндағы, Q_t – ағымдағы жылдың тауарлар мен қызметтер көлемі.

Пааше индексінде тауарлар мен қызметтердің жиынтығы өзгереді және оны ЖҰӨ дефляторы деп те атайды.

Фишер индексі – Ласпейрес және Пааше индекстерінің орташа геометриялық шамасы.

$$\mathbf{I_F = \sqrt{I_L I_P}}$$

Баға индекстері елдегі инфляция қарқынын, өмір сүру құнының динамикасын анықтау үшін қолданылады.

Ұлттық экономикада жасырын немесе көлеңкелі экономиканың болуы ЖІӨ-нің және ҰЕЖ-нің басқа да көрсеткіштерінің ақиқат шамаларын айқындауда қиыншылықтар тудырады. Экономикалық статистикада көрсетілмейтін экономикалық іс-әрекеттер жасырын жасалады.

Көлеңкелі экономика – бұл мемлекетке салық төлеуден жалтаратын және заңсыз түрде пайда табуды көздейтін экономикалық қызмет. Ғалымдар көлеңкелі экономиканың элементтеріне мыналарды жатқызады:

1. Заңсыз жүргізілетін қызмет түрлері – есірткі бизнесі, қару-жарақ саудасы, жезөкшелікпен айналысу, т.б.

2. Табыс табатын жұмыссыздар – жұмыссыз болып тіркеліп, мемлекеттен жұмыссыздыққа байланысты түрлі жәрдемақы алатындар. Олардың табыс көздері болғандықтан, жәрдемақы алуға құқықтары жоқ.

3. Қосымша жұмыс істейтіндер, мұндай әрекетке баратындар қосалқы қызмет орнында салық төлемейді.

4. Қолма-қол ақша немесе затпен төлеу. Кейбір жалданып жұмыс істейтіндер жұмыс уақытында қолма-қол ақшаға жеке мәмілелер жасайды (көпшілік жағдайда олар жалгердің құрал-жабдықтарын жеке мүддесіне пайдаланады) немесе пара алу.

5. Алдау қызметі – табысты заңсыз түрде иемдену: материалдық байлықты ұрлау, тұтынушылармен дұрыс есеп айырыспау, тауарды дұрыс жеткізбеу.

6. Заңсыз іскерлік шығындар – қосымша жеке шығындардың іскерлік шығындар ретінде рәсімделуі.

7. Сыбайлас жемқорлық пен қызмет бабын асыра пайдалану әрекеттері.

Көлеңкелі экономика ауқымын және оның аясындағы табыс көлемін анықтау өте қиын, алайда сарапшылардың бағалауынша ЖҰӨ-гі оның үлесі шамамен АҚШ-та – 8-14%, Англияда – 6-8%, Франция мен Канадада – 5-8%, Швеция мен Норвегияда – 6-17%, Италияда – 30%-ды құрайды.

Шетелдік мамандардың бағалауынша, бұрынғы КСРО-ның «жасырын экономикасы» дүниежүзіндегі дамыған 20 елдің қатарына кірген. Олардың есептеуінше, ЖҰӨ-нің 5-7%-ы «көлеңкелі» секторда өндірілген. Көлеңкелі экономиканың мұндай ауқымы мемлекеттік меншіктің монополиялық үстемдігіне байланысты болған.

Көлеңкелі экономиканы бақылау және есептеу мүмкін болмаса да, оның бар екенін анықтаудың қарапайым екі әдісін бөліп көрсетуге болады:

1. Егер ұлттық деңгейде шығындар табыстан артса, онда шығындар мен табыстар арасындағы айырмашылық арқылы.

2. Өте ірі ақша белгілеріне сұраныстың өсуі.

Қазақстан Республикасында көлеңкелі экономиканың қазіргі

экономикада мынадай элементтері орын алып отыр: жасырын меншік түрлері мен негізгі тәсілдері көптен бері қалыптасқан жалған экономика субъектілерінің әрекет етуі. Олармен күресу шараларын арнайы құқық сақтау органдары жүргізеді. Отандық ғалымдар көлеңкелі экономикамен күресудің бірден-бір тәсілі болашақта жаппай электрондық ақша жүйесіне көшу деп санайды.

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің жедел деректері бойынша 2010 жылы ЖІӨ-нің көлемі ағымдық бағалармен есептегенде **21 513 473, 3** млн. теңгені құрады және ол 2009 жылмен салыстырғанда, салыстырмалы бағалармен есептегенде 7,0%-ға өсті. Ал биыл 2011 жылдың бірінші кварталында ЖІӨ өткен жылдың бірінші кварталымен салыстырғанда 7,0%-ға өсті.

2010 жылы тауарлар өндірісі мен қызмет көрсетулердің ЖІӨ-гі үлестері сәйкесінше 44,2% және 52,8% болды.

2009-2010 жылдардағы ЖІӨ-нің экономикалық қызмет түрлері бойынша құрылымы туралы толығырақ мәліметтерді төмендегі кестеден көруге болады.

2.1-кесте. **Экономикалық қызмет түрлері бойынша ЖІӨ**

	2010 ж. млн.теңге	пайызбен			
		өткен жылға		ЖІӨ-нің құрылымы, қорытындыға	
		нақты көлем индексі	дефлятор	2010 ж.	2009 ж.
Жалпы ішкі өнім	**21 513 473,3**	**107,0**	**115,3**	**100,0**	**100,0**
Тауарлар өндіру	9 490 397,4	105,0	117,7	44,2	44,0
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	940 603,0	88,3	103,4	4,4	5,9
Өнеркәсіп	6 943 204,0	109,6	125,1	32,3	29,0
Кен өндіру өнеркәсібі және және карьерлерді қазу	4 018 620,6	105,3	125,7	18,7	17,4
Өңдеу өнеркәсібі	2 468 293,5	118,4	123,9	11,5	9,6

Электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауа баптау	390 029,8	104,1	127,6	1,8	1,7
Сумен жабдықтау; кәріз жүйесі, қалдықтардың жинаалуын және таратылуын бақылау	66 260,1	104,8	119,7	0,3	0,3
Құрылыс	1 606 590,4	101,0	100,3	7,5	9,1
Қызметтер көрсету	11 391 336,9	106,0	113,0	52,8	54,6
Көтерме және бөлшек сауда: автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу	2 832 187,8	112,0	122,2	13,2	11,9
Көлік және қоймалау	1 613 186,5	107,4	105,6	7,5	8,2
Тұру және тамақтану бойынша қызметтер	170 906,2	101,7	117,3	0,8	0,8
Ақпарат және байланыс	520 219,9	110,0	81,5	2,4	3,3
Қаржы және сақтандыру қызметі	1 333 502,1	97,6	107,3	6,2	7,3
Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар	1 877 764,7	103,8	120,0	8,7	8,6
Кәсіби, ғылыми және техникалық қызметтер	841 400,5	106,1	112,1	3,9	4,1
Әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет	418 325,5	107,3	109,7	1,9	2,0
Мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамтамасыз ету	417 090,1	102,4	116,9	1,9	2,0
Білім беру	674 945,5	103,5	118,4	3,1	3,2
Денсаулық сақтау және демалыс	375 437,7	105,1	120,2	1,7	1,7
Өнер, ойын-сауық және демалыс	128 810,4	104,5	121,0	0,6	0,6
Өзге де қызметтер түрлерін ұсыну	171 893,7	109,3	110,6	0,8	0,8

Үй қызметшісін жалдайтын және өзі тұтыну үшін тауарлар мен қызметтерді өндіретін үй шаруашылықтары қызметі	15 666,3	100,0	113,2	0,1	0,1
Салалар бойынша қорытынды	20 881 734,3	105,5	115,1	97,0	98,6
Қаржы делдалдығының жанама өлшенетін қызметтері	-482 740,5	74,5	119,5	-2,2	-3,1
Жалпы қосылған құн	20 398 993,8	106,5	115,0	94,8	95,5
Өнімдерге және импортқа салынатын таза салықтар	1 114 479,5	116,7	122,1	5,2	4,5

Дерек көзі: www.stat.kz

Қорытынды

1. Ұлттық есепшоттар жүйесі – ұлттық өнім мен ұлттық табысты өндіру, бөлу және соңғы пайдалану үрдістерін сипаттайтын бухгалтерлік есепшот нысанындағы кестелер кешені.

2. ҰЕЖ-нің негізгі мақсаты болып ұлттық өнімнің (ұлттық табыстың) қалыптасуы мен пайдалану үдерістерін кешенді, әрі жан-жақты талдау үшін, экономикалық саясатты жүргізу мен үлгілерді құру және болжау үшін, қажетті мәліметтермен қамтамасыз етіп отыру табылады. Қазіргі ҰЕЖ экономикалық үрдістер мен экономикалық операцияларды бейнелейтін көрсеткіштер жиынтығын құрайды.

3. Ұлттық есепшоттар жүйесіндегі негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер мыналар: жалпы ұлттық өнім, жалпы ішкі өнім, таза ұлттық өнім, ұлттық табыс, жеке табыс және қолда бар табыс.

4. Жалпы ішкі өнім мынадай әдістермен есептеледі: қосылған құн бойынша, шығындар бойынша және табыстар бойынша. Сонымен қатар, жалпы ішкі өнімге баға деңгейі маңызды түрде әсер еткендіктен, оның екі түрі ажыратылады: атаулы жалпы ішкі өнім және нақты жалпы ішкі өнім.

5. Бағалар индекстерінің макроэкономикалық көрсеткіштері тұтыну бағаларының индексі және өндірушілер бағаларының индексі бо-

лып бөлінеді. Жалпы ішкі өнім дефляторы атаулы жалпы ішкі өнімнің нақты жалпы ішкі өнімге қатынасын білдіреді. Тұтыну бағаларының индексі Ласпейрес индексімен есептеледі, жалпы ішкі өнім дефляторы Пааше индексімен есептеледі, ал Фишер индексі Ласпейрес индексі мен Пааше индескінің кемшіліктерін жояды.

6. Ұлттық экономикада жасырын немесе көлеңкелі экономиканың болуы ЖІӨ-нің және ҰЕЖ-нің басқа да көрсеткіштерінің ақиқат шамаларын айқындауда қиыншылықтар тудырады. Экономикалық статистикада көрсетілмейтін экономикалық іс-әрекеттер жасырын жасалады. Көлеңкелі экономика – мемлекетке салық төлеуден жалтаратын және заңсыз түрде пайда табуды көздейтін экономикалық қызмет.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары

1. Жалпы аймақтық өнім дегеніміз не?
2. Жалпы ішкі өнімді есептеудің қандай әдістері қолданылады?
3. Атаулы және нақты жалпы ішкі өнім арасындағы айырмашылық қандай?
4. Жалпы ішкі өнім дефляторы дегеніміз не?
5. Бағалар индексінің қандай түрлері бар?
6. Ұлттық есепшот жүйесіндегі негізгі макрокономикалық көрсеткіштер арасындағы өзара байланыстар қандай?
7. Негізгі макроэкономикалық теңдестіктің түрлері қандай?
8. Макроэкономикадағы шеңберлі айналым үлгісінің түрлері қалай құрылады?
9. «Жылыстау» және «қуат беру» көрсеткіштеріне не жатады?
10. Таза экономикалық әл-ауқат көрсеткішін есептеудің қажеттілігі неден туындайды?
11. Елдің ұлттық байлық көрсеткіштеріне не жатады?

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі
Негізгі:

1. *Мамыров Н. Қ., Тілеужанова М. Ә.* Макроэкономика: Оқулық. - Алматы: Экономика, 2003. Тарау 2.

2. Макроэкономика: учебник / Под общ. ред. *А. А. Абишева, К.А. Хубиева.* – Алматы: «Экономика», 2007. Раздел 1, глава 2.

3. *Вечканов Г. С., Вечканова Г. Р.* Макроэкономика. 2 - е изд. - Спб.: Питер, 2008. Глава 2.

4. *Агапова Т. А., Серегина С. Ф.* Макроэкономика: учебник / Под общ. ред. д.э.н., проф. А. Ф. Сидоровича; МГУ им. М. В. Ломоносова.

– 8 - е изд., перераб. и доп. – М.: Издательство «Дело и Сервис», 2007. Глава 2.

5. Курс экономической теории: учебник – 5-е исправленное, дополненное и переработанное издание/ Под общ. ред. Чепурина М. Н. и Киселевой Е. А. – Киров: «АСА», 2006. (Раздел 3: Макроэкономика). Глава 16.

6. *Селищев А. С.* Макроэкономика. 3 - е изд. - Спб.: Питер, 2005. Глава 1.

7. *Ивашковский С. Н.* Макроэкономика: Учебник. 2 – изд., испр., доп. – М.: Дело, 2002. Глава 1.

8. *Ким И. А.* Сборник заданий по макроэкономике: Учебное пособие. М.: Вита-Пресс, 2005. Глава 1, 2, 3.

9. *Агапова Т. А., Серегина С. Ф.* Макроэкономика. Тесты: Уч. пос., 2-е изд. – М.:ДиС, 2005. Тема 1.

10. Микро-, макроэкономика. Практикум. Под общей ред. *Ю.А. Огибина* – СПб,1994г. Тема 15.

11. ҚР Статистика Агенттігінің мәліметтері. www.stat.kz

Қосымша:

1. *Доғалов А. Н., Досмағанбетов Н. С.* «Макроэкономика» пәнінен курстық жұмысты орындау бойынша әдістемелік нұсқау (экономикалық мамандықтар үшін) – Астана: Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2011. – 20б.

2. *Сейткасимов Г. С.* Макроэкономические проблемы современной экономики Казахстана: Монография. – Астана: Изд. КазУЭФМТ, 2010. – 350 с.

3. *Курганбаева Г. А.* Экономика Казахстана в XXI веке: монография. – Алматы: Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте РК, 2009. – 144 с.

4. *Тоқсанбай С. Р.* Үлкен экономикалық орысша-қазақша сөздік/ Большой экономический русско-казахский словарь. – Алматы, 2010. 1010 б.

5. *Тарасевич Л. С., Гальперин В. М., Гребенников П. И., Леусский А. И.* Макроэкономика: Учебник / под ред. Тарасевича Л.С. 5-е изд.- М.: ЮРАИТ, 2004. – 656с.

6. *Мэнкью Н. Г.* Принципы макроэкономики. Учебник для вузов / Пер. с англ. – 2-е изд. – Спб.: Питер, 2006. – 576 с.

7. *Абакумова О. Г.* Макроэкономика. Конспект лекций: Пособие для подготовки к экзаменам. – М.: ПРИОР – Издат, 2005. – 224 с.

8. *Базылев Н. И.* и др. Макроэкономика. Учебное пособие. – М.: ИНФРА – М, 2003. – 190 с.

9. Введение в макроэкономику: Учебное пособие./ Под ред. *М. Е. Дорошенко* - М.: ЮНИТИ, 2000. – 175 с.

10. *Долан Э., Линдсей Д. Э.* Макроэкономика/Под общ. ред. Б. Лисовика. Спб: 1996.

11. *Шишов А. Л.* Макроэкономика. – М.: Ассоциация авторов и издателей «Тандем», Издательство ЭКМОС, 1997 г. – 320 с.

12. *Бункина М. К., Семенов В. А.* Макроэкономика (Осн. эк. политики): Учебник. – Изд-во «ДИС», 1997.-320 с.

13. *Кейнс Д. М.* Общая теория занятости, процента и денег.

14. ҚР-ның *Президенті Н. Ә.* Назарбаевтың халыққа Жолдауы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты», 2012 ж. 28 қаңтар.

15. ҚР-ның Президенті *Н.Ә. Назарбаевтың* халыққа Жолдауы «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз», 2011 ж. 28 қаңтар.

16. ҚР-ның Президенті *Н. Ә. Назарбаевтың* халыққа Жолдауы «Жаңа онжылдық – Жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» 2010 ж. 30 қаңтар.

17. *Н. Назарбаев.* Қазақстан - 2030: «Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы», Алматы – 1998 ж.

Практика сабағының жоспары:

Практика сабағын «дөңгелек үстел» түрінде өткізу жоспарланған, тақырыптың негізгі теориялық сұрақтарын пікірталас, ауызша жауап беру, дискуссия, сұрақ-жауап, т.б. ұйымдастыру әдістері арқылы жүргізілуі тиіс.

Мақсаты: ұлттық есепшоттар жүйесіндегі негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерді және олардың түрлерін, есептеу жолдарын қарастыру, бағалар индекстерін және дефляторды анықтау, мемлекет шеңберіндегі айналым үлгісінің мәнін түсіну және оның негізгі түрлеріне жалпы сипаттама беру. Ол үшін семинар сабағында тақырып бойынша мынадай сұрақтардың мәнін ашу керек:

1. Макроэкономикадағы шеңбер айналым үлгісі және оның түрлері.
2. Ұлттық есепшоттар жүйесіндегі макроэкономикалық көрсеткіштер. ЖҰӨ және оны есептеу әдістері.
3. Атаулы және нақты ЖҰӨ. Тұтыну бағаларының индекстері.
4. ЖҰӨ-ді есептеудің күрделілігі. Халықтың әл-ауқатын бағалау мәселелері.

СОӨЖ және СӨЖ тапсырмалары:

Мақсаты: ұлттық табыс пен ұлттық табыс көрсеткіштерін толық меңгеріп тақырыпты бекіту үшін ұсынылған әдебиеттерді оқып төмендегідей және басқа да тапсырмаларды орындау.

1. Тақырып бойынша экономикалық сөздік (глоссарий) жасау.

2. Тақырып бойынша логикалық схемалар құрастыру.

3. Реферат, эссе, баяндама тақырыптары:

- Ұлттық есепшоттар жүйесінің даму тарихы;
- Көлеңкелі экономика және ЖҰӨ көрсеткіші;
- Қазақстанның ұлттық байлық динамикасы және тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсарту жолдары;
- Қазақстан экономикасының даму нәтижесін сипаттайтын негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерге талдау жасау және бағалау;
- Қазақстанның ұлттық өндіріс деңгейі және ЖІӨ құрылымы;
- Қазақстандағы көлеңкелі экономиканың негізгі белгілері.

4. Өзіндік жазба жұмыстар (конспект):

- Макроэкономикадағы шеңбер айналым үлгісі және оның түрлері. «Жылыстау» (утечки) және «қуат беру» (иньекции);
- Макроэкономикалық теңдестіктер және олардың түрлері;
- ЖҰӨ-ді есептеудің күрделілігі. Халықтың әл-ауқатын бағалау мәселелері;
- Ұлттық байлық және таза экономикалық әл-ауқат.

5. Жаттығулар, есептер және т.б. тапсырмалар:

1. Экономикада келесі мәліметтер берілген (млрд. долл.):

Трансферттік төлемдер	4,0
Жалпы ішкі инвестициялар	16,2
Бизнеске салынатын жанама салық	7,0
Жеке табыс салығы	2,6
Таза экспорт	1,1
Корпорацияның бөлінбеген пайдасы	2,8
Амортизация	7,9
Жеке тұтыну шығындары	77,2
Корпорацияның пайдасына салынатын салық	1,4
Әлеуметтік сақтандыру салымдары	0,2
Қызметтер мен тауарларды мемлекеттік сатып алу	8,5

А) ЖҰӨ көрсеткіштерін және жеке қолда бар табыстың көрсеткіштерін есептеңдер.

Б) Жеке жинақтардың көлемі қанша?

В) Экономикадағы капитал қорының көлемі қаншаға өсті? (есеп ЖІӨ=ЖҰӨ жағдайында шығарылады).

2. Экономика жағдайы келесі көрсеткіштермен берілген:

Тұтыну шығындары (С) = 2300

Инвестициялар (I) = 700

Мемлекеттік шығындар (О) = 800

Мемлекеттік трансферттер (TR) = 100

Мемлекеттік қарыз бойынша %-ті төлеу (N) = 100

Салықтар (Т) = 800

ЖІӨ = ЖҰТ

Есептеңдер:

А) жеке жинақтар;

Ә) мемлекеттік жинақтар;

Б) мемлекеттік облигациялардың бағасын (құнын) және мемлекеттік бюджеттің тапшылығын жабу үшін шығарылған қосымша ақша көлемін. Мына жағдай анық: тапшылық 80%-ке облигация шығарумен қаржыландырылады.

3. Экономикада 3 игілік өндіріледі және тұтынылады дейік. Кестеде саны және бағасы (1 бірлікке) 2 кезеңге берілген Ласпейрес, Пааше, Фишер индекстерін (1992 ж. базистік кезең) есептеңдер:

Жылдар	1992	1992	2002	2002
	бағасы	саны	бағасы	саны
кітаптар	20	20	30	7
көйлектер	52	10	75	5
теледидарлар	1200	5	800	3

4. Тұтынушы ай сайын 1 кг сиыр еті мен 1 кг балық сатып алады делік. Базистік жылы сиыр етінің де, балықтың да 1 кг-ның бағасы 1000 теңге болды. 2002 жылы сиыр етінің бағасы көтеріліп, 200 теңгеге жетті, ал балықтың бағасы өзгермей, бұрынғы қалпында қалды. Осыған орай 2002 жылы ТБИ қандай болады?

5. Экономика келесідей мәліметтермен берілген:

ЖҰӨ - 4800, Таза инвестиция – 800, Тұтыну – 300, Мемлекеттік сатып алымдар – 960.

Табу керек: таза экспортты, қолда бар табысты, жинақты, таза ұлттық өнімді.

6. Төмендегі берілген мәліметтерді пайдалана отырып, (ақша бірлікпен): а) ТҰӨ -ді; ә) ҰТ – ты; б) жеке табысты; в) қолда бар табысты есептеңіз.

- ЖҰӨ - 7800.
- Амортизациялық аударымдар – 500.
- Корпорацияның бөлінбеген пайдасы – 300.
- Әлеуметтік сақтандыру жарналары – 350.
- Мемлекеттің жеке тұлғаларға төлейтін трансферттік төлемдері – 530.
- Корпорацияның пайдасына салық салу – 140.
- Азаматтардан алынатын табыс салығы – 650.
- Бизнеске деген жанама салықтар – 490.

7. - Шикізат өндіру (мақта) – 100.
- Шикізатты өңдеуге жеткізу – 160.
- Шикізатты өңдеу (мата) – 300.
- Өңделген шикізатты дайындаушыға жеткізу (тігін фабрикасына) жеткізу – 370.
- соңғы өнімді шығару (көйлек) – 550.
- соңғы өнімді көтерме сатушыға жеткізу – 610.
- соңғы өнімді бөлшек сатушының сатуы – 710.

Осы мәліметтерді пайдалана отырып, сатудың жалпы құнын және қосылған құнды анықтаңыз (ақша бірлікпен).

8. Кестені толтырыңыз:

	Y	C	I	G	Xn	T	Sp (жеке жинақтар)	Sg (мем. жинақтар)	Sn (ұлттық жинақтар)
1	5000	3000	700	1000		900			
2	5000	3000	900	1000		1000			
3	5000	3200	900	900		1000			

9. Төмендегі мәліметтерді пайдалана отырып, ЖҰӨ-ді екі әдіспен (шығындар әдісімен және табыстар әдісімен) есептеңіз (млн.тг.):

Тұтыну шығындары – 3226; жалпы ішкі таза инвестициялар – 765; жеке салықтар – 590; трансферттік төлемдер – 768; мемлекеттік сатып алымдар – 964; корпорацияның бөлінбеген пайдасы – 79; корпорацияның пайдасына салық салу – 145; экспорт - 202; импорт – 295; әлеуметтік сақтандыру жарналары – 445; амортизациялық аударымдар – 505; бизнеске деген жанама салықтар – 393; жалақы – 2905; арендалық төлемдер – 20; пайыздар – 392; жеке салымдардан түскен табыс – 325; дивидендтер – 98.

10. ЖІӨ - 4000, тұтыну – 2500, инвестициялар – 400, мемлекеттік шығындар – 1200, экспорт – 200. Табу керек: а) Импорт көлемі қаншаға тең? ә) Жеке жинақтардың көлемі қаншаға тең?

11. ЖІӨ - 5000, жеке қолда бар табыстар – 4100, мемлекеттік бюджет тапшылығы – 200, тұтыну – 3800, инвестициялар – 200. Табу керек: а) Таза экспорт көлемі қаншаға тең? ә) Жеке жинақтар көлемі қаншаға тең?

12. Мына берілгендер бойынша а) ЖҰӨ-ді (шығындар бойынша және табыстар бойынша), б) ТҰӨ-ді, в) ҰТ-ты есептеңіздер.

Берілгендер (млрд. тг.):

- несиеге деген пайыз – 12,
- жалпы жеке инвестициялар – 55,
- жалақы – 218,
- корпорацияның пайдасы – 113,
- жанама салықтар, салықтық емес төлемдер – 22,
- ренталық төлемдер – 20,
- корпорацияның пайдасына деген салықтар – 50,
- таза экспорт – 9,
- мемлекеттік сатып алымдар – 90,
- таза жеке инвестициялар – 45,
- меншіктен түсетін табыстар – 21,
- мемлекеттік кәсіпорындарға субсидиялар беру – 2,
- тұрғындарға берілетін трансферттік төлемдер – 23,
- тұтыну шығындары – 260.

13. Ұлттық өндіріс мынадай 2 тауардан тұрады делік: Х (тұтыну тауарлары), У (өндіріс құрал-жабдықтары). Ағымдағы жылы Х өнімінің 500 мөлшері өндірілді, әрқайсысының бағасы 2 теңге, ал У тауарының 20 мөлшері өндірілді, олардың әрқайсысының бағасы 10 теңгеге тең. Жыл аяғына қарай пайдаланудағы 5 машина жаңартылды. *Табу керек:* а) ЖҰӨ - ді, б) ТҰӨ - ді, в) Тұтыну көлемін және инвестиция көлемін, г) Таза инвестициялар көлемін.

14. Өткен жылы белгілі бір мемлекетте мынадай көрсеткіштер орын алды (ақша бірлікпен): ЖҰӨ - 500, жеке сектордың жеке инвестициялары – 75, мемлекеттік сатып алымдар – 80, үй шаруашылықтарының тұтынулары – 250, мемлекеттік бюджетке тікелей салықтардың түсуі – 30, жанама салықтардың түсуі – 20, кәсіпкерлерге субвенциялар – 25, экспорт – 150, импорт – 110. *Табу керек:* а) үй шаруашылықтарының

қолда қалған табыстарын; ә) амортизациялық қорды; б) мемлекеттік бюджет жағдайын.

15. Кестенің мәліметтері бойынша 2005 жылдың бағалар индексі мен дефляторды анықтаңыз:

Өнім	2004 ж		2005 ж	
	Баға	Саны	Баға	Саны
НАН	I	200	1	300
ЕТ	3	100	4	150
КИІМ	6	60	8	50

16. Мынадай көрсеткіштер берілген (ақша бірлікпен): ЖҰӨ - 480, жалпы инвестиция көлемі – 80, таза инвестиция көлемі – 30, үй шаруашылықтарының тұтыну көлемі – 300, мемлекеттік шығындар – 96, мемлекеттік бюджет артықшылығы – 3. *Табу керек:* а) таза ұлттық өнімді; ә) таза экспортты; б) үй шаруашылықтарының қолда қалған табыстарын және олардың жинақтау көлемін.

17. Мынадай көрсеткіштер берілген (ақша бірлікпен): ҰТ – 500, қолда бар табыс – 410, жанама салықтардың субсидиялардан асып кетуі – 20, үй шаруашылықтарының тұтынуы – 380, сауда балансының тапшылығы (импорттың экспорттан асып кетуі) – 10. *Табу керек:* а) жинақтар мен жеке инвестициялар көлемін; ә) мемлекеттік шығындарды; б) тікелей салықтар сомасын, егер мемлекеттік бюджет тапшылығы 10-ға тең болса.

18. ЖҰӨ - 8281, амортизациялық төлемдер – ЖҰӨ көлемінің 6 пайызын құрайды, корпорацияның бөлінбеген пайдасы – 470, жанама салықтар – 520, субсидиялар – 250, корпорацияның пайдасына салынған салықтар – 157, табыс салығы – 723, трансферттік төлемдер – 605, әлеуметтік сақтандыру жарналары – 115.

Табу керек: а) ТҰӨ-ді; б) ҰТ-ты; в) халықтың қолда қалған табыстарын.

19. Жалақы – 1800, корпорацияның пайдасы – 300, амортизациялық аударымдар – 600, ренталық табыстар – салынған капитал құнының 15 пайызын құрайды, трансферттер – 150, жанама салықтар – 300, капитал құны – 6000. ЖҰӨ көлемін есептеу қажет. Бұл есепте қай әдісті қолданамыз?

20. Келесі макроэкономикалық көрсеткіштер жүйесін қолдана отырып, мемлекеттік жинақтар көлемін және үй шаруашылықтарының жинақтау көлемін есептеңіз:

1. Нақты ұлттық табыстың тепе-теңдік көлемі – 8500.
2. Экспорт – 160.
3. Импорт – 80.
4. Тұрғындардың төлейтін табыс салықтары – 630.
5. Мемлекеттік бюджеттен трансферттер формасында төленетін төлемдер – 280.
6. Инвестициялар көлемі – 1480.
7. Экономикадағы шеңбер айналымын қамтамасыз ететін үй шаруашылықтарының тұтыну шығындары – 6200.

6. Тест сұрақтарына жауап беру қажет:

1. Компанияның қосылған құны мынаған тең:

а) сату көлеміне
ә) пайдаға
б) сату көлемін аралық өнім құнынан шегергенге
в) шикізат пен жалақы құнына

2. Мыналардың қайсысы «ағынға» жатпайды?

а) қолда бар табыс
ә) тұтыну шығындары
б) банк шотындағы ақша сомасы
в) ЖІӨ.

3. ЖІӨ-ді есептеу кезінде инвестицияға не жатпайды?

а) корпорацияның акцияларын сатып алу
ә) фирманың өнім өндіруге қажетті компьютерлер сатып алуы
б) компанияның өнім өндіруге қажетті жаңа зауытты сатып алуы
в) жанұяның қайта салынған үйді сатып алуы

4. ЖІӨ мынаған тең:

а) фирмалардың жиынтық табыстарына
ә) факторлық табыстардың сомасына және капиталдың тозу құнына
б) соңғы табыстардың сомасына
в) осы аталғандың барлығына.

5. Мыналардың қайсысы таза жеке инвестицияға жатады?

а) амортизация
ә) осы жылда өндірілген құрал-жабдықтарды сатып алу

б) қайтадан салынған кәсіпорындардың акцияларын иелену
в) жеке пайдалануға қажетті жаңа үйді сатып алу

6. Фирма 3,5 млн. долл. сомамен автомобильдер өндіреді. Оның 1 млн. доллары жартылай фабрикаттарды пайдалануға кетсе, ал 2 млн. доллар жұмысшыларға жалақы төлеуге кетеді. Сондай-ақ, фирма амортизациялық қорға 300 мың долл. аударады. Қосылған құн қаншаға тең болады?

а) 3,2 млн. долл.
ә) 3 млн. долл.
б) 2,5 млн. долл.
в) 2 млн. Долл

7. Мыналардың қайсысы ұлттық байлықтың құрамына жатқызылады?

а) жер және табиғи ресурстар
ә) айналым қорлары
б) патенттер мен авторлық құқықтар
в) аталғандардың барлығы

8. Мына тұжырымдардың қайсысы дұрыс емес:

а) ЖІӨ - қосылған құндар сомасы
ә) ЖІӨ резиденттердің ел сыртында өндірген тауарлары мен қызметтерінің құнын есепке алмайды
б) ЖІӨ - белгілі бір уақыт аралығында, белгілі бір елдің территориясында өндірілген барлық тауарлар мен қызметтердің жиынтық құны
в) ЖҰӨ - нақты елдің ішінде өндірілген барлық тауарлар мен қызметтердің жиынтық көлемі.

9. Мемлекеттік сатып алымдар мен таза экспорт болмайтын үлгідегі соңғы өнімнің нарықтық құны:

а) жиынтық тұтыну мен таза инвестицияға тең
ә) жиынтық жинақ пен жиынтық тұтынуға тең
б) жиынтық тұтыну мен жиынтық инвестицияға тең
в) ешқайсысына тең емес

10. Жалпы ішкі өнім - бұл:

а) нақты бір елдің ауқымында экономикалық субъектілердің өндірген соңғы тауарлары мен қызметтерінің құны
ә) нақты бір елдің резиденттерімен өндірілген аралық тауарлар мен қызметтердің құны

б) нақты бір елдің резиденттерінің ел ішінде және шетелдерде өндірген соңғы тауарлары мен қызметтерінің құны

в) ұлттық өндірушілердің өндірген тауарлары мен қызметтерінің құны

11. Мына табыстардың қайсысы ЖІӨ-ге (ЖҰӨ-ге) кіреді?

а) медбикенің табысы (жалақысы)

ә) ескі жиһазды сатудан түскен табыс

б) 1984 жылы салынған қала сыртындағы үйді сатып алу

в) жақын туысыңа ақша аудару

12. Жалпы ішкі өнімді (ЖҰӨ-ді) шығындар бойынша есептегенде мына элементтердің қайсысы қолданылады?

а) несиеге деген пайыз

ә) жалпы жеке инвестициялар

б) тауарлар мен қызметтердің таза импорты

в) мемлекеттік кәсіпорындарға субсидиялар беру

13. Мыналардың қайсысы «қор» категориясына кіреді?

а) қазынадағы алтын қоры

ә) мемлекеттік қарыз мөлшері

б) жұмыссыздар саны

в) аталғандардың барлығы

14. Қолда бар табыс мыналардың қайсысының айырмасына тең?

а) жеке табыс пен ұлттық табыстың

ә) жеке табыс пен жеке салықтардың

б) жеке табыс пен трансферттік төлемдердің

в) ешқайсысының айырмасына тең емес

15. Егер атаулы ЖҰӨ 1200 млн. долл., ал нақты ЖҰӨ 1000 млн. долл. болса, онда ЖҰӨ дефляторы қаншаға тең?

а) 0,12

ә) 1,2

б) 120

в) 200

16. Мыналардың қайсысы «қорға» жатпайды?

а) мемлекеттік бюджет тапшылығы

ә) елдегі жұмыссыздар саны

б) экономикадағы капитал құны
в) банк шотындағы салымдардың мөлшері

17. Мыналардың қайсысы мемлекеттік сатып алымдарға жатпайды?
а) зейнетақылар
ә) мемлекеттік автомобиль жолдарын салу
б) милицияға шағымдану
в) «а» және «б» жауаптары

18. Ұлттық есепшот жүйесіндегі «жинақтау» термині:
а) жанұяның барлық активтерінің сомасы
ә) белгілі бір мезетте алынатын, бірақ тұтынылмайтын табыс
б) жанұяның барлық активтерінен міндеттілік сомасының айырмашылығы
в) белгілі бір мезетте алынатын табыс

19. Егер ұлттық табыстан корпорация пайдасына салынатын салықты, бөлінбеген пайданы, әлеуметтік сақтандыру нормасын айырып, сосын трансферттік төлемдерді қосса, не шығады?
а) жеке табыс
ә) амортизация
б) қолда бар табыс
в) ТҰӨ

20. Ұлттық табыс көрсеткіші таза ұлттық өнім мен:
а) трансферттік төлемдердің айырмасына тең
ә) корпорация пайдасына салынатын салықтардың айырмасына тең
б) жанама салықтардың айырмасына тең
в) амортизацияның айырмасына тең.

21. Мыналардың қайсысы жеке табысқа жатпайды?
а) мемлекеттік трансферттер
ә) пайыздық табыс
б) жеке салықтар
в) жанама салықтар

22. Атаулы ЖҰӨ - бұл:
а) ағымдық бағалармен есептелетін жалпы өнім
ә) бір жылдың ішінде өндірілген тауарлар мен қызметтердің сомасы
б) белгіленген бағалармен есептелетін жалпы өнім
в) өткен жылғы бағалармен есептелетін жалпы өнім

23. Жалпы ұлтық өнім – бұл:

а) тауарлар мен қызметтердің белгілі бір көлемі

ә) бір жылда елдің ішінде ғана емес, шетелде де ұлттық тауар өндірушілер өндірген соңғы тауарлар мен қызметтердің нарықтық құны

б) бір жылда елдің ішінде ғана емес, шетел тауар өндірушілері өндірген тауарлар мен қызметтердің құны

в) бір жылда шет елде ұлттық тауар өндірушілер өндірген соңғы тауарлар мен қызметтердің нарықтық құны

24. Ұлттық экономикада табыстардың жалпы сомасы қалай құрылады?

а) өндіріс факторлары иелерінің табыстарынан

ә) амортизациялық аударымдардан

б) мемлекеттің табыстарынан

в) осы аталғандардың бәрі дұрыс

25. ЖҰӨ-ді өндірістік тәсілмен есептегенде, ол қалай анықталады?

а) аралық тауарлар мен қызметтердің сомасы арқылы

ә) қосылған құндар мен жанама салықтардың сомасы арқылы

б) табыстар сомасы арқылы

в) шығындар сомасы арқылы

26. Таза экспорт қалай анықталады?

а) экспорт пен импорттың сомасы ретінде

ә) экспорт пен импорт мөлшерінің арасындағы айырма ретінде

б) бір жылдағы экспорт көлемі ретінде

в) бір жылдағы импорт көлемі ретінде

27. Орталықтан басқарылатын экономикалық жүйелерде ұлттық өндіріс көлемін бағалаудың негізгі көрсеткіші:

а) қоғамдық жиынтық өнім

ә) ТҰӨ

б) ЖҰӨ

в) ЖІӨ

28. Ұлттық есепшоттар жүйесінің әдістемесі мыналардың қайсысына сүйенеді?

а) қайталап есептеу принципе

ә) бухгалтерлік баланстарға

б) тепе-теңдік теориясына
в) аталғандардың барлығына

29. Мына тұжырымдардың қайсысы дұрыс:
а) ҰЕЖ-ң негізінде шеңберлі ағын үлгісі жатыр
ә) орталықтан басқарылатын елдерде ҰЕЖ 1968 жылдан бастап қолданыла бастады
б) үй шаруашылықтарының салықты төлегенге дейінгі алатын табыстары – бұл қолда қалған табыс
в) компанияның акция сатып алуы ЖІӨ мен инвестицияны арттырады.

30. Ұлттық экономикада табыстардың жалпы сомасы қалай құрылады?
а) жалақыдан
ә) ренталар мен пайыздардан
б) жанама салықтардан
в) барлық жауаптар дұрыс

31. Егер сіз танысыңыздан үй сатып алсаңыз, онда ЖІӨ қалай өзгереді?
а) артады
ә) төмендейді
б) өзгеріссіз қалады
в) ЖІӨ-ге мүлдем әсер етпейді

32. ЖІӨ-ді анықтаудың негізінде не жатыр?
а) территориялық сипат
ә) ұлттық сипат
б) аймақтық сипат
в) дұрыс жауабы жоқ

33. Мына тұжырымдардың қайсысы дұрыс емес:
а) ұлттық байлыққа пайдалы қазбалы мен ормандар жатады
ә) жеке табыс – бұл үй шаруашылықтарының жұмсауға арнайтын табыстары
б) қосылған құн – бұл өнімді өндіру сатып алынған және қолданылған бұйымдардың шығындарын шегергендегі сатылған өнімдердің құны
в) ЖІӨ-ге қымбат тұратын коттеджден гөрі арзан тұратын үйдің құрылысы маңызды түрде әсер етеді

34. Тұтыну бағаларының индексі – бұл:

а) тұтынушылардың сатып алатын тауарлары мен қызметтерінің жалпы құнын есептейтін көрсеткіш

ә) атаулы ЖҰӨ-ң нақты ЖҰӨ-ге қатынасы

б) нақты ЖҰӨ-ң атаулы ЖҰӨ-ге қатынасы

в) өткен жылғы тауарлар мен қызметтердің саны

35. ТҰӨ мыналардың қайсысының айырмасына тең?

а) ЖҰӨ мен жанама салықтардың

ә) ЖҰӨ мен амортизациялық аударымдардың

б) ЖҰӨ мен ұлттық табыстың

в) ЖҰӨ мен тікелей салықтардың

36. Мыналардың қайсысы жеке табыстың құрамына кіреді?

а) корпорацияның бөлінбеген пайдасы

ә) әлеуметтік сақтандыру жарналары

б) трансферттік төлемдер

в) амортизация

37. Үй шаруашылықтарының үй сатып алуға жұмсаған шығындары мыналардың қайсысына кіреді?

а) тұтыну шығындарына

ә) инвестициялық құрал-жабдықтарға

б) мемлекеттік шығындарға

в) кәсіпкерлердің табыстарына

38. ЖҰӨ дефляторы – бұл:

а) атаулы ЖҰӨ-ң нақты ЖҰӨ-ге қатынасы

ә) нақты ЖҰӨ-ң атаулы ЖҰӨ-ге қатынасы

б) инфляция деңгейі

в) дұрыс жауабы жоқ

39. ЖҰӨ дефляторы мәні жағынан нені сипаттайды?

а) инфляция қарқынын

ә) тұтыну бағаларының индексін

б) ЖҰӨ-ң өсу қарқынын

в) ЖҰӨ-ң төмендеуін

40. Ұлттық табыс мыналардың қайсысының айырмасына тең?

а) таза өнім мен жеке табыстардың

ә) таза өнім мен амортизациялық аударымдардың

б) таза өнім мен жанама салықтардың
в) дұрыс жауабы жоқ

41. Егер корпорация 1 млн. долларға акциясын сатса, онда ЖІӨ:
а) төмендейді
ә) артады
б) өзгеріссіз қалады
в) ЖІӨ-ге мүлдем әсер етпейді

42. Қоғамдық жиынтық өнім көрсеткішінің кемшілігі:
а) қайыра есептеуге алып келеді
ә) есептеу үрдісі тек материалдық өндіріс саласында ғана жүргізіледі
б) есептеу үрдісі тек материалдық емес өндіріс саласында ғана жүргізіледі
в) «а» және «ә» жауаптары дұрыс

43. ЖҰӨ-ді анықтаудың негізінде не жатыр?
а) территориялық сипат
ә) ұлттық сипат
б) аймақтық сипат
в) дұрыс жауабы жоқ

44. Ұлттық табыс - бұл:
а) таза ұлттық өнім + жанама салықтар
ә) ТҰӨ - жанама салықтар
б) ЖІӨ - амортизация
в) жалпы табыс + трансферттік төлем

45. Жабық экономикада шеңберлі ағындар үлгісіне қандай ағындар кіреді:
а) табыстар және шығындар
ә) экспорт және импорт
б) инвестициялар
в) инвестиция және жинақтар

46. Ұлттық байлық – бұл:
а) тауарлар мен қызметтердің ағымдық құны
ә) қоғамның өмір бойы жинақтаған материалдық және рухани құндылықтарының жиынтығы

б) белгілі бір мемлекеттің резиденттерінің тапқан табыстарының жиынтығы

в) үй шаруашылықтарының жұмсайтын табыстары

47. Соңғы пайдалану әдісімен есептелген ЖҰӨ мыналардың қайсысынан құрылады?

а) тұтыну шығындары мен мемлекеттік сатып алымдардан

ә) жалпы ішкі инвестициялардан

б) таза экспорттан

в) осы аталғандардың барлығынан

48. ЖҰӨ-ді өндірістік әдіспен есептегенде өндірілген тауарлар мен қызметтердің құнынан қандай көрсеткіш шегеріледі:

а) амортизация

ә) қосылған құн

б) аралық тауарлар мен қызметтер

в) ешқандай көрсеткіш шегерілмейді

49. Мыналардың қайсысы «қорға» жатпайды?

а) мемлекеттік бюджет тапшылығы

ә) елдегі жұмыссыздар саны

б) экономикадағы капитал құны

в) банк шотындағы салымдардың мөлшері

50. Француз фирмасы Ресейде жұмыс істейді және ресей нарықтарының барлық субъектілеріне қызмет көрсетеді. Фирманың атқаратын қызметінің құны мыналардың қайсысына кіреді?

а) Францияның ЖҰӨ-не және Ресейдің ЖІӨ-не

ә) тек Францияның ЖҰӨ-не

б) тек Ресейдің ЖҰӨ-не

в) Францияның ЖІӨ-не және Ресейдің ЖҰӨ-не

51. Ұлттық есепшоттар жүйесі – бұл:

а) ағымдық кезеңдегі ТБИ-ң пайыздық өзгерісі

ә) ЖҰӨ-ді есептейтін жалпы көрсеткіштер жүйесі

б) ұлттық өнімді және табысты өндіруді, бөлуді, қайта бөлуді және пайдалануды сипаттайтын өзара байланысқан көрсеткіштер жиынтығы

в) белгілі бір елдің ішінде өндірілген тауарлар мен қызметтердің қосылған құндарын есептейтін көрсеткіштер жиынтығы

3-тақырып.
ЭКОНОМИКАДАҒЫ ЖАЛПЫ ТЕПЕ-ТЕҢДІК. ЖИЫНТЫҚ СҰРАНЫС ПЕН ЖИЫНТЫҚ ҰСЫНЫСТЫҢ БАЗАЛЫҚ ҮЛГІСІ

Мақсаты: макроэкономикалық тепе-теңдіктің негізгі үлгісін құрайтын жиынтық сұраныс пен жиынтық ұсынысқа жалпы шолу жасау, қысқа және ұзақ мерзімдегі олардың ауытқуын қарастыру және экономикадағы тұрақтандыру саясатын іске асыру мәселелерін ортаға салу. Ол үшін мына сұрақтар қарастырылып талқылануы қажет.

Дәріс жоспары:

1. Жиынтық сұраныс және оған әсер етуші факторлар.
2. Жиынтық ұсыныс, оның кейнстік және классикалық үлгілері.
3. AD-AS үлгісіндегі макроэкономикалық тепе-теңдік.

Негізгі түсініктер: жиынтық сұраныс; жиынтық сұраныстың құрауыштары; жиынтық шығындар; тұтыну шығындары; инвестициялық сұраныс; мемлекеттің тауарлар мен қызметтерге деген сұранысы; сыртқы әлемнің таза сұранысы – таза экспорт; жиынтық сұраныс функциясы; Кейнс әсері (пайыз мөлшерлемесінің әсері); байлық әсері (Пигу әсері); импорттық сатып алымдар әсері; жиынтық сұраныстың факторлары; жиынтық ұсыныс; жиынтық ұсыныс функциясы; қысқа мерзімдік кейнстік жиынтық ұсыныстың қисығы; аралық жиынтық ұсыныс қисығы; ұзақ мерзімдік классикалық жиынтық ұсыныстың қисығы; макроэкономикалық тепе-теңдік; сілкіністер; жағымды және жағымсыз сілкіністер; жиынтық сұраныстың сілкіністері; жиынтық ұсыныстың сілкіністері; сұраныс инфляциясы; ұсыныс (шығындар) инфляциясы; «тегеріш» (храповик) әсері; тұрақтандыру саясаты.

Тақырыптың мазмұны.

Макроэкономикада **«AD-AS» үлгісі** шығарылым көлемі мен баға деңгейінің ауытқуларын, олардың өзгеруінің себептері мен

салдарларын жалпы түрде зерттеу үшін қажетті базалық үлгі болып табылады. Бұл үлгінің көмегімен мемлекеттің экономикалық саясатының әртүрлі нұсқаларын қарастыруға болады.

Жиынтық сұраныс (AD) – бұл макроэкономикалық субъектілердің белгілі бір уақыт кезеңінде (әдетте, 1 жыл ішінде) өндірілген соңғы тауарлар мен қызметтерге деген жиынтық шығындары. Ол белгілі бір уақытта сол макроэкономикалық субъектілер тарапынан өз сұраныстарын тапқан жиынтық шығарылым көлемінің экономикадағы бағасының жалпы деңгейімен өзара байланысын сипаттайды.

AD (ағылшын тілінен, *aggregate demand*) екі жағдайда – жабық және ашық экономика тұрғысынан қарастырылады.

Жабық экономикалық жүйеде сыртқы ортамен ешқандай байланыс болмайды. Сондықтан AD тек ұлттық сатып алушылардың ғана берілген баға деңгейінде сатып алғылары келетін және сатып алуға мүмкіндіктері бар соңғы тауарлар мен қызметтерінің жиынтық көлемі ретінде қарастырылады:

$$\mathbf{Y_D\ (AD) = C + I + G}$$

мұндағы, Y_D – жиынтық сұраныс (ЖҰӨ немесе ұлттық табыс); C – тұтыну шығындары; I – инвестициялық шығындар; G – мемлекет-тік шығындар.

Ашық экономикалық жүйеде AD толыққанды мынадай төрт макроэкономикалық элементтен (құрауыштардан) құралады:

1. Үй шаруашылықтарының тұтыну шығындары (C).
2. Фирмалардың инвестициялық шығындары (I).
3. Мемлекеттік шығындар (G).
4. Таза экспорт (X_n).

Бұл жағдайда ашық экономикалық жүйе тұрғысынан AD макроэкономикадағы барлық субъектілердің жиынтық шығындары тарапынан қанағаттандырылуы тиіс. Енді осы негізгі құрауыштарға тоқталып өтуіміз қажет.

Тұтыну шығындары (C) – бұл үй шарушылықтарының тұтыну тауарлары мен қызметтеріне деген сұраныстарын сипаттайтын AD-ның негізгі және ең үлкен компоненті. Әдетте, тұтыну шығындары AD-ның құрамында 70-75%-ға дейінгі үлеске ие деп айтылады. Тұтыну шығындары қолда бар табыс көлеміне бай-

ланысты анықталатыны бізге белгілі. Ұзақ мерзімде тұтынудың динамикасы табыстардың басқа да түрлерімен, мүлікпен және баға деңгейімен байланысты болып келеді. AD-ны талдау негізінен, нақты тұтыну факторларына (бағалар индексіне бөлінген тұтынудың номиналды құнына) жүгінеді. Тұтыну шығындары әдетте, AD-ның басқа құрауыштарына қарағанда, тұрақты әрі баяу өзгеретін компонент болады.

Инвестициялық шығындар (I) – бұл фирма сияқты ірі макроэкономикалық субъектінің құрал-жабдықтар, қорлар, жылжымайтын мүліктер ретіндегі инвестициялық тауарларға деген жеке сатып алушылық сұраныстарын сипаттайтын AD-ның ең маңызды компоненті. Инвестиция көлемі негізінен шығарылым көлемімен, негізгі капиталдың құнымен және экономикадағы болашақ жағдайларды күтумен байланысты анықталады. Инвестициялық шығындар AD-ның құрамында ең өзгермелі қасиетке ие, олардың өзгерісі мен қарқындылығы экономикада үнемі ауытқуларды немесе толқуларды туындатып отырады.

Мемлекеттік шығындар (G) – мемлекет тарапынан болатын тауарлар мен қызметтерге деген сұраныстарды сипаттайтын AD-ның бір компоненті. Мемлекеттік сатып алымдар ретіндегі тауарлар мен қызметтерге, әдетте, мыналар жатады: қару-жарақтар өндіруге тапсырыс беру, құрылыс жабдықтарын сатып алу, мемлекеттік мекемелерді (мектептер, ауруханалар және т.б.) салу, басқарушылық аппаратты қамтамасыз ету және т.б.

Таза экспорт (X_n) – бұл экспорт пен импорт құндарының айырмасына тең, яғни шет мемлекеттердің ұлттық экономикада өндірілген отандық тауарлар мен қызметтерге деген экспорттық сұраныстары және ұлттық сатып алушылардың сол шет мемлекеттердің өздерінде өндірген тауарлары мен қызметтеріне деген импорттық сұраныстары арасындағы айырмашылықты сипаттайтын AD-ның құрамдас бір бөлігі. Импорт көлемі ел ішіндегі ішкі табыстар шамасына, ұлттық өндіріс көлеміне, ішкі және сыртқы нарықтардағы бағалар деңгейінің арақатынастарына, сонымен қатар, ұлттық валютаның айырбас бағамына тәуелді болады. Ал экспорт көлемі шет елдердегі табыстар деңгейімен және өндіріс көлемімен, бағалардың арақатынасымен, валюталық бағамдармен анықталады.

Сонымен, **жиынтық сұраныстың құрауыштары** дегеніміз – AD-ны ашық экономикалық жүйеде үй шаруашылықтарының тұтыну шығындары (C), фирмалардың инвестициялық шығындары (I), мемлекеттік шығындар (G) және таза экспорт (X_n) тұрғысынан толық сипаттайтын агрегатталған компоненттер жиынтығы. Ал AD-ның формуласы негізгі макроэкономикалық теңдік ретінде былай жазылады:

$$\mathbf{Y_D\ (AD) = C + I + G + X_n}$$

Жиынтық сұранысқа бағалық және бағалық емес факторлар әсер етеді. Баға AD-ның аса маңызды детерминантасы болып табылады.

Жиынтық сұраныс қисығы – бұл бағаның берілген әрбір деңгейінде сатып алынуы тиіс тауарлар мен қызметтердің көлемін бейнелейтін графикалық көрініс, яғни өндіріс көлемі мен бағаның жалпы деңгейі арасындағы кері тәуелділікті сипаттайтын қисық.

Жиынтық сұраныс көлемінің өзгеруі AD қисығының бойындағы өзгеріске байланысты сипатталады. Ақшаның сандық теориясына сәйкес: MV = PY. Осыдан: Y_D = MV/P, мұндағы P – экономикадағы баға деңгейі; Y_D – ЖҰӨ-нің немесе ұлттық табыстың нақты деңгейі; M – экономикадағы ақша мөлшері; V – ақша айналымының жылдамдығы. Төмендегі суретте P мен Y-дің (ақша ұсынысының тұрақтылығы кезінде) әртүрлі үйлесімділіктері көрсетілген.



3.1-сурет. Жиынтық сұраныс қисығы

Абсцисса осінде – нақты ЖҰӨ немесе өндірістің нақты көлемі, ордината осінде – бағалар деңгейі немесе дефлятор, яғни абсолюттік емес, салыстырмалы көрсеткіш.

AD қисығы төмен қарай бағытталған, өйткені бағалардың өсуі (P↑) қолдағы ақшаның нақты көлемін (M/P) қысқартады. Сәйкесінше, тауарлар мен қызметтерге деген сұраныс (Y↓) қысқарады. Осы арқылы AD-ның көлемі мен бағалар деңгейі (ақша ұсынысы мен ақша айналымының жылдамдығын тұрақты деп алғанда) арасында кері тәуелділіктің бар екені түсіндіріледі.

AD қисығының теріс көлбеулі болуы, мына үш әсер (эффект) арқылы түсіндіріледі:

1. Кейнс әсері (пайыз мөлшерлемесінің әсері);

2. Пигу әсері (нақты кассалық қалдықтар әсері немесе байлық әсері);

3. импорттық сатып алымдар әсері.

Кейнс әсері (пайыз мөлшерлемесінің әсері) былай түсіндіріледі, яғни бағаның өсуімен байланысты ақшаға деген сұраныс өседі; ақша ұсынысының тұрақтылығы жағдайында пайыз мөлшерлемесінің деңгейі артады. Пайыз мөлшерлемесінің өсуінен экономикаға салынатын инвестиция көлемі қысқарады, олай болса, AD көлемі де қысқарады:

$$\mathbf{P\uparrow, \rightarrow M/P\downarrow, \rightarrow i\uparrow, \rightarrow I\downarrow, \rightarrow AD\downarrow.}$$

Пигу әсері (нақты кассалық қалдықтар әсері, немесе байлық әсері), бұл жағдайда бағалар деңгейінің өсуінен нақты байлық көлемі төмендейді, олай болса, тұтыну көлемі қысқарады, сәйкесінше, AD көлемі де қысқарады:

$$\mathbf{P\uparrow, \rightarrow M/P\downarrow, \rightarrow C\downarrow, \rightarrow AD\downarrow.}$$

Импорттық сатып алымдар әсері, бұл жағдайда импорттық бағалардың өзгермеуі кезінде ел ішіндегі бағалардың өсуі экспорттың қысқаруына алып келеді, сәйкесінше, ұлттық экономикада жиынтық сұраныс көлемі де қысқарады:

$$\mathbf{P\uparrow, \rightarrow E\downarrow, \rightarrow X_n\downarrow, \rightarrow AD\downarrow.}$$

Осы аталған бағалық факторлардан басқа AD-ға бағалық емес факторлар да әсер етеді. Бұл факторлардың өзгеруі AD қисығын

оңға немесе солға жылжытады. Оны төмендегі суреттен көруге болады.



3.2-сурет. Жиынтық сұраныстың өзгеруі

AD-ның бағалық емес факторлары дегеніміз – сол AD-ның негізгі құрауыштарына, яғни тұтыну шығындарына, инвестициялық шығындарға, мемлекеттік шығындарға және таза экспортқа әсер ететін барлық факторлар.

1) **Тұтыну шығындарына** тұтынушылардың табысы, әл-ауқаттылығы, олардың болашақты күтуі, жеке табыс салықтарындағы өзгерістер сияқты факторлар әсер етеді. Мысалы, тұтынушылардың ақшалай табыстары өскен кезде AD ұлғаяды және қисық оңға жылжиды, керісінше, табыстың азаюы AD қисығын солға жылжытады.

2) **Инвестициялық шығындарға** пайыз мөлшерлемелері, субсидиялар, бизнес салықтары, жеңілдетілген несиелер сияқты факторлар әсер етеді. Мәселен, бизнеске деген салықтың өсуі инвестицияны қысқартады, олай болса, жоғарыдағы суретке сәйкес, AD қисығы солға AD_1-ге қарай жылжиды. Керісінше, салықтың азаюы AD қисығын оңға AD_2-ге жылжытады.

3) **Мемлекеттік шығындарға** мемлекеттік саясат әсер етеді. Мемлекеттік шығындардың өсуі AD-ны көбейтіп, қисықты оңға жылжытады, ал керісінше, олардың қысқаруы қисықтың солға жылжуына алып келеді.

4) **Таза экспортқа** валюта бағамдарының өзгеруі, сыртқы нарықтағы жағдайлар сияқты факторлар әсер етеді. Ұлттық ва-

люта бағамының өсуі импортты көбейтіп экспортты қысқартады, нәтижесінде жиынтық сұраныс қысқарып, AD қисығы солға жылжиды. Ал егер ұлттық валюта бағамы төмендейтін болса, онда AD қисығы оңға жылжиды.

Сондай-ақ, AD-ның бағалық емес факторларына ақшаның сандық теориясына сәйкес, **ақша ұсынысы** және **ақша айналымының жылдамдығы** деген факторлар да жатады.

Жиынтық ұсыныс (AS) – бұл экономикада бағалардың әртүрлі деңгейінде өндірушілердің нарыққа ұсына алатын (немесе өндірілуі тиіс) соңғы тауарлары мен қызметтерінің жалпы саны. AS-ті (ағылшын тілінен, *aggregate supply*) басқаша, нақты ЖІӨ деп те атайды.

Жиынтық ұсыныс (AS) қисығы – бұл ұсыныс көлемінің елдегі бағалардың орташа деңгейіне тәуелділігін көрсететін графикалық көрініс.

AS қисығының сипатына бағалық және бағалық емес факторлар әсер етеді. Біріншісі жиынтық ұсыныс көлемін өзгертеді (AS қисығының бойымен жылжу), ал екіншісі (технологиядағы, ресурстар бағаларындағы, қолданылатын ресурстар көлеміндегі, фирмаларға салық салудағы, нарықтар құрылымындағы өзгерістер және т.б.) AS қисығын оңға немесе солға өзгертеді.

AS қисығы статикалық және динамикалық тұрғыдан қарастырылады.

Алайда статикалыққа қарағанда AS-ң динамикалық қисығы ұлттық өндіріс көлемінің өзгерісіне инфляция қарқынын бағалау үшін қолданылады.

AS қисығы классикалық және кейнстік мектептер тұрғысынан әртүрлі түсіндіріледі. Мысалы, қандай да бір фактордың өзгеруінен жиынтық ұсыныс шамасының өзгерісі бірдей болмайды, себебі бұл жағдай уақыт факторына тәуелді, яғни жиынтық ұсыныстың уақыттың қай мерзімінде (қысқа және ұзақ мерзімдерде) қарастырылып отырғандығы маңызды болып табылады.

Классикалық үлгі экономиканы ұзақ мерзімде қарастырады.

Ұзақ мерзімді кезең – бұл экономикада толық жұмысбастылықтың орын алуын қолдай отырып, тауар бағаларының өзгерісіне ресурстар бағаларының бейімделе алуын сипаттайтын кезең.

Классикалық үлгі тұрғысынан ұзақ мерзімдік AS қисығы елдің өндірістік мүмкіндіктерін анықтайды және мынадай шарттарға негізделіп құрылады:

• өндіріс көлемі тек өндіріс факторларының санына және қолдағы бар технологияға байланысты анықталады, ал баға деңгейіне тәуелді емес;

• өндіріс факторларындағы және технологиялардағы өзгерістер өте баяу жүзеге асырылады;

• экономика өндіріс факторлары толық қамтылған жағдайда жұмыс істейді, және сәйкесінше, өндіріс көлемі өзінің потенциалды көлеміне тең болады;

• бағалар мен атаулы жалақы икемді, олардың өзгерістері нарықтардағы тепе-теңдікті ұстап тұрады.

Классикалық үлгіде AS қисығы тік сызық түрінде болады. Ол өндіріс көлемінің табиғи (потенциалды) деңгейін сипаттайды (3.3-сурет), яғни жұмыссыздық деңгейі өзінің табиғи деңгейінде болатын, ал өндіріс көлемі ресурстар толық қамтылатын жағдайда қарастырылады. Жиынтық сұраныстың өзгерістері бағалар деңгейін өзгертеді (3.4-сурет). Мысалы, ақша ұсынысының төмендеуі кезінде AD_1 қисығы солға (төмен) AD_2 жағдайына ығысады. Экономикалық тепе-теңдік E_1 нүктесінен E_2 нүктесіне ауысады, бірақ өндірілген өнім көлемі $AS_{\text{ұзақ мер.}}$ өзінің бұрынғы деңгейінде сақталып қалады.

Ұзақ мерзімде жиынтық ұсыныс қисығындағы өзгерістер өндіріс факторлары мен технологияларды өзгерту кезінде орын алуы мүмкін.



3.3-сурет. Ұзақ мерзімдегі жиынтық ұсыныс қисығы



3.4-сурет. Ұзақ мерзімдегі жиынтық сұраныс қисығының өзгеруі

Қысқа мерзімді кезеңде мұндай үлгі қолданылмайды.

Кейнстік үлгі экономиканы қысқа мерзімді кезеңде қарастырады және ол келесі алғышарттарға негізделеді:

- экономика өндіріс факторларының толық қамтылмаған жағдайында жұмыс істейді;
- тауар бағалары, атаулы жалақы және басқа да атаулы шамалар тұрақты, яғни икемсіз, оларға нақты өзгерістер өте баяу әсер етеді;
- нақты шамалар (өнім көлемі, нақты жалақы, жұмысбастылық) нарықтық өзгерістерге өте сезімтал болып келеді.

Кейнстік үлгіде AS қисығы көлденең сызық түрінде болады (3.5-сурет).

Жиынтық сұраныс тарапынан болатын өзгерістер өндіріс көлеміне әсер етеді, ал бағалар деңгейі өзгеріссіз қалады. Мысалы, ақша ұсынысының төмендеуі AD_1 қисығын AD_2 қисығына



3.5-сурет. Қысқа мерзімдегі жиынтық ұсыныс қисығы

қарай ығыстырады. Экономикалық тепе-теңдік E_1 нүктесінен E_2 нүктесіне, ал өндіріс көлемі Y_1 нүктесінен Y_2 нүктесіне ауысады (3.6-сурет).



3.6-сурет. Қысқа мерзімдегі жиынтық сұраныс қисығының өзгеруі

Сонымен, жиынтық ұсыныс қисығы үш кесіндіден тұрады (3.7-сурет).



3.7-сурет. Жиынтық ұсыныс қисығының кесінділері

Көлденең *кейнстік кесіндіде* өндіріс факторлары өндірістік үдеріске толық тартылмаған болып табылады, бағаның тұрақты деңгейінде жұмыссыздық орын алады. Көлденең кесінді төтенше кейнстік жағдай деп аталады.

Аралық кесіндіде бос факторлардың өндіріске біртіндеп тарты-

луы өнім көлемін арттырады. Өнім көлемі шығындардың өсуіне әкеледі де, баға көтеріле бастайды. Аралық кесінді қалыпты кейнстік жағдай деп аталады.

Тік *классикалық кесіндіде* экономика толық жұмыспен қамтылған жағдайда өндіріс көлемі ең жоғары деңгейде болады. Бос ресурстар болмағандықтан, өндіріс көлемін одан ары арттыру мүмкін емес. Сондықтан ресурстарға баға өседі де ол жалпы баға деңгейінің өсуіне алып келеді. Нәтижесінде жиынтық ұсыныс қисығы тік сызық түріне айналады.

Жиынтық ұсынысқа бағадан тыс факторлар да әсер етеді:

- шикізат бағаларының өзгерісі;
- салықтар мен дотациялар;
- технологиялық өзгерістер;
- ауа райы жағдайлары;
- басқа да факторлар.

Осындай факторлардың әсерінен AS қисығы оңға немесе солға жылжиды. Мысалы, технологиядағы оң өзгерістер AS қисығын оңға жылжытады, керісінше, өндірістің технологиялық жағынан артта қалуы AS қисығын солға жылжытады. Сонымен қатар, AS қисығы жұмыс күшіне, капитал мен жерге деген бағалардың өзгеруіне байланысты да оңға немесе солға жылжиды.

AD мен AS қисықтары қисықтары қиылысқан жағдайда экономикадағы өндірілген өнім көлемі берілген баға деңгейінде сатылады және сатып алынады, олай макроэкономикалық тепе-теңдік орнайды.

Қысқа және ұзақ мерзім кезеңдеріндегі макроэкономикалық тепе-теңдікті қарастыратын болсақ, мысалы, ақша ұсынысының ұлғаюы жағдайында жиынтық сұраныс AD_1-ден AD_2-ге артады. Қысқа мерзімдегі тепе-теңдік A нүктесінен B нүктесіне ауысады, ал баға деңгейі өзгермейді, өнім көлемі Y_1-ден Y_2-ге көбейеді (3.8-сурет).

Сұраныс өте жоғары болғандықтан, тауарлар ескі бағамен сатыла береді. Бірақ біртіндеп шығындар өсе бастайды, өйткені өндіріс ресурстары (жұмыс күші) аз. Ал ресурстарға сұраныс өскендіктен (мысалы, жалақы өседі) дайын өнімге де баға өседі. Сөйтіп жиынтық сұраныс көлемі қысқара бастайды, яғни



3.8-сурет. Қысқа мерзімді тепе-теңдіктен ұзақ мерзімді тепе-теңдікке өту

тепе-теңдік В нүктесінен С нүктесіне ауысады. Нәтижесінде экономика бұрынғы қалпына қайтып келеді, алайда бағаның жоғары деңгейі сақталып қалады (P_1). Ұзақ мерзімді кезеңдегі макроэкономикалық тепе-теңдік С нүктесінде орнайды.

Біз жоғарыда жиынтық сұраныс ұлғайған жағдайда экономикада қандай өзгерістер болатынын қарастырдық. Енді жиынтық сұраныс қысқарғанда экономикада қандай өзгерістер орын алатындығын қарастырамыз. Бұл жағдайда «тегеріш» («храповик») әсері пайда болады (3.9-сурет).



3.9-сурет. «Тегеріш» әсері

Бастапқы AD_0 жиынтық сұраныс қисығы жағдайында E_0 тепе-теңдік нүктесіне Y^* өндіріс көлемі мен P_0 баға деңгейі сәйкес келеді. Жиынтық сұраныс AD_0-ден AD_1-ге дейін төмендегенде E_0 тепе-теңдік нүктесі P_1 баға деңгейі мен Y_1 өнім көлеміне сәйкес келетін E_1 нүктесіне ауысқан болар еді, яғни өнім көлемі Y^*-дан Y_1-ге дейін, ал баға деңгейі P_0-ден P_1-ге дейін төмендеу керек еді. Бірақ нақты экономикада мұндай жағдай орын алмайды, өйткені баға деңгейі, ереже бойынша төмендемеуі мүмкін. Соның салдарынан тепе-теңдік жаңа E_2 нүктесінде қалыптасады да, баға бұрынғы P_0 деңгейінде өзгермей қалады, ал өндіріс көлемі Y_2-ге дейін одан сайын қысқарады. Жиынтық ұсыныс қисығы жоғары көтеріледі және ол $\mathbf{E_0E_2P_0}$ жағдайына (қою пунктирлі сызық) ығысады.

Баға деңгейі мен жиынтық ұсыныс қисығының бұлай өзгеруі өнім өндіруге кететін шығындардың бағасымен түсіндіріледі. Кәсіпкер шикізатты жеткізу, ғимаратты жалдау, жұмысшыларға жалақы төлеу туралы белгілі бір баға бойынша келісімге отырады және ол осы шығындарды жиынтық сұраныс қысқарғанда еркін түрде азайта алмайды, сұраныс қысқарса да қосымша зиян шекпес үшін өзінің өндірген өнімін бастапқы тағайындалған бағамен сатуға және өндіріс көлемін қысқартуға мәжбүр болады.

Сонымен, **«тегеріш» әсері** – бұл жиынтық сұраныстың бағалық емес факторлардың (ақша ұсынысының төмендеуі, мемлекеттік шығындардың қысқаруы, салықтардың көтерілуі) әсерінен қысқаруы салдарынан өнім көлемінің қысқаруы мен баға деңгейінің тұрақтылығын көрсететін механизм.

Экономикада қандай да бір фактордың әсерінен жиынтық сұраныс пен жиынтық ұсыныстың күрт өзгеруін **сілкіністер** (шок) деп атайды. Осы сілкіністер өндіріс көлемі мен жұмысбастылықты әлеуетті деңгейден ауытқытады. *Сұраныс сілкіністері* ақша ұсынысының немесе ақша айналымы жылдамдығының күрт өзгеруі, инвестициялық сұраныстың күрт өзгеруі және басқа да факторлардың салдарынан туындауы мүмкін. *Ұсыныс сілкіністері* ресурстарға бағалардың (бағалық сілкіністер, мысалы, мұнайға бағаның тым өсуімен байланысты шок) күрт өсуімен, табиғат апаттарына, кәсіподақтар белсенділігінің күшеюіне, заңдылықтағы өзгерістерге, және де қоршаған ортаны

қорғау бойынша шығындардың маңызды түрде артуына байланысты, сонымен қатар басқа да факторлардың салдарынан орын алуы мүмкін. Ұсыныс сілкіністерін осыған байланысты бағалық сілкіністер деп те атайды.

AD-AS моделінің көмегімен осындай сілкіністердің экономикаға әсерін бағалауға болады, сондай-ақ, осы сілкіністер арқылы туындаған ауытқуларды жұмсартуға, өндірістің тепе-теңдік көлемін қалпына келтіру мен жұмысбастылықты қалыпты деңгейіне жеткізуге бағытталған **мемлекеттің тұрақтандыру саясатын** қарастыруға болады.

Мысалы, ұсыныс тарапынан болған жағымсыз сілкініс (мұнайға бағаның күрт артып кетуі) бағаның жалпы деңгейінің өсуіне алып келеді. Қысқа мерзімдегі жиынтық ұсыныс қисығы $SRAS_1$-ден $SRAS_2$-ге қарай жоғары көтеріледі, ал өндіріс көлемі В нүктесіне сәйкес келіп Y_1-ге дейін қысқарады (3.10-сурет).



3.10-сурет. Жағымсыз сілкіністің экономикаға әсері

Егер үкімет пен Орталық банк араласпаса, онда экономика өздігінен жаңа жағдайға бейімделе бастайды. Әлеуетті деңгейінен төмен нақты өндіріс көлемі мен жұмысбастылықтың төменгі деңгейінде (В нүктесі) баға біртіндеп төмендей бастайды, өндіріс көлемі мен жұмысбастылық деңгейі бұрынғы қалпына оралады, яғни бұл AD_1 қисығының бойымен кері бағытта төмен жылжып В нүктесінен А нүктесіне қайта келу арқылы орын алуы мүмкін. Алайда экономиканың өздігінен жаңа жағдайға бейімделу

үрдісі өте ұзаққа созылады, сол себепті экономиканың ұзақ құлдыраушылығы мен жұмысбастылықтың қысқаруы әлеуметтік қақтығыстарды шиеленістіріп жіберуі мүмкін.

Сондықтан Орталық банк ақша ұсынысын арттыру арқылы дағдарыстың алдын ала алады (жиынтық сұраныс қисығының AD_1- ден AD_2-ге оңға жылжуы), бірақ сілкіністің салдарынан өскен бағаның жоғары деңгейі сақталып, тепе-теңдік нүктесі B нүктесінен C нүктесіне өтеді. Нәтижесінде өндірістің нақты көлемі мен жұмысбастылық ұлғайып, бұрынғы әлеуетті деңгейіне сәйкес келеді. Тура осындай нәтижеге үкіметтің мемлекеттік шығындарды арттыруы немесе салықтарды төмендетуі арқылы да қол жеткізуге болады.

Сонымен, мемлекеттің экономикалық тұрақтандыру саясаты мынадай белгілі дилеммаға тап болады: ұзақ мерзімдік құлдырау мен жұмыссыздықты болдыру немесе өндіріс көлемі мен жұмысбастылық деңгейін қалпынша ұстап тұрып бағалардың өсуіне жол беру.

Қорытынды

1. «AD-AS» үлгісі шығарылым көлемі мен баға деңгейінің ауытқуларын, олардың өзгеруінің себептері мен салдарларын жалпы түрде зерттеу үшін қажетті базалық модель болып табылады. Бұл модельдің көмегімен мемлекеттің экономикалық саясатының әртүрлі нұсқаларын қарастыруға болады.

2. Жиынтық сұраныс – макроэкономикалық субъектілердің белгілі бір уақыт кезеңінде (әдетте, 1 жыл ішінде) өндірілген соңғы тауарлар мен қызметтерге деген жиынтық шығындары. Ол белгілі бір уақытта сол макроэкономикалық субъектілер тарапынан өз сұраныстарын тапқан жиынтық шығарылым көлемінің экономикадағы бағаның жалпы деңгейімен өзара байланысын сипаттайды.

3. Жиынтық сұраныстың негізгі құрауыштары – үй шаруашылықтарының тұтыну сұраныстары, фирмалардың инвестициялық сұраныстары, мемлекеттік шығындар мен таза экспорт.

4. Жиынтық сұраныстың бағалық факторларына және оның қисығының теріс көлбеулігіне әсер факторлар Кейнс әсерімен, Пигу әсерімен және импорттық сатып алымдар әсерімен түсіндіріледі. Жиынтық сұраныстың бағалық емес факторларына оның құрауыштарындағы

кез келген өзгерістер, сонымен қатар ақша ұсынысы мен ақша айналымының жылдамдығы жатады.

5. Жиынтық ұсыныс классикалық ұзақ мерзімде және кейнстік қысқа мерзімде қарастырылады. Қысқа мерзімде жиынтық ұсыныстың өзгерісі бағалардың өзгермеуіне және өндіріс көлемінің өзгеруіне алып келеді. Ұзақ мерзімде жиынтық ұсыныстың өзгерісі бағалардың өзгеруіне және өндіріс көлемінің өзгермеуіне алып келеді.

6. Жиынтық сұраныстың бағалық емес факторлардың (ақша ұсынысының төмендеуі, мемлекеттік шығындардың қысқаруы, салықтардың көтерілуі) әсерінен қысқаруы салдарынан өнім көлемінің қысқаруы мен баға деңгейінің тұрақтылығын көрсететін механизмді «тегеріш» (храповик) әсері деп атайды.

7. Экономикада қандай да бір фактордың әсерінен жиынтық сұраныс пен жиынтық ұсыныстың күрт өзгеруін сілкіністер (шок) деп атайды. Сұраныс сілкіністері ақша ұсынысының немесе ақша айналымы жылдамдығының күрт өзгеруі, инвестициялық сұраныстың күрт өзгеруі және басқа да факторлардың салдарынан туындауы мүмкін. Ұсыныс сілкіністері ресурстарға бағалардың (бағалық сілкіністер, мысалы, мұнайға бағаның тым өсуімен байланысты шок) күрт өсуімен, табиғат апаттарына, кәсіподақтар белсенділігінің күшеюіне, заңдылықтағы өзгерістерге және қоршаған ортаны қорғау бойынша шығындардың маңызды түрде артуына байланысты, сонымен қатар басқа да факторлардың салдарынан орын алуы мүмкін.

8. Сілкіністер арқылы туындаған ауытқуларды жұмсартуға, өндірістің тепе-теңдік көлемін қалпына келтіруге мен жұмысбастылықты қалыпты деңгейіне жеткізуге бағытталған іс-шараларды мемлекеттің тұрақтандыру саясаты деп атайды.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары

1. Жиынтық сұраныс дегеніміз не және оның құрауыштары қандай?
2. Жиынтық сұраныстың бағалық және бағалық емес факторларына не жатады?
3. Баға деңгейінің тұтынуға, инвестицияға және таза экспортқа әсері қандай?
4. Жиынтық ұсыныстың классикалық және кейнстік үлгілерінің ерекшеліктері қандай?
5. Классикалық дихотомия (жұптастық) ұғымы нені білдіреді?
6. Әлеуетті жалпы ішкі өнім дегеніміз не?
7. Қысқа мерзімнен ұзақ мерзімдік макроэкономикалық тепе-теңдікке өту қалай сипатталады?

8. «Тегеріш» (храповик) әсерінің мәні неде?

9. Сұраныс және ұсыныс сілкіністері қалай орын алады?

10. Мемлекеттің экономиканы тұрақтандыру саясаты қалай жүргізіледі?

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

Негізгі:

1. *Мамыров Н. Қ., Тілеужанова М. Ә.* Макроэкономика: Оқулық. - Алматы: Экономика, 2003. Тарау 4.

2. Макроэкономика: учебник / Под общ. ред. *А. А. Абишева, К. А. Хубиева.* – Алматы: «Экономика», 2007. Раздел 1, глава 3.

3. *Вечканов Г. С., Вечканова Г. Р.* Макроэкономика. 2 - е изд. - Спб.: Питер, 2008. Глава 3.

4. *Агапова Т. А., Серегина С. Ф.* Макроэкономика: учебник / Под общ. ред. д.э.н., проф. *А. Ф. Сидоровича*; МГУ им. М. В. Ломоносова. – 8 - е изд., перераб. и доп. – М.: Издательство «Дело и Сервис», 2007. Глава 4.

5. Курс экономической теории: учебник – 5-е исправленное, дополненное и переработанное издание/ Под общ. ред. Чепурина М. Н. и *Киселевой Е. А.* – Киров: «АСА», 2006. (Раздел 3: Макроэкономика). Глава 18.

6. *Ивашковский С. Н.* Макроэкономика: Учебник. 2 – изд., испр., доп. – М.: Дело, 2002. Глава 1.

7. *Агапова Т. А., Серегина С. Ф.* Макроэкономика. Тесты: Уч. пос., 2-е изд. – М.:ДиС, 2005. Тема 3.

8. Микро-, макроэкономика. Практикум. Под общей ред. *Ю. А. Огибина* – СПб,1994г. Тема 17.

9. ҚР Статистика Агенттігінің мәліметтері. www.stat.kz

Қосымша:

1. *Доғалов А. Н., Досмағанбетов Н. С.* «Макроэкономика» пәнінен курстық жұмысты орындау бойынша әдістемелік нұсқау (экономикалық мамандықтар үшін) – Астана: Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2011. – 20б.

2. *Сейткасимов Г. С.* Макроэкономические проблемы современной экономики Казахстана: Монография. – Астана: Изд. КазУЭФМТ, 2010. – 350 с.

3. *Курганбаева Г. А.* Экономика Казахстана в XXI веке: монография.

– Алматы: Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте РК, 2009. – 144 с.

4. *Тоқсанбай С. Р.* Үлкен экономикалық орысша-қазақша сөздік/ Большой экономический русско-казахский словарь. – Алматы, 2010. 1010 б.

5. *Тарасевич Л. С., Гальперин В. М., Гребенников П. И., Леусский А. И.* Макроэкономика: Учебник / под ред. Тарасевича Л.С. 5-е изд.- М.: ЮРАИТ, 2004. – 656с.

6. *Мэнкью Н. Г.* Принципы макроэкономики. Учебник для вузов / Пер. с англ. – 2-е изд. – Спб.: Питер, 2006. – 576 с.

7. *Абакумова О. Г.* Макроэкономика. Конспект лекций: Пособие для подготовки к экзаменам. – М.: ПРИОР – Издат, 2005. – 224 с.

8. *Базылев Н. И.* и др. Макроэкономика. Учебное пособие. – М.: ИНФРА – М, 2003. – 190 с.

9. Введение в макроэкономику: Учебное пособие./ Под ред. *М. Е. Дорошенко* - М.: ЮНИТИ, 2000. – 175 с.

10. *Долан Э., Линдсей Д. Э.* Макроэкономика/Под общ. ред. Б. Лисовика. Спб: 1996.

11. *Шишов А. Л.* Макроэкономика. – М.: Ассоциация авторов и издателей «Тандем», Издательство ЭКМОС, 1997 г. – 320 с.

12. *Бункина М. К., Семенов В. А.* Макроэкономика (Осн. эк. политики): Учебник. – Изд-во «ДИС», 1997.-320 с.

13. *Кейнс Д. М.* Общая теория занятости, процента и денег.

14. ҚР-ның Президенті *Н. Ә. Назарбаевтың* халыққа Жолдауы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты», 2012 ж. 28 қаңтар.

15. ҚР-ның Президенті *Н. Ә. Назарбаевтың* халыққа Жолдауы «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз», 2010 ж. 30 қаңтар.

16. ҚР-ның Президенті *Н. Ә. Назарбаевтың* халыққа Жолдауы «Жаңа онжылдық – Жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері», 2010 ж. 30 қаңтар.

17. ҚР-ның Президенті *Н. Ә. Назарбаевтың* халыққа Жолдауы «Қазақстанның бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы». 2006 ж. 2 наурыз.

Практика сабағының жоспары:

Практика сабағын «дөңгелек үстел» түрінде өткізу жоспарланған, тақырыптың негізгі теориялық сұрақтарын пікірталас, ауызша жауап беру, дискуссия, сұрақ-жауап және т.б. ұйымдастыру әдістері арқылы жүргізілуі тиіс.

Мақсаты: жиынтық сұранысқа және оның құрауыштарына сипаттама беру, жиынтық ұсыныстың теорияларына тоқталу, сілкіністердің табиғатын зерттеу, сонымен қатар, мемлекеттің тұрақтандыру саясатының мәселелерін талқылау. Осы мақсатқа жету үшін семинар сабағында тақырып бойынша мынадай сұрақтардың мәнін ашу керек:

СОӨЖ және СӨЖ тапсырмалары:

Мақсаты: «AD-AS» үлгісінің толық мәнін толық меңгеру үшін ұсынылатын әдебиет көздерін игеру, сондай-ақ, төмендегідей және басқа да тапсырмаларды орындау.

1. Тақырып бойынша экономикалық сөздік (глоссарий) жасау.

2. Тақырып бойынша логикалық схемалар құрастыру.

3. Реферат, эссе, баяндама тақырыптары:

- Қазақстанда соңғы жылдары жиынтық сұраныстың өзгеру динамикасына және оның құрауыштарына талдау жасау;
- «Тегеріш» әсерінің тәжірибелік маңызы.

4. Өзіндік жазба жұмыстар (конспект):

- Сұраныс және ұсыныс сілкіністері, олардың пайда болу себептері. Тұрақтандыру саясаты.

5. Жаттығулар, есептер және т.б. тапсырмалар:

1. Кестеде жиынтық ұсынысты сипаттайтын мәліметтер берілген:

Баға деңгейі	250	225	200	175	150	125	125	125
Өндірілген нақты ЖҰӨ	2000	2000	1900	1700	1400	1000	500	0

а) Жиынтық ұсыныстың кейнстік кесіндісіне сәйкес баға деңгейі мен нақты ЖҰӨ көлемі қандай деңгейде өзгереді?

ә) Жиынтық ұсыныстың классикалық кесіндісіне сәйкес баға деңгейі мен нақты ЖҰӨ көлемі қандай деңгейде өзгереді?

б) Жиынтық ұсыныстың аралық кесіндісіне сәйкес баға деңгейі мен нақты ЖҰӨ көлемі қандай деңгейде өзгереді?

в) Жиынтық ұсыныстың графигін салыңыз.

2. Кестеде экономикадағы жиынтық сұраныс пен жиынтық ұсыныстың параметрлері берілген:

Сұранысы бар ұлттық өнімнің нақты көлемі (млрд. тг.)	Баға деңгейі (бағалар индексі)	Сатуға ұсынылған ұлттық өнімнің нақты көлемі (млрд. тг.)
100	300	400
200	250	400
300	200	300
400	150	200
400	150	100

Кестенің мәліметтері негізінде «AD-AS» үлгісін құрыңыз және мынадай сұрақтарға жауап беріңіз:

а) бағаның қандай деңгейінде тепе-теңдік орнайды?

б) өндірудің немесе тұтынудың қандай өзгерістері бағаның 150 және 250 деңгейінде тепе-теңдікке алып келеді? Графиктік сипаттама беріңіз.

3. Берілгендер:

C = 10-5P; I = 20; G = 15; AS = 5+P.

Табу керек:

а) экономикадағы бағаның тепе-теңдік деңгейін және өндірістің тепе-теңдік деңгейін;

ә) егер мемлекеттік шығындар 25-ке дейін өссе, онда мұндай жағдайда өндіріс көлемі мен баға деңгейі қалай өзгереді?

б) егер жиынтық ұсыныс AS = 10 тең болса, онда сіздің жауабы-ңыз а) және ә) пункттеріне қалай өзгереді?

4. Кестеде жиынтық ұсынысты және жиынтық сұраныс функциясының үш нұсқасын сипаттайтын мәліметтер берілген. Жиынтық сұраныс пен ұсыныстың қисықтарын салыңыз. Әрбір үш нұсқа үшін ЖҰӨ-нің тепе-теңдік көлемін және бағаның тепе-теңдік деңгейін анықтаңыз.

Бағалар деңгейі	Нақты сипаттағы өндірілген ЖҰӨ	ЖҰӨ-нің нақты көлемі (шығындар әдісімен есептелген)		
		(1)	(2)	(3)
250	2000	1400	1900	400
225	2000	1500	2000	500
200	1900	1600	2100	600
175	1700	1700	2200	700
150	1400	1800	2300	800
125	1000	1900	2400	900
125	500	-	-	-
125	0	-	-	-
100	-	2000	2500	1000

6. Тест сұрақтарына жауап беру керек:

1. Жиынтық ұсыныс сілкінісінің әсері қалай байқалады?

а) жиынтық ұсыныс қисығының солға жылжуынан (жоғарыға)

ә) жиынтық ұсыныс қисығының оңға жылжуынан (төменге)

б) қисық бойымен солға жылжуынан (төменге)

в) жиынтық ұсыныс қисығы көлбеуінің өзгеруінен

2. Мұнайға деген бағаның өсуі ұсыныстың сілкінісі ретінде қарастырылуы мүмкін, бірақ ол:

а) мұнай ұсынысының өсуіне алып келеді

ә) жалақы шығындарын арттырады

б) мұнайды тұтынушылардың тәуелсіздігін шектейді

в) материалдық шығындарды арттырады

3. «Тегеріш» әсері нені көрсетеді?

а) жиынтық сұраныс қысқарған жағдайдағы бағалар деңгейінің артуын

ә) жиынтық сұраныс қысқарған жағдайдағы бағалар деңгейінің тұрақтылығын

б) жиынтық сұраныс қысқарған жағдайдағы бағалар деңгейінің төмендеуін

в) жиынтық сұраныс артқан жағдайдағы бағалар деңгейінің төмендеуін

4. Классикалық бағытты жақтаушылардың ең негізгі қағидасы:

а) экономикадағы мемлекеттік сектордың басым болуы

ә) ең төменгі жалақы туралы заң енгізу

б) жиынтық сұранысты ынталандыру үшін мемлекеттік шығындарды өсіру

в) экономикаға мемлекеттің араласпау саясаты

5. Жиынтық сұраныстың бағалық емес факторлары:

а) ұлттық өнімге деген сұраныс көлемінің өзгерісін тудырады

ә) ұлттық өнімге деген жиынтық сұраныстың өзгерісін тудырады

б) ұлттық өнімге деген жиынтық сұраныс көлемінің өзгерісін тудырады

в) ұлттық өнімге деген жиынтық ұсыныстың өзгерісін тудырады

6. AS қисығының Кейнсиандық кесіндісіне сәйкес AD-ң өсуі кезінде бағалар мен ЖІӨ көлемі қалай өзгереді?

а) бағалар тұрақты, ал өндіріс көлемі ұлғаяды

ә) бағалар өседі, ал өндіріс көлемі өзгеріссіз қалады

б) бағалар өседі, ал өндіріс көлемі ұлғаяды

в) бағалар өседі, ал өндіріс көлемі төмендейді

7. Жиынтық сұраныс қисығының өзгерісі нені көрсете алмайды:

а) бір уақыттағы баға деңгейі мен нақты ЖҰӨ деңгейінің өсуін

ә) бір уақыттағы баға деңгейінің өсуі мен нақты ЖҰӨ деңгейінің төмендеуін

б) тек қана нақты ЖҰӨ деңгейінің өсуін

в) тек қана баға деңгейінің өсуін

8. Жиынтық ұсыныстың «сілкінісі» (шок) – бұл:

а) өндіріс көлемінің күрт төмендеуі

ә) шығарылым көлемінің төмендеуі

б) бағалардың өсуі

в) факторларға деген бағалардың шапшаң өсуі

9. Қандай фактор AS қисығын оңға қарай жылжытады?

а) ресурстарға деген бағаның өсуі

ә) фирма пайдасына салынатын салық мөлшерлемелерінің өсуі

б) ресурстарға деген бағаның төмендеуі

в) еңбек өнімділігінің төмендеуі

10. AS қисығының Классикалық кесіндісіне сәйкес AD-ң өсуі кезінде бағалар мен ЖІӨ көлемі қалай өзгереді?

а) бағалар тұрақты, ал өндіріс көлемі ұлғаяды

ә) бағалар өседі, ал өндіріс көлемі өзгеріссіз қалады

б) бағалар өседі, ал өндіріс көлемі ұлғаяды

в) бағалар өседі, ал өндіріс көлемі төмендейді

11. «AD-AS» үлгісінде экономикалық өсу қалай бейнеленуі мүмкін:

а) AD мен AS қисықтарының бір мезгілде оңға жылжуы арқылы

ә) AD қисығының оңға жылжуы арқылы

б) AS қисығының солға жылжуы арқылы

в) AS қисығының оңға жылжуы арқылы

12. Қай кезде жиынтық сұраныстың артуында өндірістің тепе-теңдік көлемінің өсуі орындалады?

а) AS қисығының кейнсиандық кесіндісінде

ә) AS қисығының аралық кесіндісінде

б) AS қисығының классикалық кесіндісінде

в) AS қисығының аралық және классикалық кесінділерінде

13. AS қисығының аралық кесіндісіне сәйкес AD-ң өсуі кезінде бағалар мен ЖІӨ көлемі қалай өзгереді?

а) бағалар тұрақты, ал өндіріс көлемі ұлғаяды

ә) бағалар өседі, ал өндіріс көлемі өзгеріссіз қалады

б) бағалар өседі, ал өндіріс көлемі ұлғаяды

в) бағалар өседі, ал өндіріс көлемі төмендейді

14. Жиынтық ұсыныс қисығының кейнсиандық кесіндісіне сәйкес жиынтық сұраныстың өсуі:

а) бағаның өсуіне алып келеді, бірақ нақты көріністегі ЖҰӨ динамикасына әсер етпейді

ә) бағаның төмендеуі мен нақты көріністегі ЖҰӨ көлемінің өсуіне алып келеді

б) нақты көріністегі ЖҰӨ көлемінің ұлғаюына алып келеді, бірақ баға деңгейіне әсер етпейді

в) баға деңгейі мен нақты көріністегі ЖҰӨ көлемінің ұлғаюына алып келеді

15. Қандай фактор AS қисығын солға қарай жылжытады?

а) еңбек өнімділігінің өсуі

ә) ресурстарға деген бағаның өсуі

б) ресурстарға деген бағаның төмендеуі

в) фирма пайдасына салынатын салық мөлшерлемелерінің төмендеуі

16. Жиынтық сұраныс – бұл:

а) барлық үй шаруашылықтарының сұраныстары

ә) жоспарланған шығындар сомасы

б) үй шаруашылықтарының және мемлекеттің жалпы сұраныстары

в) мемлекеттің жалпы сұраныстары

17. Қысқа мерзімдегі жиынтық ұсыныс қисығы:

а) оң көлбеулі сызық

ә) көлденең сызық

б) теріс көлбеулі сызық

в) тік сызық

18. Салықтар өскен кезде:

а) жиынтық сұраныс қысқарады

ә) жиынтық ұсыныс төмендейді

б) жиынтық сұраныс та, жиынтық ұсыныс та төмендейді

в) жиынтық сұраныс та, жиынтық ұсыныс та артады

19. Жиынтық ұсыныс – бұл:

а) сатуға арналған барлық соңғы тауарлар мен қызметтердің құны

ә) жиынтық қоғамдық өнімнің құны

б) жиынтық ішкі өнімнің құны

в) таза ұлттық ұлттық өнімнің құны

20. Бағаның жалпы деңгейі мен жиынтық ұсыныстың көлемі арасында:

а) тікелей байланыс бар

ә) кері байланыс бар

б) ешқандай байланыс жоқ

в) «а» және «ә» жауаптары дұрыс

21. «Тегеріш» әсері нені көрсетеді?

а) жиынтық сұраныс қысқарған жағдайдағы бағалар деңгейінің артуын

ә) жиынтық сұраныс қысқарған жағдайдағы бағалар деңгейінің тұрақтылығын

б) жиынтық сұраныс қысқарған жағдайдағы бағалар деңгейінің төмендеуін

в) жиынтық сұраныс артқан жағдайдағы бағалар деңгейінің төмендеуін

22. Жиынтық ұсыныс қисығының аралық кесіндісінде:

а) баға өзгереді

ә) өндіріс көлемі өзгереді

б) баға мен өндіріс көлемі өзгереді

в) баға да, өндіріс көлемі де өзгермейді

23. Жиынтық сұраныс қисығы қай уақытта оңға жылжиды:

а) инфляция деңгейі өскен кезде

ә) ақша ұсынысы артқанда

б) табыс салығы мөлшерлемесінің өсуі кезінде

в) ағымдағы инфляцияның өсуі кезінде

24. Баға деңгейі мен табысқа қатаң бақылау жасау – бұл:

а) сұраныс инфляциясы

ә) ашық инфляция

б) жабық инфляция

в) шығындар инфляциясы

25. Жалпы экономикалық тепе-теңдіктің классикалық үлгісін құрудың алғышарттары:

а) өндіріс факторларының жетілген бәсекелі нарығы

ә) бағалардың икемділігі

б) субъектілердің ұтымды тәртіптері

в) аталғандардың барлығы дұрыс

26. Жиынтық ұсыныс қисығы оң көлбеулі, ал барлық тең жағдайларда ақша ұсынысының өсуі:

а) баға деңгейінің сақталуына және нақты өндіріс көлемінің өсуіне алып келеді

ә) нақты өндіріс көлемін сақтауға және бағалардың өсуіне алып келеді

б) баға деңгейінің өсуіне және нақты өндіріс көлемінің өсуіне алып келеді

в) баға деңгейінің өсуіне және өндіріс көлемінің қысқаруына алып келеді

27. Сұраныс инфляциясы ненің әсерінен пайда болуы мүмкін:

а) шикізатқа деген бағаның өсуінен

ә) мемлекеттік шығындардың өсуінен

б) Орталық банктің заимдары көмегімен мемлекеттік бюджет тапшылығын жою нәтижесінде

в) энергияға деген бағаның күрт артуынан

4-тақырып.
ИГІЛІКТЕР НАРЫҒЫ. КЕЙНСШІЛДІК МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ТЕОРИЯНЫҢ НЕГІЗІ

Мақсаты: макроэкономикалық тепе-теңдікке жетудегі классикалық және кейнстік бағыттарды талдау, кейнстік төңкерістің мәнін ашып оның теориясына кеңінен тоқталу, «Кейнс кресі» үлгісін қарастыру, Кейнс кресі мен AD-AS үлгілерінің өзара байланысын түсіндіру, мультипликатор теориясын толық сипаттау. Осы мақсаттарға жету үшін төмендегі сұрақтарды алға тартамыз.

Дәріс жоспары:

1. Классикалық үлгідегі макроэкономикалық тепе-теңдік.
2. Кейнстік төңкеріс. Кейнсшілдік макроэкономикалық тепе-теңдік.
3. Тұтыну мен жинақтау функциясы. Инвестициялар және олардың түрлері.
4. Нақты және жоспарланған шығындар. «Кейнс кресі» үлгісі.
5. Автономды шығындар мультипликаторы. Рецессиялық және инфляциялық үзілістер. Үнемділік оғаштылығы.

Негізгі түсініктер: Сэй заңдары; классикалық дихотомия; Кейнстің психологиялық заңы; «тиімді сұраныс»; тұтыну функциясы; тұтынуға деген орташа бейімділік (APC); тұтынуға деген шекті бейімділік (MPC); тұтыну функциясының қозғалыстары; жоспарланған шығындар; автономды шығындар; жинақтау функциясы; жинақтауға деген орташа бейімділік (APS); жинақтауға деген шекті бейімділік (MPS); автономды көрсеткіштер; мультипликатор әсері; автономды шығындар мультипликаторы; индуцирлі көрсеткіштер; таза экспорт функциясы; толық мультипликатор; импорттауға деген шекті бейімділік; Кейнс кресі; рецессиялық үзілістер; инфляциялық үзілістер; инвестиция функциясы; инвестициялауға деген шекті бейімділік; үнемділік оғаштығы (парадокс); т.б.

Тақырыптың мазмұны.

Қазіргі макроэкономикалық ғылымда жиынтық сұраныс пен жиынтық ұсыныстың арасындағы тепе-теңдікті сипаттайтын екі теориялық бағыт бар. Біріншісін XIX ғасырдың бірінші жартысында классикалық саяси экономияның өкілдері қалыптастырды және XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бірінші жартысы аралығында сол классиктердің ізбасарлары – неоклассик-экономистер дамытты. Ал екінші бағытты Дж. Кейнс және оның ізбасарлары 1936 жылдың басында алға тартты.

Классикалық мектептің макроэкономикалық моделі ең алдымен француз экономисі Ж. Б. Сэйдің атымен байланысты Сэй заңының тұжырымдамасына негізделеді. Бұл заң «тауар ұсынысы өзінің сұранысын тудырады, өндірілген өнімдер автоматты түрде табысты қамтамасыз етіп отырады» деген қағидаларға сүйенеді. Сэйдің ойынша, экономика тек өндірушілерден тұрады, Т-Т формуласы бойынша бір тауарды екіншісімен айырбастау бартерлік келісімдер принципімен жүріп отырады. Мысалы, тігіншінің тіккен костюмі сату құралы ретінде ұсынылады немесе басқалары өндірген етік пен нанға сол костюм сұраныс құралы ретінде қолданылады. Тігінші тарапынан костюмді ұсыну оның басқа тауарлар мен қызметтерге (етік немесе нан) сұранысы болып табылады. Сұраныс ұсынысқа тең болу қажет. Ал макроэкономика шеңберінде дәл осындай үрдіс орын алады: ұлттық өнімді өндіруден алынған табыс осы өнімге жиынтық сұранысты қалыптастыру үшін жеткілікті болып табылады, яғни ұлттық экономика масштабында ұлттық табысты өндіруден алынған барлық жиынтық табыстар бірден шығындарға айналуы қажет немесе өндірушілер өздерінің тапқан табыстарын сол уақытта толығымен басқа бір игіліктерді сатып алуға жұмсауы керек, яғни сатылмай қалған тауар немесе жұмсалмай қалған табыс болмауы тиіс. Мұндай жағдайда, нарықтық механизм ресурстарды толық пайдалану кезінде экономикалық тепе-теңдікті шын мәнінде автоматты түрде қамтамасыз ете алады.

Классикалық мектептің макроэкономикалық талдаулары жалақы, баға, пайыз мөлшерлемесі сияқты айнымалыларға сүйенеді. Мұндай икемді айнымалылар игіліктер нарығында, ақша

және еңбек нарықтарында экономикалық тепе-теңдікті автоматты түрде қалыптастырып отырады.

Сонымен, классиктер экономика мемлекеттің араласуынсызақ өздігінен реттеліп, экономикалық тепе-теңдік қалыпты түрде қамтамасыз етіліп отырады деген қағидаларды алға тартады.

Алайда, осындай постулаттарға сүйенген классикалық теория XX ғасырдың 30-жылдары орын алған әлемдік «Ұлы депрессия» құбылысына түсініктеме беруге қабілетті болмады және одан шығудың жолдарын қарастыра алмады.

1936 жылы ағылшын экономисі Дж. Кейнс «Жұмыспен қамтудың, ақшаның және пайыздың жалпы теориясы» деген әйгілі еңбегінде өзінің жаңа макроэкономикалық идеяларын ұсынды. Ол Сэй заңына келіспеушілік білдіріп былай деді: кейбір уақытта адамдар өздерінің тапқан табыстарының барлығын нарықтағы тауарлар мен қызметтерге толық жұмсамауы мүмкін, олай болса, дүкен сүрелерінде, қоймаларда сатылмай қалған тауар қорлары пайда болады. Соған байланысты өндірушілер өндірісті қысқартуға мәжбүр болады, нәтижесінде экономика құлдырай бастайды.

Кейнс нарықтық экономикада толық жұмысбастылық жағдайында өнім өндіруге кепілдік беретін механизмнің болмайтындығы туралы нақты қорытындыға келеді. Экономикалық тепе-теңдік жұмыспен толық қамтылмаған жағдайда және экономикада дағдарыс байқалған кезде де орын алуы мүмкін.

Сонымен қатар, Кейнс классиктердің өндірісті және жұмысбастылықты автоматты реттейтін икемді бағалар идеясын да қатты сынға алды. Ол жиынтық сұраныс қысқарғанда тауарға бағаның төмендейтінін жоққа шығармады. Бірақ бұл жағдай өнім көлемін әлеуетті деңгейге әкеледі дегенмен келіспеді. Нарықтық экономика тек жетілген бәсекеге негізделе бермейді. Еңбек нарығындағы кәсіподақтардың монополистік үстемдік жүргізуі кәсіпкерлерге тепе-теңдік орнатуға қажетті деңгейге дейін жалақыны төмендетуге мүмкіндік бермейді. Олигополистер де басқа да ресурстардың (көмір, мұнай, болат және т.б.) иелері ретінде бағаның төмендеу жағына деген икемділгін қаламайды.

Кейнс өзінің пайымдауларында Сэй заңындағы жиынтық сұраныс пен жиынтық ұсыныс арасындағы себеп-салдарлық

байланыстың бағытын өзгертті, нақтырақ айтқанда: «жиынтық сұраныс жиынтық ұсынысты тудырады». Оның мағынасы: «сұранысы бар тауарларды өндіру қажет». Сондықтан, Кейнс теориясы **«тиімді сұраныс теориясы»** деп аталады.

Классикалық теория екі негізгі алғышартқа сүйенеді. Біріншіден, жиынтық шығындар деңгейі $Y = C + I + G + X_n$ толық жұмыспен қамту кезінде өндірілген өнімдерді сатып алуға жетпейтіндей жағдай орын алмайды деп болжайды, яғни жиынтық сұраныс пен жиынтық ұсыныстың бір-біріне тең болмау ($AD \neq AS$) жағдайының орын алуы мүмкін емес. Екіншіден, егер мұндай жағдай орын ала қалса, онда бағалар, жалақы көрсеткіштері және пайыздық қойылым дереу өзгереді, жиынтық сұраныстың төмендеуімен қатар өндірістің құлдырауы жылдам өтеді, әрі аса маңызды болмайды, яғни жағдай икемді көрсеткіштер арқылы тез арада қалпына келе бастайды. Ал ақша нарығы инвестициялар мен жинақтардың теңдігіне және ресурстардың толық қамтылуына әрқашанда кепілдеме беріп отырады. Тек табиғи деңгейімен бара-бар «еркін» жұмыссыздық орын алуы мүмкін, бірақ ол да икемді жалақылар арқылы жылдам реттеліп отырады. Бұл жиынтық сұраныс AD пен жиынтық ұсыныстың AS тепе-теңдік нүктесінде өндірістің нақты көлемі Y_0 әрқашанда потенциалды деңгейіне Y^* тең дегенді білдіреді.

Кейнстік теория мұндай өзін-өзі реттеу механизмінің орын алуын жоққа шығаратындығы жөнінде жоғарыда айтқанбыз. Ұлы депрессия кезеңінде алынған эмпирикалық мәліметтер негізінде Кейнс реттелмейтін экономикада толық жұмысбастылықтың орын алмайтындығын, тіпті болса да оның тек кездейсоқ жағдайларда ғана орын алатындығын дәлелдей алды. Жиынтық сұраныс пен жиынтық ұсыныстың теңесуі (4.1-сурет) әдетте, ресурстардың толық қамтылуы деңгейімен сәйкес келмейді: А нүктесінде $AD=AS$ теңдігі орындалады, бірақ өндірістің нақты көлемі әлеуетті деңгейінен кіші болып табылады $Y_0 < Y^*$.

Кейнс өзінің зерттеулерінде психологиялық факторларға (бейімділік, қалаушылық, күтушілік, ұмтылыс) көп мән бере отырып, мұндай сәйкес келмеушіліктің себептерін әртүрлі экономикалық агенттердің әртүрлі мотивтер мен әсер ететін алуан түрлі факторларға байланысты жүзеге асыратын өздерінің инвестиция-



4.1-сурет. Өндірістің нақты көлемінің әлеуетті деңгейімен сәйкес келмеуі

лар және жинақтау бойынша жоспарларының сәйкес келмеуімен түсіндіреді.

Үй шаруашылықтарының жинақтау себептері:

1) қымбат тұратын заттарды сатып алу;

2) кәрілікті қамтамасыз ету;

3) күтпеген жағдайлардан (ауру-сырқаттан, кездейсоқ жағдайлардан және басқа да оқыс оқиғалардан) өздерін сақтандыру;

4) балаларын болашақта қамтамасыз ету.

Фирмалардың инвестициялау себептері:

1) таза пайда мөлшерін максималдау;

2) нақты пайыздық қойылым, яғни инвестициялау үшін салынатын ақшалай капиталдың төлемі инвестиция жоспарларын құру кезінде есепке алынады.

Классикалық теорияға сәйкес, инвестициялар мен жинақтардың қарқынын анықтайтын негізгі фактор болып **пайыздық қойылым** табылады: егер бұл көрсеткіш өссе, онда үй шаруашылықтары салыстырмалы түрде көбірек жинақтай бастайды және тұтынуға жұмсайтын табысының әрбір қосымша бірлігін төмендете береді. Үй шаруашылықтарының жинақтауды арттыруы уақыт өте келе несие бағасының төмендетеді, ал бұл өз кезегінде инвестициялардың өсуіне жол береді, яғни фирмалар төменгі пайызбен инвестицияларды көбірек жүзеге асыра бастайды.

Кейнстік теорияға сәйкес, тұтыну мен жинақтаудың қарқынын анықтайтын негізгі фактор ретінде пайыздық қойылым емес,

үй шаруашылықтарының қолда бар табыстары қарастырылады. Бұл жерде барлық тұтынушылық шығындарды жүзеге асырып болғаннан кейін қалған табыстың бөлігі жинақталады. Пайыздық қойылым екінші орынға ығысады, оның рөлі тұтыну мен жинаққа қолда бар табыстың әсер етуімен салыстырғанда аса маңызды емес. Дегенмен, сол уақытта инвестицияның қарқыны ең алдымен, пайыздың деңгейімен анықталады, соған байланысты тұтыну, жинақтау және инвестиция функцияларында көрініс табады.

Макроэкономикалық талдауда тұтынушының мінез-құлқы мен тәртібі экономикалық субъектінің өз табысын бөлудегі шешіміне байланысты орын алады: табысының қай бөлігін бүгін жұмсауы қажет, ал қанша сомасын болашаққа сақтап қоюы керек.

Макроэкономикада тұтынуға байланысты әртүрлі теориялар қалыптасқан. Соның негізгілерінің бірі ретінде Кейнстің тұтыну теориясына біз кеңірек тоқталамыз. Бұл тұжырымдама бойынша тұтынудың көлемі мен құрылымын қолда бар табыс көрсеткіші анықтайтындығын айттық. Мұнда қолда бар табыс **DI** (disposable incom) немесе $\mathbf{Y_d = Y - T}$, яғни жеке табыс минус жеке табыс салықтары.

Кейнстің қарапайым тұтыну функциясы:

$$\mathbf{C = C\ (Y - T),}$$

мұнда, C – тұтыну шығындары, Y – табыс, T – салықтар.

Жоғарыда атап өткендей, Кейнстік теорияның классикалық мектеп өкілдерінен айырмашылығы, оның ойынша адамдар өз табыстарын тұтыну мен жинаққа бөлгенде пайыздық қойылымға емес, психологиялық факторларды басшылыққа алады. Кейнс өзінің тұтыну теориясына сәйкес, адамдардың мінез-құлқын сипаттайтын негізгі психологиялық заңды ашты.

Кейнстің негізгі психологиялық заңы: «табыс өскен сайын тұтынушылар тұтынуды арттырады, бірақ тұтынудың артуы табыстың өсуіне қарағанда кем артады, яғни тұтынудың өсуі табыстың өсу көлеміндей болмайды». Адамдардың табысы артқан сайын тұтынуға деген бейімділік төмендей береді және керісінше жинақтауға деген бейімділік арта түседі. Тұтыну мен жинақтау функцияларының графигі 4.2-суретте көрсетілген.

Психологиялық фактор тұтыну мен жинақтауға бейімділіктің түрлерін анықтайды.

Тұтынуға деген шекті бейімділік (MPC – marginal propencity to consume) – қолда бар табыстың кез келген өзгерісінде тауарлар мен қызметтерге жұмсалатын шығындар өсімінің пайыздық үлесі.

$$\mathbf{MPC = \Delta C / \Delta Y_d},$$

мұнда, MPC – тұтынуға деген шекті бейімділік; ΔC – тұтыну шығындарының өсімі; ΔY_d – қолда бар табыстың өсімі.

Тұтынуға деген орташа бейімділік (APC – average propencity to consume) – үй шаруашылықтарының тауарлар мен қызметтерді сатып алуға жұмсайтын қолда бар табыстарының бөлігі.

$$\mathbf{APC = C / Y_d},$$

мұнда, APC – тұтынуға деген орташа бейімділік; C – тұтыну шығындарының мөлшері; Y_d – қолда бар табыстың мөлшері.

Жинақтауға деген шекті бейімділік (MPS – marginal propencity to save) – қолда бар табыстың кез келген өзгерісінде жинақ өсімінің пайыздық үлесі.

$$\mathbf{MPS = \Delta S / \Delta Y_d},$$

мұнда, MPS – жинақтауға деген шекті бейімділік; ΔS – жинақтың өсімі; ΔY_d – қолда бар табыстың өсімі.

Жинақтауға деген орташа бейімділік (APS – average propencity to save) – үй шаруашылықтарының жинақтауға қалдыратын қолда бар табыстарының бөлігі.

$$\mathbf{APS = S / Y_d},$$

мұнда, APS – жинақтауға деген орташа бейімділік; S – жинақ мөлшері; Y_d – қолда бар табыстың мөлшері.

Тұтынуға шекті бейімділік пен жинақтауға шекті бейімділік қолда бар табыстың қосымша бірлігінің қаншасы тұтынуға жұмсалатынын және қаншасы жинақтауға кететінін көрсетеді. Сондықтан олардың қосындысы әрқашанда 1-ге тең болады:

$$\mathbf{MPC + MPS = 1}$$

Тұтыну мен жинақтау функциялары оң көлбеулі болып табылады. Егер қолда бар табыс пен тұтыну шығындары тең болса,

онда тұтынудың қисығы координат басынан 45° градуста болады. Алайда, шын мәнінде табыстың бір бөлігінің жинақтауға кететіндігі белгілі, сол себепті тұтынудың нақты қисығы одан төмен орналасады.

Тұтыну мен жинақтау бір табыстың екі бөлігін құрайтындықтан жинақтау қисығы тұтыну қисығының «айнадағы көрінісі» ретінде қарастыруға болады. Тіпті бұл жерде атақты экономист Пол Самуэльсонның аналогиясын келтірген өте орынды, яғни ол тұтыну мен жинақты *«сиам егіздері»* деп атаған. Қолдағы табыс Y_0-ден төмен болғанда (Е нүктесінің сол жағы) тұтыну шығындары қолдағы табыстан артады. Төменгі графикте бұл жағдай «теріс жинақтауға» сәйкес келеді, бұл жағдай «адамдар қарызға өмір сүріп жатыр» дегенді білдіреді. Е нүктесінде тұтыну мен табыс теңеседі, ал жинақ нөлге тең болады.

Ал қолдағы табыс Y_0-ден жоғары болғанда (Е нүктесінің



4.2-сурет. Тұтыну мен жинақтау функциясы

оң жағы) тұтыну шығындары табыс көлемінен аз болады. Бұл жағдайда енді адамдар қарызға өмір сүру мәселесінен құтылып артылған табыстарының бір бөлігін жинақтай бастауға мүмкіндік алады.

Тұтыну мен жинақтауға әсер ететін негізгі фактор – *қолда бар табыс.* Қолда бар табыс деңгейі өзгергенде тұтыну мен жинақтау өзгерістері С мен S қисықтарының бойында жүріп отырады.

Сонымен қатар, тұтыну мен жинақтау қисықтарын оңға (төмен) немесе солға (жоғары) жылжытатын басқа да факторлар бар:

1) *Үй шаруашылықтарының жинаған байлықтары.* Отбасы байыған сайын тұтыну өседі, соған сәйкес, тұтыну қисығы (С) жоғары жылжиды.

2) *Баға деңгейі.* Бағаның өсуі халықтың тұтыну мүмкіндіктерін төмендетеді де, табысының белгілі бір бөлігін құнсыздандырады. Мұндай жағдайда тұтыну қисығы төмен қарай ығысады.

3) *Күтім.* Егер тұрғындар болашақта тауар тапшылығы болады деп болжамдаса, онда олар ағымдағы тұтынуды арттырып, жинақты қысқартады. Ал тұтыну қисығы жоғары жылжиды.

4) *Тұрғындар қарызы.* Егер несиелік қарыздар өссе, онда тұтыну қарыздар төмен жылжиды.

5) *Салық салу деңгейі.* Салық мөлшерлемесі мен көлемінің өсуі тұтынуды да жинақтауды да қысқартады. Бұл жағдайда тұтыну қисығы төменге, ал жинақтау қисығы жоғарыға жылжиды.

Енді Кейнстің қарапайым тұтыну функциясы былай өрнектеледі:

$$\mathbf{C = a + b\,(Y - T),}$$

мұнда, а – автономды тұтыну (табысқа байланысты емес тұтыну); в – тұтынуға деген шекті бейімділік.

Жинақтау функциясы:

$$\mathbf{S = -\,a + (1 - b)\,(Y - T),}$$

мұнда, S – жеке сектордың жинақтары, 1-b – жинақтауға шекті бейімділік.

Сонымен, біз тұтыну функциясына сәйкес, тұтынудың екі түрін ажыратамыз: *табысқа байланысты тұтыну* және *табысқа байланысты емес автономды (тәуелсіз) тұтыну*.

Дегенмен, Кейнстің бұл теориясы 1942 жылы 1929-1941 жылдардағы статистикалық деректермен сыналды. Осы мәліметтер негізінде алынған Кейнстің тұтыну функциясы былайша көрініс тапты:

$$C = 47{,}6 + 0{,}73\ (Y\text{-}T).$$

Ғалымдардың зерттеулері бойынша, бұл өрнек тек қысқа мерзімге сәйкес келеді.

Ал 1946 жылы американдық экономист Саймон Кузнец 1869-1940 жылдардағы деректерді зерттей келе, мынадай қорытындыға келеді: *ұзақ мерзімді кезеңде табыс өскен сайын тұтынуға орташа бейімділік тұрақты болып қалады.* Бұл жаңалық ұзақ жылдар бойы басқа зерттеушілер үшін жұмбақ ретінде қалып, ***Кузнецтің жұмбағы*** деген атпен ғылымға енді.

Сөйтіп, макродеңгейдегі тұтыну көлемі қысқа және ұзақ мерзім кезеңдерінде қарастырыла бастады.

Қысқа мерзімде қолда бар табыс өскен сайын тұтынуға деген орташа бейімділік (APC) қысқарады, ал жинақтауға орташа бейімділік (APS) өседі, яғни қолдағы табыс артқанда тұтынуға кететін шығынның бір бөлігі салыстырмалы түрде қысқарады және жинақтау салыстырмалы түрде өседі.

Ұзақ мерзімде тұтынуға деген орташа бейімділік тұрақты болып қалады, себебі тұтыну шығындарының шамасына отбасының ағымдағы қолда бар табыстарының көлемінен басқа, өмір сүрудің жалпы деңгейі, күтілетін және тұрақты табыстың көлемдері сияқты факторлар да әсер етеді.

Егер тұтыну шығындары жиынтық сұраныстың бірінші компоненті ретінде салыстырмалы тұрақты болса, онда екінші компонент – инвестициялардың аса өзгермелі құрауыш болып табылатындығы бізге белгілі.

Макроэкономикада, **инвестициялар** – бұл пайда табу мақсатында жеке және мемлекеттік сектор капиталдарының ұлттық экономикаға немесе шетел экономикасының әртүрлі салаларына ұзақ уақытқа салынуы.

Инвестицияның негізгі үш түрін бөліп көрсетуге болады:

1. Өндірістік инвестициялар (ғимараттар, құрал-жабдықтар, машиналар, т.б. түріндегі негізгі капиталға салынатын инвестициялар).

2. Тауарлы-материалдық қорларға инвестициялар (шикізаттар, отын-материалдар, аяқталмаған өндіріс, дайын өнімдер, т.б.)

3. Тұрғын үй құрылысына инвестициялар.

Инвестицияға әсер ететін негізгі фактор – *пайыздық қойылым.* Пайыздық қойылым мен инвестицияның көлемі арасында кері байланыс бар (4.3-сурет). **Инвестицияға сұраныс қисығы** – пайыздық қойылымның кез келген шамасында салуға мүмкін болатын инвестицияның көлемін сипаттайтын графикалық көрініс.



4.3-сурет. Инвестицияға сұраныс қисығы

Пайыздық қойылымнан басқа инвестицияның динамикасын анықтайтын басқа да факторлар бар, яғни бұлар инвестицияға сұраныс қисығын оңға немесе солға жылжытады:

1. *Техникалық құрылғылар мен оларды пайдалануға кететін шығындар.* Егер осындай шығындар көбейетін болса, онда пайда мөлшері кемиді де, инвестицияға деген сұраныс қисығы солға жылжиды.

2. *Салық салу деңгейі.* Егер мемлекет бизнеске салынатын салықтарды төмендетсе, онда кәсіпкерлердің өндіріске көп капитал салуына мүмкіндіктері артады, яғни инвестициялық сұраныс қисығы оңға жылжиды.

3. *Технологиядағы өзгерістер.* Егер өндіріске соңғы үлгідегі технологиялық жетістіктер тартылса, онда инвестициялық жобалар көптеп жасалып сұраныс қисығы оңға жылжиды.

4. *Қолда бар негізгі өндірістік капиталдың көлемі.*

5. *Экономикалық күтім.* Егер компания басшылары инвестициялық жобалардан болашақта күтілетін пайда нормасын алуға сенімді болса, онда олардың оптимистік мінез-құлқы орын алып инвестициялық сұраныс қисығы оңға жылжиды және керісінше,

белгілі бір себептерге байланысты инвесторлардың пессимистік жағдайлары орын алғанда инвестициялық салымдар қысқарып, инвестициялық сұраныс қисығы солға жылжиды (4.4-сурет).

6. *Жиынтық табыстың қарқыны.*



4.4-сурет. Инвестициялық сұраныс қисығының жылжуы

Сонымен қатар, инвестицияның қарқынына әсер етуі мүмкін *ішкі саяси жағдайлар, демографиялық мәселелер, халықаралық қатынастар, табиғи климат жағдайлары, қор биржаларындағы өзгерістер* сияқты сыртқы факторларды да міндетті түрде есепке алған жөн.

Экономикада инвестициялар мен ЖІӨ көлемі үнемі бірінбірі қолдап отырады. Инвестициялар экономикалық өсуге, экономиканың циклдік дамуына әсер етеді және керісінше, ЖІӨ (немесе, ұлттық табыс) көлемінің артуы инвестициялардың өсуіне ықпал жасайды. Соған байланысты, таза инвестициялардың мынадай түрлері ажыратылады:

1. Автономды (тәуелсіз) инвестициялар – ұлттық табыстың өсіміне байланысты емес тұрақты инвестициялар. Автономды инвестициялар техникалық прогрестің құбылмалы болуы, халық санының өсуі, сыртқы нарықтардың кеңеюі, адамдар талғамының өзгеруі сияқты себептерге байланысты пайда болады. Мұндай инвестициялардың көзі болып әдетте, мемлекет бюджет табылады. Осы жерде автономды инвестицияның қарапайым функциясын да келтіріп кеткен жөн:

$$\mathbf{I = e - dR,}$$

мұнда, I – ұлттық табыстан тыс жүзеге асырылатын автономды инвестициялардың шығындары;

e – сыртқы экономикалық факторлармен (мысалы, пайдалы

қазбалардың қорлары және т.б.) анықталатын автономды инвестициялар;

R – нақты пайыздық қойылым;

d – инвестицияның пайыздық қойылымның қарқынына сезімталдылығын анықтайтын эмпирикалық коэффициент.

2. Туынды (индуцирлі) инвестициялар – ұлттық табыстың өзгеруіне байланысты жүзеге асырылатын тәуелді және ынталандырушы инвестициялар. Автономды инвестициялар жиынтық табысты арттырып, соның өсуімен байланысты тәуелді инвестицияларды ынталандырады. Мұндай инвестициялардың көзі - әдетте, кәсіпкерлік пайда болады, ал соңғысы Y ұлттық табыстың өсуімен қатар ұлғаяды. Олай болса, туынды инвестициялар да артады. Бұл жерде жиынтық табыстың өсуіне орай, өндірістік инвестициялармен бірге, тауарлық-материалдық қорларға және тұрғын үй құрылысына да инвестициялар артады. Демек, экономиканың жандануы жағдайында ескі капиталдардың қоры жаңартылады және тұрғын үйге сұраныс ұлғаяды.

Инвестициялардың табысқа оң тәуелділігі мынадай функция бойынша өрнектеледі:

$$\mathbf{I = e - dR + \gamma Y,}$$

мұнда, γ – инвестициялауға деген шекті бейімділік;

Y – жиынтық табыс.

Инвестициялауға деген шекті бейімділік (MPI – marginal propensity to investment) – жиынтық табыстың кез келген өзгерісіндегі инвестициялауға кететін шығындар өсімінің пайыздық үлесі:

$$\mathbf{MPI = \Delta I / \Delta Y,}$$

мұнда, ΔI – инвестициялар шамасының өзгеруі; ΔY – табыстың өзгеруі.

Сонымен, автономды және туынды инвестициялардың қисығын төмендегі суреттен көруге болады.

Кейнстік экономикалық бағыт әрқашанда жиынтық сұраныс тарапынан дағдарыстық экономиканы зерттеуге бағытталған. Экономикалық белсенділіктің деңгейі төмен болғанда жиынтық сұранысты үнемі ынталандырып отыру керек. Сол себепті



4.5-сурет. Автономды, туынды және таза инвестициялар

өндірістің терең құлдырауын болдырмау үшін, жиынтық сұранысты реттеу бойынша мемлекеттің белсенді экономикалық саясаты қажет. Сондықтан да Кейнстің теориясын көп жағдайларда **жиынтық сұраныс теориясы** деп атайды.

Кейнстің пікірінше, дағдарыстық экономика жағдайында тұтынуға деген шекті бейімділіктің деңгейі өте төмен болады, сұраныс өзінің тиімді сұраныс шамасына жетпейді. **Тиімді сұраныс** – бұл өзінің жиынтық ұсынысын тапқан және соған сәйкес келетін жиынтық сұраныстың көлемі. Бірақ бұл жерде Кейнс толық жұмысбастылыққа сәйкес келетін тиімді сұранысты кездейсоқ жағдай деп есептейді.

Экономикалық белсенділікті көтеру мақсатында жиынтық сұранысты ынталандыру үшін жүзеге асырылатын **нақты (іс жүзіндегі) инвестициялар жоспарланған** және **жоспарланбаған** инвестициялар болып бөлінеді. Жоспарланбаған инвестициялар тауарлық-материалдық қорларға (ТМҚ) салынатын инвестициялардың алдын ала қарастырылмаған өзгерістерін әрдайым туындатып отырады. Мұндай инвестициялар экономикаға жинақтар мен инвестициялардың нақты шамаларын тепе-теңдік қалпына келтіріп отыру үшін және макроэкономикалық тепе-теңдікті қалыптастыру үшін қажет.

Жиынтық жоспарланған шығындар (АЕ) – бұл ашық экономикада үй шаруашылықтарының, фирмалардың, үкіметтің және сыртқы әлем субъектілерінің тауарлар мен қызметтерді сатып алуға жоспарлаған жалпы шығындары. Жоспарланған шығындар функциясы:

$$E = C + I + G + X_n$$

Нақты шығындар – бұл фирмаларға сату деңгейінде тосыннан болған өзгерістер болған жағдайда ТМҚ-ға жоспарланбаған инвестициялар салуға мәжбүрлейтін қосымша шығындар.

Жоспарланған шығындар функциясын $I + G + X_n$ шамасына жоғары жылжыған $C = a + b\ (Y\text{-}T)$ түріндегі тұтыну функциясы ретінде график арқылы сипаттауға болады. Бұл жерде талдауды жеңілдету үшін таза экспорттың көлемі Y жиынтық табыстан автономды деп алынады. Соған байланысты таза экспорт толығымен автономды шығындардың құрамына қосылады: $a + I + G + X_n$.

Таза экспорт функциясы:

$$X_n = g - m' Y,$$

мұнда, X_n – таза экспорт; g – автономды таза экспорт; m′ – импорттауға деген шекті бейімділік; Y – табыс.

Импорттауға деген шекті бейімділік – табыстың кез келген өзгерісінде импорттық тауарларға жұмсалатын шығындар өсімінің пайыздық үлесі:

$$m' = \Delta M / \Delta Y,$$

мұнда, ΔM – импорт шығындарының өзгеруі; ΔY – табыстың өзгеруі.

Жиынтық табыс өскенде импорт та артады, өйткені тұтынушылар мен инвесторлар өздерінің шығындарын отандық тауарлармен қатар, импорттық тауарларға да арттыра бастайды. Ал сол елдің экспорт шамасы жиынтық табысқа тәуелді емес, керісінше, сол елге тауарлар мен қызметтерді импорттайтын шетелдік жиынтық табыстың қарқынына байланысты өзгереді. Сондықтан, сол елдің жиынтық табысының шамасы мен таза экспорт көлемінің арасында кері тәуелділік орнайды және таза экспорт функциясында «минус» таңбасы қойылады.

Сонымен, экономикада барлық жиынтық жоспарланған жиынтық шығындар өндірілген өнімнің жалпы көлеміне теңескенде макроекономикалық тепе-теңдік орнайды. Классикалық теорияға қарағанда, тепе-теңдікті зерттеудің Кейнстік үлгісі тұрақты бағалар жағдайында қарастырылады.

Бұл үлгінің қарапайым формасы кейнстік қағидаға сәйкес

құрылады: жиынтық сұраныс экономикада ұлттық табыстың шамасын анықтайды:

$$Y_D = C + I + G + X_n$$

Жоспарланған шығындар қисығын табу үшін оның құрамындағы барлық компоненттерді қосамыз (4.6-сурет).



4.6-сурет. «Кейнс кресі» үлгісі

А нүктесінде жиынтық шығындар ұлттық табысқа тең болады. Бірінші жағдайда, егер Y_1 ұлттық табыс деңгейі тепе-теңдік Y_0-ден жоғары болса, онда жиынтық шығындар өндіріс көлемінен аз болады $E_1 < Y_1$, бұл жағдайда ТМҚ көлемі артады. Сатып алушылар тауарларды фирмалардың өндіргеніне қарағанда аз тұтынады, яғни AD < AS құбылысы орын алады. Фирмалар осыны болдырмас үшін өндіріс көлемін Y_0-ге дейін қысқартуға мәжбүр болады.

Екінші жағдайда, егер Y_2 ұлттық табыс деңгейі тепе-теңдік Y_0-ден төмен болса, онда жиынтық шығындар өндіріс көлемінен көп болады $E_2 > Y_2$, бұл жағдайда ТМҚ көлемі кемиді. Сатып алушылар тауарларды сатып алушылардың тұтынғанына қарағанда кем өндіреді, яғни AD > AS құбылысы орын алады. Сәйкесінше, фирмалар жұмысбастылық пен өндіріс көлемін Y_0-ге дейін арттыруға мүмкіндік алады.

Сонымен, **«Кейнс кресі» үлгісі** – бұл бағалардың икемсіздігі мен экономиканың жұмыспен толық қамтылмағандығы жағдайында игіліктер нарығында инвестициялар мен жинақтардың,

жоспарланған шығындар мен ұлттық табыстың және сәйкесінше, жиынтық сұраныс пен жиынтық ұсыныстың тепе-теңдігін қалыптастыру арқылы тиімді сұранысқа қол жеткізуді қарастыратын кейнстік қысқа мерзімді макроэкономикалық тепе-теңдік.

Кейнстік макроэкономикалық талдауда мультипликатор теориясы аса маңызды орын алады. Мультипликатор ұғымы дәлмедәл аударғанда «көбейткіш» деген мағынаны білдіреді. Мультипликатор әсерінің мәні: жиынтық сұраныстың құрамындағы кез келген автономды құрауыштың (C, I, G, X_n) бір мәрте өсуіне байланысты экономикадағы ұлттық табыстың бірнеше есе артуы. Немесе, ойымызды басқаша өрбітетін болсақ, суға тасталған тас өзінің айналасында толқындарды туғызатындай, экономикаға «тасталған» автономды шығындар табыс пен жұмысбастылықтың өсуі түріндегі тізбекті реакция әсерін туғызады.

Мысалы, жиынтық шығындардың бір құрауышы ретінде автономды тұтынудың ұлттық табысқа әсері арқылы автономды шығындар мультипликаторын зерттеуге болады.

Автономды шығындар мультипликаторы – ұлттық табыс немесе тепе-теңдікті ЖІӨ өзгерісінің жиынтық сұраныстағы автономды шығындардың кез келген құрауышының өзгерісіне қатынасын сипаттайтын сандық коэффициент. Олай болса, бұл қатынас былай жазылады:

$$\mathbf{m = \Delta Y / \Delta A,}$$

мұнда, m – автономды шығындар мультипликаторы; ΔY – ұлттық табыстың өзгерісі; ΔA – ұлттық табыстың қарқынына тәуелсіз автономды шығындардың өзгерісі.

Жоғарыдағы мысалымызды жалғастырсақ, егер автономды тұтыну белгілі бір ΔC_a шамасына өссе, онда бұл жиынтық шығындар мен Y ұлттық табысты сол шамаға арттырады, ал өз кезегінде, тұтынуды екінші мәрте арттырады (табыстың өсуінен), бірақ MPC • ΔC_a шамасына өседі. Ары қарай жиынтық шығындар мен табыс MPC • ΔC_a шамасына артады және тағы да солай «табыстар-шығындар» айналымының жүйесі бойынша өсе береді. Осыған орай мультипликатор әсерін мына тізбек бойынша көрсетуге болады:

$$\Delta C_a \uparrow \rightarrow AD \uparrow \rightarrow Y \uparrow \rightarrow C \uparrow \rightarrow AD \uparrow \rightarrow Y \uparrow \rightarrow C \uparrow \rightarrow AD \uparrow \rightarrow Y \uparrow$$ **және т.с.с.**

Мультипликатор көрсеткіші тұтынуға шекті бейімділікке тура тәуелділікте және жинақтауға шекті бейімділікке кері тәуелділікте болады:

$$m = 1 / 1 – MPC = 1 / MPS$$

Осы тәуелділік арқылы да мультипликаторлық әсерді сипаттауға болады. Айталық, өндіріске қосымша 1000 доллар инвестиция салудың нәтижесінде табыс (жалақы, рента, пайыз, рента, пайда) өсті. Табыс иелері өз қаржыларын негізгі психологиялық заңға сүйеніп жұмсайды, мәселен, табыс өсімінің 80%-ы немесе 800 доллар (1000•0,8) тұтынуға жұмсалды делік, яғни MPC 0,8-ге және MPS 0,2-ге тең. Нәтижесінде тауар өндіретін салаларда табыс өседі. Енді осы салалардағы табыс иелері, өз кезегінде, MPC шамасына қарай тұтынуға 80%-н немесе 640 долларын (800•0,8) жұмсайды. Бұл сома тауар сатушылардың табысына айналады, олар да тағы табысының 80%-н басқа бір нарықта жұмсайды және т.с.с. Нәтижесінде бұл процесс басқа да жаңа нарықтар мен экономикалық агенттерге тарай береді. Сонда бұл кезде өндіріске тартылған бастапқы инвестициядан туындаған ұлттық табыстың өсімі қанша болады? Ол үшін әр нарықтан алынған сомаларды қосу керек: 1000+800+640+...+долл. Сонда ұлттық табыстың бірнеше реттік өсімі 5000 долларға тең, яғни:

$m = 1 / 1 – MPC = 1 / 1 – 0,8 = 5$. Табыс өсімі мынаған тең: $\Delta Y = \Delta I \cdot m = 1000 \cdot 5 = 5000$ доллар. Демек өндіріске салынған инвестиция ұлттық табыстың 5 есе артуына септігін тигізді, бұл жағдайда мультипликатор коэффициенті 5-ке тең.

Тұтынуға деген шекті бейімділік неғұрлым жоғары және сәйкесінше, жинақтауға шекті бейімділік неғұрлым төмен болған сайын, соғұрлым m коэффициентінің мәні жоғары болады.

Мультипликатор әсерін график арқылы да сипаттауға болады.

Графикке сәйкес, ұлттық табыстың бастапқы тепе-теңдік деңгейі Y_0-ге тең. Егер инвестициялық дүмпудің нәтижесінде I_a сызығы жоғары ($0I_a$ кесіндісіне тең аралыққа дейін) көтерілсе, онда S пен I_a қисықтарының қиылысуын E_1 нүктесінен көре



4.7-сурет. Мультипликатор әсері

аламыз, ал тепе-теңдік табыс көлемі Y_1-ге тең болады. Y_0Y_1 кесіндісінің аралығы $0I_a$ кесіндісінің аралығынан артық. Бұл инвестицияның өсуімен салыстырғанда табыстың артығырақ ұлғайғанын білдіреді. Мәселен, экономикаға салынған 10 млрд. долларды құрайтын автономды инвестициялар ұлттық табысты 10 млрд.-қа емес, 50 млрд. долларға арттырды делік. Бұл жерде m=5, яғни $\Delta Y = \Delta I_a \cdot m$: 50=10•5. Мультипликатор 5-ке тең, себебі алдыңғы мысалда келтіргендей, MPS 0,2-ге тең, яғни m = 1 / MPS = 1 / 0,2 = 5. MPS-тің шамасы неғұрлым жоғарылаған сайын, S сызығы тіктеу және мультипликатордың мәні соғұрлым кіші болады.

Мультипликатор әсерінің графикалық көрінісін Кейнс кресі үлгісі арқылы да сипаттауға болады: жиынтық жоспарланған шығындар сызығының автономды шығындардың әрбір өзгеруінен жоғары жылжи беруі ұлттық табыстың бірнеше реттік өсуімен жүріп отырады.

Мультипликатор теориясы инвестициялар мен жинақтардың тепе-теңдігін орнатудың мәселелерін терең түсінуге мүмкіндік береді. Бұл жерде мультипликатордың жиынтық шығындардың кез келген компонентінің артуына немесе қысқаруына байланысты ұлттық табыстың ұлғаймалы түрде кеңеюі және сол секілді тарылуы режимінде жұмыс істейтіндігін атап өткен өте маңызды.

Алайда жоспарланған инвестициялар мен жинақтардың арасындағы тепе-теңдіктің жоғалуы, экономиканы мынадай екі теріс әсерге әкеліп соқтырады:

1) *рецессиялық (дефляциялық) үзіліс* және 2) *инфляциялық үзіліс*.

Рецессиялық үзіліс – бұл тепе-теңдік ЖІӨ-ді толық жұмысбастылықтың инфляциялық емес деңгейіне дейін көтеру үшін жиынтық сұраныстың (жиынтық шығындардың) өсуіне қажетті көлем.



4.8-сурет. Рецессиялық үзіліс

Осы суретке сәйкес, егер өндірістің нақты тепе-теңдік Y_0 көлемі потенциалды Y^* көлемінен төмен болса, онда жиынтық сұраныс тиімсіз болып, жиынтық шығындар ресурстардың толық қамтылуы үшін жеткіліксіз болып табылады. Жиынтық сұраныстың жеткіліксіздігі экономикаға депрессиялық жағдайды туғызады.

Рецессиялық үзілістен құтылу үшін және ресурстарды толық қамту үшін тепе-теңдікті А нүктесінен В нүктесіне қарай жылжытып, жиынтық сұранысты ынталандыру қажет. Бұл жерде жиынтық тепе-теңдік табыстың ΔY-ке артуы былай сипатталады:

ΔY = рецессиялық үзілістің көлемі × автономды шығындар мультипликаторының көлемі

Инфляциялық үзіліс – бұл тепе-теңдік ЖІӨ-ді толық жұмысбастылықтың инфляциялық емес деңгейіне дейін қысқарту үшін жиынтық сұраныстың (жиынтық шығындардың) кемуіне қажетті көлем.

4.9-суретке сәйкес, егер өндірістің нақты тепе-теңдік Y_0 көлемі потенциалды Y^* көлемінен көп болса, онда жиынтық шығындар артық болады. Жиынтық сұраныстың артықшылығы экономикаға инфляциялық дүмпуді алып келеді. Мұндай жағдайда экономикада барлық ресурстар толығымен қамтылғандықтан, фирма-



4.9-сурет. Инфляциялық үзіліс

лар өсіп жатқан жиынтық сұранысқа өндірісті кеңейту арқылы жауап бере алмайды, тек бағалар деңгейін көтерумен ғана шектеледі.

Инфляциялық үзілістен құтылу үшін және «дүрліккен» сұранысты басу үшін тепе-теңдікті А нүктесінен В нүктесіне (ресурстардың толық қамтылуы деңгейіне) қарай жылжытып, жиынтық сұранысты шектеу қажет. Бұл жерде жиынтық тепе-теңдік табыстың ΔY-ке қысқаруы былай сипатталады:

ΔY = - инфляциялық үзілістің көлемі × автономды шығындар мультипликаторының көлемі

Мультипликатор ұғымымен акселератор принципі тығыз байланысты. Оның мәні мынада, яғни бастапқы инвестициялардың мультипликативтік әсерінің нәтижесінде табыстың өсуі өз кезегінде, тауарларға (өндіріс құрал-жабдықтарына) сұранысты едәуір көлемде арттырады. Бұл кәсіпорындар құрал-жабдықтарының қымбат екендігімен түсіндіріледі және маңызды түрде капитал шығындарын талап етеді. Акселерация принципі мынадай мысалмен түсіндіріледі. Айталық, белгілі бір өндіріс орнында құрал-жабдықтың құны 100 млн.-ға тең және ол бір жылда өндірілген өнімнің құнынан 10 есе артық. Құрал-жабдық 20 машинадан құралған және оның әрқайсысы 5 млн. теңгеге тең. Айталық, бір жылы сол өнімге сұраныстың өсуіне байланысты өнім көлемі 50%-ға, яғни, 10 млн.-нан 15 млн.-ға артты делік. Қосымша өнім шығару үшін қолданыстағы құрал-жабдықты да 50%-ға, яғни, 20-дан 30 машинаға дейін арттыру керек. Фирмаға қосымша 10 машина сатып алу үшін 50 млн. теңге көлемінде

негізгі капиталға инвестиция салуы керек. Сонымен көріп отырғанымыздай, тұтыну тауарларының 5 млн. теңгеге артуы қосымша 50 млн. теңге көлемінде қаржы құюды талап етеді.

Акселератор – бұл белгілі жылда дайын тауарға сұраныстың өсуіне байланысты немесе табыстың артуына орай кейінгі жылдары соған жауап ретінде туынды инвестициялардың бірнеше реттік өсуін сипаттайтын сандық коэффициент. Әрбір теңгеге өскен табысқа жедел түрде өсіп отыратын тәуелді инвестициялар, яғни, акселератор – бұл «жеделдеткіш».

Акселератор туынды инвестициялардың ұлттық табысқа қатынасы ретінде мына формуламен анықталады:

$$\mathbf{a = I_t / Y_t - Y_{t-1}},$$

мұнда, а – акселератор коэффициенті;

I_t – осы жылғы салынған жаңа инвестициялар өсімі;

$Y_t - Y_{t-1}$ – өткен жылдардағы өскен табыстың көлемі.

Мультипликатор мен акселератор принциптерінің екіжақтылық қызметі бар: мультипликатор автономды инвестициялар арқылы жиынтық сұраныс пен ұлттық табысты көбейтеді, ал акселератор ұлттық табыстың табыс пен жиынтық сұраныстың өсіміне қолдау ретінде жиынтық ұсыныстың артуын жеделдетеді. Сөйтіп, біз мультипликатор мен акселератордың бір-бірін қолдап отыратын механизм екеніне қол жеткіземіз.

Жеткіліксіз сұраныс пен толық емес жұмысбастылық жағдайында халық жинақтарының өсуі «үнемділік оғаштылығы» құбылысын тудырады. Бұл игіліктер нарығын кейнстік макроэкономикалық үлгіде қарастыру кезінде мультипликаторлық әсердің салдарынан пайда болатын ерекше жағдай.

Үнемділік оғаштылығы – бұл қоғамның көбірек жинақтауға ұмтылуынан тұтыну мен табыстың қысқаруы нәтижесінде жинақтау көлемінің азаюы. Жалпы алғанда, экономикалық белсенділік төмен болғанда қоғамның жинақтары мен инвестициялары қысқарады. Инвестициялардың аз ғана кемуі теріс мультипликативтік әсерді болдырып, ұлттық табысты едәуір төмендетуі мүмкін. Үнемділік оғаштылығын төмендегі суретпен де түсіндіруге болады (4.10-сурет).



4.10-сурет. Үнемділік оғаштылығы

Айталық, бастапқыда экономика А нүктесінен басталады. Дағдарысты күту қарсаңында тұрғындар көбірек жинақтауға ұмтылады: жинақтың сызығы S-тан S^*-ға дейін жылжиды, ал инвестициялар бұрынғы I деңгейінде өзгеріссіз қалады. Нәтижесінде тұтыну шығындары қысқарады, ол мультипликативтік әсер арқылы ұлттық табысты Y_0-ден Y_1-ге дейін төмендетеді. Сөйтіп, жинақ пен табыс қысқарып, экономика В нүктесіне орнығады.

Егер бір уақытта жинақтың өсуімен бірге (S-тан S^*-ға) жоспарланған инвестициялар (I-дан I^*-ға) қатар өссе, онда тепе-теңдік ұлттық табыс бұрынғы Y_0 жағдайында қалып өндірістің құлдырауы орын алмайды.

Ресурстар экономикада толық қамтылуға жақын жағдайда жинақтардың өсуі экономикаға антиинфляциялық түрде әсер етеді: мультипликативтік әсермен тұтынудың, одан кейін жиынтық шығындардың, жұмысбастылық пен өндіріс көлемінің қысқаруы сұраныс инфляциясын айтарлықтай басып тастайды, жиынтық сұраныс AD-дан AD_1-ге дейін төмендейді, ол өндіріс көлемінің Y_1-ден Y_2-ге дейін қысқаруымен және бағалар деңгейінің P_1-ден P_2-ге дейін төмендеуімен жалғасады (4.11-сурет).

Қорытындылай келе, Кейнс кресі үлгісі икемсіз бағалармен экономиканы қысқа мерзім аралығында зерттейтіндіктен, бағалар деңгейінің өзгеру үдерісіне жауап бере алмайды деген тұжырымға келуге болады. Кейнс кресі үлгісі қатаң бағалар арқылы қысқа мерзімдік макроэкономикалық талдау мақсаттары үшін тек AD-AS үлгісін толықтырады және ары қарай нақтылайды, сонымен қатар, ол инфляция деңгейінің ауытқуымен байланысты ұзақ



4.11-сурет. AD-AS үлгісі мен Кейнс кресі үлгісі арасындағы байланыс

мерзімдік макроэкономикалық саясаттың нәтижелерін зерттеу үшін қолданыла алмайтын құрал болып табылады.

Қорытынды

1. Макроэкономикалық тепе-теңдікті зерттеудің классикалық теориясы Сэй заңымен түсіндіріледі. Сэй заңына сәйкес, экономика тек өндірушілерден тұрады, олардың өндірілген тауарлары мен қызметтері бір уақытта табыстар мен шығындарды қамтамасыз етуі қажет, ешқандай артық өндіру немесе кем өндіру орын алмайды, олай болса, жиынтық ұсыныс жиынтық сұранысты анықтайды.

2. Макроэкономикалық тепе-теңдіктің кейнстік теориясы негізгі психологиялық факторларға сүйенеді, соған сәйкес тұтыну шекті бейімділік, жинақтауға шекті бейімділік, тұтынуға орташа бейімділік және жинақтауға орташа бейімділік деген ұғымдар қолданылады. Кейнстің идеясы классикалық теорияға мүлдем қарама-қарсы болып табылады. Экономикада керісінше, жиынтық сұраныс жиынтық ұсынысты тудырады. Экономикалық дағдарыс болғанда да макроэкономикалық тепе-теңдік орын ала береді. Демек ол дағдарыс жағдайында жиынтық сұранысты мемлекеттік реттеудің қажеттілігін алға тартады. Кейнстің ойынша, жинақтау мен инвестициялаудың себептері әртүрлі болып табылады, олай болса, макроэкономикалық тепе-теңдік өздігінен қалыптаспайды, оған мемлекет араласу қажет.

3. Тұтынудың қарапайым кейнстік функциясынан басқа тұтынудың кейнстік емес функциялары да бар: Фишердің уақытаралық таңдау теориясы. Модильянидің «Өмірлік цикл» теориясы. Фридменнің перманенттік табыс теориясы және тұтынудың неоклассикалық теориясы.

4. Кейнстік психологиялық заңы былай сипатталады, яғни табыс өскен сайын тұтыну да өседі, бірақ тұтынудың өсуі табысқа қарағанда аз өседі. Олай болса, өскен табыстың қалған бөлігі жинақтауға кетеді. Қысқа мерзімде табыс өскенде тұтыну көлемі салыстырмалы түрде азаяды және жинақтау көлемі артады. Ұзақ мерзімде табыс өскенде тұтыну көлемі тұрақтылық жағдайына бейімделеді.

5. Инвестициялар макроэкономикада пайда табу мақсатында жеке және мемлекеттік сектор капиталдарының ұлттық экономикаға немесе шетел экономикасының әртүрлі салаларына ұзақ уақытқа салынуымен түсіндіріледі. Инвестициялардың өндірістік инвестициялар, тауарлық-материалдық қорларға инвестициялар және тұрғын үй құрылысына салынатын инвестициялар деген түрлері бар.

6. Кейнстік теорияда макроэкономикалық тепе-теңдіктің графикалық көрінісі «Кейнс кресі» үлгісімен түсіндіріледі. Бұл үлгі бағалардың икемсіздігі мен экономиканың жұмыспен толық қамтылмағандығы жағдайында игіліктер нарығында инвестициялар мен жинақтардың, жоспарланған шығындар мен ұлттық табыстың және сәйкесінше, жиынтық сұраныс пен жиынтық ұсыныстың тепе-теңдігін қалыптастыру арқылы тиімді сұранысқа қол жеткізуді қарастыратын кейнстік қысқа мерзімді макроэкономикалық тепе-теңдікті сипаттайды.

7. Кейнстік макроэкономикалық теорияда мультипликатор ұғымы маңызды түрде орын алады. Мультипликатор – ұлттық табысқа тәуелсіз автономды шығындардың ең болмағанда біреуінің бір мәрте өзгеруі салдарынан ұлттық табыстың бірнеше есе өсуін көрсететін сандық коэффициент. Мультипликатор өз әсерін дағдарыс жағдайында береді, яғни экономикалық құлдырау кезінде жиынтық сұранысты арттыра алады.

8. Кейнстік макроэкономикалық теорияны сипаттайтын үлгі тек қысқа мерзімді экономикалық үдерістерді зерттеуге арналған, бағалардың өзгерісін сипаттамайды, сондықтан ол – жиынтық сұраныс пен жиынтық ұсыныс үлгісінің нақтыланған түрі.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары

1. Сэй заңы дегеніміз не?
2. Классикалық макроэкономикалық тепе-теңдіктің мәні неде?
3. Кейнстік төңкеріс қалай орын алды?
4. Кейнстік үлгінің басты идеялары қандай?
5. Кейнстің психологиялық заңын қалай түсінуге болады?
6. «Кейнс кресі» үлгісі макроэкономикалық тепе-теңдік қалай сипатталады?

7. Тұтыну мен жинақтау функциялары қалай сипатталады?

8. Тұтыну фунциясының қандай теориялары бар?

9. Бейімділіктің түрлері қандай?

10. Инвестициялар дегеніміз не?

11. Автономды көрсеткіштерге не жатады?

12. Автономды шығындар мультипликатор қалай есептеледі?

13. Акселератор қалай есептеледі?

14. Үнемділік оғаштығы қалай орын алады?

15. «Кейнс кресі» мен «AD-AS» үлгілерінің арасында қандай байланыс бар?

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі
Негізгі:

1. *Мамыров Н. Қ., Тілеужанова М. Ә.* Макроэкономика: Оқулық. - Алматы: Экономика, 2003. Тарау 5.

2. Макроэкономика: учебник / Под общ. ред. *Абишева А. А., Хубиева К. А.*. – Алматы: «Экономика», 2007. Раздел 2, глава 1.

3. *Вечканов Г. С., Вечканова Г. Р.* Макроэкономика. 2 - е изд. - Спб.: Питер, 2008. Глава 3.

4. *Агапова Т. А., Серегина С. Ф.* Макроэкономика: учебник / Под общ. ред. д.э.н., проф. *А Ф. Сидоровича*; МГУ им. М.В. Ломоносова. – 8 - е изд., перераб. и доп. – М.: Издательство «Дело и Сервис», 2007. Глава 5.

5. Курс экономической теории: учебник – 5-е исправленное, дополненное и переработанное издание/ Под общ. ред. Чепурина М. Н. и Киселевой Е. А. – Киров: «АСА», 2006. (Раздел 3: Макроэкономика; Раздел 4: Международные аспекты экономической теории). Глава 18.

6. *Селищев А. С.* Макроэкономика. 3 - е изд. - Спб.: Питер, 2005. Глава 2, 3, 4.

7. *Ивашковский С. Н.* Макроэкономика: Учебник. 2 – изд., испр., доп. – М.: Дело, 2002. Глава 2.

8. *Ким И. А.* Сборник заданий по макроэкономике: Учебное пособие. М.: Вита-Пресс, 2005. Глава 4, 5.

9. *Агапова Т. А., Серегина С.Ф.* Макроэкономика. Тесты: Уч. пос., 2-е изд. – М.:ДиС, 2005. Тема 4.

10. Микро-, макроэкономика. Практикум. Под общей ред. *Ю. А. Огибина* – СПб,1994г. Тема 18, 19.

11. ҚР Статистика Агенттігінің мәліметтері. www.stat.kz

Қосымша:

1. *Доғалов А. Н., Досмағанбетов Н. С.* «Макроэкономика» пәнінен курстық жұмысты орындау бойынша әдістемелік нұсқау (экономикалық мамандықтар үшін) – Астана: Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2011. – 20б.

2. *Сейткасимов Г. С.* Макроэкономические проблемы современной экономики Казахстана: Монография. – Астана: Изд. КазУЭФМТ, 2010. – 350 с.

3. *Курганбаева Г. А.* Экономика Казахстана в XXI веке: монография. – Алматы: Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте РК, 2009. – 144 с.

4. *Тоқсанбай С. Р.* Үлкен экономикалық орысша-қазақша сөздік/ Большой экономический русско-казахский словарь. – Алматы, 2010. 1010 б.

5. *Тарасевич Л. С., Гальперин В. М., Гребенников П. И., Леусский А.И.* Макроэкономика: Учебник / под ред. Тарасевича Л.С. 5-е изд.- М.: ЮРАИТ, 2004. – 656с.

6. *Мэнкью Н. Г.* Принципы макроэкономики. Учебник для вузов / Пер. с англ. – 2-е изд. – Спб.: Питер, 2006. – 576 с.

7. *Абакумова О. Г.* Макроэкономика. Конспект лекций: Пособие для подготовки к экзаменам. – М.: ПРИОР – Издат, 2005. – 224 с.

8. *Базылев Н. И.* и др. Макроэкономика. Учебное пособие. – М.: ИНФРА – М, 2003. – 190 с.

9. Введение в макроэкономику: Учебное пособие./ Под ред. *М. Е. Дорошенко* - М.: ЮНИТИ, 2000. – 175 с.

10. *Долан Э., Линдсей Д. Э.* Макроэкономика /Под общ. ред. Б. Лисовика. Спб: 1996.

11. *Шишов А. Л.* Макроэкономика. – М.: Ассоциация авторов и издателей «Тандем», Издательство ЭКМОС, 1997 г. – 320 с.

12. *Бункина М. К., Семенов В. А.* Макроэкономика (Осн. эк. политики): Учебник. – Изд-во «ДИС», 1997.-320 с.

13. *Кейнс Д. М.* Общая теория занятости, процента и денег.

14. ҚР-ның *Президенті Н. Ә.* Назарбаевтың халыққа Жолдауы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты», 2012 ж. 28 қаңтар.

15. ҚР-ның Президенті *Н. Ә. Назарбаевтың* халыққа Жолдауы «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз», 2011 ж. 28 қаңтар.

16. ҚР-ның Президенті *Н. Ә. Назарбаевтың* халыққа Жолдауы «Жаңа онжылдық – Жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» 2010 ж. 30 қаңтар.

17. ҚР-ның Президенті *Н. Ә. Назарбаевтың* халыққа Жолдауы «Дағдарыстан жаңару мен дамуға». 2009 ж. 7 наурыз.

18. ҚР-ның Президенті *Н. Ә. Назарбаевтың* халыққа Жолдауы «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты». 2008 ж. 8 ақпан.

Практика сабағының жоспары:

Практика сабағын «дөңгелек үстел» түрінде өткізу жоспарланған, тақырыптың негізгі теориялық сұрақтарын пікірталас, ауызша жауап беру, дискуссия, сұрақ-жауап, т.б. ұйымдастыру әдістері арқылы жүргізілуі тиіс.

Мақсаты: классикалық және кейнстік теорияларға сәйкес макроэкономикалық тепе-теңдікке жетудің негізгі заңдылықтарын қарастыру. Кейнстің психологиялық заңының мәні тұрғысынан «Кейнс кресі» үлгісіне кеңірек тоқталу. Тұтыну, жинақтау және инвестиция функцияларының графиктерін салу, сонымен қатар мультипликатор теориясының мәнін түсіну. Осы мақсатқа жету үшін практика сабағында тақырып бойынша мынадай сұрақтардың мәнін ашу керек:

1. Классикалық мектептің негізгі көзқарастары. Классикалық үлгідегі жалпы макроэкономикалық тепе-теңдік.
2. Кейнстік төңкеріс. Кейнстік үлгідегі жалпы макроэкономикалық тепе-теңдіктің ерекшеліктері.
3. Жиынтық сұраныс пен жиынтық ұсыныстың тепе-теңдігі және ресурстардың толық қамтылуы. Тұтыну және жинақтау функциясы, инвестициялар.
4. Нақты және жоспарланған шығындар. Кейнс кресі. Өндірістің тепе-теңдік көлеміне жету механизмі.
5. Автономды шығындар мультипликаторы. Рецессиялық және инфляциялық үзілістер. Акселератор.
6. Үнемділік оғаштылығы. Кейнс кресі мен AD-AS үлгісінің өзара байланысы.

СОӨЖ және СӨЖ тапсырмалары:

Мақсаты: тақырыптың негізгі талқылау сұрақтарын ұсынылатын әдебиет көздерінен оқып толықтай меңгеру және төмендегі тапсырмаларды орындау арқылы тақырыпты бекіту.

1. Тақырып бойынша экономикалық сөздік (глоссарий) жасау.

2. Тақырып бойынша логикалық схемалар құрастыру.

3. Реферат, эссе, баяндама тақырыптары:

- Макроэкономикадағы тұтыну функциясының әртүрлі теориялары мен модельдері;
- Макроэкономикадағы инвестиция функциясының әртүрлі теориялары мен модельдері;
- Акселератор теориясы және үлгілері.

4. Өзіндік жазба жұмыстар (конспект):

- Макроэкономикалық тепе-теңдіктің классикалық теориясы;
- Фишердің уақытаралық таңдау теориясы. Модильянидің «Өмірлік цикл» теориясы. Фридменнің перманенттік табыс теориясы. Тұтынудың неоклассикалық теориясы.

5. Жаттығулар, есептер, т.б. тапсырмалар:

1. Келесі мәліметтер берілген:

S=0,25y-10

I=30

Анықтау керек:

А) ұлттық табыстың тепе-теңдік мағынасын;

Б) тепе-тең ҰТ және жинақ ақша көлемін, егер болашақта табыстың төмендеуі күтілетін болса, ағымды табыстың әрбір деңгейінде үй шаруашылықтары жинақ ақша қорын 10 бірлікке көбейтеді.

В) тепе-тең ҰТ және жинақ ақша көлемін, егер кәсіпкерлер болашақта сұраныстың төмендеуін күтетін болса инвестицияларды 20 бірлікке қысқартады.

2. Тұтыну шығындары 250 теңге деп жорамалдайық. Тұтыну өсімшесінің жылдық қарқыны 2%. Мемлекет шығыстарының шамасы тұрақты – 40 теңгеге тең. Инвестициялық шығындар функциясы: I = 20 + 100% / r, бұндағы r = 20%. Осы деректерді пайдаланып, ЖҰӨ-ді есептеңіз.

3. Инвестициялар 220-ға тең, бюджет артықшылығы 10-ға тең, экспорт = 175, импорт = 185, қор жинауды анықтаңыз.

4. Экономикада келесі мәліметтер берілген:

Y=C+I

C=100+0,8Yd

I=50

Анықтау керек:

А) Табыстың тепе-тең деңгейін.

Б) Жинақ ақша және тұтынудың тепе-тең деңгейін.

В) егер шығару көлемі 800-ге тең болса, онда жоспарланбаған өнімнің босалқы қорының өсімі қандай?

Г) егер автономды инвестициялар 100-ге дейін өссе? Онда тепе-тең шығару көлемі қалай өзгереді? Тепе-тең деңгейінің өзгеруін графиктік түрде көрсетіңіз.

6. Төменде келтірілген мәліметтер бойынша табу керек: тұтыну, тұтынудың орташа бейімділігін, жинақтауға орташа бейімділігін, тұтынудың шекті бейімділігін, жинақтауға шекті бейімділігін, тұтыну және жинақтау графиктерін құрыңдар:

Өндіріс және табыс деңгейі (долл.)	240	260	280	300	320	340	360	380	400
Жинақ ақша (долл.)	-4	0	4	8	12	16	20	24	28

7. Ұлттық өндірістің тепе-теңдік деңгейі 1200 млрд. теңге. Ал автономды тұтыну – 0. Бұл жағдайда тұтынуға деген шекті бейімділік 0,05-ке өсті.

Анықтау керек:

А) өндірістің тепе-теңдік көлемі қалай өзгереді;

Б) жинақтаудың тепе-теңдік деңгейі қалай өзгереді;

В) тұтыну функциясы: C=300+0,75Y. Үкімет 30 млрд. теңге мемлекеттік тапсырысты салықты көбейту арқылы орналастыруды шешті. Тепе-тең ЖҰӨ өзгеріссіз қалу үшін, бюджеттік түсім қандай сомаға көбеюі тиіс.

8. Тұтыну шығындарының тепе-тең көлемі 20000 а.б. және тұтынуға деген шекті бейімділік 0,8.

Анықтау керек:

А) инвестициялар көлемін;

Б) мультипликатор көлемін;

В) тұтынуға деген шекті бейімділіктің 0,6-ға дейін төмендеуі тепе-тең ұлттық табысқа қалай әсер етеді?

6. Тест сұрақтарына жауап беру керек:

1. Тұтынудың кейнстік функциясына сәйкес:

а) тұтыну пайыз мөлшерлемесіне тәуелді емес

ә) тұтыну пайыз мөлшерле-месіне тәуелді

б) тұтыну ағымдық табысқа тәуелді емес

в) тұтыну перманентті табысқа тәуелді

2. Ұзақ мерзімде жалпы өндіріс көлемінің әлеуетті өндіріс көлемімен сәйкес келген кездегі тұтыну шығындарының өсуі нені тудырады?

а) жалпы өндіріс көлемінің өсуін

ә) баға деңгейінің өсуін

б) жалпы өндіріс көлемінің және баға деңгейінің өсуін

в) жалпы өндіріс көлемінің төмендеуін және баға деңгейінің өсуін

3. Тұтынушының қарыздары ағымдағы тұтынуды қысқартады, сол себепті:

а) жиынтық сұраныс көлемі қысқарады

ә) жиынтық сұраныс қысқарады

б) жиынтық сұраныс көлемі қысқармайды

в) жиынтық сұраныс қысқармайды

4. Тұтыну функциясы мына түрде жазылады:

а) C = C (Y-T)

ә) C = C (r)

б) C = C (W/P)

в) C = (K)→F(K).

5. Қолда бар табыс мыналардың қайсысының айырмасына тең?

а) жеке табыс пен ұлттық табыстың

ә) жеке табыс пен жеке салықтардың

б) жеке табыс пен трансферттік төлемдердің

в) ешқайсысының айырмасына тең емес

6. Инвестиция мөлшері мен пайыз мөлшерлемесі арасында:

а) кері байланыс бар

ә) тікелей байланыс бар

б) ешқандай байланыс жоқ

в) аса маңызды байланыс жоқ

7. Кейнсиандық теорияда ең маңызды назар неге аударылады?

а) экономикадағы жиынтық шығындарға және олардың факторларына

ә) жиынтық ұсынысқа және оның факторларына

б) пайыз мөлшерлемесіне

в) бағалар мен жалақыға

8. Тұтыну функциясы белгілі бір бұрышқа сәйкес орналасады, ол бұрыш:

а) автономды тұтыну мөлшерімен анықталады

ә) тұтыну мен табыстың арасындағы байланысты анықтайтын коэффициентпен анықталады

б) тұтынуға деген шекті бейімділікпен анықталады

в) тұтынуға деген орташа бейімділікпен анықталады

9. Тұрақты табыс жағдайындағы MPC және MPS көрсеткіштерінің соммасы неге тең:

а) 100

ә) 1000

б) 0

в) 1

10. Мультипликатор нені көрсетеді:

а) сұраныстың ұсынысқа тәуелділігін

ә) ЖҰӨ өсіміне инвестиция өсімінің тәуелділігін

б) инвестиция өсіміне ЖҰӨ өсімінің тәуелділігін

в) ұсыныс өзгерісі мен баға өзгерісі арасындағы тәуелділікті

12. Тұтыну қисығы параллельді түрде жоғарыға қарай жылжиды, егер:

а) қоғамның байлығы өссе

ә) бағалар деңгейі артса

б) тұтынушылар бағалардың өсуін күтсе

в) «а» және «б» жауаптары дұрыс

13. Табыс өскен сайын:

а) MPC пен MPS бірге өседі

ә) MPS өседі, MPC азаяды

б) MPC өседі, MPS азаяды

в) MPS мен MPC бірге қысқарады

14. Инвестиция көлеміне әсер етпейтін факторлар:

а) пайыз мөлшерлемесінің деңгейі

ә) кәсіпкерлердің күтімі

б) табыс деңгейі

в) тұтынуға шекті бейімділік

15. Рецессиялық үзіліс – бұл:

а) Жиынтық ұсыныстың табиғи жұмыстылық деңгейіне дейін өсуі

ә) Жиынтық ұсыныстың экономиканы тұрақтандыру деңгейіне дейін төмендеуі

б) Жиынтық сұраныстың инфляциялық емес жұмыспен қамту деңгейіне дейін қысқаруы

в) Жиынтық сұраныстың инфляциялық емес жұмыспен қамту деңгейіне дейін өсуі

16. Кейнстің қарапайым мультипликатор үлгісі мынаны көрсетеді:

а) табыс өсімінің мемлекеттік шығын өсіміне қатынасын

ә) табыс өсімінің инвестиция өсіміне қатынасын

б) инвестиция өсімінің жинақ өсіміне қатынасын

в) салық өсімінің жинақ өсіміне қатынасын

17. Тұтыну қисығының жоғарыға қарай жылжуы, ереже бойынша:

а) жинақтау қисығының бір уақытта төменге қарай жылжуын білдіреді

ә) жинақтау қисығының бір уақытта жоғарыға қарай жылжуын білдіреді

б) жинақтау қисығының бір уақытта төменге немесе жоғарыға қарай жылжуын білдіреді

в) жинақтау қисығын мүлдем жылжытпайды

18. Кейнсиандық теорияға сәйкес жинақ пен инвестиция динамикасының негізгі факторы болатындар:

а) қолда бар табыс деңгейі

ә) нақты процент ставкасы

б) нақты кассадағы қалдық

в) инвестициялық шығын деңгейі

19. Жинақтауға деген орташа бейімділік мынаған тең:

а) жинақ өзгерісінің табысқа қатынасы

ә) жинақтың табыс өзгерісінің қатынасына

б) жинақтың табысқа қатынасына

в) жинақтың инвестицияға қатынасына

20. Тұрақты табыс теориясының тұжырымдамасы келесідей:

а) тұтыну тәртібі ұзақ мерзімді тәртіптің мүмкіндіктерімен анықталады

ә) тұтыну тәртібі ағымдағы табыс деңгейімен анықталады

б) тұтыну тұрақты табысқа пропорционалды

в) «а» және «б» жауаптары дұрыс

21. Пайыз мөлшерлемесінің төмендеуі:

а) тұтыну мен инвестицияны арттырады

ә) тұтыну мен инвестицияны төмендетеді

б) жинақтың өсуіне алып келеді

в) тұтыну мен жинақты өсіреді

22. Тұтынуға деген шекті бейімділік – бұл:

а) максималды тұтыну

ә) тұтынудың табыстағы үлесі

б) табыс өзгерген кездегі тұтынудың өзгеруі

в) минималды тұтыну

23. Қолда бар табыс неғұрлым жоғары болған сайын, соғұрлым:

а) тұтыну шығыны азая береді

ә) жинақтауға деген шығын көбейеді
б) тұтыну шығыны көбейеді
в) жинақтауға деген шығын азая береді

24. Жинақтауға деген шекті бейімділік – бұл:

а) максималды жинақтау
ә) минималды жинақтау
б) табыстың өзгеруі кезіндегі жинақтаудың өзгеруі
в) жинақтаудың табыстағы үлесі

25. Автономды тұтыну – бұл:

а) тұтынудың тұрақты деңгейі
ә) табысқа байланысты емес тұтыну деңгейі
б) жинақтауға байланысты емес тұтыну деңгейі
в) табысқа байланысты тұтыну деңгейі

26. Тұтыну мен жинақтаудың өмірлік цикл теориясының тұжырымдамасы:

а) мүгедектер өмірлерінің бірінші жартысында қор жинайды
ә) ал екінші жартысында өз жинақтарын жұмсайды;
б) мүгедектер өз тұтынуларын өмір бойы ұтымды түрде жүзеге асырады
в) барлық жауаптар дұрыс

27. Үй шаруашылықтарының тұтынушылық қарыздары өскен кезде, олар:

а) тұтынуды қысқартады
ә) тұтынуды арттырады
б) жинақтауды қысқартады
в) тұтынуды бір қалыпта ұстайды

28. Тұтынуға деген орташа бейімділік – бұл:

а) тұтынуға жұмсалатын табыстың үлесі
ә) тұтынудың өзгерісі
б) табыстың өзгерісі
в) қолда бар табыстың өзгерісі

29. Инвестиция қарқынын не анықтамайды?

а) атаулы ЖҰӨ деңгейі
ә) нақты пайыз мөлшерлемесі
б) салық салу деңгейі
в) экономикалық күтулер

30. Инфляциялық үзіліс дегеніміз:

а) әлеуеттік ЖҰӨ-ң нақты ЖҰӨ-ге теңесуі
ә) жиынтық шығындардың жетіспеушілігі
б) жиынтық шығындардың артықшылығы
в) әлеуеттік шығарылым деңгейіне жету

5-тақырып.
БЮДЖЕТ-САЛЫҚ САЯСАТЫ

Мақсаты: макроэкономикалық тұрақсыздықтың негізгі белгілерін болдырмауға байланысты экономикадағы мемлекеттің бюджет-салық саясатының жүргізілуінің қажеттілігін түсініп, оның мемлекеттік реттеудегі рөлін, түрлерін, жалпы механизмдері мен ерекшеліктерін жан-жақты талдау және олардың тиімділіктерін анықтау. Осы тақырыпқа мына сұрақтар талқылауға шығарылады.

Дәріс жоспары:

1. Бюджет-салық (фискалдық) саясатының мақсаттары, құралдары және түрлері.
2. Бюджет (мемлекеттік шығындар) мультипликаторы. Салық мультипликаторы. Баланстанған бюджет мультипликаторы. Хаавельмо теоремасы.
3. Бюджет тапшылығы, оның түрлері және қаржыландыру әдітері.
4. Мемлекеттік қарыз мәселесі және оны жабу жолдары.

Негізгі түсініктер: бюджет-салық (фискалық) саясаты; дискрециондық ФС; автоматты тұрақтандырғыштар; мемлекеттік бюджет; бюджет тапшылығы, бюджет артықшылығы; бюджет мультипликаторы, салық мультипликаторы; баланстанған бюджет мультипликаторы; Хаавельмо теоремасы; мемлекеттік қарыз; Лаффер қисығы; Лаффер әсері және т.б.

Тақырыптың мазмұны.

Макроэкономикада негізгі мәселелерді шешу мен негізгі мақсаттарды орындау үшін үкімет өз қарамағында макроэкономикалық саясат құралдарын қолданады. Солардың ішінде, үкімет жүргізетін ең басты макроэкономикалық құрал – ол бюджет-салық саясаты. Мемлекет бюджет-салық саясатын жүргізе

отырып, игіліктер нарығында басты макроэкономикалық субъект ретінде жұмыс істейді.

Бюджет-салық (фискалдық) саясаты – бұл макроэкономикалық саясаттың негізгі бір құралы ретінде макроэкономикалық тұрақсыздық пен макроэкономикалық мәселелерді реттеу үшін мемлекеттің шығындары мен салық салу механизмдерін өзгерту арқылы экономиканың іскерлік белсенділік деңгейіне саналы түрде әсер ету шаралары. Бюджет-салық саясаты ұлттық табыс деңгейіне, өндіріс көлемі мен жұмысбастылық деңгейіне және бағаның жалпы деңгейіне әсер ете отырып, жұмыссыздық пен инфляция сияқты макроэкономикалық мәселелерді шешуге бағытталған.

Бюджет-салық саясатының мынадай бірнеше **мақсаттары** бар:

1. Экономикалық циклдің ауытқуларын қалпына келтіріп отыру.

2. Тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз ету.

3. Инфляцияның қалыпты жағдайында жұмысбастылықтың жоғары деңгейіне қол жеткізу.

Қалыптастып отырған экономикалық жағдаятқа (коньюнктура) байланысты бюджет-салық саясатын жүргізудің екі түрі бар:

1. Дискрециялық бюджет-салық саясаты.

2. Дискрециялық емес бюджет-салық саясаты.

Дискрециялық бюджет-салық саясаты – бұл үкіметтің арнайы шешімдері бойынша салық салуды, мемлекеттік бюджет сальдосын және мемлекеттік шығындар көлемін мақсатты бағытта өзгерту шараларынан тұратын іс-қимылдар. Саясаттың бұл түрін жүргізу барысында үкімет арнайы заңдар қабылдап, инфляция қарқынын, жұмысбастылық деңгейін, өнім көлемі мен төлем балансы жағдайын мақсатты түрде өзгертіп отырады. Дискрециялық саясат экономикалық құлдырау кезеңінде жиынтық сұранысты ынталандыру мақсатында мақсатты түрде мемлекеттік шығындарды арттырып немесе салық салу деңгейін қысқартып, бюджет тапшылығын тудырады және, керісінше, экономикалық өрлеу кезеңдерінде бюджет артықшылығын қалыптастырады. Соған байланысты, дискрециялық бюджет-салық саясатының өзі екіге бөлінеді:

1. Ынталандырушы бюджет-салық саясаты (экспансиялық саясат немесе қазыналық экспансия) – бұл қысқа мерзімді кезеңде экономикадағы циклдік құлдырауды жою мақсатында мемлекеттік шығындарды арттыру, салық салуды төмендету немесе осылар арқылы біріктірілген құрастырма шаралардан құралған іс-қимылдар кешені. Басқаша, бұл белсенді фискалдық саясат деп аталады.

2. Тежеуші бюджет-салық саясаты (қазыналық шектеу) – бұл экономиканың циклдік дамуын тежеу мақсатында мемлекеттік шығындарды төмендету, салық салуды арттыру немесе біріктірілген құрастырма шаралардан құралған іс-қимылдар кешені. Демек, бұл енжар фискалдық саясат болып саналады.

Дискрециялық бюджет-салық саясатының құралдары:

- салық мөлшерлемесін өзгерту;
- қоғамдық жұмыс жобалары;
- халықты жұмыспен қамту.

Дискрециялық емес бюджет-салық саясаты – бұл үкіметтің арнайы шешім қабылдауын талап етпей, автоматты тұрақтандырғыштар арқылы мемлекеттік бюджеттің кірістері мен шығыстарының өздігінен реттелуін қамтамасыз ететін еркін іс-шаралар кешені.

Автоматты (кіріктірме) тұрақтандырғыштар – үкіметтің саясатын жиі өзгертпей-ақ, өнім көлемі мен жұмысбастылық деңгейінің циклдік ауытқуларын төмендетуге мүмкіндік беретін экономикалық тетіктер жүйесі. Мұндай тұрақтандырғыштарға үдемелі салық салу, мемлекеттік трансферттік төлемдер, жұмыссыздықтан сақтандыру, пайданы бөлісу жүйелері жатады.

Экономиканың өрлеу кезеңдерінде автоматты тұрақтандырғыштар бюджетке түсетін салықтардың артуына және бюджет артықшылығының орын алуына мүмкіндік береді. Ал экономиканың құлдырау кезеңдерінде бұл үрдістер керісінше жүріп отырады. 5.1-суреттен үдемелі салық салу ретіндегі автоматты тұрақтандырғыштардың іске қосылу механизмін көруге болады.

Оң көлбеулі өспелі салық T қисығы салық мөлшерлемесіне t тәуелді болып табылады. E нүктесінде мемлекеттік бюджеттің баланстылығы орындалады. Табыстың әрбір деңгейіндегі салықтық түсімдер мына формуламен анықталады: $Y_t = T$. Егер



5.1-сурет. Үдемелі салық салу және автоматты тұрақтандырғыштар

табыс 500 млрд.теңге болса, онда 20%-дық салық мөлшермелесі кезіндегі салықтық түсімдер 100 млрд. теңгеге тең болады. Табыс одан ары ұлғайса, салық мөлшерлемесі де солай жоғарылайды және Т қисығы аса тіктеу сипатқа ие болады. Керісінше, табыс төмендегенде t шамасы да төмендейді және Т қисығы аса жатыңқы болады.

Экономиканың автоматты тұрақтандырғыштары дискрециялық қазыналық саясаттың уақытша кешеуілдеу мерзімінің ұзақтылығы мәселесін салыстырмалы түрде жұмсартып отырады, өйткені бұл механизмдер парламенттің қатысуынсыз да жұмыс істей береді.

Сонымен, дұрыс ойластырылған бюджет-салық саясаты мемлекеттің инвестициялық мүмкіндіктерін арттыруға және кәсіпкерлік белсенділікті көтеруге, азаматтардың әлеуметтік қамтамасыз етілуін арттыруға, ел экономикасының бәсекелік қабілеттілігін нығайтуға және елдің халықаралық жағдайларын жақсартуға өз септігін тигізеді.

Үкімет дискрециялық бюджет-салық саясатын жүргізу кезінде жиынтық сұранысқа да, жиынтық ұсынысқа да бірдей әсер етеді. Кейнстік бағыт шеңберінде бюджет (мемлекеттік шығындар) мультипликаторы, салық мультипликаторы және баланстанған бюджет мультипликаторы сияқты үш мультипликатордың іске қосылуы есепке алынады. Ал ұсыныс теориясы шеңберінде «Лаффер әсері» қарастырылады.

Бюджет мультипликаторы мемлекеттік шығындар динамикасының өзгеруі нәтижесінде ұлттық өндірісте орын алатын

өзгерістерді сипаттайды. Ол мемлекеттік шығындардың бір бірлікке ұлғаюы кезіндегі ұлттық өндіріс көлемінің қанша есеге өсетінін көрсетеді және ол мына формула бойынша анықталады:

$$\mathbf{m_g = \Delta Y / \Delta G = 1 / 1 - MPC = 1 / MPS,}$$

мұнда, ΔY – өндіріс көлемінің өсімі;

ΔG – мемлекеттік шығындар өсімі;

MPC – тұтынуға шекті бейімділік;

MPS – жинақтауға шекті бейімділік.

Мемлекеттік шығындар мультипликаторының жұмыс істеуін кейнстік крест графигінің көмегімен түсіндіруге болады (5.2-сурет). Егер мемлекеттік шығындар ΔG-ға өсетін болса, онда жоспарланған шығындар қисығы жоғары жылжиды, тепе-теңдік А нүктесінен В нүктесіне ауысады, ал өндірістің тепе-теңдік көлемі ΔY шамасына Y_1-ден Y_2-ге ұлғаяды және ол шама мына теңдікпен анықталады:



5.2-сурет Мемлекеттік шығындар өсуінің өнім көлеміне әсері

Сонымен, экономиканы жандандыру және өндіріс көлемін ұлғайту мақсатында мемлекет ынталандырушы бюджет-салық саясатын жүргізу кезінде өзінің шығындарын арттыруы қажет. Және, керісінше, экономиканың қызып кетуі жағдайында мемлекет тежеушілік шараларды қолдану арқылы өзінің шығындарын қысқартуы тиіс.

Салықтар мөлшерінің өзгеруі де табыстың тепе-теңдік деңгейіне

гейіне мультипликативтік әсер береді, бірақ оның әсері аса жұмсақтау, яғни салық мультипликаторы өзінің шамасы бойынша мемлекеттік шығындар мультипликаторынан кіші болып келеді және ол мына формуламен есептеледі:

$$\mathbf{m_t = \Delta Y / \Delta T = -MPC / 1 - MPC,}$$

және, бұл салықтардың бір бірлікке өзгеруі кезінде табыстың бірнеше есеге өзгеруін немесе салықтардың өзгеруі есебінен туындаған ұлттық өндіріс көлемі өзгеруінің салықтардың өзгеруіне қатынасын көрсетеді.

Ал жиынтық табыстың өзгеруін мына формуладан көре аламыз:

$$\mathbf{\Delta Y = -\Delta T \times MPC / 1 - MPC.}$$

Экономиканы жандандыру үшін, мемлекет салықтарды қысқартуы қажет, ал кері жағдайда, экономиканың қызып кетуінен сақтану үшін, салықтарды жоғарылатуы қажет. Салық мультипликаторының жұмыс істеу механизмі 5.3-суретте көрсетілген.



5.3-сурет. Салықтар қысқаруының өнім көлеміне әсері

Егер үкімет мемлекеттік шығындарды арттыру кезінде бюджеттің баланстылығын сақтауға ұмтылса және ол үшін салықтық түсімдер мөлшерін ұлғайтса, яғни мемлекеттік шығындар мен салықтық түсімдер шамасы бір бағытта өзгерсе, онда баланстанған бюджет мультипликаторының әсері орын алады. Бұл

мультипликатордың іске қосылуының мәні мынада: мемлекеттік шығындар мен салықтардың белгілі бір уақытта бірдей шамаға ($\Delta G = \Delta T$) өсуі кезінде, өндірістің тепе-теңдік көлемі де дәл сол шамаға артады, $\Delta Y = \Delta G = \Delta T$.

Айталық, үкімет қосымша мемлекеттік шығындарды жабу үшін салық саясатын қатаңдатып, салық мөлшерлемелерін көтерді. Сөйтіп, осы шараларды іске асырудың нәтижесінде мемлекеттік шығындар да, салықтық түсімдер де 100 мың теңгеге өсті делік. Тұтынуға шекті бейімділік 0,8-ге тең. Енді бұл жерде үкіметтің жүргізген шараларының салдарынан туындаған өндірістің тепе-теңдік көлемінің өзгеру шамасын анықтау қажет. Ол үшін мемлекеттік шығындар мен салық мультипликаторларының мәндерін анықтаймыз:

$$m_g = \Delta Y / \Delta G = 1 / 1 - MPC = 1 / MPS = 1/ 0{,}2 = 5,$$
$$m_t = \Delta Y / \Delta T = -MPC / 1 - MPC = -0{,}8 / 0{,}2 = -4.$$

Бұл жағдайда мемлекеттік шығындар есебінен болған Y-дің өсімі мынаны құрады:

$$\Delta Y_g = \Delta G \times m_g = 100 \times 5 = 500.$$

Ал салықтардың өсуі нәтижесінде болған Y-дің қысқаруы мынаған тең болды:

$$\Delta Y_t = \Delta T \times m_g = 100 \times (-4) = -400.$$

Олай болса, ұлттық өндіріс көлемінің жалпы өзгерісі мынаған тең болады:

$\Delta Y = \Delta Y_g + \Delta Y_t = 500 - 400 = 100$, яғни өндіріс көлемі мемлекеттік шығындар мен салықтардың бастапқы өзгерістері сияқты шамаға өзгереді.

Бұл қорытынды экономикадан 1989 жылғы Нобель сыйлығының иегері, норвегиялық ғалым Трюгве Хаавельмо атымен байланысты **«Хаавельмо теоремасы»** деген атқа ие болды.

Баланстанған бюджет мультипликаторының әрекеті мынамен байланысты, яғни мемлекеттік шығындардың ұлғаюы әсеріне қарағанда, салықтардың өсімінен болған мультипликативтік әсер әлсіздеу болады. Сондықтан салық саясаты ЖІӨ көлеміне әсер ететін жанама шараларға, құралға жатады, ал сол мезетте мемлекеттік шығындарды өсіру арқылы үкімет ЖІӨ-ге тікелей

әсер ете алады. Мұндай ерекшелік бюджет-салық саясатының құралдарын таңдау кезінде шешуші болып табылады: экономикада циклдік құлдыраудың алдын алу үшін мемлекеттік шығындар артады (бұл аса күшті ынталандырушылық әсер болып табылады), ал экономикалық өрлеу жағдайында инфляциялық дүмпулерді басу үшін салықтар өседі (бұл сондай жұмсақ шектеуші шара ретінде саналады).

«Ұсыныс экономикасы» теориясын жақтаушылар салық мөлшерлемесін төмендетуді экономикалық өсудің маңызды факторы деп санайды. Американдық экономист Артур Лаффер (1941 жылы туылған) өткен ғасырдың 80-жылдары АҚШ президенті Рональд Рейганның экономиканы тұрақтандыру бағдарламасына қатысу барысында өзінің теориясын қалыптастырды. Ол «Лаффер қисығы» арқылы сипатталатын «Лаффер әсері» деген атқа ие болды.

Лаффер қисығы – бұл бюджетке түсетін салықтық түсімдердің салық мөлшерлемесінің деңгейіне тәуелділігін сипаттайтын қисық сызық. Салықтың нөлдік деңгейі кезінде мемлекет қазынасына ешқандай салықтық түсімдер түспейді. Салық мөлшерлемесінің 50%-ға (кейбір әдебиет көздерінде 35%-ға дейін) дейін өсуі кезінде бюджетке түсетін салықтық түсімдер максимум деңгейіне жетеді, ал салық мөлшерлемесінің одан ары артуы, бюджеттік түсімдерді төмендетеді. Бұл кәсіпкерлік қызметке деген ынтаны төмендетеді (себебі салықтың жоғары мөлшерлемесі кезінде кәсіпкерлер мен тұрғындар өздерінің тапқан табыстарының едәуір бөлігін мемлекет қазынасына аударуға мәжбүр болады). Өз кезегінде, кәсіпкерлер банкроттыққа ұшырайды, соның салдарынан олар салықтан жалтарып және өз табыстарының бір бөлігін жасырып «көлеңкелі» бизнеске кетуі мүмкін. 100%-дық салық мөлшерлемесі кезінде экономикалық қызмет толығымен тоқтайды. Лаффер қисығы 5.4-суретте көрсетілген.

Сонымен, **Лаффер әсері** – бұл кәсіпкерлік табысқа салынатын салықтардың тым жоғары болуына байланысты инвестициялық белсенділіктің жоғалуы мен еңбекке ынтаның төмендеуі салдарынан ресми экономиканың көлеңкелі экономикаға өтуі.



5.4-сурет. Лаффер қисығы

Алайда, Лаффердің теориясы туралы көптеген экономистердің арасында пікірталас туындап, тәжірибе жүзінде Лаффер әсері күтілетін нәтижелер әкелмеген деп жиі айтылады. Салықтарды төмендету мемлекеттің табыстарын қысқартады, бірақ бұл қысқа мерзімді құбылыс, ал ұзақ мерзімде салықтардың төмендеуі халықтың жинақтарын арттырады, инвестициялар мен жұмысбастылық өседі деген жорамалдар айтылған болатын. Бірақ бұл жерде экономиканың қисықтың қай жағында орналасқанын анықтау қиын. Сол себепті, сол уақыттарда АҚШ экономикасы бюджет тапшылығы мәселесін бастан кешіп халық жинақтары мен еңбек ұсынысы күтілгендей өсе қоймаған. Демек, инвестициялар көлеміне салық мөлшерлемесінен басқа көптеген факторлар әсер етеді. Сондықтан бұл теорияның тәжірибеде қолданылуы аса мәселелі және күрделі болып табылады.

Ең алдымен, бюджет-салық саясатының мән-мағынасын жете түсіну үшін, мемлекеттік бюджет туралы қарастыруымыз қажет.

Мемлекеттік бюджет – мемлекеттің міндеттері мен қызметтерін қаржыландыруға арналған ақша-қаражаттарын қалыптастырудың және шығындаудың нысаны; заңдылық тәртіппен бекітілген мемлекеттің кірістері мен шығыстарының құрылымы. Мемлекеттік бюджеттің атқарылуын талдауда мемлекеттік шығындардың орны ерекше болады.

Мемлекеттік шығындар төртке бөлінеді:

1. Мемлекеттік тұтыну (C_G).

2. Мемлекеттік инвестициялар (I_G).

3. Трансферттік төлемдер (Tr).

4. Мемлекеттік қарыз бойынша пайыздарды төлеу (rD_G)

Олай болса, жиынтық мемлекеттік шығындар мынаған тең:

$$G = C_G + I_G + Tr + rD_G.$$

Сонымен қатар, мемлекеттік бюджеттің кіріс бөлігі де аса маңызды. *Мемлекеттік кірістің көздері мыналар:*

1. Салықтар (T_x), соның ішінде, **тікелей (T_x^{dir})** және **жанама (T_x^{ind})** салықтар. Олай болса, **жиынтық салықтар** мынаған тең:

$$T_x = T_x^{dir} + T_x^{ind}.$$

Осы жерде, таза салықтар (T) деген ұғым да қарастырылады.

Таза салықтар – жиынтық салықтар мен трансферттік шығындардың арасындағы айырма:

$$T = T_x - Tr.$$

2. Мемлекеттік секторда игіліктерді өндіріп сатуынан түскен мемлекеттің факторлық табыстары (Y_G).

3. Мемлекеттік қарызды жасау және одан түскен табыстар (D_G).

Толығырақ, мемлекеттік бюджеттің кірістері мен шығыстары туралы категорияларды төмендегі кестемен түсіндіруге болады.

Бюджет-салық саясатын әзірлеу және оны іске асыру жауапкершілігін мемлекеттің атқарушы және заң шығарушы билік органдары өз мойнына алады. Экономикалық саясатпен қаруланған саяси үрдіс өте күрделі құбылыс болып табылады және ол үнемі жетілділіріп отыруды талап етеді. Тарихи тұрғыдан алғанда, мемлекеттік шығындардың жалпы ұлттық өнімнің (ЖҰӨ) құрамындағы үлесі XX ғасыр бойы өсудің тұрақты үрдісінде болды. Сол уақытта, неміс экономисі Адольф Вагнер осы үрдісті бірінші болып байқағандықтан, «Вагнер заңы» деген құбылыс пайда болды.

Вагнер заңы – бұл әлемдік экономиканың дамуымен байланысты ЖҰӨ-гі мемлекеттік шығындар үлесінің тұрақты түрде өсіп отыру құбылысы.

Біз білетініміздей, мемлекеттік бюджеттің үш күйі қарастырылады:

5.1-кесте. **Мемлекеттік шығыстар мен кірістердің негізгі категориялары**[1]

Мемлекеттік шығыстар		Мемлекеттік кірістер	
1. Мемлекеттік тұтыну	А) Мемлекеттік қызметкерлерге жалақы төлеу (Y_g^H) Ә) Тауарлар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алу (C_G)	5. Мемлекеттік секторда жасалған игіліктерді сату (факторлық табыс)	(Y_G)
2. Мемлекеттік инвестициялар	(I_G)	6. Салықтар	А) Тікелей салықтар (T_x^{dir}). Ә) жанама салықтар (T_x^{ind})
3. Трансферттер мен субсидиялар	А) Үй шаруашылықтарына трансферттер (Tr_H) Ә) Бизнеске субсидиялар беру (Tr_B)	7. Мемлекеттік қарызды жасау	(D_G)
4. Мемлекеттік қарызды жабу	(rD_G)		

[1] Селищев А. С. Макроэкономика. 3 - е изд. - Спб.: Питер, 2005. Глава 4.

1. Егер мемлекеттік бюджеттің шығыстары оның кірістеріне тең болса, онда *баланстанған мемлекеттік бюджет* орын алады.

2. Егер мемлекеттік бюджеттің шығыстары оның кірістерінен асып кетсе, онда *бюджет тапшылығы* орын алады.

3. Егер мемлекеттік бюджеттің кірістері оның шығыстарынан асып кетсе, онда сәйкесінше, *бюджет артықшылығы* орын алады.

Қазіргі уақытта, әлемнің көптеген елдері өз бюджеттерін тапшылықпен орындап отырады. Соның ішінде, Қазақстанның республикалық бюджетінің қазіргі күйі және оның тапшылығы туралы да атап өтуге болады (5.2-кесте).

***5.2-кесте.* 2011-2013 жылдарға арналған Қазақстан республикалық бюджетінің түсімдері, шығыстары және тапшылығы туралы деректер**

Жылдар	Бюджет түсімдері	Бюджет шығыстары	Бюджет тапшылығы
2011	**4 041,3** млрд. теңге	**4 643,8** млрд. теңге	**602,5** млрд. теңге
2012	**4 365,1** млрд. теңге	**4 947,0** млрд. теңге	**581,9** млрд. теңге
2013	**4 770,1** млрд. теңге	**5 152,4** млрд. теңге	**382,3** млрд. теңге

Дерек көзі: www.minplan.kz

Кестеден көріп отырғанымыздай, болжам бойынша осы жылдары экономиканың дамуымен қатар Қазақстан республикалық бюджетінің кірістері мен шығыстары да өсе түседі. Ал бюджет тапшылығы кемімелі сипатта болады, оның ЖІӨ-гі пайыздық үлесі азая береді. Яғни, бюджет тапшылығы 2011 жылға **жалпы ішкі өнімнің 2,8%-н**, 2012 жылға **жалпы ішкі өнімнің 2,5%-н** және **2013 жылға жалпы ішкі өнімнің 1,5%-н** құрайтын болады.

Экономиканың циклдік сипаты мемлекеттік бюджеттің баланстылығын тұрақты түрде қолдап отыруға мүмкіндік бермейді. Экономикалық құлдырау кезінде бюджет тапшылықты, ал өрлеу фазаларында артықшылықты болып табылады. Өз кезегінде, мемлекеттің бюджет тапшылығы немесе артықшылығы экономиканың циклдік ауытқуларын жұмсартып отыру механизміне үнемі қатысып отырады. Дискрециялық бюджет-салық саясатының нәтижелерін экономиканың циклдік толқуларының нәтижелерінен айырмашылығын көрсету үшін толық жұмысбастылық бюджетін есептеу қажет. Толық жұмысбастылық кезіндегі бюджеттің негізінде бюджет тапшылығының мынадай түрлері ажыратылады:

1) құрылымдық бюджет тапшылығы – толық жұмысбастылық пен нақты жұмысбастылық кезіндегі бюджет тапшылықтарының арасындағы айырмашылық, яғни ол толық жұмысбастылық пен нақты салық салу жағдайындағы мемлекеттік бюджеттің кірістері мен шығыстары арасындағы айырмашылық ретінде анықталады.

2) циклдік бюджет тапшылығы – нақты бюджет тапшылығы мен құрылымдық бюджет тапшылығы арасында айырмашылық ретіндегі бюджет тапшылығының бір түрі. Циклдік тапшылық экономикалық белсенділіктің ауытқу себептерімен түсіндіріледі.

Мемлекеттің алдында бюджет тапшылығын жабу мәселесі тұрады. Бюджет тапшылығын қаржыландырудың бірнеше әдістері бар. Солардың ішінде ең негізгілері мыналар:

• *ақша эмиссиясы;*

• *Орталық банктен қарыз алу;*

• *жеке сектордан және сыртқы көздерден қарыз алу.*

Бюджет тапшылықтарының ел экономикасына әсер етуі көбінесе, сол елдің тапшылықты жоюда таңдап алған әдісімен анықталады.

Ақша басып шығару – бюджет тапшылығы мәселесін шешудің ең қарапайым және жылдам жүргізілетін әдісі. Көптеген елдер соғыс уақытында және ұзаққа созылған дағдарыстар кезеңдерінде осындай әдісті кеңінен қолданды. Алайда бұл саясаттың арты экономика үшін жағымсыз салдарлармен ұласатын болды: бақылауға көнбейтін инфляцияның қаупі туындайды және соған байланысты ұзақ мерзімдік инвестициялар үшін ынта бірден жоғалады, халықтың және кәсіпорындардың ақшалай жинақтары құнсызданады, ұлттық валютаның бағамы төмендейді.

Орталық банктен қарыз алу әдісі де ақша массасының инфляциялық ісінуін туындататын шара болып табылады. Қазіргі уақытта, көптеген елдердің эмиссиялық банкі атқарушы және заң шығарушы билік органдарынан конституциялық жағынан бекітілген тәуелсіздікке ие, нәтижесінде үкіметке баспа құралын қолдану арқылы өз мәселелерін шешуіне мүмкіндік бермейді.

Жеке сектордан және сыртқы көздерден қарыз алу құралдары – бюджет тапшылығын жоюдың үшінші әдісі ретінде аса сенімді әдіс. Олар мемлекеттік бағалы қағаздарды сату, бюджеттен тыс қорлардан қарыз алу және банктерден несие алу түрінде жүзеге асырылады. Мұндай әдісті қолдану кезінде **«ығыстыру әсері»** деген ерекше құбылыс пайда болады: жеке сектордың ақшаларын алудың салдарынан сол қаржылардың инвестиция ретіндегі пайдаланылу мүмкіндіктері азайып, жеке секторды эко-

номикадан ығыстыру әсері орын алады. Соңғы нәтижесінде бұл әдіс инфляциялық үрдістердің дамуын болдырып, экономикадағы инвестицияларды қысқартады, тауарлардың өндірісі шектеледі.

Мемлекеттік бюджет тапшылығы мен мемлекеттік қарыз арасында тығыз байланыс бар. Мемлекеттік қарыздың пайда болу себептері, ең алдымен, экономика үшін қиын кезеңдермен байланысты: соғыс қимылдары, терең және ұзақ мерзімдік экономикалық дағдарыстар, осы уақытқа дейін жинақталған бюджет тапшылықтарының көлемі. Мемлекеттік қарыздың ұлғаюының негізгі жағымсыз салдарлары – ол мемлекеттің қарыз бойынша төлемдерінің өсуі, ел ішіндегі тұтыну мен жинақтардың қысқаруы.

Мемлекеттік қарыз – бұл мемлекеттің алдында тұрған физикалық және заңды тұлғаларға, шетел мемлекеттеріне, халықаралық ұйымдар мен субъектілерге деген қарыздық міндеттемелері. Мемлекеттің ішкі және сыртқы қарыздары болады.

Ішкі қарыз – бұл мемлекеттік бюджет тапшылығын жабу үшін ел ішіндегі резиденттерден алған қарыз сомалары.

Сыртқы қарыз – бұл мемлекеттік бюджет тапшылығын жабу үшін шетелдердегі резидент емес тұлғалардан (үкіметтен, ұйымдардан, азаматтардан) алған қарыз сомалары.

Ішкі қарыздан гөрі сыртқы қарыз әрқашан да экономика үшін аса қауіпті болады. Мемлекеттік бюджеттің қаражаттары жетіспеген жағдайда мемлекет ішкі және сыртқы инвесторлары алдында өзінің қарыздық міндеттемелерін жабудан және солар бойынша пайыздарды төлеуден бас тартуы мүмкін, яғни мемлекет *тәуелсіздік дефолтын* жариялайды. **Дефолт** – бұл мемлекеттің банкроттыққа ұшырауы.

Мемлекеттік қарызды бағалау келесідей көрсеткіштердің көмегімен жүзеге асырылады:

1. Мемлекеттік қарыздың жалпы көлемінің ЖІӨ көлеміне қатынасы.

Қарыз / ЖІӨ.

Қарыздың ЖІӨ-ге қатынасы 80%-дан аспауы тиіс.

2. Қарызға нақты қызмет көрсету коэффициенті – қарызды жабуға бағытталған қаржы көлемінің (қарызды және сол бо-

йынша пайыздарды біртіндеп жабу) бюджет шығындарына қатынасы. Егер бұл көрсеткіштің мәні 20%-дан асса, онда қарыздың ауыртпашылығы өте жоғары және тым ауыр деп саналады.

3. Сыртқы қарызға қызмет көрсету коэффициенті – сыртқы қарызды жабу бойынша шығындардың экспорт көлеміне қатынасы.

Мемлекеттік қарызды төмендетудің келесідей механизмдері бар:

• *қарызды қайта құрылымдау;*

• *қарызды конверсиялау.*

Қарызды қайта құрылымдау деп біз «ескі» қарыздық міндеттемелерді қарызды жабудың аса жақсы әрі «жеңіл» шарттарымен (аса төмен пайыздық мөлшерлемелер, төлем мерзімдерін ұзарту және т.б.) ауыстыруды айтамыз. Көрсетілген бұл шара кедей және жағдайлары аса төмен елдерге тән құбылыс болып табылады.

Мемлекеттік қарызды конверсиялау дегеніміз – қарыз міндеттемелерін тауарлық жеткізілімдерге немесе кәсіпорын акцияларына (своп) айырбастау. Алайда, біздің елдің шетелдіктерге қарыздық міндеттемелер үшін бергісі келетін акциялары әрқашанда әлемдік нарықтарда сұранысқа ие бола бермейді.

Мемлекеттік қарыздың пайда болу себептері әлем елдерінде әртүрлі болып табылады және оның өзіндік тарихы болады. Мәселен, соңғы жылдары Қазақстанның сыртқы қарызы өсе түсті деп айтуымызға болады. Отандық банктердің сыртқы көздерден орасан зор қарыз алғандарының салдарынан, еліміз дамушы мемлекеттердің арасынан бірінші болып әлемдік қаржы дағдарысының әсерін сезді. Осы уақытқа дейін отандық банктер өз қарыздарының біраз бөлігін (1/3-н) жапқанымен сыртқы қарыз көлемі әлі төмендеген жоқ (5.2, 5.3-кестелер).

5.3-кесте. **1998-2004 жылдар аралығындағы Қазақстанның сыртқы қарызының абсолютті және салыстырмалы параметрлері**

Көрсеткіштер атауы	1998	1999	2000	2001	2002	2003	2004
А. Абсолютті параметрлер (млн. АҚШ долларымен)							
1. Жиынтық сыртқы қарыз	9 932,2	12 080,8	12 684,6	15 157,5	18 251,5	22 920,2	32 713,2
2. Мемлекеттік қарызды жабу бойынша төлемдер	1 519,9	1 889,6	3 277,9	3 834,2	4 094,9	5 258,7	8 185,3
Ә. Салыстырмалы параметрлер							
1. Жан басына шаққандағы жиынтық сыртқы қарыз (АҚШ долларымен)	429,7	397,2	387,1	423,0	507,6	731,4	1 063,9
2. Жиынтық сыртқы қарыздың ЖІӨ-ге қатынасы (%, пайызбен)	44,9	71,6	69,3	68,5	74,8	74,3	75,7
Б. Қосымша параметрлер							
Халық саны (мың адам)	14 955,6	14 898,8	14 861,4	14 841,8	14 857,7	14 953,9	15 074,8
Жалпы ішкі өнім (млрд. тенге)	1 733,3	2 016,5	2 599,3	3 250,6	3 776,3	4 612,0	5 870,1
Жалпы ішкі өнім (млрд. АҚШ долларымен)	22,14	16,87	18,3	22,1	24,4	30,8	43,2

Дерек көзі: www.nationalbank.kz, www.stat.kz

Қазақстанның жиынтық қарызының осындай тым көп болуына байланысты мемлекеттің әлі күнге дейін дефолт жариялайтындай қаупі бар екендігін айтуға болады. Яғни, кестеде келтірілген қарыз бойынша деректердің барлығын мемлекет үшін қауіпті сандарға жатқызуға болады. Қатарынан 5 жыл бойы қарыздың көлемі өзінің тиісті деңгейінен асып кеткен. Осыған қарап, жоғарыда

көрсетілгендей, қарыздың ЖІӨ-ге қатынасының 80%-дан жоғары болуына әрі қарай жол бермеуіміз қажет. Сондықтан жоғарыда аталған мемлекеттік қарызды жабудың жолдарын тиімді түрде жүргізген жөн.

5.4-кесте. **2005-2010 жылдар аралығындағы Қазақстанның сыртқы қарызының абсолютті және салыстырмалы параметрлері**

Көрсеткіштер атауы	2005	2006	2007	2008	2009	2010
А. Абсолютті параметрлер (млн. АҚШ долларымен)						
1. Жиынтық сыртқы қарыз	43 428,5	74 014,1	96 893,0	107 933,4	113 239,3	119 242,5
2. Мемлекеттік қарызды жабу бойынша төлемдер	11 053,8	11 847,5	25 445,3	31 830,5	30 426,9	21 831,1
Ә. Салыстырмалы параметрлер						
1. Жан басына шаққандағы жиынтық сыртқы қарыз (АҚШ долларымен)	1 590,3	3 150,5	4 292,3	4 293,4	3 930,3	4 015,9
2. Жиынтық сыртқы қарыздың ЖІӨ-ге қатынасы (%, пайызбен)	76,0	91,4	92,4	80,9	98,6	81,7
Б. Қосымша параметрлер						
Халық саны (мың адам)	15 217,7	15 394,6	15 565,6	15 776,5	16 036,1	16 433,8
Жалпы ішкі өнім (млрд. тенге)	7 591,0	10 213,6	12 849,8	16 052,9	17 007,6	21 513,5
Жалпы ішкі өнім (млрд. АҚШ долларымен)	57,1	81,0	104,9	133,5	114,8	146,0

Дерек көзі: www.nationalbank.kz, www.stat.kz

Қорытынды

1. Бюджет-салық саясаты – макроэкономикалық саясаттың негізгі бір құралы ретінде макроэкономикалық тұрақсыздық пен макроэкономикалық проблемаларды реттеу үшін мемлекеттің шығындар мен

салық салу механизмдерін өзгерту арқылы экономиканың іскерлік белсенділік деңгейіне саналы түрде әсер ету шаралары. Бюджет-салық саясаты ұлттық табыс деңгейіне, өндіріс көлемі мен жұмысбастылық деңгейіне және бағаның жалпы деңгейіне әсер ете отырып, жұмыссыздық пен инфляция сияқты макроэкономикалық проблемаларды шешуге бағытталған.

2. Бюджет-салық саясатының дискрециялық және дискрециялық емес деген түрлері бар. Дискрециялық бюджет-салық саясаты елдің экономикалық белсенділігін өзгертуге бағытталады және ол ынталандырушы және тежеуші болып бөлінеді. Дискрециялық емес бюджет-салық саясаты үкіметтік арнайы шешімдерін талап етпей-ақ автоматты тұрақтандырғыштарға негізделеді.

3. Үкімет дискрециялық бюджет-салық саясатын жүргізу кезінде жиынтық сұранысқа да, жиынтық ұсынысқа да бірдей әсер етеді. Кейнстік бағыт шеңберінде бюджет (мемлекеттік шығындар) мультипликаторы, салық мультипликаторы және баланстанған бюджет мультипликаторы сияқты үшін мультипликатордың іске қосылуы есепке алынады. Ал ұсыныс теориясы шеңберінде «Лаффер әсері» қарастырылады.

4. Бюджет-салық саясатының мән-мағынасын жете түсіну үшін мемлекеттік бюджет туралы қарастыруымыз қажет. Мемлекеттік бюджет – мемлекеттің міндеттері мен қызметтерін қаржыландыруға арналған ақша-қаражаттарын қалыптастырудың және шығындаудың нысаны; заңдылық тәртіппен бекітілген мемлекеттің кірістері мен шығыстарының құрылымы. Мемлекеттік бюджеттің атқарылуын талдауда мемлекеттік шығындардың орны ерекше болып табылады.

5. Толық жұмысбастылық кезіндегі бюджеттің негізінде бюджет тапшылығының мынадай түрлері ажыратылады: 1) құрылымдық бюджет тапшылығы – толық жұмысбастылық пен нақты жұмысбастылық кезіндегі бюджет тапшылықтарының арасындағы айырмашылық; 2) циклдік бюджет тапшылығы – нақты бюджет тапшылығы мен құрылымдық бюджет тапшылығы арасында айырмашылық ретіндегі бюджет тапшылығының бір түрі. Циклдік тапшылық экономикалық белсенділіктің ауытқу себептерімен түсіндіріледі.

6. Бюджет тапшылығын қаржыландырудың бірнеше әдістері бар: 1) ақша эмиссиясы; 2) Орталық банктен қарыз алу; 3) жеке сектордан және сыртқы көздерден қарыз алу. Бюджет тапшылықтарының ел экономикасына әсер етуі көбінесе, сол елдің тапшылықты жоюда таңдап алған әдісімен анықталады.

7. Мемлекеттік қарыз – мемлекеттің алдында тұрған физикалық және заңды тұлғаларға, шетел мемлекеттеріне, халықаралық ұйымдар

мен субъектілерге деген қарыздық міндеттемелері. Мемлекеттің ішкі және сыртқы қарыздары болады. Ішкі қарыз – мемлекеттік бюджет тапшылығын жабу үшін ел ішіндегі резиденттерден алған қарыз сомалары. Сыртқы қарыз – мемлекеттік бюджет тапшылығын жабу үшін шетелдердегі резидент емес тұлғалардан (үкіметтен, ұйымдардан, азаматтардан) алған қарыз сомалары.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары

1. Бюджет-салық саясатының қандай түрлері бар?
2. Елдің бюджет жүйесінің құрылымы қандай?
3. Елдің бюджет табыстарының көздері қандай?
4. Елдің бюджет шығыстарының баптары қалай жүзеге асырылады?
5. Дискрециялық фискалдық саясат қандай мақсаттарға бағытталады?
6. Мемлекеттік шығындар мультипликаторы қалай есептеледі?
7. Салық мультипликаторы қандай мақсаттар үшін есептеледі?
8. Баланстанған бюджет мультипликаторы қалай анықталады?
9. Автоматты тұрақтандырғыштар қандай жағдайларда іске қосылады?
10. Лаффер қисығы нені сипаттайды?
11. Бюджет тапшылығын қаржыландырудың көздері қандай?
12. Мемлекеттік қарызды жабудың қандай әдістері бар?

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі
Негізгі:

1. *Мамыров Н. Қ., Тілеужанова М. Ә.* Макроэкономика: Оқулық. - Алматы: Экономика, 2003. Тарау 6.

2. Макроэкономика: учебник / Под общ. ред. *А. А. Абишева, К. А. Хубиева.* – Алматы: «Экономика», 2007. Раздел 1, глава 2, Раздел 2, глава 4.

3. *Вечканов Г. С., Вечканова Г. Р.* Макроэкономика. 2 - е изд. - Спб.: Питер, 2008. Глава 11.

4. *Агапова Т. А., Серегина С. Ф.* Макроэкономика: учебник / Под общ. ред. д.э.н., проф. А. Ф. Сидоровича; МГУ им. *М.В. Ломоносова.* – 8 - е изд., перераб. и доп. – М.: Издательство «Дело и Сервис», 2007. Глава 6.

5. Курс экономической теории: учебник – 5-е исправленное, дополненное и переработанное издание/ Под общ. ред. *Чепурина М. Н. и Киселевой Е.А.* – Киров: «АСА», 2006. (Раздел 3: Макроэкономика). Глава 22.

6. *Селищев А. С.* Макроэкономика. 3 - е изд. - Спб.: Питер, 2005. Глава 4.

7. *Ивашковский С. Н.* Макроэкономика: Учебник. 2 – изд., испр., доп. – М.: Дело, 2002. Глава 7.

8. *Агапова Т. А., Серегина С. Ф.* Макроэкономика. Тесты: Уч. пос., 2-е изд. – М.:ДиС, 2005. Тема 5.

9. Микро-, макроэкономика. Практикум. Под общей ред. Ю. А. Огибина – СПб,1994г. Тема 20, 27.

10. ҚР Статистика Агенттігінің мәліметтері. www.stat.kz

Қосымша:

1. *Доғалов А. Н., Досмағанбетов Н. С.* «Макроэкономика» пәнінен курстық жұмысты орындау бойынша әдістемелік нұсқау (экономикалық мамандықтар үшін) – Астана: Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2011. – 20б.

2. *Сейткасимов Г. С.* Макроэкономические проблемы современной экономики Казахстана: Монография. – Астана: Изд. КазУЭФМТ, 2010. – 350 с.

3. *Курганбаева Г. А.* Экономика Казахстана в XXI веке: монография. – Алматы: Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте РК, 2009. – 144 с.

4. *Тоқсанбай С. Р.* Үлкен экономикалық орысша-қазақша сөздік/ Большой экономический русско-казахский словарь. – Алматы, 2010. 1010 б.

5. *Тарасевич Л. С., Гальперин В. М., Гребенников П. И., Леусский А. И.* Макроэкономика: Учебник / под ред. Тарасевича Л.С. 5-е изд.- М.: ЮРАИТ, 2004. – 656с.

6. *Мэнкью Н. Г.* Принципы макроэкономики. Учебник для вузов / Пер. с англ. – 2-е изд. – Спб.: Питер, 2006. – 576 с.

7. *Абакумова О. Г.* Макроэкономика. Конспект лекций: Пособие для подготовки к экзаменам. – М.: ПРИОР – Издат, 2005. – 224 с.

8. *Базылев Н. И.* и др. Макроэкономика. Учебное пособие. – М.: ИНФРА – М, 2003. – 190 с.

9. Введение в макроэкономику: Учебное пособие./ Под ред. *М. Е. Дорошенко* - М.: ЮНИТИ, 2000. – 175 с.

10. *Долан Э., Линдсей Д. Э.* Макроэкономика/Под общ. ред. Б. Лисовика. Спб: 1996.

11. *Шишов А. Л.* Макроэкономика. – М.: Ассоциация авторов и издателей «Тандем», Издательство ЭКМОС, 1997 г. – 320 с.

12. *Бункина М. К., Семенов В. А.* Макроэкономика (Осн. эк. политики): Учебник. – Изд-во «ДИС», 1997.-320 с.

13. *Кейнс Д. М.* Общая теория занятости, процента и денег.

14. *А. Д. Үмбетәлиев, Ғ. Е. Керімбек.* Салық және салық салу. Оқулық. – Алматы, 2006 ж.

15. *Өтебаев Б. С.* Мемлекеттік бюджет: оқулық. - Алматы: Экономика, 2006. – 320 б.

16. ҚР-ның Президенті *Н. Ә. Назарбаевтың* халыққа Жолдауы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты», 2012 ж. 28 қаңтар.

17. ҚР-ның Президенті *Н. Ә. Назарбаевтың* халыққа Жолдауы «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз», 2011 ж. 28 қаңтар.

18. ҚР-ның Президенті *Н. Ә. Назарбаевтың* халыққа Жолдауы «Жаңа онжылдық – Жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» 2010 ж. 30 қаңтар.

19. ҚР-ның Президенті *Н. Ә. Назарбаевтың* халыққа Жолдауы «Дағдарыстан жаңару мен дамуға». 2009 ж. 7 наурыз.

20. ҚР-ның Президенті *Н. Ә. Назарбаевтың* халыққа Жолдауы «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты». 2008 ж. 8 ақпан.

21. ҚР-ның Президенті *Н. Ә. Назарбаевтың* халыққа Жолдауы «Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан». 2007 ж. 1 наурыз.

22. ҚР-ның Президенті *Н. Ә. Назарбаевтың* халыққа Жолдауы «Қазақстанның бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы». 2006 ж. 2 наурыз.

Практика сабағының жоспары:

Практика сабағын «дөңгелек үстел» түрінде өткізу жоспарланған, тақырыптың негізгі теориялық сұрақтарын пікірталас, ауызша жауап беру, дискуссия, сұрақ-жауап, т.б. ұйымдастыру әдістері арқылы жүргізілуі тиіс.

Мақсаты: макроэкономиканың негізгі мәселелерін шешудегі және реттеудегі мемлекеттің бюджет-салық саясатының мән мағынасын түсініп олардың негізгі бағыттары мен тиімділіктерін жан-жақты ортаға салып талқылау, сонымен қатар, Қазақстандағы және шет елдердердегі осы макроэкономикалық саясаттардың жүргізілу механизмдеріне де тоқталып өту. Осы мақсатқа жету үшін семинар сабағында тақырып бойынша мынадай сұрақтардың мәнін ашу керек:

1. Бюджет-салық саясатының мәні, түрлері, мақсаттары, құралдары.

2. Мемлекеттік шығындар мультипликаторы, салық мультипликаторы және баланстанған бюджет мультипликаторы. Хаавельмо теоремасы.

3. Мемлекеттік бюджет, бюджет тапшылығы және мемлекеттік қарыз мәселелері.

СОӨЖ және СӨЖ тапсырмалары:

Мақсаты: тақырыптың негізгі талқылау мәселелерін ұсынылатын әдебиеттерді оқу арқылы терең меңгере отырып, төмендегі және басқа да тапсырмаларды орындау.

1. Тақырып бойынша экономикалық сөздік (глоссарий) жасау.

2. Тақырып бойынша логикалық схемалар құрастыру.

3. Реферат, эссе, баяндама тақырыптары:

- ҚР бюджет жүйесі;
- ҚР салық жүйесі;
- ҚР фискалдық саясаты және оның ерекшеліктері.
- ҚР әлеуметтік саясаты;
- Қазақстандағы кедейшілік мәселесі және тиімді әлеуметтік саясат;
- Қазақстандағы бюджет тапшылығы және мемлекеттік қарыз мәселелері;

4. Өзіндік жазба жұмыстары (конспект):

- Салықтар, олардың түрлері. Салық салу принциптері мен қызметтері;
- Рикардо-Барро бойынша эквиваленттілік теоремасы.

5. Жаттығулар, есептер, т.б. тапсырмалар:

1. Айталық, тепе-теңдік ұлттық өнім 400 млрд. теңгені құрайды. Үкімет мемлекеттік шығындарды 15 млрд. теңгеге арттырды делік. Бюджет мультипликаторының коэффициенті 4-ке тең. Жаңа тепе-теңдік ұлттық өнімнің қандай шамаға өзгергенін анықтаңыз.

2. Мына анықтамалар мен ұғымдардың сәйкес жұптарын табыңыз:

а) - қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатында мемлекеттің жеке және заңды тұлғалардан алатын міндетті төлемдері;	А. Фискалдық саясат
ә) - кіріктірме тұрақтандырғыштарды қолдануды талап ететін фискалдық саясат;	Ә. Салық ауыртпашылығы
б) - қаржы қорларын қалыптастыру және оларды жұмсауға байланысты туындайтын қатынастар жиынтығы;	Б. Жанама салықтар

в) - берілген жыл ішінде мемлекеттік шығындардың оның кіріс көздерінен асып кетуін сипаттайтын сома;	В. Субвенциялар
г) - шығындарды қаржыландыруға арналған бюджетке кірмейтін қаржы құралдары;	Г. Мемлекеттік бюджет
ғ) - мемлекеттің өз елінің және шетелдің жеке және заңды тұлғаларына деген қарыз сомалары;	Ғ. Шоғырландырылған бюджет
д) - мемлекеттік шығындар мен табыстардың жыл сайынғы сметасы;	Д. Салық мөлшерлемесі
е) - қаржылық қатынастардың және қаржы құралдарын іске асырушы институттардың жиынтығы;	Е. Бюджеттен тыс қорлар
ж) - мемлекеттік шығындар мен салық салуды өзгерту бойынша үкіметтің қабылдайтын іс-шараларының жиынтығы;	Ж. Баланстанған бюджет мультипликаторы
з) - ұлттық өнімнің белгілі бір бөлігін бөлу және қайта бөлу үдерісінде туындайтын экономикалық қатынастар жиынтығы;	З. Қаржылық қатынастар
и) - жалпы тұтас ел бойынша, аймақ немесе территория бойынша қалыптасқан бюджеттер жинағы;	И. Қаржы жүйесі
к) - мемлекеттік шығындармен және салық салу арқылы мемлекеттің саналы түрде іске асыратын айла-шарғысы;	К. Секвестрлеу
қ) - төменгі тұрған бюджеттерге аударылатын және қатаң мақсаттық бағыттылығы бар ақша сомалары;	Қ. Бюджет тапшылығы
л) - салық салу бірлігінен алынатын салық шамасы;	Л. Салық төлеуші
м) - салық сомасының шамасы;	М. Салықтар
н) - ұлттық өнім шамасының мемлекеттік шығындар мен салықтар шамасына сәйкес тең дәрежеде өсуі;	Н. Мемлекеттік қарыз
о) - мемлекеттік бюджеттің баптары бойынша оның шығыстарын тең дәрежеде төмендету шаралары;	О. Автоматты фискалдық саясат
ө) - тауардың немесе қызметтің бағасына қосылатын және оны өсіретін салықтар;	Ө. Қаржы
п) - табысының бір бөлігінен салық төлейтін тұлға.	П. Дискрециялық фискалдық саясат

6. Тест сұрақтарына жауап беру керек:

1. Бюджеттік тапшылық – бұл:

а) бюджеттің шығыс бөлігінің кіріс бөлігінен артып кетуі

ә) бюджеттің кіріс бөлігінің шығыс бөлігінен артып кетуі

б) бюджеттің шығыс және кіріс бөлігі арасындағы тепе-теңдік

в) мемлекеттік саясатты жүзеге асыру үшін қаржының жетіспеуі

2. Бюджет тапшылығының артуы – бұл:

а) мемлекеттік қарыздың төмендеуіне әкеледі

ә) мемлекеттік қарыздың өсуіне әкеледі

б) сыртқы мемлекеттік қарыздың өсуіне, ал ішкі мемлекеттік қарыздың төмендеуіне әкеледі

в) сыртқы мемлекеттік қарыз төмендейді

3. Экономиканың төмендеу жағдайына сәйкес келетін фискалдық саясатты анықтаңыз:

а) салықтарды азайту, шығындарды арттырып, мемлекеттік бюджеттің тапшылығын арттыру

ә) бюджет тепе-теңдігін қамтамасыз ету үшін салықтарды өсіріп, шығындарды азайту

б) қорғанысқа, әлеуметтік бағдарламаға жұмсалатын шығындарды азайту

в) мемлекеттік шығындарының өсуін қамтамасыз ету

4. Мемлекетте бюджет тапшылығы орын алады, егер:

а) мемлекеттік шығындар салықтан түсетін табыстардан асып кетсе

ә) салықтан түсетін табыстар мемлекеттік шығындардан асып кетсе

б) салықтан түсетін табыстар тұтыну шығындарынан асып кетсе

в) салықтан түсетін табыстар инвестициялардан жоғары болса

5. Салық мультипликаторының әсерін мына графикпен сипаттауға болады:

а) Лаффер қисық сызығымен

ә) инвестициялық функция қисығымен

б) «Кейнс кресі» үлгісімен

в) жоспарланған шығындар қисығымен

6. Салықтар мен мемлекеттік шығындар арқылы жүзеге асатын мемлекеттің экономикалық саясаты:

а) фискалдық саясат

ә) монетарлық саясат

б) валюталық саясат

в) сауда саясаты

7. Баланстанған бюджет мультипликаторы - бұл:

а) сандық коэффициенті 1-ге тең көрсеткіш және ол Хаавельмо теоремасымен түсіндіріледі

ә) ашық экономикадағы мемлекеттік шығындар мультипликаторы

б) салық мультипликаторының мемлекеттік шығындар мультипликаторынан үлкен екендігін сипаттайды

в) сандық коэффициенті 1-ге тең көрсеткіш және ол Кейнс кресі арқылы анықталады

8. Автоматты тұрақтандырғыштар:

а) олардың әрекет етуі үшін заң шығарушы биліктің қызметтерін талап етпейді

ә) экономикада циклдік жұмыссыздықтың болмауына кепілдік береді

б) нарықтық экономикасы дамыған елдерде жұмыссыздық бойынша жәрдемақылардың маңызды бөлігін қамтиды

в) циклдік толқулардың күшеюіне мүмкіндік жасайды

9. Фискалдық саясаттың проблемасы – бұл:

а) ығыстыру әсері

ә) импорттық сатып алу әсері

б) табыс әсері

в) алмастыру әсері

10. Хаавельмо теоремасы нені дәлелдейді?

а) балансталатын бюджеттің мультипликаторлық әсерге ие болатындығын

ә) Мемлекеттік шығындардың инвестицияларды ығыстырып тастауы мәселесін

б) Салық мультипликаторының мемлекеттік шығындар мультипликаторынан жоғары болатындығын

в) Мемлекеттік шығындар мультипликаторы мен салық мультипликаторы мәндерінің теңдігін

11. Мемлекеттің қаржы жоспары – бұл:

а) мемлекеттік қарыз

ә) мемлекеттік бюджет

б) мемлекеттік жоспарлау

в) салық салу

12. Мемлекеттік бюджеттің циклдік тапшылығы дегеніміз – бұл:

а) Мемлекеттік бюджет тапшылығының тереңдеуі

ә) Толық жұмысбастылық жағдайында орын алатын тапшылық

б) Бюджеттің кіріс бөлігінің шығыс бөлігінен артып кетуі

в) Нақты бюджет тапшылығы мен құрылымдық бюджет тапшылығы арасындағы айырма

13. Экономикада құлдырау орын алса, онда фискалдық саясаттың қандай шаралары қолданылады?

а) салықтарды төмендету, шығындарды өсіру және мемлекеттің бюджет тапшылығын арттыру

ә) бюджетті баланстау үшін салықтарды арттыру және мемлекеттік шығындарды азайту

б) қорғанысқа кететін шығындарды азайту және әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыру

в) үкіметтің өспелі шығындарын қолдау

14. Лаффер қисығы қандай байланысты көрсетеді:

а) салық мөлшерлемесі мен бюджетке төленетін салықтық түсімдер арасындағы байланысты

ә) жұмыссыздық пен әлеуетті шығарылым көлемі арасындағы байланысты

б) жұмыссыздық пен инфляция арасындағы байланысты

в) инфляция мен әлеуетті шығарылым көлемі арасындағы байланысты

15. Салық мультипликаторы мына формуламен есептеледі:

а) – mpc / 1 – mpc

ә) 1 / 1 – mpc

б) 1 – mpc

в) – mps / 1 – mpc

16. Салық дегеніміз – бұл:

а) айып пұл санкциясы

ә) міндетті төлем

б) есептелінген сома – айып пұл

в) мемлекеттің көмегі

17. Бюджет артықшылығы өскен кезде және экономикада ақша қоры төмендегенде:

а) жиынтық шығарылым көлемі төмендеп, пайыз мөлшерлемесі артады

ә) жиынтық шығарылым көлемі өсіп, пайыз мөлшерлемесі төмендейді

б) жиынтық шығарылым көлемі де, пайыз мөлшерлемесі де төмендейді

в) дұрыс жауабы жоқ

18. Мемлекеттік бюджетте салық мөлшерлемесі мен салық түсімдері арасындағы өзара байланысты қалай көруге болады?

а) Лоренц қисығы арқылы

ә) ұсыныс қисығы арқылы

б) Лаффер қисығы арқылы

в) Филлипс қисығы арқылы

19. Бюджет мультипликаторы қандай графикпен сипатталады?

а) жиынтық сұраныс қисығымен

ә) «Кейнс кресі» моделімен

б) жиынтық ұсыныс қисығымен

в) Лаффер қисық сызығы арқылы

20. Мына тұжырымдамалардың қайсысы дұрыс емес:

а) мемлекетің табыс көздері ретінде салықтық емес түсімдер болуы мүмкін

ә) құлдырау кезінде салықтарды төмендету қажет

б) бюджет тапшылығын қаржыландырудың ең тиімді әдісі – салық мөлшерлемелерін көтеру

в) әртүрлі бюджет деңгейлерінің дербес табыс көздері болады

21. Рикардиандық теңдік қалай орындалады?

а) бюджет теңдігінің экономиканың баланстарлуына сәйкес келуі арқылы

ә) құрылымдық және циклдік бюджет тапшылықтарының теңесуі арқылы

б) мемлекеттік шығындардың қарыз арқылы жабылу көлемі оларды салықтар есебінен жабу көлеміне тең болуы арқылы

в) бюджет және салық мультипликаторлары мәндерінің тең болуы арқылы

22. Бюджет мультипликаторы мына формуламен есептеледі:

а) m_g = mpc / 1 – mps

ә) m_g = mpc + mps

б) m_g = 1 / 1 – mpc

в) m_g = mpc / 1 - mpc.

23. Мемлекеттің бюджет тапшылығын жою үшін айналымға қосымша ақша шығару арқылы табатын табысы:

а) сеньораж

ә) несиелеу

б) салықтық түсімдер

в) салықтық емес түсімдер

24. Айталық, өндіріске қосымша 1000 доллар инвестиция салынды. MPC 0,8-ге тең. Бюджет мультипликаторы коэффициентінің мәні қанша болады?

а) 1

ә) 5

б) 5000

в) 10

25. Бюджет тапшылығын жоюдың бір әдісі:

а) жеке сектордан қарыз алу

ә) мемлекеттік шығындарды арттыру

б) тікелей салықтарды көтеру

в) сыртқы қарызды жою

26. Мемлекеттік трансферттерге не жатпайды?

а) жаңа емхананы салуға бағытталған мемлекеттік шығындар

ә) балаларға ай сайынғы жәрдемақылар беру

б) жұмыссыздық бойынша жәрдемақылар

в) дәрі-дәрмектер алуға дотациялар мен жеңілдіктер беру

27. Салық элементтеріне жатпайтын нұсқаны таңдаңыз?

а) салық объектісі

ә) салық субъектісі

б) салық жеңілдіктері

в) салық ауыртпашылықтары

28. Экономика тепе-теңдік жағдайда деп ұйғарайық. Бұл жерде жинақтауға шекті бейімділік 0,25-ке тең. Импорттауға шекті бейімділік 0-ге тең. Егер үкімет салықтық түсімдерді өзгертпей мемлекеттік шығындарды 2 млрд. теңгеге арттырса, онда өндірістің тепе-теңдік деңгейі қалай өзгереді?

а) 6 млрд. теңгеге өседі

ә) 4 млрд. теңгеге өседі

б) 2 млрд. теңгеге өседі

в) 8 млрд. теңгеге өседі

29. Мемлекеттік бюджет тапшылығының осы уақытқа дейін жиналып келген жиынтық сомасы:

а) тікелей салықтар

ә) мемлекеттік қарыз

б) мемлекеттік несие

в) мемлекеттік шығындар

30. Салықтардың жоғарылауынан:

а) еңбек ұсынысы төмендейді

ә) жинақтау мөлшері төмендейді

б) салықтық түсімдердің көлемі төмендейді

в) аталғандардың барлығы дұрыс

6-тақырып.
АҚША НАРЫҒЫ ЖӘНЕ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫ

Мақсаты: ақша рөлінің және макроэкономикалық қызметтерінің мәнін ашу, ақшаға сұраныстың негізгі теорияларын талқылау, ақша ұсынысы, ақша мультипликаторы, ақша базасы сияқты мәселелерді қарастыру, Ақша нарығының тепе-теңдігін қарастыру. Ол үшін дәрістің төмендегідей сұрақтарын талқылау қажет.

Дәріс жоспары:

1. Ақшаның макроэкономикалық мәні, қызметтері, агрегаттары.
2. Ақшаға деген сұраныс және оның теориялары.
3. Ақша ұсынысы және ақша мультипликаторы. Ақша нарығындағы тепе-теңдік.

Негізгі түсініктер: ақша; ақшаның қызметтері; ақша агрегаттары; атаулы пайыз мөлшерлемесі; нақты пайыз мөлшерлемесі; нақты кассалық қалдықтар; ақшаның сандық теориясы; Фишер теңдеуі; ақшаның бейтараптылығы; ақшаға деген сұраныс; ақшаға деген сұраныстың үлгілері; ақша ұсынысы; ақша нарығындағы тепе-теңдік; ақша базасы; ақша мультипликаторы; ақша ұсынысының қысқа және ұзақ мерзімдегі қисықтары және т.б.

Тақырыптың мазмұны.

Ақшалар нарықтық экономикада аса маңызды элемент ретінде жұмыс істейді, ал ақша нарығы мен бағалы қағаздар қаржы нарығының құрамдас бөліктері ретінде игіліктер нарығы және еңбек нарықтарымен қатар, негізгі макроэкономикалық нарықтар болып табылады.

Ақшалар (ақша массасы) және бағалы қағаздар (ең алдымен, акциялар мен облигациялар) қоғамның қаржы активтерінің негізгі түрлері болып табылады.

Олай болса, макродеңгейде ақшаның түсінігі кеңейе түседі:

1) **ақша** – бұл келісімдер үшін қолданыла алатын қаржы активтерінің түрі;

2) **ақша** – бұл игіліктерді айырбастау кезінде жалпылама эквивалент рөлін атқаратын ерекше тауар;

3) **ақша** – бұл бағалардың тұрақты деңгейінде табыс әкелмейтін мүліктің ерекше түрі;

4) **ақша** – бұл инфляциялық үдерістерді, циклдік толқуларды, экономиканың тепе-теңдікке жету механизмін, тауар және ақша нарықтарының тиімді жұмыс істеуін талдайтын аса маңызды макроэкономикалық категория.

Ақшаның негізгі қызметтері бар:

• *құн өлшеу құралы ретінде* – тауарлардың бағалар түріндегі құндарын өлшеу және салыстыру үшін қызмет атқарады;

• *айналым құралы немесе жалпылама айырбастау құралы ретінде* – айырбас кезінде делдалдық қызмет атқарады;

• *жинақтау (құнды сақтау) құралы ретінде* – болашақта сатып алушылық қабілетті қамтамасыз ету қызметін атқарады;

• *төлем құралы ретінде* – несиелік төлемдерді қайтару үшін қызмет атқарады;

• *әлемдік ақшалар ретінде* – әлемдік нарыққа қызмет көрсету үшін қолданылады.

Өтімділік (ликвидность) деген аса маңызды макроэкономикалық категория ақшалармен тығыз байланысты, ол ақшаның ерекше қасиетін және белгісін білдіреді. Активтің немесе мүліктің барлық түрлері үшін өтімділік олардың өз құнын еш жоғалтпай ақшалай формаға тез айнала алу қабілетінің болуын сипаттайды. Өз кезегінде, ақшалар абсолютті өтімділікке ие: әртүрлі тең жағдайларда олар тауардың кез келген түріне айырбастала алатындай қабілетке ие болады.

Өзінің тарихи даму қадамында ақшалар натуралдық ақшалардан (мал, аң терілері, ұлу қабыршақтары және т.б.) бастап қазіргі заманғы электрондық «виртуалдық» ақшаларға дейін әртүрлі формалардан өтті. Ұзақ уақыт бойы ақша материалы ретінде бағалы металдар – алтын мен күміс қолданылып келді.

Ал қазіргі уақытта, ақшалар мынадай формаларда көрініс табады:

• *қолма-қол нысандағы қағаз ақшалар;*

• *айырбастау (айыру) монеталары;*

•*қолма-қолсыз нысандағы қаржы-несие институттарындағы есепшоттардың жазулары.*

Ақша айналымы – бұл өз қызметтерін орындайтын және тауарлардың сату-сатып алынуына қызмет көрсететін, сонымен қатар, тауарлық емес төлемдер мен есеп-айырысуларды атқаратын ақшалар қозғалысы.

Ақша айналымы қолма-қол және қолма-қолсыз нысандарда жүзеге асырылады. Қазіргі уақытта, дамыған елдерде ақша айналысының басым бөлігі қолма-қолсыз нысанда ұйымдастырылады.

Ақша жүйесі – бұл қоғамда тарихи түрде қалыптасқан және мемлекеттің заңдық тәртіппен бекіткен ақша айналысын ұйымдастырудың ерекше формасы.

Ақша айналысының аса маңызды түрдегі көрсеткіші болып ақша массасы (жиыны) табылады.

Ақша массасы – бұл экономиканың шаруашылық айналымына қызмет көрсететін және жекелеген тұлғаларға, фирмаларға және мемлекетке тиесілі қолма-қолды және қолма-қолсыз түрдегі төлем құралдарының жиынтығы.

Ақша массасы экономикада біртекті (стандартты) болып табылмайды. Оның құрамына сатып алушылық және төлемдік құралдармен қатар, депозиттік сертификаттар, чектер, жинақтаушылық шоттар және басқа да құралдар ретіндегі компоненттер кіреді. Бұларды «квази-ақшалар» (ақша сыңайлы) немесе өтімділігі бар активтер деп атайды.

Бір-бірінен өтімділік дәрежелері бойынша ерекшеленетін ақша массасының құрылымдық элементтерін **ақша агрегаттары** деп атайды.

Ақша агрегаттарының мынадай түрлері бар:

$\mathbf{M_0}$ = айналыстағы қолма-қол ақшалар;

$\mathbf{M_1}$ = M_0 + жинақ банктеріндегі, коммерциялық банктердегі халықтың және кәсіпорындардың талап етілгенге дейінгі депозиттері, халықтың және кәсіпорындардың есеп-айырысушылық және ағымдық шоттардағы қаржылары, саяхатшылардың чектері;

$\mathbf{M_2}$ = M_1 + кіші жедел салымдар;

M_3 = M_2 + ірі жедел салымдар, банктердің депозиттік сертификаттары, мемлекеттік займ облигациялары.

Сонымен қатар, нарықтық экономикасы дамыған елдерде L деген агрегат та қолданылады, яғни,

L = M_3 + қазыналық жинақ облигациялары, коммерциялық қағаздар, қысқа мерзімдік мемлекеттік міндеттемелер және т.б.

Қорыта айтқанда, әрбір келесі ақша агрегаты өзінен алдыңғылардың барлық элементтерін біріктіріп ақша массасының үлкен көлемін құрайды. Ақшаның өтімділігі мен табыстылығы арасында кері байланыс бар, яғни ақша агрегаты іріленген сайын оның табыстылығы жоғарылай береді және өтімділігі төмендей береді, керісінше, бастапқы кіші агрегаттардың (M_1) өтімділігі жоғары, ал табыстылығы мүлдем болмайды немесе төмен болып табылады.

Макроэкономикалық талдауда M_1 және M_2 ақша агрегаттары аса жиі қолданылады.

Нақты ақиқат ақшалар немесе *тар мағынадағы ақшалар* болып макроэкономикада M_1 агрегаты табылады. Ал қалған агрегаттар (M_2, M_3, L) «квази-ақшалар» ретінде сипатталады. Сонда M_1 мен «квази-ақшалардың» қосындысы *кең көлемді ақшалар* деп аталады. M_2 және M_3 ақша агрегаттары айналым құралы ретіндегі қызметінен гөрі жинақтау құралы қызметін атқаратын қаржы активтерінің алуан түрлілігінен құралады.

Ақша агрегаттарының динамикасы нарықтағы пайыздық қойылымның деңгейіне байланысты өзгеріп отырады. Ақшаның нарығында **пайыздық қойылым** (атаулы және нақты) ақшаның альтернативтік құны ретінде көрінеді және жинақтарды ақшалай формада сақтауға байланысты жіберіп алған балама табысты сипаттайды.

Атаулы пайыздық қойылым банктің несиелік операциялар бойынша тағайындаған ағымдағы нарықтық пайызын сипаттайды. Ал **нақты пайыздық қойылым** – бұл инфляция деңгейіне байланысты пайыз түрінде алынатын табыстың сатып алушылық қабілеті.

Атаулы және нақты пайыздың арасындағы байланыс **Фишер теңдеуі** арқылы шешіледі:

$$\mathbf{i = r + \pi,}$$

мұнда, i – атаулы пайыздық қойылым; r – нақты пайыздық қойылым; π – инфляция қарқыны.

Бұл теңдеу атаулы пайыздың мына екі себепке:

а) нақты пайыздың өзгеруіне;

ә) инфляция қарқынына байланысты өзгеріп отыратындығын көрсетеді.

Инфляцияның қалыпты (баяу) деңгейінде нақты пайыздық қойылым мынаған тең болады (нақты пайыздың жуықтық формуласы):

$$\mathbf{r \approx i - \pi.}$$

Ал инфляция қарқынының аса жоғары деңгейі үшін нақты пайыздық қойылымның аса дәлдік формуласы қолданылады:

$$\mathbf{r = i - \pi / 1 + \pi.}$$

Алайда ақшаның пайыз түріндегі балама табысының көлемі инфляция қарқынын есепке ала отырып, тұрақты шама болып қалуы тиіс. Бұл құбылысты Фишер әсері түсіндіре алады.

Фишер әсері – бұл нақты пайыздық қойылымның тұрақты болуы үшін, атаулы пайыздың инфляция қарқынына байланысты өзгеріп отыруы, яғни нақты пайыз көлемінің сатып алушылық қабілетін тұрақты ұстау үшін инфляция деңгейі қаншаға өзгерсе, атаулы пайызды да сонша шамаға өзгертіп отыру қажет.

Ақшаның бағасы ақша нарығында ақшаға сұраныс пен ақша ұсынысының нәтижесінде қалыптасады.

Ақшаға деген сұраныс (M^d) – бұл тұрғындар мен фирмалардың берілген уақыт мезетінде белгілі бір төлем операцияларын жүргізу үшін нақты қаражаттар көлемін өз қолдарында ұстағысы келетінін білдіретін қалаулары; нарықтың ақша қаражаттарына деген жалпы қажеттіліктері. Бұл сұранысты сол ақшаның көмегімен әрдайым сатып алуға болатын тауарға сұраныс деп түсінуіміз қажет.

Ақшаға сұраныстың әртүрлі теориялық модельдері бар:

Ақшаға сұраныстың классикалық сандық теориясы.

Классиктер ақшаға сұранысты ақшаның сандық теориясымен түсіндіреді және ол айырбас теңдігі арқылы көрсетіледі:

$$MV = PY,$$

мұнда, M – айналыстағы ақшаның саны; V – ақша айналысының жылдамдығы; P – бағалар деңгейі (бағалар индексі); Y – шығарылым көлемі.

Ақша айналымының жылдамдығы тұрақты деп есептелінеді. Бұл жағдайда атаулы ЖІӨ ақша массасына тура байланыста өзгеріп отырады. Классикалық теорияға сәйкес, нақты ЖІӨ баяу өзгереді. Сондықтан атаулы ЖІӨ-нің өзгерісі баға деңгейінің өзгерісін көрсетеді. Сөйтіп, ақша массасының өзгерісі нақты көрсеткіштерге әсер етпейді, тек атаулы көрсеткіштерге ғана әсер етеді. Бұл құбылысты *«ақшаның бейтараптылығы»* деп атайды.

Ақшаға сұраныстың кейнстік теориясы – өтімділікке артықшылық беру теориясы деп аталады. Осы теория бойынша адамдарды қолма-қол ақша сақтауға итермелейтін негізгі үш себеп қарастырылады:

1. Келісімдер уәжі (трансакциондық мотив), мұнда ақшаға сұраныс әрдайым тауарлар мен қызметтерді сатып алуға немесе ағымдағы мәмілелерге қажетті қолма-қол ақшаның қажеттілігі ретінде қарастырылады.

2. Сақтық уәжі (мотив), мұнда ақшаға сұраныс болашақтағы күтпеген кездейсоқ жағдайларға байланысты адамдардың қолма-қол ақшаға қажеттілігін білдіреді. Мұндай себеп, әдетте, адамдарда көзделмеген төлемдерге тап болғанда пайда болады.

3. Алыпсатарлық уәжі (спекулятивтік мотив), адамдардың өз байлықтарын қаржылық активтер түрінде сақтауға тілек білдіруіне байланысты ақшаға сұраныс ретінде қарастырылады. Мұндай сұраныс кезінде ақша қаржы активтерін сату және қайта сату арқылы табыс әкеледі. Ақшаға сұраныстың бұл түрі пайыздық қойылым мен құнды қағаздар бағамына байланысты. Пайыз артқан сайын құнды қағаздардың құны төмендей береді, соған сәйкес, құнды қағаздарға сұраныс өседі. Бұл қолма-қол ақшаны азайтып, ақшаға деген сұранысты төмендетеді. Осыған байланысты, пайыздық қойылым мен ақшаға сұраныс арасындағы кері тәуелділіктің бар екенін байқауға болады.

Келісімдер уәжі мен сақтық уәжі **ақшаға трансакциондық сұранысты** сипаттайды, яғни қазіргі және болашақ кезеңдерде келісімдер үшін қажетті ақшаның көлемін анықтайды. Ақшаға

деген трансакциондық сұраныс ең алдымен, табыс деңгейіне тәуелді, ал пайыздық қойылымға тәуелді емес. Сондықтан да оның сұраныс қисығы тік сызық түрінде орналасады (6.1 а-сурет).

Ақшаға алыпсатарлық сұраныс пайыздық қойылымға тәуелді және оның сұраныс қисығы теріс көлбеулі болып табылады (6.1 ә-сурет).

Кейнс теориясы бойынша ақшаға жиынтық сұраныс екі өзгермелі функцияны көрсетеді:

а) табыс;

ә) пайыздық қойылым.

$M^d = M (Y, r)$



6.1-сурет. Ақшаға деген трансакциондық және алыпсатарлық сұраныс

Сонымен, екі теорияны қорыта келе, ақшаға деген сұранысқа әсер ететін мынадай факторларды атап көрсетуге болады:

1) табыс деңгейі;

2) пайыздық қойылым;

3) ақша айналымының жылдамдығы.

Классикалық теория ақшаға сұранысты нақты табыспен байланыстырса, кейнстік теория ақшаға сұраныстың негізгі факторы ретінде пайыздық қойылымды алға тартады.

Баумоль-Тобин үлгісі.[1]

Баумоль-Тобин үлгісі – бұл адамдардың өздеріне қажетті

[1] *Вечканов Г.С., Вечканова Г.Р.* Макроэкономика. 2 - е изд. - Спб.: Питер, 2008., 141-144 с.

қолма-қол ақша сомаларының мөлшерін осы сомаға банктің алынбаған пайызы түріндегі шығындары мен банкке барып келу уақытын үнемдеуді бағалаумен болатын шығындарды салыстырумен байланысты ақшаға сұраныстың ерекше үлгісі.

Баумоль-Тобин үлгісі қолма-қол ақшаның трансакциондық және альтернативтік шығындарын ескере отырып, нақты кассалық қалдықтардың оңтайлы мөлшерін қалай анықтауға болатындығын түсіндіреді. Бұл үлгіні АҚШ экономистері Уильям Баумоль (1922 жылы туылған) мен Джеймс Тобин (1918-2002, Нобель сыйлығының лауреаты) өзара тәуелсіз ұсынды.

Баумоль-Тобин үлгісі қолма-қол ақшаның артықшылықтары мен кемшіліктерін талдайды. *Негізгі артықшылығы:* егер индивид тауар сатып алуға қажетті ақшасын қолында ұстаса, онда банкке барудың қажеті жоқ. *Негізгі кемшілігі:* егер индивид мәміле жасау үшін ақшасын қолында ұстаса, онда ол сол ақшаны банкке депозитке салып, оның үстінен пайыз алу мүмкіндігінен айырылады. Баумоль-Тобин үлгісін нақты түсіндіру үшін мынадай үш жағдай қарастырылады (6.2-6.4-суреттер).

Бірінші жағдай. 6.2-суретте индивидтің банкке 1 рет баруындағы жағдайы көрсетілген. Ол жылдың басында өзінің ақшасын (Y теңге) жинақ шотынан бір-ақ рет шешеді және оны жыл бойы жұмсайды. Жылдың басында оның ақшасы – Y теңге, жылдың соңында – 0 теңгеге тең, онда жыл бойындағы ақшаның орташа сомасы мынадай: Y/2.

Екінші жағдай. 6.3-суретте индивидтің жылына банкке 2 рет баруындағы жағдайы көрсетілген. Ол жылдың басында Y/2-ге тең ақша сомасын шоттан шешеді және оны жылдың бірінші жартысында жұмсайды, содан кейін сондай соманы тағы бір рет барып шешіп алады да оны жылдың екінші жартысында жұмсайды. Мұндай жағдайда, жыл бойындағы индивидтің қолындағы ақша сомасының мөлшері Y/2-ден 0-ге дейін өзгереді, ал орташа сомасы Y/4-ке тең болады.

Үшінші жағдай. 6.4-суретте индивидтің банке N рет баруындағы жағдайы көрсетілген. Ол жылдың әр уақытында Y/N-ге тең ақша сомасын шоттан шешеді және оны жыл бойы 1/N кезеңдерде тең бөліктерге бөліп жұмсайды. Мұндай жағдайда, жыл бойындағы индивидтің қолындағы ақша сомасының мөлшері Y/N-нен 0-ге дейін өзгереді, ал орташа сомасы Y/2N-ге тең болады.



6.2-сурет. Банкке 1 рет бару кезіндегі индивидтің қолындағы ақша сомасы



6.3-сурет. Банкке 2 рет бару кезіндегі индивидтің қолындағы ақша сомасы



6.4-сурет. Банкке N рет бару кезіндегі индивидтің қолындағы ақша сомасы

6.2 - 6.4-суреттерінен көріп отырғанымыздай, жыл бойындағы индивидтің қолындағы ақша сомасының орташа жылдық шамасы оның банкке бару санына тәуелді болады. Банкке барудың оңтайлы саны (N*) мына формуламен анықталады:

$$N^* = \sqrt{iY/2F},$$

мұнда, N* - банкке барудың оңтайлы саны; Y – қажетті ақша сомасы; i – пайыз мөлшерлемесі; F – банкке барудың шығындарын ақшалай бағалау.

Олай болса, N саны кезіндегі қолға қажетті ақшаның орташа сомасы мынаған тең болады:

$$Y/2N^* = \sqrt{YF/2i}.$$

Банкке барудың оңтайлы санын анықтау кезінде ақшаны өтімділік тұрғысынан сақтаудың жиынтық шығындарын ескеру қажет. Бұл шығындар баламалылықты сипаттайтын **екі түрде** көрініс табады:

а) алынбай қалған пайыз шамасы;

ә) банкке барудағы уақыттың шығынын ақшалай бағалау.

Банкке барумен байланысты жиынтық шығындар мына формуламен анықталады:

$$iY/(2N) + FN,$$

мұнда, iY/(2N) – алынбай қалған пайыз; N – банкке бару саны; F – банкке бару шығындары.

Экономикалық жағынан ұтымды субъект өзі үшін жиынтық шығындары минималды болып табылатын банккке барудың санын анықтайды.

XX ғасырдың 50-жылдары жасалған Баумоль-Тобин үлгісі ақшаға трансакциондық сұраныстың ерекше бір түрі болып табылады және ақшаға сұраныс теориясының аса дамыған үлгісі ретінде қарастырылады. Мысалы, егер индивид өзінің активтерін тек ақшалай нысанда ғана емес, сондай-ақ ақшалай емес (акция, облигация түріндегі) нысанда да сақтай алса, онда бұл үлгінің тәжірибелік қолданылу аясы кеңейе түседі.

Баумоль-Тобин үлгісі ақшаның айналым құралы ретіндегі

қызметін ғана мойындайды. Осы үлгіге сәйкес, ақшаға сұраныс табысқа тура тәуелділікте, ал пайыздық қойылымға кері тәуелділікте болады.

Ақша ұсынысы (M^S) – бұл банктен тыс айналымдағы ақша көлемі. Ол қолма-қол ақшалар (C) мен экономикалық агенттердің талап еткенге дейінгі депозиттерінен (D) құралады немесе ақша ұсынысын M_1 ақша агрегаты деп қарастыруға болады:

$$M^S = C + D.$$

Екінші деңгейлі банктер депозиттерінің бір бөлігін ғана резерв түрінде сақтайды, ал қалған бөлігін несиелер түрінде қарыз беру үшін және активті операциялар жүргізу үшін пайдаланады. Басқа қаржылық институттарға қарағанда, банктер ақша ұсынысын өсіре алады. Ақша ұсынысын өсіру банктік немесе несиелік (депозиттік) мультипликаторын іске қосу арқылы жүзеге асырылады. *Банктік мультипликатор* – екінші деңгейлі банктер жүйесі шеңберіндегі төлем құралдарының эмиссиялық үрдісі.

Қосымша ақша ұсынысының жалпы түрі жаңа депозиттің пайда болуы нәтижесінде туындайды:

$$M^S = 1/rr \times D,$$

мұндағы,

rr – банктің орталық банкте сақтайтын міндетті резервтерінің нормасы;

D – алғашқы депозит түріндегі салым:

1/rr – банктік немесе депозиттік мультипликатор.

Ұлттық банк ең алдымен, *ақша базасын* реттейді. Себебі, елдегі ақша массасы ақша базасының көлеміне байланысты болады.

Ақша базасы (MB) – банк жүйесінен тыс қолма-қол ақшалар (C) мен Ұлттық банкте коммерциялық банктердің міндетті түрде сақтайтын резервтерінің (R) қосындысы:

$$MB = C + R.$$

Ақша ұсынысының жалпы үлгісіне ақша мультипликаторы да кіреді.

Ақша мультипликаторы (m) – бұл ақша ұсынысының ақша базасына қатынасын сипаттайтын сандық коэффициент:

$$\mathbf{m = M^S / MB = M^s = m \times MB.}$$

Ақша мультипликаторы ақша базасы бір бірлікке өскенде, ақша ұсынысының қалай өзгеретіндігін көрсетеді.

Ақша мультипликторын депозиттеу коэффициенті (cr) және резервтеу нормасы (rr) арқылы да анықтауға болады:

$$\mathbf{m = M^S / MB = C + D / C + R,}$$

егер, екі өрнектің алымын да бөлімін де D-ға бөлсек, онда:

$$\mathbf{m = cr + 1 / cr + rr,}$$

мұнда, $\mathbf{cr = C / D; rr = R / D.}$

cr – депозиттеу коэффициенті, оның шамасы халықтың қолма-қол ақша мен депозитті қандай пропорцияда бөлетініне байланысты болады.

rr – Ұлттық банкте резерв түрінде сақталатын банктік салымдардың үлес салмағы. Оның шамасы Ұлттық банк тағайындаған міндетті резервтер нормасына және коммерциялық банктердің артық резервтеріне байланысты болады. Осыған орай, ақша ұсынысының формуласын төмендегідей жазуға болады:

$$\mathbf{M^s = cr + 1 / cr + rr \times MB, M^S = m \times MB.}$$

Осыған байланысты, ақша ұсынысына мультипликативті түрде әсер ете алу қасиетіне ие ақша базасын **тиімділігі жоғары ақшалар** деп атайды.

Сонымен, елдегі ақша көлемі мына жағдайларда өседі, егер:

- ақша базасы өссе;
- міндетті резервтер нормасы төмендесе;
- коммерциялық банктердің артық резервтері қысқарса;
- халықтың жалпы қаржысындағы қолма-қол ақшалардың үлесі азайса.

Қазақстандағы ақша нарығының көрсеткіштерін төмендегі кестеден көруге болады.

6.1-кесте. **Қазақстандағы ақша нарығының көрсеткіштері**

Көрсеткіштер атауы	**12.10**	**01.11**	**02.11**
1. Ақша базасы (резервтік ақша)	2 572 881	2 641 507	2 630 137
1.1 ҚҰБ-нен тыс қолма-қол ақша	1 306 208	1 252 898	1 248 329
1.2 ЕДБ-дің және басқа ұйымдардың ҚҰБ-дегі депозиттері	1 266 673	1 388 608	1 381 808
Ақша базасы (тар мағынада)	2 143 662	2 196 323	2 143 030
ЕДБ-дің ҚҰБ-дегі резервтік депозиттері	292 371	387 193	342 311
2. МО			
(айналыстағы қолма-қол ақша)	1 148 489	1 094 781	1 091 552
3. М1	3 139 330	3 112 623	3 137 096
3.1 халықтың теңгедегі аудармалы депозиттері	226 520	204 599	215 104
3.2 банктік емес заңды тұлғалардың			
теңгедегі аудармалы депозиттері	1 764 321	1 813 243	1 830 440
4. М2	6 622 604	6 649 830	6 802 837
4.1 халықтың теңгедегі басқа депозиттері			
және шетел валютасындағы			
аудармалы депозиттері	1 042 679	1 068 366	1 102 930
4.2 банктік емес заңды тұлғалардың			
теңгедегі басқа депозиттері			
және шетел валютасындағы			
аудармалы депозиттері	2 440 596	2 468 841	2 562 811
5. М3 (ақша массасы)	8 546 381	8 608 602	8 605 665
5.1 халықтың шетел валютасындағы			
басқа депозиттері	925 706	935 916	929 259
5.2 банктік емес заңды тұлғалардың			
шетел валютасындағы			
басқа депозиттері	998 071	1 022 856	873 569

Дерек көзі: www.nationalbank.kz

Ақша нарығындағы тепе-теңдік – бұл ұсынылатын ақша көлемі және жеке тұлғалар мен кәсіпкерлер қолдарында ұстағысы келетін ақша көлемінің теңесуі. Ақша нарығындағы тепе-теңдікті Ұлттық банк реттейді.

Ақша ұсынысының қисығы (M^s) тік сызық түрінде болады. Бұл жерде Ұлттық банк ақша ұсынысын бақылау мақсатында пайыздың өзгерісіне қарамастан, оның көлемін тұрақты деңгейде сақтауға тырысады (6.5-сурет).

Ақша нарығындағы тепе-теңдік А нүктесінде R_0 M_0 деңгейінде орнайды. Пайыз төмендегенде облигациялардың құны төмендейді, ал ақшаға сұраныс өседі. Бұл жағдайда экономикалық агенттер құнды қағаздарын сата бастайды, нәтижесінде облигацияларға сұраныс төмендейді. Ол өз кезегінде пайыз мөлшерлемесінің өсуіне әкеледі. Сөйтіп, қайтадан тепе-теңдік орнайды.



6.5-сурет. Ақша нарығындағы тепе-теңдік

Табыс өскенде ақшаға сұраныс өседі және ақшаға сұраныс қисығы оңға-жоғарыға жылжиды (6.6-сурет).



6.6-сурет. Ақшаға сұраныс қисығының жылжуы

Ұлттық банк ақша ұсынысын қысқартқан жағдайда ақша ұсынысының қисығы солға жылжиды, пайыз мөлшерлемесі өседі (6.7-сурет).



6.7-сурет. Ақша ұсынысы қисығының жылжуы

Ақша нарығындағы тепе-теңдіктің ұзақ уақыт сақталуы бағалы қағаздар нарығы жақсы дамыған жағдайда ғана мүмкін болады.

Енді бағалы қағаздар нарығына біршама тоқталып өтсек. Макроэкономикада бағалы қағаздар нарығын әдетте, облигациялар нарығы деп атайды. **Бағалы қағаздар нарығы** – бұл құнды қағаздар (облигациялар) айналымы арқылы қаржы ресурстарына деген ұзақ мерзімдік қажеттіліктерді қанағаттандыратын және жинақ ақшаларды инвестицияларға айналдыратын қаржы нарығының құрамдас бір бөлігі.

Бағалы қағаздар – бұл пайыз немесе дивиденд түрінде табыс көзін төлеуді қарастыратын сол құнды қағазды шығарушы мен оның иесі арасындағы қарым-қатынастармен анықталатын қарыз құралдарын иемденумен байланысты қаржылық құжат. Осындай құжаттардың төңірегінде тұлғалар арасында ақшалай және ақшалай емес құқықтармен алмасу мүмкіндіктері жүріп отырады.

Макроэкономикада бағалы қағаздар нарығы екіге бөлінеді:

1. Бірінші реттік нарық – жаңа құнды қағаздардың эмиссиясы жасалатын нарық және құнды қағазды шығарушы-эмитенттің атаулы бағамен сол құнды қағаздарды нарықтағы инвесторларға сатуын сипаттайтын қатынастар.

2. Қайталама нарық – бұрын шығарылған құнды қағаздарды

қайта сату-сатып алу қатынастары орын алатын нарық. Мұндай нарықта көбінесе облигациялардың нарықтық (курстық) бағасы анықталады. Облигацияның курстық бағасы мына формуламен анықталады:

$$B = a / i$$

мұнда, B – облигация курсы; a – облигациялар бойынша табыстың тіркелген сомасы; i – пайыздың ағымдық қойылымы.

Алайда, макроэкономикада ақша нарығында тепе-теңдік орын алғанда біз бағалы қағаздар (облигациялар) нарығындағы тепе-теңдікті де ұмытпағанымыз жөн. Кейбір отандық әдебиет көздерінде ақша нарығы мен облигациялар нарығы өзара бір-бірімен байланысқан «сыбайлас тамыр жүйесі» секілді деп сипатталады.

Қорытынды

1. Ақша – бұл абсолютті өтімділікке ие айырбас құралы. Ақшалар инфляциялық үрдістерді, циклдік толқуларды, экономиканың тепе-теңдікке жету механизмін, тауар және ақша нарықтарының тиімді жұмыс істеуін талдайтын аса маңызды макроэкономикалық категория ретінде саналады.

2. Ақша мынадай қызметтерді атқарады: 1) *құн өлшеу құралы ретінде* – тауарлардың бағалар түріндегі құндарын өлшеу және салыстыру үшін қызмет атқарады; 2) *айналым құралы немесе жалпылама айырбастау құралы ретінде* – айырбас кезінде делдалдық қызмет атқарады; 3) *жинақтау (құнды сақтау) құралы ретінде* – болашақта сатып алушылық қабілетті қамтамасыз ету қызметін атқарады; 4) *төлем құралы ретінде* – несиелік төлемдерді қайтару үшін қызмет атқарады; 5) *әлемдік ақшалар ретінде* – әлемдік нарыққа қызмет көрсету үшін қолданылады.

3. Ақшаның бағасы ақша нарығында ақшаға сұраныс пен ақша ұсынысының нәтижесінде қалыптасады. Ақшаға деген сұраныс (M^d) – тұрғындар мен фирмалардың берілген уақыт мезетінде белгілі бір төлем операцияларын жүргізу үшін нақты қаражаттар көлемін өз қолдарында ұстағысы келетінін білдіретін қалаулары; нарықтың ақша қаражаттарына деген жалпы қажеттіліктері.

4. Ақша ұсынысы (M^S) – бұл банктен тыс айналымдағы ақша көлемі. Ол қолма-қол ақшалар (C) мен экономикалық агенттердің талап еткенге

дейінгі депозиттерінен (D) құралады немесе ақша ұсынысын M_1 ақша агрегаты деп қарастыруға болады.

5. Ақша нарығындағы тепе-теңдік – бұл ұсынылатын ақша көлемі және жеке тұлғалар мен кәсіпкерлер қолдарында ұстағысы келетін ақша көлемінің теңесуі. Ақша нарығындағы тепе-теңдікті Ұлттық банк реттейді.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары

1. Ақша айналымы дегеніміз не?
2. Ақша жиынының құрылымы қандай?
3. Айналымдағы ақша санын анықтаудың қандай бағыттары бар?
4. Ақша ұсынысына қандай факторлар әсер етеді?
5. Банктік мультипликатор қалай есептеледі?
6. Ақша мультипликаторының макроэкономикалық маңызы неде?
7. Бағалы қағаздар нарығы қандай қызметтер атқарады?
8. Бағалы қағаздардың түрлері қандай?
9. Бағалы қағаздардың нарықтық құны қалай анықталады?
10. Қор индекстерінің түрлері қандай?

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі
Негізгі:

1. *Мамыров Н. Қ., Тілеужанова М. Ә.* Макроэкономика: Оқулық. - Алматы: Экономика, 2003. Тарау 7.

2. Макроэкономика: учебник / Под общ. ред. *А. А. Абишева, К. А. Хубиева.* – Алматы: «Экономика», 2007. Раздел 1, глава 2, раздел 2, глава 5.

3. *Вечканов Г. С., Вечканова Г. Р.* Макроэкономика. 2 - е изд. - Спб.: Питер, 2008. Глава 4.

4. *Агапова Т. А., Серегина С. Ф.* Макроэкономика: учебник / Под общ. ред. д.э.н., проф. А. Ф. Сидоровича; МГУ им. М. В. Ломоносова. – 8 - е изд., перераб. и доп. – М.: Издательство «Дело и Сервис», 2007. Глава 7.

5. Курс экономической теории: учебник – 5-е исправленное, дополненное и переработанное издание/ Под общ. ред. Чепурина М. Н. и Киселевой Е. А. – Киров: «АСА», 2006. (Раздел 3: Макроэкономика; Раздел 4: Международные аспекты экономической теории). Глава 20, 21.

6. *Селищев А. С.* Макроэкономика. 3 - е изд. - Спб.: Питер, 2005. Глава 6, 7.

7. *Ивашковский С. Н.* Макроэкономика: Учебник. 2 – изд., испр., доп. – М.: Дело, 2002. Глава 6.

8. *Ким И. А.* Сборник заданий по макроэкономике: Учебное пособие. М.: Вита-Пресс, 2005. Глава 6.

9. Микро-, макроэкономика. Практикум. Под общей ред. *Ю. А. Огибина* – СПб,1994г. Тема 22, 23, 24.

10. *Агапова Т. А., Серегина С. Ф.* Макроэкономика. Тесты: Уч. пос., 2-е изд. – М.:ДиС, 2005. Тема 6.

Қосымша:

1. *Доғалов А. Н., Досмағанбетов Н. С.* «Макроэкономика» пәнінен курстық жұмысты орындау бойынша әдістемелік нұсқау (экономикалық мамандықтар үшін) – Астана: Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2011. – 20б.

2. *Сейткасимов Г. С.* Макроэкономические проблемы современной экономики Казахстана: Монография. – Астана: Изд. КазУЭФМТ, 2010. – 350 с.

3. *Курганбаева Г. А.* Экономика Казахстана в XXI веке: монография. – Алматы: Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте РК, 2009. – 144 с.

4. *Тоқсанбай С. Р.* Үлкен экономикалық орысша-қазақша сөздік/ Большой экономический русско-казахский словарь. – Алматы, 2010. 1010 б.

5. *Мэнкью Н. Г.* Принципы макроэкономики. Учебник для вузов / Пер. с англ. – 2-е изд. – Спб.: Питер, 2006. – 576 с.

6. *Тарасевич Л. С., Гальперин В. М., Гребенников П. И., Леусский А.И.* Макроэкономика: Учебник / под ред. Тарасевича Л.С. 5-е изд.- М.: ЮРАИТ, 2004. – 656с.

7. *Вечканов Г. С., Вечканова Г. Р.* Макроэкономика. Учебное пособие. 6-е изд.- Спб.: Питер, 2005. - 256с.

8. *Абакумова О. Г.* Макроэкономика. Конспект лекций: Пособие для подготовки к экзаменам. – М.: ПРИОР – Издат, 2005. – 224 с.

9. *Агапова Т. А., Серегина С. Ф.* Макроэкономика. Тесты: Уч. пос., 2-е изд. – М.:ДиС, 2005. – 96с.

10. *Базылев Н. И.* и др. Макроэкономика. Учебное пособие. – М.: ИНФРА – М, 2003. – 190 с.

11. Введение в макроэкономику: Учебное пособие./ Под ред. *М. Е. Дорошенко* - М.: ЮНИТИ, 2000. – 175 с.

12. *Н. Грегори Мэнкью.* Макроэкономика. Пер. с англ.- М., Изд-во МГУ, 1994.-736 с.

13. *Долан Э., Линдсей Д. Э.* Макроэкономика/Под общ. ред. Б. Лисовика. Спб: 1996.

14. *Шишов А. Л.* Макроэкономика. – М.: Ассоциация авторов и издателей «Тандем», Издательство ЭКМОС, 1997 г. – 320 с.

15. *Бункина М. К., Семенов В. А.* Макроэкономика (Осн. эк. политики): Учебник. – Изд-во «ДИС», 1997.-320 с.

16. Кейнс Д. М. Общая теория занятости, процента и денег.

17. ҚР-ның Президенті *Н. Ә. Назарбаевтың* халыққа Жолдауы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты», 2012 ж. 28 қаңтар.

18. ҚР-ның Президенті *Н. Ә. Назарбаевтың* халыққа Жолдауы «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз», 2011 ж. 28 қаңтар.

19. ҚР-ның Президенті *Н. Ә. Назарбаевтың* халыққа Жолдауы «Жаңа онжылдық – Жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» 2010 ж. 30 қаңтар.

20. ҚР-ның Президенті *Н. Ә. Назарбаевтың* халыққа Жолдауы «Дағдарыстан жаңару мен дамуға». 2009 ж. 7 наурыз.

Практика сабағының жоспары:

Практика сабағын «дөңгелек үстел» түрінде өткізу жоспарланған, тақырыптың негізгі теориялық сұрақтарын пікірталас, ауызша жауап беру, дискуссия, сұрақ-жауап және т.б. ұйымдастыру әдістері арқылы жүргізілуі тиіс.

Мақсаты: ақша нарығындағы тепе-теңдікті талдау, ақша агрегаттары мен ақшаның массасын қарастыру, ақшаға сұраныс теорияларына, соның ішінде Баумоль-Тобин үлгісіне тоқталу, ақша ұсынысының үлгісін сипаттау. Бағалы қағаздар нарығын талдау. Осы мақсатқа жету үшін семинар сабағында тақырып бойынша мынадай сұрақтардың мәнін ашу керек:

1. Ақша: түсінігі, қызметтері, агрегаттары.
2. Ақша деген сұраныс теориялары. (Классикалық, Кейнстік, Баумоль-Тобин үлгілері).
3. Ақша ұсынысының үлгісі, ақша мультипликаторы, ақша нарығындағы тепе-теңдік.
4. Бағалы қағаздар нарығы.

СОӨЖ және СӨЖ тапсырмалары:

Мақсаты: тақырыптың негізгі мәселелі сұрақтарын ұсынылып отырған әдебиет көздеріне көздеріне қарап терең меңгеруге мүмкіндік алу және төмендегі тапсырмаларды орындау арқылы тақырыпты бекіту.

1. Тақырып бойынша экономикалық сөздік (глоссарий) жасау.

2. Тақырып бойынша логикалық схемалар құрастыру.

3. Реферат, эссе, баяндама тақырыптары:

- Қазақстандағы ақша нарығы, айналымдағы ақша массасының құрылымын анықтау және негізгі ақша агрегаттарына сипаттама беру;
- ҚР бағалы қағаздар нарығының даму перспективалары;
- Қор биржалары және қор индекстері. Қазақстандағы қор биржалары.

4. Өзіндік жазба жұмыстар (конспект):

- Ақшаға деген сұраныстың монетаристік тұжырымдамасы.
- Бағалы қағаздар (облигациялар) нарығындағы тепе-теңдік.

5. Жаттығулар, есептер және т.б. тапсырмалар:

1. Келесідей мәліметтер берілген: cr = 20%, rr = 12%, C = 200 000, мұнда, cr – халықтағы қолма-қол ақшаның депозит шамасына үйлесімі; rr – міндетті резервтер нормасы; C – айналыстағы қолма-қол ақша. *Табу керек:*

а) ақша мультипликаторын;

ә) ақша ұсынысын.

2. Депозиттерді резервтеудің нормасы 0,25-ке тең. Ал депозиттеу коэффициенті 0,4-ке тең. Ақша мультипликаторының шамасын анықтаңыз.

3. Банкте 10 млн. теңгеге депозит сақтаулы. Міндетті резервтер нормасы 25%-ды құрайды. Алдымен, 1 банктің, содан соң барлық банктік жүйенің ақша ұсынысын ұлғайта алу шамасын анықтаңыздар.

4. Айталық, фирма Алтын деген қызметкеріне ай сайын оның шотына 200 мың теңге аударады. Банкке 1 рет барудың шығындары 60 теңгеге тең. Ал пайыздық қойылым 20%-ға тең.

Баумоль-Тобин үлгісін қолдана отырып мыналарды анықтаңыз:

а) банкке барудың оңтайлы санын;

ә) 1 айдағы қолма-қол ақшаның орташа шамасын.

5. Ақшаға трансакциондық сұраныстың шамасы 200 млрд. теңгені құрайды. Пайыз мөлшерлемесінің 10, 9, 8 деңгейлері кезінде активтер тарапынан ақшаға сұраныс (спекулятивтік сұраныс) көлемі сәйкесінше, 50, 70, 90 млрд. теңгеге тең. Ақша ұсынысы 290 млрд. теңгеге тең

болғандағы пайыздың тепе-теңдік мөлшерлемесінің қаншаға тең болатындығын анықтаңыз. Жауабыңызды график арқылы түсіндіріңіз.

6. Тест сұрақтарына жауап беру керек:

1. Ақшаға деген сұраныстың монетаристік функциясы:

а) инфляцияның әсерін есепке алады

ә) облигациялар бойынша нақты табысқа байланысты

б) жиынтық байлық мөлшеріне байланысты

в) аталғандардың барлығы дұрыс

2. Ақшаның сандық теориясының теңдеуіне сәйкес, ақша саны 5 пайызға өссе және ақша айналымы 3 пайызға өссе, онда:

а) нақты табыс 2 пайызға өседі

ә) баға деңгейі 5 пайызға өседі

б) атаулы пайыз мөлшерлемесі 3 пайызға өседі

в) атаулы табыс шамамен 8 пайызға өседі

3. М2 ақша агрегаты 500 млрд. долларға тең. Жедел ақша салымдары 150 млрд. долларға тең. Жинақтау салымдары 60 млрд. долларға тең. М1 ақша агрегаты қаншаға тең?

а) 650 млрд. долларға

ә) 590 млрд. долларға

б) 350 млрд. долларға

в) 290 млрд. долларға

4. Мына активтердің қайсысы жоғары өтімділікке ие болады?

а) «Запорожец» автомобилі

ә) қолма-қол ақшалар

б) алтын сақина

в) қысқа мерзімді мемлекеттік облигациялар

5. Банктердің инвесторлардан айырмашылығы қалай көрінеді? Олар:

а) бағалы қағаздарды сатады және сатып алады

ә) капиталдың көзі болып табылады

б) депозиттерді тарту арқылы ақша ресурстарын шоғырландырады;

в) тартылған ресурстарға ақша төлейді

6. Ақша ұсынысының өсуі жалпы өндіріс көлемін қай мерзімде өсіруі мүмкін?

а) қысқа мерзімде

ә) ұзақ мерзімде

б) қысқа мерзімде де және ұзақ мерзімде де

в) дұрыс жауабы жоқ

7. Ақшаның сандық теориясына сәйкес ақша ұсынысының өзгерісі:

а) ақша айналысының жылдамдығын арттырады

ә) бағалар деңгейін өсіреді

б) нақты ЖІӨ-ді өсіреді

в) нақты ЖІӨ-ді төмендетеді.

8. Ақшаның мынадай қызметтері бар:

а) айналыс құралы және құн өлшеу құралы ретінде

ә) өндіріс құралы және айналыс құралы ретінде

б) құн өлшеу құралы ретінде

в) айналыс құралы, құн өлшеу құралы және төлем құралы ретінде

9. Ақша айналыс құралы ретінде:

а) тауарлар мен қызметтердің құнын өлшеу үшін қолданылады

ә) тауарлар мен қызметтерді сату және сатып алу үшін қолданылады

б) «а» және «ә» жауаптары дұрыс

в) дұрыс жауабы жоқ

10. Ақша ұсынысы 500 млрд. долларды құрайды. ЖҰӨ 3000 млрд. долларға тең, ақша айналымының жылдамдығы қандай?

а) 8

ә) 10

б) 6

в) 60

11. Милтон Фридмен және оны жақтаушылары қандай теорияға үлес қосты:

а) Кейнсиандық экономикалық теорияға

ә) Сандық ақша теориясының дамуына

б) “Шығындар - өнім шығару” моделін талдау

в) ұсыныс экономикасының теориясына

12. Мыналардың қайсысы Ұлттық банктің қызметіне жатпайды?

а) ақша эмиссиясы

ә) ақша айналысының тұрақтылығын ұстап тұру

б) ашық нарықтағы операциялар

в) тұрғындардың салымдарын қабылдау

13. Ақшаның арзандауы – бұл:

а) дефляция

ә) деноминация

б) девальвация

в) ревальвация

14. Қазақстандағы банк жүйесі:

а) екі деңгейлі банк жүйесі

ә) үш деңгейлі банк жүйесі

б) үш деңгейлі банк жүйесі және мемлекетаралық банк

в) төрт деңгейлі банк жүйесі

15. Ақша ұсынысының қисығы қандай түрде болады:

а) көлденең кесінді түрінде

ә) тік кесінді түрінде

б) өрлеу кесіндісі түрінде

в) теріс бағытты

16. Мыналардың қайсысы М1 ақша агрегатына кірмейді?

а) айналыстағы қолма-қол ақшалар

ә) депозиттер

б) банкте сақталған қолма-қол ақшалар

в) саяхатшылардың чектері

17. Үлкен жедел салымдар қандай ақша агрегатына кіреді:

а) Мо

ә) M_1

б) M_2

в) M_3

18. Ақша жүйесіне жатпайтын элементтер:

а) бағалар ауқымы

ә) коммерциялық банктер

б) ақша белгілерінің түрлері

в) ақша бірлігі.

19. Ақша массасы – бұл:

а) берілген елдегі евро және американ доллары және өндірістік дамыған елдердің басқа да валюталары

ә) қолма қол формадағы барлық ақша қаражаттарының жиынтығы

б) айналыс және қор жинау құралы қызметін атқаратын қолма-қол және қолма-қолсыз формадағы барлық ақша қаражаттарының жиынтығы

в) тарихи қалыптасқан ақша айналысын ұйымдастыру формасы

20. Ақша ұсынысына кіретіндер:

а) банктік емес жүйенің қолма-қол ақшалары және депозиттері

ә) банктік емес жүйенің қолма-қол ақшалары және резервтері

б) қолма-қолсыз шоттардағы ақша қорлары

в) банктік емес жүйенің қолма-қол ақшасы және жинақтау шоттары

21. Елдің ақша айналысын ұйымдастыру формасы – бұл:

а) ақша айналысы

ә) ақша жүйесі

б) банк жүйесі

в) несие қатынастары

22. «Ашық нарықтағы операциялар» термині нені мазмұндайды?

а) халықты несиелеуге байланысты коммерциялық банктің қызметін

ә) Ұлттық банктің коммерциялық банкке қарыз беру қызметін

б) Ұлттық банктің мемлекеттік бағалы қағаздарды сату-сатып алуға байланысты қызметін

в) Ұлттық банктің есеп мөлшерлемесін өзгертуге байланысты қызметін

23. Егер Ұлттық банк халықтан мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып ала бастаса, онда бұл шара неге алып келеді?

а) халық қолындағы ақша массасы азаяды

ә) инвестиция көлемі азаяды

б) халық қолындағы ақша массасын арттырады

в) ақша массасына әсері болмайды

24. Ақша-несие саясатының кейнсиандық үлгісінің негізгі құралы:

а) қор жинау нормасы

ә) есеп мөлшерлемесі

б) банктік пайыз мөлшерлемесі

в) ақша ұсынысы

25. Ақша массасы – бұл:

а) қолма-қол формадағы барлық ақша қаражаттарының жиынтығы

ә) айналыс және қор жинау құралы қызметін атқаратын қолма-қол және қолма-қолсыз формадағы барлық ақша қаражаттарының жиынтығы

б) тарихи қалыптасқан ақша айналысын ұйымдастыру формасы

в) бағалы металдар мен бағалы тастар

26. Ақша агрегаттарын M_1, M_2, M_3 деп бөлудің ерекшелігі:

а) олардың өтімділік дәрежесі

ә) айналыс жылдамдығы

б) қор жинау функциясы

в) төлем қызметі

27. Баумоль-Тобин үлгісі бойынша қолма-қол ақшаға деген сұраныс келесі факторларды көздемейді:

а) атаулы пайыз мөлшерлемесін

ә) банкке байланысты шығындар мөлшерін

б) клиенттердің табыс деңгейін

в) фирма табыстарының деңгейін

28. Ақша базасы 200, ақша ұсынысы 600, онда ақша мультипликаторы нешеге тең:

а) 800

ә) 1/3

б) 400

в) 3

29. Ақша ұсынысы дегеніміз:

а) қолма-қол ақшалар мен депозиттер

ә) ақша базасы + қолма – қол ақшалар

б) депозиттер мен резервтер сомасы

в) қолма-қол ақшалер + резервтер

30. Ақша-несие саясатының құралдарына не жатпайды?

а) мемлекеттік шығындар өзгерісі

ә) есептік мөлшерлеменің өзгерісі

б) міндетті резервтер нормасының өзгерісі

в) ашық нарықтағы операциялар

7-тақырып.
БАНК ЖҮЙЕСІ. АҚША-НЕСИЕ САЯСАТЫ

Мақсаты: макроэкономикалық тұрақсыздықтың негізгі белгілерін болдырмауға байланысты экономикадағы мемлекеттің ақша-несие саясатының жүргізілуінің қажеттілігін түсініп, оның мемлекеттік реттеудегі рөлін, түрлерін, жалпы механизмдері мен ерекшеліктерін жан-жақты талдау және олардың тиімділіктерін анықтау. Осы тақырыпқа мына сұрақтар талқылауға шығарылады.

Дәріс жоспары:

1. Банк жүйесі: Ұлттық банк және коммерциялық банктер.
2. Ақша-несие саясатының мақсаттары мен құралдары.
3. Ақша-несие саясатының түрлері мен типтері.

Негізгі түсініктер: банк; банк жүйесі; орталық банк; коммерциялық банктер; маржа; ақша-несие (монетарлық) саясаты; міндетті резервтер нормасы; ашық нарықтағы операциялар; есептік мөлшерлемені белгілеу; арзан ақша саясаты; қымбат ақша саясаты; ақша-несие саясатының беріліс механизмі және т.б.

Тақырыптың мазмұны.

Банк жүйесі – бұл қандай да бір елдің территориясында бір-бірімен өзара байланысқан түрде әрекет жасайтын банктік мекемелердің жиынтығы.

Банктік жүйе әдетте, екі деңгейлі болып табылады, бірінші деңгейде әрқашанда Ұлттық банк (эмиссиялық) тұрады және екінші деңгейге коммерциялық банктер (депозиттік) мен арнайы мамандандырылған қаржы-несие мекемелері (инвестициялық, жинақтаушы, ипотекалық, сыртқы саудалық және т.б.) жайғасады.

Банк жүйесі мынадай негізгі қызметтерді атқарады:

а) уақытша бос ақша қаражаттарын шоғырландыру;

ә) бос ақша қаражаттарын уақытша пайдалану үшін ұсыну;

б) несиелік ақшаларды жасау;

в) несиелік реттеу;

г) ақша эмисиялау;

д) бағалы қағаздарды шығару.

Банк жүйесінің маңызды буыны болып Ұлттық банк табылады.

Ұлттық банк – бұл үкіметтің қарыздық және несиелік операцияларын ұйымдастырудың делдалы, ақша нарығының тепетеңдігін қамтамасыз ететін банк жүйесінің басты буыны.

Ұлттық банк ұлттық валютаны айналымға енгізеді, елдің алтын валюталық резервтерін сақтайды, банкаралық есептесу орталығы ретінде жұмыс істейді. Ұлттық банк Үкіметтің қаржылық агенті рөлін атқарады және коммерциялық банктер үшін кредитор болып табылады. Сонымен қатар, Ұлттық банк халықаралық ақша нарықтарында сатушы және сатып алушы қызметін атқарады және жеке банктердің шетелдік қызметтерін реттеп отырады.

Әлемнің барлық елдерінде Ұлттық банктер ақша-несие саясатын қалыптастырады және жүзеге асырады, коммерциялық банктердің қызметтерін бақылайды және реттейді.

Ұлттық банктің, коммерциялық банктердің операциялары және банктік емес сектордың шешімдері нәтижесінде экономикада ақша ұсынысы өзгеріп отырады. Біз білетініміздей, Ұлттық банк ақша ұсынысын ақша базасы мен ақша мультипликаторына әсер ету жолымен бақылайды. Ал ақша ұсынысының нақты көлемі коммерциялық банктердің салымдарды қабылдау және несиелерді беру бойынша операцияларының нәтижесінде қалыптасады.

Коммерциялық банктер – әртүрлі операцияларды орындау мен қызметтерді көрсету арқылы заңды және физикалық тұлғаларға келісімшарттар негізінде несиелік-есеп-айырысушылық және басқа да банктік қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын әмбебап тұрпаттағы несиелік мекемелер.

Коммерциялық банктердің негізгі қызметтері болып салымдарды (депозиттерді) тарту және несиелерді ұсыну саналады. Осы операциялар арқылы коммерциялық банктер ақша ұсынысын кеңейтіп қосымша ақшалар жасай алады және олар басқа қаржылық мекемелерден осындай қызметтерімен ерекшеле-

неді. Банктер сонымен қатар, бағалы қағаздарды сату және сатып алумен де айналысады.

Коммерциялық банктердің пайдасын **маржа** деп атайды, ол несиелер бойынша тағайындалған пайыздар (бұл пайыздарды қарыз алушылар төлейді) мен депозиттер бойынша тағайындалған пайыздар (бұл пайыздарды банктер өз салымшыларына төлейді) арасындағы айырма болып табылады.

Арнайы мамандандырылған қаржы-несиелік мекемелер – бұл экономиканың нақты салалары мен аяларын несиелеумен айналысатын банктік емес ұйымдар.

Мұндай ұйымдар келесідей формаларда жұмыс істейді:

1) **инвестициялық банктер** – бағалы қағаздарды шығару мен орналастыру бойынша операцияларды жүргізетін, капиталдарды тартатын, салаларды инвестициялауға өз капиталдарын пайдаланатын ұйымдар;

2) **жинақтаушы мекемелер** – халықтың жинақтарын жинайтын және тұрғын-үй құрылысына инвестиция салу үшін ақша капиталын пайдаланатын ұйымдар;

3) **сақтандыру компаниялары** – сақтандыру полистерін сату жолымен ақша қаражаттарын тартатын, өнеркәсіп, сауда және көлік салаларының ірі корпорацияларын қаржыландырумен айналысатын ұйымдар;

4) **зейнетақы қорлары** – ұзақ мерзімдік міндеттемелерді эмиссиялау жолымен қаржыларды тартатын ұйымдар;

5) **инвестициялық компаниялар** – акциялары бар ұсақ компаниялардың арасына өз акцияларын орналастыратын және қаржыларды экономиканың әртүрлі салаларындағы бағалы қағаздарды сатып алу үшін пайдаланатын ұйымдар.

Кез келген елдің Ұлттық банкі макроекономикалық саясаттың негізгі құралы – ақша-несие саясатын жүргізуге жауапты.

Ақша-несие саясаты – бұл ақша айналымы мен несие жүйесі саласындағы мемлекеттік іс-шараларды жүзеге асырумен байланысты бірқатар жалпы экономикалық міндеттерді орындауға бағытталған макроэкономикалық саясаттың аса маңызды құрамдас бөлігі. Ақша-несие саясаты нақты мақсаттарды көздейді және арнайы құралдар арқылы жүзеге асырылады.

Ақша-несие саясатының мақсаттары соңғы және аралық мақсаттар болып бөлінеді.

Соңғы мақсаттар:

1) экономикалық өсу;

2) толық жұмысбастылық;

3) бағалардың тұрақтылығы;

4) тұрақты төлем балансы.

Соңғы мақсаттар ақша-несие саясатының фискалдық, валюталық, сыртқы сауда саясаттарымен бірге жүзеге асыратын мемлекеттің маңызды бағыттарына жатады.

Аралық мақсаттар:

1) ақша массасы;

2) пайыздық қойылым;

3) айырбас бағамы.

Ақша-несие саясатының мақсаттарына тікелей және жанама деп бөлінетін нақты құралдар арқылы қол жеткізіледі.

Ақша-несие саясатының тікелей құралдары:

1) несиелеу лимиттері;

2) пайыз мөлшерлемесін тікелей реттеу.

Ақша-несие саясатының жанама құралдары:

1) міндетті резервтер нормасын өзгерту;

2) есептік мөлшерлемені өзгерту;

3) ашық нарықтағы операциялар.

Міндетті резервтер нормасын өзгерту – бұл ақша-несие жүйесін реттеуде қолданылатын қатаң құрал ретінде саналатын банктік резервтердің шамасына әсер ету әдісі.

Міндетті резервтер нормасын Ұлттық банк депозиттердің шамасына қарай пайыздық түрде бекітеді. Оның шамасы біріншіден, *салымдардың түрлеріне* және екіншіден, *банктердің көлеміне* (шағын банктерге қарағанда ірі банктер үшін оның шамасы жоғары) байланысты болады.

Міндетті резервтер нормасын өзгерту екі негізгі нысанда жүргізіледі: жоғарылату формасында және төмендету формасында.

Міндетті резервтер нормасын жоғарылатудың нәтижесінде міндетті резервтердің шамасы артады, коммерциялық банктердің

несиелік белсенділігі қысқарады және соңында ақша ұсынысы төмендейді.

Міндетті резервтер нормасын төмендетудің нәтижесінде керісінше, несие беру құралдары кеңейеді, коммерциялық банктердің несиелік белсенділігі артады және соңында ақша ұсынысы ұлғаяды.

Міндетті резервтер – бұл коммерциялық банктердің Ұлттық банкте пайызсыз салымдар түрінде сақтайтын депозиттерінің бір бөлігі. Сонымен қатар, коммерциялық банктер өз қарамағында артық резервтерді де ұстай алады. **Артық резервтер** – бұл күтпеген жағдайлардан сақтану үшін және өтімділігі бар құралдарға қажеттіліктерін өсіру үшін сақтайтын міндетті резервтерден артылып қалған сомалар.

Есептік мөлшерлемені өзгерту (қайта қаржыландыру ставкасы) – бұл Ұлттық банктің коммерциялық банктерге қарызға беретін өз резервтеріне тағайындайтын пайыз мөлшерлемесін өзгертуі. Ұлттық банк осы құралды пайдалану арқылы *дисконттық саясатты* іске асырады. Жоғарыдағы сияқты, бұл құрал да жоғарылату немесе төмендету нысанында жүзеге асырылады.

Есептік мөлшерлемені жоғарылату нәтижесінде пайыз мөлшерлемесі өседі, орталық банктен қарыз алу шектеледі, соның салдарынан коммерциялық банктердің несиелерді ұсыну бойынша белсенді операциялары қысқарады. Коммерциялық банктер қымбат несиені ала отырып, несие бойынша өздерінің пайыздық мөлшерлемелерін көтереді, соңында жалпы несие қымбаттайды.

Есептік мөлшерлемені төмендету керісінше, банктік несиеерді алуды жеңілдетеді, пайыздық қойылым төмендейді, несиелік операциялар кеңейеді, ақша ұсынысы артады.

Есептік мөлшерлеме, ереже бойынша, банкаралық нарықтың тағайындайтын пайыздық мөлшерлемелерінен төмен болып келеді.

Ашық нарықтағы операциялар – бұл Ұлттық банктің мемлекеттік бағалы қағаздарды (облигацияларды) сатып алуы мен сатуы. Ұлттық банк ашық нарықтағы операциялар арқылы экономикадағы ақша массасының шамасын реттеп отырады. Бағалы қағаздарды сатып ала отырып, коммерциялық банктердің резервтерін арттырады, олардың несиелік мүмкіндіктерін

ұлғайтады, ақша ұсынысын кеңейтеді. Және керісінше, бағалы қағаздарды сата отырып, Ұлттық банк коммерциялық банктердің резервтері мен несиелік мүмкіндіктерін қысқартады, ақша ұсынысын төмендетеді.

Ашық нарықтағы операциялар көп жағдайларда, **қайта сатып алу келісімі (РЕПО)** нысанында жүргізіледі. Оның жүргізілуінің мәні, яғни Ұлттық банк бағалы қағаздарды белгіленген уақыты біткеннен кейін аса жоғары бағамен міндетті түрде қайтара сатып алу жағдайында сатады.

Ақша-несие саясатының енжар және белсенді деген түрлерін бөліп көрсетуге болады.

Енжар ақша-несие саясаты – бұл мемлекеттің бюджет-салық саясатын жүзеге асыруынан туындаған ақша параметрлерін өзгерту.

Белсенді ақша-несие саясаты – бұл алға қойылған мақсаттарға жету үшін мемлекеттің ақша-несие саясатының ерекше құралдарының көмегімен ақша нарығына әсер етуі.

Ақша-несие саясатының негізгі екі типі ажыратылады: *ынталандырушы* және *шектеуші*.

Ынталандырушы ақша-несие саясаты (несиелік экспансия) – бұл ақша ұсынысын арттыру және ақшаның бағасын (пайыз мөлшерлемесін) төмендету жолымен елдегі экономикалық белсенділікті көтеру мақсатында жүргізілетін саясат.

Шектеуші ақша-несие саясаты (несиелік рестрикция) – экономиканың инфляциялық өсуін тежеуге, ақша ұсынысының көлемін қысқартуға және ақшаның бағасын өсіруге бағытталған саясат.

Экономиканың циклдік ауытқулары мен толқуларын жұмсарту және қалпына келтіру мақсатында Ұлттық банк ынталандырушы немесе шектеуші ақша-несие саясатын жүргізу барысында өз қарамағында жоғарыда аталып өткен құралдар кешенін қолданады.

Өндірістің құлдыруы мен жұмыссыздықтың өсуі жағдайында Ұлттық банк «жұмсақ» ынталандырушы саясатты жүргізеді, мұны басқаша, **«арзан ақшалар» саясаты** деп атайды. Бұл саясат мынадай іс-шаралар арқылы жүргізіледі:

• есептік мөлшерлемені (қайта қаржыландыру мөлшерлемесін) төмендету;

• міндетті резервтер нормасын төмендету;

• халықтан және коммерциялық банктерден бағалы қағаздарды (қысқа мерзімдік мемлекеттік облигацияларды) сатып алу.

Осындай шараларды атқарудың нәтижесінде коммерциялық банктердің артық резервтері көбейеді, олардың несиелік мүмкіндіктері кеңейеді, жалпы алғанда елде ақша ұсынысы өседі. Ақша ұсынысының өсуі пайыз мөлшерлемесін төмендетеді, ал соңында инвестициялардың өсуі орын алып, ұлттық өндірістің көлемі артады.

Экономиканың қызып кетуі жағдайында, яғни экономика артық шығындар мен инфляцияға тап болғанда Ұлттық банк «қатаң» ақша-несие саясатын іске асырады, мұны басқаша, **«қымбат ақшалар» саясаты** деп атайды. Бұл саясат мынадай іс-шаралар арқылы жүргізіледі:

• есептік мөлшерлемені (қайта қаржыландыру мөлшерлемесін) жоғарылату;

• міндетті резервтер нормасын арттыру;

• халықтан және коммерциялық банктерден бағалы қағаздарды (қысқа мерзімдік мемлекеттік облигацияларды) сату.

Осындай саясатты жүргізудің нәтижесінде коммерциялық банктердің қарыз берулері шектеледі, ақша ұсынысы қысқарады, пайыз қойылымы өседі, ал соңында инвестициялар қысқарады, жиынтық шығындар төмендейді және инфляция басылады.

Ақша-несие саясатын жүзеге асырудың осындай бағытын **кейнстік теория** жақтайды және ол қысқа мерзімде орындалады. Бұл үлгінің мақсаттық бағыттылығы ретінде банктік пайыз мөлшерлемесі қолданылады, ал оның механизмі мынадай тізбек түрінде жүргізіледі: *ақша массасы → пайыз мөлшерлемесінің нормасы → инвестициялар → жиынтық сұраныс → ұлттық табыс.* Бұл механизмді **«Кейнстің беріліс (жеткізбелі) механизмі»** деп атайды.

Пайыз мөлшерлемесін реттеу арқылы ақша-несие саясатын жүргізу мынадай бірқатар мәселелерді туындатады:

• уақыттық кешеуілдеулердің пайда болуы (М. Фридменнің бағалауы бойынша, 6 айдан 2 жылға дейін);

• «кері байланыс әсерінің» көрініс табуы – ұлттық өндірісті пайыз мөлшерлемесін төмендету жолымен өсіру, ақшаға сұраныстың артуын туындатып, оның қайта өсуіне алып келеді;

• «өтімділік тұзағының» орын алуы – пайыз мөлшерлемесі өзінің мүмкін болатын төменгі деңгейіне жеткенде ақша ұсынысын өсіру арқылы оны ары қарай төмендету және инвестицияларды ынталандыру, бірақ ұлтық өндірісті ұлғайту мүмкін болмайды;

• ішкі және сыртқы экономикалық тұрақтылық мақсаттарының арасында қарама-қайшылықтар пайда болады – экономиканың инфляциялық тұрғыдан «қызып» кетуі кезеңінде Ұлттық банк ішкі тұрақтылықты орнату мақсатында ақша ұсынысын қысқартады. Пайыз мөлшерлемесінің артуы шетелдік инвесторларды тартады, соның салдарынан ұлттық валютаның бағамы артады және елдің экспорттық мүмкіндіктері төмендейді.

Бұдан да басқа мәселелер туындауы мүмкін. Сол себепті, кейнсиандықтар фискалдық саясатпен салыстырғанда, ақша-несие саясатын екінші орынға қояды.

Монетаристік үлгі ақша-несие саясатын әрдайым бірінші орынға қояды. Монетаристік бағыт айырбас теңдігіне негізделеді: $M \times V = P \times Y$, бұдан байқайтынымыз, ақша массасын арттыру ұлттық өндірістің көлеміне тікелей әсер етеді. Толық жұмысбастылық жағдайында ақша ұсынысын ұлғайту инфляцияға алып келеді. Осыған байланысты, монетаристер негізгі бағдар ретінде ақша ұсынысының (ақша массасының) өсу қарқынын реттеуді алға тартады. Бұл ұзақ мерзімдік үлгі болып табылады.

Макроэкономикалық тұрақсыздықтың алдын алу мақсатында монетаристік мектептің жетекшісі Милтон Фридмен **«ақша ережесі»** заңдық қаулысын бекітуді ұсынды. Осы ережеге сәйкес, ақша ұсынысы ұлттық өндірістің әлеуетті нақты көлемінің өсу қарқынына байланысты артуы қажет, яғни жылына 3-4%-ға өсуі керек. Осымен бірге, ақша массасын тұрақты түрде бірқалыпта өсіріп отыру арқылы инфляциялық үрдістер жойылады. Өндірістің құлдырауы да жұмсара бастайды, өйткені экономика ақша ресурстарымен үнемі қуаттанып отырады, осыған орай, жиынтық сұраныс ынталандырылады және өндіріс көлемі ұлғаяды. Алайда

«ақша ережесін» қатаң сақтау үкіметтің қысқа мерзімдік ақша-несие саясатын жүргізу бойынша мүмкіндіктерін шектейді. Заң жүзінде «ақша ережесі» нарықтық экономикасы дамыған елдерде қабылданбады. Бірақ, АҚШ, Ұлыбритания, Жапония және Канада сияқты дамыған елдерде **ақша массасын таргеттеу** (нысаналау немесе шектеу) – ақша массасы өсуінің жоғарғы және төменгі шегін белгілеу әдісі қолданылады. Монетаристік әдістердің инфляциямен күрес жолында өз тиімділігін көрсететінін атап өткеніміз жөн.

Сөйтіп соңында, ақша-несие саясатының *қысқа мерзімді* және *ұзақ мерзімді* деген түрлерін бөліп көрсетуге болады. Олар өзінің нәтижелері бойынша ерекшеленеді. Қысқа мерзімде ақша-несие саясаты ұлттық өндіріс көлеміне үлкен дәрежеде әсер етеді және бағалар деңгейіне соншалықты әсер етпейді. Ұзақ мерзімде керісінше, ақша-несие саясаты бағалар деңгейіне айтарлықтай әсер етеді және ұлттық өндірістің көлеміне соншалықты әсер ете алмайды.

Қазақстандағы ақша-несие саясатының негізгі бағыттары

2008-2010-жылдары болған әлемдік қаржылық және экономикалық дағдарыс көптеген елдердің ақша-несие саясатына айтарлықтай әсер етті және осы саясаттың қолданыстағы құралдарын жетілдіруді талап етті.

Қазіргі уақытта, бірінші жағынан, қалыпты экономикалық белсенділікті, экономикалық өсудің қалпына келуінің тұрақтылығына қатысты жоғары белсенділікті назарға ала отырып, дағдарысты еңсерген көптеген елдердің орталық банктері белсенді ақша-несие саясатын жүргізіп келеді. Ал екінші жағынан, посткризистік экономикалық өсудің қалпына келуі, инфляцияның өсуімен қатар жүретін негізгі дамушы елдердің орталық банктері ақша-несие саясатын салыстырмалы түрде қатаңдатып отыр.

Өткен жылдан бастап, Елбасының тапсырмаларын орындау шеңберінде Қазақстан Республикасының ақша-несие саясаты теңгерімді сипатта жүргізіледі және ол ақша ұсынысын төмен деңгейде ұстап тұрумен қатар жүріп отыр. Мәселен, 2010 жылдың қорытындылары бойынша мынадай көрсеткіштерді келтіруге бо-

лады: ақша массасы өсуінің қарқыны 15,7%-ды құрап, ақша базасы 3,2%-ға тарылды. Банк жүйесі шеңберіндегі депозит базасы өсті, яғни, ел резиденттері депозиттерінің шамасы 13,3%-ға 7 451,3 млрд.теңгеге дейін өсті. Ал банктердің экономикаға берген несиелерінің көлемін төмендегі кестеден көруге болады.

7.1-кесте. **Экономикаға берілген несиелер көлемі, млн. теңгемен**

		Валюта түрлері бойынша		Мерзімі бойынша		Субъектілер бойынша	
	Барлығы	Ұлттық валютада	Шетел валютасында	Қысқа мерзімді	Ұзақ мерзімді	Заңды тұлғаларға	Жеке тұлғаларға
12.10	**7 596 547**	4 383 102	3 213 446	1 246 802	6 349 745	5 480 301	2 116 246
01.11	**7 572 930**	4 387 733	3 185 197	1 228 733	6 344 197	5 459 115	2 113 814
02.11	**7 604 273**	4 450 206	3 154 066	1 233 503	6 370 770	5 495 588	2 108 685

Дерек көзі: www.nationalbank.kz

ҚР-сы ақша-несие саясатының шаралары еліміздің тұтыну нарығындағы тұрақтылықты сақтап тұруға бағытталуы тиіс. ҚР-сы Ұлттық Банкінің бағалауы бойынша үстіміздегі жылда жылдық инфляция деңгейі 6-8% шегінде белгіленген мақсатты дәліздің жоғарғы шегіне жақын қалыптасады. 2010 жылы ҚР-сы Ұлттық Банкінің пайыздық мөлшерлемелерінің дәлізі өзгеріссіз қалды. Ресми қайта қаржыландыру ставкасы (есептік мөлшерлеме) 7,0% деңгейінде сақталды. Ал биылғы жылы ресми қайта қаржыландыру ставкасы 7,5% деңгейінде болып отыр. Ақша нарығындағы қысқа мерзімді өтімділікті Ұлттық Банк қысқа мерзімді ноталарды шығару және банктерден депозиттер тарту арқылы реттейді. Пайыз мөлшерлемелерінің ең төменгі деңгейге дейін төмендеуіне қарамастан, банктер тарапынан осы құралдарға деген сұраныс жоғары деңгейде. Соның нәтижесінде, банктер Ұлттық Банктегі өз резервтерінің көлемін айтарлықтай ұлғайтуда. Ең төменгі міндетті резервтік талаптардың тетіктері және олардың нормативтері 2010 жылы өзгеріссіз қалды. Банктерге қойылатын міндетті резервтер нормасының ең төменгі деңгейі

ішкі міндеттемелер бойынша 1,5% және басқа да міндеттемелер бойынша 2,5% болды.

ҚР-сы ақша-несие саясатының 2011-2013 жылдарға арналған негізгі бағыттары мұнайға деген әлемдік бағаның орташа жылдық деңгейінің құбылып отыруымен байланысты жүргізіліп отырады. Сонымен қатар, бюджеттен төленетін зейнетақылардың, жәрдемақылардың, жалақылардың және басқа да әлеуметтік төлемдердің 2011 жылы жоспарлы көтерілуі назарға алынды. Бұл көтерілу экономикадағы жиынтық сұранысқа сәйкес келетін деңгейде жиынтық ұсынысты ұстап тұру тұрғысынан ҚР-сы Үкіметінің және Ұлттық Банкінің тарапынан тиісті шаралар қолдануды талап етеді.

ҚР-сы Ұлттық Банкінің ақша-несие саясатын жүргізуінің негізгі мақсаты – баға тұрақтылығы. Алайда, соған қарамастан, ақша массасын таргеттеу ұстанымдарына көшу арқылы пайыз мөлшерлемелерінің тиімділігін ұзақ мерзімді басымдықтар тұрғысынан көтеру мақсатына қол жеткізуді де көздейді. Сонымен қатар, алдағы жылдары ақша-несие саясаты құралдарының тиімділігін жетілдіру мен көтеру және қабылданған іс-шаралардың ақша нарығының жай-күйіне ықпалын бұдан әрі күшейту бойынша әрекеттер жалғаса береді. Ақша-несие саясаты қалыптасып отырған макроэкономикалық жағдайға бара-бар болады. Экономикадағы ақша ұсынысы экономиканың өсуіне сәйкес келетін деңгейде сақталады. Ақша-несие саясаты банк секторындағы өтімділікті икемді реттеу арқылы несиелік белсенділікті қайта қалпына мәселелерін шешу үшін барлық жағдайды жасайтын болады, сонымен қатар, бұл шаралардың тиімділігі банк секторындағы құрылымдық қайта құруларға байланысты болып табылады.

Қорытынды

1. Нарықтық экономикасы дамыған елдердің қазіргі ақша-несие жүйесі келесі буындардан тұрады: 1) Орталық эмиссиялық банк;

2) банктік сектор – коммерциялық, депозиттік, ипотекалық, инвестициялық банктер және арнайы мамандандырылған банктік емес қаржы-несие мекемелері – сақтандыру компаниялары, зейнетақы қорлары; инвестициялық компаниялар және т.б.

2. Банк жүйесі экономикада уақытша бос ақша қаражаттарын шоғырландыру; бос ақша қаражаттарын уақытша пайдалану үшін ұсыну; несиелік ақшаларды жасау; несиелік реттеу; ақша эмисиялау; бағалы қағаздарды шығару сияқты қызметтерді атқарады.

3. Ақша-несие саясаты ақша айналымы мен несие жүйесі саласындағы мемлекеттік іс-шараларды жүзеге асырумен байланысты бірқатар жалпы экономикалық міндеттерді орындауға бағытталған макроэкономикалық саясатты білдіреді. Ақша-несие саясатының мақсаттары *соңғы* және *аралық мақсаттар* болып бөлінеді.

Соңғы мақсаттар: 1) экономикалық өсу; 2) толық жұмысбастылық; 3) бағалардың тұрақтылығы; 4) тұрақты төлем балансы.

Аралық мақсаттар: 1) ақша массасы; 2) пайыздық қойылым; 3) айырбас бағамы.

Ақша-несие саясатының мақсаттарына тікелей және жанама деп бөлінетін нақты құралдар арқылы қол жеткізіледі.

Ақша-несие саясатының тікелей құралдары:

1) несиелеу лимиттері; 2) пайыз мөлшерлемесін тікелей реттеу.

Ақша-несие саясатының жанама құралдары:

1) міндетті резервтер нормасын өзгерту; 2) есептік мөлшерлемені өзгерту; 3) ашық нарықтағы операциялар.

4. Ақша-несие саясатының негізгі екі типі ажыратылады: *ынталандырушы* және *шектеуші*. Ынталандырушы ақша-несие саясаты (несиелік экспансия) – бұл ақша ұсынысын арттыру және ақшаның бағасын (пайыз мөлшерлемесін) төмендету жолымен елдегі экономикалық белсенділікті көтеру мақсатында жүргізілетін саясат. Шектеуші ақша-несие саясаты (несиелік рестрикция) – экономиканың инфляциялық өсуін тежеуге, ақша ұсынысының көлемін қысқартуға және ақшаның бағасын өсіруге бағытталған саясат.

5. Монетаризм бағытын жақтаушылар «ақша ережесі» бойынша ақша-несие саясатының жүргізілуін қалайды. Бұл саясаттың мақсаты – ақша ұсынысын қалыпты тұрақты деңгейінде ұстап тұру немесе ақша массасы өзгеруінің төменгі және жоғарғы шегін белгілеу.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары

1. Банктік жүйенің құрылымы қандай?
2. Коммерциялық банктердің атқаратын операциялары қандай?
3. Ақша-несие саясаты қандай нысандарда жүргізіледі?
4. Елдің Ұлттық банкі ақша базасына және ақша ұсынысына қандай құралдары арқылы әсер етеді?

5. Ақша-несие саясатының беріліс механизмі қандай буындарды қамтиды?

6. Ақша-несиелік реттеудегі монетаристік бағыттың мәні неде?

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

Негізгі:

1. *Мамыров Н. Қ., Тілеужанова М. Ә.* Макроэкономика: Оқулық. - Алматы: Экономика, 2003. Тарау 8.

2. Макроэкономика: учебник / Под общ. ред. *А. А. Абишева, К. А. Хубиева.* – Алматы: «Экономика», 2007. Раздел 2, глава 5.

3. *Вечканов Г. С., Вечканова Г. Р.* Макроэкономика. 2 - е изд. - Спб.: Питер, 2008. Глава 11.

4. *Агапова Т. А., Серегина С. Ф.* Макроэкономика: учебник / Под общ. ред. д.э.н., проф. *А. Ф. Сидоровича*; МГУ им. М.В. Ломоносова. – 8 - е изд., перераб. и доп. – М.: Издательство «Дело и Сервис», 2007. Глава 8.

5. Курс экономической теории: учебник – 5-е исправленное, дополненное и переработанное издание/ Под общ. ред. *Чепурина М. Н. и Киселевой Е. А.* – Киров: «АСА», 2006. (Раздел 3: Макроэкономика; Раздел 4: Международные аспекты экономической теории). Глава 20.

6. *Ивашковский С. Н.* Макроэкономика: Учебник. 2 – изд., испр., доп. – М.: Дело, 2002. Глава 7.

7. Микро-, макроэкономика. Практикум. Под общей ред. *Ю. А. Огибина* – СПб,1994г. Тема 22, 23, 24.

8. *Агапова Т. А., Серегина С. Ф.* Макроэкономика. Тесты: Уч. пос., 2-е изд. – М.:ДиС, 2005. Тема 7.

Қосымша:

1. *Доғалов А. Н., Досмағанбетов Н. С.* «Макроэкономика» пәнінен курстық жұмысты орындау бойынша әдістемелік нұсқау (экономикалық мамандықтар үшін) – Астана: Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2011. – 20б.

2. *Сейткасимов Г. С.* Макроэкономические проблемы современной экономики Казахстана: Монография. – Астана: Изд. КазУЭФМТ, 2010. – 350 с.

3. *Курганбаева Г. А.* Экономика Казахстана в XXI веке: монография. – Алматы: Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте РК, 2009. – 144 с.

4. *Тоқсанбай С. Р.* Үлкен экономикалық орысша-қазақша сөздік/ Большой экономический русско-казахский словарь. – Алматы, 2010. 1010 б.

5. *Мэнкью Н. Г.* Принципы макроэкономики. Учебник для вузов / Пер. с англ. – 2-е изд. – Спб.: Питер, 2006. – 576 с.

6. *Тарасевич Л. С., Гальперин В. М., Гребенников П.И., Леусский А.И.* Макроэкономика: Учебник / под ред. Тарасевича Л.С. 5-е изд.- М.: ЮРАИТ, 2004. – 656с.

7. *Вечканов Г. С., Вечканова Г. Р.* Макроэкономика. Учебное пособие. 6-е изд.- Спб.: Питер, 2005. - 256с.

8. *Абакумова О. Г.* Макроэкономика. Конспект лекций: Пособие для подготовки к экзаменам. – М.: ПРИОР – Издат, 2005. – 224 с.

9. *Базылев Н. И.* и др. Макроэкономика. Учебное пособие. – М.: ИНФРА – М, 2003. – 190 с.

10. Введение в макроэкономику: Учебное пособие./ Под ред. *М. Е. Дорошенко* - М.: ЮНИТИ, 2000. – 175 с.

11. *Н. Грегори Мэнкью.* Макроэкономика. Пер. с англ.- М., Изд-во МГУ, 1994.-736 с.

12. *Долан Э., Линдсей Д. Э.* Макроэкономика/Под общ. ред. Б. Лисовика. Спб: 1996.

13. *Шишов А.Л.* Макроэкономика. – М.: Ассоциация авторов и издателей «Тандем», Издательство ЭКМОС, 1997 г. – 320 с.

14. *Бункина М. К., Семенов В. А.* Макроэкономика (Осн. эк. политики): Учебник. – Изд-во «ДИС», 1997.-320 с.

15. *Кейнс Д. М.* Общая теория занятости, процента и денег. (оқытушыда, электрондық нұсқа).

16. ҚР-ның Президенті *Н. Ә. Назарбаевтың* халыққа Жолдауы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты», 2012 ж. 28 қаңтар.

17. ҚР-ның Президенті *Н. Ә. Назарбаевтың* халыққа Жолдауы «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз», 2011 ж. 28 қаңтар.

18. ҚР-ның Президенті *Н. Ә. Назарбаевтың* халыққа Жолдауы «Жаңа онжылдық – Жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» 2010 ж. 30 қаңтар.

19. ҚР-ның Президенті *Н. Ә. Назарбаевтың* халыққа Жолдауы «Дағдарыстан жаңару мен дамуға». 2009 ж. 7 наурыз.

Практика сабағының жоспары:

Практика сабағын «дөңгелек үстел» түрінде өткізу жоспарланған, тақырыптың негізгі теориялық сұрақтарына пікірталас, ауызша жауап беру, дискуссия, сұрақ-жауап, т.б. ұйымдастыру әдістері арқылы жүргізілуі тиіс.

Мақсаты: макроэкономиканың негізгі мәселелерін шешудегі және реттеудегі мемлекеттің ақша-несие саясатының мән-мағынасын түсініп, олардың негізгі бағыттары мен тиімділіктерін жан-жақты ортаға салып талқылау, сонымен қатар, Қазақстандағы және шет елдердердегі осы макроэкономикалық саясаттардың жүргізілу механизмдеріне де тоқталып өту.

1. Экономикадағы банктер және олардың рөлі.
2. Банк жүйесі: Ұлттық банк және коммерциялық банктер.
3. Ұлттық банктің ақша-несие саясаты, мақсаттары, құралдары, мәселелері.

Мақсаты: осы тақырыптағы негізгі сұрақтарды ұсынылып отырған әдебиет көздерінен оқу және салыстыру, сонымен қатар тақырыпты төмендегі және басқа да тапсырмаларды орындау арқылы бекіту.

1. Тақырып бойынша экономикалық сөздік (глоссарий) жасау.

2. Тақырып бойынша логикалық схемалар құрастыру.

3. Реферат, эссе, баяндама тақырыптары:

- ҚР банк жүйесі және оның ерекшеліктері;
- ҚР несие жүйесі және несиелік қатынастардың даму ерекшеліктері;
- ҚР монетарлық саясаты және оның ерекшеліктері;
- Қазақстандағы жинақтаушы зейнетақы қорлары;
- Қазақстан экономикасын исламдық қаржыландыру жүйесінің ерекшеліктері.

4. Өзіндік жазба жұмыстар (конспект):

- Несие, оның формалары, қызметтері, принциптері;
- Ақша-несие саясатының беріліс (трансмиссиялық) механизмі;
- Ақша-несие саясатының нәтижелілігі туралы кейнстік және монетаристік көзқарастар.

5. Жаттығулар, есептер және т.б. тапсырмалар:

1. Коммерциялық банктің жиынтық резервтері 220 млн. теңгені құрайды. Депозиттер 950 млн. теңгеге тең. Осы депозиттерді міндетті резервтеудің нормасы 20%-ға тең. Егер банк қарыз беру үшін өзінің барлық артық резервтерін қолданса, онда ақша ұсынысы қалай өзгереді?

2. Міндетті резервтер нормасы 20%-ға тең. Коммерциялық банк депозиттер сомасының 5%-н артық резервтер ретінде сақтайды. Ал де-

позиттер сомасы 10 000 мың теңгеге тең. Мұндай жағдайда банк несие беру үшін максималды түрде қанша соманы қолдана алады?

3. Ұлттық банк коммерциялық банктен 100 млн. теңгеге мемлекеттік облигацияларын сатып алды дейік. Егер коммерциялық банк 10%-дық міндетті резервтер нормасы жағдайында өзінің несиелік мүмкіндіктерін толығымен пайдалана алса, онда ақшалай ұсыныс қандай шамаға өзгереді?

6. Тест сұрақтарына жауап беру керек:

1. Банктер несие беріп, ағымдық шоттар ашады. Мұның нәтижесінде ақша массасы:

а) депозиттер сомасынан артық шамаға өседі

ә) өспейді де, кемімейді де

б) депозиттер сомасынан кем шамаға өседі

в) депозиттер сомасына тең шамаға өседі

2. Міндетті резервтер нормасы қалай жүргізілуі мүмкін:

а) салымдарды алудан сақтандыру құралы ретінде

ә) пайыз мөлшерлемесін реттеу құралы ретінде

б) ақша массасын реттеу құралы ретінде

в) бюджет салымдарын жабу құралы ретінде

3. Ашық нарықтағы операциялар ұғымы нені мазмұндайды?

а) халықты несиелеуге байланысты коммерциялық банктердің қызметін; ә) Ұлттық банктің коммерциялық банкке қарыз беру қызметін; б) Ұлттық банктің мемлекеттің бағалы қағазын сату-сатып алуға байланысты қызметін; в) Ұлттық банктің банктік қор көлемін өзгертуге байланысты операцияларын.

4. «Арзан ақшалар» саясаты кезінде Ұлттық банк мынадай іс-шараларды атқаруы тиіс, яғни:

а) есептік мөлшерлемені төмендету; міндетті резервтер нормасын төмендету; халықтан және коммерциялық банктерден бағалы қағаздарды сатып алу;

ә) есептік мөлшерлемені арттыру; міндетті резервтер нормасын арттыру; халыққа бағалы қағаздарды сату;

б) есептік мөлшерлемені арттыру; міндетті резервтер нормасын төмендету; халықтан бағалы қағаздарды сатып алу;

в) есептік мөлшерлемені төмендету; міндетті резервтер нормасын арттыру; халықтан бағалы қағаздарды сатып алу.

5. Ақшаның жалпы массасы өседі, егер коммерциялық банктер:

а) халыққа ұсынатын несиелер көлемін өсірген жағдайда

ә) Ұлттық банктегі өз салымдарын өсірген жағдайда

б) ағымдық шоттардағы өз міндеттемелерін өсірсе

в) Ұлттық банктегі өз салымдарының бір бөлігін алса

6. Дамыған елдерде «ақша массасын таргеттеу» деген әдіс қолданылады, оның мәні неде:

а) ақша массасы өсуінің жоғарғы және төменгі шегін белгілеу әдісі

ә) пайыздың қойылымның жоғарғы және төменгі шегін белгілеу әдісі

б) мемлекеттік облигацияларды шығарудың әдісі

в) ақша массасы құрамындағы агрегаттарды анықтау әдісі

7. Егер Ұлттық банктің валюталық резервтерінің мөлшері өзгермесе, онда барлық тең жағдайларда:

а) сауда балансының сальдосы міндетті түрде нөлге тең болады

ә) ағымдық операциялар есебінің сальдосы міндетті түрде нөлге тең болады

б) капитал қозғалыстары есебінің сальдосы міндетті түрде нөлге тең болады

в) ресми есеп-айырысулар балансының сальдосы міндетті түрде нөлге тең болады

8. Елдің басты эмиссиялық орталығы - Ұлттық банктің негізгі операциялары:

а) коммерциялық банктерге қызмет көрсету, үкімет бағдарламаларын орындау, қаржы нарығын бақылау;

ә) коммерциялық банктерге қызмет көрсету;

б) тікелей халықпен жұмыс істеу;

в) басқа елдердің валюталарын бақылау және сол елдердің валюталарын сату және сатып алу.

9. Орталық банктің ақша-несие саясатының соңғы мақсаттарына жататындар:

а) толық жұмысбастылықты қамтамасыз ету

ә) пайыз мөлшерлемесі мен ақша ұсынысы

б) экономикалық өсу

в) а) және б) жауаптары дұрыс

10. Арзан ақша-несие саясаты кезінде:

а) инвестиция қысқарады

ә) пайыз мөлшерлемесі өседі

б) ақша ұсынысы өседі

в) ақша ұсынысы қысқарады

11. Несиелер мен салым ақшалар бойынша пайыз мөлшерлемесі арасындағы айырма не деп аталады?

а) биржа

ә) маржа

б) трансферт

в) сыйақы мөлшерлемесі

12. Мына формула нені анықтайды: MB = C + R?

а) ақша базасын

ә) ақша мультипликаторын

б) ақша ұсынысын

в) банктік мультипликаторды

13. Мыналардың қайсысы несие берудің принциптеріне кірмейді?

а) мерзімділігі

ә) бір мақсатқа бағытталуы

б) қайтарымдылығы

в) жариялылық тәртібі

14. Ұлттық банктің ақша-несие саясатының аралық мақсаттарына жататындар:

а) толық жұмысбастылықты қамтамасыз ету

ә) пайыз мөлшерлемесі мен ақша ұсынысы

б) экономикалық өсу

в) валюта нарығының тұрақтылығы

15. Классикалық теорияның өкілдері ақша қызметтерінің қайсысын мойындаған?

а) құн өлшемі ретіндегі

ә) есептеу бірлігі ретіндегі

б) айналым құралы ретіндегі

в) төлем құралы ретіндегі

16. Ақшаға деген сұранысты анықтайтын факторлар:

а) табыс деңгейі, пайыздық қойылым және ақша айналымының жылдамдығы

ә) табыс деңгейі, баға деңгейі

б) пайыздық қойылым және баға деңгейі

в) табыс деңгейі, пайыздық қойылым және ақшаның өтімділігі

17. Банктердің инвесторлардан айырмашылығы қалай көрінеді? Олар:

а) бағалы қағаздарды сатады және сатып алады

ә) депозиттерді тарту арқылы ақша ресурстарын шоғырландырады
б) тартылған ресурстарға ақша төлейді
в) капиталдың көзі болып табылады

18. Макроэкономикада екінші деңгейлі банктер қалай аталады?

а) мемлекеттік банктер
ә) сақтандыру қорлары
б) инвестициялық банктер
в) депозиттік банктер

19. Маржа дегеніміз не?

а) несиелер мен салымдар бойынша пайыз мөлшерлемелерінің қосындысы
ә) несиелер мен салымдар бойынша пайыз мөлшерлемесі арасындағы айырма
б) несиелер мен салымдар бойынша ақша сомаларының теңесуі
в) банктердегі бағалы қағаздардың бір түрі

20. Банктің міндетті резервтері – бұл:

а) банктің несиеге беруге тиіс ақша қорлары
ә) банктің салым ақшалары
б) банктің несиеге беруге тиіс артық ақша сомалары
в) әр коммерциялық банктің орталық банкте сақтайтын салым ақшасы

21. Тұрақты ақша ұсынысы кезіндегі ЖІӨ-нің өсуі мынаған алып келеді:

а) пайыз мөлшерлемесінің төмендеуіне
ә) пайыз мөлшерлемесінің жоғарылауына
б) пайыз мөлшерлемесінің өзгермеуіне
в) инвестициялардың ұлғаюына

22. Қымбат ақша-несие саясаты кезінде:

а) пайыз мөлшерлемесі төмендейді
ә) инвестициялар қысқарады
б) ақша ұсынысы өседі
в) жұмыссыздық қысқарады

8-тақырып.
ИГІЛІКТЕР НАРЫҒЫ МЕН АҚША НАРЫҒЫНЫҢ БІРІКТІРІЛГЕН ТЕПЕ-ТЕҢДІГІ. IS-LM ҮЛГІСІ

Мақсаты: IS-LM үлгісінің теориялық мәнін қарастыру, үлгідегі тиімді сұранысты анықтау және жиынтық сұраныс қисығын салу, IS-LM үлгісі арқылы ақша-несие және бюджет-салық саясаттарының тәжірибелік тұрғыдан тиімділіктерін анықтау. Ол үшін дәріс сабағына мына сұрақтар шығарылады.

Дәріс жоспары:

1. Біріктірілген тепе-теңдіктің мәні.
2. IS қисығын құру.
3. LM қисығын құру. IS-LM үлгісіндегі тепе-теңдік.
4. Икемді баға деңгейіндегі IS-LM үлгісінен жиынтық сұраныс қисығын құру.
5. IS-LM үлгісіндегі ақша-несие және бюджет-салық саясаты.

Негізгі түсініктер: IS қисығы; LM қисығы; IS-LM үлгісі; тиімді сұраныс; тұрақты бағалар бойынша IS-LM үлгісі; өзгермелі бағалар бойынша IS-LM үлгісі; инвестициялық тұзақ; өтімділік тұзағы; ақша-несие саясатының салдары; бюджет-салық саясатының салдары; ығыстыру әсері және т.б.

Тақырыптың мазмұны.

AD-AS үлгісі мен Кейнс кресінде пайыз мөлшерлемесі сыртқы (экзогендік) айнымалы болып табылады және тауар нарығының тепе-теңдігіне тәуелсіз бола отырып, ақша нарығында өздігінен орнайды. IS-LM үлгісі арқылы экономиканы зерттеудің мақсаты осы ақша нарығы мен тауар нарығын бір жүйеге келтіру. Соның нәтижесінде нарықтық пайыз мөлшерлемесі ішкі (эндогендік) айнымалыға айналады және оның шамасы тек ақша нарығындағы үрдістерді ғана емес, сондай-ақ тауар нарығындағы жағдайларды да сипаттайды.

Біріктірілген қос тепе-теңдік үлгісін, яғни тауар нарығы мен

ақша нарығында бір мезгілде орнайтын тепе-теңдікті алғаш рет неокейнстік мектептің өкілі, Нобель сыйлығының лауреаты Джон Хикс 1937 жылы «Мистер Кейнс және классиктер» деген еңбегінде ұсынды. Ал 1949 жылы, сол мектептің тағы бір өкілі Элвин Хансеннің «Ақша теориясы және қазыналық саясат» атты кітабы арқылы ол көпшілікке тарады, соған байланысты Хикс-Хансен үлгісі деген атқа ие болды.

IS-LM үлгісі (инвестиция-жинақтау, өтімділік-ақша) – экономиканың нақты және ақша секторларының өзара байланысын, игіліктер нарығы мен қаржылық активтер нарығының экономикалық тепе-теңдігін сипаттайды. Бұл үлгі тауар және ақша нарықтарында бір мезгілде тепе-теңдіктің орнауы үшін қажетті табыс көлемі (Y) мен нарықтық пайыз мөлшерлемесі (R) арасындағы үйлесімділікті табуға мүмкіндік береді. Сондықтан да IS-LM үлгісі AD-AS үлгісінің нақтыланған түрі болып табылады.

Үлгінің ішкі айнымалылары – Y (табыс), C (тұтыну), I (инвестиция), n (таза экспорт), R (пайыз мөлшерлемесі).

Үлгінің сыртқы айнымалылары – G (мемлекеттік шығындар), M_S (ақша ұсынысы), t (салық мөлшерлемесі).

Қысқа мерзімді кезеңде бағаның атаулы және нақты шамалары сәйкес келеді, жиынтық табыс (Y) пен пайыз мөлшерлемесі (R) айнымалы болып табылады.

Ұзақ мерзімді кезеңде баға деңгейі өзгермелі, M_S (ақша ұсынысы) өзгермелі шама, ал үлгідегі басқа да айнымалылар нақты шама болып табылады.

IS-LM үлгісі:

1. игіліктер мен ақша нарықтарының өзара байланысын және өзара тәуелділігін көрсетуге;

2. осы нарықтардың жекелеген тепе-теңдіктерін қалыптастыруға және біріктірілген тепе-теңдігін де қалыптастыруға әсер ететін факторларды анықтауға;

3. осы нарықтарда орын алатын тепе-теңдіктің өзгеруінің экономикаға әсерін қарастыруға;

4. фискалдық және монетарлық саясаттардың тиімділігін талдап көрсетуге;

5. жиынтық сұраныстың функциясын салуға және оған әсер ететін факторларды анықтауға;

6. экономикалық циклдің әртүрлі фазаларына сәйкес тұрақтандыру саясатының жолдарын талдап көрсетуге мүмкіндік береді.

Сонымен, IS-LM үлгісі кейнстік тұрпаттағы үлгі болып табылады, экономиканы қысқа мерзімді кезеңде қарастырады және жиынтық сұраныстың қазіргі теориясының негізгі қызметін атқарады.

IS қисығы (инвестициялар-жинақтар) игіліктер нарығының тепе-теңдігін сипаттайды және сол игіліктер нарығында туындайтын нарықтық пайыз мөлшерлемесінің R және табыс деңгейі Y арасындағы өзара қатынасты бейнелейді.

IS қисығын құру үшін:

1. жиынтық шығындар үлгісі;

2. автономдық жоспарланған шығындардың пайыз мөлшерлемесіне деген тәуелділік функциясы негіз болады.

IS қисығын инвестиция мен жинақтау функциялары арқылы құруға болады. IS қисығының бойындағы кез келген нүкте жинақтау мен инвестицияның тепе-теңдігін көрсетеді.

8.1-суретінде жинақтау функциясы бейнеленген, табыстың (өндіріс көлемінің) Y_1-ден Y_2-ге көбеюіне байланысты жинақтар S_1-ден S_2-ге өседі.

8.2-суретінде инвестиция функциясы бейнеленген, жинақтау функциясының өсуі пайыз мөлшерлемесін R_1-ден R_2-ге азайтады, ал инвестиция I_1-ден I_2-ге өседі. Бұл жағдайда $I_1=S_1$ $I_2=S_2$ болады.



8.2-сурет. Инвестиция функциясы



8.3-сурет. IS қисығы

8.3-суретте IS қисығы берілген, пайыз мөлшерлемесі төмендеген сайын, табыс деңгейі (жиынтық сұраныс) жоғары болады және керісінше.

IS қисығының бойымен жылжу игіліктер нарығында тепе-теңдіктің сақталуы үшін пайыз мөлшерлемесі өзгергендегі ұлттық табыстың қалай өзгеретіндігін көрсетеді.

Жоғарыда тұрақты деп болжанған басқа да факторлар (G, T) әсер еткенде IS қисығы оңға немесе солға жылжиды. Мысалы, егер кез келген пайыз мөлшерлемесінің деңгейінде мемлекеттік шығындар өсетін болса, онда жиынтық сұраныс көбейеді. Мұндай жағдайда IS қисығы оңға қарай жылжиды, керісінше, берілген пайыз мөлшерлемесі кезінде қолда бар табыстың төмендеуі жиынтық сұранысты төмендетеді, ал IS қисығы солға қарай жылжиды.

IS қисығын Кейнс кресінің үлгісі арқылы да көрсетуге болады.

8.4-суретте инвестиция функциясы көрсетілген. Пайыз мөлшерлемесінің R_1-ден R_2-ге өсуі жоспарланған инвестицияны $I(R_1)$-ден $I(R_2)$-ге азайтады.

8.5-суретте Кейнс кресі көрсетілген. Жоспарланған инвестицияның $I(R_1)$-ден $I(R_2)$-ге азаюы ұлттық табыс деңгейін Y_1-ден Y_2-ге қысқартады.

8.6-суретте IS қисығы пайыз мөлшерлемесі мен ұлттық табыс арасындағы өзара байланыс нәтижесі түрінде берілген.

LM қисығы (өтімділік-ақшалар) ақша нарығының тепе-теңдігін сипаттайды, яғни ол ақшаға деген сұраныс (алдымен



8.5-сурет. Инвестиция функциясы



8.6-сурет. IS қисығы

қолма-қол ақшалардың абсолюттік өтімділігінің белгілерімен шартталған) пен ақша ұсынысының теңдігі болып табылады. LM қисығының графигі ақша ұсынысының (M_S) белгілі бір мөлшерінде ақша нарығындағы тепе-теңдікке сәйкес келетін пайыз мөлшерлемесі мен жиынтық сұраныстың (ұлттық табыстың) арасындағы байланысты көрсетеді.

LM қисығының бойындағы кез-келген нүктеде ақшаға сұраныс пен ақша ұсынысы тең болады.

8.7-суретте ақша нарығының нақты қоры бейнеленген. Ұлттық табыстың Y_1-ден Y_2-ге дейін өсуі ақшаға деген сұранысты арттырады. Мұндай жағдайда пайыз мөлшерлемесі R_1-ден R_2-ге өседі. Ақшаға деген сұраныс қисығы оңға жылжиды.

8.8-суретте LM қисығы көрсетілген. Ұлттық табыс неғұрлым өскен сайын пайыз мөлшерлемесі де соғұрлым жоғары болады.

IS (игіліктер рыногының тепе-теңдігі) және LM (ақша рыногының тепе-теңдігі) қисықтарының қиылысуы осы екі рынктарда бір уақытта тепе-теңдіктің орын алуын қамтамасыз ететін пайыз мөлшерлемесінің R (пайыздың тепе-теңдік мөлшерлемесі) және табыс деңгейінің Y (табыстың тепе-теңдік деңгейі) ортақ мәндерін анықтайды.



8.7-сурет. Ақша нарығы



8.8-сурет. LM қисығы

Ақша ұсынысының (M_S) ұлғаюы немесе баға деңгейінің төмендеуі LM қисығын оңға қарай жылжытады.

Игіліктер нарығы мен ақша нарығының тепе-теңдік жағдайы IS және LM қисықтарының қиылысқан нүктесінде (R_0 Y_0) орнайды.



8.9-сурет. IS-LM қисығы

Игіліктер нарығы мен ақша нарығының тепе-теңдік деңгейіне сәйкес келетін жиынтық сұраныс көлемі **тиімді сұраныс** деп аталады.

Жиынтық сұраныс қисығын IS-LM үлгісі негізінде құруға болады. Ақша ұсынысы тұрақты, ал баға деңгейі өсті деп есептейік. Онда нақты ақша қалдықтары кемиді, LM қисығы LM(P_1)-ден LM(P_2)-ге жылжиды. Y-P графигіне екі Y_1P_1 және Y_2P_2 тепе-теңдік нүктелерін түсіру арқылы AD қисығын орнатуға болады (8.12-сурет).

Баға деңгейінің P_1-ден P_2-ге көтерілуі нақты ақша қалдықтарының көлемін азайтады. Бұл жағдай LM қисығын солға жылжытады.

Нақты ақша қалдықтарының қысқаруы пайыз мөлшерлемесін R_1-ден R_2-ге көтерілуіне әкеледі. Соған байланысты инвестиция көлемі азайып, салыстырмалы түрде таза экспорт (X_n) қысқарады. Нәтижесінде өнім көлемі Y_1-ден Y_2-ге азаяды.

Мемлекеттік шығындардың молаюы, салық деңгейінің төмендеуі немесе ақша ұсынысының өсуі, жиынтық сұраныс қисығын оңға жылжытады. AD қисығының өзгерісі IS және LM қисықтарына әртүрлі әсер етеді. Бұл жағдай ынталандырушы ақша-несие және бюджет-салық саясаттарын сипаттайды.

IS-LM үлгісі ақша-несие және бюджет-салық саясаттарының қысқа мерзімдегі өзгерістерінің ұлттық табысқа әсер етуін талдау үшін қолданылады.



8.12-сурет. IS-LM үлгісі арқылы жиынтық сұраныс қисығын алу

Ынталандырушы ақша-несие саясатының ұлттық табысқа әсері. Егер мемлекет ұлттық табысты ұлғайтуды мақсат етсе, онда ол ақша ұсынысын көбейтуі мүмкін. Ақша ұсынысының артуы LM қисығын төмен (оңға) LM_1-ге жылжытады. Тепе-теңдік А нүктесінен В нүктесінен ауысады. Нәтижесінде пайыз мөлшерлемесі R_1-ден R_2-ге төмендейді, ал ұлттық табыс Y_1-ден Y_2-ге көбейеді. Сөйтіп ақша ұсынысының артуы пайыз мөлшерлемесін төмендетіп инвестицияны ынталандырады. Бұл



8.10-сурет. Ақша-несие саясатының әсері

жағдай тауарлар мен қызметтерге сұранысты кеңейтеді. Мұны «кейнстің беріліс механизмі» деп атайды (8.10-сурет).

Ынталандырушы бюджет-салық саясатының әсері. Мемлекеттің бюджет-салық саясаты, мәселен, шығындарды көбейтуі немесе салықтарды төмендетуі IS қисығын оңға жылжытады. Тепе-теңдік A нүктесінен B нүктесіне ауысады. Нәтижесінде ұлттық табыс Y_0-ден Y_1-ге көбейеді. Ұлттық табыстың өсуі ақшаға деген сұранысты арттырады. Ақшаға сұраныстың артуы пайыз мөлшерлемесінің R_1-ден R_2-ге дейін өсуіне әкеледі. Ал пайыз мөлшерлемесінің өсуі инвестицияны қысқартады. Сөйтіп ынталандырушы бюджет-салық саясаты пайыз мөлшерлемесін өсіріп, инвестицияның бір бөлігін ығыстырады. Мемлекеттік шығындардың көбеюі салдарынан пайыз мөлшерлемесі өсіп, оның инвестицияға әсер етуі **«инвестицияны ығыстыру әсері»** деп аталады. Егер ығыстыру әсері болмаса, онда мемлекеттік шығындардың өсуі немесе салықтардың төмендеуі нәтижесінде ұлттық табыстың артуы $Y_0 - Y_2$ мәніне тең болар еді. Бірақ ығыстыру әсері салдарынан ұлттық табыстың өсуі тек $Y_1 - Y_2$ мәніне ғана тең болады (8.11-сурет).



8.11-сурет. Бюджет-салық саясатының әсері

Сөйтіп ынталандырушы бюджет-салық саясатының нәтижесінде бір жағынан, жұмысбастылық пен өнім көлемі өседі, ал екінші жағынан, ығыстыру әсерінің салдарынан өнім көлемі азаяды.

Бюджет-салық және ақша-несие саясаттарын бірге қолдану пайыз мөлшерлемесін өзгертпей өнім көлемін көбейтуге неме-

се тұрақты өнім көлемінде пайыз мөлшерлемесін төмендетуге алып келеді.

Қорытынды

1. IS-LM үлгісі (инвестиция-жинақтау, өтімділік-ақша) – экономиканың нақты және ақша секторларының өзара байланысын, игіліктер нарығы мен қаржылық активтер нарығының экономикалық тепе-теңдігін сипаттайды. Бұл үлгі тауар және ақша нарықтарында бір мезгілде тепе-теңдіктің орнауы үшін қажетті табыс көлемі (Y) мен нарықтық пайыз мөлшерлемесі (R) арасындағы үйлесімділікті табуға мүмкіндік береді.

2. IS қисығы – игіліктер нарығындағы тепе-теңдікті көрсететін үлгі. Ол теріс көлбеулі болып табылады, өйткені пайыздық қойылымның төмендеуі инвестиция көлемін арттырады.

3. IS қисығының жатыңқы болу себептері мыналарға байланысты:

• инвестиция мен таза экспорттың пайыздық қойылымға деген сезімталдылығының аса жоғары болуы;

• тұтынуға деген шекті бейімділіктің жоғары болуы;

• салық салудың шекті мөлшерлемесінің төмен болуы;

• импорттауға деген шекті бейімділіктің төмен болуы.

4. LM қисығы – ақша нарығындағы тепе-теңдікті көрсететін үлгі. LM қисығының жатыңқы болу себептері:

• ақшаға деген сұраныстың пайыздық қойылымның қарқынына деген сезімталдылығының жоғары болуы;

• ақшаға деген сұраныстың ЖІӨ қарқынына деген сезімталдылығының төмен болуы.

5. IS және LM қисықтары белгілі бір факторлардың өзгеруі салдарынан оңға немесе солға жылжиды.

6. IS-LM үлгісі AD-AS үлгісінің нақтыланған түрі болып табылады.

7. IS-LM үлгісі ақша-несие және бюджет-салық саясаттарының қысқа мерзімдегі өзгерістерінің ұлттық табысқа әсер етуін талдау үшін қолданылады.

8. Ынталандырушы бюджет-салық саясатының нәтижесінде бір жағынан, жұмысбастылық пен өнім көлемі өседі, ал екінші жағынан, ығыстыру әсерінің салдарынан өнім көлемі азаяды.

9. Бюджет-салық және ақша-несие саясаттарын бірге қолдану пайыз мөлшерлемесін өзгертпей, өнім көлемін көбейтуге немесе тұрақты өнім көлемінде пайыз мөлшерлемесін төмендетуге алып келеді.

10. Игіліктер нарығы мен ақша нарығының тепе-теңдік деңгейіне сәйкес келетін жиынтық сұраныс көлемі тиімді сұраныс деп аталады.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары

1. IS-LM үлгісі қандай нарықтардың экономикалық жағдайларын сипаттайды?
2. IS қисығы қандай экономикалық көрсеткіштердің арасындағы өзара байланысты сипаттайды?
3. LM қисығы нені анықтайды?
4. IS-LM қисығының өзгерістеріне қандай факторларына әсер етеді?
5. Ығыстыру әсері қалай орын алады?
6. Экономика қай уақытта өтімділік тұзағына тап болады?
7. Инвестициялық тұзақ дегеніміз не?
8. Тиімді сұранысқа қай уақытқа қол жеткізіледі?

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі
Негізгі:

1. *Мамыров Н. Қ., Тілеужанова М. Ә.* Макроэкономика: Оқулық. - Алматы: Экономика, 2003. Тарау 9.
2. Макроэкономика: учебник / Под общ. ред. *А. А. Абишева, К. А. Хубиева.* – Алматы: «Экономика», 2007. Раздел 2, глава 6.
3. *Вечканов Г. С., Вечканова Г. Р.* Макроэкономика. 2 - е изд. - Спб.: Питер, 2008. Глава 5.
4. *Агапова Т. А., Серегина С. Ф.* Макроэкономика: учебник / Под общ. ред. д.э.н., проф. А. Ф. Сидоровича; МГУ им. *М. В. Ломоносова.* – 8 - е изд., перераб. и доп. – М.: Издательство «Дело и Сервис», 2007. Глава 9.
5. Курс экономической теории: учебник – 5-е исправленное, дополненное и переработанное издание/ Под общ. ред. Чепурина М. Н. и Киселевой Е. А. – Киров: «АСА», 2006. (Раздел 3: Макроэкономика; Раздел 4: Международные аспекты экономической теории). Глава 22 (Приложение №2, 542-552 б.).
6. *Селищев А. С.* Макроэкономика. 3 - е изд. - Спб.: Питер, 2005. Глава 8.
7. *Ивашковский С. Н.* Макроэкономика: Учебник. 2 – изд., испр., доп. – М.: Дело, 2002. Глава 8.
8. *Агапова Т. А., Серегина С. Ф.* Макроэкономика. Тесты: Уч. пос., 2-е изд. – М.:ДиС, 2005. Тема 8.

Қосымша:

1. *Доғалов А. Н., Досмағанбетов Н. С.* «Макроэкономика» пәнінен курстық жұмысты орындау бойынша әдістемелік нұсқау (экономикалық мамандықтар үшін) – Астана: Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2011. – 20б.

2. *Тоқсанбай С. Р.* Үлкен экономикалық орысша-қазақша сөздік/ Большой экономический русско-казахский словарь. – Алматы, 2010. 1010 б.

3. *Мэнкью Н. Г.* Принципы макроэкономики. Учебник для вузов / Пер. с англ. – 2-е изд. – Спб.: Питер, 2006. – 576 с.

4. *Тарасевич Л. С., Гальперин В. М., Гребенников П.И., Леусский А. И.* Макроэкономика: Учебник / под ред. Тарасевича Л.С. 5-е изд.- М.: ЮРАИТ, 2004. – 656с.

5. *Вечканов Г. С., Вечканова Г. Р.* Макроэкономика. Учебное пособие. 6-е изд.- Спб.: Питер, 2005. - 256с.

6. *Абакумова О. Г.* Макроэкономика. Конспект лекций: Пособие для подготовки к экзаменам. – М.: ПРИОР – Издат, 2005. – 224 с.

7. *Базылев Н. И.* и др. Макроэкономика. Учебное пособие. – М.: ИНФРА – М, 2003. – 190 с.

8. Введение в макроэкономику: Учебное пособие./ Под ред. М. Е. Дорошенко - М.: ЮНИТИ, 2000. – 175 с.

9. Н. Грегори Мэнкью. Макроэкономика. Пер. с англ.- М., Изд-во МГУ, 1994.-736 с.

10. Долан Э., Линдсей Д. Э. Макроэкономика/Под общ. ред. Б. Лисовика. Спб: 1996.

11. Шишов А. Л. Макроэкономика. – М.: Ассоциация авторов и издателей «Тандем», Издательство ЭКМОС, 1997 г. – 320 с.

12. Бункина М. К., Семенов В. А. Макроэкономика (Осн. эк. политики): Учебник. – Изд-во «ДИС», 1997.-320 с.

13. Кейнс Д. М. Общая теория занятости, процента и денег.

Практика сабағының жоспары:

Практика сабағын «дөңгелек үстел» түрінде өткізу жоспарланған, тақырыптың негізгі теориялық сұрақтарын пікірталас, ауызша жауап беру, дискуссия, сұрақ-жауап, т.б. ұйымдастыру әдістері арқылы жүргізілуі тиіс.

Мақсаты: осы тақырыпта қарастырылатын негізгі үлгі арқылы мемлекеттің жүргізетін екі негізгі саясатының ұлттық табысқа қалай әсер ететіндігіне көз жеткізе отырып, олардың жүзеге асырылуының салыстырмалы тиімділіктеріне баға беру. Осы мақсатқа жету үшін практика сабағында тақырып бойынша мынадай сұрақтардың мәнін ашу керек:

1. AD-AS және IS-LM үлгілерінің өзара байланысы.

2. IS-LM қисықтарын құру, олардың қозғалыстары. IS-LM үлгісіндегі тепе-теңдік.

3. Бюджет-салық саясатының және ақша-несие саясатының салыстырмалы тиімділігі. Ығыстыру әсері.

4. Бағалар деңгейінің өзгерісіне сәйкес AD-AS және IS-LM үлгілеріндегі экономикалық саясат.

5. IS-LM үлгісі және қазақстандық экономиканың мәселелері.

СОӨЖ және СӨЖ тапсырмалары:

1. Тақырып бойынша экономикалық сөздік (глоссарий) жасау.

2. Тақырып бойынша логикалық схемалар құрастыру.

3. Реферат, эссе, баяндама тақырыптары:

- IS-LM үлгісінің тәжірибелік маңыздылығы және әлемдік қолданысқа ие болуы;
- IS-LM үлгісі арқылы Қазақстанның макроэкономикалық саясатына талдау жасау және оны бағалау.

4. Өзіндік жазба жұмыстар (конспект):

- Инвестициялық тұзақ және өтімділік тұзағы;
- IS-LM үлгісіндегі кейнстік, монетаристік және аралық жағдайлар.

5. Жаттығулар, есептер және т.б. тапсырмалар:

1. Мына тұжырымдамалардың қайсысы дұрыс?

а) Ақша-несие саясатының шараларын жүргізу нәтижесінде IS және LM қисықтары бір уақытта өзгереді.

б) Ақша ұсынысының ұлғаюы және мемлекеттік сатып алымдардың өсуі ЖІӨ динамикасына бірдей әсер етеді.

в) Ақша ұсынысының ұлғаюы және салық ставкаларының төмендеуі нарықтық пайыз мөлшерлемесіне бірдей әсер етеді.

г) Ақша ұсынысының қысқаруы және салық ставкаларының төмендеуі жиынтық сұраныс қисығына бірдей әсер етеді.

д) Егер баға деңгейі төмендесе, онда жиынтық сұраныс қисығы оңға жылжиды, ал LM қисығы солға жылжиды.

2. IS-LM үлгісіне сәйкес пайыз мөлшерлемесі, табыс деңгейі, тұтыну мен инвестиция көлемі қалай өзгереді? Егер:

а) Ұлттық банк ақша ұсынысын қысқартса.

б) Мемлекет тауарлар мен қызметтерді сатып алуды төмендетсе.

в) Мемлекет салықтарды қысқартса.

г) Мемлекет сатып алымдарды және салықтарды бірдей мөлшерде төмендетсе.

3. Экономика келесі теңдеулермен сипатталады:

C = 300 + 0,8 Yd;

I = 200 – 1500 R;

Xn = 100 – 0,04 Y – 500 R;

Md = (0,5 Y – 2000 R) P;

G = 200 (мемлекеттік шығындар);

t = 0,2 (салық салу мөлшерлемесі);

M = 550 (атаулы ақша ұсынысы);

P = 1 (бағаның тұрақты деңгейі).

а) пайыз мөлшерлемесінің және табыстың тепе-теңдік деңгейін анықтаңыз;

б) жиынтық сұраныс қисығының теңдеуін анықтаңыз.

4. Айталық, үкімет мемлекеттік бюджет тапшылығын қысқарту үшін және инфляция деңгейін төмендету үшін салықтарды өсірді. IS-LM үлгісін пайдалана отырып, Ұлттық банк өндіріс көлемінің деңгейін өзгертпеу үшін қандай іс-шараларды жүргізу керек. График арқылы көрсетіңіз.

5. Егер Ұлттық банк инфляция деңгейін төмендету мақсатында қатаң ақша-несие саясатын жүргізсе, онда қысқа мерзімде мынадай жағдайлар орын алады:

а) жиынтық сұраныс қисығы оңға жылжиды, жоспарланған шығындар қисығы жоғары жылжиды, ал LM қисығы солға жылжиды;

б) жиынтық сұраныс қисығы солға жылжиды, жоспарланған шығындар қисығы төмен жылжиды, ал LM қисығы оңға жылжиды;

в) жиынтық сұраныс қисығы өзгеріссіз қалады, жоспарланған шығындар қисығы төмен жылжиды, ал LM қисығы солға жылжиды;

г) жиынтық сұраныс қисығы солға төмен жылжиды, LM қисығы солға жоғары жылжиды, ал жоспарланған шығындар қисығы төмен жылжиды.

6. Тест сұрақтарына жауап беру керек:

1. IS және LM қисықтарының қиылысу нүктесінде:

а) жоспарланған шығындар мен нақты шығындар теңеседі

ә) ақша ұсынысы олардың сұранысына тең

б) тиімді сұраныс қалыптасады

в) аталғандардың барлығы дұрыс

2. Егер инвестициялар пайыз мөлшерлемесіне аса сезімтал болса, онда:

а) IS қисығы абсцисса осіне перпендикуляр болады

ә) IS қисығы аса жатыңқы болып келеді

б) IS қисығы аса тіктеу болып келеді

в) IS қисығы абсцисса осіне параллель болып келеді

3. Қандай фактор IS қисығын солға жылжытады?

а) салықтардың жоғарылауы

ә) мемлекеттік шығындардың артуы

б) салықтардың төмендеуі

в) қолда бар табыстың өсуі

4. IS қисығы тік орналасқанда:

а) фискалдық саясат тиімсіз

ә) монетарлық саясат тиімді

б) фискалдық саясат тиімді

в) монетарлық саясат тиімсіз

5. Мемлекеттік шығындардың өсуі IS қисығын қалай жылжытады:

а) төмен-солға

ә) жоғары-оңға

б) жоғары-солға

в) төмен-оңға.

6. Ақша ұсынысының молаюы:

а) LM қисығын жоғары (солға) жылжытады

ә) LM қисығын төмен (оңға) жылжытады

б) IS қисығын оңға жылжытады

в) IS қисығын солға жылжытады

7. Сеньораж дегеніміз - бұл:

а) елдің шекарасынан өтетін тауарлардан, мүліктер мен құндылықтардан алынатын мемлекеттің ақшалай алымдары

ә) мемлекеттің айналысқа қосымша ақша шығаруы нәтижесінде алатын табысы

б) мемлекеттік бюджет есебінен жергілікті билік органдарына, заңды және физикалық тұлғаларға берілетін ақшалар

в) мемлекеттің және басқа да субъектілердің экономиканың жекелеген салаларына, кәсіпорындарға және олардың иелеріне мақсатты түрде берілетін қаржылық жәрдемақылардың түрлері.

8. Егер жиынтық табыстың тепе-теңдік деңгейі әлеуетті деңгейінен жоғары болса, онда ұзақ мерзімде:

а) LM қисығы оңға жылжиды

ә) IS қисығы жоғарыға жылжиды

б) LM қисығы солға жылжиды

в) IS қисығы төменге жылжиды

9. Табысқа салық салудың прогрессивтік жүйесінен пропорционалды жүйесіне өту кезінде:

а) IS қисығы аса тіктеу болып келеді, ал фискалдық саясаттың тиімділігі төмендейді

ә) IS қисығы аса жатыңқы болып келеді, ал фискалдық саясаттың тиімділігі артады

б) IS қисығы аса жатыңқы болып келеді, ал фискалдық саясаттың тиімділігі төмендейді

в) IS қисығы аса тіктеу болып келеді, ал фискалдық саясаттың тиімділігі артады

10. IS қисығы тік орналасқанда:

а) фискалдық саясат тиімсіз

ә) монетарлық саясат тиімді

б) фискалдық саясат тиімді

в) монетарлық саясат тиімсіз

11. Мемлекеттік шығындардың өсуі IS қисығын қалай жылжытады:

а) төмен-солға

ә) жоғары-оңға

б) жоғары-солға

в) төмен-оңға

12. Экономика қай жағдайда «өтімділік тұзағында» болады деп айтылады:

а) пайыз мөлшерлемесі өзінің мүмкін болатын төменгі деңгейіне жеткенде ақша ұсынысын өсіру арқылы оны әрі қарай төмендету және инвестицияларды; ынталандыру, сондай-ақ, ұлттық өндірісті ұлғайту мүмкін болмаған жағдайда

ә) пайыз мөлшерлемесі өзінің мүмкін болатын төменгі деңгейіне жеткенде ақша ұсынысын өсіру арқылы оны әрі қарай төмендету және инвестицияларды ынталандыру, сондай-ақ, ұлтық өндірісті ұлғайту мүмкін болған жағдайда

б) пайыз мөлшерлемесінің ең жоғары деңгейінде инвестицияларды мәжбүрлі ынталандыру орын алған жағдайда

в) экономикадағы ақшаның массасын тек қолма-қолсыз ақшалар қамтамасыз еткенде

13. IS-LM үлгісінің сыртқы айнымалысына не жатады?

а) мемлекеттік шығындар

ә) ұлттық табыс

б) пайыздық қойылым

в) инвестиция

9-тақырып.
ЕҢБЕК НАРЫҒЫ. ЖҰМЫССЫЗДЫҚ МӘСЕЛЕСІ

Мақсаты: еңбек нарығының макроэкономикалық ерекшелігін айқындау, жұмыспен қамтудың теорияларына сипаттама беру, жұмыссыздық мәселесіне кеңірек тоқталып оны азайту жолдарын қарастыру, еңбек нарығын мемлекеттік шараларын талқылау, сонымен қатар, Қазақстандағы жұмыссыздық мәселесіне де тоқталып өту. Дәріс сұрақтары төмендегідей қарастырылады.

Дәріс жоспары:

1. Еңбек нарығының мәні, қызметтері. Еңбек нарығындағы тепе-теңдік.
2. Жұмыссыздықтың мәні, пайда болу себептері, зардаптары және түрлері. Оукен заңы.
3. Еңбек нарығын мемлекеттік реттеу.
4. Қазақстандағы еңбек нарығының қазіргі жағдайы.

Негізгі түсініктер: еңбек нарығы; еңбек нарығының ерекшеліктері; еңбекке деген сұраныс факторлары; еңбекке деген ұсыныс факторлары; еңбек нарығының қызметтері; жұмыс күші; жұмыссыздық; фрикциондық жұмыссыздық; құрылымдық жұмыссыздық; циклдік жұмыссыздық; толық жұмысбастылық; жұмыссыздықтың табиғи деңгейі; жұмыссыздықтың табиғи деңгейінің факторлары; Оукен заңы; еңбек нарығын мемлекеттік реттеудің негізгі бағыттары.

Тақырыптың мазмұны.

Макроэкономикада, **еңбек нарығы** - бұл ерекше тауар – жұмыс күшін сату және сатып алумен байланысты экономикалық қатынастар жиынтығы; еңбекті жалақыға айырбастау механизмі орындалатын нарық. Еңбек нарығында жұмыс күшіне және еңбек қызметтеріне сұраныс пен ұсыныс және оған деген баға қалыптасады. Еңбек нарығының негізгі субъектілері

ретінде кәсіпкерлер ірі монополистер, шағын және орта бизнесмендер, мемлекет, жекелеген жұмыскерлер және олардың ассоциациялары (кәсіподақтар) қарастырылады. Еңбек нарығында қалыптасатын бағалар жұмыс күшінің ақшалай нысандағы құны болып табылатын жалақы мөлшерлемелері ретінде сипатталады. Еңбек нарығының динамикасы оның негізгі екі элементінің арақатынасына, яғни: жұмыс күшіне деген нарықтық сұраныс пен жұмыс күшінің нарықтық ұсынысына тәуелді болып табылады.

Жұмыс күшіне деген нарықтық сұраныстың факторлары:

- жұмыскерлермен өндірілетін тауарлар мен қызметтерге деген сұраныс көлемі;
- еңбек ресурстарына деген бағалардың деңгейі, яғни жалақы деңгейі;
- өндіріс үдерісіндегі капитал мен еңбектің өзара алмастырылу дәрежесі;
- экономикалық циклдің фазалары;
- елде орын алып отырған экономикалық жағдаят;
- ғылыми-техникалық прогресс;
- жұмыс берушілердің монопсониялық әрекеттері.

Жұмыс күші ұсынысына әсер ететін факторлар:

- демографиялық факторлар;
- еңбек ресурстарының әртүрлі демографиялық және этникалық топтарының экономикалық белсенділік деңгейі;
- жұмыскерлердің зейнеткерлік жасы;
- еңбекке қабілетті халықтың имиграциясы;
- жұмыскерлерің кәсіби біліктілік дайындығының деңгейі;
- жұмыс күнінің ұзақтылығы;
- кәсіподақтардың жұмыс күшін монополиялық тұрғыдан сатудағы әрекеттері;
- жалақыдан басқа табыс алудың басқа да мүмкіндіктері;
- жұмыс орнын таңдау кезіндегі еңбек жағдайының қолайлылығы.

Еңбек нарығының *экономикалық* және *әлеуметтік* деген екі негізгі қызметі бар. **Экономикалық қызметі** еңбекке қабілетті халықтың ұдайы өндірісінің тиімді үрдістерін қамтамасыз етуден көрінеді, ал **әлеуметтік қызметі** жұмыскерлердің және олардың отбасыларының өмір сүру сапасының жоғары деңгейін қамтамасыз етумен сипатталады.

Жұмыс күші – бұл адамның еңбекке деген қабілеттілігі; адамдардың игіліктерді өндіру үрдісіндегі физикалық және ой қабілеттіліктерінің жиынтығы; елдегі жұмыскерлердің жалпы саны; жұмыспен қамтылған мен жұмыспен қамтылмаған (жұмыссыздар) халықтың бір бөлігі.

Жұмыссыздық – бұл еңбек ұсынысының еңбекке деген сұраныстан артып кетуі; еңбекке жарамды халықтың жұмыс таба алмауы немесе жұмыспен қамтылмауы. Еңбек нарығында тепе-теңдік орын алғанда экономикада толық жұмысбастылық қалыптасады. Бірақ ақпараттың жетілмегендігінен еңбекке қабілетті халықтың белгілі бір бөлігі жұмыс таппай қалады.

Макроэкономикада 16 жастан бастап және одан жоғары жастағы халықты мынадай екі топқа бөліп қарастырады:

1) экономикалық белсенді халық (бұл топқа жұмыс күші жатады, ол өз кезегінде жұмыспен қамтылғандар және жұмыссыздар болып бөлінеді);

2) экономикалық белсенді емес халық (бұлар жұмыс күші құрамына кірмейтін оқушылар, зейнеткерлер және т.б.).

Жұмыссыздықтың негізгі көрсеткіші – **жұмыссыздық деңгейі**, ол жұмыссыздар санының жұмыс күшінің жалпы санына (жұмыс істейтіндер мен жұмыс істемейтіндер санының сомасына) қатынасы арқылы анықталады және пайыздық көрсеткішке ие болады:

$$u = \frac{U}{L} \cdot 100\% \quad \text{немесе,} \quad u = \frac{U}{E + U} \cdot 100\%$$

мұндағы, u – жұмыссыздық деңгейі, U - жұмыссыздар саны, L – жұмыс күші, E – жұмыспен қамтылғандар саны.

Төмендегі кестеден Қазақстандағы еңбек нарығы көрсеткіштерінің динамикасын көруге болады (9.1-сурет).

Кестеден көріп отырғанымыздай, осы жылдар аралығында еңбек нарығы көрсеткіштерінде оң өзгерістер байқалып отыр. Жалпы халық санындағы экономикалық белсенді халықтың үлесі, яғни жұмыс күшінің саны жылдан жылға артып келеді. Жұмыс күші жұмыспен қамтылғандар санының өсуімен бірге жүріп отыр және керісінше, оның құрамындағы жұмыссыздар санының, со-

нымен қатар, жұмыссыздық деңгейінің жылдан жылға азайып келе жатқандығын байқаймыз.

9.1-кесте. **2001-2010 жылдардағы Қазақстандағы еңбек нарығының динамикасы**

мың адам

2001	2002	2003	2004	2005	2006	2007	2008	2009	2010
Жұмыс күші									
7479,1	7399,7	7657,3	7840,6	7901,7	8028,9	8228,3	8415,0	8457,9	8610,7
Жұмыспен қамтылғандар									
6698,8	6708,9	6985,2	7181,8	7261,0	7403,5	7631,1	7857,2	7903,4	8114,2
Жалдамалы қызметкерлер									
3863,3	4030,2	4229,6	4469,9	4640,5	4776,6	4973,5	5199,4	5238,8	5409,4
Өз бетінше жұмыс істейтін қызметкерлер									
2835,5	2678,7	2755,6	2711,9	2620,4	2626,9	2657,6	2657,8	2664,6	2704,8
Жұмыссыздар									
780,3	690,7	672,1	658,8	640,7	625,4	597,2	557,8	554,5	496,5
Жұмыссыздық деңгейі, пайызбен									
10,4	9,3	8,8	8,4	8,1	7,8	7,3	6,6	6,6	5,8
Жастар жұмыссыздығының деңгейі, пайызбен									
19,1	17,3	14,5	14,3	13,4	12,1	9,4	7,4	6,7	5,2
Экономикалық белсенді емес халық									
3175,8	3155,3	3278,6	3383,4	3476,9	3493,9	3463,2	3416,2	3500,3	3487,7

Дерек көзі: www.stat.kz

Еңбек нарығында жұмыссыздықтың мынадай негізгі үш түрі орын алады:

1) фрикциондық жұмыссыздық – адамдардың әртүрлі өмір кезеңдерінде бір жұмыс орнынан басқа бір жұмыс орнына тұрақты түрде ауысып отыруына байланысты туындайтын қысқа мерзімдегі еркін жұмыссыздық. Жұмыссыздықтың бұл түрі жұмыс іздеумен және оны күтумен байланысты. Азаматтардың кәсіби біліктілігі мен жеке талғамдарына сәйкес келетін жұмыс орындарын іздеу белгілі бір уақытты талап етеді. Мұндай жағдайда, бос жұмыс орындары және оған лайық азаматтар туралы ақпараттар жеткіліксіз болып шығады. Жұмыскерлердің территориялық жағынан орын ауыстыруы да белгілі уақытты талап етеді. Жұмыс күшінің бір бөлігі кәсіби мүдделерінің, тұрғылықты мекен-жайларының өзгеруімен және басқа да себеп-

тердің болуымен байланысты өз қалауы бойынша жұмыстан шығып кетіп отырады. Сондай-ақ, жұмыс орнын бірінші рет іздеп жүрген азаматтар да жұмыссыздықтың осы категориясына кіреді. Мысалы, оқу бітіріп диплом алған жас маман иесі өз біліктілігін іске асыру үшін аса қолайлы жұмыс орнын іздеуі мүмкін. Фрикциондық жұмыссыздыққа тап болған азаматтар жұмысқа деген қабілеттіліктерін еш жоғалтпай оны кез келген уақытта еңбек нарығында іске асыра алады. Еңбек нарығының үнемі өзгеріп отыруына орай және адамдардың жұмыспен қамтылғандар категориясынан жұмыссыздар категориясына үнемі ағылуынан және керісінше ағылуынан жұмыссыздықтың бұл түрінен құтылуға болмайды.

2) құрылымдық жұмыссыздық – еңбек ұсынысы мен еңбекке деген сұраныстың сәйкес келмеуінен пайда болатын мәжбүрлі ұзақ мерзімді жұмыссыздық. Жұмыссыздықтың бұл түрі өндірістегі технологиялық алға жылжулармен байланысты және осыған сәйкес жұмыс күшіне деген сұраныстың құрылымы өзгереді. Бұл жұмыссыздық мамандықтары «ескірген» немесе ғылыми-техникалық прогрестің дамуына байланысты экономикаға қажеті шамалы болып табылатын азаматтардың арасынан көрініс табады. Құрылымдық жұмыссыздыққа тап болған азаматтар өз еңбек қызметтерін «дайын» күйінде еңбек нарығына ұсына алмайды және жаңа жұмыс орындарына орналасу үшін кәсіби қайта даярлаудан өтулері қажет. Қайта даярлаудан өту үшін аса көп уақыт кетеді және көбінесе мемлекет тарапынан қосымша шығындар жұмсауды талап етеді.

3) циклдік жұмыссыздық – өндіріс деңгейінің құлдырауынан немесе жиынтық сұраныстың жалпы төмендеуіне байланысты кез келген мамандық бойынша жұмыс таба алмаудан орын алатын жаппай жұмыссыздықтың аса ауыр түрі. Жұмыссыздықтың бұл түрі жұмыссыздықтың нақты деңгейінің табиғи деңгейінен ауытқуымен байланысты. Экономикалық құлдырау кезеңінде циклдік жұмыссыздық фрикциондық жұмыссыздық пен құрылымдық жұмыссыздықты толықтырады, ал экономикалық өсу (өрлеу) кезеңдерінде циклдік жұмыссыздық жоғалады.

Бірақ еңбек нарығы тепе-теңдік жағдайында болғанда да фрикциондық және құрылымдық жұмыссыздықтың деңгейі орын

алады. Ал циклдік жұмыссыздық болса құлдырау кезеңдерінде орын алады да, соның салдарынан жұмысбастылық жиынтық сұраныс пен жиынтық ұсыныстың тепе-теңсіздігінен қысқарады. Циклдік жұмыссыздықтың орын алуы күрделі макроэкономикалық мәселеге айналады, макроэкономикалық тұрақсыздықты туындатады, ресурстардың толық қамтылмауын болдырады.

XX ғасырдың 60-жылдары американдық экономистер, Нобель сыйлығының лауреаттары Милтон Фридмен мен Эдмунд Фелпс **«толық жұмысбастылық»** және **«жұмыссыздықтың табиғи деңгейі»** деген ұғымдарды енгізді.

Толық жұмысбастылық – бұл жұмыс күшінің жалпы санында 5,5% және 6,5% мөлшерінде жұмыспен қамтылмағандардың үлесін сақтап тұру, яғни бұл жағдай тек циклдік жұмыссыздық болмағанда ғана орын алады. Бұл көрсеткіштер әр елде әртүрлі болуы мүмкін, бірақ толық жұмысбастылықты жұмыс күшінің 100% жұмыс істеуі деп айтуға болмайды.

Жұмыссыздықтың табиғи деңгейі – бұл әлеуетті ЖІӨ-ге сәйкес келетін толық жұмысбастылық кезіндегі жұмыссыздық деңгейі. Жұмыссыздықтың табиғи (теңгерімді) деңгейі фрикициондық және құрылымдық жұмыссыздық деңгейлерінің қосындысына тең. Шетелдік тәжірибеде жұмыссыздықтың табиғи деңгейін басқаша «NAIRU» деп атайды.

«NAIRU» (Non-Accelerations-Infliacion Rate of Unemployment) түсінігі – бұл инфляция қарқынын үдетпейтін жұмыссыздықтың деңгейі немесе инфляцияны тұрақтандыратын жұмыссыздықтың қалыпты деңгейі. Жұмыссыздықтың табиғи деңгейін ресми бағалау алғаш рет АҚШ-та 1960-жылдары жүргізілді және оның шамасы 4%-ды құрады. Кейіннен Р. Рейган, Б. Клинтон және Дж. Буш әкімшіліктерінің орын алған саясаттары нәтижесінде оның шамасы 6,5%-ға дейін өзгерді. Дегенмен, жоғарыда аталып өткендей, көптеген экономистердің айтуынша, әртүрлі елдерде жұмыссыздықтың табиғи деңгейінің шамасы тәжірибе жүзінде 7%-дан 20%-ға дейінгі аралықта жүруі мүмкін.

Жұмыссыздық пен өнім көлемі арасындағы өзара байланыс **Оукен заңы** деп аталады. Оукен заңына сәйкес жұмыссыздықтың нақты деңгейі өзінің табиғи деңгейінен 1%-ға өссе, онда нақты ЖІӨ деңгейі әлеуетті ЖІӨ-ге қарағанда 2,5%-ға қысқарады.

Ал 2,5% **Оукен коэффициенті** деп аталады. Оукен заңы игіліктер нарығы мен еңбек нарығы арасындағы өзара байланысты сипаттайды. Оукен заңы мынадай формуламен жазылады:

$$\mathbf{Y^* - Y / Y^* = \gamma (u - u^*),}$$

мұндағы, Y* - толық жұмысбастылық жағдайындағы өндірістің әлеуетті көлемі; Y – ұлттық өндірістің нақты көлемі; u – жұмыссыздықтың нақты деңгейі; u^* - жұмыссыздықтың табиғи деңгейі; γ – Оукен коэффициенті. Осының нәтижесінде өндіріс көлемінің жұмыссыздықтың нақты деңгейіне тәуелді екендігін байқауға болады.

Келтірілген формула бойынша өндіріс көлемінің жұмыссыздықтың нақты деңгейіне тәуелділігін график түрінде көрсетуге болады (9.1-сурет).

Толық жұмысбастылық жағдайында өндіріс көлемі Y^*-ға, ал жұмыссыздықтың деңгейі u^*-ға тең. Егер жұмысбастылық төмендесе, онда өндіріс көлемі Y_1-ге, ал жұмыссыздық деңгейі u_1-ге дейін қысқарады. Сәйкесінше, А нүктесі де, В нүктесі де Оукен қисығының бойында жатыр. Осыған қарап біз өндіріс көлемі мен жұмыссыздық деңгейінің арасында кері байланыс бар екенін байқаймыз.

Оукен қисығы – бұл ұлттық өндіріс көлемі мен жұмыссыздықтың нақты деңгейі арасындағы кері тәуелділікті сипаттайтын Оукен заңының графикалық көрінісі.



9.1-сурет. Оукен қисығы

Оукен қисығы екі жағдайда жылжиды деген болжам бар:

1) Y* толық жұмысбастылық кезінде ұлттық табыс өзгерген кезде, яғни табыс артқанда қисық оңға, ал төмендегенде солға жылжиды;

2) u* табиғи жұмыссыздықтың деңгейі кезінде, яғни жұмыссыздықтың табиғи деңгейі артса қисық оңға, ал төмендегенде солға жылжиды.

Жұмыссыздықтың табиғи деңгейіне бірқатар факторлар әсер етеді:

а) демографиялық факторлар;

ә) елде бекітілген жалақының төменгі деңгейі;

б) кәсіподақтардың ықпалы және т.б.

Табиғи жұмыссыздықтың өзгеруі ЖІӨ-нің әлеуетті деңгейінің өзгеруімен тығыз байланысты болғандықтан бұл мемлекет саясатының басты мәселесі болып табылады.

Жұмыссыздықтың экономикалық және экономикалық емес салдарлары бар, олар жеке және қоғамдық деңгейде көрініс табады.

Жұмыссыздықтың экономикалық емес салдарлары – бұл жұмысты жоғалтудың психологиялық, әлеуметтік және саяси салдарлары.

Жұмыссыздықтың экономикалық салдарлары табысты немесе табыстың белгілі бір бөлігін (яғни, ағымдық табыстың төмендеуінен) жоғалтудан, сонымен қатар, біліктілікті жоғалтудан (әсіресе, жаңа мамандық иелері үшін) көрінеді және сондықтан болашақта жалақысы жоғары беделді жұмыс орнын табу мүмкіндігі төмендеуі мүмкін.

Жұмыссыздықтың осындай экономикалық және экономикалық емес зардаптарының болуы, еңбек нарығына мемлекеттің араласуын әрдайым талап етеді. Мемлекет еңбек нарығын реттеуде мақсатты бағытталған саналы түрдегі экономикалық саясатты жүргізеді. Ол ұлттық деңгейде еңбек қатынастарын (жұмыс күнінің ұзақтылығы, жұмысқа жалдау және жұмыстан босату тәртібі, еңбек қауіпсіздігі, ең төменгі жалақы деңгейі, демалыс күндерін және еңбек демалыстарын ұйымдастыру және т.б.) реттейтін заңдылық жүйесін әзірлейді.

Еңбек нарығын реттеудің негізгі мақсаттарына мыналар жатады:

– толық жұмысбастылықты қамтамасыз ету, бұл жерде жұмыссыздықтың «табиғи» деңгейін сақтай отырып, циклдік жұмыссыздықты болдырмау;

– экономикалық дамудың ішкі және сыртқы өзгерістеріне тез бейімделе алатын «икемді еңбек нарығын» қалыптастыру, бұл жерде жұмыс істеуге ынталы әрбір азамат өзінің қабілетіне қарай жұмыс орнын таба алуы тиіс.

Еңбек нарығын мемлекеттік реттеудің мынадай бағыттарын атауға болады:

1. Еңбек ресурстарын жұмыспен қамтудың санын арттыруды ынталандыру және мемлекеттік секторда жұмыс орындарының санын ұлғайту бойынша бағдарламалар.

2. Жұмыскерлерді даярлау және қайта даярлау бойынша бағдарламалар.

3. Жұмыскерлерді жалдауға қолдау көрсету бойынша бағдарламалар.

4. Жұмыссыздықты әлеуметтік сақтандыру бойынша бағдарламалар (жұмыссыздық бойынша жәрдемақылар).

Еңбек нарығын мемлекеттік реттеудің алғашқы үш бағытында мемлекеттің саясаты **белсенді**, ал соңғы төртінші бағытында мемлекеттің саясаты **енжар** болып табылады.

Белсенді саясат әрқашанда толық жұмысбстылыққа қол жеткізуге бағытталады және дамыған елдерде еңбек нарығының басым бағыттарына жатады.

Белсенді саясат кезінде атқарылатын іс-шаралар:

– экономикаға инвестициялардың құйылуын мемлекеттік ынталандыру, бұл шара жаңа жұмыс орындарының ашылуына көмектеседі;

– құрылымдық жұмыссыздыққа тап болғандарды қайта оқыту және олардың өз біліктілігін арттыруына жағдай жасау;

– еңбекпен қамту орталықтарын, еңбек биржаларын ашу және оларды дамыту, бұл шара фрикциондық және құрылымдық жұмыссыздықты төмендету мақсатында бос жұмыс орындары туралы ақпараттармен қамтамасыз етуге жағдай жасайды;

– жеке немесе отбасылық бизнесті қолдау, бұл шара дамыған

елдерде халықты жұмыспен қамтудың аса маңызды әдісі болып саналады;

– жастар мен мүгедектер сияқты халықтың ерекше топтарына жұмыс берушілердің жұмыс орындарын тауып беруі үшін, мемлекеттің салықтық және заңдық шаралар арқылы ынталандыру;

– қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру;

– жұмыс табу үшін қажет болғанда тұрғылықты мекенжайын ауыстыруына көмектесу;

– халықаралық еңбек миграциясымен байланысты жұмысбастылық мәселесін шешуде халықаралық ынтымақтастық шараларын жүргізу;

– білім беру, медицина, коммуналдық шаруашылық, қоғамдық ғимараттарды тұрғызу сияқты мемлекеттік сектор салаларында жұмыс орындарын ұйымдастыру.

Енжар саясат кезінде мемлекет еңбек нарығында жұмыссыз қалғандарды мемлекеттік қолдау және оларды әлеуметтік қорғау шараларын жасайды. Мұндай жағдайда жұмыссыз азаматтарға келесідей кепілдемелер беріледі:

– материалдық көмек, жәрдемақылар және басқа да әлеуметтік төлемдер түрінде әлеуметтік қолдауды іске асыру;

– тегін медициналық қызмет көрсету.

Дамыған едерде жұмыссыздарға қаржылай көмек беру жұмыссыздық бойынша сақтандыру жүйесі негізінде жүзеге асырылады және сол арқылы жұмыссыздардың өмірлік ең төменгі шығындарын қамтамасыз етеді.

Жоғарыда аталып өткендей, еңбек нарығын реттеуде маңызды орынды еңбек биржалары алады. Осыған да жеке тоқталып кетуге болады.

Еңбек биржасы – бұл жұмыс күшін сату және сатып алуды жүзеге асыратын жұмыскерлер мен кәсіпкерлер арасында делдалдық қызметтер көрсететін ұйымдар болып табылады. Бұлар жұмыссыздықты түгел жоя алмаса да, жұмысқа орналастыру және жұмыскерлерді жалдау үрдісінің дұрыс ұйымдастырылуына және тиімді жүзеге асуына мүмкіндік береді.

Сонымен, бұл жердегі мемлекеттің рөлі толық, тиімді және еркін жұмысбастылықты қамтамасыз етуге көмек беру үшін оңтайлы саясатты жүзеге асыру шараларынан көрінеді.

Елбасының тікелей тапсырмасымен қазіргі уақытта елімізде еңбек нарығын реттеудің және жұмыссыздықты жоюдың жаңа бағыттары қалыптасып іске асырылу үстінде. Жаңа қабылданған **«Жұмыспен қамту-2020»** Мемлекеттік бағдарламасы және елді индустрияландыру картасы аясында 370 мыңға жуық жұмыс орны құрылатын болады.

«Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасы үш бағытты қамтиды:

1. Кәсіптік оқытудан кейін жұмысқа орналастыруды қолға алу;

2. Жеке ісін бастаушыға ең алдымен ауылда ұйымдастыруға жәрдемдесу;

3. Тұратын жерінде жұмыс, не бизнес жасауға мүмкіндік болмаған жағдайда осы бағдарлама бойынша дамыған өңірге баруға мүмкіндік беру.

Сондай-ақ, осы бағдарлама аясына *«Дипломмен - ауылға»* бағдарламасын да кіріктіріп, оны сәтті түрде жүзеге асыру назардан тыс қалмайтын болады.

Қазақстан Республикасы Статистика Агенттігінің ресми мәліметтері бойынша еңбек нарығының қазіргі экономикалық жағдайы туралы бірқатар мәліметтерді қосымша беруге болады.

2011 жылғы I-тоқсанда 15 және одан жоғары жастағы экономикалық тұрғыдан белсенді халықтың саны 8,6 млн. адамды құрады, бұл 2010 жылғы тиісті кезеңге қарағанда 0,6%-ға көп. Республика экономикасында 8,1 млн. адам жұмыспен қамтылды немесе 15 және одан жоғары жастағы халықтың 67,2%. Өткен жылғы I-тоқсанмен салыстырғанда олардың саны 105,2 мың адамға (1,3%-ға) артты.

Жұмыспен қамтылғандардың құрамындағы жалдамалы жұмысшылардың пайыздық үлесі 67,2% болды, ал өздігінен қамтылғандар (самозанятые) 32,8%-ды құрады. Жалданып жұмыс істейтіндердің негізгі үлесі мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда жұмыспен қамтылды – 81,7% (4,5 млн. адам). Өз бетінше жұмыспен қамтылғандар саны 2,7 млн. адамды құрады. Өз бетінше жұмыспен қамтылғандардың негізгі бөлігі өз қызметін ауыл шаруашылығында (62,1%), сондай-ақ, сауда саласында (22,6%), көлік қызметін көрсетуде (4,9%) және құрылыста (4,0%) жүзеге асырды.

9.2-кесте. **Қазақстан Республикасы еңбек нарығының қазіргі жағдайы**

	15 жастағы және одан жоғары халықтың саны			
	I тоқсан			2010ж. IV тоқсан
	2009ж.	**2010ж.**	2011ж.	
Экономикалық белсенді халық, мың адам	8413,5	8555,5	8610,4	8616,1
Экономикалық белсенді халықтың деңгейі, %	70,3	70,7	71,2	71,2
Экономикалық белсенді емес халық, мың адам	3548,8	3544,1	3487,8	3483,4
Экономикалық белсенді емес (енжар) халықтың деңгейі, %	29,7	29,3	28,8	28,8
Жұмыспен қамтылған халықтың саны, мың адам	7830,4	8029,3	8134,5	8141,4
Жұмысбастылық деңгейі, %-бен: 1) 15 жастағы және одан жоғары халық санына шаққанда	65,5	66,4	67,2	67,3
2) экономикалық белсенді халыққа шаққанда	93,1	93,8	94,5	94,5
Жалдамалы жұмысшылар, мың адам,	5199,1	5347,8	5465,9	5460,0
жұмыспен қамтылғандардың жалпы санындағы үлесі, %-бен	66,4	66,6	67,2	67,1
Өздігінен қамтылғандар, мың адам	2631,3	2680,6	2668,6	2681,4
жұмыспен қамтылғандардың жалпы санындағы үлесі, %-бен	33,6	33,4	32,8	32,9
Жұмыссыз халық, мың адам	583,1	526,2	475,9	474,7
Жұмыссыздық деңгейі, %	6,9	6,2	5,5	5,5
15-24 жас аралығындағы жұмыссыздар, мың адам	100,5	81,5	60,6	56,3
Жастар жұмыссыздығының деңгейі, % (15-24 жастағы)	7,7	6,1	5,0	4,7
Ұзақ мерзімдік жұмыссыздық деңгейі, %	2,7	2,3	2,0	2,1

Дерек көзі: www.stat.kz

2011 жылғы I тоқсанда жұмыссыздар саны (табысты жұмысы болмаған, оны үздіксіз іздеген және оған кірісуге әзір болған 15 және одан жоғары жастағы адамдар) 475,9 мың адамды құрады және өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 50,3 мың адамға немесе 9,6% қысқарды. Жұмыссыздық деңгейі 5,5% (2010 ж. I тоқсанда – 6,2%) құрады.

Ағымдағы жылғы I тоқсанда жұмыссыз ерлердің үлесі 43,5%, әйелдердің үлесі – 56,5% құрады. Жұмыссыз әйелдердің саны 269,0 мың адамды құрады, бұл ерлердің санынан 62,1 мың адамға (30,0%-ға) көп.

2011 жылғы I тоқсанда жұмыссыздардың жалпы санындағы жастардың (15-24 жастағы) үлесі 12,7% немесе 60,6 мың адамды құрады. Жастар жұмыссыздығының деңгейі 5,0% (2010 ж. I тоқсанда – 6,1%) болды.

9.3-кесте. **2011 жылдың 1-тоқсанында жыныстық және жас құрамы бойынша жұмыссыз халықтың саны**

	Барлығы		соның ішінде			
			ерлер		әйелдер	
	мың адам	жұмыс-сыздық деңгейі, %	мың адам	жұмыс-сыздық деңгейі, %	мың адам	жұмыс-сыздық деңгейі, %
Жұмыссыздар, барлығы	60,6	5,0	32,3	4,9	28,3	5,1
Соның ішінде, 15-24 жастағы	100,2	7,5	45,2	6,4	55,0	8,7
25-29 жастағы	77,4	5,8	31,9	4,7	45,5	7,0
30-34 жастағы	50,1	5,6	20,3	4,5	29,8	6,7
35-39 жастағы	42,9	4,4	18,1	3,8	24,8	4,8
40-44 жастағы	49,4	4,8	19,2	3,8	30,2	5,7
45-49 жастағы	49,6	5,1	18,8	4,0	30,8	6,1
50-54 жастағы	32,4	5,8	13,1	5,1	19,3	6,4
55-59 жастағы	13,3	6,1	8,0	5,6	5,3	7,2
60-64 жастағы	60,6	5,0	32,3	4,9	28,3	5,1

Дерек көзі: www.stat.kz

2011 жылғы наурыздың соңында жұмыссыздар ретінде тіркелген адамдар саны (Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің деректері бойынша)

53,7 мың адамды құрады, бұл 2010 жылғы осы кезеңге қарағанда 22,7 мың адамға немесе 29,7%-ға аз. Экономикалық тұрғыдан белсенді халық санындағы тіркелген жұмыссыздардың үлесі 0,6% (2010 жылғы наурызда – 0,9%) болды.

Қорытынды

1. Еңбек нарығы - бұл жұмыс күшін сату және сатып алумен байланысты экономикалық қатынастар жиынтығы; еңбекті жалақыға айырбастау механизмі орындалатын нарық.

2. Еңбек нарығында жұмыс күшіне және еңбек қызметтеріне сұраныс пен ұсыныс және оған деген баға қалыптасады. Еңбек нарығының негізгі субъектілері ретінде кәсіпкерлер, ірі монополистер, шағын және орта бизнесмендер, мемлекет, жекелеген жұмыскерлер және олардың ассоциациялары (кәсіподақтар) қарастырылады. Еңбек нарығында қалыптасатын бағалар жұмыс күшінің ақшалай нысандағы құны болып табылатын жалақы мөлшерлемелері ретінде сипатталады. Еңбек нарығының динамикасы оның негізгі екі элементінің арақатынасына, яғни: жұмыс күшіне деген нарықтық сұраныс пен жұмыс күшінің нарықтық ұсынысына тәуелді болып табылады.

3. Еңбек нарығының экономикалық және әлеуметтік деген екі негізгі қызметі бар. Экономикалық қызметі еңбекке қабілетті халықтың ұдайы өндірісінің тиімді үрдістерін қамтамасыз етуден көрінеді, ал әлеуметтік қызметі жұмыскерлердің және олардың отбасыларының өмір сүру сапасының жоғары деңгейін қамтамасыз етумен сипатталады.

4. Жұмыс күші – адамның еңбекке деген қабілеттілігі; адамдардың игіліктерді өндіру үрдісіндегі физикалық және ой қабілеттіліктерінің жиынтығы; елдегі жұмыскерлердің жалпы саны; жұмыспен қамтылған мен жұмыспен қамтылмаған (жұмыссыздар) халықтың бір бөлігі.

5. Жұмыссыздық – еңбек ұсынысының еңбекке деген сұраныстан артып кетуі; еңбекке жарамды халықтың жұмыс таба алмауы немесе жұмыспен қамтылмауы. Еңбек нарығында тепе-теңдік орын алғанда экономикада толық жұмысбастылық қалыптасады. Бірақ ақпараттың жетілмегендігінен еңбекке қабілетті халықтың белгілі бір бөлігі жұмыс таппай қалады.

6. Толық жұмысбастылық – жұмыс күшінің жалпы санында 5,5% және 6,5% мөлшерінде жұмыспен қамтылмағандардың үлесін сақтап тұру, яғни бұл жағдай тек циклдік жұмыссыздық болмағанда ғана орын алады. Бұл көрсеткіштер әр елде әртүрлі болуы мүмкін, бірақ толық

жұмысбастылықты жұмыс күшінің 100% жұмыс істеуі деп айтуға болмайды.

7. Жұмыссыздықтың табиғи деңгейі – әлеуетті ЖІӨ-ге сәйкес келетін толық жұмысбастылық кезіндегі жұмыссыздық деңгейі. Жұмыссыздықтың табиғи (теңгерімді) деңгейі фрикицондық және құрылымдық жұмыссыздық деңгейлерінің қосындысына тең.

8. Еңбек нарығын мемлекеттік реттеудің мынадай бағыттарын атауға болады: еңбек ресурстарын жұмыспен қамтудың санын арттыруды ынталандыру және мемлекеттік секторда жұмыс орындарының санын ұлғайту бойынша бағдарламалар; жұмыскерлерді даярлау және қайта даярлау бойынша бағдарламалар; жұмыскерлерді жалдауға қолдау көрсету бойынша бағдарламалар; жұмыссыздықты әлеуметтік сақтандыру бойынша бағдарламалар (жұмыссыздық бойынша жәрдемақылар).

Өзін-өзі тексеру сұрақтары

1. Еңбек нарығы дегеніміз не және ол қандай қызметтерді орындайды?

2. Еңбек нарығында сұраныс пен ұсынысқа қандай факторлар әсер етеді?

3. Еңбек нарығының көрсеткіштері қалай жіктеледі?

4. Толық жұмысбастылық ұғымы экономиканың қандай жағдайын сипаттайды және оған табиғи жұмыссыздықтың қандай деңгейі тән?

5. Халықаралық Еңбек Ұйымының стандарттары бойынша халықтың қандай топтары «жұмыссыздар» қатарына жатқызылады?

6. Макродеңгейде жұмыссыздық деңгейі қалай анықталады?

7. Жұмыссыздықтың қандай түрлері бар?

8. Оукен заңы қандай экономикалық көрсеткіштер арасындағы байланысты көрсетеді?

9. Жұмыссыздықтың әлеуметтік зардаптары қандай?

10. Жұмыссыздықтың экономикалық зардаптары қандай?

11. Қазіргі уақытта еңбек биржалары немен айналысады?

12. Еңбек нарығын мемлекеттік реттеудің негізгі бағыттары қандай?

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі
Негізгі:

1. *Мамыров Н. Қ., Тілеужанова М. Ә.* Макроэкономика: Оқулық. - Алматы: Экономика, 2003. Тарау 3.

2. Макроэкономика: учебник / Под общ. ред. *А. А. Абишева, К. А. Хубиева.* – Алматы: «Экономика», 2007. Раздел 3, глава 7.

3. *Вечканов Г. С., Вечканова Г. Р.* Макроэкономика. 2 - е изд. - Спб.: Питер, 2008. Глава 6.

4. *Агапова Т. А., Серегина С. Ф.* Макроэкономика: учебник / Под общ. ред. д.э.н., проф. А. Ф. Сидоровича; МГУ им. М. В. Ломоносова. – 8 - е изд., перераб. и доп. – М.: Издательство «Дело и Сервис», 2007. Глава 3.

5. Курс экономической теории: учебник – 5-е исправленное, дополненное и переработанное издание/ Под общ. ред. Чепурина М. Н. и Киселевой Е. А. – Киров: «АСА», 2006. (Раздел 3: Макроэкономика; Раздел 4: Международные аспекты экономической теории). Глава 19, параграф 3.

6. *Селищев А. С.* Макроэкономика. 3 - е изд. - Спб.: Питер, 2005. Главы 10, 11.

7. *Ивашковский С. Н.* Макроэкономика: Учебник. 2 – изд., испр., доп. – М.: Дело, 2002. Глава 4.

8. *Агапова Т. А., Серегина С. Ф.* Макроэкономика. Тесты: Уч. пос., 2-е изд. – М.:ДиС, 2005. Тема 2.

9. ҚР Статистика Агенттігінің мәліметтері. www.stat.kz

Қосымша:

1. *Доғалов А. Н., Досмағанбетов Н. С.* «Макроэкономика» пәнінен курстық жұмысты орындау бойынша әдістемелік нұсқау (экономикалық мамандықтар үшін) – Астана: Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2011. – 20б.

2. *Сейткасимов Г. С.* Макроэкономические проблемы современной экономики Казахстана: Монография. – Астана: Изд. КазУЭФМТ, 2010. – 350 с.

3. *Курганбаева Г. А.* Экономика Казахстана в XXI веке: монография. – Алматы: Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте РК, 2009. – 144 с.

4. *Тоқсанбай С. Р.* Үлкен экономикалық орысша-қазақша сөздік/ Большой экономический русско-казахский словарь. – Алматы, 2010. 1010 б.

5. *Киселева Е. А.* Макроэкономика: Курс лекций. – М.: Изд-во Эксмо, 2007 – 352 с.

6. *Мэнкью Н. Г.* Принципы макроэкономики. Учебник для вузов / Пер. с англ. – 2-е изд. – Спб.: Питер, 2006. – 576 с.

7. *Тарасевич Л. С., Гальперин В. М., Гребенников П. И., Леусский А. И.* Макроэкономика: Учебник / под ред. Тарасевича Л.С. 5-е изд.- М.: ЮРАИТ, 2004. – 656с.

8. *Вечканов Г. С., Вечканова Г. Р.* Макроэкономика. Учебное пособие. 6-е изд.- Спб.: Питер, 2005. - 256с.

9. *Абакумова О. Г.* Макроэкономика. Конспект лекций: Пособие для подготовки к экзаменам. – М.: ПРИОР – Издат, 2005. – 224 с.

10. *Базылев Н. И.* и др. Макроэкономика. Учебное пособие. – М.: ИНФРА – М, 2003. – 190 с.

11. Введение в макроэкономику: Учебное пособие./ Под ред. *М. Е. Дорошенко* - М.: ЮНИТИ, 2000. – 175 с.

12. *Долан Э., Линдсей Д. Э.* Макроэкономика/Под общ. ред. Б. Лисовика. Спб: 1996.

13. *Шишов А. Л.* Макроэкономика. – М.: Ассоциация авторов и издателей «Тандем», Издательство ЭКМОС, 1997 г. – 320 с.

14. *Кейнс Д. М.* Общая теория занятости, процента и денег.

15. ҚР «Бизнестің жол картасы» Мемлекеттік бағдарламасы.

16. ҚР «Жұмыспен қамту – 2020» Мемлекеттік бағдарламасы.

17. ҚР-ның Президенті *Н. Ә. Назарбаевтың* халыққа Жолдауы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты», 2012 ж. 28 қаңтар.

18. ҚР-ның Президенті *Н. Ә. Назарбаевтың* халыққа Жолдауы «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз», 2011 ж. 28 қаңтар.

19. ҚР-ның Президенті *Н. Ә. Назарбаевтың* халыққа Жолдауы «Жаңа онжылдық – Жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» 2010 ж. 30 қаңтар.

20. ҚР-ның Президенті *Н. Ә. Назарбаевтың* халыққа Жолдауы «Дағдарыстан жаңару мен дамуға». 2009 ж. 7 наурыз.

21. ҚР-ның Президенті *Н. Ә. Назарбаевтың* халыққа Жолдауы «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты». 2008 ж. 8 ақпан.

22. *Н. Назарбаев.* Қазақстан - 2030: «Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы», Алматы – 1998 ж.

Практика сабағының жоспары:

Практика сабағын «дөңгелек үстел» түрінде өткізу жоспарланған, тақырыптың негізгі теориялық сұрақтарын пікірталас, ауызша жауап беру, дискуссия, сұрақ-жауап, т.б. ұйымдастыру әдістері арқылы жүргізілуі тиіс.

Мақсаты: жұмыссыздықты макроэкономикалық мәселе ретінде қарастыра отырып оны еңбек нарығы арқылы реттеуге дейін толығымен сипаттама беру, жұмыссыздықтың экономикалық және әлеуметтік зардаптарын жоюдың жолдарын ұсыну, еліміздегі бұл мәселенің ерекшеліктеріне тоқталып мемлекет тарапынан тиімді шаралар

іздестіруге ортақ пікірлерді талқылап өту, сонымен қатар кедейшілік мәселесін шолып өту. Осы мақсатқа жету үшін практика сабағында тақырып бойынша мынадай сұрақтардың мәнін ашу керек:

1. Еңбек нарығының түсінігі және жұмыс күші.
2. Жұмыссыздық және оның түрлері.
3. Жұмыссыздықты азайту мәселесі және Қазақстандық тәжірибе.
4. Оукен заңы. Еңбек нарығындағы тепе-теңдік.
5. Еңбек нарығын мемлекеттік реттеу.

СОӨЖ және СӨЖ тапсырмалары:

Мақсаты: еңбек нарығы мен жұмыссыздық мәселесіне қатысты барлық сұрақтарды ұсынылатын әдебиеттерді игеру арқылы толық меңгеру, сонымен қатар төмендегі және басқа да тапсырмаларды орындап бекіту.

1. Тақырып бойынша экономикалық сөздік (глоссарий) жасау.

2. Тақырып бойынша логикалық схемалар құрастыру.

3. Реферат, эссе, баяндама тақырыптары:

– Еңбек нарығын дамытудың және жұмыспен қамту саясатының шетелдік тәжірибелері;

– Қазақстанда еңбек нарығы мен жұмыспен қамтудың негізгі ерекшелігі және мемлекеттік саясаттың жаңа мүмкіндіктері;

– Қазақстанда жұмыссыздық пен кедейшілікке қарсы нақты шаралар.

– Қазақстан экономикасындағы халық санының категориялары және жұмыссыздық деңгейіне статистикалық талдау жасау.

4. Өзіндік жазба жұмыстар (конспект):

- Жұмыспен қамтудың неоклассикалық және кейнстік тұжырымдамалары;
- Фридменннің табиғи жұмыссыздық теориясы;
- Беверидж қисықтары.

5. Жаттығулар, есептер және т.б. тапсырмалар:

1. Берілген мәліметтер (мың адам) бойынша жұмыссыздық деңгейін және жалпы ішкі өнімнің алынбай қалған көлемін (%) есептеңіз. Жұмыссыздықтың табиғи деңгейі 2%-ға тең.

	2001	2002	2003	2004	2005	2006
Жұмыс күші	7479,1	7399,7	7657,3	7840,6	7901,7	8028,9
Жұмыспен қамтылғандар	6698,8	6708,9	6985,2	7181,8	7261,0	7403,5

2. Төмендегі кестеде берілген мәліметтерді пайдалана отырып, жұмыссыздық деңгейін және жалпы ішкі өнімнің алынбай қалған көлемін (%) есептеңіз. Жұмыссыздықтың табиғи деңгейі 5%-ға тең.

	2007	**2008**	**2009**	**2010**
Жұмыс күші (L), мың адам	8228,3	8415,0	8457,9	8610,7
Жұмыспен қамтылғандар (E), мың адам	7631,1	7857,2	7903,4	8114,2

3. Табиғи жұмыссыздық – 8 %. Балалар мен жұмысқа жарамсыздар – 80 млн. Егер фрикциондық жұмыссыздық мөлшері – 3 млн., құрылымдық жұмыссыздық мөлшері – 2 млн. және мәжбүрлі жұмыссыздық мөлшері – 4 млн. адам болса, онда елдегі халық саны қанша?

4. Мәжбүрлі жұмыссыздық мөлшерін анықтаңыздар, елдің халық саны 30 млн. адам, олардың 10 млн.-ы – жұмысқа қабілетсіздер мен балалар. Жұмыссыздық деңгейі 7%, ал табиғи жұмыссыздық – 5 %.

5. Келесідей деректер бар:

Жұмыспен қамтылғандар саны 90 млн. адам, жұмыссыздар саны 10 млн. адам. Жұмыссыздық деңгейін анықтаңыздар. 90 млн. жұмыспен қамтылған адамдардан бір ай өткеннен кейін 0,5 млн. адам жұмыстан шығарылған еді, 1 млн. адам ресми тіркелген жұмыссыздар жұмыс іздеуді тоқтатқан. Мыналарды анықтаңыз:

а) жұмыспен қамтылғандардың санын;

б) жұмыссыздар санын;

в) жұмыссыздық көлемін.

6. NAIRU немесе жұмыссыздықтың табиғи деңгейі 6%, ал нақты деңгейі 10%.

Егер Оукен коэффициенті 2-ге тең болса, онда:

а) ЖІӨ-нің нақты деңгейі әлеуетті деңгейінен қанша пайызға ауытқиды?

ә) егер ЖІӨ-нің нақты деңгейі ағымдағы жылы 6 трлн. тг. болса, онда абсолюттік шамада ЖІӨ-нің жоғалтулары қандай?

7. Елдегі халық саны – 10,5 млн. адам, фрикциондық жұмыссыздық мөлшері – 100 мың, құрылымдық жұмыссыздық – 200 мың адам және мәжбүрлі жұмыссыздық – 300 мың адамды құрайды. Табиғи жұмыссыздық деңгейі – 5%. Елдегі еңбекке қабілетті адамдардың санын анықтаңыз.

8. Мына орын алған жағдайлардың жұмыссыздықтың қандай түріне (фрикциондыққа, құрылымдыққа немесе циклдікке) жататынын анықтаңыз:

- Жалпы экономикалық құлдыраумен байланысты орын алған қолайсыз нарықтық жағдай автомобиль рыногында жүздеген жұмысшылардың жұмыстан шығуына мәжбүрлейді.

- Маңызды ресурс ретінде көмір отынына деген сұраныстың төмендеуі және уран ресурсына деген сұраныстың өсуі салдарынан шахтерлердің арасында жұмыссыздық деңгейі өсті.

- Мектеп директоры көп жағдайда қақтығыстық проблемалар туындатады, осының салдарынан бірқатар оқытушылар жұмыстан шығуға мәжбүр болады және басқа мектептерден жұмыс іздеуге тура келеді.

- 1998 жылы болған қаржылық дағдарыс салдарынан көптеген туристік компаниялардың әрекеттері тоқтай бастады және олар өз қызметкерлерін амалсыздан жұмыстан шығарды және демалысқа жіберуге мәжбүрлі болды.

- Жоғары оқу орнын бітірген студенттің бұрынғы үлкен электронды есептеу машинасында жұмыс істеу қабілеті нарықтық сұранысқа ие болмай қалды, осының салдарынан ол жаңа электронды технологияларды оқуды қолға ала бастады.

- Жаңадан тұрмысқа шыққан жас әйел жолдасының үйіне көшкеннен кейін бұрынғы жұмыс орнынан шықты және бұрынғы мамандығы бойынша жаңа мекенжайына сәйкес жұмыс орнын іздеуде.

6. Тест сұрақтарына жауап беру керек:

1. Жұмыссыздықтың табиғи деңгейі:

а) фрикциондық және құрылымдық жұмыссыздықты есепке алады

ә) циклдік жұмыссыздықты есепке алады

б) тек құрылымдық жұмыссыздықты есепке алады

в) тек фрикциондық жұмыссыздықты есепке алады

2. Жалақы қатаңдығының себептері:

а) еңбекке салынатын салықтар болып табылады

ә) минималды жалақы туралы заңдылықтар болып табылады

б) кәсіподақтардың билігі болып табылады

в) барлық жауаптар дұрыс

3. Классикалық теорияға сәйкес минималды жалақыны өсіру мынаған әкеледі:

а) халық табыстарының өсуіне

ә) жұмыссыздықтың өсуіне

б) жұмысбастылық деңгейінің өсуіне

в) инвестицияны тұрақтандыруға.

4. Өндірістің әлеуетті көлемі:

а) толық жұмысбастылық кезінде орын алады

ә) конъюнктуралық жұмыссыздық болмаған кезде орын алады
б) ұзақ мерзімді кезеңде орын алады
в) аталғандардың барлығы дұрыс

5. Табиғи жұмыссыздық кезінде:

а) циклдік жұмыссыздық нөлге тең
ә) экономиканың әлеуеті орын алады
б) толық жұмысбастылық орын алады
в) барлық жауаптар дұрыс

6. Жалақының жоғары мөлшерлемесі:

а) жұмыс күшінің тұрақтамаушылығын қысқартады
ә) еңбек өнімділігін арттырады
б) жұмыскерлердің өмір сүру деңгейін арттырады
в) аталғандардың барлығы дұрыс

7. Оукен заңы нені көрсетеді?

а) нақты ЖҰӨ мен жұмыссыздық арасындағы кері байланысты
ә) нақты ЖҰӨ мен жұмыссыздық арасындағы тура байланысты
б) атаулы ЖҰӨ мен жұмыссыздық арасындағы тура байланысты
в) атаулы ЖҰӨ мен инфляция арасындағы кері байланысты

8. Мына адамдардың қайсысы жұмыс күші құрамына жатқызылады:

а) зейнетке шыққан кондитер
ә) жарты ставкаға жұмыс істейтін үй шаруасындағы әйел
б) жұмыс табудан көңілі қалған мектеп мұғалімі
в) сотталған, 25 жасар рекитер

9. Жұмысбастылықтың кейнсиандық тұжырымдамасы келесі алғышарттарға негізделеді:

а) өндіріс факторларының нарығы жетілген бәсекеге негізделген
ә) бағалар мен жалақы икемді
б) бағалар мен жалақы икемсіз
в) тек бағалар ғана икемді

10. Жұмыссыздық бойынша үлкен жәрдемақылар:

а) циклдік жұмыссыздықты арттырады
ә) фрикциондық жұмыссыздықты арттырады
б) құрылымдық жұмыссыздықты арттырады
в) құрылымдық және маусымдық жұмыссыздықты арттырады

11. Жеткіліксіз жиынтық сұраныс нені тудырады:

а) фрикциондық жұмыссыздық формасының өсуін
ә) құрылымдық жұмыссыздық формасының өсуін
б) циклдік жұмыссыздық формасының өсуін
в) технологиялық жұмыссыздық формасының өсуіне

12. Циклдік жұмыссыздық - бұл:

а) мамандықтары мен біліктіліктері жұмыс табуға мүмкіндік бермейтін жұмысшылардың жұмыс іздеуімен байланысты жұмыссыздық

ә) экономиканың циклдік ауытқуымен байланысты жұмыссыздық. Жалпы және жиынтық шығындардың жеткіліксіздігімен сипатталады

б) адамдардың машина ауысуымен байланысты пайда болатын жұмыссыздығы

в) жұмыс іздеу және жұмыс күтумен байланысты уақытша жұмыссыздық

13. Кедейшілік деңгейі қалай анықталады?

а) ең төменгі жалақы бойынша

ә) ең төменгі зейнетақы бойынша

б) өмір сүру деңгейінің минимумы арқылы

в) орташа зейнетақы мөлшері арқылы

14. Жұмыс күшінің тауарға айналу себептері:

а) бас бостандықтарының болмауы

ә) жеке басының жалқаулығы, қайыршылық күйге салынуының нәтижесі

б) еңбек қабілеті төмен, жауапкершілігінің жоқтығы

в) тіршілік ету құралдары жоқ, ерікті адамның басқаларға жалдануы

15. Экономика үшін жағымды жұмыссыздықтың түрі:

а) фрикциондық

ә) құрылымдық

б) циклдік

в) а) және ә) жауаптары дұрыс

16. Толық жұмысбастылық – бұл:

а) барлық еңбекке қабілетті халықтың жүз пайыз жұмыспен қамтылуы;

ә) жұмыс күшіне деген сұраныс пен ұсыныстың теңесуі

б) табиғи жұмыссыздықтың орын алмауы

в) а) және ә) жауаптары дұрыс

17. Жұмыссыздық деңгейі пайызбен өлшенеді және ол былай анықталады:

а) жұмыссыздар санының барлық халық санына қатынасы арқылы

ә) жұмыссыздар санының барлық еңбекке жарамды халық санына қатынасы арқылы

б) жұмыссыздар санының зейнеткерлік жасқа дейінгі халық санына қатынасы арқылы

в) жұмыссыздар санының зейнеткерлік жастағы халық санына қатынасы арқылы

18. Жұмыс уақытын ұйымдастыру формасы бойынша жұмысбастылық былай жіктеледі:

а) бірінші және екінші

ә) толық, толық емес

б) тұрақты және уақытша

в) алғашқы және соңғы

19. Өндірістің төмендеуі мен фирманың жабылуы салдарынан жұмыстан босатылған адам жұмыссыздықтың қай категориясына жатады?

а) жұмыссыздықтың фрикциондық формасына

ә) жұмыссыздықтың құрылымдық формасына

б) жұмыссыздықтың циклдік формасына

в) жұмыссыздықтың маусымдық формасына

20. Егер адам ауырса және жұмыс істей алмаса, қандай топқа кіреді?

а) жұмыс істейтіндер қатарына кіреді

ә) жұмыссыздар қатарына кіреді

б) жұмысшы күші қатарына кіреді

в) жұмыс табудан үмітін үзгендер қатарына кіреді

21. Экономикалық құлдырау кезінде жұмысын жоғалтқан адам қандай жұмыссыздықтың түрін арттырады?

а) құрылымдық

ә) фрикциондық

б) циклдік

в) табиғи

22. Елдегі жұмыссыздар саны 6 млн. адам, ал жалпы жұмыс күшінің саны 120 млн. адам, онда жұмыссыздық деңгейі қаншаға тең?

а) 20 %

ә) 5 %

б) 0,05%

в) 2 %

23. Ұтымды жұмысбастылық – бұл:

а) толық және тиімді жұмысбастылықтың оңтайлы үйлесімділігі

ә) құрылымдық және циклдік жұмыссыздықтың оңтайлы үйлесімділігі

б) фрикциондық және циклдік жұмыссыздықтың оңтайлы үйлесімділігі

в) толық жұмысбастылық

24. Мыналардың ішінен дұрыс жауаптарды табыңыз:

а) NAIRU ұғымы фрикциондық және құрылымдық жұмыссыздықпен байланысты

ә) егер жұмыссыздықтың деңгейі NAIRU көрсеткішіне тең болса, онда нақты ЖІӨ әлеуетті ЖІӨ-ге тең болады

б) толық жұмысбастылық ұғымы экономикадаға белсенді халыққа жататын адамдардың барлығы жұмыс істейді дегенді білдіреді

в) циклдік жұмыссыздық еркін сипатқа ие

25. Жұмысбастылықтың кейнстік тұжырымдамасы келесідей алғышарттарға негізделеді:

а) өндіріс факторлары нарықтарында жетілген бәсекелі жағдай орын алады;

ә) еңбек нарығында жалақының қатаңдығы орын алады

б) еңбекке сұраныс игілікке деген тиімді сұранысмен анықталады

в) еңбек нарығында күту жұмыссыздығы орын алады

26. Елдегі нақты жұмыссыздар саны 10000 адам, ал табиғи жұмыссыздар 9900 адам болса, онда циклдік жұмыссыздықтың көлемі қаншаға тең?

а) 1000 адам

ә) 10990 адам

б) 19900 адам

в) 100 адам

27. Классиктерге (монетаристерге) қандай жұмыссыздықтың түрі тән емес:

а) циклдік

ә) құрылымдық

б) фрикциондық

в) фрикциондық пен құрылымдық

28. Циклдік жұмыссыздықты басқаша макроэкономикалық тұрғыдан не деп атайды?

а) Кейнстік

ә) Фридмендік

б) табиғи

в) құлдыраушылық

29. М. Фридменнің айтуынша экономикада толық жұмысбастылық орнауы үшін табиғи жұмыссыздық қандай болу керек?

а) 1 - 2 %

ә) 5,5 - 6,5%

б) 2-3 %

в) 0,1-0,2 %

30. Оукен заңы қандай нарықтарды байланыстырады?

а) игіліктер нарығы мен еңбек нарығын

ә) капитал нарығы мен еңбек нарығын

б) игіліктер нарығы мен ақша нарығын

в) еңбек нарығы мен ақша нарығын

31. Мына іс-шаралардың қайсысын еңбек нарығын реттеудің бағытына жатқызуға болмайды?

а) болашақта жалақысы жоғары беделді жұмыс орнын табуға көмектесу бойынша бағдарламалар

ә) жұмыскерлерді даярлау және қайта даярлау бойынша бағдарламалар

б) жұмыскерлерді жалдауға қолдау көрсету бойынша бағдарламалар

в) мемлекеттік секторда жұмыс орындарының санын ұлғайту бойынша бағдарламалар

32. Жұмыссыздықтың нақты деңгейі 5%, табиғи деңгейі 1%, Оукен коэффициенті 3-ке тең. Осы жылы алынбай қалған ЖІӨ-нің нақты көлемі қанша?

а) 12%

ә) 8%

б) 1%

в) 4%

33. Егер экономикада жұмыссыздықтың нақты деңгейі (u) 11% болса, онда жұмысбастылық деңгейі (e) қанша пайыз болады?

а) 100%

ә) 89%

б) 111%

в) 1%

34. Жұмыссыздық деңгейі мен жұмысбастылық деңгейінің қосындысы:

а) 1-ге тең

ә) 0-ге тең

б) 100-ге тең

в) оны анықтау мүмкін емес

35. Мына формулада қандай көрсеткіш жетіспейді, толықтырыңыз:

e = …/E+U*100%?

а) E

ә) U+L

б) U

в) E+L

10-тақырып.
ИНФЛЯЦИЯ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТЕОРИЯЛАРЫ

Мақсаты: инфляция құбылысын басты макроэкономикалық мәселе ретінде қарастыра отырып, оның теорияларын жан-жақты талқылау және негізгі себептерін, түрлерін, зардаптарын анықтау, инфляцияның басқа макроэкономикалық мәселелермен өзара байланысын сипаттау және әсіресе, отандық экономикадағы инфляцияның басты себептерін анықтап, оған қарсы тиімді саясаттың қазіргі уақыттағы қолданылуына баға беру. Осыларды қарастыру үшін мына сұрақтар талқыға түседі.

Дәріс жоспары:

1. Инфляцияның мәні, пайда болу себептері, зардаптары және түрлері.
2. Инфляция мен жұмыссыздықтың өзара байланысы. Филлипс қисығы.
3. Инфляцияға қарсы саясат.

Негізгі түсініктер: инфляция; дефляция; дезинфляция; жасырын инфляция; ашық инфляция; баяу инфляция; өршімелі инфляция; гиперинфляция; инфляциялық сілкініс; сұраныс инфляциясы; ұсыныс инфляциясы; сеньораж; инфляциялық салық; Оливер-Танзи әсері; инфляциялық шиыршық; импортталған инфляция; Филлипс қисығы; стагфляция; слампфляция; естен тандыру терапиясы; инфляциялық инерция; инфляциялық күтім; «жоғалту» коэффициенті; Фишер әсері; «кедейшілік» индексі; антиинфляциялық саясат.

Тақырыптың мазмұны.

Инфляция – көпфакторлы құбылыс, ол бағаның жалпы дәрежесінің өсуі арқылы және нақты активтерге қарағанда, ақша белгілерінің құнсыздануы арқылы бейнеленеді. Жеке тауарлар бағасының кез келген өзгеруі міндетті түрде инфляция болып табылмайды. Инфляцияға қарама-қарсы **дефляция** баға

мен шығындардың жалпы төмендеуі болып табылады. Бағаның өсуінің бәсеңдеуі **дезинфляция** деп атайды.

Экономикалық құбылыс ретінде әлем экономикасында, инфляция ұзақ уақыт бойы тарихи негізінде қалыптасып дамуда. Оның пайда болуын негізінен, ақшаның шығуымен және оның қызметімен байланыстырады. «Инфляция» термині латын сөзі – «inflatio» – қампаю, тұңғыш рет Солтүстік Америкада 1861-1865 жылғы азамат соғысы кезінде пайда болып, айналымдағы қағаз ақшалардың тым көбейіп кету үдерісін білдірген. Осы түсінік XIX ғасырда Англия мен Францияда қолданыла бастады. Экономикалық әдебиеттерде инфляция түсінігі XX ғасырда бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін жиі қолданылып, кеңес үкіметінің экономикалық әдебиеттерінде 20-жылдардың орта кезінде көрінді.

Ақша, тауарларды сатып алу қабілеті күшті валютамен салыстырғанда, құнсызданады. Инфляцияны былай түсіндіру, яғни ақшаны алтынға қатысты құнсыздануы, алтынды бұрынғыша ақша сияқты жалпылама эквивалент деп қарастыруда жатыр. Ең алдымен, бағаның өсуі, тауарға сұраныстың оның ұсынысынан артық болуымен байланысты. Белгілі тауар рыногында сұраныс пен ұсыныстың сәйкестілігінің бұзылуы инфляция емес. Инфляция елдегі баға деңгейінің өсуі. Бағаның көтерілуіне нақты экономикалық дағдарыс тек мұнай бағасының өсуінен емес, басқа да тауар мен қызмет көрсету бағаларының өсуімен байланысты.

Сонымен, **инфляция** – бұл бағалардың орташа деңгейінің өсу қарқыны, бірақ бұл жағдайда барлық бағалар өседі деуге болмайды. Инфляция кезінде кейбір бағалар бір қалыпта қалады, ал кейбір бағалар төмендейді.

Инфляцияның пайда болу себептері монетарлық және монетарлық емес болып бөлінеді.

Монетарлық емес себептер:

- экономикадағы диспропорциялар;
- әскери-өнеркәсіптік кешеннің дамуына шектен тыс ақшаның бөлінуі;
- тым күшті импорттық тәуелділікте болу кезінде экспорттық сектордың әлсіз дамуы;
- ЖІӨ көлемінің құлдырауы;

- халықтың инфляциялық күтулері.

Монетарлық себептер:

- мемлекеттік бюджеттің тапшылығы;

- ақша массасы көлемінің инфляция қарқынына әсері. Орталық банк активтерінің ұлғаюы барлық жағдайларда ақша массасының өсіп отыруына алып келеді, бұл төлем қабілеттілігі бар сұраныстың артуын білдіреді. Нәтижесінде игіліктерге жалпы баға деңгейі өседі;

- ақша айналымы жылдамдығының артуы.

Инфляцияның әртүрлі жіктелу критерийлеріне байланысты көптеген түрлерін ажыратуға болады:

1. *Экономиканы мемлекеттік реттеудің «тереңдігіне», инфляцияға қарсы саясаттың инструментарийлеріне байланысты*, инфляция **айқын** (ашық) және **басылған-бүркемеленген** (жабық) түрде жүріп отыруы мүмкін. Инфляция процесінің айқын немесе ашық формада болып отырғаны бағаның өсуі, ұлттық валюта курсының төмендеуі арқылы көрінеді.

Бағалардың еркін құбылуы жағдайларында орын алатын ашық инфляцияның деңгейін келесі формуламен анықтауға болады:

$$\pi = P - P_{-1} / P_{-1} \times 100\%.$$

мұнда, P – ағымдағы жылғы бағалардың орташа деңгейі; P_{-1} – өткен жылғы бағалардың орташа деңгейі.

2. *Зерттеу объектісіне байланысты*, инфляция **ұлттық**, **аймақтық** және **әлемдік** болып бөлінеді. Ұлттық және аймақтық масштабта талдау объектісін көтерме және бөлшек сауда бағаларының динамикасы, кейбір елдердегі, елдер бірлестігінің дәрежесіндегі, халықаралық нарықтағы ЖҰӨ-нің дефляторы құрайды.

3. *Ішкі және сыртқы факторлар тудыратын жүйеге ықпал ететін инфляциялық импульстарға байланысты*, **импортталған** және **экспортталған** инфляция болады.

4. *Бағаның өсу қарқынына байланысты*, инфляцияның мынадай түрлері болады:

• жылына 10%-ға дейін болса – **баяу** немесе **жылжымалы инфляция**,

• жылына 200% болғанда – **өршімелі** немесе **«латындық»**,

• 200%-дан (Самуэльсон бойынша) артқанда – **гиперинфляция** (американдық экономист Ф. Кэган бойынша – айына 50%-дан артық болса).

Мәселен, өткен ғасырда, бағалардың өсу қарқынының өте жоғары деңгейлерін, әсіресе, гиперинфляцияны бастан кешірген мемлекеттер көп, соның ішінде, Қазақстан да 90-жылдардың басында өтпелі экономика жағдайында нарықтық қатынастарға көшу барысында инфляцияның аса жоғары қарқынына тап болды. 1992-1994 жылдар аралығында елімізде гиперинфляция құбылысы байқалды (10.1-кесте).

10.1-кесте. **Қазақстандағы инфляция қарқыны (кезең соңына, өткен жылғы желтоқсанға пайызбен, өсуі)**

1991ж. – 147,1	**1995ж. – 60,3**	**1999ж. – 17,8**	**2003ж. – 6,8**	**2007ж. – 18,8**
1992ж. – 2960,8	**1996ж. – 28,7**	**2000ж. – 9,8**	**2004ж. – 6,7**	**2008ж. – 9,5**
1993ж. – 2165,0	**1997ж. – 11,2**	**2001ж. – 6,4**	**2005ж. – 7,5**	**2009ж. – 6,2**
1994ж. – 1158,3	**1998ж. – 1,9**	**2002ж. – 6,6**	**2006ж. – 8,4**	**2010ж. – 7,8**

Дерек көзі: ҚР Статистика агенттігі, www.stat.kz

5. *Экономиканың бағаның өсу қарқынына ұтымды бейімделуіне байланысты*, инфляция **баланстанған** (теңдестірілген) және **баланстандырылмаған** (теңдестірілмеген) болып бөлінеді.

6. *Мемлекеттің инфляциялық процеске әсер ету қабілетіне байланысты*, инфляция **бақылаудан шықпаған** және **бақылауға көнбейтін** болып бөлінеді.

7. *ЖҰӨ-нің көрсеткішінің өзгеруіне байланысты*, экономикада сұраныстың өскен жағдайында **ақиқат** және **жалған** инфляция орын алады.

8. *Бағаның болашақтағы өсу қарқыны және оған үйлесімді бейімделу дәрежесі туралы болжамның дәлме-дәл болуына-болмауына байланысты*, **болжауға болатын** және **болжауға келмейтін** инфляция болып бөлінеді.

9. *Инфляциялық процесті тудыратын және оған дем беретін факторларға байланысты* **«сұраныс» инфляциясы** және **«шығындар» инфляциясы** болады.

«Сұраныс» инфляциясы – бұл өндірістің нақты көлеміне қарағанда жиынтық сұраныстың артықшылығынан туындайтын және сатып алушылар тарапынан болатын инфляцияның бір түрі. Инфляцияның бұл түрі алғаш рет кейнстік талдау шеңберінде зерттелген болатын.

Сұраныс инфляциясының пайда болуы монетарлық және монетарлық емес факторларға байланысты туындайды.

Сұраныс инфляциясының монетарлық факторлары:

- ақша айналымы жылдамдығының тұрақтылығы кезінде өндіріс көлемінің өсуіне қарағанда атаулы ақша массасының өсуі;
- экономикалық субъектілердің инфляциялық күтімдерінен туындайтын ақша айналымы жылдамдығының артуы.

Сұраныс инфляциясының монетарлық емес факторлары:

- экономикалық субъектілердің жиынтық шығындарының өзгеруі (үй шаруашылықтарының тұтыну шығындарының, фирмалардың жоспарланған инвестицияларының, мемлекеттік шығындар мен таза экспорттың өзгеруі);
- жиынтық сұраныстағы құрылымдық өзгерістер.

Жиынтық сұраныстың артуының инфляцияға деген әсері қазіргі экономиканың AS қисығының қай кесіндісінде тұрғандығына байланысты (10.1-сурет):

- экономиканың толық емес жұмысбастылық деңгейіне сәйкес келетін көлденең (кейнстік) кесіндісінде жиынтық сұраныстың ұлғаю салдары бағалардың өсуіне алып келмейді, тек жиынтық ұсыныстың және өндірістің көлемін арттырады (өндірістің кеңеюі қолданылмаған өндіріс қуаттарын іске қосу есебінен жүзеге асырылады);
- аралық (өспелі) кесіндіде жиынтық сұраныстың ұлғаю салдары бағалардың өсуін және өндіріс көлемінің артуын туындатады;
- экономиканың толық жұмысбастылық деңгейіне сәйкес келетін тік (классикалық) кесіндісінде жиынтық сұраныстың ұлғаю салдары бағалардың өсуіне алып келеді, ал жиынтық ұсыныстың және өндірістің көлемі өзгермейді.



10.1-сурет. Сұраныс инфляциясы

«Шығындар» немесе **«ұсыныс» инфляциясы** – бұл өндіріс шығындарының және ресурстар бағаларының күрт өсуіне байланысты орын алатын дайын өнімге деген бағаның өсуі мен өндіріс көлемінің қысқаруын білдіретін сатушылар тарапынан болатын инфляцияның түрі. Инфляцияның бұл түрінің тәжірибе жүзінде пайда болуының себебі кейнстік бағыттың инфляция тек толық жұмысбастылық жағдайында ғана орын алады деген қағидасының дұрыс болмағанымен тығыз байланысты болып табылады. Әлемнің көптеген елдерінде инфляцияның көріністері жұмыссыздықпен және өндірістің құлдырауымен ұштастырылды.

«Ұсыныс» инфляциясының негізгі факторлары (монетарлық емес):

- еңбек өнімділігінің өсуіне қарағанда жалақының артуы;
- ұсыныстың сілкіністері – жиынтық сұраныстың өзгеруіне қатысы жоқ сыртқы жағдайлар (шикізатқа, энергия көздеріне, отынға, арендалық төлемдерге бағалардың күрт өсуі). Дәлірек айтсақ, осындай инфляция түрі, мысалы, XX ғасырдың 70-жылдары орын алған мұнай дүрбелеңінен болған энергетикалық дағдарыстан пайда болды. Сол уақытта, мұнайдың әлемдік бағалары барреліне 1,8 $-дан 32 $-ға дейін күрт артқан;
- олигополиялық фирмалар мен кәсіподақтардың «бағалық үстемені» («ценовая накидка») қолдануы, яғни кәсіподақтар жалақыны әрдайым көтермелеуге үмітті және фирмалар өз

өнімдерінің бағасына күні бұрын үстеме құн ретіндегі үлесін қосады.

Ұсыныс инфляциясы кезінде жиынтық ұсыныс қисығы қысқа мерзімде солға жылжиды (10.2-сурет). Мұндай жылжу кезінде инфляцияны жылдамдататын жалақының өсуі орын алады. Бағалар мен өндіріс көлемі қарама-қарсы бағытта өзгереді: бағалар P_0-ден P_1-ге өседі, ал өндіріс көлемі Y_0-ден Y_1-ге дейін қысқарады. Ұсыныс инфляциясы сұраныс инфляциясына қарағанда аса қауіпті және ол стагфляция құбылысын туындатады, яғни, **стагфляция** – бұл өндірістің құлдырауы жағдайында жұмыссыздық пен инфляцияның қатар орын алуы. Ал **слампфляция** – бұл өндірістің құлдырауы жағдайында инфляция мен жұмыссыздық қарқындарының қатар өсуімен жүретін экономиканың ең ауыр жағдайы.



10.2 сурет. Ұсыныс инфляциясы

Соңғы өнімге бағалардың өсуі мен ресурстарға деген бағалардың өсуінің өзара әрекеттесуі инфляциялық шиыршыққа (инфляционная спираль) ұласады. **Инфляциялық шиыршық** (орама) – бұл сұраныс инфляциясын және ұсынысын инфляциясын туындататын факторлардың өзара байланысы мен әрекеттесуінің механизмі, яғни экономикада сұраныс инфляциясының да, ұсыныс инфляциясының да қатар орын алуы. Инфляциялық ораманың айналуы үрдісінде экономикалық субъектілердің инфляциялық күтімдері маңызды рөл ойнайды.

Инфляциялық шиыршықтың осындай бұралымы 10.3-суретте көрсетілген. Айталық, E_0 нүктесінде экономика толық жұмысбастылық кезіндегі тепе-теңдік жағдайда тұр. Осы кезде мемлекеттің бюджет-салық немесе ақша-несие саясаттарының көмегімен экономиканы ынталандыруы жиынтық сұраныс қисығын AD_2 жағдайына жылжытып, тепе-теңдік E_1 нүктесіне орналасады. Баға деңгейінің өсуі ннфляциялық күтімдерді туындатып халықтың экономикалық тәртіптері соған байланысты өзгере бастайды. Жалдамалы жұмысшылардың талаптары бойынша жалақының мөлшерлемесі көтеріліп фирмалардың орташа шығындары өсе бастайды. Ал AS қисығы солға-жоғарыға жылжып, жаңа тепе-теңдік E_2 нүктесі жағдайында болады. Бұл үдеріс инфляцияны одан ары үдетіп жалғаса беруі мүмкін. Сөйтіп, экономика осындай «шырша тәріздес» мәселені бастан кешеді.



10.3-сурет. Инфляциялық шиыршық

Инфляцияның әлеуметтік-экономикалық зардаптары:

1. Инфляция халықтың, кәсіпорындардың және мемлекеттің ақшалай табыстарының нақты төмендеуіне алып келеді. Бұл атаулы және нақты табыстарының арасындағы айырмашылықпен анықталады. Мұндай жағдайда әдетте, тұрақты (тіркелген) табыс табатын адамдар инфляция кезеңдерінде көп зардап шегеді, яғни «табан тоздыру» шығындары орын алады.

2. Инфляция байлық пен табыстың қайта бөлінуіне алып келеді. Демек, қарыз алғандар өздерінің кредиторлары арқылы баийды. Дебиторлар барлық деңгейде ұтады, яғни қарыз ақшаның белгілі бір сатып алушылық қабілетінде берілгендіктен ол белгілі бір уақыттан кейін кредиторға құнсызданып барып қайтарылады. Бұл жерде үлкен мемлекеттік қарызға батқан үкімет те ұтады. Инфляция төлем мерзімін кейінге қалдырған адамдардың пайдасына ақшаны қарызға берген адамдардың есебінен табыс пен байлықты қайта бөледі. Инфляция жылжымайтын мүліктің құнын арттырады.

3. Инфляция кезеңдерінде нарықта сұранысқа ие тауарлық-материалдық қорларға деген бағалар өседі. Сондықтан тұрғындар мен кәсіпорындар өздерінің тез құнсызданып кетуі мүмкін ақшалай қаражаттарын мүмкіндігінше тез арада қорларға айналдыруға тырысады. Бұл экономикалық агенттердің қолында ақша қаражаттарының жетіспеушілігіне алып келеді. Тауарларды дүрлікпе (ажиотаж) сатып алуға тырысудың нәтижесі сұраныс инфляциясының күшеюіне алып келеді.

4. Инфляция ұзақ мерзімдік инвестициялаудың мүмкіндіктерін төмендетеді.

5. Инфляция фирмалардың амортизациялық қорларын құнсыздандырады, сөйтіп ұдайы өндірістің қалыпты жұмыс істеуі бұзылады және үдерісі қиындайды. Инфляция жинақ түрлерінің (салымдардың, облигациялар мен сақтандырулардың, т.б.) нақты құнын төмендетеді. Адамдар мұндай жағдайда ақша жинамауға тырысады, ал фирмалар болса өздерінің тапқан табыстарын ағымдық тұтынуға бағыттайды, соның салдарынан қоғамның қаржылық ресурстары қысқарады.

6. Инфляция тұрғындар мен кәсіпорындардың ақша қаражаттарын салықтар арқылы жасырын тәркілеуге алып келеді. Бұл салық төлеушілердің атаулы табыстарының өсуінен салық салудың аса жоғары тобына автоматты түрде өтуінен орын алады.

Инфляция мен жұмыссыздықтың өзара байланысы.

Көптеген экономистер инфляция қарқынының жұмыссыздықтың деңгейімен өзара байланысын зерттеген. Бұл байланыс Лондон экономикалық мектебінің профессоры **Албан Филлипстің**

(1914-1975) үлгісінде терең зерттелді. Ол 1861 мен 1957 жылдар аралығындағы кезеңде Ұлыбритания экономикасының статистикалық деректерін талдаудың нәтижесінде мынадай қорытындыға келген, яғни егер жұмыссыздық 3%-дық деңгейден асса, онда бағалар мен атаулы жалақының өсу қарқыны төмендей бастайды. Олай болса, жұмыссыздық пен атаулы жалақының қарқыны (кейіннен, инфляция қарқыны) арасындағы өзара байланыстың графикалық кескіні **Филлипс қисығы** деп аталады. Кейіннен, Пол Самуэльсон мен Роберт Солоу Филлипстің моделіне өзгеріс енгізді: жалақының өсу қарқыны деген көрсеткішті инфляция көрсеткіші деп өзгертті. Филлипс қисығы қысқа мерзімді кезеңде жұмыссыздық пен инфляцияның арасындағы өзара байланысты көрсетеді (10.3-сурет) және Самуэльсонның пікірінше, тиімді саясатты жүргізу арқылы жұмыссыздық пен инфляция арасындағы «өзара келісім» (компромисс) нүктесін табуға көмектеседі. Бұл өзара келісімнің шарты Филлипс қисығының көлбеулігімен анықталады. Қысқа мерзімді кезеңде бағалар мен жалақы мөлшерлемелерінің инфляциялық сипатта өсуі еңбек ұсынысын ынталандырып өндірісті арттырады. Ал инфляциялық үдерістерді басу жұмыссыздықтың өсуін туындатады.



10.4-сурет. Филлипс қисығы

Дегенмен соңғы жылдары әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, инфляцияның жоғары қарқынымен қатар жұмыссыздықтың жоғары деңгейі де бірге жүріп отырады. Дәлірек айтсақ,

бұл күрделі құбылыс жоғарыда аталып өткендей, стагфляция деген атқа ие болып, 1973-1975 жылдары орын алған экономикалық дағдарыспен байланысты еді, сонымен қатар, 80-жылдары жұмыссыздық пен инфляцияның бір уақытта төмендегендігі де байқалған. Сол себепті Филлипстің теориясына және оның аясында жүргізілген экономикалық саясатқа сенімсіздік туындады. Осыған байланысты осы теорияны ары қарай жетілдірудің қажеттілігі пайда болды.

Филлипс қисық сызығы теориясының аясындағы жаңа көзқарастар М. Фридмен мен Э. Фелпстің *жұмыссыздық табиғи деңгейі* теориясы арқылы көрініс тапты. Осы теорияға сәйкес екі ғалымның ойынша Филлипс қисығы қысқа және ұзақ мерзім аралықтарында қарастырылған жөн. Ұзақ мерзімде Филлипс қисығы *тік сызық* түрінде болады. Егер жұмыссыздықтың нақты деңгейі табиғи деңгейіне тең болса, онда инфляцияның нақты деңгейі инфляцияның күтілген деңгейіне сәйкес келеді (10.5-сурет).



10.5-сурет. Қысқа және ұзақ мерзімдегі Филлипс қисығы

Филлипс қисығын ұзақ мерзімде қарастырғанда инфляциялық күтімдер теориясы қолданылады. Күтімдердің екі түрі кеңінен қолданылады:

1) бейімделушілік күтімдер теориясы; 2) оңтайлы күтімдер теориясы.

Екі теория да толық жұмысбастылық жағдайында (немесе жұмыссыздықтың табиғи деңгейінде) экономикалық агенттердің

инфляциялық күтімдерінің мемлекеттің экономикалық саясатының жүргізілуі кезінде орындалатындығын сипаттауға тырысады.

Бейімделушілік күтімдер (адаптационные ожидания) – бұл инфляцияның нақты деңгейі негізінде сол инфляцияны экономикалық агенттердің болжай алу мүмкіндіктері. Олар инфляцияның нақты деңгейімен сәйкес келмейді және кезеңділікпен қайта қаралып субъектілер өз қателерін түзетіп отырады.

Оңтайлы күтімдер (рациональные ожидания) – бұл экономикалық субъектілердің өздерінің инфляциялық болжамдарында қолдарындағы бар ақпаратты неғұрлым ұтымды пайдалана алу мүмкіндіктері және олар өз есептеулерінде қателеспейді деген болжамдар.



10.6-сурет. Бейімделушілік күтімдер теориясындағы Филлипс қисығы

10.6-суретке сәйкес, инфляцияның нақты қарқыны әрбір келесі кезеңде оның күтілетін деңгейінен асып кетіп отыратындығын байқаймыз. Әзірге экономикалық субъектілердің төмендетілген инфляциялық болжамдары сақталып тұрғанда мемлекеттің ынталандырушылық экономикалық саясаты қысқа мерзімде жұмыссыздықты төмендетіп, өндірістің нақты көлемін арттыруға ықпал жасайды. Енді уақыт өте келе экономикалық субъектілер бағалар мен жалақының өсуін таза инфляциялық құбылыс екенін кешігіп барып сезінеді. Олар өздерінің инфляциялық болжамдарына түзету енгізіп, оның жоғары жаңа деңгейін күтуге бейімделе бастайды. Уақытша төмендеген жұмыссыздық бұрынғы қалпына

қайтып келеді. Егер мемлекеттің саясаты әрі қарай жүргізілсе, онда барлық үрдіс инфляцияның аса жоғары деңгейлерімен солай жалғаса береді. Ұзақ мерзімде экономика A_1 нүктесінен A_2 нүктесіне, содан соң A_3 нүктесіне және солай жоғарыға жылжи береді, яғни Филлипс қисығы тік сызыққа айналады.

Оңтайлы күтімдер теориясына байланысты, экономикалық субъектілердің инфляциялық күтімдері болашақта үнемі оның нақты деңгейімен сәйкес келіп отырады (10.7-сурет). Егер мемлекет ынталандырушы саясатты жүргізуге ынталы болса, онда кәсіпкерлер елдің ішінде бағаның жалпы деңгейінің өскендігіне қолындағы бар ақпаратты сәтті пайдалана отырып көз жеткізеді. Мемлекеттің жиынтық сұранысты ынталандыруы жиынтық ұсынысты қысқа мерзімнің өзінде де арттыра алмайды. Экономикалық жүйе мұндай жағдайда бірден A_1 нүктесінен A_2 нүктесіне ауысады және т.с.с. Мемлекеттің жұмыссыздықты төмендетуге бағытталған шаралары тек бағалардың өсуін ғана туғызып, ешқандай нәтиже алып келмейді.



10.7-сурет. Оңтайлы күтімдер теориясындағы Филлипс қисығы

Бейімделушілік және оңтайлы күтімдер теориясы шеңберінде Филлипстің ұзақ мерзімдегі қисығын зерттеу үкіметтің толық жұмысбастылық жағдайында жиынтық сұранысты ынталандыру жолымен өндірісті кеңейтуге бағытталған шаралары инфляциялық үдерістердің күшеюіне алып келетіндігін көрсетеді. Инфляцияны басқару үшін іс-шаралардың ауқымды кешені қолданылуы тиіс.

Сол себепті антиинфляциялық саясатты жүргізудің қажеттілігі туындайды.

Инфляцияға қарсы саясат – бұл инфляцияны төмендетуге бағытталған мемлекеттік реттеу құралдарының жиынтығы. XX ғасырдың 60-жылдарынан бастап бағаны тікелей және жанама түрде реттеу мақсатымен барлық экономикаға ортақ шаралар қолданыла бастады.

Тікелей реттеу табыстар саясаты шеңберінде жүргізіледі. Табыстар саясатын шартты түрде екі бағытқа бөлуге болады: жалақы мен бағаларды өсу нысаналарымен белгілеу және осыларға тікелей бақылау жүргізу. Осыларды қолданып атаулы табыстар мен бағаның өсуін төмендетуге бағытталған шараларды анықтауға болады. Нысаналарға еркін орындалуға тиісті ережелердің жиынтығы жатады. Бақылауға заң актілерінің күші тән болады. Нысаналар ретінде баға мен жалақы мөлшерлемелерінің өсуінің максималды шегі пайдаланылады. Жалақы мөлшерлемелерінің өзгерістері әдетте, барлық экономикадағы еңбек өнімділігінің өсу қарқынымен байланыста болады, бағалардың өзгерістері еңбекақыға жұмсалған шығындардың өзгерістерін өтеу үшін жүргізіледі. Осы бағыттың мәні мынада: жалдамалы жұмыскерлердің табыстары тікелей реттеледі, ал пайда – жанама түрде баға арқылы реттеледі.

Әдетте, бақылауды пайдалану үшін бағалар мен жалақыны белгілі уақыт мерзімі бойынша «тұрақты» етіп ұстап отыру туралы заңдар қабылданады. Жалдамалы жұмыскерлер үшін табыстар саясатының дискриминациялық дәрежесі жоғары болады, өйткені мемлекет органдары және өндірушілер бағадан гөрі жалақыға бақылау жүргізуді ұнатады. Тәжірибе жағынан келсек, жалақыдан гөрі бағаларға бақылау жүргізу оңайға түспейді, өйткені тауарлар топтарының саны көп болады. Бұдан басқа, экономикада еңбек өнімділігінің өсуі автоматты түрде ұлттық табыстағы жұмысшылардың үлесін салыстырмалы және абсалютті түрде төмендетеді.

Табыстар саясатының бір бағытына әлеуметтік келісімдер жатады. Бағаның өсуі мен жалақының арасында тұрақты компромисс орнату үшін үкімет ірі кәсіпорындар мен кәсіподақтардың арасында келіссөздер ұйымдастырады. Табыстар саясаты

қашан болмасын дискуссияға ұшырап отырады. Осы саясаттың қарсыластарының айтуы бойынша, кәсіпкерлер мен кәсіподақтар жетекшілері өздерінің мақсатты қызметтері – барынша көп пайда табудан бас тарта алмайды, сондықтан олар үкімет белгілеген нысаналарды өз еркімен орындамайды.

Заң жүзінде бағаның өсуіне шектеудің қойылуы, бағалардың жоғарылауы пайдалы болатын тауарлардың көлеңкелі нарығын дамытуы мүмкін. Бағалардың өсуіне шек қоюды болдырмайтын келесі әдіс, ол буып-түйілген дайын өнімдердің сапасы мен салмағын төмендету. Осыдан басқа, бағаға әкімшілік бақылау жүргізу нарықтың қызметін дұрыс атқарылуына, ресурстар мен капиталдың еркін жылжуына кедергі болады. Нәтижесінде, экономикада тапшылық жинақтала түседі, тұтынуды үнемдеу қажеттілігі туындайды. Табыстар саясатының жақтаушылары бойынша, егер кәсіпкерлер мен жұмыскерлер үкіметтің инфляциямен күресуге күші де, құралдары да жеткілікті деп сенсе, онда бұл саясат инфляциялық күтімдерді сөндіруге көмек береді. Нарық қызметінің тиімділігі туралы әңгіме құрғанда мына жағдайды атап өту қажет: монополиялық күштердің-тауар өндірушілердің және ресурстар иелерінің бар болуының өзі ресурстардың бөлінуін бұрмалайды. Экономикада инфляцияның болуы, осы тұжырымды дәлелдейді. Сондықтан, бағаға бақылау жүргізу жағдайды түзетуге көмек береді.

Бағаға ықпал жасаудың жанама әдістеріне монетарлық және фискалдық саясаттың «дефляциялық» шаралары жатады. Алғашқыда олар циклге қарсы саясат аясында қолданылған болатын. Орталық банк инфляцияның күшеюіне байланысты ақша массасының өсуіне, белгіленген есептік мөлшерлеменің өсуіне, ашық нарықта сатылатын мемлекеттік құнды қағаздардың көлеміне және міндетті резервтер нормасына бірте-бірте шектеу енгізеді. Инфляцияны төмендету мақсатымен валюта саясатының құралдары да пайдалануы мүмкін: шетелдерден келетін ақшаға шек қою, ұлттық валюта бағамын көтеру.

«Дефляциялық» шаралардың тежеу жасайтын әсері, ең алдымен, экономикалық өсуді баяулатады және жұмыссыздықты өсіреді, ал бағалардың төмендеуі елеулі болмайды. Стагфляцияның пайда болуы дефляция саясатының кейбір құралдарынан бас

тартуға мәжбүр етеді. Стагфляциямен күресудің неоклассикалық бағытының балама жолдары бар. Оның мәні: инфляцияны төмендетуде қандайда болмасын құралдарды қолданбау үшін, экономикадағы осы және басқа процестерді қолдан шығарып алмауды көздеу керек.

Филлипстің қисық сызығына тежеуші монетарлық және фискалдық саясаттарды қолданып, қалай да бұрынғы қалына қайтып келудің қажетіне тырысу керек емес, жиынтық ұсыныстың қисық сызығына тікелей ықпал ету қажет. Осы үшін қаржылық және ақша саясатын аз ғана өзгертіп, қатаң стандарттармен мақсатты қаржыландыру мен несиелендіруді, салаларды селективтік (іріктеп) қолдауды, протекционнистік шараларды, табыстар саясатының элементтерін қолдануды пайдалануға болады. Соңғы нұсқаны қолданудың тиімділігі жоғары және бұның әлеуметтік шығындары төмен.

Үкімет үшін инфляцияға қарсы саясат жүргізудің екі бағыты болады: оны бірте-бірте ұзақ мерзімді көздеп жүргізу немесе оны шұғыл жүргізу (естен тандыру терапиясы). Барлық жағдай елдің көлеміне, оның экономикасының болмысына, әлемдік нарыққа кірудің дәрежесіне және шарттарына, өзгерістерді халықаралық қаржы мекемелерінің қолдауына, ел ішіндегі әлеуметтік және саяси жағдайларға және т.б. байланысты болады.

Қорытынды

1. Инфляция – бағалардың орташа деңгейінің өсу қарқыны, бірақ бұл жағдайда барлық бағалар өседі деуге болмайды. Инфляция кезінде кейбір бағалар бір қалыпта қалады, ал кейбір бағалар төмендейді. Инфляцияның пайда болу себептері монетарлық және монетарлық емес болып бөлінеді.

2. Сұраныс инфляциясы – өндірістің нақты көлеміне қарағанда, жиынтық сұраныстың артықшылығынан туындайтын және сатып алушылар тарапынан болатын инфляцияның бір түрі. Ұсыныс инфляциясы – өндіріс шығындарының және ресурстар бағаларының күрт өсуіне байланысты орын алатын дайын өнімге деген бағаның өсуі мен өндіріс көлемінің қысқаруын білдіретін сатушылар тарапынан болатын инфляцияның түрі.

3. Инфляцияның әлеуметтік-экономикалық зардаптары халықтың, кәсіпорындардың және мемлекеттің ақшалай табыстарының нақты төмендеуіне алып келеді; байлық пен табыстың қайта бөлінуіне алып келеді; нарықта сұранысқа ие тауарлы-материалдық қорларға деген бағалар өседі; ұзақ мерзімдік инвестициялаудың мүмкіндіктерін төмендетеді; фирмалардың амортизациялық қорларын құнсызандырады, сөйтіп ұдайы өндірістің қалыпты жұмыс істеуі бұзылады және үдерісі қиындайды; инфляция жинақ түрлерінің (салымдардың, облигациялар мен сақтандырулардың, т.б.) нақты құнын төмендетеді; тұрғындар мен кәсіпорындардың ақша қаражаттарын салықтар арқылы жасырын тәркілеуге алып келеді. Бұл салық төлеушілердің атаулы табыстарының өсуінен салық салудың аса жоғары тобына автоматты түрде өтуінен орын алады.

4. Жұмыссыздық пен атаулы жалақының қарқыны (кейіннен, инфляция қарқыны) арасындағы өзара байланыстың графикалық кескіні Филлипс қисығы деп аталады.

5. Филлипс қисығын ұзақ мерзімде қарастырғанда инфляциялық күтімдер теориясы қолданылады. Күтімдердің екі түрі кеңінен қолданылады: *бейімделушілік күтімдер* – инфляцияның нақты деңгейі негізінде сол инфляцияны экономикалық агенттердің болжай алу мүмкіндіктері. Олар инфляцияның нақты деңгейімен сәйкес келмейді және кезеңділікпен қайта қаралып субъектілер өз қателерін түзетіп отырады. *Оңтайлы күтімдер* – экономикалық субъектілердің өздерінің инфляциялық болжамдарында қолдарындағы бар ақпаратты неғұрлым ұтымды пайдалана алу мүмкіндіктері және олар өз есептеулерінде қателеспейді деген болжамдар.

6. Инфляцияға қарсы саясат – инфляцияны төмендетуге бағытталған мемлекеттік реттеу құралдарының жиынтығы. XX ғасырдың 60-жылдарынан бастап бағаны тікелей және жанама түрде реттеу мақсатымен барлық экономикаға ортақ шаралар қолданыла бастады.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары

1. Экономикада инфляциялық үдерістерді қандай көрсеткіштердің көмегімен бағалауға болады?
2. «70 ережесі шамасы» дегеніміз не?
3. Бағалардың жалпы құлауын сипаттайтын экономикалық үдерісті қалай атайды?
4. Инфляцияның себептері қандай?
5. Инфляцияның қандай формалары мен түрлері бар?
6. Инфляциялық шиыршық (спираль) дегеніміз не?

7. Инфляцияның қоғамға тигізетін әлеуметтік-экономикалық салдарлары қандай?

8. Антиинфляциялық саясаттың негізгі мақсаттары мен әдістері қандай?

9. Филлипс қисығы қандай экономикалық байланыстарды көрсетеді?

10. Филлипс қисығын ұзақ мерзімдік кезеңде түсіндіруде қандай бағыттар қолданылады?

11. Инфляциялық салық дегеніміз не?

12. Оливер-Танзи әсері нені сипаттайды?

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

Негізгі:

1. *Мамыров Н. Қ., Тілеужанова М. Ә.* Макроэкономика: Оқулық. - Алматы: Экономика, 2003. Тарау 3.

2. Макроэкономика: учебник / Под общ. ред. *А. А. Абишева, К. А. Хубиева.* – Алматы: «Экономика», 2007. Раздел 3, глава 7.

3. *Вечканов Г. С., Вечканова Г. Р.* Макроэкономика. 2 - е изд. - Спб.: Питер, 2008. Глава 8.

4. *Агапова Т. А., Серегина С. Ф.* Макроэкономика: учебник / Под общ. ред. д.э.н., проф. *А. Ф. Сидоровича*; МГУ им. М. В. Ломоносова. – 8 - е изд., перераб. и доп. – М.: Издательство «Дело и Сервис», 2007. Главы 3, 10.

5. Курс экономической теории: учебник – 5-е исправленное, дополненное и переработанное издание/ Под общ. ред. *Чепурина М. Н. и Киселевой Е. А.* – Киров: «АСА», 2006. (Раздел 3: Макроэкономика; Раздел 4: Международные аспекты экономической теории). Глава 23.

6. *Селищев А. С.* Макроэкономика. 3 - е изд. - Спб.: Питер, 2005. Главы 15.

7. *Ивашковский С. Н.* Макроэкономика: Учебник. 2 – изд., испр., доп. – М.: Дело, 2002. Глава 5.

8. *Агапова Т. А., Серегина С. Ф.* Макроэкономика. Тесты: Уч. пос., 2-е изд. – М.:ДиС, 2005. Тема 2.

9. ҚР Статистика Агенттігінің мәліметтері. www.stat.kz

Қосымша:

1. *Доғалов А. Н., Досмағанбетов Н. С.* «Макроэкономика» пәнінен курстық жұмысты орындау бойынша әдістемелік нұсқау (экономикалық мамандықтар үшін) – Астана: Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2011. – 20б.

2. *Сейткасимов Г. С.* Макроэкономические проблемы современной

экономики Казахстана: Монография. – Астана: Изд. КазУЭФМТ, 2010. – 350 с.

3. *Курганбаева Г. А.* Экономика Казахстана в XXI веке: монография. – Алматы: Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте РК, 2009. – 144 с.

4. *Тоқсанбай С. Р.* Үлкен экономикалық орысша-қазақша сөздік/ Большой экономический русско-казахский словарь. – Алматы, 2010. 1010 б.

5. *Мэнкью Н. Г.* Принципы макроэкономики. Учебник для вузов / Пер. с англ. – 2-е изд. – Спб.: Питер, 2006. – 576 с.

6. *Тарасевич Л. С., Гальперин В. М., Гребенников П.И., Леусский А. И.* Макроэкономика: Учебник / под ред. Тарасевича Л.С. 5-е изд.- М.: ЮРАИТ, 2004. – 656с.

7. *Вечканов Г. С., Вечканова Г. Р.* Макроэкономика. Учебное пособие. 6-е изд.- Спб.: Питер, 2005. - 256с.

8. *Абакумова О. Г.* Макроэкономика. Конспект лекций: Пособие для подготовки к экзаменам. – М.: ПРИОР – Издат, 2005. – 224 с.

9. *Базылев Н. И.* и др. Макроэкономика. Учебное пособие. – М.: ИНФРА – М, 2003. – 190 с.

10. Введение в макроэкономику: Учебное пособие./ Под ред. *М. Е. Дорошенко* - М.: ЮНИТИ, 2000. – 175 с.

11. *Н. Грегори* Мэнкью. Макроэкономика. Пер. с англ.- М., Изд-во МГУ, 1994.-736 с.

12. *Долан Э., Линдсей Д. Э.* Макроэкономика/Под общ. ред. Б. Лисовика. Спб: 1996.

13. *Шишов А. Л.* Макроэкономика. – М.: Ассоциация авторов и издателей «Тандем», Издательство ЭКМОС, 1997 г. – 320 с.

14. *Бункина М. К., Семенов В. А.* Макроэкономика (Осн. эк. политики): Учебник. – Изд-во «ДИС», 1997.-320 с.

15. *Кейнс Д. М.* Общая теория занятости, процента и денег. (оқытушыда, электрондық нұсқа).

16. ҚР-ның Президенті *Н. Ә. Назарбаевтың* халыққа Жолдауы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты», 2012 ж. 28 қаңтар.

17. ҚР-ның Президенті *Н. Ә. Назарбаевтың* халыққа Жолдауы «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз», 2011 ж. 28 қаңтар.

18. ҚР-ның Президенті *Н. Ә. Назарбаевтың* халыққа Жолдауы «Жаңа онжылдық – Жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» 2010 ж. 30 қаңтар.

19. ҚР-ның Президенті *Н. Ә. Назарбаевтың* халыққа Жолдауы «Дағдарыстан жаңару мен дамуға». 2009 ж. 7 наурыз.

20. *Жаналинов Б. Н.* Инфляция және Қазақстандағы инфляцияға қарсы саясат: оқу құралы. - Алматы: Экономика, 2007. – 224 б.

Практика сабағының жоспары:

Практика сабағын «дөңгелек үстел» түрінде өткізу жоспарланған, тақырыптың негізгі теориялық сұрақтарын пікірталас, ауызша жауап беру, дискуссия, сұрақ-жауап, т.б. ұйымдастыру әдістері арқылы жүргізілуі тиіс.

Мақсаты: бұл тақырыпқа сәйкес инфляцияның себептерін, түрлерін, зардаптарын жан жақты талқылау, Филлипс қисығының теориясын және қазіргі жаңа мүмкіндіктерін түсіндіру, шетелдік тәжірибе бойынша антиинфляциялық саясаттың формаларын, сонымен қатар Қазақстандағы инфляцияға қарсы шаралардың іске асуын сипаттау және ресми дерек көздерін пайдалану. Осы мақсатқа жету үшін семинар сабағында тақырып бойынша мынадай сұрақтардың мәнін ашу керек:

1. Инфляция, оның пайда болу себептері және түрлері.
2. Инфляцияның әлеуметтік-экономикалық зардаптары.
3. Филлипс қисығы. Қысқа және ұзақ мерзімдегі инфляция мен жұмыссыздықтың өзара байланысы.
4. Инфляцияға қарсы саясат.

СОӨЖ және СӨЖ тапсырмалары:

Мақсаты: инфляция мәселелерін ұсынылып отырған әдебиет көздерін оқып терең меңгеру, төмендегідей және басқа да тапсырмаларды орындау тақырыпты толық бекіту.

1. Тақырып бойынша экономикалық сөздік (глоссарий) жасау.

2. Тақырып бойынша логикалық схемалар құрастыру.

3. Реферат, эссе, баяндама тақырыптары:

- Инфляция құбылысының пайда болуы мен даму тарихы;
- Қазақстандағы қазіргі инфляциялық жағдайлар және оның ерекшеліктері;
- Қазақстандағы инфляциялық үрдістердің даму кезеңдері, гиперинфляциялық құбылысқа сипаттама және оған қарсы қолданылған нақты шаралар.

- Антиинфляциялық саясаттың қазіргі заманғы шетелдік тәжірибелері;

- Қазақстандағы инфляциялық құбылыстар туралы ресми дерек көздері, оларды талдау және бағалау.

4. Өзіндік жазба жұмыстар (конспект):

- «70 ережесі шамасы» теориясы;
- Инфляциялық салық. Оливер-Танзи әсері;
- Оукен заңы және Филлипс қисығының формуласы.

5. Жаттығулар, есептер, т.б. тапсырмалар:

1. Егер бағалар:

а) 2 есе өсе;

ә) 5 %-ға өссе;

б) 30 %-ға өссе, онда ақшаның сатып алу қабілеті қалай өзгереді?

Егер ақшаның сатып алу қабілеті 40 %-ға төмендесе, онда бағалар қанша пайызға өсті?

2. Белгілі бір елде инфляция қарқыны 4 пайызға тең. Бұл елдегі бағалардың өсуі қанша жылдың ішінде екі еселенеді?

A) 17 жылда

B) 17,5 жылда

C) 66 жылда

D) 74 жылда

E) 11 жылда

3. Номиналды пайыз мөлшерлемесі R және инфляция қарқыны π берілген. Фишердің дәлдік және жуықтық формуласы бойынша нақты пайыз мөлшерлемесін r табу керек:

а) $R = 5\ \%$, $\pi = 2\%$.

ә) $R = 50\ \%$, $\pi = 20\%$.

б) $R = 500\ \%$, $\pi = 200\%$.

Фишердің дәлдік формуласы: $r = R - \pi / 1 + \pi$;

Фишердің жуықтық формуласы: $r \approx R - \pi$.

4. Егер:

а) номиналды табыс 10%-ға өссе, ал баға деңгейі 7%-ға өссе;

ә) номиналды табыс 30 мың теңгеге тең болса, ал осы жылы бағалар индексі 106%-ға тең болса, онда нақты табыс мөлшері қалай өзгереді?

5. Экономикада Х және У тауарлары өндіріледі. Тұтынушылар өз табыстарының жартысын Х тауарын сатып алуға, ал қалған жартысын У тауарын сатып алуға жұмсайды.

Бір жылдың ішінде Х тауарының бағасы 5%-ға, ал У тауарының бағасы 15%-ға өсті. Тұтыну тауарлары бағаларының индексін есептеңіз (өткен жылғы бағалар индексі 100-ге тең).

6. Дұрыс/дұрыс емес:

- Әлеуетті және нақты ЖҰӨ көлемдері тең болған жағдайда, жиынтық шығындардың өсуі инфляцияға алып келеді, бұл жерде өндірістің әрі қарай мүмкін болмайды.
- Егер бағалар мен жалақы абсолютті түрде қатаң болмаса, онда экономикада рецессияның орын алмауы мүмкін.
- Инфляция – бұл өндірістің жалпы өсуі.
- Күтілетін және күтілмейтін инфляция табыстардың қайта бөлінуіне бірдей әсер етеді.
- Жыл сайынғы бағалардың 5%-дық төмендеуі кезінде тұрақты табыс алатын жанұялардың нақты табысы жылына 5%-ға өседі.
- Жыл сайынғы бағалардың 10%-дық өсуі кезінде, олардың деңгейі әрбір он жылда екі еселеніп отырады.
- Жер, өнер туындылары, акциялар, облигациялар, тұрғын үйлер - инфляция уақытында қаржы активтерінің құнсыздану қаупін төмендету қажеттілігіне мүмкіндік беретін инвестициялаудың дәстүрлі объектілері.
- Инфляция барлық тұрғындардың нақты табыстарының төмендеуіне алып келеді.

7. Кестеде жылдар бойынша бағалар индексі берілген:

Жыл	Бағалар индексі	Инфляция деңгейі (пайызбен)
1	100,00	
2	112,00	
3	123,00	
4	129,00	

а) Әрбір жылға инфляция деңгейін (қарқынын) есептеңіз.

ә) «70 шамасы ережесін» қолдана отырып, бағалар деңгейінің екі еселенуіне қажетті жылдар санын анықтаңыз (ол үшін *а* пунктіндегі әрбір жылға есептелген инфляция деңгейін қолданыңыз).

б) Егер екінші жылы номиналды табыс бірінші жылмен салыстырғанда 15 пайызға өссе, және үшінші жылы екінші жылмен са-

лыстырғанда 7 пайызға өссе, онда нақты табыстың пайыздық өзгерісін анықтаңыз.

в) Егер номиналды табыс екінші және үшінші жылдары 25 мың теңгеге тең болса, онда осы жылдары нақты табыстың абсолютті мөлшері қаншаға тең болады?

г) Егер несиеге деген пайыздың деңгейі екінші жылы 14%-ға тең болса және үшінші жылы 18%-ға тең болса, онда сол жылдары оның нақты деңгейі қаншаға тең болады?

8. Мына анықтамалардың терминдері қалай аталады?

- Бағалардың жалпы деңгейінің төмендеуі.
- Ақшадан «қашу» құбылысын туындататын бағалардың өте жылдам қарқынмен өсуі.
- Өндіріс шығындарының өсуімен байланысты бағалардың өсуі.
- Инфляция бойынша түзетілген ақшалай нысандағы пайыз мөлшерлемесі.
- Бағалардың жалпы деңгейінің өсуі.
- Номиналды табыс сомасында сатып алынатын тауарлар мен қызметтердің саны.
- Бағалар деңгейінің екі еселеуі кезеңінің ұзақтылығын есептейтін принцип.
- Бағалардың өсуінің нақты табысқа жағымсыз әсер етуін табыс алушылардың немесе мемлекет тарапынан алдын ала қабылданатын шаралардың жоқтығынан жоя алмау мүмкіндігі.
- Нақты ЖҰӨ-нің өзгеріссіз көлемі кезіндегі артық сұраныстың пайда болуынан туындайтын бағалардың өсуі.
- Өндірістің құлдырауымен және жұмысыздықтың жоғарғы деңгейімен қатар орын алатын инфляция.

6. Тест сұрақтарына жауап беру керек:

1. Ұсыныс инфляциясы ненің әсерінен пайда болуы мүмкін:

а) энергияға деген бағаның күрт артуынан

ә) экономикалық субъектілердің мінез-құлықтарының өзгеруінен

б) мемлекеттік шығындардың өсуінен

в) шикізатқа деген бағаның күрт төмендеуінен

2. Дезинфляция – бұл:

а) ұлттық валюта бағамының ресми түрде төмендеуі

ә) бағалардың өсу қарқынының төмендеуі

б) айналысқа қажетті ақшалардың, тауарлар мен қызметтердің жетіспеушілігі

в) бағалардың жалпы деңгейінің төмендеуі немесе ақшалардың сатып алу қабілетінің жоғарылауы

3. Оңтайлы (рационалды) күтімдер концепциясы бойынша:

а) индивидтер жүзеге асқан тәжірибелерді нақты бағалайды

ә) индивидтер болашақта болатын ықтимал оқиғаларды болжай алмайды

б) индивидтер өткен оқиғаларды болашақта қайталанады деп күтеді

в) индивидтердің болашақты болжауы өздерінде бар ақпараттың барлығын өңдеу арқылы оңтайлы нәтиже негізінде құрылады

4. Оливер-Танзи әсері – бұл:

а) инфляцияның өсуі жағдайында мемлекеттік бюджетке түсетін салықтық түсімдердің мерзімдерін созу немесе инфляцияның өсуі нәтижесінде салық ауыртпашылықтарын төмендету мәселесі

ә) инфляцияның күтілген қарқынына байланысты атаулы пайыз мөлшерлемесінің өзгеруі

б) пайыз мөлшерлемесінің өсуі нәтижесінде жеке секторларда жоспарлы инвестициялардың төмендеуі

в) инфляцияның күтілген қарқынының өсуі нәтижесінде нақты пайыз мөлшерлемесінің төмендеуі

5. Филлипс қисығы нені көрсетеді:

а) атаулы және нақты жалақы арасындағы кері байланысты

ә) инфляция деңгейі мен жұмыссыздық деңгейі арасындағы кері байланысты

б) инфляция деңгейі мен жұмыссыздық деңгейі арасындағы тікелей байланысты

в) жұмыссыздық деңгейі, инфляция қарқыны және атаулы жалақы арасындағы тікелей байланысты

6. Шығындар инфляциясы қандай жағдайда пайда болуы мүмкін:

а) жұмыспен толық қамтылмаған жағдайдағы сұраныстың өсуі кезінде

ә) жалақының өсуінен

б) энергоресурстарға деген бағаның төмендеуінен

в) жұмыспен толық қамтылған жағдайдағы сұраныстың өсуінен

7. Дефляция – бұл:

а) айналыстағы артық ақша массасын қысқарту немесе бағалардың жалпы деңгейінің төмендеуі

ә) тауарларды шет мемлекеттерге төмен бағамен сату

б) несиелендіруді ұлғайту мақсатында орталық банктің жүргізетін экспансиялық ақша-несие саясатының салдарынан несиенің арзандауы

в) инфляцияның өсу қарқынын тежеу

8. Инфляция қарқынын азайту үшін үкімет:

а) мемлекеттік шығындарды арттыру керек

ә) ақша массасын қысқарту керек

б) ақша массасын арттыру керек

в) а) және ә) жауаптары дұрыс

9. Сеньораж дегеніміз - бұл:

а) елдің шекарасынан өтетін тауарлардан, мүліктер мен құндылықтардан алынатын мемлекеттің ақшалай алымдары

ә) мемлекеттің айналысқа қосымша ақша шығаруы нәтижесінде алатын табысы

б) мемлекеттік бюджет есебінен жергілікті билік органдарына, заңды және физикалық тұлғаларға берілетін ақшалар

в) мемлекеттің және басқа да субъектілердің экономиканың жекелеген салаларына, кәсіпорындарға және олардың иелеріне мақсатты түрде беретін қаржылық жәрдемақыларының түрлері

10. Баға деңгейі мен табысқа қатаң бақылау жасау – бұл:

а) сұраныс инфляциясы

ә) ашық инфляция

б) жабық инфляция

в) шығындар инфляциясы

11. Антиинфляциялық фискалдық саясат нені талап етеді?

а) салық салудың өсуімен мемлекеттік шығындардың азаюын

ә) салық пен мемлекет шығындарының азаюын

б) салық пен мемлекет шығындарының көбеюін

в) салық азаюы мен мемлекет шығындарының өсуін

12. Тұтыну бағаларының индексі 2000 жылы 120%, ал 2002 жылы 150% болды. Осы жылдар аралығындағы инфляция қарқыны қандай:

а) 80 %

ә) 20 %

б) 125 %

в) 25 %

13. Егер атаулы табыс 8%-ға өссе, ал бағалар деңгейі 10%-ға өссе, онда нақты табыс:

а) 2%-ға төмендейді

ә) 18%-ға төмендейді

б) 18%-ға артады

в) 2%-ға артады

14. Мына құбылыстардың қайсысы инфляцияның монетарлық себебіне жатады:

а) халықтың инфляциялық күтулері

ә) әскери-өнеркәсіптік кешеннің дамуына шектен тыс ақшаның бөлінуі

б) ақша айналымы жылдамдығының артуы

в) ЖІӨ көлемінің құлдырауы

15. Егер мемлекет қоршаған ортаны сақтауға қатаң талап қойса, онда:

а) өнім бірлігіне кететін өндіріс шығындары өседі және жиынтық ұсыныс қисығы солға жылжиды, ал бағалар өседі

ә) өнім бірлігіне кететін өндіріс шығындары өседі және жиынтық ұсыныс қисығы оңға жылжиды, ал бағалар өседі

б) өнім бірлігіне кететін өндіріс шығындары өседі және жиынтық сұраныс қисығы солға жылжиды, ал өндіріс көлемі қысқарады

в) өнім бірлігіне кететін өндіріс шығындар төмендейді және жиынтық сұраныс қисығы оңға жылжиды, ал бағалар төмендейді

16. Бейімделушілік күтімдер концепциясы бойынша:

а) индивидтер өткен оқиғаларды болашақта қайталанады деп күтеді

ә) индивидтердің болашақты болжауы өздерінде бар ақпараттың барлығын өңдеу арқылы оңтайлы нәтиже негізінде құрылады

б) индивидтер бұрын жіберген қателіктерін ескере отырып, болашақты күтуде өз шешімдеріне түзетулер енгізеді

в) индивидтер болашақта болатын ықтимал оқиғаларды болжай алмайды

17. Қандай инфляция кезінде тауар тапшылығы орын алады?

а) инфляция

ә) жабық инфляция

б) сұраныс инфляциясы

в) ұсыныс инфляциясы

18. Статикалық күтімдер концепциясы бойынша:

а) экономикалық субъектілер өткен жағдайлар болашақта қайталанады деп күтеді

ә) экономикалық субъектілер жүзеге асқан тәжірибелерді нақты бағалайды

б) экономикалық субъектілер сандық көрсеткіштерді ескереді

в) экономикалық субъектілердің болашақты болжауы өздерінде бар ақпараттың барлығын өңдеу арқылы оңтайлы нәтиже негізінде құрылады

19. Сұраныс артықшылығынан қалыптасқан инфляция нені нәтижесінде дамиды:

а) AS қисығының оңға жылжуының

ә) AD қисығының оңға жылжуының

б) AS қисығының солға жылжуының

в) AD қисығының солға жылжуының

20. Тауар өндіруге қажетті материалдарға бағаның өсуі мынаған әкеледі:

а) AS қисығын солға (жоғары) жылжытады

ә) AD қисығын төмен (солға) жылжытады

б) AD қисығын жоғары (оңға) жылжытады

в) AS қисығын оңға (төмен) жылжытады

21. Инфляциямен күрес кезінде қоғамның қаншалықты зардап шегетінін сандық бағалау үшін қандай көрсеткіш қолданылады?

а) Джини коэффициенті

ә) «кедейшілік индексі»

б) «кедейшілік тұзағы»

в) жоғалту коэффициенті

22. Инфляция қарқынын азайту үшін үкімет:

а) мемлекеттік шығындарды арттыру керек

ә) ақша массасын қысқарту керек

б) ақша массасын арттыру керек

в) а) және ә) жауаптары дұрыс

23. «Стагфляция» құбылысы кезінде:

а) экономикалық жағдай жақсарады

ә) экономикалық жағдай төмендейді

б) стагнация мен инфляция қатар орын алады

в) мемлекет дағдарысқа ұшырайды

24. Айталық, жыл ішінде 1500 доллар көлеміндегі атаулы табыс 10%-ға өсті. Сол кезеңде баға деңгейі 5%-ға артты, онда нақты табыс:

а) 5%-ға кемиді

ә) 10%-ға өседі

б) 5%-ға өседі

в) өзгермейді

25. Сұраныс инфляциясы ненің әсерінен пайда болуы мүмкін:

а) шикізатқа деген бағаның өсуінен

ә) мемлекеттік шығындардың өсуінен

б) Ұлттық банктің заимдары көмегімен мемлекеттік бюджет тапшылығын жою нәтижесінде

в) энергияға деген бағаның күрт артуынан

11-тақырып.
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЦИКЛ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТЕОРИЯЛАРЫ

Мақсаты: макроэкономика курсында бұл тақырыптың аса күрделі де шешімін таппаған тақырып екендігіне көз жеткізе отырып, циклдік толқулардың әртүрлі себептерін талқылау, экономикалық циклдің қазіргі үлгілерін қарастыру, сонымен қатар, қазіргі жағдайға сәйкес циклді мемлекеттік реттеудің тиімді саясатын бағалау және отандық тәжірибеге артықшылық бере отырып, осы тақырыпты мына сұрақтармен қорытындылау.

Дәріс жоспары:

1. Экономикалық цикл: мәні, көрсеткіштері, түрлері, себептері, факторлары.
2. Іскерлік цикл туралы экономикалық теориялар.

Негізгі түсініктер: экономикалық цикл (ауытқымалы кезең); тренд; экономикалық жағдаят (конъюнктура); проциклдік параметрлер; контрциклдік параметрлер; ациклдік параметрлер; циклдің фазалары; Китчиннің циклдері; Жуглярдың циклдері; Кузнец циклдері; Кондратьевтің «ұзын толқындары»; Самуэльсон-Хикс үлгісі (мультипликатор-акселератор теориясы); «Импульс-таралу» үлгісі; саяси бизнес-циклдер теориясы; нақты бизнес-циклдер; саяси сілкіністер; ішкі және сыртқы сілкіністер; мемлекеттік антициклдік саясаты; т.б.

Тақырыптың мазмұны.

Қазіргі экономикалық даму ұзақ мерзімдік динамика ретінде тұрақты түрде өсу үрдісімен көрініп отырады. Алайда қысқа мерзімде сол экономикалық дамудың жағдайлары үнемі көтерілу мен төмендеу толқындарымен сипатталады. Олай болса экономикалық даму бірқалыпты болмайды. Макроэкономикалық динамиканың толқушылық сипаттағы заңдылықтары экономикалық (іскерлік) цикл мәселесі ретінде қарастырылады.

Экономикалық (іскерлік) цикл – бұл макроэкономикалық тұрақсыздықтың белгісі ретінде нақты ЖІӨ-нің экономикалық белсенділік деңгейінің үнемі толқып және ауытқып отыруы. Немесе экономикалық дамудың жоғарылау кезеңдерінің құлдырау кезеңдерімен ауысып отыруын, сондай-ақ экономиканың бір фазадан екінші бір фазаға өту аралығын (құлдырау фазасынан келесі бір құлдырау фазасына дейінгі аралық) айтамыз.

Экономикалық цикл теориясы экономикалық өсу теориясымен қатар макроэкономикалық динамика теориялары ретінде қарастырылып, экономикалық жүйенің қозғалыстарын сипаттайды. Циклдің теориялары экономикалық белсенділіктің белгілі бір уақыт аралығындағы кезеңдік ауытқулары мен толқуларын, тұрақсыздықтың себептерін талдайды, ал экономикалық өсу теориялары экономиканың ұзақ мерзімдік тенденция ретіндегі тұрақты өзгерістерінің факторлары мен шарттарын зерттейді. Оны төмендегі суреттен көруге болады.



11.1-сурет. Экономикалық (іскерлік) цикл

Суреттен көріп отыранымыздай, түзу сызық тренд ретінде сипатталады, яғни **тренд** дегеніміз – бұл ұлғаймалы тенденция формасында көрінетін экономикалық дамудың жалпы тұрақты ұзақ мерзімдік бағыттылығы. Толқын тәріздес қисық дамудың біркелкі еместігін сипаттайды, қоғамның экономикалық даму кезеңінің құлдырау кезеңдерімен жалғасып отыруын көрсетеді. Көтерілу мен құлдыраудың өзара тізбектеліп қайталанып оты-

руы экономикалық дамуға үнемі тұрақсыздықты байқататын циклдік сипат беріп отырады. Сонымен, экономикалық цикл экономикалық белсенділіктің немесе ЖІӨ қарқынының өзара екі бірдей жағдайының (бір құлдыраудан келесі бір құлдырауға дейін) арасындағы уақыт аралығын қарастырады.

Экономикалық жағдаят – бұл экономиканың бірқалыпты, әрі өспелі тепе-теңдіктік дамуын сипаттайтын жиынтық макроэкономикалық көрсеткіштердің өзгеру бағыты мен дәрежесі.

Экономикалық цикл, экономикалық дағдарыстар мен макроэкономикалық тұрақсыздық мәселелеріне алғаш рет аса дәйекті түрде көңіл аудара бастаған Карл Маркс болды. Ол экономикалық циклдің 4 фазасын бөліп көрсетті.

Экономикалық циклдің фазалары:

а) **құлдырау (төмендеу, рецессия)** фазасы экономикалық даму параметрлерінің тез нашарлауымен сипатталады: өндіріс көлемінің тез қысқаруы, табыстардың тез қысқаруы, жұмысбастылықтың қысқаруы, инвестициялардың қысқаруы, бағалардың құлауы, өндіргіш күштердің біртіндеп бұзылуы (өндірістік қуаттардың істен шығуы, жұмыссыздықтың өсуі, жаппай банкроттық, негізгі капиталдың құнсыздануы);

ә) **тоқырау (түп, стагнация)** фазасы құлдыраудың ең төменгі нүктесі ретінде сипатталады: жаппай жұмыссыздық, жалақының ең төменгі деңгейі, пайыз мөлшерлемесінің ең төменгі деңгейі, тауарлық қорлардың қысқаруы, өндірістің тұрып қалуы, бағалар төмендеуінің тоқтатылуы;

б) **жандану (тірілу), немесе қалпына келу** фазасы негізгі капиталдың жаппай жаңартылуы, жұмыссыздықтың қысқаруы, жалақының өсуі, бағалардың өсуі, пайыз мөлшерлемелерінің өсуі, тұтыну заттарына деген сұраныстың артуы сияқты көрсеткіштермен сипатталады;

в) **өрлеу (шың)** фазасы экономикалық өсу қарқынының жоғарылауы, өндіріс көлемінің айтарлықтай ұлғаюы, инвестициялардың артуы, бағалы қағаздар бағамдарының өсуі, пайданың, жалақының, бағалардың, пайыз мөлшерлемелерінің артуы сияқты көрсеткіштермен сипатталады.

Қазіргі заманғы батыстық экономикалық теория экономи-

калық циклдің агрегатталған екі фазасын ғана қолданады: рецессия және көтерілу. Рецессия деп дағдарыс және құлдырау түсіндіріледі. Ал көтерілу – бұл тірілу және шың.

Экономикалық цикл үрдісінде әртүрлі орын алатын экономикалық көрсеткіштер мәндерінің ауытқып отыруына байланысты, осы экономикалық көрсеткіштер былай үшке бөлінеді:

1) **проциклдік көрсеткіштер** – бұл жандану фазаларында ұлғаятын және құлдырау фазаларында қысқаратын экономикалық параметрлер. Оларға жататындар: өндірістің жиынтық көлемі, өндірістік қуаттар, ақша агрегаттары, ақша айналымының жылдамдығы, қысқа мерзімдік пайыз мөлшерлемелері, бағаның жалпы деңгейі, корпорацияның пайдасы және т.б.;

2) **контрциклдік көрсеткіштер** – бұл циклге қарсы жүріп отыратын, жандану фазаларында қысқаратын және құлдырау фазаларында ұлғаятын экономикалық параметрлер. Оларға жататындар: жұмыссыздық деңгейі, банкроттықтар саны, дайын өнім қорларының мөлшері және т.б.;

3) **ациклдік көрсеткіштер** – бұл қарқыны экономикалық циклдің фазаларына байланысты болмайтын экономикалық параметрлер. Яғни, ондай параметрге бірқатар елдердің экспорт және импорт көлемі, ұлттық қорғаныс пен іргелі зерттеулер жүргізу сияқты мемлекеттік шығындардың бір бөлігі жатады.

Алайда, қазіргі орыс экономистері Чепурин мен Киселеваның пікірінше, экономикалық жағдаяттың осындай параметрлерінің сәйкестілігі немесе дұрыстылығы бұзылуы мүмкін. Мысалы, 1973-1975 жылдары болған энергетикалық дағдарысқа байланысты АҚШ-та және бірқатар еуропалық елдерде рецессия кезеңінде бағалар деңгейі төмендемей көтерілген болатын, бірақ біз баға деңгейі параметрінің проциклдік көрсеткішке жататындығын білеміз.

Осы аталған экономикалық параметрлер АҚШ-ң экономикалық зерттеулер Ұлттық бюросының класификациясы бойынша тағы да үш типке бөлінеді:

а) **озғыш немесе алдыңғы қатарлы параметрлер** – бұлар жандану (құлдырау) фазасы орындалғанға дейін өзінің макси-

мум (минимум) нүктесіне алдын ала жетіп қоятын параметрлер. Бұларға мыналар жатады: өнеркәсіптегі жұмыс аптасының ұзақтылығы, үстеме жұмыс сағаттарының орташа саны, қайта құрылатын іскерлік кәсіпорындардың саны, қорлардағы өзгерістер, жаңа құрылыстық келісім-шарттарының саны, қор рыноктарының индекстері, корпорацияның пайдалары, ақша массасының өзгеруі;

ә) **кешігуші немесе қалып келуші параметрлер** – жандану (құлдырау) фазасы орындалғаннан кейін өзінің максимум (минимум) нүктесіне келіп жететін параметрлер. Олар: мерзімі 15 аптадан асқан жұмыссыздар саны, жаңа кәсіпорындар салуға және құрал-жабдықтарға кететін шығындар, жалақыға кететін қомақты шығындар, коммерциялық банктердің пайыз мөлшелемелерінің орташа деңгейі;

б) **сәйкес келуші немесе дұрыс келуші параметрлер** – бұлар экономикалық белсенділіктің өзгеруімен сәйкес және бір уақытта өзгеріп отыратын параметрлер. Бұларға: ЖІӨ (ЖҰӨ), жұмыссыздар саны, өнімдер, жеке табыстар, өндірушілер бағасы, орталық банктің пайыз мөлшерлемелері, жарнамаға кететін шығындар.

Экономикалық циклдің типтері.

Қазіргі заманғы макроэкономика экономикалық циклдің көптеген түрлерін бөліп көрсетеді. Экономикалық циклдің түрлерін ажыратудың объективті негіздері мыналар бола алады:

а) капиталдың жекелеген бөліктерінің жаңарып отыру кезеңділігі;

ә) негізгі капитал элементтерінің үнемі жаңарып отыруын сипаттайтын өзгерістер;

б) демографиялық үрдістермен және ауыл шаруашылығының дамуымен шартталатын өзгерістер.

Экономикалық циклдің негізгі типтері төмендегі кестеде берілген.

Қазіргі уақытта бірқатар экономистер циклдің қаржылық, аграрлық, энергетикалық, шикізаттық, экологиялық, саяси деген түрлерін бөліп көрсетеді.

11.1-кесте. **Экономикалық циклдің типтері**

№	Циклдің типтері	Ұзақты-лығы	Басты ерекшеліктері мен себептері
1	**Дж. Китчин циклдері** (қорлар циклдері)	2-4 жыл	Тауардың өмір сүру циклімен, әлемдік алтын қорларының өзгеруімен байланысты орын алатын қысқа мерзімдік толқулар.
2	**К. Жугляр циклдері** (инвестициялық немесе бизнес циклдер)	7-12 жыл	Банктердің әрекеттерінен туындайтын ақша-несие факторларының өзгеруінен негізгі капиталдың кезеңділікпен жаңаруына байланысты орын алатын орта мерзімдік толқулар
3	**К. Маркс циклдері**	10 жыл	Негізгі капиталдың жаппай жаңаруымен байланысты орын алатын орта мерзімдік ауытқулар
4	**С. Кузнец циклдері** (құрылыс циклдері)	15-25 жыл	Тұрғын үйлер құрылысын және бірқатар өндірістік ғимараттардың түрлерін жаппай жаңартумен байланысты орын алатын ұзақ мерзімдік толқулар
5	**Н. Кондратьев циклдері** («Ұзын толқындар»)	40-60 жыл	Ғылыми-техникалық прогрестің дамуымен, экономикадағы құрылымдық алға жылжулар мен өзгерістерге байланысты орын алатын ұзақ мерзімдік толқындар
6	**Форрестерлік циклдер**	100 жыл	Жаңа энергиялар мен материалдардың пайда болуымен, шикізат көздерін жаңадан ашумен байланысты қоғамның жаңа сатыларға өтуімен сипатталатын өзгерістер
7	**Тоффлерлік циклдер**	Мыңжылдықтар	Өркениеттік дамулардың ұласуы

Экономикалық циклдердің себептері.

Макроэкономикалық әдебиеттерде экономикалық циклдің пайда болу себептері туралы ортақ жалпы мойындалған пікірлер мен теориялар жоқ, сондықтан әртүрлі экономикалық бағыттың өкілдері экономикалық цикл туралы көзқарастарын әртүрлі түсіндіреді.

С. Джевонс пен А. Чижевский циклдің себептерін Күн бетіндегі дақтардың адамдарға әсер етуімен түсіндіреді. В. Парето мен А. Пигу циклдің себептерін адамдардың экономикалық қызметтеріндегі оптимистік және пессимистік қатынастарға байланысты деп айтады. Т. Мальтус пен Ж. Сисмонди циклдің себептерін өндірілетін табысқа қарағанда тұтынылатын табыстың жетіспеушілігімен байланыстырады. М. Туган-Барановский мен А. Шпитгоф оларды өндіріс құрал-жабдықтары өндірісінің тұтыну заттары өндірісінен артып кетуінен деп тұжырымдайды. Э. Хансен мен Р. Хоутри циклдерді банктік несиелерді экспансиялаудан және шектеуден, есептік мөлшерлеменің қозғалысынан орын алатынын алға тартады. Дж. Кейнс циклдерді жинақтардың артып кетуімен және инвестициялардың жетіспеушілігімен байланыстырады. Ал К. Маркс болса циклдің пайда болу себептерін капитализмнің негізгі қайшылықтарынан іздейді.

Экономикалық циклдің факторлары.

Экономикалық циклдің факторларын анықтау үшін үш әдіснамалық бағыт қалыптасады. Біріншісі, сыртқы (экзогендік) факторлармен байланысты туындайтын экономикалық циклдер. Екіншісі, ішкі (эндогендік) факторлармен байланысты туындайтын экономикалық циклдер. Үшіншісі, сыртқы және ішкі факторлардың синтезі ретінде анықталады.

Сыртқы (экзогендік) факторлар – берілген экономикалық жүйенің шеңберінен тыс жатқан факторлар. Оларға жататындар: халықтың өсу қарқыны, халықтың миграциясы, ғылыми ашылымдар мен техникалық жетістіктер, соғыстар, әртүрлі саяси оқиғалар, мұнайға деген бағаның күрт өзгеруі, ірі кен (әсіресе, алтын) орындарының ашылуы, жаңа жерлер мен табиғи ресурстардың игерілуі, Күн бетіндегі дақтар, ауа райы әсерлері мен табиғи апаттар, т.б.

Ішкі (эндогендік) факторлар – берілген экономикалық жүйеге қатысты факторлар. Оларға әдетте тұтыну мен инвестицияны жатқызады. Сондықтанда, бұл бағытта экономикалық циклдің мәселелері сұраныс теориясы, мультипликатор-акселератор механизмі арқылы зерттеледі.

Көптеген экономистердің көзқарастары бойынша сыртқы факторлар экономикалық циклдердің бастапқы импульстеріне дем беріп отырады, ал ішкі факторлар осы импульстерді фазалық толқуларға айналдырып отырады. Сол себепті ішкі факторларды сипаттайтын бағыт аса көкейкесті болып табылады. Экономикалық циклдердің пайда болуында шешуші рөлді тұтынушылық сұраныс пен инвестициялық сұраныс ойнайды. Тұтынушылық сұраныс циклдердің өзгерісіне салыстырмалы баяу әсер етсе, ал инвестициялық сұраныс экономикалық циклдердің басты қозғаушы күші болып табылады.

Экономикалық циклдің қазіргі заманғы теориялық тұжырымдамалары

Экономикалық циклдің қазіргі теориялары әртүрлі үлгілермен түсіндіріледі. Олардың негізгілеріне *іскерлік белсенділік циклі, «импульс-таралу» механизмі, Самуэльсон-Хикс моделі (мультипликатор-акселератор әсері), бизнес-циклдің неоклассикалық теориялары, жетілмеген (асимметриялық) ақпараттар теориясы, саяси сілкіністер теориясы, нақты бизнес-цикл теориялары* және т.б. үлгілер жатады.

Артур Бернс пен Уэсли Митчелл ұсынған үлгіде іскерлік белсенділіктің циклдері ұзақ мерзімдік өспелі трендтің айналасындағы толқулар (уақытша ауытқулар) ретінде сипатталады (11.2-сурет). Олар *ұзақ мерзімдік трендті* шығарылым көлемі мен жұмысбастылықтың салыстырмалы түрде ұзақ мерзімдік тұрақты және бірқалыпты алға басушылық қозғалысын анықтайтын тенденция, яғни ұзақ мерзімдік экономикалық өсуді (табиғи ресурстардың өсуі, жинақтау деңгейі, технологиялық алға жылжулар, т.б.) қамтамасыз ететін факторлар іс-әрекеттерінің нәтижесі деп түсінеді. Циклді анықтайтын факторлар ұзақ мерзімдік трендтің қалыптасуына әсер етпейді немесе олардың ықпалы аса шамалы болады.



11.2-сурет. А. Бернс пен У. Митчеллдің іскерлік цикл моделі

Алайда, Р. Уолкс, Э. Прескотт, Д. Кемпбелл, Г. Мэнкью сияқты бірқатар ғалымдар мынадай идеяны алға тартады, бұл жерде циклдік толқулар уақытша ауытқулардың нәтижесінде емес, тұрақты сілкіністердің әсерінен орын алып отырады. Олардың ойынша, егер кездейсоқ сілкіністің әсерінен сол жылы ұлттық табыс немесе шығарылым көлемі ұлғаятын болса, онда келесі алдағы жылдарда да ұзақ мерзімдік тренд жоғары болады (11.3-сурет), сол себепті шығарылымға ықпал ететін кездейсоқ әсерлердің салдарлары уақыт өткен сайын тұрақты толқуларға айналады.



11.3-сурет. Іскерлік белсенділік циклі

Іскерлік циклдерді зерттеуде екі негізгі көзқарас бар: **детерминистік** және **стохастикалық**. Олар циклдік толқулардың пайда болу себептерін әртүрлі түсіндіреді.

Детерминистік бағыт бойынша, циклдің себептері – болжамбалы факторлар, өйткені іскерлік белсенділіктің толқулары макроэкономикалық динамиканың тұрақты заңдылығына айналады. Макроэкономикалық динамиканың басты көзі ретінде **кешігушіліктер** саналады, олар жүйелік сипат ала отырып, экономикалық субъектілердің өзгерген жағдайларға бірқатар кешігіп барып әсер ететінін сипаттайды.

Ал стохастикалық бағыттың негізінде «импульс-таралу» механизмі қарастырылады. Орыс экономисі Евгений Слуцкий мен норвег экономисі Рагнар Фриш бірінші болып экономикалық циклді «импульс-таралу» теориясы тұрғысынан зерттеген. **«Импульс-таралу» механизмі** – бұл белгілі бір уақыт бірлігіндегі ұлттық табыс пен шығарылым көлеміне әсер ететін кездейсоқ сілкіністердің және серпілістердің қалыптасу үрдістері. Сілкіністер немесе импульстер ұзақтылығы мен амплитудасы әртүрлі болып табылатын циклдерді туындатады. **Сілкіністердің үш түрі** бөліп көрсетіледі:

а) ұсыныс сілкіністері;

ә) сұраныс сілкіністері;

б) саяси сілкіністер.

Ұсыныс сілкіністері – бұл шикізатқа деген әлемдік бағалардың ауытқулары, табиғи апаттар, маңызды ғылыми жасампаздықтар мен ашылымдар.

Сұраныс сілкіністері – бұл тұтынушылар мен фирмалардың мінез-құлықтары мен экономикалық күтімдерінің өзгерістерінен туындайтын тұтынушылық және инвестициялық шығындардың өзгеруі.

Саяси сілкіністер – макроэкономикалық саясаттың іс-шараларын (ақша ұсынысындағы өзгерістер, фискалдық және валюталық саясаттардағы өзгерістер) жүзеге асыру нәтижесінде ұлттық табыс пен шығарылым көлемінің өзгеруі.

Самуэльсон-Хикстің экономикалық цикл үлгісі.

Самуэльсон-Хикс үлгісі – бұл тек игіліктер нарығында ғана үй шаруа-шылықтары мен фирмалар сияқты экономикалық

субъектілердің іс-әрекеттерін қарастыратын қарапайым кейнстік динамикалық үлгі, мұнда барлық өзгермелі көрсеткіштер уақыт бірлігімен сипатталады, экономикалық субъектілердің тәртіптері статикалық күтімдер бойынша қалыптасады, бағалар деңгейі мен пайыз мөлшерлемесі тұрақты деп болжанады. Модельде жиынтық сұраныстың толқу механизмі акселерация принципі мен мультипликатор әсері арқылы түсіндіріледі. Сондықтан аталған үлгі басқаша **«мультипликатор-акселератор әсері»** деп аталады.

Ағымдық тұтыну көлемі өткен кезеңдердегі табыспен анықталады:

$$\mathbf{C_t = C_0 + C_y Y_{t-1},}$$

мұндағы, C_0 – автономды тұтыну; C_y – тұтынуға деген шекті бейімділік; Y_{t-1}- өткен кезеңдердегі табыс деңгейі.

Акселерация принципі бойынша фирмалардың инвестиция көлемі соңғы өнімге деген сұраныстың өсіміне тәуелді болып келеді:

$$\mathbf{I_{туынды} = \alpha(Y_{t-1} - Y_{t-2}),}$$

мұндағы, Y - соңғы өнімге деген сұраныс; α - акселератор; t-1, t-2 – уақыт мерзімдері.

Жиынтық сұраныс пен жиынтық ұсыныстың тепе-теңдігі шартын ескере отырып, мына формуланы жазамыз:

$$\mathbf{Y_t = C_t + I_t,}$$

мұндағы, C_t – үй шаруашылықтарының сұраныстары; I_t – фирмалардың автономды (I^a_t) және туынды ($I^т_t$) инвестициялық сұраныстары.

C_t және I_t мәндерін теңдікке қойып мынаны аламыз:

$$\mathbf{Y_t = C_0 + C_y Y_{t-1} + I_т + I_a.}$$

Теңдікті басқаша түрлендіруге болды:

$$\mathbf{Y_t = C_y Y_{t-1} + \alpha(Y_{t-1} - Y_{t-2}) + A_t,}$$

мұндағы, A_t – үй шаруашылықтары мен фирмалардың автономды шығындары.

Берілген экономикалық жүйенің даму барысы мен тәртібі C_y мен α-ға байланысты болады. Хикстің айтуынша, берілген

көрсеткіштердің шамалары толқуларды туындатады және олар белгілі бір шектеулермен өзгеріп отырады. Жоғарғы шектеуі болып толық жұмысбастылық табылады, ал төменгі шегі – бұл амортизациялық аударымдар көлемі.

Хикстің концепциясы екі негізгі элементке сүйенеді:

а) жоғары шектеудің және төменгі шектеудің болуы, олар ұлттық табыстың шексіз артуына және төмендеуіне мүмкіндік бермейді;

ә) табыстың қозғалысы жоғарғы немесе төменгі шегіне жеткеннен кейін үнемі кері бағытта жүріп отырады.

Бизнес-циклдің неоклассикалық теориялары.

Неоклассиктердің бизнес-цикл туралы үлгілері өткен ғасырдың 70-жылдарынан бастап орын ала бастады. Олар өздерінің теориялық көзқарастарында жетілген бәсекелі нарықтық механизм және бағалар мен жалақының икемділігі туралы қағидаларына сүйенеді. Мұндай жағдайлардағы экономиканың әрекет етуіне әсер ететін циклдік толқуларды жиынтық ұсыныстың күрт өзгеруіне алып келетін сілкіністермен байланыстырады.

Бизнес-циклдің неоклассикалық теориясында мынадай бағыттар қарастырылады:

а) жетілмеген (асимметриялық) ақпараттар теориясы;

ә) саяси циклдер теориясы;

б) нақты бизнес-цикл теориясы.

Жетілмеген (асимметриялық) ақпараттар теориясы.

Жиынтық сұраныстың өзгеру импульсі ретінде үкіметтің жүргізетін ақшалық экспансиясы қолданылады. Номиналды жиынтық сұраныстың, бағалар деңгейі мен номианалды жалақының өсуі осы саясаттың нәтижесі болады.

Өндірушілер қалыптасқан экономикалық жағдайда ақпараттың жетілмегендігінен өз өніміне бағаның өскендігін немесе бағаның жалпы деңгейінің көтерілгендігін жеткілікті түрде анықтай алмайды. Ақпараттың жетілмегендігінен өндірушілер өз өніміне ғана баға өсті деп қате жіберулері мүмкін, алайда нақтысында бағалардың жалпы деңгейі өседі. Мұның шындық екенін түсіндіру үшін Р. Лукас жекелеген тауар нарықтарын аралмен салыстырады, әр аралдың тұрғындары өздеріндегі болып жатқан оқиғаларды ғана толық біле алады. Нарықтың

қатысушылары аралдың тұрғындары сияқты басқа нарықтардағы-аралдардағы орын алып жатқан жағдайлардан хабарсыз болады. Нәтижесінде болып жатқан оқиғаларды кешігіп барып біле бастайды.

Саяси циклдер теориясы.

Бірқатар экономистердің зерттеулерінде, экономикалық жағдаяттың толқулары мемлекеттің жүргізетін экономикалық саясатымен, ең алдымен, ақша-несие саясатының жүргізілуі нәтижесінен туындайтын саяси сілкіністерге байланысты туындайды деп айтылады. Осы теорияны монетаризмнің басты өкілі Милтон Фридмен өз еңбектерінде іске асырды. Ол АҚШ экономикасының циклдік кезеңдеріне зерттеу жүргізіп мынадай қорытындыға келген: АҚШ экономикасы ауытқуларының көпшілігіне айналымдағы ақша санының жиі өзгерістері сәйкес келеді. Федералды резерв жүйесі (ФРЖ) ақша саясатын қате жүргізіп, ел экономикасын Ұлы депрессияға ұшыратты, яғни ақша базасын күрт қысқартуға жол беріп, рецессия кезеңдерінде ел экономикасында жағымсыз жағдайларды күшейтті. Монетарист-ғалымдардың ойынша, айналымдағы ақша массасының өсу қарқыны ауытқымалы кезең (цикл) бойынша өзгеріп, бизнес-циклдің серпінін басқарып отыруы тиіс.

Біз білетініміздей, М. Фридмен осыған сәйкес, өзінің «ақша ережесі» теориясын алға тартады: ФРЖ іскерлік циклді жұмсарту мақсатында ЖІӨ-нің атаулы шамасына байланысты айналымдағы ақша масасын тұрақты түрде өсіріп отыруды қолдап саналы саясатты жүргізуге міндетті.

М. Фридменнің «ақша ережесі» теңдеуі ақша массасы өсімінің шамасын анықтайды:

$$\Delta M = \Delta P + \Delta Y$$

мұнда, ΔM – ақша өсімінің орташа жылдық қарқыны, ұзақ мерзімге пайызбен; ΔP – күтілетін инфляция деңгейінің орташа жылдық қарқыны, ұзақ мерзімге пайызбен; ΔY – ЖІӨ-нің орташа жылдық өсімі, ұзақ мерзімге пайызбен.

Ақша ережесі ақша массасының тұрақты және сенімді түрде өсуін жылына 3-5% аралығында болуы қажет деп болжайды.

Бұдан басқа, ақша саясатының өзі елдегі саяси бағыттың ауысуы нәтижесінде де өзгеруі мүмкін. Сонымен қатар, экономиканың жағдайын жақсартуға бағытталған іс-шараларға ел ішінде жүгізіліп жатқан сайлау додалары әсер етуі мүмкін.

Нақты бизнес-цикл теориясы.

Бұл теорияның негізгі өкілдері Эдвард Прескотт, Джон Донг, Чарльз Плоссер деген ғалымдар экономикалық іскерлік белсенділіктің толқуларын ұсыныс тарапынан болатын сілкіністермен түсіндіреді. Келесі алғышарттар бұл теорияның іргетасы:

- қысқа мерзімде жалақы мен бағалар икемді;
- қысқа мерзімді кезең классикалық дихотомия қағидасына сүйенеді, яғни нақты көрсеткіштердің (нақты ЖІӨ, жұмысбастылық деңгейі) өзгерісі атаулы шамалардың (ақша ұсынысы, бағалар деңгейі) өзгерісіне тәуелді емес, олар экономикада болып жатқан құрылымдық өзгерістермен түсіндіріледі.
- икемді бағалар арқылы IS-LM үлгісін қолдану.

Нақты бизнес-цикл теориясын жақтаушылар кейнстік IS-LM үлгісін пайдалана отырып, мынадай қорытындыға келеді: толық жұмысбастылыққа сәйкес өндіріс көлемін әлеуетті деңгейінде ұстап тұру тек тиімді сұраныс пен әлеуетті ЖІӨ-нің теңдігі жағдайында ғана қол жеткізілуі мүмкін. Демек, бұл теңдікті икемді бағалар ғана қамтамасыз ете алады.

Егер ақша нарығында өзгерістер орын алса, онда бағалар игіліктер нарығы мен ақша нарығындағы теңдікті сақтап тұра алатындай жағдайда өзгеруі тиіс, соған байланысты экономикалық динамиканың тұрақтылығы орындалып, нақты параметрлер өзгеріссіз қалады.

Макроэкономикалық тұрақсыздық жағдайларында экономикалық циклді реттеу үшін мемлекеттің экономикаға араласуының әдістері алуан түрлі болып табылады және олар әр кезеңде шыңдалып жетілдіріле түседі. Экономиканың циклдік дамуын тұрақтандыру жөніндегі мемлекеттің саясатын төмендегі кестеден көруге болады (11.2-кесте). Бұл жерде мемлекеттің макроэ-

кономикалық саясат құралдары циклдік толқуларды жұмсарту мақсатында экономиканың тұрақтандыру саясатына айналады.

Экономиканы тұрақтандыру саясаты – бұл инфляция мен жұмыссыздық деңгейлерінің циклдік толқуларын қысқартуға және экономикалық өсу үшін қолайлы экономикалық жағдаятты жасауға бағытталған, сонымен қатар, өндіріс көлемі мен жұмысбастылықты қалыпты деңгейінде ұстап тұруға негізделген мемлекеттің экономикалық саясатының кешенді іс-шаралары.

11.2-кесте. **Мемлекеттің экономиканы тұрақтандыру саясаты**

Экономиканы тұрақтандыру саясатының құралдары	Дағдарыс кезеңдерінде	Өрлеу кезеңдерінде
Бюджет-салық саясаты	Бюджет шығындарын арттыру, салық ставкаларын төмендету	Бюджет шығындарын қысқарту, салық ставкаларын жоғарылату
Ақша-несие саясаты	Есептік ставканы төмендету, ашық нарықта мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алу, міндетті резервтер нормасын төмендету	Есептік ставканы көтеру, ашық нарықта мемлекеттік бағалы қағаздарды сату, міндетті резервтер нормасын көтеру
Табыстар саясаты	Жалақыны арттыру	Жалақыны қысқарту
Инвестициялық саясат	Инвестициялық жобалардың іске асуын тездету, мемлекеттік қолдау көрсету	Мемлекеттік қолдауды және инвестиция салуды тежеу
Мақсаты:	Экономикалық белсенділікті ынталандыру	Экономикалық белсенділікті тежеу

Әдетте, теориялық тұрғыдан кейнстік бағыт экономикалық белсенділікті, ең алдымен, жиынтық сұранысты басқару арқылы реттеу керек деп санайды. Дағдарыс пен тоқырау кезеңдерінде мемлекеттің экономикалық саясаты жиынтық сұранысты ынталандыруға бағытталады. 11.4 а-суретінде бұл құбылыс AD қисығының AD_1 жағдайына жоғарыға жылжуымен түсіндіріледі және экономика толық жұмысбастылық жағдайына (Y*)

жақындайды. Керісінше, жандану, әсіресе, өрлеу кезеңдерінде экономиканың әріқарай инфляциялық жағынан қызып кетуінен сақтану үшін мемлекеттің экономикалық саясаты тежеледі. 11.4 ә-суретінде мұндай жағдай AD қисығының AD_1 жағдайына төменге жылжуымен түсіндіріледі және экономика әлеуетті шығарылым деңгейіне (Y*) қайтып келеді. Кейнстік теорияның экономикалық циклге байланысты жиынтық сұранысты реттеу саясаты Кейнс кресі үлгісімен түсіндіріледі.



а) құлдырау ә) өрлеу

11.4-сурет. Мемлекеттің жиынтық сұранысқа әсер етуі

Қазақстан Республикасының экономиканы тұрақтандыру (дағдарысқа қарсы) саясаты

2007 жылдың тамыз айынан орын алған әлемдік қаржылық экономикалық дағдарыс қазіргі жаһандану үдерістерінің тереңдеуі қарсаңында көптеген мемлекеттерді әуре-сарсаңға салғаны белгілі. Осы дағдарыс әлем елдерін оның себептерін жою бойынша тиімді жолдар мен әдістерді іздеуге мәжбүр етті. Жаңа құбылыстар жағдайында осының бәрі тұрақтылық пен бәсекеге қабілеттілікті көтеру мақсатында ұлттық экономикалардың жандану стратегияларын қайта түзетуге және өз кезегінде, экономикалық саясатты жетілдіре түсуге итермеледі. Әлем елдерінің дағдарысты еңсеру бойынша қабылдаған аса маңызды іс-шараларын төмендегідей топтастыруға болады:

– ұлттандыру жолымен немесе мемлекет тарапынан қаржылық көмек ұсыну арқылы ірі жүйе құраушы коммерциялық банктерді құтқару;

– арнайы дағдарысқа қарсы бағдарламаны әзірлеу және оны жүзеге асыру үшін қаржылық қор құру;
– қаржы жүйесін реттеуде мемлекеттің рөлін күшейту бойынша шаралар;
– ел үшін әлеуметтік-экономикалық маңызы бар нақты сектордағы ірі компанияларды тікелей қаржылық қолдау;
– бизнестің салық ауыртпашылықтарын төмендету;
– жұмыссыздықпен күрес және табысы төмен отбасыларды әлеуметтік қолдау бойынша шаралар.

Жалпы алғанда, 2010 жылға дейін созылған әлемдік қаржылық-экономикалық дағдарысты еңсеру және қаржылық тұрақтылықты қолдау үшін әлемде жалпы ішкі өнім көлемінің шамамен 10-15%-ы немесе 10 трлн. доллардан астам қаржы жұмсалды. Ал Қазақстанда дағдарысқа қарсы іс-шаралардың жалпы сомасы 14 млрд. доллардан асып кетті.

Әлемдік қаржылық-экономикалық дағдарыстың басында Қазақстанның коммерциялық банктері сыртқы көздерден 45 млрд. доллар көлемінде қаражатты қарызға алып үлгерген еді, сондықтанда дағдарыс басталғаннан кейін Қазақстанның банктік секторында жағдай күрт төмендеді: сыртқы көздерден арзан несие алу тиылды, қарыз құралдарының бағасы өсті, бұрынғы қарыздарды жабуда және экономиканың нақты секторын несиелеуде қиыншылықтар туындады. Банктердің банкроттыққа ұшырау қаупі күшейді.

Осындай жағдайдарда мемлекетіміз қалыптасқан жағдаятты дер кезінде нақты бағалап, ел экономикасын дағдарыстан шығарудың дұрыс шешімдерін қабылдай білді. Қазақстан ТМД елдерінің арасынан бірінші болып ҚР-сы Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастамасымен ҚР-сы Үкіметі, ҚР-сы Ұлттық Банкі және Қаржылық қадағалау Агенттігі бірігіп, **«Батыл бес қадам»** деп аталатын 2009-2010 жылдарға арналған экономиканы және қаржылық жүйені тұрақтандыру бойынша бірлескен іс-қимыл Жоспарын әзірледі.

Осы құжатқа сәйкес, ең алдымен, жүйе құраушы банктерге қолдау көрсетіліп, 4 млрд. доллар қаржы бөлінді, бұл олардың өтімділігін көтеруге және нақты жобаларды қаржыландыруға мүмкіндік берді. Банктік секторды қолдаудан басқа, ауыл

шаруашылығына 1 млрд. доллар, шағын және орта бизнесті қолдауға 1 млрд. доллар, серпінді индустриялық-инновациялық жобаларды іске асыруға 1 млрд. доллар және жылжымайтын мүлік нарығындағы тұрғын үй мәселелерін шешуге 3 млрд. доллар бөлінді.

Тұтастай, мемлекеттің антикризистік саясатын іске асыруға бағытталған көлемді қаржы 2,2 трлн. теңгені немесе елдің жалпы ішкі өнімінің 14%-дан астамын құрады. Сөйтіп, осы бірлескен іс-қимыл Жоспарын жүзеге асырудың нәтижесінде 2009 жылы нақты жалпы ішкі өнімнің өсуі қалпына келе бастады. 2010 жылы антикризистік бағдарламаларды орындау ары қарай жалғасып, Үкіметтің күшімен БТА банктің және Альянс банктің қарыздарын қайта құрылымдау жүргізілді және сол арқылы экономикалық құлдырауды жұмсарту және экономиканы посткризистік даму жолына салу міндеттері алға қойылды. Сондай-ақ, «Бизнестің жол картасы» бағдарламасына сәйкес, жаңа жұмыс орындары ашылды, жұмыссыздық қысқарды, қосымша өндіріс қуаттары іске қосылды, басымдықты жобалар белсенді қаржыландырылды, шағын және орта бизнестің жұмысы жандана түсті және олардың құрылымы өзгерді. 2010 жылдың қаңтарынан қабылданған экономиканың үдемелі индустриялық-инновациялық дамуының Мемлекеттік бағдарламасы сәтті орындалып келеді және осының аясында жаңадан ішкі және сыртқы нарықтар игерілу үстінде, атап айтсақ, мұнай мен газ, металл, бидай өнімдерін экспорттаудың қытайлық бағыттылығы, ислам елдерінен, Оңтүстік Кореядан, Қытайдан және басқа да елдерден тікелей инвестициялар тарту.

Қазіргі жүргізіліп отырған іс-шаралар өз жемісін беруде: нақты ЖІӨ 7%-ға өсті, жұмыссыздық деңгейі 5,5%-ға қысқарды, инфляция қарқыны 7,8%-ды құрады, нақты жалақы 7,5%-ға өсті, банктердегі депозиттердің жалпы сомасы 13,7%-ға өсіп 6,8 трлн. теңгені құрады, банктердің жиынтық активтері де 4,2%-ға өсіп 12,0 трлн. теңгені құрады, валюталық активтерді қоса есептегенде Ұлттық қордағы қаражаттың көлемі 59 млрд. долларға тең болды, Ұлттық Банктің алтын валюталық активтері 22,5%-ға ұлғайып 28,3 млрд. доллар болды.

Қазіргі уақытта, Қазақстанның антикризистік және посткризистік жетістіктері халықаралық аренада мойындалып отыр.

Қорытынды

1. Экономикалық (іскерлік) цикл – макроэкономикалық тұрақсыздықтың белгісі ретінде нақты ЖІӨ-нің экономикалық белсенділік деңгейінің үнемі толқып және ауытқып отыруы. Немесе экономикалық дамудың жоғарылау кезеңдерінің құлдырау кезеңдерімен ауысып отыруын, сондай-ақ, экономиканың бір фазадан екінші бір фазаға өту аралығын (құлдырау фазасынан келесі бір құлдырау фазасына дейінгі аралық) айтамыз.

2. Экономикалық циклдің фазалары: а) құлдырау (төмендеу, рецессия) фазасы экономикалық даму параметрлерінің тез нашарлауымен сипатталады; ә) тоқырау (түп, стагнация) фазасы құлдыраудың ең төменгі нүктесі ретінде сипатталады; б) жандану (тірілу) немесе қалпына келу фазасы негізгі капиталдың жаппай жаңартылуы, жұмыссыздықтың қысқаруы, жалақының өсуі, бағалардың өсуі, пайыз мөлшерлемелерінің өсуі, тұтыну заттарына деген сұраныстың артуы сияқты көрсеткіштермен сипатталады; в) өрлеу (шың) фазасы экономикалық өсу қарқынының жоғарылауы, өндіріс көлемінің айтарлықтай ұлғаюы, инвестициялардың артуы, бағалы қағаздар бағамдарының өсуі, пайданың, жалақының, бағалардың, пайыз мөлшерлемелерінің артуы сияқты көрсеткіштермен сипатталады.

3. Экономикалық цикл үрдісінде әртүрлі орын алатын экономикалық көрсеткіштер мәндерінің ауытқып отыруына байланысты, осы экономикалық көрсеткіштер былай үшке бөлінеді: 1) проциклдік көрсеткіштер; 2) контрциклдік көрсеткіштер; 3) ациклдік көрсеткіштер.

4. Экономикалық циклдің факторларын анықтау үшін үш әдіснамалық бағыт қалыптасады. Біріншісі, сыртқы (экзогендік) факторлармен байланысты туындайтын экономикалық циклдер. Екіншісі, ішкі (эндогендік) факторлармен байланысты туындайтын экономикалық циклдер. Үшіншісі, сыртқы және ішкі факторлардың синтезі ретінде анықталады.

5. Экономиканы тұрақтандыру саясаты – инфляция мен жұмыссыздық деңгейлерінің циклдік толқуларын қысқартуға және экономикалық өсу үшін қолайлы экономикалық жағдаятты жасауға бағытталған, сонымен қатар, өндіріс көлемі мен жұмысбастылықты қалыпты деңгейінде ұстап тұруға негізделген мемлекеттің экономикалық саясатының кешенді іс-шаралары.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары

1. Экономикалық цикл қандай фазалардан өтеді?

2. Әлеуетті ЖІӨ көлемімен салыстырғанда нақты ЖІӨ көлемінің ауытқулары қандай көрсеткіштермен сипатталады?

3. Циклдік толқулардың себептері қандай?

4. Экономикалық циклдің типтері қандай?

5. Экономикалық дағдыстардың қандай түрлері орын алады?

6. Экономикалық циклдің қазіргі заманғы үлгілері қандай?

7. Мультипликатор-акселератор әсері қалай іске қосылады?

8. Мемлекеттің экономиканы тұрақтандыру бағдарламаларының мәні неде?

9. Мемлекеттің циклдерге қарсы саясатының негізгі бағыттары қандай?

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

Негізгі:

1. *Мамыров Н. Қ., Тілеужанова М. Ә.* Макроэкономика: Оқулық. - Алматы: Экономика, 2003. Тарау 3.

2. Макроэкономика: учебник / Под общ. ред. *А. А. Абишева, К. А. Хубиева.* – Алматы: «Экономика», 2007. Раздел 4, глава 10.

3. *Вечканов Г. С., Вечканова Г. Р.* Макроэкономика. 2 - е изд. - Спб.: Питер, 2008. Глава 9.

4. *Агапова Т. А., Серегина С. Ф.* Макроэкономика: учебник / Под общ. ред. д.э.н., проф. *А. Ф. Сидоровича*; МГУ им. М. В. Ломоносова. – 8-е изд., перераб. и доп. – М.: Издательство «Дело и Сервис», 2007. Глава 3.

5. Курс экономической теории: учебник – 5-е исправленное, дополненное и переработанное издание/ Под общ. ред. *Чепурина М.Н. и Киселевой Е. А*. – Киров: «АСА», 2006. (Раздел 3: Макроэкономика; Раздел 4: Международные аспекты экономической теории). Глава 19.

6. *Селищев А. С.* Макроэкономика. 3 - е изд. - Спб.: Питер, 2005. Главы 16.

7. *Ивашковский С. Н.* Макроэкономика: Учебник. 2 – изд., испр., доп. – М.: Дело, 2002. Глава 3.

8. *Агапова Т. А., Серегина С. Ф.* Макроэкономика. Тесты: Уч. пос., 2-е изд. – М.:ДиС, 2005. Тема 2.

Қосымша:

1. *Доғалов А. Н., Досмағанбетов Н. С.* «Макроэкономика» пәнінен курстық жұмысты орындау бойынша әдістемелік нұсқау (экономикалық мамандықтар үшін) – Астана: Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2011. – 20б.

2. *Мэнкью Н. Г.* Принципы макроэкономики. Учебник для вузов / Пер. с англ. – 2-е изд. – Спб.: Питер, 2006. – 576 с.

3. *Сейткасимов Г. С.* Макроэкономические проблемы современной экономики Казахстана: Монография. – Астана: Изд. КазУЭФМТ, 2010. – 350 с.

4. *Курганбаева Г. А.* Экономика Казахстана в XXI веке: монография. – Алматы: Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте РК, 2009. – 144 с.

5. *Тоқсанбай С. Р.* Үлкен экономикалық орысша-қазақша сөздік/ Большой экономический русско-казахский словарь. – Алматы, 2010. 1010 б.

6. *Тарасевич Л. С., Гальперин В. М., Гребенников П.И., Леусский А.И.* Макроэкономика: Учебник / под ред. Тарасевича Л.С. 5-е изд.- М.: ЮРАИТ, 2004. – 656с.

7. *Вечканов Г. С., Вечканова Г. Р.* Макроэкономика. Учебное пособие. 6-е изд.- Спб.: Питер, 2005. - 256с.

8. *Абакумова О. Г.* Макроэкономика. Конспект лекций: Пособие для подготовки к экзаменам. – М.: ПРИОР – Издат, 2005. – 224 с.

9. *Базылев Н. И.* и др. Макроэкономика. Учебное пособие. – М.: ИНФРА – М, 2003. – 190 с.

10. Введение в макроэкономику: Учебное пособие./ Под ред. *М. Е. Дорошенко* - М.: ЮНИТИ, 2000. – 175 с.

11. *Шишов А. Л.* Макроэкономика. – М.: Ассоциация авторов и издателей «Тандем», Издательство ЭКМОС, 1997 г. – 320 с.

12. *Бункина М. К., Семенов В. А.* Макроэкономика (Осн. эк. политики): Учебник. – Изд-во «ДИС», 1997.-320 с.

13. *Кейнс Д. М.* Общая теория занятости, процента и денег.

14. ҚР Үкіметінің, ҚР Ұлттық Банкінің және ҚР Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігінің Экономикаы және қаржы жүйесін тұрақтандыру жөніндегі 2009 - 2010 жылдарға арналған БІРЛЕСКЕН ІС-ҚИМЫЛ ЖОСПАРЫ // Егемен Қазақстан – 2008, 26 қараша. – 2 б.

15. ҚР-ның Президенті *Н. Ә. Назарбаевтың* халыққа Жолдауы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты», 2012 ж. 28 қаңтар.

16. ҚР-ның Президенті *Н. Ә. Назарбаевтың* халыққа Жолдауы «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз», 2011 ж. 28 қаңтар.

17. ҚР-ның Президенті *Н. Ә. Назарбаевтың* халыққа Жолдауы «Жаңа онжылдық – Жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» 2010 ж. 30 қаңтар.

18. ҚР-ның Президенті *Н. Ә. Назарбаевтың* халыққа Жолдауы «Дағдарыстан жаңару мен дамуға». 2009 ж. 7 наурыз.

19. ҚР Статистика Агенттігінің мәліметтері. www.stat.kz

Практика сабағының жоспары:

Практика сабағын «дөңгелек үстел» түрінде өткізу жоспарланған, тақырыптың негізгі теориялық сұрақтарын пікірталас, ауызша жауап беру, дискуссия, сұрақ-жауап, т.б. ұйымдастыру әдістері арқылы жүргізілуі тиіс.

Мақсаты: бұл тақырыпты макроэкономикалық тұрақсыздықтың бір себебі ретінде есепке ала отырып, экономиканың циклділігінің және оның циклдік дамуының мәнін ашу, циклге байланысты барлық теориялық мәселелерді ортаға салып талқылау, ең бастысы отандық экономиканың циклдік дамуының заңдылықтарының себебіне тоқталып өту. Осы мақсатқа жету үшін практика сабағында тақырып бойынша мынадай сұрақтардың мәнін ашу керек:

1. Экономикалық цикл: мәні, түрлері, көрсеткіштері, фазалары, себептері, факторлары.
2. Экономикалық циклдің ұзақтылығы: қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді циклдер (Н. Кондратьевтің «ұзын толқындары»).
3. Қазақстандағы антициклдік саясат.

СОӨЖ және СӨЖ тапсырмалары:

Мақсаты: экономикалық цикл мен тұрақсыздықтың негізгі сұрақтарын ұсынылатын әдебиет көздерін игеру арқылы терең меңгеру, сонымен қатар, төмендегі және басқа да тапсырмалармен машықтана отырып, тақырыпты бекіту.

1. Тақырып бойынша экономикалық сөздік (глоссарий) жасау.

2. Тақырып бойынша логикалық схемалар құрастыру.

3. Реферат, эссе, баяндама тақырыптары:

- Экономикалық циклдің қазіргі заманғы теориялары мен үлгілері;
- Әлемдегі қазіргі экономикалық дағдарыстар, олардан шығудың жолдары және Қазақстандық тәжірибе;
- Дүниежүзілік экономикалық дағдарыстардың тарихына шолу, «Ұлы депрессия».
- Қазіргі әлемдегі дағдарыстарды реттеудегі Кейнсшілдік теорияның жаңа мүмкіндіктері.

4. Өзіндік жазба жұмыстар (конспект):

- Циклдік толқулардың таралу механизмі: мультипликатор-акселератор әсері;

- Мемлекеттің антициклдік макроэкономикалық саясаты. Монетаристік бағыт.

5. Жаттығулар, есептер, т.б. тапсырмалар:

1. Экономистердің болжауынша, келесі жылы ел ішіндегі экономикалық жағдай мына мәліметтермен сипатталды:

$$C = 10 + 0,7Y$$

$$I = 50 \text{ млрд. тг.}$$

$$G = 100 \text{ млрд. тг.}$$

Осыған сәйкес, келесі жылы ЖҰӨ-нің болжанбалы деңгейінің қанша көлемде болатындығын есептеңіз.

2. Белгілі бір елде тұтыну шығындары мен инвестициялар көлемі мына теңдіктермен беріледі:

$$C = 8 + 0,6Y$$

$$I = 0,1Y$$

Экономистердің бағалауынша, келесі жылы мемлекеттік шығындар көлемі 50 млрд. теңгені, ал таза экспорт 5 млрд. теңгені құрайды. Онда келесі жылы ЖҰӨ-нің болжанбалы деңгейінің қанша көлемде болатындығын есептеңіз.

6. Тест сұрақтарына жауап беру керек:

1. Кузнец циклінің ұзақтылығы:

а) 5 жыл

ә) 15 жыл

б) 20 жыл

в) 1 жылға дейін.

2. Стагнация – бұл:

а) уақыттың ұзақтылығына байланысты өндірістің тұрақтап қалуынан орын алатын жағдай

ә) жұмыссыздық пен бағалар деңгейінің бір уақытта жоғарылауы

б) экономикадағы ұзақ мерзімді толқулар

в) экономиканың көтерілу фазасында монетарлық саясаттың шаралары арқылы бағаларды қалпына келтіру

3. Н. Д. Кондратьевтің «ұзын толқындары» теориясын кім дамытты:

а) С. Кузнец

ә) Дж. М. Кейнс

б) Й. Шумпетер

в) В. Леонтьев

4. Экономикалық циклде неше фаза бар:

а) 5 фаза

ә) 6 фаза

б) 3 фаза

в) 4 фаза

5. Экономикада құлдырау орын алса, онда фискалдық саясаттың қандай шаралары қолданылады?

а) салықтарды төмендету, шығындарды өсіру және мемлекеттің бюджет тапшылығын арттыру

ә) бюджетті баланстау үшін салықтарды арттыру және мемлекеттік шығындарды азайту

б) қорғанысқа кететін шығындарды азайту және әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыру

в) үкіметтің өспелі шығындарын қолдау

6. Іскерлік экономикалық циклдің фазаларына не жатпайды?

а) тоқтап қалу

ә) өрлеу

б) жандану

в) құлдырау

7. Экономикалық циклдің төрт фазасы – бұл:

а) өндіріс, еңбек бөлінісі, мамандандыру, сауда

ә) сұраныс, ұсыныс, сұраныс пен ұсыныстың өзара әсерлесуі, нарықтық тепе-теңдік

б) жандану, өрлеу, құлдырау, дағдарыс

в) өндіру, бөлу, айырбастау, тұтыну

8. Мына тұжырымдардың қайсысы дұрыс берілген:

а) кезеңділік тек нарықтық экономикаға ғана тән

ә) кейнсиандықтардың айтуы бойынша циклдік толқулардың себептері ақша айналысының бұзылуына байланысты байқалады

б) экономикалық циклдердің ұзақтылығы бірнеше айдан 100 жылға дейін созылуы мүмкін

в) қантқа деген бағаның өсуі инфляцияны білдіреді

9. Қай көрсеткіштің сандық мәні өрлеу фазасында азайып, құлдырау фазасында өседі?

а) құнды қағаздар бағамы

ә) ЖҰӨ көлемі

б) жұмыс аптасының орташа ұзақтығы

в) өндеуші өнеркәсіптегі тауар қорларының көлемі

10. Дж. Китчин циклдерінің ерекшелігі қандай?

а) тауардың өмір сүру циклдерімен байланысты орын алады

ә) инновациялық дамумен байланысты орын алады

б) негізгі капиталды жаңартумен байланысты және олар 12 жылға дейін созылады

в) құрылыс индустриясын дамыту жағдайындағы ұзақ мерзімді толқулар

11. К. Жугляр циклдерінің негізгі себептері қалай түсіндіріледі?

а) негізгі капиталды кезеңділікпен жаңарту арқылы

ә) тауар тапшылығының орын алуымен

б) адамдардың экономикадағы оптимистік және пессимистік әрекеттерімен

в) тұтынудағы табыстардың үнемі жетіспеушілігінен

12. «Тренд» дегеніміз не?:

а) бұл амплитуданың ұлғаюын көрсететін сызық

ә) бұл ЖІӨ-нің ұлғаймалы түрдегі ұзақ мерзімдік бағыттылығын сипаттайтын сызық

б) бұл нақты ЖІӨ-нің уақытша ауытқуы

в) бұл әлеуетті ЖІӨ-нің бірқалыпты деңгейде болуы

13. Экономикалық циклдің форрестерлік типінің басты ерекшелігі:

а) техникалық прорсс

ә) энергия мен материалдар

б) өркениеттердің дамуы

в) тұрғын үй құрылысы

14. Экономикалық құлдырау кезінде жұмысын жоғалтқан адам қандай жұмыссыздықтың түрін арттырады?

а) құрылымдық

ә) фрикциондық

б) циклдік

в) табиғи

15. Алғашқы өнеркәсіптік тоқырау қай елде болды?

а) Англияда

ә) АҚШ-та

б) Германияда

в) Қазақстанда

16. Экономикалық циклге әсер ететін ішкі факторлар қандай?

а) саяси оқиғалар

ә) үкіметтің қызметтері

б) технологиядағы түпкілікті өзгерістер

в) халық санының өзгеруі.

17. Тоқырау кезіндегі өндірістің тоқтап қалуы қалай аталады?

а) банкрот

ә) депрессия

б) дефолт

в) стагнация

18. К. Маркс циклдерінің негізгі себептері қалай түсіндіріледі?

а) сыртқы саяси факторлардың әсерлеріне байланысты

ә) тауар тапшылығының орын алуымен

б) негізгі капиталды жаппай жаңарту арқылы

в) тұтынудағы табыстардың үнемі жетіспеушілігінен

19. Самуэльсон-Хикс үлгісі – бұл:

а) қарапайым кейнсиандық үлгі, жиынтық сұранысты және жиынтық ұсыныстың өндірістік қуаттарын ұлғайтудағы инвестицияның екіжақты рөлін зерттеуге және ұзақ мерзімде толық жұмысбастылық мәселелерін айқындауға негізделеді

ә) халықтың өмір сүру деңгейіне жинақтың, еңбек ресурстарының және ҒТП-тің есер ету механизмдерін айқындайтын экономикалық өсудің неоклассикалық үлгісі

б) үй шаруашылығы мен фирмалар жұмыс істейтін игіліктер нарығын қарастыратын кейнсиандық динамикалық үлгі

в) кәсіпкерлердің психологиялық тәртіптерін талдауға жүгіне отырып баланстaлған экономикалық өсуді қамтамасыз ету механизмдерін сипаттауға негізделеді

20. С. Кузнец циклдерінің ұзақтылығы:

а) мұндай циклдер басқаша тауардың өмір сүру циклдері деп аталады және оның ұзақтылығы 4 жылға тең

ә) мұндай циклдер құрылыс циклдері деп аталады және олар 25 жылға дейін созылады

б) бұл циклдер капиталды жаңарту циклдері деп аталады және олар 12 жылға дейін созылады

в) бұл циклдер негізгі капитал циклдері деп аталады және олар 10 жылға дейін созылады

21. Мына көрсеткіштердің контрциклдік параметрге жатады:

а) жұмыссыздық деңгейі

ә) экспорт көлемі

б) өндірістің жиынтық көлемі

в) өндірістік қуаттар

22. Әлеуетті (потенциалды) ЖҰӨ дегеніміз – бұл:

а) ресурстар толық қамтылмаған жағдайда орын алатын ЖҰӨ

ә) табиғи жұмыссыздық орын алмағанда болатын ЖҰӨ

б) экономикада ресурстар толық қамтылған жағдайда орын алатын ЖҰӨ

в) басқаша циклдік ЖҰӨ деп аталады

23. Экономикалық циклдің тоффлерлік типінде басты ерекшелік ретінде не қарастырылады?

а) миграция мәселелері

ә) инфляция мен жұмыссыздық

б) негізгі қорлар

в) өркениеттік даму

24. Қазақстанның 2009-2010 жылдары дағдарысқа қарсы жүргізген іс-шараларын не деп атайды?

а) «Батыл бес қадам»

ә) «Барыстың қарғуы»

б) «Дағдарыстан жаңару мен дамуға»

в) «Жаңа асулар»

25. Кейнсиандық бағыттың өкілдері циклділікті былай түсіндіреді:

а) экономикаға мемлекеттің араласуы

ә) тұтынуға деген бейімділіктің жеткіліксіздігі

б) ақша айналысының бұзылуы

в) экономикаға мемлекеттің араласпауы

12-тақырып.
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҮЛГІЛЕРІ

Мақсаты: экономикалық өсуді мемлекеттің ең маңызды макроэкономикалық мақсаты ретінде қарастыра отырып, оның негізгі көрсеткіштерін, түрлерін, әсер ететін факторларын, типтерін және үлгілерін жан-жақты талқылау. Әсіресе, экономикалық өсудің қазақстандық үлгісі мен тәжірибесін қалыптастыруға байланысты негізгі сұрақтарды қарастыру. Ол үшін дәріс сабағында мына мәселелі сұрақтар қарастыру керек.

Дәріс жоспары:

1. Экономикалық өсудің алғышарттары мен оған тән белгілер.
2. Экономикалық өсудің үлгілері.
3. Экономикалық өсудің негізгі көзі мен бағыттары.

Негізгі түсініктер: экономикалық өсу; экономикалық даму; экономикалық өсудің мақсаты; экономикалық өсудің тиімділігі; экономикалық өсудің сапасы; экономикалық өсудің дағдарысы; теңгерімді экономикалық өсу; экономикалық өсу қарқыны; жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнім; экономикалық өсудің факторлары; ұсыныс факторлары; сұраныс факторлары; бөлу факторлары; еңбек өнімділігі; технологиялық прогресс; адам капиталы; экстенсивті өсу; интенсивті өсу; Домар үлгісі; Харрод үлгісі; Солоу үлгісі; қорланудың «алтын ережесі»; өсудің «кепілдендірілген» қарқыны; өсудің «табиғи» қарқыны; динамикалық тепе-теңдік; «жаңа экономика»; т.б.

Тақырыптың мазмұны.

Экономикалық өсу кез келген елдің экономикалық өмірінің аса маңызды мәселесі болып табылады. Алдымен, *«экономикалық өсу»* мен *«экономикалық даму»* ұғымдарын ажырата білу қажет. **Экономикалық даму** экономиканың өсуімен қатар экономиканың құлдырау үрдістерін де өзіне жатқызатын аса кең мағыналы ұғым болып табылады.

Экономикалық өсу қандай да бір елдің ұлттық экономикасында белгілі бір уақыт аралығында өндірілген тауарлар мен көрсетілген қызметтер көлемінің өсуін сипаттайтын сол елдің экономикалық әлеуетінің ұлғаюын көрсетеді.

Экономикалық өсу - ұлттық өнімнің сан жағынан өсуімен қатар сапа жағынан жетілдірілуі; өндіргіш күштердің ұзақ мерзімді дамуымен байланысты өндірістің нақты көлемінің табиғи дәрежесінің ұзақ мерзімдегі өзгерістерін атайды.

Американдық экономист, Нобель сыйлығының лауреаты Саймон Кузнец дамыған елдердің экономикалық өсуінің бірқатар көрсеткіштерін атап өтеді:

– жан басына шаққандағы табыстың өсуінің аса жоғары қарқыны;

– өндіріс факторлары өнімділігінің аса жоғары қарқынмен шапшаң өсуі;

– экономиканы жаңа бағыттарға қайта құрудың аса жоғары қарқыны;

– әлеуметтік, саяси және идеологиялық түрлендірудің аса жоғары қарқыны;

– экономикалық өсудің халықаралық масштабтары.

Экономикалық өсудің негізгі мақсаты – бұл халықтың әл-ауқатын материалдық тұрғыдан көтеру, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, шығарылған тауарлар мен көрсетілген қызметтердің сапасын жақсарту, орта есеппен бір адамға шаққандағы табыстың өсуін шапшаңдату, сонымен қатар, ұлттық табыстың халықтың әр топтары арасында бөлінуін жақсарту.

Қазіргі уақытта, Қазақстан да экономикалық өсудің осындай мақсатын көздей отырып, сапалы экономикалық өсуге жету үшін бірқатар міндеттерді орындауды алға тартады.

Экономикалық өсудің міндеттері:

1. Посткризистік даму жағдайында мемлекеттің экономикаға араласу саясатын оңтайлы үйлесімділікпен жүргізу.

2. Экономикалық өсуге негізделген өңдеуші өнеркәсіп салаларына шетел инвестицияларын көптеп тарту және тиімді инвестициялық саясатты жүзеге асыру.

3. 2011-2014 және 2020 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық Стратегияны жүзеге асыру;

4. Отандық кәсіпкерліктің өнімділігін арттыру және «Өнімділік – 2020» бағдарламасын орындау.

5. Отандық өндіріс салаларының бәсекелік қабілеттілігін көтеру және өндірісті әртараптандыру.

Алдағы уақытта, еліміз экономикалық өсудің осы және басқа да міндеттерін орындау арқылы экономикалық өсудің тиімділігі мен сапасына маңызды түрде көңіл бөледі. Демек, экономикалық өсудің тиімділігі мен экономикалық өсудің сапасы кез келген ұлттық экономиканың әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін бағалайды.

Экономикалық өсудің тиімділігі – бұл тауарлар мен қызметтердің сапасын жақсарту, олардың бәсекелік қабілеттілігін көтеру, өнімнің жаңа түрлерін жасау, өндірістің мамандандырылуын тереңдету, инновациялар мен жаңа технологияларды игеру сияқты экономикалық қызметтің әртүрлі бағыттарын қамтитын кең мағыналы ұғым.

Экономикалық өсудің сапасы – бұл халықтың материалдық жағдайларын жақсарту, әлеуметтік инфрақұрылым салаларының даму деңгейін арттыру, адам капиталына инвестиция құюды күшейту, адамдардың өмір сүру деңгейі мен еңбек жағдайларының қауіпсіздігін сақтау, толық жұмысбастылықты қамтамасыз ету және халықты әлеуметтік қорғауды күшейту сияқты маңызды көрсеткіштер арқылы сипатталатын ел экономикасының дамуының әлеуметтік бағыттылығы.

Экономикалық өсудің қарқыны мен оның сапасы арасында белгілі бір өзара байланыс болады. Бірқатар жағдайларда, экономикалық өсудің жоғары қарқыны сапаның өсуімен сәйкес жүрмеуі мүмкін немесе керісінше, экономиканың өсудің тым әлсіз қарқыны өмір сүру сапасының жақсаруына мүмкіндік беруі мүмкін. Сондықтан көптеген экономистер қазіргі уақытта экономикалық өсудің тұрақтылығын көрсететін өсудің орташа қарқынын (жылына 2-3%) қамтамасыз ету әлдеқайда тиімдірек деп санайды. Олай болса, дамыған елдердегі экономикалық өсудің стандартты деңгейі орта есеппен жылына 2-3%-ды құрайды деген сөз. Бұл жерде осындай стандартты өсу жұмыссыздық пен инфляцияның қалыпты деңгейіне сәйкес келетін жұмыспен толық қамту деңгейімен ұштастырылуы тиіс. Бірақ кез келген

экономикалық өсудің әрқашанда оң нәтижеге әкеле бермейтіндігін ұмытпағанымыз жөн, яғни теріс экономикалық өсу де болады. **Экономикалық өсудің дағдарысы** – бұл әлемдік тәжірибеде нақты жалпы ішкі өнім көлемінің қатарынан үш жыл бойы жалғасқан 9%-ға дерлік төмендеу көрсеткіші.

Ал қазіргі дамыған нарықтық экономика жағдайында экономикалық өсудің шын мәніндегі көрінісін тепе-теңдіктік экономикалық өсу сипаттайды.

Тепе-теңдіктік (теңгерімді) экономикалық өсу – бұл белгілі бір уақыт аралығында бір-біріне тұрақты түрде теңесетін жиынтық сұраныс пен жиынтық ұсыныс көлемдерінің ұлғаюын көрсететін ұлттық экономиканың ұзақ мерзімдік дамуы. Жиынтық сұраныс пен жиынтық ұсыныстың теңгерімді өсуі нәтижесінде бағалардың тұрақты деңгейін ұстап тұруға болады.

Экономикалық өсуді график түрінде негізгі үш әдіспен сипаттауға болады:

1. Нақты ЖІӨ қисығы арқылы.
2. Өндірістік мүмкіндіктер қисығы арқылы.
3. «AD-AS» үлгісінің көмегімен.



12.1-сурет. Экономикалық өсу

12.1, а-суретінде тренд қисығы ЖІӨ-нің ұлғаюының ұзақ мерзімдік үрдісін сипаттайды.

12.1, ә-суретінде экономикалық өсу өндірістік мүмкіндіктер қисығымен (ӨМҚ) көмегімен көрсетілген. Инвестициялық тауарлар (өндірістік құрал-жабдықтар) мен тұтынушылық тауарлар экономикада өндірілетін негізгі тауарлар болып табылады. Егер экономика ӨМҚ$_1$-ден жаңа ӨМҚ$_2$-ге өтсе, яғни А нүктесінен D нүктесіне оңға жылжыса, онда экономикалық өсу байқалады да,

тұтынушылық тауарлар өндірісі C_3-ке дейін және инвестициялық тауарлар өндірісі I_3-ке дейін ұлғаяды. Сөйтіп, экономикалық өсу ӨМҚ-ң жылжуымен (параллельді түрде жылжу міндетті емес) сипатталады.

12.1, б-суретінде экономикалық өсу AD-AS үлгісінің көмегімен бейнеленген. Бұл жерде экономикалық өсу әлеуетті ЖІӨ-нің өсуін көрсететіндіктен, ол жиынтық ұсыныстың ұзақ мерзімді қисығының (LRAS) оңға жылжуымен көрініс тауып, өндіріс көлемі Y^*_1-ден Y^*_2-ге дейін артады.

Қандай да бір елдің экономикалық өсуінің нәтижесін *жалпы ішкі өнім*, *ұлттық табыс* ретіндегі негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер сипаттайды. Олар белгілі бір уақытқа пайызбен өлшенеді.

Экономикалық өсуді өлшеудің тәсілдерін екіге бөлуге болады:

1. Нақты жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) өсуі. Бұл әдіс экономика мүмкіншілігінің молаю шапшаңдығын бағалау үшін қолданылады.

2. Жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) бір адамға шаққандағы өсуі. Халықтың әл-ауқатының дамуын талдағанда немесе елдер мен аймақтардағы тұрмыс дәрежесін салыстырғанда қолданылады.

Қоғамдық өндірістің типіне байланысты, өнімнің өсу шашаңдығы мен өндіріс факторлары көлемі өзгерістерінің арасындағы сәйкестік әртүрлі болуы мүмкін, сондықтан экономикалық өсу де бірнеше типке бөлінеді.

Экономикалық өсу қарқыны – пайыздық көрсеткішпен әдетте бір жылға есептелетін нақты ЖІӨ-нің өсім қарқынының көрсеткіші. Бірақ, бұл көрсеткіш зерттелу сипатына қарай бір айға, кварталға, жартыжылдыққа, онжылдыққа, яғни уақыттың қандай да бір қолайлы кезеңіне сәйкес есептелуі мүмкін. Экономикалық өсуді өлшеудің мынадай негізгі көрсеткіштері бар:

1. Өсу коэффициенті – бұл қарастырылып отырған ағымдық кезеңдегі өсу көрсеткішінің базистік кезеңдегі өсу көрсеткішіне қатынасы:

$$Y_t = Y_t - Y_{t-1} / Y_{t-1}, \text{ немесе, } \Delta Y_t = Y_t - Y_{t-1}$$

2. Өсу қарқыны – 100%-ға көбейтілген өсу коэффициенті;

3. Өсім қарқыны – өсу қарқыны минус 100%.

Экономикалық өсу жиынтық динамикалық көрсеткіш болып табылады және ұлттық экономиканың жағдайын белгілі бір уақыт аралығында жалпы сипаттайды. Алайда, жоғарыда аталып өткендей, экономикалық өсудің көрсеткіші әрқашанда оң шама бола бермейді. Көптеген статистикалық деректерден экономикалық өсудің нөлдік немесе теріс шамаларын да көруге болады. Мәселен, Қазақстанда 1991-1998 жылдар аралығында экономикалық өсудің оң нәтижелері байқалмады. Себебі, тәуелсіздік жылдары еліміз өтпелі экономика жағдайында нарықтық қатынастардың бірнеше кезеңінен өте отырып экономикалық жүйенің жаңа құрылымын жасаумен болды. Осы кезде, 1997 жылы қабылданған «Қазақстан-2030» Стратегиясы елдің экономикалық өсуіне мұрындық болды. Сөйтіп, 1999 жылдың екінші жартысында экономикалық өсу орын алды және 2,7%-ды құрады. Әріқарай, Қазақстанның экономикалық өсу қарқынын және жан басына шаққандағы ЖІӨ-ді төмендегі кестелерден көруге болады.

12.1-кесте. **Қазақстандағы экономикалық өсу қарқыны, 2000-2011 (3-кв) жж.**

Жылдар	Нақты ЖІӨ, пайыздық өсім	Жылдар	Нақты ЖІӨ, пайыздық өсім
2000	10,2	2006	9,5
2001	13,7	2007	7,7
2002	9,8	2008	2,0
2003	8,9	2009	-0,2
2004	8,8	2010	4,2
2005	8,7	2011	7,5

Дерек көзі: ҚР Статистика агенттігі, www.stat.kz

Кестеден көріп отырғанымыздай, 2000-2007 жылдар аралығында экономикалық өсу қарқыны орта есеппен 9,7%-ды құрады. Ал 2008-2010 жылдардағы отандық және әлемдік қаржылық-

экономикалық дағдарыстың салдарынан өсу қарқыны нөлдік деңгейге дейін төмендегенімен, 2010 жылдан бастап Қазақстан посткризистік экономикалық өсу қарқынын қалпына келтіре алды.

Дегенмен нақты ЖІӨ көрсеткіші экономикалық өсудің қарқынын нақты өлшей алмауы және экономиканың жалпы жағдайын дұрыс анықтай алмауы мүмкін. Осы жерде экономиканың жағдайын аса нақты анықтай алатын басқа да көрсеткіш қолданыла алады – ол жан басына шаққандағы ЖІӨ.

Жан басына шаққандағы ЖІӨ – елдер арасындағы экономикалық өсуді және экономикалық жағдайларды салыстыру үшін қолданылатын өсуді нақты өлшей алатын әдіс.

12.2-кесте. **Қазақстандағы жан басына шаққандағы Жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) қарқыны, 1991-2010 жж.**

Жылдар	Жан басына шаққандағы ЖІӨ, теңгемен[1)]	Жан басына шаққандағы ЖІӨ, доллармен[2) 3)]	Жылдар	Жан басына шаққандағы ЖІӨ, теңгемен	Жан басына шаққандағы ЖІӨ, доллармен
1991	5 234,0	-	2001	218 772,4	1 490,9
1992	74 072,8	-	2002	254 141,6	1 658,0
1993	1 796,2	696,2	2003	309 341,3	2 068,1
1994	26 227,9	735,9	2004	391 003,8	2 874,2
1995	64 123,3	1 052,1	2005	501 127,5	3 771,3
1996	90 880,0	1 350,4	2006	667 211,6	5 291,6
1997	109 045,2	1 445,5	2007	829 865,3	6 771,6
1998	115 001,7	1 468,7	2008	1 024 175,1	8 513,5
1999	135 075,4	1 130,1	2009	1 070 472,0	7 257,4
2000	174 682,0	1 229,0	2010	1 326 771,2	9 004,2

[1)] - 1990-1992 жылдары - рубль, 1993 жылдан бастап - теңге

[2)] - АҚШ долларында жан басына шаққанда ЖІӨ есептеу 1993 жылдан бастап жүргізіліп келеді

[3)] - АҚШ долларына аудару барысында ҚР Ұлттық Банкінің деректері бойынша орташа жылдық валюта бағамы қолданылады

Мемлекет басшысы Н. Ә. Назарбаевтың ел Үкіметіне жүктеген міндеттеріне сәйкес, 2011-2015 жылдар аралығында еліміздің экономикалық өсу қарқыны орташа есеппен 7%-ды құрап, жан басына шаққандағы ЖІӨ 15 мың АҚШ долларына жетуі тиіс.

12.3-кесте. **2011-2015 жылдарға экономикалық өсу қарқынының болжамы**

Жылдар	Нақты ЖІӨ, пайыздық өсім
2011	7,0
2012	6,9
2013	6,5
2014	7,1
2015	7,4

Дерек көзі: www.minplan.kz

Экономикалық өсудің екі түрін ажыратып көрсетеді:

1. Нақты экономикалық өсу – бұл статистикалық органдардың кезеңділікпен жариялап отыратын ЖІӨ-нің немесе басқадай макро-экономикалық көрсеткіштердің жыл сайынғы шынайы түрде өсуі.

2. Әлеуетті экономикалық өсу – бұл экономиканың белгілі бір жылдамдықпен немесе қарқынмен өсе алу мүмкіндігі мен дәрежесі. Бұл өсуді қамтамасыз ете алатын факторларға мыналар жатады: а) еңбек, капитал және жер сияқты ресурстарды арттыру; ә) технологиялық прогресстің көмегімен, өндірістің ұйымдастырылуын жақсарту немесе жұмыс күшінің біліктілігін арттыру есебінен осы ресурстарды пайдаланудың тиімділігін арттыру.

Экономикалық өсудің теориялық тұрғыдан негізгі үш типі бар:

1. Интенсивті типі - техника мен технологияның жетілдірілуі арқылы ЖІӨ мен ұлттық табыстың сапа жағынан өсуі. Тиімді экономика экономикалық өсудің интенсивті типін қолдануға тырысады. Экономикалық өсудің интенсивтік факторлары:

– қолданылатын ресурстар сапасының өсуі (жұмыс күшінің сапасын өсіру және заттық капиталдың сапасын жақсарту);

– ресурстарды пайдалану әдістерін жақсарту (технологияны жетілдіру, өндірісті және өткізуді ұйымдастыру мен басқаруды жетілдіру).

2. Экстенсивті типі – қосымша өндіріс факторларын тарту арқылы ЖІӨ мен ұлттық табыстың сан жағынан өсуі. Экономикалық өсудің экстенсивтік факторлары:

– жұмыс күші санының өсуі;

– капитал көлемінің өсуі.

3. Аралас типі - факторлардың өсуімен қатар, техника мен технологияның жетілдірілуі арқылы ЖІӨ мен ұлттық табыстың сапа жағынан да, сан жағынан да өсуі.

Макроэкономикада экономикалық өсудің факторларын негізгі үш топқа бөліп қарастырады:

1. Ұсыныс факторлары – адам ресурстарының болуы, табиғи ресурстар, негізгі капитал, технология деңгейі.

2. Сұраныс факторлары – бағалар деңгейі, тұтыну шығындары, инвестициялық шығындар, мемлекеттік шығындар, таза экспорт көлемі.

3. Бөлу факторлары – экономикалық айналымға тартылатын ресурстардың тиімділігі, ресурстардың өндіріс үрдісінде толық, әрі ұтымды түрде пайдаланылуы.

Дегенмен, экономикалық өсуде маңызды рөлді ұсыныс факторлары ойнайды. Осының ішінде, еңбек және еңбек өнімділігін ерекше атап өтуге болады, яғни еңбек экономикалық өсудің факторы ретінде еңбек өнімділігі көрсеткішімен анықталады. **Еңбек өнімділігі** – бұл бір жұмысшыға келетін өндірістің жалпы көлемі және ол мына қатынаспен анықталады: *Y/L*, мұнда Y - шығарылым көлемі, L - экономикадағы жұмыспен қамтылғандар саны немесе еңбектің істелген адам-сағат саны. Әртүрлі елдердің келтірген есептеулерінде еңбек өнімділігінің деңгейі неғұрлым жоғары болса, жан басына шаққандағы ЖІӨ деңгейі де соғұрлым жоғары болады деп саналады.

Жоғарыда аталып өткендей, экстенсивті экономикалық өсу кезінде белгілі бір уақытта, еңбек өнімділігінің шамасы өзгермейді, яғни, *Y/L* шамасы тұрақты болып қалады. Ал интенсивті экономикалық өсу кезінде ЖІӨ-нің өсу қарқыны жұмыспен қамтылғандар санының өсу қарқынына қарағанда тезірек болады, яғни еңбек өнімділігі артады.

Еңбек өнімділігінің артуына технологиялық прогресс факторы аса маңызды түрде әсер етеді. **Технологиялық прогресс** – бұл өндірістік үрдісті ұйымдастырудың және басқарудың жаңа әдістері, жаңа ақпараттық технологиялар, өндірістік үрдісте қолданылатын ғылымның әртүрлі салаларындағы ашылымдар

мен жаңалықтар және басқа да заманауи жетістіктер. Сонымен қатар, білім және адам капиталы сияқты ерекше факторға және оның экономикалық өсуге қосатын үлесіне де маңызды түрде көңіл бөлген жөн.

Адам капиталына инвестициялар – қазіргі заманғы экономикалық өсудің аса маңызды факторы. Осындай инвестициялар әлеуметтік-экономикалық құрылымның ҒТП-нің даму ырғағына үздіксіз ілесіп, әрі бейімделіп отыруына жағдайлар жасайды. Демек, бүгінгі күні сапалы білім алуға, денсаулық сақтауға, жұмыс орнында тәжірибе жинақтауға, инновацияларды енгізуге инвестиция салусыз, яғни адам капиталын дамытусыз экономикалық өсудің шынайылығына қол жеткізу мүмкін болмайды.

Алайда экономикалық өсудің теріс факторлары да болады. Экономикалық өсуді тежейтін факторларды *экономикадағы әлеуметтік өзгерістер* деп атайды. Оларға әлеуметтік саланы мемлекеттік реттеу, қоршаған ортаны қорғау, денсаулық сақтау саласын шектен тыс мемлекеттік реттеу деген факторлар жатады. Мәселен, қоршаған ортаның ластануын бақылау бойынша мемлекеттік реттеуді күшейту қысқа мерзімде экономикалық өсу қарқынының бәсеңдеуіне алып келуі мүмкін.

Соңында, экономикалық өсудің *институционалдық факторларын* да атап өткен жөн. Меншік құқығын мемлекеттік қорғау, қоғамдық тәртіпті орнату және қолдау, тәуелсіз сот сияқты институционалдық факторлар экономикалық өсуге оң әсер беріп еңбек өнімділігінің артуында ерекше рөл ойнайды.

Бүгінгі күнге дейін ұзақ мерзімді тұрақты, әрі теңгерімді экономикалық өсудің нәтижелері туралы ортақ пікір жоқ. Сол себепті, әртүрлі макроэкономикалық мектеп өкілдерімен түсіндірілетін экономикалық өсудің үлгілері әртүрлі алғышарттар мен болжамдарға сүйенеді.

Экономикалық өсудің теорияларын көптеген экономистер дамытты. Соның ішінде, Дж. Кейнс, Ч. Кобб, П. Дуглас, Э. Денисон, С. Кузнец, Й. Шумпетер, Р. Харрод, Е. Домар, Р. Солоу, Э. Фелпс, П. Ромер, К. Эрроу, Г. Мэнкью, Д. Уэйл, Д. Ромер, Р. Лукас, Х. Юзава сияқты ғалымдар ерекше үлес қосты.

Экономикалық өсудің үлгілерін негізгі үш топқа бөлуге болады:

1. Экономикалық өсудің неокейнстік үлгілері.
2. Экономикалық өсудің неоклассикалық үлгілері.
3. Экономикалық өсудің тарихи-әлеуметтік үлгілері.

Экономикалық өсудің неокейнстік үлгілері.

Экономикалық өсудің қарапайым неокейнстік үлгілеріне Евсей Домардың үлгісі мен Рой Харродтың үлгісі жатады.

Домар үлгісі белгілі бір уақыт талабына сай жиынтық сұраныс пен жиынтық ұсыныстың өндірістік мүмкіншіліктерінің артуындағы инвестицияның екіжақты рөлін зерттейді. Мұнда инвестиция экзогендік функция ретінде қарастырылып, оның мультипликативтік әсері ескеріледі. Домар ұзақ мерзімде толық жұмысбастылықты қамтамасыз етуді алға тартты және қысқа мерзімдік кейнстік тепе-теңдік шарттарын ұзақ мерзімді кезеңге ауыстырып қарастырды. Бұл модель өткен ғасырдың қырқыншы жылдарының аяғында пайда болып, мынадай алғышарттардан құралды:

– модельде тек игіліктер нарығы ғана қарастырылады, ол тепе-теңдік жағдайда болады;

– өндіріс технологиясы Леонтьевтің өндірістік функциясымен көрсетіледі;

– өндіріс факторлары бір-бірімен алмастырыла алмайды;

– еңбек нарығында бағалардың икемсіздігінен артық ұсыныс пайда болады;

– капиталдың орташа өнімділігі (Y/K) мен жинақтау нормасы (S_Y) тұрақты;

– шығарылым көлемі тек жалғыз ғана ресурс – капиталға тәуелді.

Домардың пікірінше, егер экономикалық жүйе толық жұмысбастылық кезінде тепе-теңдік жағдайында болса, онда сол тепе-теңдікті сақтау үшін жиынтық сұраныс өндірістік әлеуеттің (инвестицияның) қарқынына сәйкес өсуі керек.

Домардың үлгісі үш негізгі теңдеуге негізделеді: *ұсыныс теңдеуі, сұраныс теңдеуі* және *теңгерімді өсу теңдеуі.* Ұсыныс теңдеуі мына болжамға негізделеді:

$$\mathbf{I_{t-1} = \Delta K_{t-1} = K_t - K_{t-1},}$$

яғни, осы жылы салынған инвестициялар капиталды болашақта арттырады. Капиталдың орташа өнімділігі $\delta = Y/K$ – тұрақты шама болғандықтан, осы t жылы игіліктер нарығындағы ұсыныс теңдеуі мына формуламен беріледі:

$$\Delta Y^s_t = \delta \times K_t = \delta I_{t-1}.$$

Осы t жыл мерзімінде игіліктерге сұраныстың өсімі мультипликатор әсеріне негізделеді:

$$\Delta Y^d_t = \Delta I / S_Y,$$

мұндағы, S_Y – жинақтауға деген шекті бейімділік.

Теңгерімді өсу теңдеуі – бұл сұраныс өсімі мен ұсыныс өсімінің теңесуі:

$$\Delta Y^d_t = \Delta Y^s_t$$

Сонымен, үлгінің аталған алғышарттарына сәйкес, игіліктер нарығындағы тепе-теңдікті және толық жұмысбастылықты ұстап тұру үшін инвестиция көлемін тұрақты түрде берілген қарқынмен арттырып отыру қажет. Олай болса, Домар үлгісін, оған мынадай анықтама беру арқылы қорытындылаймыз.

Евсей Домардың экономикалық өсу үлгісі – уақыт талабына сай жиынтық сұраныстың ұлғаюындағы және жиынтық ұсыныстың өндірістік қуатын арттырудағы инвестицияның екіжақты рөлін зерттейтін және ұзақ мерзімде толық жұмысбастылыққа жетуді қарастыратын қарапайым неокейнстік үлгі.

Харрод үлгісі экономикадағы функционалдық байланыстарды сипаттайтын теңдеулерден құралады және кәсіпкерлердің психологиялық мінез-құлықтарын талдауға негізделеді. Мұнда акселератор ұстанымы ескеріледі. Бұл модель 1939 жылы жасалып, экономикалық өсудің жалпы теориялық негіздерін қалыптастыруға негіделген.

Үлгіде тек игіліктер нарығы ғана қарастырылады және ол мынадай алғышарттарға негізделеді:

– модельде инвестиция эндогендік функция ретінде қарастырылады;

– капитал сиымдылығы шамасы (K/Y) тұрақты;

– кәсіпкерлердің мінез-құлқы тауарлар мен қызметтерге деген сұранысқа байланысты күтімдеріне негізделеді.

Инвестицияға сұраныс көлемі акселератор принципі арқылы анықталады:

$$\mathbf{I_t = a(Y_t - Y_{t-1}).}$$

Тауарлар мен қызметтерге деген жиынтық сұраныс инвестициялық сұраныс негізінде және мультипликатор әсерімен анықталады:

$$\mathbf{Y^d_t = I_t / S_Y = a(Y_t - Y_{t-1}) / S_Y.}$$

Егер статикалық тепе-теңдікке қол жеткізілсе:

$$\mathbf{Y^d_t = Y^s_t,}$$

онда кәсіпкерлер болашақта да осы тепе-теңдік қарқынын ұстап тұрады деген болжам айтылады.

Харрод «кепілдендірілген» экономикалық өсу түсінігін енгізді. Яғни, үлгідегі «кепілдендірілген» өсу қарқыны мына формуламен анықталады:

$$\mathbf{\Delta Y / Y_{t-1} = S_Y / a - S_Y.}$$

«Кепілдендірілген» экономикалық өсу – қолда бар өндірістік қуатты (капиталды) толық пайдалана отырып, жиынтық сұраныстың салыстырмалы өзгерісіне байланысты кәсіпкерлердің психологиялық күтімдерінің барынша ақталуы кезіндегі экономиканың тепе-теңдіктік даму беталысы.

Алайда, тәжірибеде нақты өсу қарқыны мен кепілдендірілген өсу қарқыны арасында алшақтық бар, сондықтан Харрод капиталдың **«табиғи»** өсу қарқыны деген түсінікті де қолданды.

«Табиғи» өсу қарқыны еңбек ұсынысының өсуі кезіндегі толық жұмысбастылықты қамтамасыз етеді және сол табиғи өсу қарқынының еңбек ресурстарының өсу қарқынына тең екенін көрсетеді.

Экономикалық конъюнктураның жағдайы экономикалық өсудің кепілдендірілген және табиғи қарқындарының арақатынастарымен анықталады.

Егер ұлттық табыстың табиғи өсу қарқыны кепілдендірілген өсу қарқынынан қалып отырса (яғни, еңбек ресурстарының өсу қарқыны капиталдың өсу қарқынынан қалып отырса), онда кәсіпкерлердің күтімдері өсу қарқынына қарағанда ақталмайды,

яғни еңбек ресурстарының тапшылығы инвестицияны қысқартады және экономикалық белсенділік дағдарысқа ұшырайды.

Егер ұлттық табыстың табиғи өсу қарқыны кепілдендірілген өсу қарқынынан артып отырса, онда экономикалық дамудың мынадай екі жолы орын алуы мүмкін:

а) өсудің нақты қарқыны кепілдендірілген өсу қарқынына тең болады. Бұл жағдайда экономика циклдік жұмыссыздықтың болуы кезінде қарқынды, әрі тепе-теңдіктік сипатта дамитын болады;

ә) өсудің нақты қарқыны кепілдендірілген өсу қарқынынан жоғары болады. Бұл жағдайда еңбек ресурстарының артықшылығы инвестицияның өсімін ынталандырып, экономикалық өрлеуге жетелейді, ұлттық табыстың нақты өсу қарқыны күтілетін өсу қарқынынан асып түседі.

Соңында, Харрод үлгісін мына анықтамамен қорытындылаймыз.

Рой Харродтың экономикалық өсу үлгісі – экономикадағы функционалдық байланыстарды сипаттайтын теңдеулерге және кәсіпкерлердің психологиялық тәртіптерін талдауға сүйенетін, әрі инвестициялық факторды есепке алатын теңгерімді экономикалық өсудің неокейнстік үлгісі.

Сонымен, Е. Домар мен Р. Харрод үлгілеріндегі экономикалық өсуді көрсететін динамикалық тепе-теңдік *тұрақсыз* болып табылады. Сондықтан экономиканы мемлекеттік реттеудің қажеттілігі туындайды. Домар үлгісінде **δ** параметрі және Харрод үлгісіндегі **a** параметрі техниканың дамуымен анықталғандықтан, мемлекет $\mathbf{S_Y}$ көрсеткішіне ақша-несие саясатының әдістері арқылы әсер етеді. Үлгілердегі аталған параметрлердің біреуінде теңсіздік орын алса, онда бүкіл жүйенің тепе-теңдігі бұзылуы мүмкін. Үлгілердегі динамикалық өсу тепе-теңдігінің тұрақсыздығы үнемі орын алатындықтан, Домар мен Харрод үлгілері ортақ күйінде **«ұстараның ұшы» үлгісі** деген атауға ие болған.

Домар мен Харрод үлгілері Кейнстің негізгі макроэкономикалық үлгісін ұзақ мерзімдік экономикалық өсу тұрғысынан дамытқан алғашқы үлгілер болып табылады. Кейір әдебиет көздерінде, Домар мен Харрод үлгілеріндегі болжамдар бір-біріне

ұқсас болғандықтан, оларды біріктіріп Харрод-Домар үлгісі деп те қарастырады.

1950-жылдары, экономикалық өсудің неоклассикалық үлгілері кеңінен қолданыла бастады, мұндағы басты жетістігі ретінде өндіріс факторларының өзара ауыстырыла алу қасиетіне өндірістік функциялар саналды.

Экономикалық өсудің неоклассикалық үлгілері.

Экономикалық өсудің неоклассикалық модельдерінің негізгісі болып Роберт Солоудың экономикалық өсу моделі деп саналады.

Роберт Солоудың экономикалық өсу үлгісі – бұл халықтың өмір сүру деңгейіне жинақтың, еңбек ресурстарының және ҒТП-тің әсер ету механизмдерін айқындайтын экономикалық өсудің неоклассикалық үлгісі.

Неоклассикалық мектептің өкілі, американдық экономист Роберт Солоудың (1924 жылы туылған) экономикалық өсу үлгісі көптеген ғылыми әдебиет көздерінде базалық үлгі ретінде қарастырылады. 1956 жылы ұсынылған Солоудың экономикалық өсу үлгісі бірқатар негізгі алғышарттарға негізделеді:

- өндіріс факторлары, еңбек пен капитал өзара алмастырыла алады;
- капиталмен қарулану көрсеткіші тұрақты шама емес, ол экономикалық жағдаятқа байланысты өзгеріп отырады;
- үлгіде мемлекет пен сыртқы орта секторлары қарастырылмайды;
- фирмалар мен үй шаруашылықтары секторларынан тұратын игіліктер нарығы жетілген бәсекелестікке және икемді бағаларға негізделеді;
- үлгіде Кобб-Дугластың өндірістік функциясы қолданылады.

Үлгіде сипатталатын барлық көрсеткіштер бір адамға шаққандағы есептеулермен беріледі, олай болса, жан басына шаққандағы табыс, инвестиция, жинақ көрсеткіштері былай беріледі:

s – ұлттық табыстағы жинақтың үлесі, $0 < s < 1$;

y – ұлттық табыс немесе шығарылым көлемі;

i – жоспарланған инвестициялар;

i = sy, яғни инвестициялар = жинақ нормасы × ұлттық табыс;

k – еңбектің капиталмен қарулануы (капиталовооруженность), K / L;

δ – капиталдың істен шығу нормасы.

Үлгіде y шамасы капиталмен қаруланудың функциясы болып табылады:

$$y = f(k).$$

k шамасы неғұрлым жоғары болса, y көрсеткіші соғұрлым үлкен болады (12.2-сурет).



12.2-сурет. Жинақтар, инвестициялар және капиталдың қорлануы

Ескерту. Ордината осінде бір жұмысшыға келетін өндіріс көлемі, жинақтар мен инвестициялар, ал абсцисса осінде капиталмен қарулану шамасы көрсетілген. Жинақ пен инвестиция қисықтарының E қиылысу нүктесіне капиталмен қаруланудың тұрақты деңгейі k* сәйкес келеді. Бұл жерде бір жұмысшыға келетін өндіріс көлемі оның тұрақты деңгейіне y* сәйкес келеді.

Суреттегі y = f (k) өндірістік функциясы жан басына шаққандағы шығарылым көлемін сипаттайды. Өндірістік функция қисығының көлбеулігі капиталдың шекті өнімділігімен (MPk) түсіндіріледі, яғни кемімелі өнімділік заңына сәйкес, бір жұмысшыға келетін капиталдың мөлшері өскен кезде оның шекті өнімділігі төмендей береді, сондықтан да y = f (k) қисығы капиталдың қорлануы өскен сайын жатыңқырақ қисыққа айнала береді.

Жинақтың немесе нақты инвестициялардың қисығы i=sy формуласы негізінде құрылады, яғни y k-ның функциясы болғандықтан, ол былай жазылады:

$$i = sf(k).$$

Бұл формула негізгі макроэкономикалық теңдестікпен I = S байланыстырылады, яғни ұлттық экономика шеңберіндегі инвестициялар жинақтауға тең. Үлгідегі s әрпі нақты іске асырылған инвестициялар немесе жинақтар деп түсіндіріледі. Жинақ қисығының кемімелі көлбеулі болуы және оның өндіріс көлемі у қисығынан төмен орналасуы жинақтау көлемінің ұлттық табыстың тек бір бөлігі ғана екендігімен сипатталады.

Бұдан кейін үлгіге сырттан үш фактор енгізіледі:

1) халық санының өсуі (n),

2) капиталдың тозуы немесе істен шығуы (δ),

3) технологиялық прогресс (g).

Айталық, халық саны n қарқынмен өседі. Онда бір жұмысшыға келетін инвестиция шамасы nk-ны құрайды. k шамасы тұрақты болып қалу үшін халық санының өсуіне капитал шамасының өсу қарқыны сәйкес келуі тиіс. Алайда, біз екінші фактор капиталдың тозуын δ-ны естен шығармауымыз керек. Егер құрал-жабдық түріндегі капитал 25 жыл қызмет етсе, онда оның жыл сайынғы тозуы 1/25-тең, яғни капитал құнының 0,04 бөлігі немесе 4%. Олай болса, осы 0,04 саны δ шамасына тең. Енді халық санының өсуі мен капиталдың тозуын есепке алатын, бір жұмысшыға шаққандағы инвестиция мөлшері былай жазылады:

$$i = (n + \delta)k.$$

Осы көрсеткіштерді ескере отырып, Солоу бойынша динамикалық тепе-теңдіктің тұрақты жағдайына жету механизмін қарастыруға болады. Егер жинақтар жоспарланған инвестицияларға тең болса, онда Солоудың ойынша, экономика тұрақтылық жағдайында болады. Нарықтық күштердің ықпалымен осындай тұрақтылықтың кез келген ауытқуы ең алдымен, икемді бағалар мен субститут-факторларға сәйкес экономика соңында бәрібірде тұрақты қалпына қайтып келіп отырады.

Жинақтар мен инвестициялардың қиылысу E нүктесінде экономиканың тұрақтылық жағдайы сақталады:

$$sf(k) = (n + \delta)k.$$

12.3-суретінде **k*** нүктесі *капиталмен қаруланудың тұрақты деңгейін* сипаттайды. Ордината осінде оның деңгейіне жан басы-

на шаққандағы табыстың немесе өндірістің тұрақты деңгейі **y*** сәйкес келеді.



12.3-сурет. Экономиканың тұрақтылыққа жету механизмі

Жинақ пен инвестиция қисықтары Е нүктесінде қиылысқанда капиталмен қаруланудың тұрақты деңгейі – k* орындалады, ал ордината осінде осы деңгейге табыстың тұрақты деңгейі y* сәйкес келеді. Егер экономика k_1 деңгейінде болса, онда жинақтар қажетті инвестициялардан жоғары болады. Жинақты біз капитал ұсынысы деп қарастырсақ, ал инвестицияларды капиталға сұраныс деп ұйғарамыз. Капиталдың артықшылығы орын алып бұл факторға баға төмендейді. Капитал еңбекке қарағанда арзанға түседі, бұл жағдайда кәсіпкерлер жалдамалы жұмысшыларды қысқартып физикалық капиталды көбірек қолдана бастайды. Енді экономика k* жағына жылжып, бір жұмысшыға келетін капитал қоры өсе бастайды. Егер экономика k_2 деңгейінде болса, яғни инвестициялар жинақтардан асып кетсе, онда капитал еңбекке қарағанда қымбаттайды. Икемді бағалар арқылы өндіріс капиталды аз қажет ететін технологияларға өте бастайды. Ал экономика k* нүктесіне солға жылжиды. Сонымен, тұрақты тепе-теңдік sf (k) = (n+ δ)k шарты, яғни жинақтар инвестицияларға тең болғанда орындалады.

Алайда, Солоудың ойынша, технологилық прогресс факторы экономикалық өсудің жалғыз ғана көрсеткіші болып саналады.

Енді үлгінің үшінші экзогенді факторы – техникалық прогресс (g) іске қосылады. **g** факторының арқасында өндірістік функция y=f(k) қисығы толығымен жоғарыға жылжиды. Осыған сәйкес, жинақтың да қисығы жоғарыға жылжиды (12.4-сурет). Ал инвестициялар сызығының көлбеулігі енді негізгі үш фактордың шамасымен анықталады: халық санының өсу қарқыны, капиталдың тозуы және техникалық прогресстің қарқыны (n + δ + g), яғни инвестиция сызығы үшін формула (n + δ + g)k ретінде жазылады. Нәтижесінде, y_2* тұрақтылық жағдайында өндірістің жан басына шаққандағы ең жоғары деңгейіне қол жеткізіледі. Енді тұрақты тепе-теңдіктік экономикалық өсу технологиялық прогресс факторын есепке ала отырып, төмендегідей формуламен анықталады:

$$sf(k) = (n + \delta + g)\,k.$$



12.4-сурет. Солоу үлгісіндегі экономикалық өсу және технологиялық прогресс

Сонымен, Солоудың үлгісінде технологиялық прогресс экономикалық өсудің экзогенді факторы ретінде ұзақ мерзімде жан басына шаққандағы шығарылым көлемін ұлғайтады.

Сөйтіп, Роберт Солоу экономикалық өсу теориясына сүбелі үлес қосқаны үшін 1987 жылы Нобель сыйлығының иегері атанды.

Экономикалық өсудің тарихи-әлеуметтік теориялары.

Американ ғалымы және социологы Уолт Ростоу, өткен

ғасырдың 60-жылдары жасаған *«экономикалық өсудің стадиялары»* атты концепцияның авторы, өзінің осы теориясында қоғамның экономикалық өсу тарихын бес фазаға бөледі:

1) *дәстүрлі (таптық) қоғам* – бұған қол еңбегін қолдану, экономиканың негізі ретіндегі ауыл шаруашылығының дамуы, төменгі еңбек өнімділігі, техникалық-экономикалық өзгерістердің баяу қарқыны сияқты белгілер тән;

2) *қоғамның алға жылжуы үшін экономикалық жағдайлар жасау кезеңі* – мұнда қоғамның алға жылжуы үшін басты қозғаушы күштер ретінде ғылымның, нарықтық қатынастар мен еркін бәсекелестіктің дамуы, халық шаруашылығында капиталдың жинақталуы мен капитал салымдарының өсуі деген факторлар қарастырылады;

3) *қоғамның алға жылжуы немесе өнеркәсіптік төңкеріс кезеңі* – мұнда ҒТП-нің жетістіктерін пайдалануға мүмкіндік туады, даму үшін үкімет институттарының және әдет-ғұрыптардың жасайтын кедергілері жойылады, өнеркәсіптің жекелеген салалары тез қарқынмен дамиды, қол еңбегі машиналы еңбекке ауысады;

4) *қоғамның кемелдену кезеңі* – мұнда экономикалық дамудың қарқыны өседі, өндіріс көлемінің өсуі халық санының өсуінен артады, адамдардың тұрмыс жағдайы өсе түседі, нәтижесінде халық шаруашылығының барлық салаларында жылдам әрі тұрақты даму үрдістеріне қол жеткізіледі;

5) *қоғамның жаппай тұтынуының жоғарғы деңгейін қамтамасыз ететін кезең* – мұнда өндіріс көлеміне шектелген ресурстар кедергі келтіреді мәселе жойылады, керісінше, сұраныс пен экология тарапынан шектелудің туа бастауы өсе түседі, ұзақ мерзімде пайдаланылатын тауарлар мен қызметтердің маңызы күшейе түседі. Бірақ Ростоу 70-жылдары өзінің концепциясын алтыншы кезеңмен толықтырды, яғни бұл кезеңде қоғам адамзат үшін өмір сүрудің аса қолайлы және сапалы жағдайларын жасаудың жаңа жолдарын іздеумен айналысады. Сондықтан да ғалымның көрсеткен қосымша алтыншы кезеңін – *қоғамның сапалы өмір сүруі үшін жаңа жолдарды іздестіру кезеңі* деп атайды.

Қорытынды

1. Экономикалық өсу ұлттық өнімнің сан жағынан өсуімен қатар сапа жағынан жетілдірілуін көрсетеді. Экономикалық өсу деп өндіргіш күштердің ұзақ мерзімді дамуымен байланысты өндірістің нақты көлемінің табиғи дәрежесінің ұзақ мерзімдегі өзгерістерін атайды.

2. Экономикалық өсуді өлшеудің тәсілдерін екіге бөлуге болады: 1) Нақты жалпы ұлттық өнімнің (ЖҰӨ) өсуі. Бұл әдіс экономика мүмкіншілігінің молаю шапшаңдығын бағалау үшін қолданылады. 2) Жалпы ұлттық өнімнің (ЖҰӨ) бір адамға шаққандағы өсуі. Халықтың әл-ауқатының дамуын талдағанда немесе елдер мен аймақтардағы тұрмыс дәрежесін салыстырғанда қолданылады.

3. Экономикалық өсудің екі түрін ажыратып көрсетеді: 1) нақты экономикалық өсу – бұл статистикалық органдардың кезеңділікпен жариялап отыратын ЖІӨ-нің немесе басқадай макроэкономикалық көрсеткіштердің жыл сайынғы шынайы түрде өсуі. 2) потенциалды экономикалық өсу – экономиканың белгілі бір жылдамдықпен немесе қарқынмен өсе алу мүмкіндігі мен дәрежесі. Бұл өсуді қамтамасыз ете алатын факторларға мыналар жатады: а) еңбек, капитал және жер сияқты ресурстарды арттыру; ә) технологиялық прогрестің көмегімен, өндірістің ұйымдастырылуын жақсарту немесе жұмыс күшінің біліктілігін арттыру есебінен осы ресурстарды пайдаланудың тиімділігін арттыру.

4. Экономикалық өсудің теориялық тұрғыдан негізгі үш типі бар: 1) интенсивті типі - техника мен технологияның жетілдірілуі арқылы ұлттық өнімнің өсуі. Тиімді экономика экономикалық өсудің интенсивті типін қолдануға тырысады. 2) экстенсивті типі – қосымша өндіріс факторларын тарту арқылы ұлттық өнімінің өсуі. 3) аралас типі - факторлардың өсуімен қатар техникамен технологияның жетілдірілуі арқылы ұлттық өнімнің өсуі.

5. Экономикалық өсудің неокейнстік, неоклассикалық және тарихи-әлеуметтік үлгілері бар.

6. Экономиклық өсудің факторларын сұраныс факторлары, ұсыныс факторлары және бөлу факторлары деп бөледі.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары

1. «Экономикалық өсу» мен «экономикалық даму» ұғымдарының арасында қандай айырмашылық бар?

2. Экономикалық өсудің көрсеткіштері қандай?

3. Экономикалық өсуді өлшеудің қандай әдістері бар?

4. Экономикалық өсудің тиімділігі және экономикалық өсудің сапасы дегеніміз не?

5. Экономикалық өсудің қандай факторлары бар?

6. Экономикалық өсудің типтері қандай?

7. Экономикалық өсудің оң және теріс жақтары қандай?

8. Экономикалық өсудің неокейнстік үлгілері қандай алғышарттарға негізделеді?

9. Экономикалық өсудің неоклассикалық бағыты қалай сипатталады?

10. Экономикалық өсудің тарихи-әлеуметтік теориялары қалай сипатталады?

11. Экономикалық өсу теориясының дамуына посткейнстік мектептің өкілдері қандай үлес қосты?

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

Негізгі:

1. *Мамыров Н. Қ., Тілеужанова М. Ә.* Макроэкономика: Оқулық. - Алматы: Экономика, 2003. Тарау 12.

2. Макроэкономика: учебник / Под общ. ред. *А. А. Абишева, К. А. Хубиева.* – Алматы: «Экономика», 2007. Раздел 4, глава 8.

3. *Вечканов Г. С., Вечканова Г. Р.* Макроэкономика. 2-е изд. - Спб.: Питер, 2008. Глава 10.

4. *Агапова Т. А., Серегина С. Ф.* Макроэкономика: учебник / Под общ. ред. д.э.н., проф. *А. Ф. Сидоровича;* МГУ им. *М. В. Ломоносова.* – 8-е изд., перераб. и доп. – М.: Издательство «Дело и Сервис», 2007. Глава 11.

5. Курс экономической теории: учебник – 5-е исправленное, дополненное и переработанное издание/ Под общ. ред. *Чепурина М. Н. и Киселевой Е. А. – Киров:* «АСА», 2006. (Раздел 3: Макроэкономика; Раздел 4: Международные аспекты экономической теории). Глава 25.

6. *Селищев А. С.* Макроэкономика. 3-е изд. - Спб.: Питер, 2005. Главы 17.

7. *Ивашковский С. Н.* Макроэкономика: Учебник. 2 – изд., испр., доп. – М.: Дело, 2002. Главы 15, 16.

8. *Агапова Т. А., Серегина С. Ф.* Макроэкономика. Тесты: Уч. пос., 2-е изд. – М.:ДиС, 2005. Тема 10.

9. ҚР Статистика Агенттігінің мәліметтері. www.stat.kz

Қосымша:

1. *Доғалов А. Н., Досмағанбетов Н. С.* «Макроэкономика» пәнінен курстық жұмысты орындау бойынша әдістемелік нұсқау (экономикалық мамандықтар үшін) – Астана: *Л. Н. Гумилев* атындағы ЕҰУ, 2011. – 20б.

2. *Мэнкью Н. Г.* Принципы макроэкономики. Учебник для вузов / Пер. с англ. – 2-е изд. – Спб.: Питер, 2006. – 576 с.

3. *Сейткасимов Г. С.* Макроэкономические проблемы современной экономики Казахстана: Монография. – Астана: Изд. КазУЭФМТ, 2010. – 350 с.

4. *Курганбаева Г. А.* Экономика Казахстана в XXI веке: монография. – Алматы: Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте РК, 2009. – 144 с.

5. *Тоқсанбай С. Р.* Үлкен экономикалық орысша-қазақша сөздік/ Большой экономический русско-казахский словарь. – Алматы, 2010. 1010 б.

6. *Тарасевич Л. С., Гальперин В. М., Гребенников П. И., Леусский А. И.* Макроэкономика: Учебник / под ред. Тарасевича Л.С. 5-е изд.- М.: ЮРАИТ, 2004. – 656с.

7. *Вечканов Г. С., Вечканова Г. Р.* Макроэкономика. Учебное пособие. 6-е изд.- Спб.: Питер, 2005. - 256с.

8. *Абакумова О. Г.* Макроэкономика. Конспект лекций: Пособие для подготовки к экзаменам. – М.: ПРИОР – Издат, 2005. – 224 с.

9. *Базылев Н. И.* и др. Макроэкономика. Учебное пособие. – М.: ИНФРА – М, 2003. – 190 с.

10. Введение в макроэкономику: Учебное пособие./ Под ред. *М. Е. Дорошенко* - М.: ЮНИТИ, 2000. – 175 с.

11. *Н. Грегори* Мэнкью. Макроэкономика. Пер. с англ.- М., Изд-во МГУ, 1994.-736 с.

12. *Долан Э., Линдсей Д. Э.* Макроэкономика / Под общ. ред. *Б. Лисовика.* Спб: 1996.

13. *Шишов А. Л.* Макроэкономика. – М.: Ассоциация авторов и издателей «Тандем», Издательство ЭКМОС, 1997 г. – 320 с.

14. *Бункина М. К., Семенов В. А.* Макроэкономика (Осн. эк. политики): Учебник. – Изд-во «ДИС», 1997.-320 с.

15. *Кейнс Д. М.* Общая теория занятости, процента и денег.

16. ҚР-ның Президенті *Н. Ә. Назарбаевтың* халыққа Жолдауы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты», 2012 ж. 28 қаңтар.

17. ҚР-ның Президенті *Н. Ә. Назарбаевтың* халыққа Жолдауы «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз», 2011 ж. 28 қаңтар.

18. ҚР-ның Президенті *Н. Ә. Назарбаевтың* халыққа Жолдауы «Жаңа онжылдық – Жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» 2010 ж. 30 қаңтар.

19. ҚР-ның Президенті *Н. Ә. Назарбаевтың* халыққа Жолдауы «Дағдарыстан жаңару мен дамуға». 2009 ж. 7 наурыз.

Практика сабағының жоспары:

Практика сабағын «дөңгелек үстел» түрінде өткізу жоспарланған, тақырыптың негізгі теориялық сұрақтарын пікірталас, ауызша жауап беру, дискуссия, сұрақ-жауап, т.б. ұйымдастыру әдістері арқылы жүргізілуі тиіс.

Мақсаты: экономикалық өсудің мәнін, факторлары мен типтерін, әртүрлі үлгілерін жан-жақты талқылау. Әсіресе, қазақстандық экономикалық өсу үлгісін дамыту бойынша жетістіктерді қарастыру. Осы мақсатқа жету үшін практика сабағында тақырып бойынша мынадай сұрақтардың мәнін ашу керек:

1. Экономикалық өсу: түсінігі, көрсеткіштері, тұрпаттары, факторлары, нәтижелері.
2. Экономикалық өсудің неокейнстік үлгілері.
3. Экономикалық өсудің неоклассикалық үлгілері. Солоу үлгісі.
4. Қазақстанның экономикалық өсу динамикасы және макро-экономикалық саясат.

СОӨЖ және СӨЖ тапсырмалары:

Мақсаты: экономикалық өсуге байланысты негізгі мәселелерді ұсынылатын әдебиет көздерінен оқып терең меңгеру, сонымен қатар, төмендегі және басқа да тапсырмаларды орындау арқылы тақырыпты бекіту.

1. Тақырып бойынша экономикалық сөздік (глоссарий) жасау.

2. Тақырып бойынша логикалық схемалар құрастыру.

3. Реферат, эссе, баяндама тақырыптары:

- Қазақстанның экономикалық өсу моделі және оның ерекшеліктері;
- Экономикалық өсудің шетелдік тәжірибесі және оның жетістіктері;
- Адам капиталының дамуына инвестиция салу мәселелері;
- «Жаңа экономика» экономикалық өсудің жаңа бағыты ретінде;
- «Жасыл экономика» және экономикалық өсудің балама мүмкіндіктері;
- Экономикалық өсудің жаңа үлгілері;

- «Қазақстан-2030» Стратегиясы және Қазақстанның ұзақ мерзімді даму динамикасы;

- «Жаңа индустрияландыру» картасы жобасының экономикалық өсуді қамтамасыз етудегі рөлі мен маңызы;

- Өңірлік әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар және Қазақстанның аймақтық даму проблемалары.

4. Өзіндік жазба жұмыстар (конспект):

- «Жаңа экономика» және экономикалық өсу мәселелері.
- Э. Фелпстің «қорланудың алтын ережесі» теориясы.
- Экономикалық өсудің қазіргі заманғы үлгілері.

5. Жаттығулар, есептер және т.б. тапсырмалар:

1. 1929 жылы АҚШ-тың нақты ЖІӨ көлемі 710 млрд. долл. құрады, ал 1940 жылы – 773 млрд. долл. болды. Ал жан басына шаққандағы нақты ЖІӨ көлемі 1929 жылы 5820 долл. болса, онда 1940 жылы бұл көрсеткіш – 5553 долл. болды. Неліктен бірінші көрсеткіш өсті, ал екінші көрсеткіш төмендеді?

а) Нақты ЖІӨ көлемі белгілі бір уақыт аралығында өскен қандай да бір елдің экономикалық даму деңгейін сипаттайды, ал жан басына шаққандағы нақты ЖІӨ көлемі белгілі уақытта өмір сүру деңгейінің төмендегенін көрсетеді.

ә) Бұл уақыт аралығында АҚШ елі ұлы депрессияны бастан кешірді, сондықтанда көрсетілген көрсеткіштердің қарқыны ешнәрсені сипаттай алмайды.

б) Бұл уақыт аралығында АҚШ-тың халық саны нақты ЖІӨ көлеміне қарағанда тезірек өсті.

в) Нақты ЖІӨ көлемі бағалардың өсуін көрсетсе, ал екінші көрсеткіш бағалардың өсуін есепке алмайды.

2. Төмендегі кестенің мәліметтеріне сәйкес келесі көрсеткіштерді анықтаңыз:

а) Жан басына шаққандағы нақты ЖҰӨ көлемін (алынған нәтижесін кестенің бос орнына енгізіңіз).

ә) Сол елдегі халықтың тиімді санын.

б) ЖҰӨ-нің екінші жылы бірінші жылға қарағанда өсімінің абсолютті көлемін.

в) ЖҰӨ-нің төртінші жылы үшінші жылға қарағанда өсімін (пайызбен).

г) Жан басына шаққандағы ЖҰӨ-нің жетінші жылы алтыншы жылға қарағанда өсімін.

Жылдар	Халық саны (млн. адам)	ЖҰӨ-нің нақты көлемі (млрд. долл.)	Жан басына шаққандағы ЖҰӨ-нің нақты көлемі (долл.)
1	30	9	
2	60	24	
3	90	45	
4	120	66	
5	150	90	
6	180	99	
7	210	105	

6. Тест сұрақтарына жауап беру керек:

1. Экономикалық өсудің факторлары:

а) интенсивті фактор

ә) шикізаттық фактор

б) экстенсивті және интенсивті факторлар

в) еңбек факторлары

2. Домар мен Харродтың экономикалық өсу үлгілерінде қандай факторға басты назар аударылады:

а) салықтарға

ә) мемлекеттік шығындарға

б) инвестицияға

в) ұлттық табысқа

3. Е. Домардың экономикалық өсу үлгісі – бұл:

а) қарапайым кейнсиандық үлгі, жиынтық сұранысты және жиынтық ұсыныстың өндірістік қуаттарын ұлғайтудағы инвестицияның екіжақты рөлін зерттеуге және ұзақ мерзімде толық жұмысбастылық мәселелерін айқындауға негізделеді

ә) халықтың өмір сүру деңгейіне жинақтың, еңбек ресурстарының және ҒТП-тің есер ету механизмдерін айқындайтын экономикалық өсудің неоклассикалық үлгісі

б) үй шаруашылығы мен фирмалар жұмыс істейтін игіліктер нарығын қарастыратын кейнсиандық динамикалық үлгі

в) кәсіпкерлердің психологиялық тәртіптерін талдауға жүгіне отырып баланстaлған экономикалық өсуді қамтамасыз ету механизмдерін сипаттауға негізделеді

4. Солоу үлгісіндегі шығарылым көлемінің тұрақты өсімі былай түсіндіріледі:

а) халықтың өсімімен;

ә) жинақ мөлшерінің өсімімен;

б) технологиялық прогресс арқылы;

в) инвестиция мөлшерінің өсімі арқылы.

5. Р. Харродтың экономикалық өсу үлгісі – бұл:

а) қарапайым кейнсиандық үлгі, жиынтық сұранысты және жиынтық ұсыныстың өндірістік қуаттарын ұлғайтудағы инвестицияның екіжақты рөлін зерттеуге және ұзақ мерзімде толық жұмысбастылық мәселелерін айқындауға негізделеді

ә) халықтың өмір сүру деңгейіне жинақтың, еңбек ресурстарының және ҒТП-тің есер ету механизмдерін айқындайтын экономикалық өсудің неоклассикалық үлгісі

б) үй шаруашылығы мен фирмалар жұмыс істейтін игіліктер нарығын қарастыратын кейнсиандық динамикалық үлгі

в) кәсіпкерлердің психологиялық тәртіптерін талдауға жүгіне отырып, баланстaлған экономикалық өсуді қамтамасыз ету механизмдерін сипаттауға негізделеді

6. Р. Солоудың экономикалық өсу үлгісі – бұл:

а) қарапайым кейнсиандық үлгі, жиынтық сұранысты және жиынтық ұсыныстың өндірістік қуаттарын ұлғайтудағы инвестицияның екіжақты рөлін зерттеуге және ұзақ мерзімде толық жұмысбастылық мәселелерін айқындауға негізделеді

ә) халықтың өмір сүру деңгейіне жинақтың, еңбек ресурстарының және ҒТП-тің әсер ету механизмдерін айқындайтын экономикалық өсудің неоклассикалық үлгісі

б) үй шаруашылығы мен фирмалар жұмыс істейтін игіліктер нарығын қарастыратын кейнсиандық динамикалық үлгі

в) кәсіпкерлердің психологиялық тәртіптерін талдауға жүгіне отырып, баланстaлған экономикалық өсуді қамтамасыз ету механизмдерін сипаттауға негізделеді

7. Экономикалық өсу – бұл:

а) құлдырау алдындағы өндіріс деңгейінің өсуі

ә) бір экономикалық циклдің басынан екінші экономикалық циклдің басына дейінгі кезең

б) ұлттық өнімнің сандық ұлғаюы және сапалық жетілдірілуі

в) берілген жылдағы инвестиция өсімінің алдыңғы жылғы ұлттық қабыс өсіміне сандық қатынасын көрсететін жағдай

8. Мына алғышарттардың қайсысы экономикалық өсудің неоклассикалық моделін құруда қарастырылмайды?

а) бағалардың икемділігі

ә) жетілген бәсеке

б) өндіріс факторларының өзара алмастырылуы
в) мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру

9. Экономикалық өсудің неоклассикалық моделін дамытқаны үшін кім Нобель сыйлығының иегері атанды?

а) Э. Денисон
ә) Е. Домар
б) Р. Харрод
в) Р. Солоу

10. Қазақстанда алғашқы экономикалық өсім қанша пайыз болды?

а) 1994 жылы 0,5 % болды
ә) 1998 жылы 2 % болды
б) 1999 жылы 2,7 % болды
в) 2000 жылы 10 % болды

11. Экономикалық өсудің экстенсивті жолының көздері қандай?

а) жұмысшылар санының артуы
ә) технологиялық өзгерістер
б) жұмыскерлердің біліктілік деңгейі
в) қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар

12. Домар мен Харродтың экономикалық өсу үлгілерінде қандай факторға басты назар аударылады:

а) мемлекеттік шығындарға
ә) адам капиталы факторына
б) инвестициялық факторға
в) салықтарға

13. Экономикалық өсудің қарқынын графикалық түрде қандай қисық нақты бейнелей алады?

а) өндірістік мүмкіндіктер қисығы
ә) жалпы шығындар қисығы
б) инвестиция мен жинақтар қисығы
в) сұраныс қисығы

14. Мыналардың қайсысы экономикалық өсудің жағымды жақтарына жатпайды?

а) адамның табиғатқа белсенді түрде араласуы
ә) әлеуметтік көмектерді арттыру
б) тұтыну стандарттарын арттыру
в) адамдардың мәдени деңгейін арттыру

15. Кез келген елде экономикалық өсуді өлшеудің басты көрсеткіші:

а) ұлттық байлық
ә) инвестициялар

б) мемлекеттік бюджет

в) жан басына шаққандағы ЖІӨ

16. Экономикалық өсудің «табиғи» қарқынын кім анықтап ғылыми айналымға енгізді?

а) Р. Солоу

ә) Е. Домар

б) Р. Харрод

в) Э. Фелпс

17. «AD-AS» моделінде экономикалық өсу қалай бейнеленуі мүмкін:

а) LRAS қисығының оңға жылжуы арқылы

ә) AS қисығының солға жылжуы арқылы

б) AD қисығының солға жылжуы арқылы

в) AD қисығының оңға жылжуы арқылы

18. Экономикалық өсудің тарихи-әлеуметтік теорияларына қандай концепция жатады?

а) Дж. Мид тұжырымдамасы

ә) Домар моделі

б) Р. Харрод моделі

в) У. Ростоудың концепциясы

19. Экономикалық өсудің сұраныс факторлары қалай сипатталады?

а) жиынтық шығындардың деңгейімен

ә) ресурстарды тиімді пайдалану арқылы

б) еңбек ресурстарымен

в) технологиямен

20. «AD-AS» үлгісінде экономикалық өсу қалай байқалады?

а) AS қисығының оңға жылжуы арқылы

ә) AS қисығының солға жылжуы арқылы

б) AD қисығының оңға жылжуы арқылы

в) AD қисығының солға жылжуы арқылы

13-тақырып.
АШЫҚ ЭКОНОМИКАДАҒЫ ТЕПЕ-ТЕҢДІК. МАНДЕЛЛ-ФЛЕМИНГ ҮЛГІСІ

Мақсаты: ашық экономиканың мәнін түсіну, ашық экономикадағы Манделл-Флеминг үлгісін құру және толығымен қарастыру. Ол үшін дәріс сабағына мынадай сұрақтар шығарылады.

Дәріс жоспары:

1. Ашық экономика: түсінігі, түрлері.
2. Бір мезгілдегі ішкі және сыртқы тепе-теңдік.
3. Манделл-Флеминг үлгісі.

Негізгі түсініктер: ашық экономика; шағын экономика; үлкен экономика; ішкі тепе-теңдік; бір мезгілдегі ішкі және сыртқы тепе-теңдік; Манделл-Флеминг үлгісі; ішкі пайыз мөлшерлемесі; әлемдік пайыз мөлшерлемесі.

Тақырыптың мазмұны.

Ашық экономика – бұл әлем мемлекеттерінің бір-бірімен өзара тауарлар мен қызметтерді экспорттайтын және импорттайтын, әлемдік қаржы нарығында несиелік алып-сату қатынастарын жүзеге асыруға негізделген макроэкономиканың жүйелік қатынастары.

Ашық экономика мынадай екі жағдайға негізделеді:

1) Елдер тауарлар мен қызметтерді экспорттайды және импорттайды.

2) елдер әлемдік қаржы нарығында несие алады және береді.

Ашық экономикада өндірілген өнімді төрт негізгі құрауыштарға бөлуге болады:

- отандық тауарлар мен қызметтерді тұтыну;
- отандық тауарлар мен қызметтерге инвестициялық шығындар;
- отандық тауарлар мен қызметтерді мемлекеттің сатып алуы
- елдің ішінде өндірілген тауарлар мен қызметтер экспорты

Осылардың жиынтығын теңдеу арқылы көрсетуге болады:

$$Y = C + I + G + Xn$$

Ашық экономиканы кіші (шағын) және үлкен (ірі) деп бөледі.

Кіші (шағын) ашық экономика – кішігірім елдің экономикасы, оның әлемдік нарығындағы үлесі аз ғана, ол әлемдік пайыз мөлшерлемесіне айтарлықтай әсер ете алмайды. Сондықтан пайыз мөлшерлемесі сырттан берілген, экзогендік түрде қабылданады.

Үлкен (ірі) ашық экономика – оның ауқымына байланысты пайыз мөлшерлемесі елдің ішіндегі экономикалық процестер әсерінен қалыптасады. Ірі елдің экономикасы (АҚШ, Жапония, Қытай, Алмания). Бұл елдер әлемдік қор жинағы мен инвестицияның едәуір бөлігіне ие болғандықтан, әлемдік пайыз мөлшерлемесіне айтарлықтай әсер ете алады.

Ашық экономиканың негізгі белгілері:

- ЖҰӨ-дегі сыртқы сальдо квотасы;
- өндіріс көлеміндегі экспорт үлесі;
- тұтынудағы импорт үлесі;
- ішкі инвестицияға қатысты шетелдік инвестицияның үлесі.

Ашықтық деңгейі сыртқы сауда көлемі мен үкіметтің саяси бағытына байланысты. Мысалы: Ұлыбритания салыстырмалы ашық экономика болып табылады, өйткені ол сыртқы саудаға тәуелді. АҚШ экономикасы жабық экономикаға жақын, өйткені оның дамуына сыртқы сауда көп әсер етпейді.

Макроэкономикалық тепе-теңдік – экономикалық жүйенің баланcталған жағдайы, экономикалық жүйенің тұтас тепе-теңдігі.

Ішкі тепе-теңдік – толық жұмысбастылық пен инфляциясыз жағдайдағы сұраныс пен ұсыныс тепе-теңдігі.

Ішкі тепе-теңдік мәселесі бюджеттік-салық және ақша-несие саясаты көмегімен жиынтық сұранысты реттеу арқылы шешіледі.

Сыртқы тепе-теңдік – валюта бағамының тағайындалған (тұрақты) және құбылмалы режиміндегі төлем балансының нөлдік сальдосы немесе елдің валюта рыногындагы тепе-теңдігі. Валюта нарығындағы тепе-теңдік, бұл – елге валюта түсімдері мен шетелдерге валюта төлемдерінің сәйкестігі.

Ашық экономиканың классикалық үлгісі мемлекеттік реттеуді қажет етпейді. Төлем балансының теңсіздігі ішкі бағалардың

өзгеруінің автоматты механизімі мен алтын валюта резервтерінің бір елден басқа елге қозғалысы арқылы өздігінен реттеледі.

Бір мезгілдегі ішкі және сыртқы тепе-теңдіктің Кейнстік механизмі мемлекеттік реттеу шараларына сүйенеді.

Тұрақты валюта бағамы жағдайындағы ішкі және сыртқы тепе-теңдік

Бастапқыда ашық экономиканың кейнстік үлгісі тағайындалған валюта бағамына негізделді. Бұл принцип 1944 жылғы Бреттон-Вуд жүйесінің негізін құрды және ол 1970 жылға дейін өмір сүрді. Валюта бағамының тұрақтылығы IS-LM-BP үлгісіндегі BP қисығының тұрақтылығын білдіреді. Сондықтан ішкі және сыртқы тепе-теңдік ақша-несие (LM қисығының) және бюджет-салықтық (IS қисығының өзгерісімен) саясаттар өзгерісі арқылы қалыптасты.

Ашық экономикадағы алғашқы жағдай суретте берілген. Өндіріс көлемі – Y_1, пайыз мөлшерлемесі R_1 деңгейінде орналасқан. Экономикада не ішкі, не сыртқы тепе-теңдік байқалмайды. Нақты өндіріс көлемі әлеуетті (Y_2) деңгейден төмен (сурет 13.1).

Экономиканың нақты жағдайы IS, BP қисықтарынан төмен орналасқан. Бұл біріншіден, тауар нарығында тепе-теңдіктің жоқ екендігін, екіншіден, төлем балансының тапшылығын білдіреді. Тепе-теңдік тек ақша нарығында бар (LM қисығындағы E_1 нүктесі). Толық жұмысбастылық және өндіріс көлемі Y_2 болғандағы үш нарықтағы тепе-теңдікті қалай орнатуға болады?

BP қисығы тұрақты болғандықтан E_2 нүктесінде тауар және ақша нарықтарының қисықтары қиылысуы тиіс. Кейнстік теорияға сәйкес мемлекет қандай шаралар жүргізуі тиіс? Ең алдымен тауар нарығында тепе-теңдік орнату қажет. Ол үшін мемлекеттік шығындарды көбейту керек. Сонда тауар нарығының қисығы IS оңға IS′ қисығына жылжиды (13.2-сурет).

Егер пайыз мөлшерлемесі R_1 деңгейінде сақталса, онда Y_3 өндіріс көлемін өндірер едік. Бірақ онда ақша рыногындағы тепе-теңдік бұзылады. (E_3 нүктесі LM қисығынан төмен жатыр). Валюта рыногында да теңсіздік күшейе түседі, өйткені



13.1-сурет



13.2-сурет

өндіріс көлеміне байланысты таза импорт өседі. (E_3 нүктесі BP қисығынан алыс жатыр).

Ондай жағдайды болдырмас үшін мемлекет экспансиялық (ынталанды-ратын) бюджет-салық саясатымен бірге қатаң ақша-несие саясатын жүргізуі қажет, яғни Ұлттық банк ақша ұсынысын қысқартуы тиіс. Бұл LM қисығын солға-жоғары LM′ қисығына жылжытады. Осындай бір-біріне қайшы екі әрекетті үйлестіру арқылы кейнсшілдердің ойынша, Y_2 R_2 деңгейінде бір мезгілде ішкі және сыртқы тепе-теңдікті (E_2 нүктесінде) орнатуға болады.

Алайда мұндай саясат көп елдерді ұзақ күйзеліске әкелді. Сөйтіп, Бреттон-Вуд валюта-қаржы жүйесі «құбылмалы» бағам жүйесіне ауыстырылды. Бреттон-Вуд жүйесінің құбылмалы бағамға ауыстырылуы кейнстік үлгіге түзетулер енгізуді талап етті.

Құбылмалы валюта бағамы жағдайындағы ішкі және сыртқы тепе-теңдік

Енді BP қисығы құбылмалы болғанда ішкі және сыртқы тепе-теңдік қалай орнайтынына тоқталамыз.

Алғашқыда экономика «ішкі» тепе-теңдік жағдайында болады (13.3-сурет). Валюта рыногының қисығы (BP) ішкі тепе-теңдіктен (E_1 нүктесінен) жоғары-солға орналасқан.



13.3-сурет

Төлем балансының тапшылығы (валютаның елден таза кетуі) ұлттық валютаның девальвациясына әкеледі. Нәтижесінде, BP қисығы оңға-төмен BP′ қисығына жылжиды. Бұл төлем балансын жақсартады (валюта бағамының төмендеуі тауар экспортын ынталандырады, импортты тежейді). Таза экспорттың өсуі жиынтық сұраныстың өсуіне әкеледі.

Нәтижесінде тауар нарығының қисығы IS жоғары-оңға IS′ қисығына жылжиды. Валюта бағамының өзгерісі ақша нарығы өзгерісіне тікелей әсер етпейтіндіктен, LM қисығы сол күйінде сақталады.

Ұлттық валюта девальвациясының шамасын дұрыс анықтаған жағдайда тепе-теңдіктің үш қисығы бір нүктеде (E_2) қиылысады. Пайыз мөлшерлемесі мен өнім көлемі өседі ($Y_2>Y_1$, $R_2>R_1$) (13.4-сурет).



13.4-сурет

Екінші жағдайда ішкі тепе-теңдік төлем балансының оң сальдосына сәйкес келеді. BP қисығы ішкі тепе-теңдіктен (E_1 нүктесінен) төмен, оң жағында орналасады (13.5-сурет).



13.5-сурет

Капиталдың келуі ұлттық валютаға сұранысты молайтады да, ақша ревальвациясына әкеледі. BP қисығы солға жоғары BP′-қа жылжиды. Бұл импорттың өсіп, экспорттың қысқаруына әкеледі. Нәтижесінде жиынтық сұраныс қысқарады. Тауар нарығының қисығы IS′ қисығына солға-төмен жылжиды. Үш қисықтың IS, LM және BP қиылысу нүктесінде (E_2) бір мезгілдегі тепе-теңдік орнайды (13.6-сурет). Өндірістің нақты көлемі мен пайыз мөлшерлемесі бастапқыдан төмен болады ($Y_2 < Y_1$, $R_2 < R_1$).



13.6-сурет

Жоғарыда сипатталған валюта бағамы өзгерісінің бір мезгілде «ішкі» және «сыртқы» тепе-теңдіктің орнауына әсері импорт пен экспорттың жылдам өзгеруін болжайды. Өйткені кейнстің «ашық» экономика үлгісі қысқа мерзімге арналған.

Манделл-Флеминг үлгісі – тұрақты және құбылмалы айырбас бағамы жағдайларында жүргізілетін экономикалық саясат нәтижелерін бағалау мақсатында қолданылатын шағын ашық экономика үлгісі.

Манделл-Флеминг үлгісі бойынша шағын ашық экономика әлемдік экономиканың тек аз ғана бөлігін құрайды, сондықтан оның дамуы үшін барлық параметрлер әлемдік рыноктан, яғни сырттан беріледі.

Ашық экономика үшін Манделл-Флеминг үлгісі ең алғаш рет

XX ғасырдың 60-жылдарында қалыптасты және IS-LM үлгісінің жетілдірілген нысаны болады. Екі үлгі де қысқа мерзім кезеңін және бағаның тұрақтылығы мен өндіріс көлемінің (жиынтық табыстың) өзгеруін қарастырады. Олардың айырмашылықтары IS-LM жабық экономиканы, Манделл-Флеминг ашық шағын экономиканы қарастырады. Манделл-Флеминг үлгісі үш теңдеуді қарастырады:

$$Y = C(Y-T) + I(R) + G + Xn(e), IS;$$
$$M/P = L(r, y), LM;$$
$$R = R^*.$$

Бірінші теңдеу тауар нарығын сипаттайды, екіншісі – ақша рыногын, үшінші теңдеу ішкі пайыз мөлшерлемесінің (R) әлемдік пайыз мөлшерлемесіне (R*) байланысты анықталатынын көрсетеді.

Манделл-Флеминг үлгісінің графигі 13.7-суретте берілген. Көлденең сызық әлемдік пайыз мөлшерлемесін бейнелейді.



13.7-сурет

Графиктің өзіне тән екі ерекшелігі бар:

1. IS қисығы айырбас бағамына байланысты. Айырбас бағамының өсуі қисықты солға жылжытады және керісінше.

2. Үш қисық бір нүктеде қиылысады.

Бірақ үш қисық бір нүктеде қиылыспайды деп те болжауға болады. Ол жағдайда графиктің екі нұсқасы пайда болады:

1. Айырбас бағамы төмен болғанда IS және LM әлемдік пайыз мөлшерлемесі қисығынан жоғары нүктеде қиылысады. Бұл жағдай шет ел инвесторларын берілген ел экономикасына капитал салуға ынталандырады. Нәтижесінде валюта бағамы көтеріледі, IS қисығы төмен-солға IS* қисығына жылжиды (13.8-сурет).

2. IS және LM қисықтары әлемдік пайыз мөлшерлемесі деңгейінен төмен нүктеде қиылысады. Бұл жағдайда берілген ел инвесторлары капиталды сыртқа шығаруға тырысады. Нәтижесінде валюта бағамы төмендейді, IS қисығы жоғары-оңға IS* қисығына жылжиды (13.9-сурет).



13.8-сурет



13.9-сурет

Сөйтіп, тепе-теңдік IS, LM қисықтары мен әлемдік пайыз мөлшерлемесі деңгейіндегі көлденең сызық қиылысқан нүктеде тұрақты орнап отырады.

Манделл-Флеминг үлгісі валюта бағамдарының әртүрлі болуы кезінде шағын ашық экономикада жүргізілетін макроэкономикалық саясат нәтижелерін талдау үшін қолданылады. Мұндай саясаттың салдарлары тіркелген және құбылмалы валюта бағамдары арқылы көрініс табады.

Тіркелген (тұрақты) валюта бағамы кезіндегі макроэкономикалық саясат.

Орталық банк (ОБ) тіркелген валюта бағамын орната отырып, алдын ала белгіленген бағам бойынша ұлттық валютаны сатуды немесе сатып алуды өзіне міндеттейді. Бұл жағдайда ішкі тепе-теңдікті қалыптастыруға бағытталған макроэкономикалық саясат шаралары әдетте, төлем балансының оң немесе теріс сальдосының туындауына алып келеді. Сыртқы тепе-теңдіктің

осылай бұзылуы нәтижесінде саналы түрде жүргізілетін макроэкономикалық саясаттың көмегімен қалпына келуі тиіс. Төлем балансының теріс сальдосы кезінде ОБ ұлттық валютаның құнсыздануын болдырмау үшін, валюта нарығында шетел валютасын сатады және ұлттық валютаны сатып ала бастайды, яғни валюталық интервенциялар жүргізеді. Бұл валюта резервтерінің және ақша базасы көлемінің қысқаруына алып келеді. Алайда ОБ валюта нарығында интервенциялар жүргізуі үшін жеткілікті түрде шетел валютасының резервтеріне ие болуы тиіс. Егер ОБ валюталық интервенциялар жүргізе отырып ақша ұсынысын өзгертсе, онда Манделл-Флеминг үлгісінде бұл LM қисығының жылжуымен көрініс табады.

Бюджет-салық саясаты. Бұл жағдайда шағын ашық экономика үшін ынталандырушы бюджет-салық саясатының салдарлары қарастырылады (мысалы, мемлекеттік шығындарды арттыру немесе салықтарды төмендету). Мемлекеттік шығындардың өсуі жиынтық сұранысты арттырады, IS қисығы IS_2 жағдайына оңға жылжиды (13.10 а-сурет). Нәтижесінде табыс өседі және бір уақытта пайыз мөлшерлемесі де r_1-ге артады. Табыстың өсуі ақшаға деген сұранысты арттырады, ал пайыздың жоғары болуы ел ішіне шетел капиталының ағылуын ынталандырады, ол болса жалпы алғанда төлем балансының оң сальдосын қалыптастырады.

Ел ішіне шетел капиталының ағылуы ұлттық валюта баға-



13.10-сурет. Тіркелген валюта бағамы кезіндегі бюджет-салық саясаты

мының көтерілуіне алып келеді (13.10 ә-сурет). Ұлттық валютаның тіркелген e_1 деңгейінде ұстап тұру қажеттілігі ОБ-ті валюталық интервенциялар (шетел валютасын сатып алу және ұлттық валютаның сату) жүргізуге итермелейді, ол ақша массасының артуына алып келеді. Ақша массасының артуы LM қисығын оңға жылжытады және пайыз мөл-шерлемесі төмендейді. Бұл үрдіс ішкі пайыз деңгейі әлемдік пайызға тең болғанша дейін жалғаса береді.

Сонымен, *кіші ашық экономикада тіркелген валюта бағамы кезінде ынталандырушы бюджет-салық саясатының жүргізілуі нәтижесінде табыс деңгейі (Y) жабық экономикаға қарағанда үлкен дәрежеде өседі, өйткені табыс деңгейіне мемлекеттік шығындардың ықпалы ақша массасының қосымша ұлғаю әсерімен толықтырылады.*

Ақша-несие саясаты. Бұл жағдайда тіркелген валюта бағамы кезінде кіші ашық экономикаға деген ынталандырушы ақша-несие саясатының салдарлары қарастырылады. Ақша массасының ұлғаюы LM қисығын LM_2 жағдайына оңға жылжытады (13.11-сурет). Пайыз мөлшерлемесі төмендеп, инвестицияға деген сұраныс жоғарылайды және де соның салдарынан табыс артады. Дәл сол уақытта, ішкі пайыздың әлемдік пайыз деңгейіне қарағанда төмендеуі ($r_1 < r^*$, 13.11 а-сурет) ел ішінен капиталды кетіреді және төлем балансының тапшылығы орын алады.

Капиталдың елден шығуы және төлем балансының теріс сальдосы шетел валютасына сұранысты арттырады, ал ұлттық валюта бағамы төмендей бастайды (13.11 ә-сурет). Бұл жерде ОБ валюта бағамын тіркелген e_1 деңгейінде ұстап тұруы тиіс, ол үшін ОБ валюталық интервенциялар жүргізеді (шетел валютасын сатады және ұлттық валютаны сатып алады). Нәтижесінде ақша массасы қысқарып LM қисығы LM_1 жағдайына қайтадан қайтып келеді. Ақша массасы қысқарғаннан кейін пайыз мөлшерлемесі артады және капиталдың шетелге ағылуы тоқтайды. Сөйтіп белгілі бір уақыттан кейін экономика бастапқы жағдайына қайтып келеді. Нәтижесінде ынталандырушы ақша-несие саясатының салдарынан ақша массасының соншалықты арттырылуы табысқа әсер ете алмай қалады.



13.11-сурет. Тіркелген валюта бағамы кезіндегі ақша-несие саясаты

Сонымен, *тіркелген валюта бағамы кезінде кіші ашық экономикаға деген ынталандырушы ақша-несие саясатының нәтижесі тиімсіз болып қалады*, өйткені ақша массасының өзгеруі валюта нарығындағы қажетті интервеницялар арқылы тұрақтанып отырады.

Құбылмалы (қалқымалы) валюта бағамы кезіндегі макроэкономикалық саясат

Бұл жағдайда ОБ валюта нарығына араласпай-ақ, ұлттық валютаның айырбас бағамына (сәйкесінше, таза экспорт көлеміне де) төлем балансы тұрақтанғанша дейін өзгеруіне мүмкіндік бере алады. Мұндай бағам кезінде ОБ-тің валюталық резервтері мен ақша базасы шамалары өзгермейді. Яғни, елде еркін құбылмалы айырбас бағамы қолданылса, онда төлем балансының түзетілуі мемлекеттің араласуынсыз автоматты түрде қамтамасыз етіледі.

Бюджет-салық саясаты. Мемлекеттің шығындардың артуы жиынтық сұранысты ұлғайтып, IS қисығын IS_2 жағдайына оңға жылжытады (13.12 а-сурет). Жиынтық сұраныстың ұлғаюынан ұлттық табыс артады және пайыз деңгейі де r_1 шамасына артады. Бұл үрдіс ел ішіне сырттан капиталды ағылтып, төлем балансының оң сальдосын қалыптастырады. Құбылмалы айырбас бағамы кезінде ұлттық валютаның құны төлем балансының нөлдік сальдосы қамтамасыз етілгенше дейін арта береді.

Валюта бағамының артуы салдарынан таза экспорт қысқарады. IS қисығы солға жылжиды. Төлем балансының оң сальдосы қаншалықты орын алса, соншалықты валюталық бағам арта береді және таза экспорт қысқара береді, яғни ішкі пайыз деңгейі әлемдіктен жоғары болады. Тепе-теңдік бастапқы қалпына қайтып келеді. Алайда бұл тепе-теңдік жоғары валюта бағамы кезінде орын алады (13.12 ә-сурет).



13.12-сурет. Құбылмалы валюта бағамы кезіндегі бюджет-салық саясаты

Сонымен, *құбылмалы валюта бағамы кезінде кіші ашық экономикаға деген ынталандырушы бюджет-салық саясатының нәтижесі тиімсіз болып қалады*, өйткені мемлекеттік шығындардың артуы салдарынан таза экспорт қысқарып, ұлттық табыс өзгермей қалады.

Ақша-несие саясаты. Айталық, ОБ ынталандырушы ақша-несие саясатын жүргізіп, ақша ұсынысын ұлғайтады. Ақша массасының өсуі жиынтық сұранысты арттырып, LM қисығын LM_2 жағдайына оңға жылжытады. Бұл жағдайда, пайыз мөлшерлемесі төмендеп инвестицияға деген сұраныс артады және ұлттық табыс та өседі (13.13 а-сурет). Пайыз деңгейінің төмендеуі салдарынан капитал сыртқа ағыла бастайды және сәйкесінше, төлем балансының тапшылығы орын алады.

Құбылмалы валюта бағамы кезінде төлем балансының тапшылығын жою үшін ұлттық валютаның бағамы төмендеуі тиіс (13.13 ә-сурет). ОБ валюта нарығының қызметіне араласпай-ақ, айырбас бағамының еркін құбылуына мүмкіндік береді, соның



13.13-сурет. Құбылмалы валюта бағамы кезіндегі ақша-несие саясаты

салдарынан валютаның құнсыздануы таза экспорттың өсуін ынталандырады және, сәйкесінше, жиынтық сұраныс пен ұлттық табыс ұлғаяды. Табыстың өсуі ақшаға деген сұранысты арттырып пайыз мөлшерлемесін өсіреді. IS қисығы оңға жылжиды, яғни ішкі пайыз мөлшерлемесі әлемдік пайыз мөлшерлемесіне тең болғанша дейін және үш график бір нүктеде қиылысқанға дейін жылжи береді. Тек осы нүктеде ғана капиталдың сыртқа кетуі мен валюта бағамының төмендеуі тоқтатылады.

Сонымен, *құбылмалы валюта бағамы кезінде кіші ашық экономикадағы ынталандырушы ақша-несие саясатының нәтижесі тиімді болып табылады*, өйткені ұлттық табыстың өзгеруіне айтарлықтай әсер етеді, яғни ұлттық валюта бағамының төмендеуінен таза экспорт пен ақша массасының өсуі нәтижесінде ұлттық табыс артады. Мұндай жағдайда ақша массасының өсуі, ішкі сұранысты емес, сыртқы сұранысты ынталандыратынын айтқан жөн. Ішкі пайыз деңгейі алдымен төмендейді, сосын бастапқы деңгейіне өседі және, сәйкесінше, ұлттық табыстың ұлғаю факторы ретінде инвестиция емес, таза экспорт қарастырылады.

Енді Манделл-Флеминг үлгісі бойынша ашық экономикадағы макроэкономикалық саясатты талдаудың негізгі нәтижелерін төмендегі кестеге сәйкес қорытындылауға болады.

13.1-кесте. **Валюта бағамының әртүрлі жүйесіндегі макроэкономикалық саясат**

	Макроэкономикалық көрсеткіштер		
	Y	e	Xn
Тіркелген айырбас бағамы			
Ақша-несие саясаты			
Ынталандырушы	Өзгермейді	Өзгермейді	Өзгермейді
Тежеуші	Өзгермейді	Өзгермейді	Өзгермейді
Бюджет-салық саясаты			
Ынталандырушы	Өседі	Өзгермейді	Өзгермейді
Тежеуші	Төмендейді	Өзгермейді	Өзгермейді
Құбылмалы айырбас бағамы			
Ақша-несие саясаты			
Ынталандырушы	Өседі	Төмендейді	Өседі
Тежеуші	Төмендейді	Өседі	Төмендейді
Бюджет-салық саясаты			
Ынталандырушы	Өзгермейді	Өседі	Төмендейді
Тежеуші	Өзгермейді	Төмендейді	Өседі

Басты қорытындысының мәні мынада, яғни ашық экономика жағдайындағы макроэкономикалық саясаттың нәтижелері маңызды дәрежеде валюта бағамының режиміне тәуелді болып табылады.

Бюджет-салық саясаты ұлттық табысқа тек тіркелген валюта бағамы кезінде ғана әсер ете алады. Бұл осы саясаттың салдары пайыз мөлшерлемесінің өзгеруіне және капиталдың сыртқа ағылуына немесе ішке құйылуына алып келуімен түсіндіріледі. Төлем балансының пайда болған оң немесе теріс сальдосы валюталық интервенциялар арқылы ақша массасының ұлғаюына алып келеді. Содан бюджет-салық саясатының тиімділігі арта түседі. Құбылмалы валюта бағамы кезінде төлем балансының нөлдік сальдосы валюта бағамының өзгерісінен бұзылады, бағамның өзгеруі экспорт пен импортқа әсер ете отырып, бюджет-салық саясатын тұрақтандырады немесе оның тиімділігін жоққа шығарады.

Ақша-несие саясатының тиімділігі де сол валюта бағамына байланысты болады. Тіркелген валюта бағамы кезінде ОБ ақша массасын өзгерту бойынша дербес саясат жүргізу мүмкіндігінен

айырылады. Айналымдағы ақша санын өзгертудегі кез келген талпыныстар пайыз мөлшерлемесінің деңгейін өзгерте береді. Ол капитал қозғалыстарын өзгертеді және төлем балансы тепе-теңдігінің бұзылуына алып келеді. Сыртқы тепе-теңдікті қалпына келтіру үшін, ОБ ақша массасының шамасын кері бағытта өзгертуге мәжбүрлі түрде шешім қабылдайды. Егер мемлекет тіркелген валюта бағамы тәртібінен бас тартса, онда ақша-несие саясаты ашық экономикадағы макрореттеудің тиімді құралына айнала алады. Оның тиімділігі былай түсіндіріледі, яғни ақша массасының ұлғаюы пайыз деңгейін төмендетеді. Ұлттық валютаның бағамы төмендеп, қосымша ынталандырушы тиімділік пайда болады.

Сонымен, мемлекеттің ашық экономикадағы макроэкономикалық саясатының тиімділігін арттырудағы мәселелерді шешу сол саясат құралдарының сәйкес үйлесімділіктерін қажет етеді.

Қандай да бір мемлекет валюта бағамының тәртібін таңдай отырып, бір уақытта ішкі макроэкономикалық реттеудің құралдарын да анықтап алуы тиіс. Және керісінше, ішкі макроэкономикалық саясаттың басымды мақсаттарын (экономикалық өсу, инфляциямен күрес, әлеуметтік көмек шараларын күшейту және т.б.) анықтай отырып, қолданыстағы кез келген сыртқы макроэкономикалық саясаттың дәл осы мақсаттардың орындалуына кепілдік бере алмайтынын да ескерген жөн.

Қорытынды

1. Ашық экономика – әлем мемлекеттерінің бір-бірімен өзара тауарлар мен қызметтерді экспорттайтын және импорттайтын, әлемдік қаржы нарығында несиелік алып-сату қатынастарын жүзеге асыруға негізделген макроэкономиканың жүйелік қатынастары. Ашық экономика мынадай екі жағдайға негізделеді: 1) Елдер тауарлар мен қызметтерді экспорттайды және импорттайды. 2) елдер әлемдік қаржы нарығында несие алады және береді.

2. Ашық экономикада өндірілген өнімді төрт негізгі құрауыштарға бөлуге болады: отандық тауарлар мен қызметтерді тұтыну; отандық тауарлар мен қызметтерге инвестициялық шығындар; отандық тауар-

лар мен қызметтерді мемлекеттің сатып алуы; елдің ішінде өндірілген тауарлар мен қызметтер экспорты.

3. Ашық экономиканы кіші (шағын) және үлкен (ірі) деп бөледі. Кіші (шағын) ашық экономика – кішігірім елдің экономикасы, оның әлемдік нарығындағы үлесі аз ғана, ол әлемдік пайыз мөлшерлемесіне айтарлықтай әсер ете алмайды. Сондықтан пайыз мөлшерлемесі сырттан берілген, экзогендік түрде қабылданады. Үлкен (ірі) ашық экономика – оның ауқымына байланысты пайыз мөлшерлемесі елдің ішіндегі экономикалық процестер әсерінен қалыптасады. Ірі елдің экономикасы (АҚШ, Жапония, Қытай, Германия). Бұл елдер әлемдік қор жинағы мен инвестицияның едәуір бөлігіне ие болғандықтан, әлемдік пайыз мөлшерлемесіне айтарлықтай әсер ете алады.

4. Ашық экономиканың негізгі белгілері: ЖҰӨ-дегі сыртқы сальдо квотасы; өндіріс көлеміндегі экспорт үлесі; тұтынудағы импорт үлесі; ішкі инвестицияға қатысты шетелдік инвестицияның үлесі.

5. Манделл-Флеминг үлгісі – тұрақты және құбылмалы айырбас бағамы жағдайларында жүргізілетін экономикалық саясат нәтижелерін бағалау мақсатында қолданылатын шағын ашық экономика үлгісі.
Манделл-Флеминг үлгісі бойынша шағын ашық экономика әлемдік экономиканың тек аз ғана бөлігін құрайды, сондықтан оның дамуы үшін, барлық параметрлер әлемдік рыноктан, яғни сырттан беріледі. Ашық экономика үшін Манделл-Флеминг үлгісі ең алғаш рет XX ғасырдың 60-жылдарында қалыптасты және IS-LM үлгісінің жетілдірілген нысаны болып табылады. Екі үлгі де қысқа мерзім кезеңін және бағаның тұрақтылығы мен өндіріс көлемінің (жиынтық табыстың) өзгеруін қарастырады. Олардың айырмашылықтары IS-LM жабық экономиканы, Манделл-Флеминг ашық шағын экономиканы қарастырады.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары

1. Экономиканың ашықтылығын сипаттайтын көрсеткіштер қандай?
2. Ашық экономиканың түрлері қандай?
3. Макроэкономикалық тепе-теңдіктің формалары қандай?
4. Ішкі және сыртқы тепе-теңдіктің орын алу мүмкіндіктері қандай?
5. Манделл-Флеминг үлгісі қандай мәселелерді шешу үшін қолданылады?
6. Манделл-Флеминг үлгісінде ақша-несие саясатының ұлттық табысқа әсері қандай?

7. Манделл-Флеминг үлгісінде бюджет-салық саясатының ұлттық табысқа әсері қандай?

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі
Негізгі:

1. Макроэкономика: Оқу құралы / Жалпы редакциясын басқарғандар: Ә. Ә. Әбішев, К. А. Хубиев. Басылым ықшамдалып алынды. – Алматы: «Экономика», 2008. 8-тарау.

2. Макроэкономика: учебник / Под общ. ред. А. А. Абишева, К. А. Хубиева. – Алматы: «Экономика», 2007. Раздел 5, глава 12, 13.

3. Вечканов Г. С., Вечканова Г. Р. Макроэкономика. 2 - е изд. - Спб.: Питер, 2008. Глава 13.

4. Курс экономической теории: учебник – 5-е исправленное, дополненное и переработанное издание/ Под общ. ред. Чепурина М. Н. и Киселевой Е. А. – Киров: «АСА», 2006. (Раздел 3: Макроэкономика; Раздел 4: Международные аспекты экономической теории). Глава 28.

5. Ивашковский С. Н. Макроэкономика: Учебник. 2 – изд., испр., доп. – М.: Дело, 2002. Главы 13, 14.

Қосымша:

1. *Тоқсанбай С. Р.* Үлкен экономикалық орысша-қазақша сөздік/ Большой экономический русско-казахский словарь. – Алматы, 2010. 1010 б.Мэнкью Н. Г. Принципы макроэкономики. Учебник для вузов / Пер. с англ. – 2-е изд. – Спб.: Питер, 2006. – 576 с.

2. *Тарасевич Л. С., Гальперин В. М., Гребенников П. И., Леусский А. И.* Макроэкономика: Учебник / под ред. Тарасевича Л. С. 5-е изд.- М.: ЮРАИТ, 2004. – 656с.

3. *Вечканов Г. С., Вечканова Г. Р.* Макроэкономика. Учебное пособие. 6-е изд.- Спб.: Питер, 2005. - 256с.

4. *Абакумова О. Г.* Макроэкономика. Конспект лекций: Пособие для подготовки к экзаменам. – М.: ПРИОР – Издат, 2005. – 224 с.

5. *Базылев Н. И.* и др. Макроэкономика. Учебное пособие. – М.: ИНФРА – М, 2003. – 190 с.

6. Введение в макроэкономику: Учебное пособие./ Под ред. *М. Е. Дорошенко* - М.: ЮНИТИ, 2000. – 175 с.

7. ҚР Статистика Агенттігінің мәліметтері. www.stat.kz

Практика сабағының жоспары:

Практика сабағын «дөңгелек үстел» түрінде өткізу жоспарланған, тақырыптың негізгі теориялық сұрақтарын пікірталас, ауызша жауап беру, дискуссия, сұрақ-жауап, т.б. ұйымдастыру әдістері арқылы жүргізілуі тиіс.

Мақсаты: ашық экономика жағдайындағы макроэкономикалық тепе-теңдік мәселесін қарастыра отырып оның мәні мен ерекшелігін Манделл-Флеминг үлгісі арқылы сипаттау. Осы мақсатқа жету үшін практика сабағында тақырып бойынша мынадай сұрақтардың мәнін ашу керек:

1. Ашық экономика: түсінігі, әртүрлілігі.
2. Ашық экономикадағы Манделл-Флеминг үлгісі.

СОӨЖ және СӨЖ тапсырмалары:

Мақсаты: тақырыптың талқылау сұрақтарын ұсынылатын әдебиет көздерінен оқып білу және төмендегі тапсырмаларды орындау арқылы тақырыпты бекіту.

1. Тақырып бойынша экономикалық сөздік (глоссарий) жасау.

2. Тақырып бойынша логикалық схемалар құрастыру.

3. Реферат, эссе, баяндама тақырыптары:

- Қазақстанда үлкен ашық экономиканы қалыптастыру және дамыту;
- Нобель сыйлығының иегері Роберт Манделл және ашық экономика үлгісі.

4. Өзіндік жазба жұмыстар (конспект):

- Макроэкономикалық тепе-теңдіктің формалары мен шарттары;
- Ішкі және сыртқы тепе-теңдік.

5. Тест сұрақтарына жауап беру керек:

1. Мына тұжырымдардың қайсысы кіші ашық экономикаға тән емес:

а) инвестиция мөлшері әлемдік пайыз мөлшерлемесіне тәуелді

ә) ұлттық жинақтар инвестицияға тең

б) таза экспорт мөлшері ұлттық табысқа тәуелді

в) импорт мөлшері импорттауға деген шекті бейімділікке байланысты

2. Манделл-Флеминг үлгісі бойынша қалқымалы валюталық бағам кезіндегі ынталандырушы бюджет-салық саясатының қызметі:

а) табысты өсіреді

ә) айырбас бағамын арттырады

б) таза экспортты ұлғайтады

в) ешқандай өзгерістерді тудырмайды

3. Кіші ашық экономикада, егер сыртқы әлемнің жинақтары төмендесе, онда:

а) валютаның нақты қымбаттауы және таза экспорттың төмендеуі орын алады

ә) валютаның нақты қымбаттауы және таза экспорттың өсуі орын алады

б) валютаның нақты құнсыздануы және таза экспорттың төмендеуі орын алады

в) валютаның нақты құнсыздануы және таза экспорттың өсуі орын алады

4. Ашық экономикада Манделл-Флеминг үлгісіне сәйкес айырбас бағамының жоғарылауы:

а) IS қисығын оңға жылжытады

ә) IS қисығын солға жылжытады

б) LM қисығын оңға жылжытады

в) LM қисығын солға жылжытады

5. Манделл-Флеминг үлгісі бойынша қалқымалы валюталық бағам кезіндегі ынталандырушы ақша-несие саясатының қызметі:

а) табысты азайтады

ә) айырбас бағамын арттырады

б) таза экспортты ұлғайтады

в) ешқандай өзгерістерді тудырмайды

6. Ашық экономикада шығындар мультипликаторының мөлшері:

а) жабық экономикадағы шығындар мультипликаторынан үлкен болады

ә) жабық экономикадағы шығындар мультипликаторынан кіші болады

б) жабық экономикадағы шығындар мультипликаторының мөлшеріне тең болады

в) ол импорт көлеміне байланысты, сондықтанда ол туралы ешнәрсе айта алмаймыз

7. Мына тұжырымдардың қайсысы кіші ашық экономикаға тән емес:

а) инвестиция мөлшері әлемдік пайыз мөлшерлемесіне тәуелді

ә) ұлттық жинақтар инвестицияға тең

б) таза экспорт мөлшері ұлттық табысқа тәуелді

в) импорт мөлшері импорттауға деген шекті бейімділікке байланысты

8. Манделл-Флеминг үлгісі бойынша тағайындалған валюталық бағам кезіндегі ынталандырушы бюджет-салық саясатының қызметі:

а) табысты өсіреді

ә) айырбас бағамын арттырады

б) таза экспортты ұлғайтады

в) ешқандай өзгерістерді тудырмайды

9. Манделл-Флеминг үлгісі бойынша тағайындалған валюталық бағам кезіндегі ынталандырушы ақша-несие саясатының қызметі:

а) табысты өсіреді

ә) айырбас бағамын арттырады

б) таза экспортты ұлғайтады

в) ешқандай өзгерістерді тудырмайды

10. Манделл-Флеминг үлгісінің мәні:

а) жабық экономикаға тән үлгі, яғни яғни елдің әлемдік нарықпен ешқандай байланысы болмайды

ә) кіші ашық экономикаға негізделген үлгі, яғни ұлттық экономиканың әлемдік нарықтағы үлесі жоғары емес, осыған байланысты оның негізгі даму параметрлері әлемдік нарықпен анықталады

б) үлкен ашық экономикаға негізделген үлгі, яғни ұлттық экономиканың әлемдік нарықтағы үлесі өте зор, осыған байланысты оның негізгі даму параметрлері әлемдік пайыз мөлшерлемесіне әсер ете алады

в) әлемдік саудадағы өндіріс факторларының арақатынастарын зерттеуге негізделген

14-тақырып.
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САУДА ТЕОРИЯЛАРЫ. САУДА САЯСАТЫ

Мақсаты: халықаралық сауданың теорияларына сипаттама беру, мемлекеттің сыртқы сауда саясатындағы негізгі әдістерді қарастыру, сауда саясатындағы негізгі тосқауылдардың түрлерін анықтау. Әсіресе, Қазақстанның әлемдік сауда жүйесіндегі алар орны мен рөлін ашып көрсету.

Дәріс жоспары:

1. Халықаралық сауда: мәні, факторлары, теориялары.
2. Мемлекеттің сауда саясаты: протекционизм және еркін сауда.
3. Сауда саясатындағы тарифтік және тарифтік емес шектеулер.
4. Қазақстанның халықаралық сауда жүйесіндегі алатын орны.

Негізгі түсініктер: халықаралық сауда; абсолютті артықшылықтар теориясы; салыстырмалы артықшылықтар теориясы; Хекшер-Олин теориясы; Леонтьев оғаштығы; Рыбчинский теоремасы; «Голланд ауруы»; Портер теориясы; протекционизм; еркін сауда (фритредерстік); сауда саясаты; кеден баждары; тарифтік емес шектеулер; демпинг; эмбарго және т.б.

Тақырыптың мазмұны.

Халықаралық экономика – бұл макроэкономиканың ашық экономикадағы мәселелерді қарастыра отырып, әлем елдері арасында тауарлар мен қызметтерді сату-сатып алу, қаржылық қатынастар және өндіріс факторларымен өзара алмасу саласындағы іс-әрекеттерді зерттейтін бөлімі.

Халықаралық сауда – әртүрлі мемлекеттердің ұлттық шаруашылықтарының арасында жүретін тауар мен қызмет айырбасы. Халықаралық сауданың негізі – халықаралық еңбек бөлінісі. Халықаралық еңбек бөлінісі жеке елдердің мамандан-

дырылуын сақтайды. Олардағы өндіріс қызметінің әртүрлі саласын белгілі түрге мамандандырады. Нәтижесінде өндіріс пен ғылыми техникалық қызметтерді тауарлармен айырбастау жағдайын туғызып, халықаралық сауда дами түседі.

Халықаралық экономикалық қатынастардың басты нысандарына жататындар:

- халықаралық еңбек бөлінісі;
- тауарлар мен қызмет көрсетудегі дүниежүзілік сауда;
- халықаралық несие;
- халықаралық жұмыс күші миграциясы;
- өндірістік факторлардың халықаралық ауысуы;
- халықаралық валюта-қаржы қатынастары;
- халықаралық ғылыми-техникалық байланыстар;
- экономикалық интеграция.

Халықаралық еңбек бөлінісі мен тауар айырбасына әсер ететін төрт негізгі фактор бар:

1. Әлеуметтік-жағрафиялық фактор – жағрафиялық орналасу, халықтың құрылымы, саны және де олардың шаруашылық тәжірибесі.

2. Табиғи экономикалық фактор – табиғи климаттық жағдайлар, жер шаруашылығы құралдары, табиғи кен байлықтар.

3. Техникалық экономикалық факторлар – жеке елдердің экономикалық және ғылыми техникалық даму деңгейі әртүрлі болуымен анықталады.

4. Ғылыми-техникалық проресс. Халықаралық еңбек бөлінісі өнімдерінің тұрақты түрде жаңаруына, тауарлар ассортиментінің және олардың техникалық күрделілігінің шапшаң өсуіне алып келеді.

Сыртқы сауда – тауарлар мен қызметтерді сырттан әкелуден және оларды сыртқа шығарудан құралады. Әрбір елдің сыртқы сауда нәтижесі сауда балансынан көрінеді. Егер шығарылған тауар құнынан артық болса, онда оны сауда балансының оң сальдосы дейді. Керісінше жағдай болғанда пассивті сауда балансын құрайды.

Сыртқы сауда айналымы – елдің белгілі бір кезең ішіндегі экспорты мен импортының жиынтық көлемі.

Экспорт – тауарларды сыртқы нарықтарда өткізу үшін сыртқа

шығару, сондай-ақ, шетелдерде шығарылған тауарларды кері экспорттау.

Импорт – ел ішінде пайдалануға және кері экспорттауға арналған тауарларды шекарадан әкелу.

Мысалы, 2011 жылдың қаңтар айында ҚР-ның экспорттық құрылымы пайызбен есептегенде былайша көрініс тапты:

– минералды өнімдер – 70,5%;

– металлдар және олардан жасалған өнімдер – 19,0%;

– химиялық өнім және олармен байланысты өнеркәсіп салаларының өнімдері (каучуктер мен пластмассаларды қосқанда) – 3,6%;

– мал және өсімдіктер өнімдері, дайын азық-түлік тауарлары – 2,6%;

– машиналар, жабдықтар, көлік құралдары, аспаптар және аппараттар – 0,8%;

– өзгелері – 3,5%.

Ал 2011 жылдың қаңтар айында ҚР-ның импорттық құрылымы пайызбен есептегенде былайша көрініс тапты:

– машиналар, жабдықтар, көлік құралдары, аспаптар және аппараттар – 35,0%;

– минералды өнімдер – 17,7%;

– металлдар және олардан жасалған өнімдер – 14,2%;

– химиялық өнім және олармен байланысты өнеркәсіп салаларының өнімдері (каучуктер мен пластмассаларды қосқанда) – 12,9%;

– мал және өсімдіктер өнімдері, дайын азық-түлік тауарлары – 9,7%;

– өзгелері – 10,5%.

Халықаралық сауданың тиімділігі теориясына айтарлықтай үлес қосқан ағылшын экономистері А. Смит, Д. Рикардо, Дж.Ст. Милль болды.

Адам Смит **абсолютті артықшылықтар теориясының** негізін салды. Оның теориясы бойынша халықаралық сауда әртүрлі елдердегі тауар өндірісінің абсолютті шығындарының айырмашылығына негізделуі тиіс.

А. Смиттің ойынша, әрбір ел басқа елге қарағанда, еркін

нарық жағдайында өндірісіне аз шығын жұмсайтын тауарға маманданғаны дұрыс.

А. Смит әр елде белгілі тауарларды аз шығынмен өндіруге мүмкіндік беретін ерекше табиғи жағдайлар мен ресурстар бар екенін атап көрсетті.

А. Смиттің абсолютті артықшылықтар теориясын толықтырған және әрі қарай дамытқан Давид Рикардо болды. Ол өзінің **салыстырмалы артықшылықтар теориясын** ұсынды. Ол өзінің «Принципы политической экономии» атты еңбегінде, егер екі елдің біреуі абсолютті артықшылыққа ие болмаса, онда елдер арасында сауданың қалай мүмкін болатындығын дәлелдеген.

Салыстырмалы артықшылықтар теориясы – қандай да бір ел мамандандырылған өндіріс пен сауданы басқа мемлекетпен салыстырғанда баламалы (салыстырмалы) шығындары аз болатындай етіп жүзеге асыруы керек. Сонда жалпы өнім де жоғары деңгейде болады.

Салыстырмалы артықшылықтар теориясында сыртқы сауданың шарты абсолюттік шығындар айырмашылығы болуы міндетті еместігін және абсолюттік артықшылық болмаса да сыртқы сауданың тиімді екенін пайымдады.

Д. Рикардоның ойынша, елдер салыстырмалы арзан тауарларды сыртқа шығарып (экспорттап), ал өз еліне қарағанда шетелдерде аз шығын кететін тауарларды әкелуі тиіс. Әр ел басқа елге қарағанда, абсолюттік шығындары жоғары болса да салыстырмалы шығындары төмен өнімдер өндіруге мамандануы керек. Оның мысалында екі ел қарастырылады – Англия мен Португалия. Айталық, осы елдерде екі ғана тауар өндіріледі – шарап және мата. Бұдан басқа, Рикардоның үлгісінде жалғыз өндіріс факторы – еңбек қана қолданылады, сондықтан тауар өндіру шығындары еңбек шығындарымен (еңбектің адам-сағатымен) өлшенеді. Салыстырмалы артықшылықтар принципі 14.1-кестесінде берілген.

14.1-кесте. **Тауар өндірісіндегі салыстырмалы артықшылықтар (адам-сағатпен өлшенетін өндіріс шығындары)**

Ел	Шарап	Мата
Англия	120	100
Португалия	80	90

Кестеден көріп отырғанымыздай, Португалия екі тауар өндірісінде де абсолютті артықшылыққа ие болып отыр – Англиямен салыстырғанда бір бірлік шарап өндірісінде де, бір бірлік мата өндірісінде де еңбек шығынддары төмен. Егер осыны абсолютті артықшылықтар принципі тұрғысынан қарастыратын болсақ, онда Португалия Англиямен сауда жасамауы керек. Бірақ бұл елдерде салыстырмалы шығындары бойынша жағдай басқаша қалыптасады. Португалияда шарап бойынша салыстырмалы шығындар 80:90 құрайды (бұл елде шарап өндірісі мата өндірісіне қарағанда салыстырмалы арзан), ал Англияда осы тауар бойынша салыстырмалы шығындар 120:100 құрайды. Енді осындай арақатынастар салыстырылады: 80:90 < 120:100, сәйкесінше, Португалияда шарап өндірісі салыстырмалы арзан, ал Англияда мата өндірісінің салыстырмалы арзан екендігін байқауға болады.

Сондықтанда, осы елдер арасында **халықаралық еңбек бөлінісі** немесе **мамандандырудың** қажеттілігі туындайды: егер қандай да бір ел белгілі бір тауар өндірісінде балама шығындары салыстырмалы төмен болса, онда ол сол тауарды өндіруге толығымен маманданғаны дұрыс. Бұл жерде, Португалия мата өндірісінен толығымен бас тартып, өзінің барлық адам-сағат шығындарын шарап өндірісіне жұмсайды. Англия өз кезегінде, мата өндірісіне толық маманданып шарапты Португалиядан импорттайды.

14.2-кесте. **Халықаралық айырбастың өзара тиімділігі**

Ел	Жабық экономика			Ашық экономика		
	шарап	мата	барлығы	шарап	мата	барлығы
Португалия	80	90	170	160	0	160
Англия	120	100	220	0	200	200
Барлығы	200	190	**390**	160	200	**360**

Кестеден көріп отырғанымыздай, екі елдің мамандануы мен өзара халықаралық айырбасқа түсуі осы екі елге тиімділік әкеледі. Португалия енді екі бірлік шарап өндіреді, ал матаны импорттайды. Ал Англия керісінше, шарапты импорттай отырып, матаның екі бірлігін өндіреді. Жалпы алғанда, бұл айырбас қатынастары ашық экономика жағдайында өндіріс шығындарын төмендетуге

мүмкіндік жасайды, яғни мамандандыруды іске асырған кейін ашық экономикада жұмсалған 360 адам-сағат шығыны бастапқы жабық экономикада жұмсалған 390 адам-сағат шығынынан аз болып отыр.

Рикардоның үлгісі бірқатар болжамдарға сүйенеді:

1) тек екі ел және екі тауар ғана қарастырылады;

2) еңбек сияқты фактор тек ел ішінде ғана өте икемді болып табылады;

3) еркін сауданың орын алуы, яғни сыртқы саудадағы экспорттық немесе импорттық және басқа да шектеулердің болмауы;

4) екі тауар өндірісінің балама шығындары тұрақты (график түрінде, өндірістік мүмкіндіктер қисығы түзу сызықтық сипатқа ие болады);

5) көлік шығындары қарастырылмайды;

6) тауар өндірісіндегі технологияның өзгеріссіздігі;

7) ресурстар бір-бірімен толық айырбастала алады.

Осы болжамдардың ең болмағанда біреуіне тоқталып өткен жөн. Мысалы, көлік шығындарының болмауы. Көліктік шығындар тауарлардың саудалануын анықтайтын аса маңызды факторлардың бірі болып табылады. Көлік шығындарын есепке алу игіліктердің мынадай екі бөліп көрсетуге мүмкіндік береді – **саудаға түсетін тауарлар** және **саудаға түспейтін тауарлар.**

Саудаға түсетін тауарлар өз кезегінде, *экспортталатын тауарлар* және *импортталатын тауарлар* болып бөлінеді.

Саудаға түспейтін тауарлар тек бір елдің шеңберінде ғана өндіріліп тұтынылады және олар экспортқа немесе импортқа шығарыла алмайды. Әдетте, мұндай тауарларға қызмет көрсетулердің түрлері жатқызылады.

Біріккен Ұлттар Ұйымының өнеркәсіптік жіктемесі бойынша саудаға түсетін және саудаға түспейтін тауарларға жатқызылатын тауарлардың түрлерін мына кестеден көруге болады (14.3-кесте).

Көп жағдайларда, кестеде беріліп отырған жіктеме салыстырмалы түрде шартталған болып табылады. Мәселен, жаңа технологиялардың дамуымен байланыс, сақтандыру бизнесі, қаржы секторы қызметтерінің көптеген түрлері саудаланатын тауарларға айнала алады.

14.3-кесте. **Салалар түрлері бойынша саудаланатын және саудаланбайтын тауарлар**

Саудаланатын тауарлар	Саудаланбайтын тауарлар
Ауыл шаруашылығы, орман шаруашылығы, балық шаруашылығы өнімдері Минералды шикізат өндіру және көмір өндіру өнімдері Өңдеуші өнеркәсіп өнімдері	Электр энергиясы, сумен жабдықтау Құрылыс Сауда, мейрамханалар, қонақүйлер Көлік, қоймалау, байланыс Қаржы сферасы, сақтандыру, жылжымайтын мүлік Коммуналдық, қоғамдық қызметтер Қызметтердің басқа да түрлері

Сонымен, Давид Рикардоның салыстырмалы артықшылықтар теориясын **«екі ел – екі тауар» қарапайым үлгісі** деп атауға негіз бар. Оны график түрінде басқа бір мысалмен сипаттауға болады. Бұл жерде микроэкономика курсынан белгілі өндірістік мүмкіндіктер қисығы қолданылады.

Айталық, әлемдік сауданы құратын екі ел бар – Қазақстан және Өзбекстан. Екі елде де 1000 адам-сағат санының шамасы қолданылады және осы арқылы белгілі бір уақытта, бидай және мақта сияқты екі тауарды әртүрлі үйлесімділікпен өндіре алады. Қазақстанда осы екі тауар өндірісіне кететін шығындардың арақатынасы мынадай: 1 тонна бидай = 1 тонна мақта, яғни қосымша 1 тонна бидай өндіру үшін 1 тонна мақтадан бас тарту керек. Өзбекстанда бұл арақатынас мынандай: 1 тонна бидай = 2 тонна мақта, яғни қосымша 1 тонна бидай өндіру үшін 2 тонна мақтадан бас тартуға тура келеді. Сонда, бидайдың мақтаға шаққандағы салыстырмалы бағасы Өзбекстанда Қазақстанға қарағанда жоғары болып табылады. Қазақстан бидай өндірісінде, ал Өзбекстан мақта өндірісінде салыстырмалы артықшылыққа ие екендігін байқауға болады. Бұл жағдайда, Қазақстан бидай өндірісіне маманданады, ал мақтаны Өзбекстаннан импорттайтын болады. Ал Өзбекстан болса өз кезегінде, мақта өндірісіне толық маманданып, бидайды Қазақстаннан импорттайды.

14.1-суретте екі елдегі бидай мен мақта бойынша арақатынастар көрсетілген. 14.1 а-суреті Қазақстанның бидай мен мақтаны өндіре алудың максималды көлемін сипаттайды: 1 тонна

бидай = 1 тонна мақта. Ал Өзбекстанда бұл арақатынас 1 тонна бидай = 2 тонна мақта ретінде 14.1 ә-суретінде берілген.



14.1-сурет. Мамандандыруға және халықаралық саудаға дейінгі өндірістік мүмкіндіктер қисығы: а – Қазақстан; ә – Өзбекстан

Сонымен, әрбір елдің тауардың белгілі бір түрін өндіруге мамандануы бидайды да және мақтаны да көптеп өндіріп тұтынуға мүмкіндік жасайды. Алайда, Қазақстан мен Өзбекстан үшін осындай тиімді халықаралық айырбас қандай әлемдік бағалармен жүргізіледі деген мәселе туындайды, яғни енді осы елдерді *сауда шарттары* немесе *экспорттық және импорттық бағалардың арақатынастары* қызықтырады. Біздің мысалымыздағы бағалар ақшалай нысанда емес, балама шығындар арқылы көрінеді, яғни қандай да бір ел қосымша тауар бірлігін өндіру үшін екінші бір тауардың қанша бірлігін өндіруден бас тарту қажет екендігімен түсіндіріледі. Олай болса, Қазақстанда бидайдың ішкі бағасы 1 бірлікке, ал Өзбекстанда 2 бірлікке тең. Егер Қазақстан әлемдік нарықта 1 тонна бидай үшін 1 тоннадан артық мақта ала алатын болса, онда Қазақстан үшін әлемдік сауда тиімді болып табылады, мысалы, бұл елге 1 т. бидай = 1,2 т.мақта немесе 1 т. бидай = 1,5 т. мақта арақатынасында сауда жасаса болады. Бұл жерде, Қазақстанның әлемдік нарықтағы ең жоғары арақатынасы – 1 т. бидай = 2 т. мақта, яғни Өзбекстанда өндірілетін бидайдың балама шығынымен анықталатын максималды бағасы болып табылады. Өз кезегінде, егер Өзбекстан әлемдік нарықта қосымша 1 тонна бидай үшін 2 тоннадан кем болатындай мақтаның көлемін бере алатын болса, онда сол ел үшін әлемдік сауда тиімді болар еді, мысалы, бұл елге 1 т.бидай = 1,8 т. мақта немесе 1 т. бидай = 1,5 т. мақта және басқадай арақатынасында сауда жасаса болады.

Бұл жерде, ең төменгі салыстырмалы баға 1 т. бидай = 1 т. мақта арақатынасына тең болады.

Сонымен, әлемдік нарықта осындай тауарлар үшін бағалар қалай қалыптасады? Бұл халықаралық сауда жағдайында бидай мен мақтаға сұраныс пен ұсынысқа байланысты болып табылады. Мәселен, әлемдік баға 1 т. бидай = 1,5 т. мақта арақатынасымен анықталады делік. Яғни, Қазақстан әлемдік нарықта 1 тонна бидай ұсына отырып, 1,5 тонна мақта сатып ала алады. Бұл арақатынас Өзбекстан үшін де пайдалы, себебі ол 1 тонна бидай үшін мақтаның тек 1,5 тоннасын ғана береді (жабық экономика жағдайында 2 тонна мақтаның орнына). Енді екі ел халықаралық айырбас пен мамандандырудың нәтижесінде тұтынудың жаңа деңгейіне өтсе, халықаралық саудадан тиімділік көреді (14.2-сурет).



14.2-сурет. Сауда мүмкіндіктерінің сызығы: а – Қазақстан; ә – Өзбекстан

14.2-суретте сол елдердің өндірістік мүмкіндіктер қисығы (ӨМҚ) берілген. Бірақ әр елдің **сауда мүмкіндіктерінің сызығы** бұрынғы өндірістік мүмкіндіктер қисығынан жоғары орналасқан. Олардың көлбеулігі екі ел үшін бірдей, өйткені ол бидай мен мақтаға қалыптасқан әлемдік баға деңгейімен анықталады және **1 т. бидай = 1,5 т. мақта** сауда шартын көрсетеді.

14.2, а-суретінің графигіндегі ордината осінде Қазақстанның маманданған тауар (бидай) өндірісінің көлемі көрсетілген, ал абсциссада – импортталатын тауар (мақта) саны берілген. Керісінше, 14.2, ә-суретінің графигіндегі ордината осінде Өзбекстанның Қазақстаннан импорттайтын бидай көлемі, ал абсцисса осінде – Қазақстанға экспорттайтын мақтаның көлемі көрсетілген. Екі

елдің ӨМҚ-ң кез келген екі нүктесін алуға болады, мысалы, Қ және Ө нүктелері. Әрбір ел үшін Қ* және Ө* нүктелеріне сәйкес келетін сауда мүмкіндіктерінің аса жоғары сызығына өту мынаны көрсетеді: әрбір ел сыртқы сауданың нәтижесінде бидайдың да және мақтаның да көп мөлшерін тұтына алады, яғни екі елдің бұл жерде әл-ауқаттылығы артып Парето-оптимум орнайды. Сөйтіп, екі ел де сыртқы саудадан тиімділік көреді.

Д. Рикардоның салыстырмалы артықшылықтар теориясында еңбек сияқты жалғыз ғана фактордың өнімділігі арқылы сыртқы сауданың тиімділігі қарастырылады. Алайда, әртүрлі елдерде еңбектің беретін өнімділігі әртүрлі болады, одан басқа, әртүрлі тауарлар өндірісінде өндіріс факторларының басқа да түрлері және олардың алуан түрлі үйлесімділіктерде қолданылатындығы белгілі. Сондықтан, уақыт өте келе, Рикардо теориясының алғышарттарын кеңейтуге және осы үлгіні ары қарай дамытуға аса жақсы мүмкіндіктер туа бастады.

Қазіргі батыс экономистері (неоклассикалық теория өкілдері) Д. Рикардоның халықаралық сауда теориясын одан ары дамытып жетілдірді. Бұл бағыттағы теорияның дамуына зор үлес қосқан швед ғалымдары Эли Хекшер және оның шәкірті, Нобель сыйлығының лауреаты Бертиль Олин, сондай-ақ, американдық ғалым, Нобель сыйлығының лауреаты Пол Самуэльсон (Хекшер-Олин үлгісін математикалық түрде экономикалық тәжірибеге бейімдеп берді) болды. Сондықтан аталмыш үлгіні батыста **Хекшер-Олин-Самуэльсон үлгісі** деп те атайды.

Хекшер-Олин үлгісін *сыртқы сауданың факторлық теориясы* деп атайды. Хекшер 1919 жылғы және Олин 1933 жылғы өздерінің жеке дара зерттеулерінде мына мәселені алға тартады: *«әр елде тарихи және географиялық ерекшеліктеріне байланысты өндіріс факторлары – еңбек, капитал және жер ресурстары әркелкі орналасқан. Соған байланысты, жұмыс күшінің артықшылығы бар елдерге көп еңбек жұмсалатын тауарларды өндіруге маманданған тиімді, ал капитал артықшылығы бар елдер капиталды көп қажет ететін тауарларды экспорттағаны дұрыс».* Олай болса, тауарлардың мынадай түрлерін бөліп көрсетуге болады:

– еңбекті көп қажет ететін (еңбек сиымдылығын) тауар-

лар (мысалы, сигарлар, киім-кешек, қол жұмысымен жасалған кілемдер);

– капиталды көп қажет ететін (капитал сиымдылығын) тауарлар (автомобильдер, ұшақтар, кемелер);

– жерді көп қажет ететін тауарлар (дәнді-дақылдар, ағаш өнімдері).

Сонымен, біз қазіргі уақытта, еңбек артықшылығы бар елдер, капитал артықшылығы бар елдер және жер артықшылығы бар елдер туралы айта аламыз. Мәселен, АҚШ пен Жапония капитал факторының үлкен дәрежесіне, Ресей мен Бразилия жер (орман) факторының бай қорына ие болса, ал Қытай мен Үндістанда еңбек факторы және жұмыс күшінің аса үлкен армиясы шоғырланған.

Егер елдер әртүрлі өндіріс факторларымен әркелкі қамтылған болса, онда сол факторлардың бағалары да салыстырмалы түрде әртүрлі деңгейде болады. Мысалы, А мемлекетінде еңбек факторы көп болса, онда сол фактордың бағасы – жалақы мөлшері салыстырмалы төмен болады. Ал В мемлекетінде капиталдың көп бөлігі шоғырланса, онда капиталдың бағасы – пайыз мөлшерлемесі де салыстырмалы төмен болады. Елдер өндіріс шығындарының құрамында салыстырмалы арзан фактор көптеп қолданылатын және салыстырмалы қымбат фактор аздап қолданылатын салаларға маманданады. Осыған орай, елдердің өндіріс факторларымен әркелкі қамтылуынан салыстырмалы артықшылықтар туындайды, ал сыртқы сауданың бағыты әртүрлі елдердің өндіріс факторымен қаншалықты қамтылғандығына сай жүріп отырады.

Хекшер-Олин теориясына сәйкес, халықаралық айырбастың мынандай дәлелдемесі сипатталады, яғни артылған факторларды тапшы факторларға айырбастау. **Хекшер-Олин теоремасы** – бұл егер халықаралық сауданың кез келген қатысушысы өз әріптестеріне қарағанда, қандай да бір фактордың үлкен көлеміне ие бола отырып сол факторды тауарлар өндірісінде интенсивті түрде қолдана алса, онда ол сол тауарларды экспорттауға тырысады дегенді сипаттайтын теориялық дәлелдеме.

Хекшер-Олин үлгісі бірнеше рет тәжірибеде тексеріліп бірқатар өзгерістерге ұшырады. Американ экономисі (тегі орыс), Нобель сыйлығының лауреаты Василий Леонтьев 1954 жылы

өзінің мақаласында: «1947 жылы капитал артықшылығына ие АҚШ елі еңбекті көп қажет ететін тауарларды шетке шығарды» деп жазды. Бұл әрине Хекшер-Олин теориясына қайшы келді. Аталмыш сәйкессіздік «Леонтьев оғаштығы» (парадоксы) деген атқа ие болды. Оның анықтамасы былай сипатталады.

Леонтьев оғаштығы – бұл АҚШ елі капитал артықшылығына ие бола отырып, капитал интенсивтілігімен өндірілген тауарларды экспорттаудың орнына оны импорттап, ал еңбекті көп қажет ететін тауарларды, осы фактордың сол елде тапшы болуына қарамастан, экспорттауы орын алған тәжірибелік қайшылық. Тәжірибе жүзінде, АҚШ-та 1940-жылдары капитал факторы артық және еңбек факторы тапшы болғанымен Хекшер-Олин теориясын жоққа шығаратындай осындай ерекше құбылыс орын алған. Сонымен, бұл парадокс қалайша туындады?

Шын мәнінде, капитал мен еңбек өндірістің аса іріленген факторлары ретінде қарастырылады. Леонтьевтің көңіл аударуы бойынша, өндірісте арнайы мамандандырылған ерекше факторларды бөліп көрсету керек. Ондай фактор ретінде өзіне менеджменттің жетістіктерін және «адам капиталының» шығындарын сіңірген ерекше факторлар болуы мүмкін. Демек, өндіріс факторларын ірілендірудің жаңа бағытын осылай сипаттауда, АҚШ өндірісте біліктілігі аса жоғары жұмыс күші көптеп қолданылатын ғылыми сиымдылықты (наукоемкие) тауарларды экспорттаған. Олай болса, АҚШ шындығында да, сол уақытта, еңбек факторының артықшылығына ие мемлекет ретінде саналған, яғни ол басқа елдерге қарағанда біліктілігі жоғары американдық жұмыскерлермен салыстырмалы түрде көп қамтылған. Сондықтанда, Леонтьев 1970-жылдары парадокстың мәнін өзі осылай шешіп Хекшер-Олин теоремасы тәжірибе жүзінде толыққанды орындалады деген қорытындыға келеді.

Леонтьев оғаштығы теориясына сәйкес **«жұмыс күшінің біліктілігі» үлгісі** пайда болды. Енді осы үлгі шеңберінде, өндірісте төрт негізгі фактор – *біліктілігі жоғары еңбек, біліктілігі төмен еңбек, капитал* және *жер* факторлары қолданылады деген тұжырым алға қойылды. Сонымен қатар, Леонтьев оғаштығын түсіндіру «капитал» ұғымын да кеңейтті, яғни адам

капиталы, физикалық капитал, білім капиталы, қаржылық капитал деген терминдер өмірге келді.

Сыртқы сауданың факторлық теориялары ары қарай дами түсті. Соның бірі болып **Рыбчинский теорамасы** табылды. Тегі поляк ағылшын экономисі Т. М. Рыбчинский 1955 жылы өз теориясында экономикалық өсудің сыртқы саудаға деген әсерін зерттеп, өнеркәсіптің кейбір салаларының тез қарқынмен дамуы басқа бір салалардың құлдырауына алып келетіндігін байқаған.

Рыбчинский теоремасы – өнеркәсіптің қандай да бір саласында интенсивті түрде қолданылатын фактор ұсынысының өспелі сипатта көбеюі салдарынан сол салада өндіріс көлемі мен пайданың салыстырмалы артуы басқа бір салада қолданылатын сол фактордың қарқындылығын төмендетіп, өндіріс көлемі мен пайданың қысқаруына алып келетінін дәлелдейтін теория. Осыған орай, бір саланың өндірісі мен экспортын белсенді түрде арттырудың салдарынан басқа бір саланың өндірісі құлдырап, деиндустриализацияға ұшыратуы мүмкін. Рыбчинский теоремасының тәжірибе жүзіндегі жарқын көрінісін – **«Голланд ауруы»** деген ерекше құбылыс сипаттайды. 1960-жылдары Голландияның Солтүстік теңізде табиғи газдың ірі қорын ашуымен осындай жағдай орын алды. Газды өндіру және оны белсенді түрде экспорттау осы елде экспортқа бағытталатын дәстүрлі салалардың өндірісін маңызды түрде құлдыратып жіберді. Олай болса, «голланд ауруын» түсіндіру Рыбчинский теоремасымен тығыз байланысты. Жаңа кен орындарының ашылуы және газ сияқты шикізатты экспорттап оған жұмыс күшін және басқа да факторларды тарту өнеркәсіптің басқа секторларының тұрақтап қалуына алып келеді. Сонымен қатар, шикізат өндіру салаларындағы ұсыныстың күрт артуы салдарынан ұлттық валютаның айырбас бағамы айтарлықтай өзгеріске ұшырайды, яғни газ, мұнай немесе басқа да шикізат көздерін экспорттаудың белсенді түрде артуынан ел ішіне шетел валютасы көптеп ағылады және басқа да тұрақты жағдайларда ұлттық валютаның айырбас бағамы өседі. Бұл өз кезегінде, өнеркәсіптен шыққан дайын тауарларды экспорттау тиімділігінің жоғалуына алып келеді. Кейіннен, «голланд ауруымен» Испания, Ұлыбритания, Бразилия, Мексика, Колумбия сияқты мемлекеттер ауырған. «Голланд ауруының»

ушыққан түрлерін басқаша, *«Испан дерті»* және *«Африкандық ауру»* деп атайды.

Бірқатар қазақстандық авторлардың пікірінше, отандық экономикада осы «голланд ауруының» дерті сезілуі әбден мүмкін, себебі сыртқы сауда айналымы үлесінде шикізаттық тауарлардың басым бөлігі (шамамен, 70-75%) бар болғандықтан және қазіргі уақытта, мұнайға деген әлемдік бағаның шарықтауынан бұл феномен өрши түсіп, ұлттық экономикаға айтарлықтай қауіп төндіруі ықтимал.

1991 жылы американ экономисі Майкл Портер «Елдердің бәсекелестік артықшылықтары» зерттеулерін жүргізді (орыс тілінде «Халықаралық бәсекелестік» деген атпен басып шығарды). Өндірісі жағынан дамыған сегіз елдің 100 шақты саласын қамтып, ауқымды статистикалық мәліметтерді талдау негізінде дайындалған бұл зерттеуде мүлдем жаңа әдістерді халықаралық саудада қалай қолдану керектігі жазылған болатын. Осы әдіске сілтеменің бірі келесідей: «Халықаралық саудада елдер бәсекелеспейді, керісінше фирмалар бәсекелеседі. Фирма бәсекелестік артықшылықты тудырады және ұстанады, бұл үшін мемлекеттің осы процестегі рөлін түсіну керек».

Бәсекелестік барысында фирма стратегиясына екі мүмкіндік әсер етеді:

1. *Саланың құрылымы*, мұнда фирма іс-әрекет жасайды, әсіресе, бәсекелестікке, соның ішінде салалық бәсекелестікке төмендегідей 5 (бес) фактор әсер етеді:

1) жаңа бәсекелестердің пайда болуы;

2) жаңа тауарлардың пайда болуы;

3) жеткізіп берушілердің саудаласа білуі;

4) сатып алушылардың саудаласа білуі;

5) ескі бәсекелестердің өзара бәсекелесуі.

2. *Саладағы фирманың алатын орны,* оның рөлі бәсекелестік артықшылықпен анықталады. Фирма бәсекелестік артықшылығы болған жағдайда ғана өз бәсекелестерінің алдына шығады:

1) Фирмалардың тауарларды өндіріп және бәсекелестеріне қарағанда оны салыстырмалы бағамен сата білуі олардағы шығынның төмен екендігін куәландырады.

2) Тауарлардың дифференциациясы немесе фирманың тауар сатып алушыларының қажеттілігін қанағаттандыра алуы, яғни жоғары сапалы тауарды немесе қолдану қасиеттеріне қарай тауарды ұсынуы.

Жоғарыда айтылған бәсекелестік және бәсекелестік стратегия сыртқы және ішкі нарықта бірдей дәрежеде қолданылады.

Халықаралық сауданың осы аталып кеткен және басқа да теориялары ел үшін қандай тауарды сыртқа шығарған және қандай тауарды сырттан әкелген тиімді екенін түсіндіре отырып, сыртқы сауданың құрылымын сипаттауға тырысты. Бұл жерде аса маңыздысы – ол әлемдік нарықта сұраныс пен ұсынысты және бағалардың тепе-теңдік деңгейін, сондай-ақ осы арқылы сыртқы сауданың ұтымын анықтау болып табылады. *Әлемдік нарықта тепе-теңдік баға қалай қалыптасады?* Бұл сұраққа жауап беру үшін өзара саудаласушы елдердің қандай да бір тауар бойынша сұраныс пен ұсыныс шарттарын анықтау қажет.

Қазіргі заманғы ашық экономика жағдайында тауарлар мемлекеттік шекаралар арқылы еркін түрде жүріп отырады. Бұл жерде ел ішінде қандай да бір тауардың (мысалы, автомобиль) тепе-теңдік бағасын анықтайтын сұраныс пен ұсыныс сол тауарға әлемдік сұраныс пен ұсыныстан және оның әлемдік бағасынан едәуір өзгеше болуы мүмкін (14.3-сурет).



14.3, а-сурет. Импорттаушы ел тауарының ішкі бағасы,
ә) әлемдік баға және б) экспорттаушы ел тауарының ішкі бағасы

14.3, а-суретінде А елінің автомобильге деген ішкі сұраныс пен ұсыныс қисықтары берілген, 14.3, б-суретінде В елінің сон-

дай ішкі сұраныс пен ұсыныс қисықтары берілген, ал әлемдік баға P_W деңгейі автомобильге деген әлемдік сұраныс D_W пен әлемдік ұсыныс S_W қисықтарының қиылысу нүктесінде қалыптасады. Бұл жағдайда, әлемдік баға А елінің ішкі сұранысымен және ұсынысымен анықталатын тепе-теңдік P_A бағасынан төмен, олай болса, А еліне автомобильді сырттан әлемдік төмен бағамен импорттаған тиімді болып табылады. Керісінше, әлемдік баға В елінің тепе-теңдік ішкі P_B бағасынан жоғары, олай болса, В еліне автомобильді сыртқа әлемдік жоғары бағамен экспорттаған тиімді болып табылады.

Мемлекеттік сыртқы сауда саясаты екі типте жүргізіледі: протекционизм және еркін сауда (фритредерство).

1. Протекционизм (латынша «protectio» - қорғау) – жергілікті тауар өндірушілерді шетелдік бәсекелестерден қорғау саясаты. Протекционизм капиталдың алғашқы қорлануы кезінде (XVI-XVIII ғ.ғ) пайда болды. Оның теориялық негізін меркантилистер құрды және бас кезінде Францияда кең таралды. Ресейге Петр I-нің билік еткен кезеңінде келді.

Протекционистік саясатты жақтаушылардың агрументтері:

1. Протекционизм ұлттық ресурстарды пайдалану деңгейін көтереді.

2. Протекционизм импорттық салықтарды қолданып, экономикалық тиімділікті арттырады.

3. Протекционизм өзінің экономикалық дамуына келеңсіз жағдайларға ұшыраған салаларды көтеруге мүмкіндік береді.

4. Протекционизм тек өте үстіртін жағдайларда (төлем балансы тапшылығы, ұлттық экономиканы шетелдік субъектілердің бәсекесінен қорғау үшін) қолданылады.

Сондай-ақ, протекционизмді жақтаушылар оның әлеуметтік-экономикалық артықшылықтарын атап көрсетеді:

- протекционизм елдердің қауіпсіздік қабілетін ұстауға жағдайлар жасайды. Әр ел өзінің ұлттық қауіпсіздігіне қажетті стратегиялық маңызды салалардың (ауыл шаруашылығы, тамақ өнеркәсібі, металлургия және т.б.) дамуын қамтамасыз етуі қажет;

- протекционизм өмір сүру деңгейі мен сапасы төмен елдерді дамыған елдерден қорғау үшін қажет;

- протекционистік саясат кейбір әлеуметтік топтар мен экономикалық қызметтерді (крестьяндық, ұлттық қолөнерді) сақтап қалуға мүмкіндік береді.

Мемлекеттің протекционистік саясаты – бұл ұлттық экономиканы шетелдік бәсекелестіктен қорғау мақсатында жүргізетін белсенді экономикалық саясаты. Протекционизмді кезінде Ф. Лист, Дж. С. Милль, И. Посошков және Дж. Кейнс сияқты ғалымдар қолдады.

2. Фритредерлік (ағылшынша «freetrade» - еркін сауда) саясат – ішкі рынокқа шетел капиталы мен қызметтерді енгізуді қолдайтын мемлекеттің еркін сауда саясаты. Фритредерлік XVIII ғасырда Ұлыбританияда пайда болды. Еркін сауданы бірінші болып жақтаған Н. Барбон болды, кейіннен А. Смит, Д. Рикардо, А. Маршалл ашық қолдады.

Еркін сауданы жақтаушылардың аргументтері:

1. Фритредерлік еркін саудаға қатысушы елдердің тұрмыс деңгейі мен сапасын көтереді.

2. Фритредерлік бәсекенің дамуына жағдайлар жасап, отандық өндірушілердің жаңа, сапалы тауарлар өндіруге ынтасын көтереді.

3. Фритредерлік жаңа рыноктардың дамуына мүмкіндік тудырады.

4. Фритредерлік өндірістік ресурстардың елдер арасында оңтайлы бөлінуін қамтамасыз етеді.

Протекционистер және фритредерліктердің көзқарастарын салыстыра келе, мынадай тұжырым жасауға болады: протекционистер қысқа мерзімді мүдделерді көздейді, фритредерліктер ұзақ мерзімді мақсаттарға негізделеді. Алайда нақты елге протекционизм тиімді, ал фритредерлік зиян деп немесе, керісінше айтуға болмайды. Итальян экономисі В. Парето айтқандай: «Қандай да бір елдің белгілі бір уақыт мерзімінде өзінің экономикалық және әлеуметтік жағдайын біле отырып, ол елге сол уақытта қандай саясаттың қажет екенін анықтап алуы қажет – протекционистік пе, әлде еркін сауда ма?».

Мемлекеттің сыртқы сауда саясаты – бұл экспорт пен импортты салықтар, субсидиялар және әртүрлі шектеулер арқылы сыртқы сауданы мемлекеттік реттеуді талап ететін үкіметтің бюджет-салық саясатының жеке бір бағыты.

Сыртқы сауда саясаты тарифтік немесе тарифтік емес құралдар арқылы жүзеге асады. Сыртқы сауданы шектеудің кең тараған әдісі болып тарифтер немесе кедендік баж салығы табылады.

Тарифтік шектеулер (кеден бажы) – бұл қандай да бір елдің шекарасынан өтетін тауарлардан, мүліктерден және құндылықтардан алынатын мемлекеттің ақшалай табыстары (салықтар). Баж салықтары импорт пен экспортқа бірдей салынатындықтан, олар импорттық тариф және экспорттық тариф болып бөлінеді.

Импорттық тариф – отандық тауар өндірушілерді шетел бәсекесінен қорғау мақсатында импорттық тауарларға салынатын салықтың бір түрі. Кеден салығы шетел тауарларына салынады, нәтижесінде тауарлар қымбаттайды, сұраныс азаяды. Кеден салықтары фискалдық қызмет атқарады, яғни ол мемлекет бюджетін толықтырудың негізгі көзі болып табылады.

Алайда импорттық тарифтер отандық тұтынушыларға біршама зиян әкеледі, өйткені тарифтерді енгізу импорттық тауарларды қымбаттатады, нәтижесінде отандық сатып алушылар қосымша салық төлейді. Яғни, импорттық тарифті енгізудің салдары: мемлекет пен фирмалар ұтады және тұтынушылар зиян



14.4-сурет. Импорттық тарифті енгізудің салдары

шегеді. Импорттық тарифтің ұлттық экономикаға осындай әсерін 14.4-суретімен түсіндіруге болады.

Суреттен байқағанымыздай, импорттық тауарға тарифтің енгізілуі, сол тауардың бағасын P_w-дан P_e-ге көтереді, нәтижесінде тауарға деген ішкі сұраныс Q_d-дан Q_d*-ға дейін қысқарады, ал ішкі ұсыныс Q_s-дан Q_s*-ға дейін артады. Бұл жерде импорттың жалпы көлемі Q_d* - Q_s* айырмасына қысқарады.

Ұлттық тұтынушылар импорттық тарифті енгізудің салдарынан **a+b+c+d** фигураларының ауданына тең таза зиян шегеді, сәйкесінше, олардың ұтымы азаяды. Ұлттық өндірушілердің қосымша таза ұтымы **a** фигурасының ауданына тең болады. Ал мемлекет болса, оның ұтысы **c** фигурасының ауданын құрайды. Осыған орай, ұлттық экономиканың таза жиынтық жоғалтулары **b+d** фигураларының ауданына тең болады, мұнда b – тауар өндіру көлемінің тиімді деңгейінен қысқаруы салдарынан болған өндірістік зияндар; d – тауарға бағаның өсуінен және импорттық тарифті енгізуге байланысты тұтынудың қысқаруынан болған тұтынушылық зияндар.

Сыртқы сауданы реттеудің тарифтік екінші бір құралы, яғни импорттық тарифтің «айнадағы» көрінісі іспеттес – ол экспорттық тариф.

Экспорттық тариф – экспортқа шығарылатын отандық тауарларды мемлекеттік реттеу үшін қолданылатын салықтың бір түрі. Экспорттық тарифтің мөлшерлемесі тауардың түріне байланысты тағайындалып отырады. Экспорттық тариф ішкі бағаны әлемдік деңгейден төмендетеді, нәтижесінде ішкі тұтыну өседі де оның экспорты қысқарады. Бұл жағдайда ұлттық өндірушілер зиян шегеді, ал сатып алушылар ұтады, өйткені баға әлемдік деңгейден төмен болады. Бұл жағдайда мемлекет те ұтады. Экспорттық тарифтің ұлттық экономикаға салдарын төмендегі суреттен көруге болады.

Айталық, мемлекет еркін сауда жағдайында жұмыс істейді. Мұндай кезде тауардың ішкі бағасы әлемдік бағаға тең болады: $P_d = P_w$. Онда экспорт көлемі Q_s*-Q_d* шамасын құрайтын болады. Экспорттық тариф (t) осы ел үшін сол тауарды сыртқа шығарудың тиімді емес екендігін көрсетеді немесе одан түсетін пайданың бір бөлігін мемлекет салық ретінде алады, сонда ұлттық нарықта



14.5-сурет. Экспорттық тарифті енгізудің салдары

тауардың ұсынысы артып, оның бағасы әлемдіктен төмендейді: $P_d < P_w$. Ұлттық нарықта бағаның төмендеуі салдарынан ел ішінде оның тұтынуы Q_d-дан Q_d*-ға дейін ұлғаяды. Ал шығарылым көлемі Q_s-тен Q_s*-ға дейін қысқарады.

Экспорттық тарифтің енгізілуі салдары мынаған алып келеді, яғни ішкі ұлттық нарықта тауарға баға төмендегендіктен, оны өндірушілер **a+b+c+d+e** фигураларының ауданын құрайтын таза зияндар көреді. Осы тауарды тұтынушылар, керісінше, баға төмендегендіктен, **a+b** фигураларының ауданын құрайтын таза ұтысқа ие болады. Ал экспортқа салық салу есебінен мемлекет те **d** фигурасының ауданына тең көлемде ұтыс көреді. Бұл жерде, **c+e** фигурасының ауданы қоғам үшін таза ұтылысты көрсетеді.

Сонымен, егер импорттық тариф тұтынушыларға зиян әкелсе, онда экспорттық тариф өндірушілерді шығынға ұшыратады, тек мемлекет қана екі жағдайда ұтады.

Отандық өндірушілерді қорғау үшін протекционистік саясатта кедендік тарифтермен қатар, баламалы әдіс – экспорттық субсидиялар қолданылады.

Экспорттық субсидиялар – үкіметтің экспорттық тауар өндірушілерге көрсететін қаржылық көмектері. Экспорттық субсидиялар бірнеше нысанда болады:

- экспортер-фирмаларға төмен пайызбен займдар беру;
- шетелдерде экспорттық өнімдерді өткізу үшін үкіметпен шығындар бөлу;

- экспортталатын өнім көлемін көбейту үшін салық жеңілдіктерін беру.

Экспорттық субсидиялар экономиканың экспорттық салаларының дамуына жағдайлар жасайды және ұлттық өндірушілерге әлемдік рынокта бәсекелік артықшылық тудырады.

XX ғасырдың отызыншы жылдары халықаралық саудада жаңа кедергілер – тарифтік емес шектеулер пайда болды. Тарифтік емес шектеулерге мыналар жатады: а) сапа стандарты; ә) санитарлық шектеулер; б) құрал-жабдықтардың экологиялық талаптарға сәйкестігі; в) импортқа лицензия беруге шектеулер қою; г) нақты елдерде кейбір тауарлар түрін сатуға әкімшілік тиым салу.

Ең кең тараған тарифтік емес шектеулердің бірі – импорт пен экспортқа квота енгізу.

Импорттық квота – импорттық тауарлардың көлемін сандық шектеу. Импорттық квотаның екі түрі ажыратады: а) абсолюттік квота – берілген елге әкелуге рұқсат етілген тауарлар көлемі; ә) тарифтік квота – төмен ставка бойынша белгілі уақыт аралығында нақты тауар әкелуге рұқсат беру.

Экспорттық квота – экспорттық тауарлар көлемін сан жағынан шектейтін әдіс. Экспорттық квота ел экономикасы үшін экспорттың алатын рөлін көрсету үшін қолданылады. Мысалы, соңғы XX ғасырдың он жылдығында ЖІӨ-гі экспорт үлесі АҚШ пен Жапонияда 10%-ды, Англия мен Францияда - 24%-ды, Германияда - 34%, Бельгияда - 70%-ды құрады.

Тарифтік емес шектеулерге сондай-ақ, демпинг пен сауда эмбаргосы жатады.

Демпинг – экспортер-өндірушілердің сыртқы рынокта тауарларын ішкі бағадан төмен бағамен сатуы. Демпингтің тұрақты және уақытша түрлері болады. Тұрақты демпинг-фирмалардың сыртқы рынокта монополиялық пайда табуы үшін ұзақ бойы тауарларын әлемдік рынокта төмен бағамен сату. Уақытша демпинг – тауарларды сыртқы рынокта өзіндік құнынан төмен бағамен сату. Демпингтің бұл түрі бәсекелесін рыноктан ығыстырып, монополиялық билік орнату үшін уақытша қолданылады.

Сауда эмбаргосы – қандай да бір елдің басқа бір елге та-

уарлардың белгілі бір түрлерін экспорттауға немесе сол тауарларды импорттауға тиым салуы. Мұндай шектеулер экономикалық мүдделерді көздемейді, тек саяси себептерге байланысты жүзеге асырылады.

Халықаралық саудада экономикалық қатынастарды реттеу үшін халықаралық ұйымдар құрылды. Олардың қатарына ГАТТ, ЕАСТ, ЮНКТАД т.б. жатады.

ГАТТ – тарифтер мен сауда туралы басты келісім. Оған қатысушылардың сауда қатынастары қабылданған нормалар мен ережелер негізінде айқындалады. ГАТТ 1948 жылдан бастап әрекет етеді. Бұл ірі халықаралық ұйымның шеңберінде сыртқы саудаға қатысты барлық проблемаларды талқылау үшін мүше елдер арасында келіссөздер, консультациялар, кездесулер өткізіледі. ГАТТ-тың толық құқылы мүшелерінің саны 1990 жылы 96-ға жетті. Ал 1995 жылы бұл ұйым Дүниежүзілік Сауда Ұйымы (ДСҰ) болып қайта құрылып, бүгінгі күні оған мүше елдердің саны 153-ке жетті. Ал Қазақстан сол жылдан бастап бақылаушы ел ретінде осы ұйымға мүше болудың барлық жолдарын қарастырып жатыр.

ЕАСТ – Еуропалық еркін сауда ассоциациясы 1960 жылдан бастап жұмыс істейді. Бұл ассоциацияға 6 Батыс Еуропалық елдер кіреді. ЕАСТ-тың негізгі мақсаты өзара еркін сауда жағдайын қалыптастыру.

ЮНКТАД – БҰҰ-ның сауда және даму конференциясы. Бұған 170-ке жуық мемлекет, сондай-ақ көптеген халықаралық экономикалық қатынастардың дамуына және реттелуіне қолдау жасайды.

2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап ТМД аумағында Қазақстанның бастамасымен Кедендік Одақ жұмыс істеп келеді. Ұйымның белсенді мүшелері болып Ресей, Қазақстан және Беларусь табылады. Соңғы уақытта, Қырғызстан да мүшелік танытуға мүдделі болып отыр. Кедендік Одақты құру арқылы біртұтас кедендік кеңістікті қалыптастыру Қазақстан үшін ішкі нарықты 170 млн. тұтынушыға дейін кеңейтіп, ортақ ЖІӨ-нің жалпы деңгейін 1,6 трлн.долларға арттыруға мүмкіндік береді.

14.4-кесте. **Қазақстан Республикасының сыртқы сауда айналымы**

	2001	2002	2003	2004	2005	2006	2007	2008	2009	2010
Сыртқы сауда айналымы										
млн. АҚШ доллар.	15 085,1	16 254,3	21 335,4	32 877,4	45 201,5	61 927,2	80 511,7	109 072,5	71 604,4	88 976,6
өткен жылға пайыз-бен	108,9	107,8	131,3	154,1	137,5	137,0	130,0	135,5	65,6	124,3
экспорт										
млн. АҚШ доллар.	8 639,1	9 670,3	12 926,7	20 096,2	27 849,1	38 250,3	47 755,3	71 183,5	43 195,8	59 216,6
өткен жылға пайыз-бен	98,0	111,9	133,7	155,5	138,6	137,3	124,8	149,1	60,7	137,1
импорт										
млн. АҚШ доллар.	6 446,0	6 584,0	8 408,7	12 781,2	17 352,4	23 676,9	32 756,4	37 889,0	28 408,6	29 760,0
өткен жылға пайыз-бен	127,9	102,1	127,7	152,0	135,8	136,4	138,3	115,7	75,0	104,8

Дерек көзі: www.stat.kz

Кестеден көріп отырғанымыздай, 2001-2008 жылдары ҚР-ның сыртқы сауда айналымы тұрақты түрде даму үстінде болды. Тек 2009 жылы ғана алдыңғы жылмен салыстырғанда сауда айналымы әлемдік қаржы дағдарысы салдарынан шамамен 35%-ға төмендеді. Алайда, елдің тиімді сыртқы сауда саясаты арқылы отандық экспортты ынталандыру жолымен сауда айналымы қайтадан өспелі сипатта жақсара түсті. Яғни, 2010 жылы сыртқы сауда айналымы 2009 жылмен салыстырғанда шамамен 24%-ға өсіп, 89 млрд. долл. дейін жақындады.

Экспорт және импорт көлемі де 2008 жылы ең жоғары нәтижеге жетіп, тиісінше, 71 604,4 млн. долларды және 37 889,0 млн. долларды құрады. 2009 жылы бұл қатынастар төмендегенімен, 2010 жылы қайта өсе түсті. Яғни, осы жылдары сыртқы сауда айналымының оң сольдосы қалыптасты.

Егер 2010 жылы ЖІӨ деңгейі шамамен **143 423,2** млн. долларды құраса, онда осы жылы ЖІӨ құрамындағы таза экспорттың көлемі **29 456,6** млн. долларға тең болды немесе ЖІӨ-нің **20,5%**-н құрады.

Қазіргі уақытта, Қазақстан әлемнің 145 елімен сыртқы сауда айналымын ұйымдастырып отыр. Соның ішінде, ТМД-ның барлық мемлекеттерімен, Азияның 36 елімен, Еуропаның 40 мемлекетімен (оның ішінде, Еуроодақтың 27 елі), Американың 26 елімен, Африканың 29 мемлекетімен және Австралия мен Океания құрлығының 4 мемлекетімен сауда-саттық қарым-қатынасын жасайды.

14.5-кесте. **Экспортық қатынастар бойынша Қазақстанның 2009 ж. ірі сауда әріптестері (43 195,7 млн.долл.; 100%)**

№	Негізгі ірі елдер-сауда әріптестері	млн.доллар	пайызбен, %
	Италия	6 686,7	15,5
	Қытай	5 888,6	13,6
	Ресей	3 557,0	8,2
	Франция	3 381,5	7,8
	Швейцария	2 668	6,2
	Нидерланды	2 222,5	5,1
	Канада	1 385,3	3,2
	Иран	1 279,0	3,0
	Украина	1 288,2	2,9
	Ұлыбритания	1 235,1	2,9
	Австрия	1 196,9	2,8
	Израиль	1 121,4	2,6
	Словакия	1 045,0	2,4
	Германия	898,1	2,1
	Өзбекстан	891,8	2,1
	Өзге елдер	17 512,2	16,7

Дерек көзі: Справочник инвестора, 2010.

Әсіресе, Қазақстанның сыртқы сауда айналымында Еуропа, Азия және Америка елдерінің үлестері қомақты болып табылады. Еуропадан Италия, Франция, Германия, Ұлыбритания, Швейцария, Нидерланды; Азиядан Қытай, Иран, Жапония, Түркия; Америкадан АҚШ пен Канада сияқты мемлекеттер алдыңғы қатарда болып табылады. Осының ішінде, ТМД-ны бөлек алып қарастыратын болсақ, сөз жоқ Ресей бірінші орынға шығады, содан кейін Украина, Беларусь, Өзбекстан елдері тұр.

Мысалы, жоғарыдағы кестеден көргеніміздей, 2009 жылы Қазақстанның сыртқы сауда айналымы 71 604,4 млн. долларға тең болды. Осы көрсеткіште әлем елдерінің алатын үлестерін экспорттық-импорттық қатынастар бойынша сипаттап, төмендегі кестелер арқылы көрсетуге болады.

14.6-кесте. **Импортық қатынастар бойынша Қазақстанның 2009 ж. ірі сауда әріптестері (28 408,6 млн.долл.; 100%)**

№	Негізгі ірі елдер-сауда әріптестері	млн.доллар	пайызбен, %
	Ресей	8 896,5	31,3
	Қытай	3 569,5	12,6
	Украина	2 131,5	7,5
	Германия	2 041,8	7,2
	Италия	1 915,3	6,7
	АҚШ	1 391,5	4,9
	Ұлыбритания	702,3	2,5
	Жапония	635,1	2,2
	Түркия	570,9	2,0
	Франция	460,1	1,6
	Польша	421,6	1,5
	Оңтүстік Корея	373,9	1,3
	Беларусь	367,1	1,3
	Өзбекстан	304,4	1,1
	Өзге елдер	8 462,6	16,3

Дерек көзі: Справочник инвестора, 2010.

Қазіргі уақытта, Қазақстан ұлттық экономиканы реформалауда шетел инвестициясы мен капиталын бәсекелестік негізде тартуды алға қойған. Сол арқылы экономиканың күрделі

мәселелерін шеше отырып, жаңа технологияны әкелуді және экспортқа бағытталатын отандық өнімдердің бәсекелік қабілеттілігін арттыруды көздейді, сонымен қатар, ішкі нарықты өзімізде шығарылған сапалы тауарлармен толтыруды және солар арқылы ішкі сұранысты барынша қанағаттандыруды мақсат етеді.

Қорытынды

1. Халықаралық сауда – әртүрлі мемлекеттердің ұлттық шаруашылықтарының арасында жүретін тауар мен қызмет айырбасы. Халықаралық сауданың негізі – халықаралық еңбек бөлінісі. Халықаралық еңбек бөлінісі жеке елдердің мамандандырылуын сақтайды.

2. Халықаралық еңбек бөлінісі мен тауар айырбасына әсер ететін факторлар мыналар болып табылады: әлеуметтік-жағрафиялық; табиғи экономикалық; техникалық экономикалық факторлар; ғылыми-техникалық прогресс.

3. Халықаралық сауда теориялары меркантилистер мен физиократтардың, классикалық саяси экономия өкілдерімен дами түсті. Әсіресе, халықаралық саудада Д. Рикардоның салыстырмалы артықшылықтар теориясы маңызды орын алады, сонымен қатар А. Смиттің, Милльдің, Хекшер-Олиннің, Леонтьевтің, Портердің теориялары халықаралық сауданы ары қарай дамыта түсті.

4. Сыртқы сауданы реттеуде мемлекеттік жүргізетін экономикалық саясаттарын протекционистік саясат және еркін сауда саясаты деп бөледі.

5. Сауда саясатында қолданылатын тарифтік және тарифтік емес шектеулер орын алады. Тарифтік шектеуге кедендік баж салығы жатады, ал тарифтік емес шектеулерге лицензиялар, квоталар, еркін экспорттық шектеулер, демпинг, сауда эмбаргосы жатады.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары

1. Халықаралық сауданың дамуына қандай факторлар әсер етеді?
2. Халықаралық экономикалық қатынастардың түрлері қандай?
3. Халықаралық сауданың қажеттілігі неде және сыртқы сауда ұтымы қандай?
4. Абсолютті артықшылықтар теориясының мәні неде?
5. Салыстырмалы артықшылықтар теориясының мәні неде?
6. Халықаралық саудада салыстырмалы артықшылықтар ұстанымын дамытқан теориялар қандай?
7. Қазіргі сыртқы сауданың құрылымы қандай?

8. Сыртқы саудадағы мемлекеттің саясаты қандай нысандарда жүзеге асырылады?

9. Сыртқы сауда мультипликаторы қандай экономикалық үдерістерді сипаттайды?

10. Сыртқы саудадағы тарифтік және тарифтік емес тосқауылдардың түрлері қандай?

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі
Негізгі:

1. *Мамыров Н. Қ., Тілеужанова М. Ә.* Макроэкономика: Оқулық. - Алматы: Экономика, 2003. Тарау 14.

2. Макроэкономика: учебник / Под общ. ред. *А. А. Абишева, К. А. Хубиева.* – Алматы: «Экономика», 2007. Раздел 5, глава 11.

3. *Вечканов Г. С., Вечканова Г. Р.* Макроэкономика. 2 - е изд. - Спб.: Питер, 2008. Главы 14, 15.

4. *Агапова Т. А., Серегина С. Ф.* Макроэкономика: учебник / Под общ. ред. д.э.н., проф. *А. Ф. Сидоровича*; МГУ им. М. В. Ломоносова. – 8 - е изд., перераб. и доп. – М.: Издательство «Дело и Сервис», 2007. Глава 12.

5. Курс экономической теории: учебник – 5-е исправленное, дополненное и переработанное издание/ Под общ. ред. *Чепурина М. Н. и Киселевой Е. А.* – Киров: «АСА», 2006. (Раздел 3: Макроэкономика; Раздел 4: Международные аспекты экономической теории). Глава 27.

6. *Ивашковский С. Н.* Макроэкономика: Учебник. 2 – изд., испр., доп. – М.: Дело, 2002. Главы 9, 10, 11.

7. *Агапова Т. А., Серегина С. Ф.* Макроэкономика. Тесты: Уч. пос., 2-е изд. – М.:ДиС, 2005. Тема 11.

Қосымша:

1. *Мэнкью Н. Г.* Принципы макроэкономики. Учебник для вузов / Пер. с англ. – 2-е изд. – Спб.: Питер, 2006. – 576 с.

2. *Сейткасимов Г. С.* Макроэкономические проблемы современной экономики Казахстана: Монография. – Астана: Изд. КазУЭФМТ, 2010. – 350 с.

3. *Курганбаева Г. А.* Экономика Казахстана в XXI веке: монография. – Алматы: Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте РК, 2009. – 144 с.

4. *Тоқсанбай С. Р.* Үлкен экономикалық орысша-қазақша сөздік/

Большой экономический русско-казахский словарь. – Алматы, 2010. 1010 б.

5. *Тарасевич Л. С., Гальперин В. М., Гребенников П. И., Леусский А.И.* Макроэкономика: Учебник / под ред. Тарасевича Л. С. 5-е изд.- М.: ЮРАИТ, 2004. – 656с.

6. *Вечканов Г. С., Вечканова Г. Р.* Макроэкономика. Учебное пособие. 6-е изд.- Спб.: Питер, 2005. - 256с.

7. *Абакумова О. Г.* Макроэкономика. Конспект лекций: Пособие для подготовки к экзаменам. – М.: ПРИОР – Издат, 2005. – 224 с.

8. *Базылев Н. И.* и др. Макроэкономика. Учебное пособие. – М.: ИНФРА – М, 2003. – 190 с.

9. Введение в макроэкономику: Учебное пособие./ Под ред. *М. Е. Дорошенко* - М.: ЮНИТИ, 2000. – 175 с.

10. *Н. Грегори* Мэнкью. Макроэкономика. Пер. с англ.- М., Изд-во МГУ, 1994.-736 с.

11. *Долан Э., Линдсей Д. Э.* Макроэкономика/Под общ. ред. Б. Лисовика. Спб: 1996.

12. *Шишов А.Л.* Макроэкономика. – М.: Ассоциация авторов и издателей «Тандем», Издательство ЭКМОС, 1997 г. – 320 с.

13. *Бункина М.К., Семенов В.А.* Макроэкономика (Осн. эк. политики): Учебник. – Изд-во «ДИС», 1997.-320 с.

14. *Кейнс Д. М.* Общая теория занятости, процента и денег.

15. ҚР-ның Президенті *Н. Ә. Назарбаевтың* халыққа Жолдауы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты», 2012 ж. 28 қаңтар.

16. ҚР-ның Президенті *Н. Ә. Назарбаевтың* халыққа Жолдауы «Жаңа онжылдық – Жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» 2010 ж. 30 қаңтар.

17. ҚР-ның Президенті *Н. Ә. Назарбаевтың* халыққа Жолдауы «Дағдарыстан жаңару мен дамуға». 2009 ж. 7 наурыз.

18. ҚР Статистика Агенттігінің мәліметтері. www.stat.kz

19. *Досмағанбетов Н. С.* Жаңа ақпараттық-инновациялық экономикаға өту жағдайындағы кластер теориясының макроэкономикалық жақтары // *Л.Н. Гумилев* атындағы Еуразия Ұлттық университетінің Хабаршысы. Экономикалық сериясы. №2 (70) – Астана: 2008, 50-58 б.

Практика сабағының жоспары:

Практика сабағын «дөңгелек үстел» түрінде өткізу жоспарланған, тақырыптың негізгі теориялық сұрақтарын пікірталас, ауызша жауап беру, дискуссия, сұрақ-жауап, т.б. ұйымдастыру әдістері арқылы жүргізілуі тиіс.

Мақсаты: халықаралық сауда мен сауда саясатын қарастыру, соның ішінде отандық экономиканың сыртқы экономикалық саясатының ерекшелігін талқылау, экспорт пен импорттың арақатынасын анықтау. Осы мақсатқа жету үшін практика сабағында тақырып бойынша мынадай сұрақтардың мәнін ашу керек:

1. Халықаралық сауданың тұжырымдамалары. Сыртқы сауданың қажеттілігі.
2. Д. Рикардоның салыстырмалы артықшылықтар теориясы.
3. Әлемдік нарықтағы сұраныс пен ұсыныс, бағалардың тепе-теңдік деңгейі. Сыртқы сауда ұтымы.
4. Тарифтер теориясы және мемлекеттің екі саясаты: протекционизм және еркін сауда.

СОӨЖ және СӨЖ тапсырмалары:

Мақсаты: тақырыптың талқылау сұрақтарын ұсынылатын әдебиет көздерінен оқып білу және төмендегі тапсырмаларды орындау арқылы тақырыпты бекіту.

1. Тақырып бойынша экономикалық сөздік (глоссарий) жасау.

2. Тақырып бойынша логикалық схемалар құрастыру.

3. Реферат, эссе, баяндама тақырыптары:

– ҚР сауда саясаты: экспорт пен импорт құрылымының қазіргі мәселелері;

– ҚР сыртқы экономикалық қызметі;

– Қазақстанның қазіргі әлемдік экономикадағы рөлі мен орны.

– Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру мәселесі және шетелдік тәжірибе;

– Қазақстан және Еуропалық Одақ: өзара байланыстар мен мүдделер;

– Қазақстан және Ислам әлемі елдері экономикаларының өзара байланыстары, Ислам Конференциясы Ұйымы.

– Кедендік Одақ және бірыңғай экономикалық кеңістік.

– Жаһандық экономика және Қазақстан: өзара мүдделер, мақсаттар, стратегиялар, мәселелер.

4. Өзіндік жазба жұмыстар (конспект):

– Меркантилистер мен физиократтардың халықаралық сауда туралы тұжырымдамалары;

– Джон Стюарт Милльдің халықаралық сауда теориясы;

– М. Портердің «ұлттық бәсекеге қабілеттілік ромбы» үлгісі және кластерлер. Бәсекеге қабілеттілік индекстері.

5. Жаттығулар, есептер, т.б. тапсырмалар:

1. Айталық, Жапония қандай да бір ресурстың бір бірлігін қолдана отырып 3 компьютер немесе 3000 бөшке шарап өндіре алады. Ал Франция сол ресурстың бір бірлігін қолданып, 1 компьютер немесе 5000 бөшке шарап өндіре алады.

Осы мәліметтер негізінде мына сұрақтарға жауап беру керек:

а) әр елдің осындай тауарларды өндіруге мамандануы жиынтық өндірістің ұлғаюына алып келе ме?

ә) осы мысал қандай артықшылық принципін сипаттайды: абсолюттік артықшылықты ма, әлде салыстырмалы артықшылықты ма?

б) егер Жапония максималды түрде 1000 дана компьютер өндіре алатын болса, онда оның өндірістің мүмкіндіктер қисығы қандай болады?

в) Жапония тек компьютер өндіреді және оны Францияға шарапқа айырбастау арқылы экспорттайды деп болжай отырып, оның сауда мүмкіндіктерінің сызығын салыңыз (жапондық бір компьютердің бағасы француз шарабының 2000 бөшкесіне тең деп алыңыз)?

г) егер Франция максималды түрде 2 млн.бөшке шарап өндіре алатын болса, онда оның өндірістің мүмкіндіктер қисығы қандай болады?

д) Франция тек шарап өндіреді және оны Жапонияға компьютерге айырбастау арқылы экспорттайды деп болжай отырып, оның сауда мүмкіндіктерінің сызығын салыңыз (жапондық бір компьютердің бағасы француз шарабының 2000 бөшкесіне тең деп алыңыз)?

2. Мына кестеде Германия мен Швейцарияның сағатқа деген сұраныс пен оның ұсынысы туралы мәліметтер берілген. Кестенің мәліметтері бойынша әр елдің сұраныс пен ұсыныс қисықтарын салыңыз және мына сұрақтарға жауап беріңіз:

Сағаттың бағасы (1 дана сағатқа доллармен)	Германиядағы сұраныс көлемі (мың данамен)	Германиядағы ұсыныс көлемі (мың данамен)	Швейцариядағы сұраныс көлемі (мың данамен)	Швейцариядағы ұсыныс көлемі (мың данамен)
10	110	0	80	30
20	90	20	50	50
30	70	40	35	65
40	60	60	20	80

50	50	80	5	95
60	40	95	0	105
70	30	105	0	110
80	20	110	0	115

а) Сыртқы сауда жоқ болған кездегі екі елдің сағаттар нарығындағы тепе-теңдік бағалар мен тепе-теңдік көлемдер қандай?

ә) Сыртқы сауда кезінде сағаттардың әлемдік нарығында тепе-теңдік қандай баға қалыптасады?

б) Қай ел сағаттарды экспорттайды және қанша көлемде?

6. Тест сұрақтарына жауап беру керек:

1. Экпорттық тарифті енгізу кімге пайдасыз?

а) мемлекетке

ә) өндірушіге

б) тұтынушыға

в) резиденттерге

2. Импорттық тариф кезінде:

а) бағалар өседі

ә) бағалар төмендейді

б) бағалар өзгермейді

в) фирмалар зиян шегеді

Демпинг дегеніміз – бұл:

а) экспорттаушыларға мемлекеттің жеңілдеткен несиелері

ә) қорғаныс өнеркәсібі салаларын қорғау құралы

б) отандық өндірушілерге мемлекеттік субсидия

в) тауарларды шетелде ішкі рыноктікінен төмен бағамен сату

3. Салыстырмалы артықшылықтар теориясын алғаш рет кім ұсынды?

а) А. Смит

ә) В. Леонтьев

б) Д. Рикардо

в) А. Маршалл

4. Хекшер-Олин теоремасы – бұл:

а) белгілі бір елдің аз шығынмен тауарлар өндіру мүмкіндіктеріне ие болуын айтамыз

ә) белгілі бір субъектілердің халықаралық саудаға қатысушы ретінде өндіріс факторларын интенсивті жолмен пайдалану нәтижесінде өндірген тауарларын экспорттауға ұмтылуы туралы дәлелдеме

б) салықтық түсімдерді арттыру есебінен мемлекеттік шығын дарды өсіргендегі ұлттық табыстың өсімін тудыратындығы туралы дәлелдеме

в) белгілі бір елдің белгілі бір тауар түрін өндірудегі қабілетсіздігі немесе кемшілігі

5. А мемлекеті бір бірлік ресурсты пайдалана отырып, 1 тонна бидай немесе 4 тонна көмір өндіре алады. Б мемлекеті бір бірлік ресурсты пайдалана пайдалана отырып, 2 тонна бидай немесе 5 тонна көмір өндіре алады. Олай болса:

а) А мемлекеті бидай экспорттайды және көмірді импорттайды

ә) Б мемлекеті бидайды да, көмірді де экспорттайды

б) А мемлекеті бидайды экспорттамайды және импорттамайды

в) Б мемлекеті көмірді экспорттамайды және импорттамайды

6. Протекционизм дегеніміз – бұл:

а) халықаралық саудадағы қосымша шектеулер

ә) елге алдынала импортталған тауарларды басқа елдерге қайта сату мақсаты

б) ұлттық экономиканы қорғауға бағытталған мемлекеттің экономикалық саясаты

в) тауарларды шет елдерге төмендетілген бағамен сату

7. Леонтьев парадоксы мынадай тұжырымға негізделеді:

а) белгілі бір елдің белгілі бір тауарды өндіргенде салыстырмалы артықшылығы жоғары болса, онда бұл тауарды экспорттаған тиімді болып табылады

ә) егер мемлекетте капитал факторы көп болса, онда ол еңбек факторын көп қажет ететін тауарды экспорттайды да, капиталды көп қажет ететін тауарды импорттайды

б) импорттық тарифтердің енгізілуі тұтынушының ұтымдылығын арттырады және өндірушілердің артықшылықтарын төмендетеді

в) егер мемлекет өндіріс факторларының белгілі бір бөлігімен үлкен дәрежеде қамтамасыз етілсе, онда бұл фактордың бағасы жоғары болады

8. Экспорттық тариф кезінде:

а) бағалар төмендейді

ә) тұтынушылар зиян шегеді

б) бағалар өседі

в) мемлекет зиян шегеді

9. Егер мемлекет белгілі бір тауарды өндіргенде абсолютті артықшылыққа ие болса, онда ол:

а) басқа елдерге қарағанда сол тауарды аз шығынмен өндіреді

ә) сол тауарды өндіргенде салыстырмалы артықшылыққа ие болады

б) сол тауарды көп мөлшерде өндіреді

в) сол тауарды өте аз мөлшерде өндіреді немесе өндіруді тоқтатады

10. Тарифтік емес шектеулердің түрлері:

а) кеден бажы

ә) лицензиялар мен шетелдік квоталар

б) шетелдік квоталар, лицензиялар және еркін экспорттық шектеулер в) кеден бажы мен еркін импорттық шектеулер

11. Егер Қазақстан Үкіметі жоғары импорттық тарифтер енгізсе, онда ұзақ мерзімде:

а) Қазақстанның таза экспорты өседі

ә) ұлттық валютаның нақты бағамы өседі

б) Қазақстан капиталының оң сальдосы төмендейді

в) жоғарыда аталғандардың барлығы жүзеге асады

12. Хекшер-Олин теориясына сәйкес:

а) белгілі бір тауар түрін өндіргенде артық өндіріс факторы жұмсалса, онда сол тауар экспортталады, ал сол тауар түрін өндіргенде тапшы өндіріс факторы жұмсалса, онда сол тауар импортталады

ә) халықаралық сауданың тиімділігін «екі ел-екі тауар» үлгісі арқылы саудалық және өндірістік мүмкіндіктер қисығының көмегімен көрсетуге болады

б) пртекционизм саясаты әрқашанда өндірушілер үшін тиімді болып табылады

в) мемлекеттік реттеу мәселесі нарықтың кемшіліктерін жоя отырып қоғамның әл-ауқатын арттырады

13. Мына тұжырымдардың қайсысы дұрыс берілген:

а) Меркантилистер экспортты шектеу керек деп санаған

ә) Д. Рикардо – абсолюттік артықшылықтар теориясының авторы

б) субсидиялар сауда саясатының әдісі болып табылмайды

в) тариф – бұл бюджет табыстарының маңызды көзі

14. Абсолютті артықшылықтар теориясы – бұл:

а) елдің негізгі өндіріс факторларының көлеміне байланысты салалардың бәсекелік қабілеттіліктерінің қалыптасуы жайлы шарттар

ә) кез келген елдің ерекше ресурстары мен жағдайларының болуы нәтижесінде басқа елдермен салыстырғанда артықшылықтармен қамтамасыз етілуі, сондықтан сол елде тауарды аз шығынмен өндіру мүмкіндіктері пайда болады

б) салықтар мен трансферттік төлемдер арқылы тауарлар мен қызметтердің экспорты мен импортын ынталандыру мақсатында үкіметтің жүргізетін дербес саясаты

в) дамыған елдердің экономикасында шаруашылық белсенділіктің жинақтардың ұлғаюы арқылы көрінуі, осының нәтижесінде адамдар байып, ақшаны инвестициялау мүмкіндіктері қысқарады

15. Импорттық тарифтердің енгізілуі:

а) тұтынушылардың ұтымдылығын арттырады

ә) өндірушілердің ұтымдылығын арттырады

б) мемлекеттің бюджеттік табыстарын төмендетеді

в) қоғам үшін таза жоғалтуларға алып келеді

16. Мемлекеттің сыртқы сауда саясатын жүргізудің екі түрі бар, олар қандай?

а) фискалдық және монетарлық саясат

ә) протекционистік және инновациялық саясат

б) валюталық және фритредерстік саясат

в) протекционизм және еркін сауда саясаты

17. Абсолютті артықшылықтар теориясының авторы кім?

а) Д. Рикардо

ә) А. Смит

б) Д. С. Миль

в) В. Леонтьев

18. Қазіргі уақытта, Қазақстан тауардың кез келген түрін өндіруде абсолютті артықшылық принципін қолдана ала ма?

а) ия

ә) жоқ;

б) мемлекеттің саясатына байланысты

в) тарифтер енгізсе ғана

19. Мына кестеде А және В мемлекеттерінің шарап пен мата өндіру көлемі туралы мәліметтер берілген (жалғыз ғана фактор – еңбек қолданылады):

Өндіріс сағатына	А мемлекеті	В мемлекеті
Мата (метрмен)	5	15
Шарап (литрмен)	10	20

Екі елді салыстыра және олардың арасындағы сауда мүмкіндіктерін талдай отырып, біз А елі туралы мына тұжырымды дұрыс деп санай аламыз:

а) ол мата өндірісінде абсолюттік артықшылыққа ие

ә) ол шарап өндірісінде абсолюттік артықшылыққа ие

б) ол мата өндірісінде салыстырмалы артықшылыққа ие

в) ол шарап өндірісінде салыстырмалы артықшылыққа ие

20. Сауда тосқауылдарының түрлері:

а) кеден бажы және тарифтік емес тосқауылдар

ә) эмбарго және валюталық шектеулер

б) квоталық емес және еркін экспорттық шектеулер

в) тарифтік емес шектеулер

21. Импорттық тариф пен квотаның арасындағы айырмашылықты қарағанда, тек тариф қана:

а) мемлекеттік бюджетке табыс әкеледі

ә) бағалардың өсуіне жол береді

б) ел ішінде өмір сүру деңгейінің төмендеуіне жағдай жасайды

в) халықаралық сауданың құлдырауына алып келеді

22. Мемлекеттің сауда саясатында сауда эмбаргосы қалай орын алуы мүмкін?

а) мемлекет ұлттық экономиканы қолдау мақсатында тауар импортына тиым салғанда

ә) қоғамдық мүдделерге сай жақын елдерден тауарды ресми емес түрде импорттау әрекеттері орын алғанда

б) қоғамдық мүдделерге сай жақын елдерден тауарды заңсыз түрде экспорттау және импорттау әрекеттері орын алғанда

в) мемлекеттің басқа бір мемлекетке тауар экспорттауына немесе басқа бір мемлекеттен тауар импорттауына тиым салғанда

23. Дж. Ст. Милльдің халықаралық сауда теориясы қалай сипатталады?

а) шетелдерде аса үлкен сұранысқа ие болған тауарлары бар ел сыртқы саудада ұтады

ә) салыстырмалы артықшылықтар теориясын сипаттайтын жаңа әдіс болып табылады

б) өндіріс факторларының тапшылығы мен артықшылығы сыртқы сауданың мүмкіндігін анықтайды

в) табиғи және географиялық факторлар сыртқы сауда мәселесінде маңызды орынға ие болады

24. Мына елдердің қайсысы «Үлкен сегіздікке» кірмейді?

а) Жапония

ә) АҚШ

б) Италия

в) Швейцария

25. Импорт функциясы былай берілген: 200+0,1Y, экспорт экзогенді шама. Мұндай жағдайда табыс (Y) 700-ге тең, ал сауда балансының тапшылығы 70-ке тең. Экспорт көлемі қаншаға тең болады?

а) 770

ә) 200

б) 900
в) 270

26. Егер елдің ішінде бағалар өссе, онда:

а) экспорт азаяды, импорт өседі
ә) экспорт ұлғаяды, импорт өзгермейді
б) импорт төмендейді, экспорт өседі
в) экспорт пен импорт қатар өседі

27. Протекционизмнің артықшылықтарына мыналардың қайсысын жатқыза алмаймыз:

а) бағалардың өсуі, тауарды таңдаудың аз болуы
ә) жаңа жас салаларды қорғау
б) өндірістің ұлғаюын ынталандыру
в) демпингтен қорғау

28. Берілген елдің экспортының өсуі, басқа жағдай тұрақты болғанда:

а) жиынтық сұранысты көбейтеді, бірақ ұлттық табысты азайтады
ә) жиынтық сұранысты азайтады, ұлттық табысты көбейтеді
б) жиынтық сұранысты азайтады
в) жиынтық сұраныс пен ұлттық табысты көбейтеді

29. Протекционизмді жақтаушылар кеден баждарын, квоталарды және басқа да сауда тосқауылдарын мыналар үшін қажет деп санайды:

а) шетелдік бәсекеден жас салаларды қорғау үшін
ә) ел қорғанысын күшейту үшін
б) ел ішіндегі жұмысбастылықты арттыру үшін
в) аталғандардың барлығы дұрыс

15-тақырып.
ТӨЛЕМ БАЛАНСЫ. ВАЛЮТА БАҒАМЫ

Мақсаты: төлем балансының макроэкономикалық мәнін ашу, оның негізгі баптарына сипаттама беру және олардың өзара байланыстылығын көрсету. Макроэкономикалық саясаттың төлем балансы жағдайына әсерін қарастыру. Төлем балансының артықшылығы мен тапшылығына тоқталу. Валюта нарығының түсінігін ашу. Валюта бағамының түрлерін қарастыру.

Дәріс жоспары:

1. Төлем балансы: мәні, құрылымы, баптарының өзара байланысы.
2. Валюта нарығы. Валютаның әртүрлі бағамдары.

Негізгі түсініктер: төлем балансы; сауда балансы; төлем балансының тапшылығы; «Джей-қисық» сызығы; валюта; валютаның түрлері; валютаның айырбасталымы; валюталық нарық; валюта бағамы; валюталық келісімдер; қалқымалы валюта бағамы; тіркелген валюта бағамы; сатып алушылық қабілетінің паритеті және т.б.

Тақырыптың мазмұны.

«Төлем балансы» ұғымын макроэкономикалық ғылымға XVIII ғасырда меркантилизмнің соңғы өкілі, шотланд экономисі Джеймс Стюарт (1712-1780) енгізген. Ал төлем балансын құрудың әдістері жүйелі түрде Англия мен АҚШ-та алғаш рет қалыптасты. Ал қазіргі уақытта, төлем балансын құрудың толық сызбасы Халықаралық валюта қорының (ХВҚ) ұсынысымен жасалады.

Төлем балансы – әдетте, бір жыл уақыт аралығында резиденттер мен резидент еместердің арасындағы жасалған сауда-саттық және қаржылық келімдер туралы статистикалық есеп-қисап. Төлем балансын талдау негізінде қандай да бір елдің сыртқы

экономикалық тепе-теңдікке жете алу мүмкіндігін түсіндіруге болады.

Төлем балансы бухгалтерлік есеп нысанында жүргізіледі және қосарлы шот принципіне негізделеді, яғни барлық экономикалық келісімдердің екіжақты жазбасы болады. Бұл отандық экономика субъектілері мен сыртқы орта арасындағы кез келген экономикалық келісім осы баланста екі жақты сипатқа ие болады деумен түсіндіріледі. Төлем балансы бабының кредиті бойынша жазу екінші бір баптың дебеті бойынша жазумен теңестіріліп отырады.

Кредит – нәтижесінде елден құндылықтар кететін және солар үшін елге шетел валютасындағы ақшалай ағындар келетін келісімдер жиынтығы және бұлар «плюс» белгісімен жазылады. Мәселен, шетелге ұшақ сату, шетел туристеріне қызмет көрсету, шетелден зейнетақы алу, шетелдіктердің отандық компаниялардың акцияларын сатып алу кредитке жазылады, өйткені аталған мәмілелер шетел валютасының түсімін көрсетеді.

Дебет – нәтижесінде ел сатып алатын құндылықтарға айырбас ретінде валютасы сыртқа кететін келісімдер және бұлар «минус» белгісімен жазылады. Мәселен, төлем баланысының дебет шотында, автокөлік импорты, лицензия сатып алу, шетел компанияларының кірісін осы елден аудару, ұзақ мерзімді қарыз беру сияқты мәмілелер көрсетіледі. Осындай мәмілелер резиденттің шотындағы шетел валютасы қорын азайтады.

Кредит пен дебет арасындағы айырмашылық *шот сальдосы* деп аталады.

Төлем балансының осындай бухгалтерлік операцияларының экономикалық мәні бар: көптеген экономикалық операциялар құндылықтармен айырбас жүргізуді сипаттайды. Тәжірибе жүзінде кредит сомалары мен дебет сомалары бір-біріне сәйкес келмеуі мүмкін және бұлардан басқа кейбір экономикалық операциялар есепке алынбай қалуы да мүмкін.

ХВҚ-ның талдамасы бойынша төлем балансының құрылымы мынадай негізгі үш шоттан құралады және оны төмендегі кестеден көруге болады.

15.1-кесте. **Төлем балансының құрылымы**

Шоттың атауы	Кредит (+)	Дебет (–)
1. Ағымдық операциялар шоты		
Сауда балансы	Тауарлар экспорттау	Тауарларды импорттау
Қызметтер балансы	Қызметтерді экспорттау	Қызметтерді импорттау
Еңбекақы балансы	Резидент еместерден түсетін қаржылар	Резидент еместерге төленетін төлемдер
Инвестициялық табыстар балансы (пайыздар, дивидендтер)	Алынған табыстар	Төленген табыстар
Ағымдық трансферттер балансы	Қаражаттар алу	Қаражаттарды беру
2. Капитал қозғалысы және қаржы операцияларының шоты	Резидент еместерге міндеттемелердің өсуі немесе оларға талаптардың төмендеуі	Резидент еместерге талаптардың өсуі немесе оларға міндеттемелердің төмендеуі
3. Ресми валюталық резервтер өзгерісі	(+) – төмендеу	(–) – өсу

Кестеден көріп отырғанымыздай, сауда балансы мен қызметтер балансының баптары бойынша кредитке тауарлар мен қызметтердің экспортымен сәйкес келетін ел ішіне шетел валютасының ағылуы жатады, ал дебетке импорттық тауарлар мен қызметтерге төлем ретінде елден шетел валютасының жылыстауы жатқызылады. Қызметтер балансында факторлық емес қызмет көрсетулердің (қаржылық, сақтандырушылық, туризм қызметтеріне, кеме кірепұлдарына (фрахт) және басқа да қызмет түрлеріне төлемдер) экспорты мен импорты кіреді.

Еңбекақы балансы мен инвестициялық табыстар балансы еңбек пен капитал сияқты факторлық қызметтермен байланысты валюталардың төлемдері мен оларды сыртқа кетулері жатқызылады.

Ағымдық трансферттер балансы біржақты тәртіппен орындалатын қаржы құралдарының немесе тауарлық ағындардың қозғалысын қарастырады. Мысалы, табиғат апаттарынан зиян шеккен елдерге үкіметтік гуманитарлық көмек көрсету. Бұдан басқа, жеке тұлғалар да ақша аударымдарын жүргізуі мүмкін. Мысалы, Қазақстанда қонақүй құрылысына тартылған түрік маманы Түркиядағы өз жанұясына тапқан жалақысының бір бөлігін аударуы мүмкін. Мұндай аударымдар шетелден сол елге немесе керісінше, қарама-қарсы бағытта шетелдерге ағылуы мүмкін.

Капитал қозғалысы және қаржы операцияларының шоты (қысқашасы «капитал қозғалысы шоты») да кредиттік және дебеттік операцияларды көрсетеді, бұл жер сәл өзгешеліктер бар. Мысалы, біздің ел шетелден қарыз алса, онда ол капиталдың импорты ретінде қарастырылады (Қазақстанға валютаның келуі) және керісінше, біздің ел шетелге қарыз берсе, онда ол капиталдың экспорты болып саналып дебет жолымен өтеді және валютаның сыртқа кетуін түсіндіреді. Қазақстандық активтерді шетелдіктерге сату (мәселен, қандай да бір отандық компанияның акциялар пакетінің бір бөлігін) кредит болып саналады, өйткені осындай келісімнен кейін елге ақшалай түсімдер келеді. Сондай-ақ, егер қазақстандық азаматтар қандай бір шетелдік фирманың акцияларын пакетін сатып алса, онда ол дебет болып саналады, өйткені сол келісім үшін төлем ретінде біздің елден валюта кетеді. Басқаша айтқанда, шетелдерге біздің қарызымыз экспорт сияқты болып көрінеді. ал шетелдерге қарыз ұсынуды импортқа ұқсата аламыз.

Соңғы шотқа келетін болсақ, *отандық шоттарда* шетелдік валюта резервтері ұлғаятын болса, онда бұл ақша ағынын білдіреді және плюс (+) таңбасымен кредитке жазылады. Ал отандық валюталық резервтердің *шетелдік шоттарда* көбеюі ақшаның кетуін білдіреді және минус (–) таңбасымен дебетке жазылады.

Сонымен, төлем балансының осындай шоттары негізінде біз бірқатар ұғымдарға төмендегідей анықтамалар бере аламыз.

Сауда балансы – белгілі бір уақытта (ай, тоқсан, жыл) құндық сипаттағы енгізілетін және сыртқа шығатын тауарлар арасындағы арақатынасты көрсететін қандай бір елдің немесе

әлемдік нарықтағы елдер тобының экономикалық жағдайынан хабардар ететін негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің бір түрі. Сәйкесінше, бұл баланс тек сауда ағындарының баптарымен ғана жүріп отырады.

Ағымдық операциялар балансы – сауда балансының сальдосынан тұратын, қызметтердің экспорты мен импорты туралы мәліметтерді және біржақты трансферттерді (зейнетақылар, сыйлықтар, ақша аударымдары, шетелге қайтарымсыз көмек) қамтитын, сонымен қатар, инвестициялық табыстар балансы сальдосын да өзіне қосатын төлем балансының бір бөлігі. Егер ағымдық операциялар балансы оң болса (активті сальдо), онда сол ел шет елдерге қарағанда нетто-инвестор болып табылады, яғни әлемдік нарықта *кредитор* болып табылады. Ал егер ағымдық операциялар балансы теріс болса (пассивті сальдо), онда сол ел шет елдерге қарағанда *қарыздар* болып табылады. Олай болса, бұл баланс жиынтық ұлттық табыстар мен жиынтық ұлттық шығындар арасындағы айырманы сипаттайды.

Капитал қозғалысы балансы – бұл тікелей және портфельдік инвестициялардан құралатын, ұзақ мерзімдік мемлекеттік және жеке банктік займдарды қамтитын, бұрын алған (берген) қарыздардың бір бөлігін төлеу (алу) операцияларын қарастыратын, сонымен қатар, қысқа мерзімді капиталды, мемлекеттік бағалы қағаздар мен міндеттемелерді, банктік депозиттерді, банкаралық қарыздарды, қысқа мерзімді несиелерді өзіне қосатын төлем балансының екінші бір бөлігі.

Қорытынды баланс – сауда балансын, ағымдық операциялар балансын және капитал қозғалысы балансын өзіне қосатын жиынтық баланс. Қорытынды балансқа мыналар кірмейді: ресми резервтердің өзгеруі, мемлекеттің алтын қоры, ХВҚ-ғы елдің резервтік позициясы, валюталық активтер, қарыз бойынша арнайы құқықтар (СДР – специальные права заимствования).

Төлем балансы шоттарының өзара байланысы.

Төлем балансының шоттары бір-бірімен тығыз байланыста болады. Оны негізгі макроэкономикалық теңдестік арқылы түсіндіруге болады:

$$\mathbf{Y = C + I + G + Xn.}$$

Егер теңдеудің сол жақ және оң жақ бөлігінен тұтыну шығындары мен мемлекеттік шығындарды алып тастайтын болсақ, онда біз мынаны аламыз:

$$\mathbf{S = I + Xn,}$$

мұнда, Y – C – G = S, яғни ұлттық жинақтарды (жеке және мемлекеттік жинақтардың қосындысы) білдіреді. Бұл теңдеуді басқаша түрлендіріп негізгі макроэкономикалық теңдікті ала аламыз:

$$\mathbf{Xn = S - I,}$$

мұнда, Xn – экономиканың сыртқы балансы;

S – I – экономиканың ішкі балансы.

Нақтырақ айтатын болсақ, Xn – ағымдық операциялар шотының сальдосы, S – I – капитал қозғалысы шотының сальдосы болып табылады. Бұл екі шот бір-бірін теңестіріп отырады және өз мәндерінің абсолютті шамаларына сәйкес келіп отырады.

Соңында, негізгі макроэкономикалық теңдестіктің мынадай жазуын ала аламыз:

$$\mathbf{Xn + (I - S) = 0.}$$

Төлем балансын талдаудың осындай логикасы *кредит пен дебеттің барлық баптарының сомалары нөлге тең болады* дегенге негізделеді. Сонда осы макроэкономикалық талдау тұрғысынан біз екі негізгі шотты – ағымдық операциялар шотын және капитал қозғалысы шотын ғана бөліп көрсетуіміз керек. Осы екі шот арқылы жүргізілетін кез келген келісім төлем балансында екі рет жазылатындықтан, олар бір-бірін әрдайым теңестіріп отырады. мысалы, егер қазақстандық импорт экспорттан көп болса, онда ағымдық операциялар шотының теріс сольдосы орын алады: **Xn < 0.** Шығындарымыз табыстардан асып кетсе, онда бір жерден қарыз алуға тура келеді немесе өз активтеріміздің бір бөлігін сатуымыз керек. Осының бәрі Қазақстанға шетел валютасы осы шот бойынша құйылады дегенді білдіреді. Ал капитал қозғалысы

шоты бойынша бұл оң сальдо болып табылады, яғни инвестициялар ұлттық жинақтардан көп болып тұр: **I – S > 0 => I > S.** Олай болса, Қазақстан шет елдерге **қарыздар** деген сөз.

Керісінше, егер қазақстандық экспорт импорттан көп болса, онда ағымдық операциялар шотының оң сольдосы орын алады: **Xn > 0.** Демек, Қазақстаннан шетел валютасы осы шот бойынша сыртқа ағылады. Ал капитал қозғалысы шоты бойынша бұл теріс сальдо болып табылады, яғни ұлттық жинақтар инвестициялардан көп: **I – S < 0 => I < S.** Олай болса, Қазақстан әлемдік нарықта **кредитор** болып табылады. Мәселен, несие беру, жылжымайтын мүлікті және басқа да активтерді шетелден сатып алу.

Төлем балансы шоттарының экономикалық мәні басқаша мынаған келіп саяды. Егер Xn > 0 болса, онда ел сыртқы ортаға қарағанда таза инвестор болып табылады. Бұл еліміз ұлттық жинақтарының бір бөлігін шетелдерде инвестициялайды дегенді білдіреді. Керісінше, егер Xn < 0 болса, онда еліміз таза қарыздар болып табылады және оның инвестициялары шетелдерде қысқарады.

Төлем балансының тапшылығы ағымдық операциялар шоты мен капитал қозғалысы шоты сомаларының бір-біріне тең болмайтындығымен түсіндіріледі. Мысалы, ағымдық операциялар шотының теріс сальдосы капитал қозғалысы шотының сондай сальдосы бойынша бір-біріне тең емес: Xn + (I – S) < 0.

Төлем балансы тапшылығының мәнін толық түсіндіру үшін төлем балансының үшінші шоты – *ресми валюталық резервтер өзгерісі* категориясын қолдануға тура келеді. Бұл жерде Орталық банк төлем балансының тапшылығын **валюталық интервенциялар** құралымен реттейді, яғни ол жеке сектор ретінде шетел валютасын сату және сатып алу операцияларын жүзеге асырады. Олай болса, валюталық интервенциялар Орталық банктің ақша-несие саясатының ашық экономикадағы төртінші жанама құралы болып табылады. Төлем балансының тапшылығына немесе артықшылығына Орталық банктің іс-әрекеттері қалай әсер етеді?

Егер төлем балансының тапшылығы Xn + (I – S) < 0 орын

алса, онда сол ел шетелге қарыздар болып табылады. Мұндай жағдайда Орталық банк ресми валюталық резервтерінен долларларды ішкі нарықта сатады, яғни валюталық интервенциялар жүргізеді. Ақша нарығында шетел валютасының ұсынысы ұлғаяды және кредит бойынша плюс таңбасымен өтеді. Бірақ, Орталық банктің ресми резервтері қысқарады. Банктің осындай операцияларын экспорттық операциялармен ұқсатуға болады, яғни тауарлар экспортталғанда да ішкі нарыққа шетел валютасының ағылатындығын біз білеміз.

Керісінше, егер төлем балансының артықшылығы Xn + (I – S) > 0 орын алса, онда сол ел шетелдік секторды несиелей алады. Мұндай жағдайда Орталық банк ішкі нарықта шетел валютасын сатып ала отырып оның ұсынысын қысқартады, яғни қайтадан валюталық интервенцияларды жүргізеді. Осындайда тәжірибеден бір мысал келтіруге болады: соңғы жылдары мұнайға әлемдік бағаның шарықтауы салдарынан мұнайды сыртқа шығару кезінде Қазақстанға шетел валютасы («мұнай доллары») көптеп ағылды. Орталық банктің осы жердегі әрекеттері (теңгеге долларды сатып алу) ішкі нарықта шетел валютасының ұсынысын қысқартады және ол дебет бойынша минус таңбасымен өтеді. Бірақ Орталық банктің ресми резервтері ұлғаяды. Енді банктің осындай операцияларын импорттық операциялармен ұқсатамыз, яғни тауарлар импортталғанда ішкі нарықта шетел валютасының шамасы азаяды.

Макроэкономикада Орталық банктің ресми резервтер шотының сальдосы Δ**R** символымен белгіленеді. Олай болса, Орталық банктің іс-әрекеттері нәтижесінде ресми валюталық резервтердің өзгерісі төлем балансының барлық баптарының сомаларын кредит пен дебет бойынша нөлмен шығаруға мүмкіндік береді:

$$\mathbf{Xn + (I - S) + \Delta R = 0.}$$

Төлем балансының теориялық құрылымын қарастырып болғаннан кейін Қазақстан Республикасы төлем балансының толық сызбасын төмендегідей кестемен келтіруге болады (15.2-кесте).

16.2-кесте. **Қазақстан Республикасының төлем балансы, 2010 жыл**

Шоттың атауы	Сома, млн. АҚШ доллары
А. Ағымдық операциялар шоты	**4 318,98**
Сауда балансы	28 881,45
Экспорт	60 837,93
Импорт	-31 956,48
Қызмет көрсету балансы	-7 053,08
Экспорт	4 244,64
Импорт	-11 297,71
Кірістер балансы	-17 074,75
Тартылған кредиттер мен заемдер бойынша сыйақы төлемдері	-1 686,92
Тікелей инвесторлардың кірістері	-15 351,52
Резервтер бойынша сыйақы	250,85
Ұлттық қордың активтері бойынша сыйақы	576,90
Өзгелер (нетто)	-864,07
Ағымдық трансферттер	-434,65
В. Капитал қозғалысы және қаржы операцияларының шоты	**-990,76**
Капитал операцияларының шоты	7 888,18
оның ішінде мигранттар трансферті	-10,76
Қаржылық шот	-8 878,94
Тікелей инвестициялар	2 155,13
Қаржыландыру (нетто-игеру)	9 575,48
Өтеу	-7 420,34
Портфельдік инвестициялар	8 712,05
оның ішінде Үкіметтің еуробонттары	0,00
Туынды қаржы құралдары (нетто)	12,96
Басқа орта және ұзақ мерзімді инвестициялар	-8 948,82
Сауда кредиттері	-311,49
Үкімет кепілдік берген	-175,09
қаржыландыру (игеру)	13,88
қарызды өтеу (есептелген)	-188,97
Басқалары (нетто)	-136,40
Заемдар	-8 636,31
ҚР Үкіметімен тартылған	1 425,23
қаржыландыру (игеру)	1 507,12
борышты өтеу (есептелген)	81,89

Басқалары (нетто)	-10 061,54
Өзгелері (нетто)	-1,02
Өзге қысқа мерзімді капитал	-10 810,26
C. Қателер мен қалып қойғандар	**1 406,53**
D. Жиынтық баланс	**4 734,75**
E. Қаржыландыру	**-4 734,75**
ҚР ҰБ-нің резервтік активтері	-4 734,75
ХВҚ-ның кредиті	0,00

Дерек көзі: www.nationalbank.kz

Төлем балансының көрсетілген талдама ұсынымы бойынша ресми валюталық резервтердің өзгерісі жеке шот ретінде көрсетіледі және капитал қозғалысы мен қаржы операцияларының шоты құрамына кірмейді. Кестеде көрсетілген сандарды негізгі макроэкономикалық теңдестіктің мәндеріне салып нақты көрсетуге болады. Ағымдық операциялар шоты (Xn) мен капитал қозғалысының шоты (I – S) мынаған тең: 4 318,98 + (-990,76) = 3 328,22 млн.долл. Осыдан біз төлем балансының оң сальдосының орын алып отырғандығын көріп отырмыз, яғни $Xn + (I - S) > 0$.

Төлем балансында көрсетілетін барлық шоттардың сомалары нөлмен жабылып отыратынына қарамастан олардың динамикасы валюталардың айырбас бағамына әсер етеді.

Валютаның айырбас бағамы – бұл әртүрлі елдер валюталарының арақатынастары; бір елдің ақша бірлігі бағасының екінші бір елдің ақша бірлігі бағасына қатынасы.

Ұлттық және шетелдік валюта бағамын тіркеуді **валюталық белгіленім** (котировка) деп атайды. Шетел валютасы белгіленімінің тікелей және кері белгілеу деген түрлері болады.

Шетел валютасының тікелей (тура) *белгіленімі*: ұлттық валюта бірлігінің белгілі бір көлемімен анықталатын шетел валютасы бірлігінің бағасы. Мысалы, 1 долл. = 150 тг.

Шетел валютасының кері белгіленімі: шетелдік валюта бірлігінің белгілі бір көлемімен анықталатын ұлттық валюта бірлігінің бағасы. Мысалы, 1 тг. = 0,006 долл.

Айырбас бағамы жалпы алғанда валюта нарығындағы валютаға сұраныс пен валюта ұсынысы арқылы анықталады. **Валюталық нарық** – әртүрлі елдердің валюталары сауда-саттыққа

түсетін нарық. Көптеген банктер, фирмалар, биржалар, айырбас орындары шетел валюталарымен сауда-саттық қатынастарын жүргізіп отырады.

Валюта бағамының атаулы және нақты валюта бағамы деген түрлері бар.

Атаулы валюта бағамы – екі ел валюталарының салыстырмалы бағасы. Яғни, бір ел валютасының екінші ел валютасына шаққандағы бағасы. Атаулы валюта бағамын белгілеу үшін «айырбас бағамы» ұғымы қолданылады.

Нақты валюта бағамы – екі елде өндірілген тауарлардың салыстырмалы бағасы. Осыны мынадай шартты мысалмен түсіндіруге болады. Айталық, отандық өнім 90 000 теңге тұрады, ал тура сондай сапасы бірдей американдық өнім 6 000 долларға тең. Екі ел тауарларының бағасын бір валютамен есептейміз, мұндай жағдайда қалыптасқан атаулы айырбас бағамын назарға ала отырып, американдық тауардың бағасын теңгемен есептейміз, мысалы, 150 тг./USD. Нақты айырбас бағамын табу үшін мына формула қолданылады:

$$\varepsilon = P/eP^*,$$

мұнда, ε – нақты айырбас бағамы; P – отандық тауардың бағасы; P* - шетелдік тауардың бағасы; e – тікелей белгіленімдегі шетел валютасының атаулы айырбас бағамы.

Нәтижесінде, мынадай сандарды алуға болады:

90 000 тг./(150 тг./USD)×6 000 USD = 90 000/900 000 = 0,1.

Бұл сан екі ел тауарының айырбасын көрсететін нақты айырбас бағамын көрсетеді. Мұндай жағдайда, американдық 1 дана өнімге отандық өнімнің 10 данасы сәйкес келеді. Олай болса, қалыптасқан осындай атаулы айырбас бағамы мен салыстырмалы бағалар кезінде отандық өнім арзан, ал шетелдік өнім қымбат болады. Егер қандай да бір себептерге байланысты, мысалы, Қазақстандағы инфляцияға байланысты отандық өнімнің бағасы 120 000 теңгені құраса, онда теңгенің нақты айырбас бағамы 0,13-ке дейін өседі.

Бірақ бұл мысал нақты шынайылықты қарапайым түрде ғана көрсетеді. Шын мәнінде бұл жерде тек екі тауардың ғана

бағалары салыстырылмайды, екі елдегі бағалардың орташа деңгейі салыстырылады. Бағалардың орташа деңгейін есептеу үшін әдетте, ереже бойынша, өзгермейтін тауарлар жиынын көрсететін тұтыну қоржыны алынады, оны бізге Ласпейрес индексімен анықтауға болады. Сондықтан Р және Р* белгілерін ары қарай бағалардың орташа қазақстандық (отандық) деңгейі және шетелдегі бағалардың орташа деңгейі деп сипаттауға болады.

Егер отандық валютаның нақты айырбас бағамы бір теңгеден төмен болса, онда отандық тауарлар шетелдікке қарағанда салыстырмалы арзан болады. Осыны қазақстандық мысалмен түсіндіретін болсақ, біздің тұрғындар отандық тауарларды көбірек, ал шетелдік тауарларды азырақ сатып алатын болады. Қазақстандық өндірушілер өз экспорттарын кеңейте бастайды, өйткені, шетел азаматтары да аса арзан қазақстандық тауарларды сатып алуға құлшына бастайды. Демек, қазақстандық таза экспорттың шамасы артады.

Егер отандық валютаның айырбас бағамы бір теңгеден жоғары болса, онда отандық тауарлар шетелдік тауарларға қарағанда салыстырмалы қымбат болып табылады. Ел тұрғындары енді шетелдік тауарларды көптеп сатып ала бастайды. Отандық өндірушілер өздерінің экспорт көлемін қысқартады, ал қазақстандық импортерлер елге әкелінетін шетелдік тауарлардың көлемін арттыра бастайды. Олай болса, таза экспорт төмендейді. Сондықтанда, осыған қарап нақты айырбас бағамының (ε) және қарқынының қаншалықты маңызды екендігіне көз жеткізуге болады. Тауарлар мен қызметтердің жалпы қозғалысы және сәйкесінше, төлем балансының қарқыны нақты бағамға тәуелді болып табылады.

Таза экспорт нақты айырбас бағамының функциясы болып табылады, яғни таза экспорт (Xn) пен нақты бағам (ε) арасында кері байланыс бар:

$$\mathbf{Xn} = f\ (\varepsilon).$$

Нақты айырбас бағамының формуласынан оның атаулы айырбас бағамына және екі елдегі бағалар деңгейіне тәуелділігін көруге болады. Өз кезегінде, атаулы айырбас бағамына бірқатар негізгі факторлар әсер етеді:

– елдердің ЖІӨ-гі немесе ұлттық табысындағы салыстырмалы өзгерістер. Мысалы, Қазақстанда ЖІӨ Ресейге қарағанда тезірек өсетін болса, онда бұл Қазақстанның аса ауқатты азаматтары өз сұраныстарын импорттық тауарларға да арттырады дегенді білдіреді. Сәйкесінше, импорт үшін ресейлік валюта қажет және ресейлік рубльге деген жоғары сұраныс теңгенің айырбас бағамын төмендетуге алып келеді;

– нақты пайыздың салыстырмалы қойылымдары. Егер Қазақстанда нақты пайыздық қойылым Ресейге қарағанда жоғары болса, онда капиталдар Қазақстанда ағылып, валюталық нарықта ресейлік рубльдің шамасы салыстырмалы түрде көбейе бастайды және оның бағамы төмендейді, ал теңгенің айырбас бағамы артады;

– алыпсатарлық операциялар және күтімдер. Егер валюталық алыпсатарлар, мысалы, егер Еуроодақ елдерінде экономикалық өсудің қарқыны АҚШ-пен салыстырғанда жоғары болатындығын білсе немесе күтсе, онда еуроға сұраныс артады, ал долларға сұраныс қысқарады және оның айырбас бағамы төмендейді.

Ендігі назарды нақты айырбас бағамының динамикасына әсер ететін аса маңызды фактор – бағалар арақатынасының өзгерісіне аударамыз. Мұндағы ең басты мәселе болып әртүрлі елдердегі инфляция қарқынының арақатынастары табылады. Егер Қазақстанда инфляция қарқыны және оның күтімі Ресеймен салыстырғанда жоға-ры болса, онда уақыт өте келе өзіміздің теңгеге ресейлік рубльдің аз ғана бөлігін сатып алуға тура келеді немесе бір рубльге теңгенің көп бөлігін беру қажет. Осыған орай, біз Орталық банктің ақша-несие саясаты мен валютаның айырбас бағамы арасында тығыз байланыстың бар екендігін айта аламыз.

Сатып алу қабілеттілігінің тепе-теңдігі (паритеті) теориясы

Сатып алу қабілеттілігінің паритеті теориясын қарастырмас бұрын, ең алдымен, экономикалық теориядан белгілі *ортақ баға заңын* еске түсіру қажет, яғни оның мәні мынада: қандай да бір тауар жетілген бәсеке жағдайында әртүрлі аймақта бір уақытта әртүрлі бағамен сатыла алмайды. Егер бидайдың 1 тоннасы Ақмола облысында Қостанай облысына қарағанда қымбат болса, онда алыпсатарлар бидайды Қостанай аймағынан сатып ала

отырып, оны Ақмола облысында сату арқылы қосымша пайда табуы мүмкін. Алыпсатарлардың осындай әрекеттері бидайдың бағасын теңестіруге алып келеді: олар Қостанай аймағында бидайға сұранысты арттырады және оны Ақмола облысында төмендетуге алып келеді. Олай болса, әртүрлі тең жағдайларда, бидайдың бағасы тепе-теңдік қалпына келеді.

Ортақ баға заңы халықаралық нарықтарда қолданыс тауып **сатып алу қабілеттілігінің паритеті теориясы** (СҚП) деген атқа ие болды. Кезінде СҚП идеясын бірінші болып Д. Рикардо алға тартқан, бірақ ол теория XX ғасырдың басында швед экономисі Г. Кассельдің еңбектерінен кейін ғана белгілі бола бастады. Бұл теорияны былай тұжырымдауға болады: *егер халықаралық нарықтарда алыпсатарлардың әрекеттері жүзеге асырыла алатын болса, онда қандай да бір ақша бірлігі (доллар, еуро және т.б.) барлық елдерде бірдей сатып алушылық қабілеттілікке ие болуы тиіс.*

СҚП теориясының екі нұсқасы бар: абсолюттік СҚП және салыстырмалы СҚП.

Валюталардың абсолюттік СҚП-і атаулы айырбас бағамы екі елдегі бағалар деңгейінің арақатынасына тең болады дегенді білдіреді. Егер Қазақстанда стандартты тұтыну кәрзеңкесі бір айға есептегенде 15 000 теңгені және АҚШ-та 100 долларды құраса, онда атаулы айырбас бағамы 15 000 тг./100 долл. немесе 150 тг./1 долл. қатынасына тең болады.

СҚП теориясы абсолюттік нұсқасында нақты айырбас бағамы өзгеріссіз қалуы үшін, атаулы айырбас бағамының қалай өзгеретіндігін білдіреді және ол 1-ге тең болуы тиіс, оны төмендегі формуладан көруге болады:

$$\varepsilon = P/eP^* = 1.$$

Егер қазақстандық өнімнің бағасы 90 000 теңгені, ал дәл сондай американдық өнімнің бағасы 6 000 долларға тең болса, онда атаулы айырбас бағамы 15 тг./1 долл. қатынасын құрайтын болады. Олай болса, бұл жерде нақты айырбас бағамы мынаған тең болады:

90 000 теңге: (15 тг./1 долл.)×6 000 долл. = 90 000 : 90 000 = 1.

Егерде, біздің елімізде қазақстандық өнімнің бағасы инфляцияның салдарынан екі есе өссе және ол 180 000 теңгені құраса, онда теңгенің атаулы айырбас бағамы бағалардың арақатынасы бұрынғысынша 1-ге тең қалпында қала алатындай болып төмендеуі тиіс (сәйкесінше, доллардың бағамы өсуі тиіс). Бірақ бұл арақатынас айырбастың қандай жаңа атаулы бағамы кезінде орындалады? Қазақстандағы инфляциялық үдерістер теңгеге сұранысты қысқартып, долларларға сұранысты арттыра бастайды. Егер енді валюта нарығында 1 долларға 30 теңге қажет болса, онда жоғарыдағы формуланы қолдана отырып, бағалардың арақатынасын былайша есептеуге болады:

180 000 теңге: (30 тг./1 долл.)×6 000 долл. =180 000 : 180 000 = 1.

СҚП теориясы салыстырмалы нұсқасында былай сипатталады, яғни валюталардың атаулы айырбас бағамдарының өзгерісі осы елдердегі бағалар деңгейінің өзгерісіне сәйкес келеді. Атаулы айырбас бағамының қарқынын анықтау үшін мына формула қолданылады:

$$\mathbf{e_{t+1} - e_t / e_t = \pi - \pi^*,}$$

мұнда, e – t және t+1 кезеңдерінде шетел валютасының тікелей белгіленіміндегі атаулы айырбас бағамы; π – елдегі инфляцияның жылдық қарқыны; **π* -** шетелдегі инфляцияның жылдық қарқыны.

СҚП-ң салыстырмалы нұсқасы екі елдегі бағалардың тек салыстырмалы деңгейі өзгеріссіз қалуы үшін атаулы айырбас бағамының қалай өзгеретіндігін көрсететін болжамға негізделеді. Мысалы, айталық, базистік t жылында атаулы айырбас бағамы 30 тг./1 долл. қатынасын құрайды. Ал Қазақстанда инфляция қарқыны келесі t+1 жылы 13%-ды, ал АҚШ-та 2%-ды құрайды. Осыған қарап екі елдегі инфляция қарқындарының айырмасын есептейміз: 13 – 2 = 11%. Бұл атаулы айырбас бағамы осы уақыт аралығында 11%-ға төмендеуі тиіс және ол 33,3 тг./1 долл. қатынасын құрауы тиіс дегенді білдіреді.

Валютаның айырбас бағамының жүйелері

Тіркелген айырбас бағамы – бұл Орталық банктің елдер арасындағы валюталардың ресми арақатынасын бекітуі (мысалы, 150 тг./USD) және оны ұстап тұра алуы. Бұл кез келген азамат осы

тіркелген ресми бағам бойынша елдің Орталық банкінен шетел валютасын сатып ала алады және оны осы бағам бойынша сата да алады деген болжамды білдіреді.

Бірақ, Орталық банк пен үкімет айырбастың тіркелген бағамын бекітке алғанымен, шетел валютасына деген сұраныс пен ұсыныстың тұрақтылығын сақтап тұра алмайды. Өйкені шетел валютасының сұранысы мен ұсынысына әсер ететін көптеген бар. Олардың бірқатарына тоқталып өтуге болады:

– экономикалық субъектілердің инфляциялық күтімдері. Егерде, Қазақстанда инфляция қарқыны АҚШ-қа қарағанда жоғары болса, онда долларларға сұраныс өседі және теңгеге сұраныс төмендейді;

– салыстырмалы нақты пайыздық қойылымдар. Әртүрлі тең жағдайларда, егер шетелде отандық экономикаға қарағанда пайыздар жоғары болатын болса, онда экономикалық субъектілер пайыз түрінде көбірек пайда табу мақсатында өз депозиттері бойынша активтерін шетелдік валютада орналастыратын болады;

– экспорт пен импорттағы өзгерістер. Мәселен, АҚШ-тан Қазақстанға жөнелтілетін импорттық өнімдер долларға сұранысты туындатады, олай болса, қазақстандық импортерлерге американдық жеткізушілермен есеп айырысу үшін долларлық валюта қажет деген сөз. Ал Қазақстаннан АҚШ-қа экспортталатын тауарлар доллар ұсынысын туындатады, демек, қазақстандық экспортерлер отандық өнімдерді сыртқа шығара отырып шетел валютасын алады.

Сәйкесінше, осы факторларды есепке ала отырып, тіркелген айырбас бағамы тек **валюталық басқыншылық** операциясын қолданумен ғана белгілі бір деңгейінде ұсталынып тұра алады. Біз жоғарыда атап өткеніміздей, валюталық басқыншылық Орталық банктің ақша-несие саясатының төртінші жанама құралы ретінде Орталық банктің валюта нарығында айырбас бағамының оның тіркелген деңгейінен ауытқуы орын алғанда өзінің халықаралық резевтерінен шетел валютасын сатып алуы немесе сатуы арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекет айырбастың тіркелген бағамы туралы жариялай отырып, оны ұстап тұра алуына сенімді болуы керек және халықтың да үкіметке деген сенімі жоғалмауы тиіс. Егер Орталық

банк айырбас бағамын 150 тг./USD деңгейінде ресми бекітетін болса және осы кезде арзан ақшалар саясатын жүргізетін болса, онда инфляция қарқынының өсуі валютаның айырбас бағамын «қара нарықта» (валютаның еркін нарығы іспеттес) одан сайын арттыра түсуі мүмкін, мысалы, 160 тг./USD. Мұндай жағдайда алыпсатарлар Орталық банктен долларларды 150 тг./USD бағамы бойынша сатып алып оны еркін қара нарықта 160 тг./USD. бағаммен барлығына бірдей қайта сата бастайды.

Қалыптасқан осындай жағдайлар кезінде үкімет пен Орталық банк ерте ме, кеш пе, әйтеуір девальвацияға жүгінуге мәжбір болады. **Девальвация** – бұл тіркелген айырбас бағамы кезінде ұлттық валютаның бағамын ресми жарияланған түрде төмендету. Біздің мысалымыз бойынша, енді Орталық банк жаңа тіркелген бағамды жариялайды: 160 тг./USD. Девальвация саясаты сауда балансы және төлем балансы тепе-теңдігінің мәселесін уақытша шеше алады. Себебі үкіметтің осы шарасы тауарлардың экспортын арзандатады және оны кеңейтеді. Алайда, бір уақытта, девальвацияның салдарынан импорттық тауарлар қымбаттай бастайды.

Сонымен, ұлттық валютаны девальвациялау импортерлерге тиімсіз және экспортерлерге тиімді болып табылады.

Ревальвация – бұл тіркелген айырбас бағамы кезінде ұлттық валютаның бағамын ресми жарияланған түрде жоғарылату. Импортерлер мен экспортерлер тұрғысынан бұл жағдай девальвация шарасына қарама-қарсы болып табылады: импортерлер ұтады және экспортерлер ұтылады.

Соңында, тағы бір көкейге түйетін жайт, яғни, «девальвация» және «ревальвация» ұғымдары айырбастың тек тіркелген бағамы кезіндегі жағдайларда ғана қолданылады.

Еркін қалқымалы айырбас бағамы – бұл Орталық банктің валюталық нарықта нарықтық сұраныс пен ұсыныстың әсерінен айырбас бағамының еркін түрде құбылуына жол беруі. Қалқымалы бағам кезінде Орталық банк валюта басқыншылығын жүргізбейді, және сәйкесінше, оның алтын валюталық резервтері өзгермейді ($\Delta R = 0$). Ал төлем балансы бұл кезде валюта бағамының құбылуынан тепе-теңдік қалпында болады.

Еркін қалқымалы жүйе жағдайларындағы айырбас бағамы-

ның өзгерістерін валютаның **құнсыздануы** немесе **қымбаттауы** деп атайды. Біздің мысалымызда, шетел валютасының айырбас бағамы 150-ден 160 тг./USD-ға дейін көтерілгенде оны долларлардың қымбаттауы (сәйкесінше, теңгенің құнсыздануы) дейді. Керісінше, шетел валютасының айырбас бағамы 160-тан 150 тг./USD-ға дейін төмендегенде оны долларлардың құнсыздануы (сәйкесінше, теңгенің қымбаттауы) деп атайды.

Еркін қалқымалы айырбас бағамы төлем балансының тапшылығын немесе артықшылығын ұлттық валютаны құнсыздандыру немесе қымбаттату арқылы автоматты түрде реттейді.

Орталық банктің валюта нарығындағы әрекеттерімен байланысты тағы бір маңызды ұғым бар. Егерде, ол экспортерлерден долларларды сатып алса, онда ол ұлттық валюта – теңгемен есептеседі. Шетел валютасын сатып алумен байланысты теңгені эмиссиялау жұмысы ақша базасын көбейтеді, ал соның салдарынан, ақша мультипликаторы арқылы ақша массассы (ұсынысы) да артады. Осының бәрі инфляцияны күшейтеді. Валюта басқыншылығының елдегі ақша ұсынысына әсерін бейтараптандыру үшін Орталық банк осы басқыншылыққа қарама-қарсы болып келетін ішкі активтер (мемлекеттік облигациялар) бойынша келісім-шарттарды жүргізеді. Осындай іс-әрекеттерді **айықтыру** (стерилизация) деп атайды. Мысалы, айталық, Орталық банк 10 млн.сомасында қолма-қол долларларды сатып алу кезінде атаулы айырбастың ағымдық бағамы бойынша теңгемен есептеседі делік. Олай болса, валюта басқыншылығының нәтижесінде ақша базасы ұлғаяды. Оны айықтыру үшін Орталық банк ашық нарықта коммерциялық банктерге және тұрғындарға сондай сома көлемінде мемлекеттік облигацияларды сатады. Мемлекеттік облигацияларды сатып алу коммерциялық банктердің резервтерін төмендетеді. Сөйтіп, ақша базасы, яғни, C (қолма-қол ақшалар) + R (резервтер) өзгеріссіз қалады.

Сонымен, валютаның айырбас бағамының тіркелген және қалқымалы деген жүйелерін қарастыру арқылы біз төлем балансының тапшылығын немесе артықшылығын реттеудің мәселесін толыққанды түсіне аламыз.

Қорытындысында, мынаны қадап айтқан жөн, яғни макроэкономикалық саясаттың негізгі мақсаттарына қол жеткізу көз-

қарасы тұрғысынан, айырбас бағамының қандай жүйесі жұмыс істесе де, ол тіркелген болсын немесе қалқымалы болсын, осы аталған сұрақтарға біржақты жауап жоқ. Осының барлығы нарықтық экономика институттарының даму дәрежесіне, алтын валюталық резервтердің көлеміне, инфляция қарқынына, халықтың билікке деген сеніміне, жиынтық сұраныс пен жиынтық ұсыныс тарапынан болатын кездейсоқ сілкіністердің болуына және болмауына, басқа да жағдайларға байланысты болып табылады. Осыған орай, мемлекеттің елде айырбас бағамының қандай да бір жүйесін таңдауы экономикалық және саяси сипаттағы көптеген объективтік және субъективтік факторлардың әсерімен байланысты жүзеге асырылады.

Қорытынды

1. Төлем балансы – белгілі бір уақыт аралығында резиденттер мен резидент еместердің арасындағы жасалған сауда-саттық және қаржылық келімдер туралы статистикалық есеп-қисап. Төлем балансын талдау негізінде қандай да бір елдің сыртқы экономикалық тепе-теңдікке жете алу мүмкіндігін түсіндіруге болады.

2. Төлем балансы бабының кредиті бойынша жазу екінші бір баптың дебеті бойынша жазумен теңестіріліп отырады. Кредит – нәтижесінде елден құндылықтар кететін және солар үшін елге шетел валютасындағы ақшалай ағындар келетін келісімдер жиынтығы және бұлар «плюс» белгісімен жазылады. Дебет – нәтижесінде ел сатып алатын құндылықтарға айырбас ретінде валютасы сыртқа кететін келісімдер және бұлар «минус» белгісімен жазылады.

3. Халықаралық валюта қорының анықтамасы бойынша төлем балансы құрамына мыналар кіреді: 1) Ағымдық операциялар шоты - тауар мен қызметтер экспорты мен импорты, таза инвестициядан таза табыстар және таза трансферттік аударымдар; 2) Капитал қозғалысы мен қаржы операцияларының шоты – ұзақ мерзімдік инвестициялар (тікелей және қоржындық); қысқа мерзімдік капиталдар қозғалысы шотына активтермен жасалған халықаралық мәмілелер кіреді: акция, облигация, жылжымайтын мүліктен түскен табыс және шетелден сатып алынған активтерге шығындар. 3) Ресми резервтер өзгерісі – мемлекеттің алтын қоры, әлемдік баға мен валюта бағамының өзгерісіне байланысты алтын валюта резервін қайт бағалау, елдегі алтынның бір бөлігін алтын қорына ауыстыру, қарыз бойынша арнайы құқықтар (СДР – специальные права заимствования), шетел валютаның резервін пайдалану.

4. Валюта нарығы – валюта мәмілелері жасалатын нарық, яғни онда белгілі атаулы валюта бағамы бойынша бір елдің валютасы екінші елдің валютасына айырбасталады. Еліміздің коммерциялық банктері сыртқы қарыздарын өтегенде рынокқа валютаның айтарлықтай көлемін шығарады. Бұл ұлттық валютамызға да әсерін тигізеді.

5. Валютаның айырбас бағамы – екі әр ел валюталарының арақатынасы. Атаулы айырбас бағамы екі ел валюталарының салыстырмалы бағасын көрсетеді. Нақты айырбас бағамы екі елде өндірілген тауарлардың салыстырмалы бағасын көрсетеді.

6. Ортақ баға заңы еркін бәсекелестік жағдайында бір тауардың әр елде әртүрлі бағамен сатылуының мүмкін еместігін көрсетеді. Бұл заң халықаралық нарықта сатып алу қабілеттілігінің паритеті деп аталады.

7. Валюталық басқыншылық валюта нарығындағы айырбас бағамы тіркелген бағамнан ауытқыған кезде өзінің халықаралық резервтерінен Орталық банктің шетел валютасын сататынын және сатып алатындығын көрсетеді.

8. Девальвация – тіркелген айырбас бағамы жүйесіндегі ұлттық валюта бағамының ресми түрде төмендеуі. Ревальвация – тіркелген айырбас бағамы жүйесіндегі ұлттық валюта бағамының ресми түрде жоғарылауы.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары

1. Төлем балансының құрылымы қандай?
2. Төлем балансының принциптері қандай?
3. Төлем балансының тапшылығы мен дағдарысы қалай орын алады?
4. Төлем балансын мемлекеттік реттеудің жолдары қандай?
5. Валюта нарығында тепе-теңдік қалай орын алады?
6. Валютаның қандай түрлері бар?
7. Валютаның айырбас бағамының түрлері қандай?
8. Валютаның айырбас бағамының жүйелері қандай?
9. Сатып алу қабілеттілігінің паритеті теориясы қалай сипатталады?

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

Негізгі:

1. *Мамыров Н. Қ., Тілеужанова М. Ә.* Макроэкономика: Оқулық. - Алматы: Экономика, 2003. Тарау 10.

2. Макроэкономика: учебник / Под общ. ред. *А. А. Абишева, К.А. Хубиева.* – Алматы: «Экономика», 2007. Раздел 5, глава 12, 13.

3. *Вечканов Г. С., Вечканова Г. Р.* Макроэкономика. 2 - е изд. - Спб.: Питер, 2008. Главы 16, 17.

4. *Агапова Т. А., Серегина С. Ф.* Макроэкономика: учебник / Под общ. ред. д.э.н., проф. А. Ф. Сидоровича; МГУ им. М.В. Ломоносова. – 8 - е изд., перераб. и доп. – М.: Издательство «Дело и Сервис», 2007. Главы 13, 14.

5. Курс экономической теории: учебник – 5-е исправленное, дополненное и переработанное издание/ Под общ. ред. *Чепурина М. Н. и Киселевой Е. А.* – Киров: «АСА», 2006. (Раздел 3: Макроэкономика; Раздел 4: Международные аспекты экономической теории). Глава 28.

6. *Селищев А. С.* Макроэкономика. 3 - е изд. - Спб.: Питер, 2005. Глава 9.

7. *Ивашковский С. Н.* Макроэкономика: Учебник. 2 – изд., испр., доп. – М.: Дело, 2002. Глава 12.

8. *Агапова Т. А., Серегина С. Ф.* Макроэкономика. Тесты: Уч. пос., 2-е изд. – М.:ДиС, 2005. Тема 12, 13.

Қосымша:

1. *Сейткасимов Г. С.* Макроэкономические проблемы современной экономики Казахстана: Монография. – Астана: Изд. КазУЭФМТ, 2010. – 350 с.

2. *Курганбаева Г. А.* Экономика Казахстана в XXI веке: монография. – Алматы: Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте РК, 2009. – 144 с.

1. *Тоқсанбай С. Р.* Үлкен экономикалық орысша-қазақша сөздік/ Большой экономический русско-казахский словарь. – Алматы, 2010. 1010 б. Мэнкью Н. Г. Принципы макроэкономики. Учебник для вузов / Пер. с англ. – 2-е изд. – Спб.: Питер, 2006. – 576 с.

2. *Абакумова О. Г.* Макроэкономика. Конспект лекций: Пособие для подготовки к экзаменам. – М.: ПРИОР – Издат, 2005. – 224 с.

3. *Базылев Н. И.* и др. Макроэкономика. Учебное пособие. – М.: ИНФРА – М, 2003. – 190 с.

4. Введение в макроэкономику: Учебное пособие./ Под ред. *М. Е. Дорошенко* - М.: ЮНИТИ, 2000. – 175 с.

5. Шишов А. Л. Макроэкономика. – М.: Ассоциация авторов и издателей «Тандем», Издательство ЭКМОС, 1997 г. – 320 с.

6. *Бункина М. К., Семенов В. А.* Макроэкономика (Осн. эк. политики): Учебник. – Изд-во «ДИС», 1997.-320 с.

7. *Кейнс Д. М.* Общая теория занятости, процента и денег. (оқытушыда, электрондық нұсқа).

8. ҚР-ның Президенті *Н. Ә. Назарбаевтың* халыққа Жолдауы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты», 2012 ж. 28 қаңтар.

9. ҚР-ның Президенті *Н. Ә. Назарбаевтың* халыққа Жолдауы «Жаңа онжылдық – Жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» 2010 ж. 30 қаңтар.

10. ҚР-ның Президенті *Н. Ә. Назарбаевтың* халыққа Жолдауы «Дағдарыстан жаңару мен дамуға». 2009 ж. 7 наурыз.

11. ҚР Статистика Агенттігінің мәліметтері. www.stat.kz

Практика сабағының жоспары:

Практика сабағын «дөңгелек үстел» түрінде өткізу жоспарланған, тақырыптың негізгі теориялық сұрақтарын пікірталас, ауызша жауап беру, дискуссия, сұрақ-жауап, т. б. ұйымдастыру әдістері арқылы жүргізілуі тиіс.

Мақсаты: төлем балансының құрылымына сипаттама беру, оны реттеу және төлем баланысының тапшылығы мен дағдарысын қарастыру, сонымен қатар, валюталық айырбас бағамы және оның түрлерін қарастыру арқылы макроэкономика курсын толығымен аяқтап қорытынды жасау. Осы мақсатқа жету үшін практика сабағында тақырып бойынша мынадай сұрақтардың мәнін ашу керек:

1. Төлем балансы: макроэкономикалық мәні, негізгі баптары және құрылымы, тапшылығы мен дағдарысы. Төлем балансын реттеу.

2. Валюта, оның түрлері және айырбасталынуы. Валюталық нарық. Валютаның айырбас бағамдары, тұрпаттары және олардың динамикасы.

СОӨЖ және СӨЖ тапсырмалары:

Мақсаты: тақырыптың талқылау сұрақтарын ұсынылатын әдебиет көздерінен оқып білу және төмендегі тапсырмаларды орындау арқылы тақырыпты бекіту.

1. Тақырып бойынша экономикалық сөздік (глоссарий) жасау.

2. Тақырып бойынша логикалық схемалар құрастыру.

3. Реферат, эссе, баяндама тақырыптары:

– ҚР валюталық саясаты;

– Төлем балансы мен валюта бағамын мемлекеттік реттеу;

– Ұлттық валютаның қазіргі жағдайы, тұрақтылығын қамтамасыз етудегі макроэкономикалық саясат.

4. Өзіндік жазба жұмыстар (конспект):

- Төлем балансының тапшылығы мен дағдарысы. Төлем балансын мемлекеттік реттеу. Фискалдық және монетаристік саясат нәтижелері.

5. Тест сұрақтарына жауап беру керек:

1. Егер Германия үкіметі жоғары импорттық тарифтер енгізсе, онда ұзақ мерзімде:

а) Германияның таза экспорты өседі

ә) неміс валютасының нақты бағамы өседі

б) Германия капиталының оң сальдосы төмендейді

в) жоғарыда аталғандардың барлығы жүзеге асады

2. Егер евроның нақты қымбаттауы орын алса, онда мына жағдайды болжауға болады:

а) евро зонасындағы елдердің тауарларының бәсекелік қабілеттілігі әлемдік нарықта артады

ә) евро зонасындағы елдердің ағымдық операциялар балансы жақсарады

б) евро зонасындағы елдердің тауарлары әлемдік нарықта қымбаттайды

в) евро зонасындағы елдердің таза экспорты өседі

3. Мына келісімдердің қайсысы Францияның ағымдық операциялар балансының оң сальдосын арттырады:

а) «Аэроспесиаль» компаниясы Хорватиямен бартерлік келісім жасасты – 500 мың евроға бағаланатын ұшақты Адриат теңізі жағалауындағы сондай сомаға бағаланатын қонақүйге айырбастады

ә) Франция мемлекеті Кувейт мұнайын 600 млн. евроға сатып алады

б) Франция Оңтүстік Африка Республикасына 10 млн. евроға әскери ұшақ сатты

в) Франция мемлекеті өзінің Швейцариядағы ұзақ мерзімді міндеттемелерін 1 млн. евроға сатады және сол Швейцарияда банк депозитін ашады

4. Егер нақты валюта бағамы өссе, онда таза экспорт:

а) төмендейді

ә) өзгермейді

б) өседі

в) нөлге тең болады

5. Елдегі төлем балансы тапшылығының өсуі:

а) Орталық банктің валюталық резервтерін ұлғайды

ә) Орталық банктің валюталық резервтерін төмендетеді

б) елдің ақша массасының көлемін ұлғайтады

в) елдің ақша массасының көлеміне әсер етпейді

6. Мыналардың қайсысы ұлттық валютаның айырбас бағамын арттырады:

а) сол елдегі пайыз мөлшерлемесінің төмендеуі

ә) шет елдегі пайыз мөлшерлемесінің жоғарылауы

б) сол елдегі бағалар деңгейінің жоғарылауы

в) сол елдегі еңбек өнімділігі деңгейінің жоғарылауы

7. Елдің төлем балансының құрамдас бөлігі – ағымдық операциялар есебіне мыналардың қайсысы жатпайды:

а) тауар импорты

ә) инвестициядан түсетін таза табыс

б) шет мемлекеттерге көліктік қызмет көрсету

в) сол елдің шет елдегі активтерінің өзгерістері

8. Төлем балансының тапшылығы қандай жолмен қаржыландырылуы мүмкін:

а) валютаны девальвациялау жолымен

ә) сыртқы қарызды ұлғайту арқылы

б) шетел валютасының резервтерін пайдалану жолымен

в) сыртқы қарызды ұлғайту және шетел валютасын көбірек жұмсау жолымен

9. Егер ұлттық валютаның нақты айырбас бағамы жоғарыласа, онда:

а) отандық тауарлар қымбаттайды

ә) экспорт қысқарады, импорт ұлғаяды

б) таза экспорт қысқарады

в) аталғандардың барлығы дұрыс

10. Кіші ашық экономикада, егер сыртқы әлемнің жинақтары төмендесе, онда:

а) валютаның нақты қымбаттауы және таза экспорттың төмендеуі орын алады

ә) валютаның нақты қымбаттауы және таза экспорттың өсуі орын алады

б) валютаның нақты құнсыздануы және таза экспорттың төмендеуі орын алады

в) валютаның нақты құнсыздануы және таза экспорттың өсуі орын алады

11. Егер Орталық банктің валюталық резервтерінің мөлшері өзгермесе, онда барлық тең жағдайларда:

а) сауда балансының сальдосы міндетті түрде нөлге тең болады

ә) ағымдық операциялар есебінің сальдосы міндетті түрде нөлге тең болады

б) капитал қозғалыстары есебінің сальдосы міндетті түрде нөлге тең болады

в) ресми есеп-айырысулар балансының сальдосы міндетті түрде нөлге тең болады

12. Орталық банк тағайындалған айырбас бағамы жағдайында төлем балансының тапшылығын қалай реттейді?

а) ірі телекоммуникациялық компанияның акция пакетін сату арқылы

ә) ұлттық валютаны девальвациялау арқылы

б) импортталатын тауарларға көтермелі кеден баждарын енгізу арқылы

в) қолма-қол ұлттық валютаны қосымша эмиссиялау арқылы

13. «Төлем балансы» терминін алғаш рет ғылымға кім енгізді?

а) Джеймс Стюарт

ә) Адам Смит

б) Ян Тинберген

в) Дж. Поллак

14. Еркін қалқымалы айырбас бағамы жүйесінің артықшылықтары:

а) Орталық банктің ресми валюталық резервтерін ұлғайту

ә) төлем балансының теңсіздігін автоматты түрде реттеу

б) халықаралық келісімдерді жүзеге асыру кезінде тәуекелдерді азайту

в) елдегі инфляция қаупін төмендету

15. Мына тұжырымдардың қайсысы дұрыс:

а) валюта бағамының толқулары бағаларды өзгертпейді

ә) девальвация әрқашанда сауда балансын жақсартуға бағытталады

б) нақты пайыз мөлшерлемесі жоғарылаған кезде елдің валюта бағамы төмендейді

в) ел ішіндегі инфляциялық күтімдердің жоғарылауы оның валюта бағамын құнсыздандырады

16. Егер Қазақстан үкіметі жоғары импорттық тарифтер енгізсе, онда ұзақ мерзімде:

а) Қазақстанның таза экспорты өседі

ә) ұлттық валютаның нақты бағамы өседі

б) Қазақстан капиталының оң сальдосы төмендейді

в) жоғарыда аталғандардың барлығы жүзеге асады

17. Сауда балансының сальдосы:

а) төлем балансына жатады

ә) төлем балансына жатпайды

б) үнемі оң мәнге ие

в) үнемі теріс мәнге ие

18. Елдің төлем балансының құрамдас бөлігі – ағымдық операциялар есебіне не жатпайды?

а) тауарлы экспорт

ә) инвестициядан түсетін таза табыстар

б) елдің шет елдегі активтерінің өзгерісі

в) біржақты трансферттік төлемдер

19. Девальвация дегеніміз – бұл:

а) тағайындалған айырбас бағамы жағдайында ұлттық валюта бағамының ресми түрде жоғарылауы

ә) әртүрлі елдердің валюталарының арақатынастары

б) халықаралық нарықтарға бекітілген ортақ бағалар туралы заң

в) тағайындалған айырбас бағамы жағдайында ұлттық валюта бағамының ресми түрде төмендеуі

20. Нақты айырбас бағамы – бұл:

а) екі елдің тауарларының салыстырмалы бағасы

ә) алтынның бағасы

б) айырбас пункттеріндегі бағам

в) Ұлттық банктің валютаны сату бағамы

21. Ревальвация дегеніміз – бұл:

а) әртүрлі елдердің валюталарының арақатынастары

ә) тағайындалған айырбас бағамы жағдайында ұлттық валюта бағамының ресми түрде жоғарылауы

б) халықаралық нарықтарға бекітілген ортақ бағалар туралы заң

в) тағайындалған айырбас бағамы жағдайында ұлттық валюта бағамының ресми түрде төмендеуі

22. Икемді валюталық бағамдар:

а) бағамның жылдам өзгеруін және сауда балансы жағдайының өзгерісін тудырады

ә) бағамдарды өзгертпейді

б) импорт жағдайын қиындатады

в) валюта нарығының тепе-теңдігін болдырмайды

ГЛОССАРИЙ

Автоматты (кіріктірме) тұрақтандырғыштар – үкіметтің саясатын жиі өзгертпей-ақ, өнім көлемі мен жұмысбастылық деңгейінің циклдік ауытқуларын төмендетуге мүмкіндік беретін экономикалық тетіктер жүйесі.

Автономды (тәуелсіз) инвестициялар – ұлттық табыстың өсіміне байланысты емес тұрақты инвестициялар. Автономды инвестициялар техникалық прогрестің құбылмалы болуы, халық санының өсуі, сыртқы нарықтардың кеңеюі, адамдар талғамының өзгеруі сияқты себептерге байланысты пайда болады. Мұндай инвестициялардың көзі болып әдетте, мемлекет бюджет табылады.

Автономды шығындар мультипликаторы – ұлттық табыс немесе тепе-теңдікті ЖІӨ өзгерісінің жиынтық сұраныстағы автономды шығындардың кез келген құрауышының өзгерісіне қатынасын сипаттайтын сандық коэффициент.

«AD-AS» үлгісі – шығарылым көлемі мен баға деңгейінің ауытқуларын, олардың өзгеруінің себептері мен салдарларын жалпы түрде зерттеу үшін қажетті базалық модель.

AD-ның бағалық емес факторлары – сол AD-ның негізгі құрауыштарына, яғни тұтыну шығындарына, инвестициялық шығындарға, мемлекеттік шығындарға және таза экспортқа әсер ететін барлық факторлар.

Агрегаттау – берілген экономикалық құбылыстар мен үрдістерді біртұтас жиынтық ретінде жалпылама түрде көрсету және біріктіру. Агрегатталған өлшемдер нарықтық жағдаятты және оның өзгерісін сипаттайды (пайыз мөлшерлемесінің деңгейі, жалпы ұлттық өнім, жалпы ішкі өнім, бағалардың жалпы деңгейі, инфляция деңгейі, жұмыссыздық деңгейі, т.б.).

Ағымдық операциялар балансы – сауда балансының сальдосынан тұратын, қызметтердің экспорты мен импорты туралы мәліметтерді және біржақты трансферттерді (зейнетақылар, сыйлықтар, ақша аударымдары, шетелге қайтарымсыз көмек) қамтитын, сонымен қатар, инвестициялық табыстар балансы сальдосын да өзіне қосатын төлем балансының бір бөлігі.

Ағын айнымалылары – уақытқа байланысты өлшеніп отыратын өзгермелілер, яғни белгілі бір уақыт, күн, ай, квартал, жыл аралығында өзгеріске ұшыраған экономикалық құбылыстар ағыны (мысалы, халықтың жиынтық табыстары мен шығындарының өзгерістері, инвестициялар, жинақтар, мемлекеттік шығындар, экспорт пен импорт, бюд-

жет тапшылығы, табыс, елдегі халық саны, күн сайынғы еңбекке жарамды жасқа кіретін және одан шығатын азаматтардың саны, жұмысынан айырылған және жұмыс тапқан азаматтардың саны, т.б.).

Акселератор – белгілі жылда дайын тауарға сұраныстың өсуіне байланысты немесе табыстың артуына орай кейінгі жылдары соған жауап ретінде туынды инвестициялардың бірнеше реттік өсуін сипаттайтын сандық коэффициент.

Ақша – инфляциялық үрдістерді, циклдік толқуларды, экономиканың тепе-теңдікке жету механизмін, тауар және ақша нарықтарының тиімді жұмыс істеуін талдайтын аса маңызды макроэкономикалық категория.

Ақша агрегаттары – бір-бірінен өтімділік дәрежелері бойынша ерекшеленетін ақша массасының құрылымдық элементтері.

Ақша айналымы – өз қызметтерін орындайтын және тауарлардың сату-сатып алынуына қызмет көрсететін, сонымен қатар, тауарлық емес төлемдер мен есеп-айырысуларды атқаратын ақшалар қозғалысы.

Ақша базасы (MB) – банк жүйесінен тыс қолма-қол ақшалар (C) мен Орталық банкте коммерциялық банктердің міндетті түрде сақтайтын резервтерінің (R) қосындысы.

Ақша жүйесі – қоғамда тарихи түрде қалыптасқан және мемлекеттің заңдық тәртіппен бекіткен ақша айналысын ұйымдастырудың ерекше формасы.

Ақша массасы – экономиканың шаруашылық айналымына қызмет көрсететін және жекелеген тұлғаларға, фирмаларға және мемлекетке тиесілі қолма-қолды және қолма-қолсыз түрдегі төлем құралдарының жиынтығы.

Ақша массасын таргеттеу (нысаналау немесе шектеу) – ақша массасы өсуінің жоғарғы және төменгі шегін белгілеу әдісі.

Ақша мультипликаторы (m) – ақша ұсынысының ақша базасына қатынасын сипаттайтын сандық коэффициент.

Ақша нарығындағы тепе-теңдік – ұсынылатын ақша көлемі және жеке тұлғалар мен кәсіпкерлер қолдарында ұстағысы келетін ақша көлемінің теңесуі. Ақша нарығындағы тепе-теңдікті Орталық банк реттейді.

Ақшаға деген сұраныс (M^d) – тұрғындар мен фирмалардың берілген уақыт мезетінде белгілі бір төлем операцияларын жүргізу үшін нақты қаражаттар көлемін өз қолдарында ұстағысы келетінін білдіретін қалаулары; нарықтың ақша қаражаттарына деген жалпы қажеттіліктері.

Ақша ұсынысы (M^S) – банктен тыс айналымдағы ақша көлемі. Ол қолма-қол ақшалар (C) мен экономикалық агенттердің талап еткенге

дейінгі депозиттерінен (D) құралады немесе ақша ұсынысын M_1 ақша агрегаты деп қарастыруға болады.

Ақша-несие (монетарлық) саясаты – мемлекеттің елдің ақша, несие және банк жүйелері жолымен экономикаға әсер етуі.

Ақша-несие саясаты – ақша айналымы мен несие жүйесі саласындағы мемлекеттік іс-шараларды жүзеге асырумен байланысты бірқатар жалпы экономикалық міндеттерді орындауға бағытталған макроэкономикалық саясаттың аса маңызды құрамдас бөлігі.

Аралық өнім – өңдеуге және қайта қымбатқа сатуға арналған өнімдер. Мысалы, машинаның дөңгелегі.

Арнайы мамандандырылған қаржы-несиелік мекемелер – экономиканың нақты салалары мен аяларын несиелеумен айналысатын банктік емес ұйымдар.

Артық резервтер – күтпеген жағдайлардан сақтану үшін және өтімділігі бар құралдарға қажеттіліктерін өсіру үшін сақтайтын міндетті резервтерден артылып қалған сомалар.

Атаулы валюта бағамы – екі ел валюталарының салыстырмалы бағасы. Яғни, бір ел валютасының екінші ел валютасына шаққандағы бағасы. Атаулы валюта бағамын белгілеу үшін «айырбас бағамы» ұғымы қолданылады.

Атаулы жалпы ұлттық өнім – осы жылғы ағымдағы бағалармен есептелген ЖҰӨ көлемі.

Атаулы пайыздық қойылым – банктің несиелік операциялар бойынша тағайындаған ағымдағы нарықтық пайызы.

Ациклдік көрсеткіштер – қарқыны экономикалық циклдің фазаларына байланысты болмайтын экономикалық параметрлер. Яғни, ондай параметрге бірқатар елдердің экспорт-импорт көлемі, ұлттық қорғаныс пен іргелі зерттеулер жүргізу сияқты мемлекеттік шығындардың бір бөлігі жатады.

Ашық нарықтағы операциялар – Орталық банктің мемлекеттік бағалы қағаздарды (облигацияларды) сатып алуы мен сатуы.

Ашық экономика – әлем мемлекеттерінің бір-бірімен өзара тауарлар мен қызметтерді экспорттайтын және импорттайтын, әлемдік қаржы нарығында несиелік алып-сату қатынастарын жүзеге асыруға негізделген макроэкономиканың жүйелік қатынастары.

Әлеуетті жалпы ішкі өнім – экономикада барлық ресурстар толық қамтылған жағдайдағы орындалатын өндірістің мүмкін болатын көлемі.

Әлеуетті экономикалық өсу – экономиканың белгілі бір жылдамдықпен немесе қарқынмен өсе алу мүмкіндігі мен дәрежесі.

Бағалы қағаздар – пайыз немесе дивиденд түрінде табыс көзін

төлеуді қарастыратын сол құнды қағазды шығарушы мен оның иесі арасындағы қарым-қатынастармен анықталатын қарыз құралдарын иемденумен байланысты қаржылық құжат.

Бағалы қағаздар нарығы – құнды қағаздар (облигациялар) айналымы арқылы қаржы ресурстарына деген ұзақ мерзімдік қажеттіліктерді қанағаттандыратын және жинақ ақшаларды инвестицияларға айналдыратын қаржы нарығының құрамдас бір бөлігі.

Банк жүйесі – қандай да бір елдің территориясында бір-бірімен өзара байланысқан түрде әрекет жасайтын банктік мекемелердің жиынтығы.

Баумоль-Тобин үлгісі – адамдардың өздеріне қажетті қолма-қол ақша сомаларының мөлшерін осы сомаға банктің алынбаған пайызы түріндегі шығындары мен банкке барып келу уақытын үнемдеуді бағалаумен болатын шығындарды салыстырумен байланысты ақшаға сұраныстың ерекше үлгісі.

Бейімделушілік күтімдер (адаптационные ожидания) – инфляцияның нақты деңгейі негізінде сол инфляцияны экономикалық агенттердің болжай алу мүмкіндіктері. Олар инфляцияның нақты деңгейімен сәйкес келмейді және кезеңділікпен қайта қаралып, субъектілер өз қателерін түзетіп отырады.

Белсенді ақша-несие саясаты – алға қойылған мақсаттарға жету үшін мемлекеттің ақша-несие саясатының ерекше құралдарының көмегімен ақша нарығына әсер етуі.

Бірінші реттік нарық – жаңа құнды қағаздардың эмиссиясы жасалатын нарық және құнды қағазды шығарушы-эмитенттің атаулы бағамен сол құнды қағаздарды нарықтағы инвесторларға сатуын сипаттайтын қатынастар.

Бюджет-салық (фискалдық) саясаты – мемлекеттің салық салу және мемлекеттік шығындар арқылы экономикаға әсер етуі.

Бюджет-салық (фискалдық) саясаты – макроэкономикалық саясаттың негізгі бір құралы ретінде макроэкономикалық тұрақсыздық пен макроэкономикалық мәселелерді реттеу үшін мемлекеттің шығындар мен салық салу механизмдерін өзгерту арқылы экономиканың іскерлік белсенділік деңгейіне саналы түрде әсер ету шаралары. Бюджет-салық саясаты ұлттық табыс деңгейіне, өндіріс көлемі мен жұмысбастылық деңгейіне және бағаның жалпы деңгейіне әсер ете отырып, жұмыссыздық пен инфляция сияқты макроэкономикалық мәселелерді шешуге бағытталады.

Вагнер заңы – әлемдік экономиканың дамуымен байланысты ЖҰӨ-гі мемлекеттік шығындар үлесінің тұрақты түрде өсіп отыру құбылысы.

Валютаның айырбас бағамы – әртүрлі елдер валюталарының арақатынастары; бір елдің ақша бірлігі бағасының екінші бір елдің ақша бірлігі бағасына қатынасы.

Валюталық белгіленім – ұлттық және шетелдік валюта бағамын тіркеу.

Валюталық нарық – әртүрлі елдердің валюталары сауда-саттыққа түсетін нарық.

Дебет – нәтижесінде ел сатып алатын құндылықтарға айырбас ретінде валютасы сыртқа кететін келісімдер және бұлар «минус» белгісімен жазылады.

Девальвация – тіркелген айырбас бағамы кезінде ұлттық валютаның бағамын ресми жарияланған түрде төмендету.

Дезинфляция – бағалардың өсу қарқынының бәсендеуі.

Демпинг – экспортер-өндірушілердің сыртқы рынокта тауарларын ішкі бағадан төмен бағамен сатуы.

Дефляция – инфляцияға қарама-қарсы құбылыс болып табылатын баға мен шығындардың жалпы төмендеуі.

Дефолт – мемлекеттің банкроттыққа ұшырауы.

Дискрециялық бюджет-салық саясаты – үкіметтің арнайы шешімдері бойынша салық салуды, мемлекеттік бюджет сальдосын және мемлекеттік шығындар көлемін мақсатты бағытта өзгерту шараларынан тұратын іс-қимылдар.

Дискрециялық емес бюджет-салық саясаты – үкіметтің арнайы шешім қабылдауын талап етпей, автоматты тұрақтандырғыштар арқылы мемлекеттік бюджеттің кірістері мен шығыстарының өздігінен реттелуін қамтамасыз ететін еркін іс-шаралар кешені.

Евсей Домардың экономикалық өсу үлгісі – уақыт талабына сай жиынтық сұраныстың ұлғаюындағы және жиынтық ұсыныстың өндірістік қуатын арттырудағы инвестицияның екіжақты рөлін зерттейтін және ұзақ мерзімде толық жұмысбастылыққа жетуді қарастыратын қарапайым неокейнстік үлгі.

Еңбек биржасы – жұмыс күшін сату және сатып алуды жүзеге асыратын жұмыскерлер мен кәсіпкерлер арасында делдалдық қызметтер көрсететін ұйымдар.

Еңбек нарығы – ерекше тауар – жұмыс күшін сату және сатып алумен байланысты экономикалық қатынастар жиынтығы; еңбекті жалақыға айырбастау механизмі орындалатын нарық.

Енжар ақша-несие саясаты – мемлекеттің бюджет-салық саясатын жүзеге асыруынан туындаған ақша параметрлерін өзгерту.

Еңбек өнімділігі – бір жұмысшыға келетін өндірістің жалпы көлемі

және ол мына қатынаспен анықталады: Y / L, мұнда Y - шығарылым көлемі, L - экономикадағы жұмыспен қамтылғандар саны немесе еңбектің істелген адам-сағат саны. Әртүрлі елдердің келтірген есептеулерінде еңбек өнімділігінің деңгейі неғұрлым жоғары болса, жан басына шаққандағы ЖІӨ деңгейі де соғұрлым жоғары болады деп саналады.

Еркін қалқымалы айырбас бағамы – Орталық банктің валюталық нарықта нарықтық сұраныс пен ұсыныстың әсерінен айырбас бағамының еркін түрде құбылуына жол беруі.

Есептік мөлшерлемені өзгерту (қайта қаржыландыру ставкасы) – Орталық банктің коммерциялық банктерге қарызға беретін өз резервтеріне тағайындайтын пайыз мөлшерлемесін өзгертуі.

Жан басына шаққандағы ЖІӨ – елдер арасындағы экономикалық өсуді және экономикалық жағдайларды салыстыру үшін қолданылатын өсуді нақты өлшей алатын әдіс.

Жалпы ұлттық өнім (ЖҰӨ) – кез келген азаматтардың өз елі ішінде және басқа елдерде өзінің ұлттық капиталы көмегімен бір жылда өндірген және сатқан тауарлары мен қызметтерінің нарықтық құндарының жиынтығы.

Жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) – сол елде тұратын өндірушілер капиталының ұлттық сипатына қарамастан бір жылда өндірген және сатқан тауарлары мен қызметтерінің нарықтық құндарының жиынтығы.

Жинақтауға деген орташа бейімділік (APS – average propencity to save) – үй шаруашылықтарының жинақтауға қалдыратын қолда бар табыстарының бөлігі.

Жинақтауға деген шекті бейімділік (MPS – marginal propencity to save) – қолда бар табыстың кез келген өзгерісінде жинақ өсімінің пайыздық үлесі.

Жинақтаушы мекемелер – халықтың жинақтарын жинайтын және тұрғын-үй құрылысына инвестиция салу үшін ақша капиталын пайдаланатын ұйымдар.

Жұмыс күші – адамның еңбекке деген қабілеттілігі; адамдардың игіліктерді өндіру үрдісіндегі физикалық және ой қабілеттіліктерінің жиынтығы; елдегі жұмыскерлердің жалпы саны; жұмыспен қамтылған мен жұмыспен қамтылмаған (жұмыссыздар) халықтың бір бөлігі.

Жұмыссыздық – еңбек ұсынысының еңбекке деген сұраныстан артып кетуі; еңбекке жарамды халықтың жұмыс таба алмауы немесе жұмыспен қамтылмауы.

Жұмыссыздық деңгейі – жұмыссыздар санының жұмыс күшінің жалпы санына (жұмыс істейтіндер мен жұмыс істемейтіндер санының сомасына) қатынасы.

Жұмыссыздықтың табиғи деңгейі – әлеуетті ЖІӨ-ге сәйкес келетін толық жұмысбастылық кезіндегі жұмыссыздық деңгейі. Жұмыссыздықтың табиғи (теңгерімді) деңгейі фрикицондық және құрылымдық жұмыссыздық деңгейлерінің қосындысына тең. Шетелдік тәжірибеде жұмыссыздықтың табиғи деңгейін басқаша «NAIRU» деп атайды.

Жұмыссыздықтың экономикалық емес салдарлары – жұмысты жоғалтудың психологиялық, әлеуметтік және саяси салдарлары.

Жұмыссыздықтың экономикалық салдарлары – табысты немесе табыстың белгілі бір бөлігін (яғни, ағымдық табыстың төмендеуінен) жоғалтудан, сонымен қатар, біліктілікті жоғалтудан (әсіресе, жаңа мамандық иелері үшін) көрінеді және сондықтан болашақта жалақысы жоғары беделді жұмыс орнын табу мүмкіндігі төмендеуі мүмкін.

Жиынтық жоспарланған шығындар (AE) – ашық экономикада үй шаруашылықтарының, фирмалардың, үкіметтің және сыртқы әлем субъектілерінің тауарлар мен қызметтерді сатып алуға жоспарлаған жалпы шығындары.

Жиынтық сұраныс (AD) – макроэкономикалық субъектілердің белгілі бір уақыт кезеңінде (әдетте, 1 жыл ішінде) өндірілген соңғы тауарлар мен қызметтерге деген жиынтық шығындары. Ол белгілі бір уақытта сол макроэкономикалық субъектілер тарапынан өз сұраныстарын тапқан жиынтық шығарылым көлемінің экономикадағы бағаның жалпы деңгейімен өзара байланысын сипаттайды.

Жиынтық сұраныс қисығы – бағаның берілген әрбір деңгейінде сатып алынуы тиіс тауарлар мен қызметтердің көлемін бейнелейтін графикалық көрініс, яғни өндіріс көлемі мен бағаның жалпы деңгейі арасындағы кері тәуелділікті сипаттайтын қисық.

Жиынтық сұраныстың құрауыштары – AD-ны ашық экономикалық жүйеде үй шаруашылықтарының тұтыну шығындары (C), фирмалардың инвестициялық шығындары (I), мемлекеттік шығындар (G) және таза экспорт (X_n) тұрғысынан толық сипаттайтын агрегатталған компоненттер жиынтығы.

Жиынтық ұсыныс (AS) – экономикада бағалардың әртүрлі деңгейінде өндірушілердің нарыққа ұсына алатын (немесе, өндірілуі тиіс) соңғы тауарлары мен қызметтерінің жалпы саны. AS-ті (ағылшын тілінен, *aggregate supply*) басқаша, нақты ЖІӨ деп те атайды.

Жиынтық ұсыныс (AS) қисығы – ұсыныс көлемінің елдегі бағалардың орташа деңгейіне тәуелділігін көрсететін графикалық көрініс.

Зейнетақы қорлары – ұзақ мерзімдік міндеттемелерді эмиссиялау жолымен қаржыларды тартатын ұйымдар.

Импорт – ел ішінде пайдалануға және кері экспорттауға арналған тауарларды шекарадан әкелу.

Импорттауға деген шекті бейімділік – табыстың кез келген өзгерісінде импорттық тауарларға жұмсалатын шығындар өсімінің пайыздық үлесі.

Импорттық квота – импорттық тауарлардың көлемін сандық шектеу. Импорттық квотаның екі түрі ажыратады: а) абсолюттік квота – берілген елге әкелуге рұқсат етілген тауарлар көлемі; ә) тарифтік квота – төмен ставка бойынша белгілі уақыт аралығында нақты тауар әкелуге рұқсат беру.

Импорттық тариф – отандық тауар өндірушілерді шетел бәсекесінен қорғау мақсатында импорттық тауарларға салынатын салықтың бір түрі.

Инвестициялар – пайда табу мақсатында жеке және мемлекеттік сектор капиталдарының ұлттық экономикаға немесе шетел экономикасының әртүрлі салаларына ұзақ уақытқа салынуы.

Инвестицияға сұраныс қисығы – пайыздық қойылымның кез келген шамасында салуға мүмкін болатын инвестицияның көлемін сипаттайтын графикалық көрініс.

Инвестициялауға деген шекті бейімділік (MPI – marginal propensity to investment) – жиынтық табыстың кез келген өзгерісіндегі инвестициялауға кететін шығындар өсімінің пайыздық үлесі.

Инвестициялық банктер – бағалы қағаздарды шығару мен орналастыру бойынша операцияларды жүргізетін, капиталдарды тартатын, салаларды инвестициялауға өз капиталдарын пайдаланатын ұйымдар.

Инвестициялық компаниялар – акциялары бар ұсақ компаниялардың арасына өз акцияларын орналастыратын және қаржыларды экономиканың әртүрлі салаларындағы бағалы қағаздарды сатып алу үшін пайдаланатын ұйымдар.

Инвестициялық шығындар (I) – фирма сияқты ірі макроэкономикалық субъектінің құрал-жабдықтар, қорлар, жылжымайтын мүліктер ретіндегі инвестициялық тауарларға деген жеке сатып алушылық сұраныстарын сипаттайтын AD-ның ең маңызды компоненті.

«Инвестицияны ығыстыру әсері» - мемлекеттік шығындардың көбеюі салдарынан пайыз мөлшерлемесі өсіп, оның инвестицияға әсер етуі.

«Импульс-таралу» механизмі – белгілі бір уақыт бірлігіндегі ұлттық табыс пен шығарылым көлеміне әсер ететін кездейсоқ сілкіністердің және серпілістердің қалыптасу үрдістері.

Инфляция – көпфакторлы құбылыс, ол бағаның жалпы дәрежесінің өсуі арқылы және нақты активтерге қарағанда ақша белгілерінің құнсыздануы арқылы бейнеленеді.

Инфляцияға қарсы саясат – инфляцияны төмендетуге бағытталған мемлекеттік реттеу құралдарының жиынтығы.

Инфляциялық үзіліс – тепе-теңдік ЖІӨ-ді толық жұмысбастылықтың инфляциялық емес деңгейіне дейін қысқарту үшін жиынтық сұраныстың (жиынтық шығындардың) кемуіне қажетті көлем.

Инфляциялық шиыршық (орама) – сұраныс инфляциясын және ұсынысын инфляциясын туындататын факторлардың өзара байланысы мен әрекеттесуінің механизмі, яғни экономикада сұраныс инфляциясының да, ұсыныс инфляциясының да қатар орын алуы. Инфляциялық ораманың айналуы үрдісінде экономикалық субъектілердің инфляциялық күтімдері маңызды рөл ойнайды.

IS қисығы (инвестициялар-жинақтар) – игіліктер нарығының тепе-теңдігін сипаттайды және сол игіліктер нарығында туындайтын нарықтық пайыз мөлшерлемесінің R және табыс деңгейі Y арасындағы өзара қатынасты бейнелейді.

IS-LM үлгісі (инвестиция-жинақтау, өтімділік-ақша) – экономиканың нақты және ақша секторларының өзара байланысын, игіліктер нарығы мен қаржылық активтер нарығының экономикалық тепе-теңдігін сипаттайды. Бұл үлгі тауар және ақша нарықтарында бір мезгілде тепе-теңдіктің орнауы үшін қажетті табыс көлемі (Y) мен нарықтық пайыз мөлшерлемесі (R) арасындағы үйлесімділікті табуға мүмкіндік береді. Сондықтан да IS-LM үлгісі AD-AS үлгісінің нақтыланған түрі болып табылады.

Капитал қозғалысы балансы – тікелей және портфельдік инвестициялардан құралатын, ұзақ мерзімдік мемлекеттік және жеке банктік займдарды қамтитын, бұрын алған (берген) қарыздардың бір бөлігін төлеу (алу) операцияларын қарастыратын, сонымен қатар қысқа мерзімді капиталды, мемлекеттік бағалы қағаздар мен міндеттемелерді, банктік депозиттерді, банкаралық қарыздарды, қысқа мерзімді несиелерді өзіне қосатын төлем балансының екінші бір бөлігі.

«Кейнс кресі» үлгісі – бағалардың икемсіздігі мен экономиканың жұмыспен толық қамтылмағандығы жағдайында игіліктер нарығында инвестициялар мен жинақтардың, жоспарланған шығындар мен ұлттық табыстың және сәйкесінше, жиынтық сұраныс пен жиынтық ұсыныстың тепе-теңдігін қалыптастыру арқылы тиімді сұранысқа қол жеткізуді қарастыратын кейнстік қысқа мерзімді макроэкономикалық тепе-теңдік.

Кейнстің негізгі психологиялық заңы - «табыс өскен сайын тұтынушылар тұтынуды арттырады, бірақ тұтынудың артуы табыстың өсуіне қарағанда кем артады, яғни тұтынудың өсуі табыстың өсу көлеміндей болмайды». Адамдардың табысы артқан сайын тұтынуға деген бейімділік төмендей береді және керісінше жинақтауға деген бейімділік арта түседі.

«Кепілдендірілген» экономикалық өсу – қолда бар өндірістік қуатты (капиталды) толық пайдалана отырып, жиынтық сұраныстың салыстырмалы өзгерісіне байланысты кәсіпкерлердің психологиялық күтімдерінің барынша ақталуы кезіндегі экономиканың тепе-теңдіктік даму беталысы.

Кешігуші немесе қалып келуші параметрлер – жандану (құлдырау) фазасы орындалғаннан кейін өзінің максимум (минимум) нүктесіне келіп жететін параметрлер. Олар: мерзімі 15 аптадан асқан жұмыссыздар саны, жаңа кәсіпорындар салуға және құрал-жабдықтарға кететін шығындар, жалақыға кететін қомақты шығындар, коммерциялық банктердің пайыз мөлшелемелерінің орташа деңгейі.

Коммерциялық банктер – әртүрлі операцияларды орындау мен қызметтерді көрсету арқылы заңды және физикалық тұлғаларға келісімшарттар негізінде несиелік-есеп-айырысушылық және басқа да банктік қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын әмбебап тұрпаттағы несиелік мекемелер.

Контрциклдік көрсеткіштер – циклге қарсы жүріп отыратын, жандану фазаларында қысқаратын және құлдырау фазаларында ұлғаятын экономикалық параметрлер. Оларға жататындар: жұмыссыздық деңгейі, банкроттықтар саны, дайын өнім қорларының мөлшері, т.б.

Көлеңкелі экономика – мемлекетке салық төлеуден жалтаратын және заңсыз түрде пайда табуды көздейтін экономикалық қызмет.

Кредит – нәтижесінде елден құндылықтар кететін және солар үшін елге шетел валютасындағы ақшалай ағындар келетін келісімдер жиынтығы және бұлар «плюс» белгісімен жазылады.

Кіші (шағын) **ашық экономика** – кішігірім елдің экономикасы, оның әлемдік нарығындағы үлесі аз ғана, ол әлемдік пайыз мөлшерлемесіне айтарлықтай әсер ете алмайды. Сондықтан пайыз мөлшерлемесі сырттан берілген, экзогендік түрде қабылданады.

Қайталама нарық – бұрын шығарылған құнды қағаздарды қайта сату-сатып алу қатынастары орын алатын нарық.

Қарызды қайта құрылымдау – «ескі» қарыздық міндеттемелерді қарызды жабудың аса жақсы, әрі «жеңіл» шарттарымен (аса төмен пайыздық мөлшерлемелер, төлем мерзімдерін ұзарту және т.б.) ауысты-

ру. Көрсетілген бұл шара кедей және жағдайлары аса төмен елдерге тән құбылыс болып табылады.

Қор айнымалылары – уақыттың нақты бір мезетінде ғана өзгеруі мүмкін өзгермелілер, яғни жылдың басына немесе соңына сәйкес келетін уақытта қаралатын объектінің жай-күйі (мысалы, белгілі бір уақытта экономикада жұмыспен қамтылған азаматтардың саны, жұмыссыздар саны, капитал көлемі, белгілі бір уақыттағы үй шаруашылықтарының жинаған байлықтары, мемлекеттік қарыз, мүлік, т.б.). Қорлар белгілі бір уақытта ғана анықталады.

Қорытынды баланс – сауда балансын, ағымдық операциялар балансын және капитал қозғалысы балансын өзіне қосатын жиынтық баланс.

Қосылған құн – шикізат пен материалдарға кеткен шығындарды шегергендегі өнімнің нарықтық құны. Кез келген тауардың құны шикізат бағасы, басқару, жұмысшы жалақысынан тұрады. Сондықтан біз өнім құнынан барлық шикізат пен материалдарға кеткен шығындарды шегерсек, онда қалған бөлігі қосылған құнды құрайды.

Құрылымдық бюджет тапшылығы – толық жұмысбастылық пен нақты жұмысбастылық кезіндегі бюджет тапшылықтарының арасындағы айырмашылық, яғни ол толық жұмысбастылық пен нақты салық салу жағдайындағы мемлекеттік бюджеттің кірістері мен шығыстары арасындағы айырмашылық ретінде анықталады.

Құрылымдық жұмыссыздық – еңбек ұсынысы мен еңбекке деген сұраныстың сәйкес келмеуінен пайда болатын мәжбүрлі ұзақ мерзімді жұмыссыздық.

Лаффер әсері – кәсіпкерлік табысқа салынатын салықтардың тым жоғары болуына байланысты инвестициялық белсенділіктің жоғалуы мен еңбекке ынтаның төмендеуі салдарынан ресми экономиканың көлеңкелі экономикаға өтуі.

Лаффер қисығы – бюджетке түсетін салықтық түсімдердің салық мөлшерлемесінің деңгейіне тәуелділігін сипаттайтын қисық сызық.

Леонтьев оғаштығы – АҚШ елі капитал артықшылығына ие бола отырып капитал интенсивтілігімен өндірілген тауарларды экспорттаудың орнына оны импорттап және сәйкесінше, еңбекті көп қажет ететін тауарларды осы фактордың сол елде тапшы болуына қарамастан экспорттауы орын алған тәжірибелік қайшылық.

LM қисығы (өтімділік-ақшалар) – ақша нарығының тепе-теңдігін сипаттайды, яғни ол ақшаға деген сұраныс (алдымен қолма-қол ақшалардың абсолюттік өтімділігінің белгілерімен шартталған) пен ақша ұсынысының теңдігі.

Макроэкономика – ұлттық өндіріс көлемінің жалпы деңгейі, жұмыссыздық пен инфляция сияқты іргелі мәселелерді зерттейтін ғылым; экономикалық жүйені біртұтастылық ретінде қарастыратын, әрі ел экономикасының даму факторлары мен нәтижелерін жалпылама түрде зерттейтін экономикалық теорияның маңызды бір саласы.

Макроэкономика – тұрақты экономикалық өсу жағдайын, ресурстардың толық қамтылуын, инфляцияның төменгі деңгейін және төлем балансының тепе-теңдігін қамтамасыз ету тұрғысынан экономиканың қызмет етуін біртұтас жүйе ретінде зерттейтін экономикалық ғылымның аса маңызды бір саласы.

Макроэкономика – экономикадағы агрегатталған (іріленген, біріктірілген, жүйеленген, жиынтықталған) өлшемдер мен көрсеткіштерді зерттейтін ғылым, яғни ұлттық экономикадағы агрегатталған мінез-құлықтар мен тәртіптерді зерттейтін ғылым.

Макроэкономика – әлемде болып жатқан ғаламдық экономикалық мәселелерді және олардың кез келген ұлттық экономикамен өзара байланысын және оған әсер етуін зерттейтін ерекше ғылым.

Макроэкономикалық саясат – әлеуметтік және экономикалық мәселелерді шешуге бағытталған шаралар мен іс-қимылдар жүйесі.

Макроэкономикалық саясат құралдары – бір немесе бірнеше макроэкономикалық мақсаттарды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін және үнемі мемлекеттің бақылауында болатын экономикалық өзгермелілер.

Макроэкономикалық саясаттың объективті мақсаты – ұлттық экономикадағы қарама-қайшылықтарды жұмсарта отырып, экономикалық тиімділік пен әлеуметтік әділеттілікті қолдау болып табылады.

Макроэкономикалық тепе-теңдік – экономикалық жүйенің баланстанған жағдайы, экономикалық жүйенің тұтас тепе-теңдігі.

Макроэкономиканың зерттеу объектісі – ұлттық экономиканың өсу қарқыны мен факторлары, ұлттық табыс көрсеткіштері және қоғамның байлығы.

Макроэкономиканың зерттеу пәні – негізгі макроэкономикалық мәселелер төңірегіндегі ұлттық экономиканың жалпы біртұтас жүйе ретіндегі әрекет ету заңдылықтары.

Манделл-Флеминг үлгісі – тұрақты және құбылмалы айырбас бағамы жағдайларында жүргізілетін экономикалық саясат нәтижелерін бағалау мақсатында қолданылатын шағын ашық экономика үлгісі.

Маржа – несиелер бойынша тағайындалған пайыздар (бұл пайыздарды қарыз алушылар төлейді) мен депозиттер бойынша тағайындалған пайыздар (бұл пайыздарды банктер өз салымшыларына төлейді) арасындағы айырма.

Мемлекет – ұлттық қауіпсіздік, ғылым, инфрақұрылым қызметтері сияқты ерекше қоғамдық игіліктерді ұсынушы сектор, ол әдетте, пайданы максималдауды мақсат етіп қоймайды, халық шаруашылығының тиімді әрекет етуі үшін оңтайлы жағдайлар жасайды. Сонымен қатар, мемлекет маңызды макроэкономикалық субъект ретінде игіліктерді өндіреді және сатып алады, салық салады, трансферттік төлемдер төлейді, ақша ұсынысын қалыптастырады.

Мемлекеттік бюджет – мемлекеттің міндеттері мен қызметтерін қаржыландыруға арналған ақша-қаражаттарын қалыптастырудың және шығындаудың нысаны; заңдылық тәртіппен бекітілген мемлекеттің кірістері мен шығыстарының құрылымы.

Мемлекеттік қарыз – мемлекеттің алдында тұрған физикалық және заңды тұлғаларға, шетел мемлекеттеріне, халықаралық ұйымдар мен субъектілерге деген қарыздық міндеттемелері.

Мемлекеттік қарызды конверсиялау – қарыз міндеттемелерін тауарлық жеткізілімдерге немесе кәсіпорын акцияларына (своп) айырбастау.

Мемлекеттік шығындар (G) – мемлекет тарапынан болатын тауарлар мен қызметтерге деген сұраныстарды сипаттайтын AD-ның бір компоненті.

Мемлекеттің протекционистік саясаты – ұлттық экономиканы шетелдік бәсекелестіктен қорғау мақсатында жүргізетін белсенді экономикалық саясаты.

Мемлекеттің сыртқы сауда саясаты – экспорт пен импортты салықтар, субсидиялар және әртүрлі шектеулер арқылы сыртқы сауданы мемлекеттік реттеуді талап ететін үкіметтің бюджет-салық саясатының жеке бір бағыты.

Микроэкономика – жекелеген экономикалық агенттердің мінез-құлықтары мен тәртіптерін зерттейтін ұтымды субъектілердің дербес шешім қабылдауларын қарастыратын экономикалық теорияның негізгі бір саласы. Микроэкономика түсінігі бір мағынада ғана қарастырылмайды, ол бір жағынан, жекелеген фирмалардың, үй шаруашылықтарының және салалардың өз қызметтерінің ынталарын іске асыру жөніндегі шешімдерін зерттейді, ал екінші жағынан, ресурстарды тиімді пайдалану және оларды орналастыру, тауарлар мен қызметтерге баға белгілеу сияқты сұрақтарды да қарастырады.

Міндетті резервтер – коммерциялық банктердің Орталық банкте пайызсыз салымдар түрінде сақтайтын депозиттерінің бір бөлігі.

Міндетті резервтер нормасын өзгерту – ақша-несие жүйесін рет-

теуде қолданылатын қатаң құрал ретінде саналатын банктік резервтердің шамасына әсер ету әдісі.

«NAIRU» (Non-Accelerations-Infliacion Rate of Unemployment) түсінігі – инфляция қарқынын үдетпейтін жұмыссыздықтың деңгейі немесе инфляцияны тұрақтандыратын жұмыссыздықтың қалыпты деңгейі.

Нақты валюта бағамы – екі елде өндірілген тауарлардың салыстырмалы бағасы.

Нақты ЖҰӨ – бағалардың өзгерісін есепке алатын және базистік бағалармен есептелетін ЖҰӨ көлемі.

Нақты пайыздық қойылым – инфляция деңгейіне байланысты пайыз түрінде алынатын табыстың сатып алушылық қабілеті.

Нақты шығындар – фирмаларға сату деңгейінде тосыннан болған өзгерістер бола қалған жағдайында тауарлық-материалдық қорларға жоспарланбаған инвестициялар салуға мәжбүрлейтін қосымша шығындар.

Нақты экономикалық өсу – статистикалық органдардың кезеңділікпен жариялап отыратын ЖІӨ-нің немесе басқадай макроэкономикалық көрсеткіштердің жыл сайынғы шынайы түрде өсуі.

Нормативтік талдау – ұлттық экономиканың дамуы үшін қандай да бір аспектілердің және жағдайлардың қолайлылығын немесе қолайсыздығын анықтайтын ұсыныстық және баға берушілік сипатқа ие әдіс болып табылады.

Озғыш, немесе алдыңғы қатарлы параметрлер – жандану (құлдырау) фазасы орындалғанша дейін өзінің максимум (минимум) нүктесіне алдын ала жетіп қоятын параметрлер. Бұларға мыналар жатады: өнеркәсіптегі жұмыс аптасының ұзақтылығы, үстеме жұмыс сағаттарының орташа саны, қайта құрылатын іскерлік кәсіпорындардың саны, қорлардағы өзгерістер, жаңа құрылыстық келісімшарттарының саны, қор рыноктарының индекстері, корпорацияның пайдалары, ақша массасының өзгеруі.

Оңтайлы күтімдер (рациональные ожидания) – экономикалық субъектілердің өздерінің инфляциялық болжамдарында қолдарындағы бар ақпаратты неғұрлым ұтымды пайдалана алу мүмкіндіктері және олар өз есептеулерінде қателеспейді деген болжамдар.

Орталық банк – үкіметтің қарыздық және несиелік операцияларын ұйымдастырудың делдалы, ақша нарығының тепе-теңдігін қамтамасыз ететін банк жүйесінің басты буыны.

Оукен заңы - жұмыссыздық пен өнім көлемі арасындағы өзара байланысты сипаттайтын құбылыс, яғни жұмыссыздықтың нақты деңгейі

өзінің табиғи деңгейінен 1%-ға өссе, онда нақты ЖІӨ деңгейі әлеуетті ЖІӨ-ге қарағанда 2,5%-ға қысқарады. Оукен заңы игіліктер нарығы мен еңбек нарығы арасындағы өзара байланысты сипаттайды.

Оукен қисығы – ұлттық өндіріс көлемі мен жұмыссыздықтың нақты деңгейі арасындағы кері тәуелділікті сипаттайтын Оукен заңының графикалық көрінісі.

Өтімділік (ликвидтілік) – аса маңызды макроэкономикалық категория ретінде ақшалармен тығыз байланысты, ол ақшаның ерекше қасиетін және белгісін білдіреді.

Пайыздық қойылым – ақшаның альтернативтік құны және жинақтарды ақшалай формада сақтауға байланысты жіберіп алған балама табыс.

Позитивтік талдау – ұлттық экономиканың нақты іс жүзіндегі әрекетіне талдау жасау болып табылады.

Проциклдік көрсеткіштер – жандану фазаларында ұлғаятын және құлдырау фазаларында қысқаратын экономикалық параметрлер. Оларға жататындар: өндірістің жиынтық көлемі, өндірістік қуаттар, ақша агрегаттары, ақша айналымының жылдамдығы, қысқа мерзімдік пайыз мөлшерлемелері, бағаның жалпы деңгейі, корпорацияның пайдасы, т.б.

Ревальвация – тіркелген айырбас бағамы кезінде ұлттық валютаның бағамын ресми жарияланған түрде жоғарылату.

Рецессиялық үзіліс – тепе-теңдік ЖІӨ-ді толық жұмысбастылықтың инфляциялық емес деңгейіне дейін көтеру үшін жиынтық сұраныстың (жиынтық шығындардың) өсуіне қажетті көлем.

Рыбчинский теоремасы – өнеркәсіптің қандай да бір саласында интенсивті түрде қолданылатын фактор ұсынысының өспелі сипатта көбеюі салдарынан сол салада өндіріс көлемі мен пайданың салыстырмалы артуы басқа бір салада қолданылатын сол фактордың қарқындылығын төмендетіп, өндіріс көлемі мен пайданың қысқаруына алып келетінін дәлелдейтін теория.

Роберт Солоудың экономикалық өсу үлгісі – халықтың өмір сүру деңгейіне жинақтың, еңбек ресурстарының және ҒТП-тің әсер ету механизмдерін айқындайтын экономикалық өсудің неоклассикалық үлгісі.

Рой Харродтың экономикалық өсу үлгісі – экономикадағы функционалдық байланыстарды сипаттайтын теңдеулерге және кәсіпкерлердің психологиялық тәртіптерін талдауға сүйенетін, әрі инвестициялық факторды есепке алатын теңгерімді экономикалық өсудің неокейнстік үлгісі.

Сақтандыру компаниялары – сақтандыру полистерін сату жолымен ақша қаражаттарын тартатын, өнеркәсіп, сауда және көлік

салаларының ірі корпорацияларын қаржыландырумен айналысатын ұйымдар.

Салыстырмалы артықшылықтар теориясы – қандай да бір ел мамандандырылған өндіріс пен сауданы басқа мемлекетпен салыстырғанда баламалы (салыстырмалы) шығындары аз болатындай етіп жүзеге асыруы керек. Сонда жалпы өнім де жоғары деңгейде болады.

Самуэльсон-Хикс үлгісі – тек игіліктер нарығында ғана үй шаруашылықтары мен фирмалар сияқты экономикалық субъектілердің іс-әрекеттерін қарастыратын қарапайым кейнстік динамикалық үлгі, мұнда барлық өзгермелі көрсеткіштер уақыт бірлігімен сипатталады, экономикалық субъектілердің тәртіптері статикалық күтімдер бойынша қалыптасады, бағалар деңгейі мен пайыз мөлшерлемесі тұрақты деп болжанады. Модельде жиынтық сұраныстың толқу механизмі акселерация принципі мен мультипликатор әсері арқылы түсіндіріледі. Сондықтанда, аталған үлгі басқаша «мультипликатор-акселератор әсері» деп аталады.

Сауда балансы – белгілі бір уақытта (ай, тоқсан, жыл) құндық сипаттағы енгізілетін және сыртқа шығатын тауарлар арасындағы арақатынасты көрсететін қандай бір елдің немесе әлемдік нарықтағы елдер тобының экономикалық жағдайынан хабардар ететін негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің бір түрі.

Сауда саясаты – тарифтер, квоталар және басқа да сыртқы экономикалық реттеу құралдары арқылы мемлекеттің экспорт пен импортты ынталандыруға немесе шектеуге араласуы.

Сауда эмбаргосы – қандай да бір елдің басқа бір елге тауарлардың белгілі бір түрлерін экспорттауға немесе сол тауарларды импорттауға тиым салуы. Мұндай шектеулер экономикалық мүдделерді көздемейді, тек саяси себептерге байланысты жүзеге асырылады.

Саяси сілкіністер – макроэкономикалық саясаттың іс-шараларын (ақша ұсынысындағы өзгерістер, фискалдық және валюталық саясаттардағы өзгерістер) жүзеге асыру нәтижесінде ұлттық табыс пен шығарылым көлемінің өзгеруі.

Сәйкес келуші – немесе дұрыс келуші параметрлер – экономикалық белсенділіктің өзгеруімен сәйкес және бір уақытта өзгеріп отыратын параметрлер. Бұларға: ЖІӨ (ЖҰӨ), жұмыссыздар саны, өнімдер, жеке табыстар, өндірушілер бағасы, орталық банктің пайыз мөлшерлемелері, жарнамаға кететін шығындар.

Слампфляция – өндірістің құлдырауы жағдайында инфляция мен жұмыссыздық қарқындарының қатар өсуімен жүретін экономиканың ең ауыр жағдайы.

Соңғы өнім – соңғы пайдалану үшін сатып алынатын өнім.

Стагнация – экономикалық тоқырау жағдайында өндірістің тұралауы немесе тоқтап қалуы.

Стагфляция – өндірістің құлдырауы жағдайында жұмыссыздық пен инфляцияның қатар орын алуы.

«Сұраныс» инфляциясы – өндірістің нақты көлеміне қарағанда жиынтық сұраныстың артықшылығынан туындайтын және сатып алушылар тарапынан болатын инфляцияның бір түрі.

Сұраныс сілкіністері – тұтынушылар мен фирмалардың мінез-құлықтары мен экономикалық күтімдерінің өзгерістерінен туындайтын тұтынушылық және инвестициялық шығындардың өзгеруі.

Сыртқы қарыз – мемлекеттік бюджет тапшылығын жабу үшін шетелдердегі резидент емес тұлғалардан (үкіметтен, ұйымдардан, азаматтардан) алған қарыз сомалары.

Сыртқы орта (шетелдік сектор) – шет елдердегі экономикалық субъектілердің жиынтығынан және шетелдік мемлекеттік институттардан құралады, олар отандық экономикаға өз игіліктерін ұсынады және сол отандық экономиканың өндірген игіліктеріне сұраныс білдіреді, экспорт пен импортты қалыптастырады. Сыртқы әлем секторы ұлттық төлем балансы мен валюта бағамының жағдайын анықтау үшін зерттеледі.

Сыртқы сауда – тауарлар мен қызметтерді сырттан әкелуден және оларды сыртқа шығарудан құралады. Әрбір елдің сыртқы сауда нәтижесі сауда балансынан көрінеді. Егер шығарылған тауар құнынан артық болса, онда оны сауда балансының оң сальдосы дейді. Керісінше жағдай болғанда пассивті сауда балансын құрайды.

Сыртқы сауда айналымы – елдің белгілі бір кезең ішіндегі экспорты мен импортының жиынтық көлемі.

Сыртқы тепе-теңдік – валюта бағамының тағайындалған (тұрақты) және құбылмалы режиміндегі төлем балансының нөлдік сальдосы немесе елдің валюта рыногындағы тепе-теңдігі.

Сыртқы (экзогендік) факторлар – берілген экономикалық жүйенің шеңберінен тыс жатқан факторлар. Оларға жататындар: халықтың өсу қарқы-ны, халықтың миграциясы, ғылыми ашылымдар мен техникалық жетістіктер, соғыстар, әртүрлі саяси оқиғалар, мұнайға деген бағаның күрт өзгеруі, ірі кен (әсіресе, алтын) орындарының ашылуы, жаңа жерлер мен табиғи ресурстардың игерілуі, Күн бетіндегі дақтар, ауа-райы әсерлері мен табиғи апаттар, т.б.

Сыртқы экономикалық саясат – мемлекеттің ашық экономи-

ка жағдайында халықаралық сауда қатынастарына араласа отырып, ұлттық экономиканың өсуі мен тиімділігін арттыру, халықтың өмір сүру деңгейін жақсарту мақсатында таза экспортты реттеуге араласуы.

Сілкіністер (шок) – экономикада қандай да бір фактордың әсерінен жиынтық сұраныс пен жиынтық ұсыныстың күрт өзгеруі.

Сэй заңы – тауарлардың ұсынысы өзінің дербес сұранысын тудыратын немесе өндірілген өнімнің жалпы көлемі сол өндірілген тауарлардың барлық құнына тең және оларды толық сатуға (сатып алуға) жеткілікті бола алатын жиынтық табысты қамтамасыз ететіндігін дәлелдейтін теория.

Табыстар саясаты – мемлекеттің инфляцияны ұстап тұру мақсатында жалақы мен бағаларды директивалық шаралармен тікелей бақылауға алу арқылы экономикаға әсер етуі.

Таза салықтар – жиынтық салықтар мен трансферттік шығындардың арасындағы айырма.

Таза ұлттық өнім (ТҰӨ) – тозған құрал-жабдықтардың орнын толтырғаннан кейін тұтынуға қалған түпкі өнімдер мен қызметтердің жиынтығы.

Таза экспорт (X_n) – экспорт пен импорт құндарының айырмасына тең, яғни шет мемлекеттердің ұлттық экономикада өндірілген отандық тауарлар мен қызметтерге деген экспорттық сұраныстары мен ұлттық сатып алушылардың сол шет мемлекеттердің өз ұлттық экономикаларында өндірген тауарлары мен қызметтеріне деген импорттық сұраныстары арасындағы айырмашылықты сипаттайтын AD-ның құрамдас бір бөлігі.

Тарифтік шектеулер (кеден бажы) – қандай да бір елдің шекарасынан өтетін тауарлардан, мүліктерден және құндылықтардан алынатын мемлекеттің ақшалай табыстары (салықтар).

«Тегеріш» әсері – жиынтық сұраныстың бағалық емес факторлардың (ақша ұсынысының төмендеуі, мемлекеттік шығындардың қысқаруы, салықтардың көтерілуі) әсерінен қысқаруы салдарынан өнім көлемінің қысқаруы мен баға деңгейінің тұрақтылығын көрсететін механизм.

Тежеуші бюджет-салық саясаты (қазыналық шектеу) – экономиканың циклдік дамуын тежеу мақсатында мемлекеттік шығындарды төмендету, салық салуды арттыру немесе біріктірілген құрастырма шаралардан құралған іс-қимылдар кешені. Басқаша, бұл енжар фискалдық саясат болып саналады.

Тепе-теңдіктік (теңгерімді) экономикалық өсу – белгілі бір уақыт аралығында бір-біріне тұрақты түрде теңесетін жиынтық сұраныс пен жиынтық ұсыныс көлемдерінің ұлғаюын көрсететін ұлттық экономика-

ның ұзақ мерзімдік дамуы. Жиынтық сұраныс пен жиынтық ұсыныстың теңгерімді өсуі нәтижесінде бағалардың тұрақты деңгейін ұстап тұруға болады.

Технологиялық прогресс – өндірістік үрдісті ұйымдастырудың және басқарудың жаңа әдістері, жаңа ақпараттық технологиялар, өндірістік үрдісте қолданылатын ғылымның әртүрлі салаларындағы ашылымдар мен жаңалықтар және басқа да заманауи жетістіктер.

Тиімді сұраныс – өзінің жиынтық ұсынысын тапқан және соған сәйкес келетін жиынтық сұраныстың көлемі.

Толық жұмысбастылық – жұмыс күшінің жалпы санында 5,5% және 6,5% мөлшерінде жұмыспен қамтылмағандардың үлесін сақтап тұру, яғни бұл жағдай тек циклдік жұмыссыздық болмағанда ғана орын алады. Бұл көрсеткіштер әр елде әртүрлі болуы мүмкін, бірақ толық жұмысбастылықты жұмыс күшінің 100% жұмыс істеуі деп айтуға болмайды.

Төлем балансы – әдетте, бір жыл уақыт аралығында резиденттер мен резидент еместердің арасындағы жасалған сауда-саттық және қаржылық келімдер туралы статистикалық есеп-қисап.

Тренд – ұлғаймалы үрдіс нысанында көрінетін экономикалық дамудың жалпы тұрақты ұзақ мерзімдік бағыттылығы.

Туынды (индуцирлі) инвестициялар – ұлттық табыстың өзгеруіне байланысты жүзеге асырылатын тәуелді және ынталандырушы инвестициялар. Автономды инвестициялар жиынтық табысты арттырып, соның өсуімен байланысты тәуелді инвестицияларды ынталандырады. Мұндай инвестициялардың көзі болып әдетте, кәсіпкерлік пайда табылады, ал соңғысы Y ұлттық табыстың өсуімен қатар ұлғаяды. Олай болса, туынды инвестициялар да артады. Бұл жерде жиынтық табыстың өсуіне орай, өндірістік инвестициялармен бірге, тауарлық-материалдық қорларға және тұрғын үй құрылысына да инвестициялар артады. Демек, экономиканың жандануы жағдайында ескі капиталдардың қоры жаңартылады және тұрғын үйге сұраныс ұлғаяды.

Тұтынуға деген орташа бейімділік (APC – average propencity to consume) – үй шаруашылықтарының тауарлар мен қызметтерді сатып алуға жұмсайтын қолда бар табыстарының бөлігі.

Тұтынуға деген шекті бейімділік (MPC – marginal propencity to consume) – қолда бар табыстың кез келген өзгерісінде тауарлар мен қызметтерге жұмсалатын шығындар өсімінің пайыздық үлесі.

Тұтыну шығындары (C) – үй шарушылықтарының тұтыну тауарлары мен қызметтеріне деген сұраныстарын сипаттайтын AD-ның негізгі және ең үлкен компоненті.

Тіркелген айырбас бағамы – Орталық банктің елдер арасындағы валюталардың ресми арақатынасын бекітуі (мысалы, 150 тг./USD) және оны ұстап тұра алуы. Бұл кез келген азамат осы тіркелген ресми бағам бойынша елдің Орталық банкінен шетел валютасын сатып ала алады және оны осы бағам бойынша сата да алады деген болжамды білдіреді.

Ұлттық табыс (ҰТ) – елдің барлық тұрғындарының жиынтық табыстары, ұлттық сипаттағы өндіріс факторларының (еңбек, капитал, жер және кәсіпкерлік қабілет) барлық иелерінің тапқан табыстары: жалақы, пайыз, рента және пайда.

Ұлттық шоттар жүйесі (ҰШЖ) – ұлттық өнім мен ұлттық табысты өндіру, бөлу және соңғы пайдалану үрдістерін сипаттайтын бухгалтерлік есепшот нысанындағы кестелер кешені.

Ұсыныс сілкіністері – шикізатқа деген әлемдік бағалардың ауытқулары, табиғи апаттар, маңызды ғылыми жасампаздықтар мен ашылымдар.

ҰШЖ-нің негізгі мақсаты – ұлттық өнімнің (ұлттық табыстың) қалыптасуы мен пайдалану үдерістерін кешенді, әрі жан-жақты талдау үшін, экономикалық саясатты жүргізу мен үлгілерді құру және болжау үшін қажетті мәліметтермен қамтамасыз етіп отыру.

Үй шаруашылығы – жұмыс күші ұсынысын және игіліктерге деген сұранысты қалыптастыратын, алынған табыстарының бір бөлігін тұтынатын, ал қалған бөлігін жинақтайтын, олар ең аз шығын жұмсай отырып, өз пайдалылықтарын максималдауға тырысатын макроэкономиканың субъектілері.

Үлгілеу – әртүрлі экономикалық құбылыстар мен үрдістерді, олардың арасындағы функционалдық өзара байланыстарды логикалық түсініктермен, графиктермен, алгебралық сипаттамалармен қарапайым түрде түсіндіру.

Үлкен (ірі) ашық экономика – оның ауқымына байланысты пайыз мөлшерлемесі елдің ішіндегі экономикалық процестер әсерінен қалыптасады. Ірі елдің экономикасы (АҚШ, Жапония, Қытай, Германия). Бұл елдер әлемдік қор жинағы мен инвестицияның едәуір бөлігіне ие болғандықтан әлемдік пайыз мөлшерлемесіне айтарлықтай әсер ете алады.

Үнемділік оғаштылығы – қоғамның көбірек жинақтауға ұмтылуынан тұтыну мен табыстың қысқаруы нәтижесінде жинақтау көлемінің азаюы.

Филлипс қисығы – жұмыссыздық пен инфляция қарқыны арасындағы өзара байланыстың графикалық кескіні.

Фирма – өндіріс факторларына сұраныс білдіретін және игіліктердің

ұсынысын жасайтын, әрі инвестициялау үрдісін жүзеге асыратын белгілі бір елдегі барлық кәсіпкерлік сектордың жиынтығы, фирмалар ереже бойынша, өз қызметін жүзеге асыру барысында үнемі пайданы максималдауға тырысады.

Фишер әсері – нақты пайыздық қойылымның тұрақты болуы үшін атаулы пайыздың инфляция қарқынына байланысты өзгеріп отыруы, яғни нақты пайыз көлемінің сатып алушылық қабілетін тұрақты ұстау үшін инфляция деңгейі қаншаға өзгерсе, атаулы пайызды да сонша шамаға өзгертіп отыру қажет.

Фрикциондық жұмыссыздық – адамдардың әртүрлі өмір кезеңдерінде бір жұмыс орнынан басқа бір жұмыс орнына тұрақты түрде ауысып отыруына байланысты туындайтын қысқа мерзімдегі еркін жұмыссыздық.

Фритредерлік (ағылшынша «freetrade» - еркін сауда) саясат – ішкі рынокқа шетел капиталы мен қызметтерді енгізуді қолдайтын мемлекеттің еркін сауда саясаты.

Халықаралық сауда – әртүрлі мемлекеттердің ұлттық шаруашылықтарының арасында жүретін тауар мен қызмет айырбасы.

Халықаралық экономика – макроэкономиканың ашық экономикадағы мәселелерді қарастыра отырып, әлем елдері арасында тауарлар мен қызметтерді сату-сатып алу, қаржылық қатынастар және өндіріс факторларымен өзара алмасу саласындағы іс-әрекеттерді зерттейтін бөлімі.

Хекшер-Олин теоремасы – егер халықаралық сауданың кезкелген қатысушысы өз әріптестеріне қарағанда қандай да бір фактордың үлкен көлеміне ие бола отырып, сол факторды тауарлар өндірісінде интенсивті түрде қолдана алса, онда ол сол тауарларды экспорттауға тырысады дегенді сипаттайтын теориялық дәлелдеме.

Циклдік бюджет тапшылығы – нақты бюджет тапшылығы мен құрылымдық бюджет тапшылығы арасында айырмашылық ретіндегі бюджет тапшылығының бір түрі. Циклдік тапшылық экономикалық белсенділіктің ауытқу себептерімен түсіндіріледі.

Циклдік жұмыссыздық – өндіріс деңгейінің құлдырауынан немесе жиынтық сұраныстың жалпы төмендеуіне байланысты кез келген мамандық бойынша жұмыс таба алмаудан орын алатын жаппай жұмыссыздықтың аса ауыр түрі.

Шектеуші ақша-несие саясаты (несиелік рестрикция) – экономиканың инфляциялық өсуін тежеуге, ақша ұсынысының көлемін қысқартуға және ақшаның бағасын өсіруге бағытталған саясат.

«Шығындар» инфляциясы (ұсыныс) – өндіріс шығындарының

және ресурстар бағаларының күрт өсуіне байланысты орын алатын дайын өнімге деген бағаның өсуі мен өндіріс көлемінің қысқаруын білдіретін сатушылар тарапынан болатын инфляцияның түрі.

Ынталандырушы ақша-несие саясаты (несиелік экспансия) – ақша ұсынысын арттыру және ақшаның бағасын (пайыз мөлшерлемесін) төмендету жолымен елдегі экономикалық белсенділікті көтеру мақсатында жүргізілетін саясат.

Ынталандырушы бюджет-салық саясаты (экспансиялық саясат не-месе қазыналық экспансия) – қысқа мерзімді кезеңде экономикадағы циклдік құлдырауды жою мақсатында мемлекеттік шығындарды арттыру, салық салуды төмендету немесе, осылар арқылы біріктірілген құрастырма шаралардан құралған іс-қимылдар кешені. Басқаша, бұл белсенді фискалдық саясат деп аталады.

Ішкі қарыз – мемлекеттік бюджет тапшылығын жабу үшін ел ішіндегі резиденттерден алған қарыз сомалары.

Ішкі тепе-теңдік – толық жұмысбастылық пен инфляциясыз жағдайдағы сұраныс пен ұсыныс тепе-теңдігі.

Ішкі (эндогендік) факторлар – берілген экономикалық жүйеге қатысты факторлар. Оларға әдетте тұтыну мен инвестицияны жатқызады. Сондықтан бұл бағытта экономикалық циклдің мәселелері сұраныс теориясы, мультипликатор-акселератор механизмі арқылы зерттеледі.

Экзогенді (сыртқы) айнымалылар – үлгіні құруға дейін анықталатын бастапқы ақпараттар, олар үлгіге сырттан келеді.

Экономиканы тұрақтандыру саясаты – инфляция мен жұмыссыздық деңгейлерінің циклдік толқуларын қысқартуға және экономикалық өсу үшін қолайлы экономикалық жағдаятты жасауға бағытталған, сонымен қатар, өндіріс көлемі мен жұмысбастылықты қалыпты деңгейінде ұстап тұруға негізделген мемлекеттің экономикалық саясатының кешенді іс-шаралары.

Экономикалық даму – экономиканың өсуімен қатар экономиканың құлдырау үрдістерін де өзіне жатқызатын аса кең мағыналы ұғым.

Экономикалық коньюнктура (жағдаят) – экономиканың бірқалыпты, әрі өспелі тепе-теңдіктік дамуын сипаттайтын жиынтық макроэкономикалық көрсеткіштердің өзгеру бағыты мен дәрежесі.

Эндогенді (ішкі) айнымалылар – үлгінің ішінде алға қойылған міндеттерді шешу үрдісінде қалыптасатын өзгермелілер, яғни сол үлгінің дәл өзі немесе үлгідегі міндеттерді шешудің нәтижесі болып табылады.

Экономикалық өсу - ұлттық өнімнің сан жағынан өсуімен қатар

сапа жағынан жетілдірілуі; өндіргіш күштердің ұзақ мерзімді дамуымен байланысты өндірістің нақты көлемінің табиғи дәрежесінің ұзақ мерзімдегі өзгерістері.

Экономикалық өсудің негізгі мақсаты – халықтың әл-ауқатын материалдық тұрғыдан көтеру, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, шығарылған тауарлар мен көрсетілген қызметтердің сапасын жақсарту, орта есеппен бір адамға шаққандағы табыстың өсуін шапшаңдату, сонымен қатар, ұлттық табыстың халықтың әр топтары арасында бөлінуін жақсарту.

Экономикалық (іскерлік) цикл – макроэкономикалық тұрақсыздықтың белгісі ретінде нақты ЖІӨ-нің экономикалық белсенділік деңгейінің үнемі толқып және ауытқып отыруы.

Экономикалық өсудің дағдарысы – әлемдік тәжірибеде нақты жалпы ішкі өнім көлемінің қатарынан үш жыл бойы жалғасқан 9%-ға дерлік төмендеу көрсеткіші.

Экономикалық өсу қарқыны – пайыздық көрсеткішпен әдетте бір жылға есептелетін нақты ЖІӨ-нің өсім қарқынының көрсеткіші.

Экономикалық өсудің сапасы – халықтың материалдық жағдайларын жақсарту, әлеуметтік инфрақұрылым салаларының даму деңгейін арттыру, адам капиталына инвестиция құюды күшейту, адамдардың өмір сүру деңгейі мен еңбек жағдайларының қауіпсіздігін сақтау, толық жұмысбастылықты қамтамасыз ету және халықты әлеуметтік қорғауды күшейту сияқты маңызды көрсеткіштер арқылы сипатталатын ел экономикасы дамуының әлеуметтік бағыттылығы.

Экономикалық өсудің тиімділігі – тауарлар мен қызметтердің сапасын жақсарту, олардың бәсекелік қабілеттілігін көтеру, өнімнің жаңа түрлерін жасау, өндірістің мамандандырылуын тереңдету, инновациялар мен жаңа технологияларды игеру сияқты экономикалық қызметтің әртүрлі бағыттарын қамтитын кең мағыналы ұғым.

Экспорт – тауарларды сыртқы нарықтарда өткізу үшін сыртқа шығару, сондай-ақ, шетелдерде шығарылған тауарларды кері экспорттау.

Экспорттық квота – экспорттық тауарлар көлемін сан жағынан шектейтін әдіс. Экспорттық квота ел экономикасы үшін экспорттың алатын рөлін көрсету үшін қолданылады.

Экспорттық субсидиялар – үкіметтің экспорттық тауар өндірушілерге көрсететін қаржылық көмектері.

Экспорттық тариф – экспортқа шығарылатын отандық тауарларды мемлекеттік реттеу үшін қолданылатын салықтың бір түрі.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз..... 3

1-тақырып. Макроэкономикаға кіріспе. Макроэкономиканың пәні және әдісі..... 7

2-тақырып. Ұлттық есепшоттар жүйесі. Негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер. 27

3-тақырып. Экономикадағы жалпы тепе-теңдік. Жиынтық сұраныс пен жиынтық ұсыныстың базалық үлгісі..... 55

4-тақырып. Игіліктер нарығы. Кейнсшілдік макроэкономикалық теорияның негізі..... 80

5-тақырып. Бюджет-салық саясаты 114

6-тақырып. Ақша нарығы және бағалы қағаздар нарығы 142

7-тақырып. Банк жүйесі. Ақша-несие саясаты..... 167

8-тақырып. Игіліктер нарығы мен ақша нарығының біріктірілген тепе-теңдігі. Is-lm үлгісі 186

9-тақырып. Еңбек нарығы. Жұмыссыздық мәселесі 201

10-тақырып. Инфляция және оның теориялары..... 226

11-тақырып. Экономикалық цикл және оның теориялары..... 253

12-тақырып. Экономикалық өсу және оның үлгілері 280

13-тақырып. Ашық экономикадағы тепе-теңдік. Манделл-флеминг үлгісі 309

14-тақырып. Халықаралық сауда теориялары. Сауда саясаты..... 330

15-тақырып. Төлем балансы. Валюта бағамы. 366

Глоссарий 392

Амангелді Нәжмиденұлы Доғалов
Нұрлан Серікұлы Досмағанбетов

МАКРОЭКОНОМИКА

Оқулық

Редакторы *С. Арпабеков*
Компьютерде беттеген *А. Т. Ақылова*

Басуға 30.05.12. қол қойылды. Қағазы офсеттік.
Қаріп түрі “Таймс” Пішімі 60х90/16. Офсеттік басылыс. Баспа табағы 26.
Таралымы 1700 дана. Тапсырыс 533.

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басылып шықты.

ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.
E-mail: rpik-dauir81@mail.ru